XV ғасырдың басына дейін Ұлықбек Сығанақты уақытша иеленеді, ал 1446 жылы Сығанақ Әбілхайыр ханның (1428-1468) иелігіне көшіп, оны ол өз билігінде өмірінің соңына дейін ұстады (Қазақстан тарихы, 1998. 145 б.) және XVI ғасырдың басына дейін Сыр бойы сауда орталықтары шибан әулетінің еншілігінде болды.

Бұдан біз Сығанақ қаласы XV-XVII ғасырлар арасында да атақты қалалардың бірі болғанын байқай аламыз. Оны археологиялық зерттеулер де дәлелдеп отыр. «1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И.Лерх Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды қарап шығуға жіберіледі. Ғалым қалада болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген. 1899 жылы Түркістан өлкетану бөлімінің меңгерушісі В.А.Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттап және қаланың шығыс жағындағы қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсіреді. 1906 жылы қаланы археолог И.А.Кастанье қарап шығады. «1927 жылы Ресей ғылым академиясының жанындағы материалдық мәдениет институтының тапсырмасы бойынша Сығанақ қаласын А.Ю. Якубовский біршама тыңғылықты қарап шығады. Ол қаланың топографиялық жағына көңіл бөліп жанындағы кейбір керегелері сақтаулы тұрған ғимараттардың суретін түсіріп алған. Қала туралы үлкен ғылыми мақала жазған» (Жолдасбаев, 2010, 6 б.).

1947 жылы ОҚАЭ-ның жетекшісі А.А.Бернштам келіп қаланың топографиялық жобасын түсірсе, 50-ші жылдары ОҚАЭ-ның жетекшісі Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевичтер археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген. XX ғ. 70-ші жылдары қалаға ОҚАЭ-ның Отырар археологиялық экспедициясының меңгерушісі К.А.Ақышев пен К.М.Байпақовтар Отырар қаласының ұзақ жылдарғы зерттелуіне байланысты қаланың топографиялық жағынан зерттеліп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген (Жолдасбаев, 2010, 13 б.).

Алайда тұрақты археологиялық ізденіс жұмыстарын С. Жолдасбаев 2003 жылы бастап, бүгінгі күнге дейін зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді.

Осы Сығанақ археологиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың X-XII ғасырлардан XV-XVIII ғасырлар арасында өмір сүргендігі анықталды (Жолдасбаев, 2010, 44 б.).

Сыр өңірінің бұл кезеңдегі этникалық тарихы туралы мәліметтер тарихи деректерде көп емес. Сығанақ және оның маңайындағы қалаларда қыпшақтар басым болған деген ақпаратты Рузбиханнан кездестіреміз (Рузбихан, 1976, 106 с.).

Баршынкент (Қышқала) қалашығы Сырдарияның сағасы Жаңадарияның оң жағалауында жатыр. Сыртында қорғаныс қабырғалары жоқ, мәдени қабаты 1-2 метрге дейін

сақталған қалашық 50 гектарға жуық аймақты алып жатыр. 30 гектар шамасында болатын орталық бөлігі біртұтас және үстінде күйдірілген қыш сынықтары өте көп. Сондықтан болар жергілікті тұрғындар бұл қалашықты Қыштөбе (Қышқала) деп атап кеткен. Ал шеткі аймақтары жеке-жеке жатқан төбешіктерден тұрады. Олар негізінен қалашықтың шығыс және оңтүстік бөлігін алып жатыр. Бұлар шамасы бір кездегі жеке иеліктердің (усадьба) орындары болуы мүмкін (Талеев, Елеуов, Есенов, 2018, 259 б.).

Бұл қаланы алғашқы рет 1889 жылы Перовск уезінде барлау жұмыстарын жүргізген В.А.Каллаур ашып, оны Кыс-қала (Гыш-қала) немесе Тасқала деп атап, оның Перовскден шығып Хиуа мен Бұқараға баратын жолдың 25-30 верстінде орналасқаны туралы жазған (Каллаур, 1900, С. 211).

1946 жылы С.П.Толстов жетекшілігімен Хорезм археологиялық- этнографиялық экспедициясы Қышқалада (С.П. Толстов бойынша Кыш-төбе) барлау жұмыстарын жүргізіп оны Асанас пен Женттің аралығында орналасқанын көрсеткен (Елеуов, Бахтыбаев, 2011. С. 447.).

1960 жылы Ә.Қоңыратбаев, Ғ.Мұсабаев Қышқалада зерттеу жұмыстарын жүргізген (Қоңыратбаев, 1987, 368 б.).

Қышқала (Т.Мәмиев бойынша Баршынкент) қаласында алғашқы археологиялық қазба жұмыстарына 1990 жылы Қызылорда мемлекеттік пединститутың Т.Мәмиев басқарған студенттер тобы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен арнайы шақырылған М.Елеуов пен Д.Талеев келіп қатысты (Мәми, 2007).

2018 ж. бастап профессор М.Елеуовтің жетекшілігімен Тұран археологиялық экспедициясы кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Қышқала маңында барлау жүргізіп, Қышқаланың тарихи-топографиялық құрылымын анықталып, қаланың орталық бөлігінде және шаруашылық аймағында оннан аса қазбалар салынды. Қазбалардан алынған жаңа деректер бұл қаланың гүлденген кезі Алтын Орда дәуірінде болғанын көрсетті (Елеуов, 2022).

Араласар қонысы – Қызылорда обылысы, Арал ауданы, Қаратерең ауылынан 62,2 км жерде орналасқан. Ортағасырлық қоныс пен оның құрылыс қалдықтары қазіргі кезде тартылған теңіз табанынан анық көрініп жатыр. Қала құрылысының қам кесектен тұрғызылған ғимараттарын Арал теңізінің суы толықтай жуып-шайып кеткен. Кезінде қала арқылы өтетін ені 2-2,5 м болатын су жүрген каналдың іздері сол заманда мұнда ирригациялық жүйенің дамығандығын айғақтайды (4-сурет). Шамасы, ортағасырлық тұрғындар Сырдария өзенінің сағасынан су тартқан болуы мүмкін (Байпаков, Воякин, Айдосов, Мамиев, 2004).

Қоныстың жалпы ауданы 6 га құрайды. Оның үстіңгі қабаты бір кездері қайнаған тіршіліктің қарқынды дамығанын көрсетеді. Көп көлемдегі диірмен тастар, керамикалық ыдыстар, темір және қола бұйымдар бөліктерінің табылуын құм мен қабыршықтардан түзілген шөгінді қабат айғақтайды. Мәдени қабатының қалыңдығы небәрі 15-20 см. Осы аймақтағы тіршілік іздерін көрсетілген қабат көміп қалған. Қоныстың орталық бөлігі (190×136 м) сопақша келген, жоғарғы қабаты тегіс (ең биік нүктесі 20 см-ге дейін жетеді), солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатыр. Кішігірім бедерлі төмпешіктер (15 см-ге дейін) бір кездегі құрылыс іздерін аңғартады. Қоныстың солтүстігі мен батыс жағы суы тартылған арналармен (ені 5-6 м, тереңдігі 30-40 см) және ашық алаңқайлармен шектеседі. Ашық алаңқайлар, каналдардың қалдықтары, өзен арналары және диаметрі 1 м болатын дөңгелек диірмен тастардың (15 дана) шашылып жатуы бұл жердің шаруашылық аймақ болғандығын көрсетеді. Осы жерді солтүстік-батыс жағынан тұрғын үйлердің қираған орындары жартылай қоршап жатыр.Қоныстың оңтүстігі мен оңтүстік-батыс бөлігі батыстан шығысқа қарай созылып жатқан қорыммен шектеседі. Қорымның көлемі 400х110 м. Қорымның аумағы онда шашылып жатқан күйген кірпіштердің қалдықтарынан анық байқалады. Олар қираған кесенелер мен олардың еденіне төселген кірпіштер. Қоныстың аумағы өте болмашы биіктікте сақталған сыртқы қорғаныс дуалдарының іздері мен оның сыртынан қоршаған ордың қалдықтарынан әрең байқалады. Қоныстың маңында егін еккен алаңдардың іздері қалған. Алаңдарды жайылып кеткен дуалдар қоршаған. Айнала топырақ үйілген белдемшелермен қоршалған егіс алаңдарының көлемі 12×85 м. Олар тұрғын жайлардан тереңдігі 15-20 см, ені 3-4 м болатын орлармен (немесе жасанды

арналармен) бөлініп жатыр. Егіс алаңының жоғарғы қабатының оңтүстігі мен солтүстігін қоршаған орлар көрінер-көрінбес жал түрінде сақталған. Олардың ені 5 м, биіктігі 20-30 см.

Қоныстан табылған екі күміс теңге Алтын Орда дәуірінде, XIV ғ. соғылғаны анықталды. Олардың бетінде Жәнібек хан (1341–1357 ж.ж.) мен Наурыз бек (760–761 х.ж.ж/1358–1361 ж.ж.) есімдері және соғылған сарай Сарай-әл-Жадид жазылған.

Егін егу қала тұрғындарының негізгі кәсіптерінің бірі болған. Негізінен дәнді дақылдар өсірген болса керек. Суда өсетін арамшөп тозаңдарын зерттеген палинологтар Араласар тұрғындарының күріш өсіруі мүмкін екендігін болжалды түрде айтады. Көп кездесетін диірмен тастар мен бөлмелерден табылған ұн, астық сақтауға арналған ірі хұмдар астық өсіріліп, ұн өндіретін диірмендердің көп болғандығын білдіреді (Воякин, 2017).

Нәтижелер және талқылау

Сырдарияның төменгі ағысында б.д. I мыңжылдығында тұрақты, өзіндік ерекшелігі бар мәдениет өркендеген. *Жетіасар I және II кезеңдерінде* (б.д. I мыңжылдықтың жартысы) Ортаңғы Сырдария аудандарындағы мәдениеттерден (Отырар-Қаратау, Қауыншы) басқа көршілес аймақтармен тығыз байланыста болғандығын көреміз. Халық санының көп болуына, өмір сүруге ыңғайлы факторларға байланысты, сол уақытта жергілікті жерді, яғни Сырдарияның төменгі алқабын мекен етіп қалуы мүмкін. Сол уақытта Жетіасар мәдениетінің территориясы барынша ұлғайып, Әмудариянның оң жағалауы мен Сырдария өзені арасындағы аудандарды қамтып, жетіасарлық халықтың үлкен бөлігі осы аймақтарға көшеді. Ғалымдардың пікірінше, *Жетіасар III кезеңінде* (VI-VII ғғ.) Жетіасар шатқалындағы ескерткіштердің басым көпшілігі өмір сүруін тоқтады.

Үшінші кезеңнің аяғында Жетіасар шатқалы шөлге айналып, жетіасар мәдениеті Сырдарияның төменгі ағысында жойылады. Бірақ, Шығыс Жетіасар қалаларының тобы (қазіргі Жалағаш, Сырдария аудандары аумағы) және Жетіасар шатқалының солтүстігінде, қазіргі Сырдариянның сол жағалауындағы Сортөбе 1, Сортөбе 2, 3 *(Ордазы қалалар тобы)* сияқты қалалар өмір сүруін жалғастырып (Курманкулов, Тажекеев, Кзылбаев, 2007а, С. 221; Курманкулов, Тажекеев, Кзылбаев, 2007б. С. 222), Арал теңізінің шығыс маңында Кескен-күйік қала, Күйік қала, Жанкент сияқты оғыз қалалары қалыптаса бастайды.Оғыз-қыпшақ кезеңінде орын алған үздіксіз соғыстар мен қақтығыстарға, саяси-этникалық жағдайлардың шиеленісуі мен өлкедегі табиғи-экологиялық ахуалдың өзгеріске ұшырауына қарамастан Сырдариянның төменгі ағысын мекендеген тұрғындар IX-XII ғғ. осы аймақта ортағасырлық қала мәдениетін жасап, дамыта алды. Сырдариянның ескі арналарының бассейндеріндегі оғыз-қыпшақтардың бекініс жүйесі мықты қалалары олардың көршілес Хорезм және Шығыс Еуропа елдерімен арадағы саяси, экономикалық, мәдени байланыстарында маңызды роль атқарды. Сырдың төменгі ағысы бойында ерте ортағасырларда пайда болған кейбір қалалар Алтын Орда қайта өркендеп, тіпті Қазақ хандығы кезеңінде де өмір сүрді. Олардың ірілері – Сығанақ, Асанас, Жент (Жаңа Жент), Баршынкент (Қышқала), Мыңтөбе, Арал-асар. Осылардың ішінде осы аймаққа іргелес орналасқан Сығанақ қаласының орны ерекше.

Сырдың төменгі ағысындағы қалалар саяси жағдайлармен қатар экологиялық ахуалдың әсерінен өмір сүргенін тоқтатты. Арал теңізі XIII ғасырдың басында монғол шапқыншылығы кезінде суландыру жүйелерінің бұзылуынан және XIV ғасырдың аяғында Әмір Темірдің Хорезмді басып алуынан кейін каналдардың қирауына байланысты тартылуына себеп болған. Нәтижесінде Арал теңізі жағалауы кері шегініп, теңіз табанында қоныстар (Араласар) мен кесенелер қалды.

Қорытынды

Жоғарыда сипатталған ескерткіштер Сырдариянның төменгі ағысының, яғни, ғылыми әдебиеттерде Шығыс Арал маңы, географиялық сипаты жағынан Тұран деп аталатын аймақтың адамзат дамуы мен өркениет дамуында үлкен роль атқарған, Еуразия құрлығының кіндігінде орналасып, мыңдаған жылдар бойы Батыс пен Шығысты жалғастырған алтын көпір іспетті киелі мекен екендігін дәлелдейді.

Зерттеу деректері көрсеткендей, Жетіасар мәдениетінен бастау алған бұл қалалық дәстүр оғыз-қыпшақ және Жошы Ұлысы дәуірлерінде үздіксіз сабақтастықпен дамып отырды. Ал бұл шаһарлардың өркендеп, кейіннен тоқырауға ұшырауына соғыстар мен тайпалар миграциясы сияқты этносаяси оқиғалармен қатар, Сырдариянның ежелгі арналарының (Іңкәрдария,

Жаңадария) құрғауы, суландыру жүйелерінің істен шығуы және Арал теңізінің тартылуы секілді экологиялық-гидрологиялық факторлар тікелей ықпал етті. Бұл ескерткіштер Шығыс пен Батысты, көшпелі және отырықшы-егіншілік мәдениеттерді тоғыстырған маңызды сауда-экономикалық әрі саяси орталық қызметін атқарды.

Арал теңізінің түбіндегі ежелгі қоныстарға жүргізілген соңғы археологиялық зерттеулер адамдардың қоршаған ортаның өзгеруіне тез бейімделетінін көрсетеді. XIII–XV ғғ. теңіз регрессиясы (тартылуы) және аймақтағы саяси-экономикалық жағдайдың өзгеруі отырықшы-егіншілік мәдениетінің кеңеюіне кері әсер етпеді. Сырдарияның ежелгі арналары – Жаңадария мен Іңкәрдарияның құрғауы қалалардың қаңырап бос қалуына және адамдардың жаңа территорияларға, соның ішінде Арал теңізінің түбіне қоныс аударуына алып келді. Теңіз түбіндегі адам тіршілігінің қалдықтарын зерттеу жұмыстарының 20 жыл бойы жүргізіліп жатқанына қарамастан, қорым мен қоныс түрінде сақталған тек екі кешен ғана анықталды. Материалдардың аздығынан теңіз түбіндегі жерлерді игерудің бастауын анықтау қиын, бірақ ежелгі адамдардың одан әрі ауылшаруашылық жұмыстарын жүргізу үшін топырақты өзен тасқындарымен жуып, минералдануды азайтқанын сенімді түрде айтуға болады. Тағы бір маңызды нысан сауда және сауда жолдарына қызмет көрсету болды. Табылған Алтын Орда хандарының, әсіресе соңғы хан Кіші-Мұхаммедтің тиындары Араласар қонысының халықаралық саудада айтарлықтай рөл атқарғанын дәлелдейді (Тажекеев, Алибай, Жусипназар, 2023, С. 130-148).

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 176 с.
2. Аржанцева И.А., Тажекеев А.А. Комплексное исследование городища Джанкент: работы 2011–2014 гг. – Алматы: Арыс, 2014. – 320 с.
3. Байпаков К.М., Воякин Д.А., Айдосов А., Мамиев Т. Города на дне Арала // Промышленность Казахстана. – Алматы, 2004. – № 6 (27).
4. Бартольд В.В. Работы по исторической географии // Соч. – Т. III. – М.: Наука, 1965. – 229 с.
5. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинения. – Т. 1. – М.: ИВЛ, 1963. – 588 с.
6. Воякин Д.А. Араласар қонысы мен Кердері-2 кесенесі // Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі. – Вып. 1. – Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017.
7. Греков В.Г., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950.
8. Джованни дель Плано Карпини. История монгалов. – М.: Государственное издательство географической литературы, 1957.
9. Елеуов М. Қадым заманнан қалған Қышқала // Қазақ әдебиеті. – 29.10.2022.
10. Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Историко-культурные памятники Казахстана. – Туркестан: Туран, 2011.
11. Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XYIII). Көмекші оқу құралы. – Түркістан: Тұран, 2010.
12. Зиливинская Э.Д., Васильев Д.В., Гречкина Т.Ю. Раскопки на городище Самосделка в Астраханской области в 2000–2004 гг. // Российская археология. – М., 2006.
13. Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) в Перовском уезде, разрушенные Чингиз-ханом 1219 г. // ПТКЛА. Приложения к протоколу от 7 февраля 1900 г.
14. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Т. II. – Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.
15. Қинаятұлы З. Сығанақ алғашқы қазақ мемлекеті – Ақ Орданың астанасы [Электрондық ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://do.gendocs.ru/docs/index-268001.html
16. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және Туркология. – Алматы, 1987. – 368 б.
17. Курманкулов Ж., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Археологические работы на городище Джанкент в 2005 г. – Алматы, 2007.
18. Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Кзылбаев Т. Городище Сортобе I // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. – Алматы, 2007а. – С. 221.

19.Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Кзылбаев Т. Городище Сортобе II // Свод памятников истории и культуры РК. Кызылординская область. – Алматы, 2007б. – С. 222.

20.Левина Л.М. Керамика Нижней и Средней Сырдарьи в I тысячелетии н. э. // ТХЭ. – Т. VII. – М., 1971.

21.Лерх П.И. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 году. – СПб., 1870.

22.Материалы по истории туркмен и Туркмении. – Т. 1. – М.-Л., 1939. – 485 с.

23.Мәми Т. Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII–XVIII ғғ.). – Қызылорда, 2007.

24.Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIY – начале XYI вв. – Алма-Ата: Наука, 1977. – С. 215.

25.Талеев Д.А., Елеуов М., Есенов С. Тағдыры жұмбақ Қышқала // Қазақстан археологиясы. – № 1-2. – 2018. – С. 259.

26.Тажекеев А.А., Алибай Б., Жусипназар М.И. Золотоордынские памятники на дне Аральского моря: проблемы адаптации человека к изменению экологии региона // Центральноазиатский журнал исследований водных ресурсов. – 2023. – 9 (1). – С. 130–148.

27.Тажекеев А.А., Билалов С.У., Дарменов Р.Т. Археологические исследования средневекового городища Сортобе // Вестник КазНУ им. аль-Фараби. Серия историческая. – № 4 (87). – 2017. – С. 62–75.

28.Тажекеев А.А., Болелов С.Б., Билалов С.У., Дарменов Р.Т. Археологические работы на городище Сортобе // Маргулановские чтения – 2019: Материалы международной археологической научно-практической конференции. – Алматы, 2019. – С. 592–603.

29.Тәжекеев Ә.Ә., Дарменов Р.Т., Билалов С.Ө., Амиргалина Г.Т., Назаров А.Ж., Султанжанов Ж.К., Курманиязов И.С. Асанас қалашығы туралы жаңа деректер // «Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан керуен жолдарының урбанизация үдерісіндегі маңызы» атты далалық семинар материалдары. – Алматы, 2021. – 142–152 бб.

30.Тәжекеев Ә.Ә., Дарменов Р.Т., Билалов С.У., Амиргалина Г.Т., Назаров А.Ж., Султанжанов Ж.Қ., Курманиязов И.С. Ордазы қалашықтары тобындағы археологиялық зерттеулер // «Ұлы Жібек жолы мен Қазақстан керуен жолдарының урбанизация процесіндегі маңызы» атты халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2021. – 121–132 бб.

31.Тәжекеев Ә.Ә., Сұлтанжанов Ж.Қ. 2019 және 2022 жж. Ортағасырлық Жанкент қала-жұрты маңына жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары жайлы // Қазақстан археологиясы. – № 3. – 2022. – 91–102 бб.

32.Толстов С.П. Города гузов // СЭ. – М., 1947. – № 3.

33.Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М., 1962.

34.Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя) / Пер., предисл. и прим. Р.П. Джалиловой; под ред. А.К. Арендса. – М., 1976.

35.Фазлаллах ибн Рузбихан Исфахани. Михман-наме-йи Бухара (Записки бухарского гостя) / Пер., предисл. и прим. Р.П. Джалиловой; под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. – 106 с.

36.ХАЭЭ архиві, 142-қор, 2-тізбе, 37-б.

37.Якубовский А.Ю. Развалины Сыганака (Суганака) // Сообщ. ГАИМК. – Т. II. – Л., 1929.

ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАНКЕНТ ҚАЛАШЫҒЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ ИСЛАМДАНУ ПРОЦЕСІН МӘДЕНИ-ТАРИХИ АТРИБУЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ

THE PROBLEM OF CULTURAL AND HISTORICAL ATTRIBUTION OF THE PROCESS OF ISLAMIZATION IN THE LOWER REACHES OF THE SYRDARIA BASED ON THE MATERIALS OF THE EARLY MEDIEVAL SETTLEMENT OF ZHANKENT

Сейдали Умиртаевич Билалов[1]; Гульмира Темирболатовна Амиргалина[2]
Seydali Umirtayevich Bilalov[3]; Gulmira Temirbolatovna Amirgalina[4]

Кіріспе

Сырдарияның төменгі ағысында ислам дінінің таралу процесі осы өңірдің ортағасырлық тарихындағы ең күрделі мәселелердің бірі. Жергілікті тайпалардың жаңа діни жүйеге көшу сәті мен сипатын анықтауда ерекше қиындық туғызатын басты себебтер археологиялық дереккөздердің жалпы сипатымен айқындалады. Аймақтың ертеортағасырлық ескерткіштерінде жергілікті исламға дейінгі дәстүрлі мәдениеттің діни-ғұрыптық бұйымдарымен қатар ислам әлемімен байланысты заттардың бір хронологиялық шеңберге жататын қабаттардан табылуы, түрлі культтер мен дәстүрлі идеялардың жаңа діни тәжірибелік ғұрыптармен ұзақ уақыт қатар өмір сүргенін көрсетеді.

Қарастырылатын мәселенің жекелеген қырларын анықтап, шешімін ғылыми тұрғыдан негіздеуге Сырдың төменгі ағысында оғыз тайпаларының орталығы болған Жанкент қаласына қатысты ортағасырлық жазба деректер мен археологиялық материалдар тобы ерекше маңызға ие. Археологиялық зерттеулер барысында ескерткіштен алынған заттай деректер кешеніне нумизматикалық, керамикалық, арабографиялық жазулары бар керамикалық олжалар, архитектуралық және ритуалдық бұйымдар кешенін, сондай-ақ тұрғын үй кеңістігін ұйымдастырудағы өзгерістерді айтуға болады. Өйткені Жанкент қаласының жалпы контекстінде ертеортағасырлық Жетіасар, көшпелі түркі және Хорезм қолөнер дәстүрлерінің өзара симбиозы анық байқалады.

Ортағасырлық Жанкент «батпақтағы қалалар» атауымен белгілі қалалар тобына жататын ескерткіш. Сырдарияның Арал теңізіне құяр тұсындағы атырапта орналасқан бұл қалаларды 1946 ж. Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының (ХАЭЭ) барлау тобы, Сырдарияның көне арналары мен Аралдың оңтүстік-шығыс өңірін әуеден барлау барысында анықтайды. Оларды ғылыми айналымға енгізген экпедиция жетекшісі академик С.П. Толстов, ортағасырлық жазба деректерге сүйене отырып өз еңбектерінде «батпақтағы қалаларды» оғыз тайпаларына тиесілі деп көрсетеді [1, с. 56-101].

Сырдарияның орта және төменгі ағысы көне дәуірлерден ертеортағасырларға дейінгі жазба деректерде Канг, Кангха аталып келген аймақ [2, с. 95-145], X ғ. бастап «Мазафат әл-гузз» – «оғыздар даласы» деп атала бастайды [3, с. 78, 144, 149-154]. С.Г. Агаджанов ортағасырлық жазба деректерге сүйеніп, осы аталған территория шеңберінде X ғ. оғыз мемлекеті қалыптасып, билеушілері «жабғу» титулын иеленіп өз ордасы ретінде Жанкент қаласын таңдағанын атап өтеді [4, с. 3-6, 122-124, 290].

Ортағасырлық қаланың орны Қызылорда облысының Қазалы ауданында Жанкент ауылы маңында орналасқан. Ескерткіш жоспарында созылып жатқан «Т» әрпі пішінді тіктөртбұрышты болып келген, қазіргі сақталып қалған ауданы 15 га шамасында, 415×230

[1] Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Археология және этнография ғылыми орталығы, бас ғылыми қызметкер, PhD, seidaly.bilalov@mail.ru https://orcid.org/0000-0002-0282-4842

[2] Қорқыт ата атындағы Қызылорда унивесиртеті, Археология және этнография ғылыми орталығы, жетекші ғылыми қызметкер, Қызылорда, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

[3] Korkyt Ata Kyzylorda University, Research Center of Archaeology and Ethnography, Chief Researcher PhD

[4] Korkyt Ata Kyzylorda University, Research Center of Archaeology and Ethnography, Leading Research Fellow, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan; PhD

(шығыс бөлігінде – 320 м) м. Қаланың оңтүстік-батыс бұрышы 1985 ж. ауыл тұрғындары салған жолмен қатты бүлінген. Қабырға жалдарының бойымен аралары 25 м-ден 40 м-ге дейін жететін дөңгелек пішінді мұнара қалдықтары байқалады [1, с. 55-101]. Жанкенттің солтүстік-батыс бөлігін толығымен көлемі 90×90 м болатын цитадель алып жатыр. Биіктігі айналдыра қоршаған жер бедерінен 8,5 м, ал қоныс бетінен 2-2,5 м биік орналасқан цитадельді айнала қоршай салған қорғаныс қабырғалары сыртқа қарай шығыңқы, жартылай дөңгелек пішінді 15 мұнарамен күшейтілген. Кіре беріс қақпасы оңтүстік қабырға бойында орналасқан [5, с. 3-318].

Қаланың шығыс қабырғасының орта тұсында басты қақпасы орналасқан. Қақпа екі жанынан ені 1,5-2 м болатын, ұзындығы 5,5 (оңтүстік) және 6,5 м, биіктігі 1,8-2,5 м болатын (солтүстік) қабырғадан сыртқа қарай шығарылған мұнаралармен күшейтілген. Арасы 50 м асатын екі мұнараның етек жағынан бір-біріне көлбей ені 1,8 м, биіктігі 1,8 м, ұзындығы 12-14 м шамасында болатын пахса блоктардан қабырғалар салынып қалаға кіреберіс кеңістік қоршалған. Қақпаның кіреберіс қуысы биіктігі 3 м, төменгі жағында ені 2,5-3 м, жоғары қарай жіңішкере түсіп 70-90 см болатын, ұзындығы 25-27 м келген жарты ай пішінді, қалқан қабырғамен жабылған [6].

Сырт көзге қаланың бас қақпасы антикалық және ертеортағасырлық Хорезм аймағында орналасқан Жамбас қала, Кургашин қала, Топрақ қала, Гулдурсун сияқты ескерткіштердің қақпаларына ұқсас жоспарланған [7, с 119-123; 312]. Қақпалардың осы тәрізді жоспарлануын көне Шірік Рабат қала-қорымының ортағасырлық кезеңмен мерзімделетін қабаттарынан көруге болады [8, с. 139-141].

Жанкент қаласындағы заманауи археологиялық зерттеулер 2005 жылы ҚР БҒМ Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты және РҒА Н.Н. Миклухо-Маклай атындағы Этнология және антропология институты бірлескен үш жақты келісім-шарт негізінде басталған болатын. Бүгінге дейін ескерткіште 14 қазба салынып зерттелді. Кең көлемде зерттеліп ауқымды ақпарат берген қаланың шығыс бөлігіндегі тұрғын үй кешеніне салынған №1 және цитаделдің шығыс қабырғасы мен қаланың солтүстік қабырғасы қиылысқан бұрышқа салынған №2 қазба (жұмыстар жалғасуда) болып отыр. Жанкенттегі зерттеу нәтижелері бойынша талқылаулар мен қысқаша қорытындылар К.М.Байпақовтың, Ж.Ж.Құрманқұловтың, И.А.Аржанцеваның, Э.Д.Зиливинскаяның, Ж.Т.Сыдықованың, А.А.Тәжекеевтің, Р.Т.Дарменовтің, С.У.Билаловтың және Г.Т.Амиргалинаның еңбектерінде жарияланған [5; 6; 9; 10; 11; 12; 13; 14; 15.].

Талқылаулар

Тақырыпқа қатысты материалдардың ***1-тобын*** ортағасырлық жазба деректер құрайды. Жалпы Сырдың орта және төменгі ағысында VIII-XI ғғ. аралығында тіршілік еткен қоныстық ескерткіштер туралы жазбаша мәліметтердің маңызды ерекшелігі – дереккөздерде Сыр бойы қалаларына өте сирек жағдайда жеке дара нысан ретінде бөлек сипаттама беріліп отырған. Жазба деректердің жалпы мәтіндерінде қалалар мен қоныстар жайлы кеңірек тақырыптарда, яғни, мұсылман әлемі географиясы, сауда жолдары, отырықшы халықтардың көшпелі тайпалармен (оғыздар) қарым-қатынастары, әскери жорықтар, саяси оқиғалар мен ислам дінінің таралуы секілді ақпараттар түрінде көрініс беріп отырады. Осы себебті Янги-кент (Дех-и-Нау), Женд, Сауран (Сабран), Сығанақ (Сугнак), Сүткент (Сюткенд) секілді қалалар мен Кедер, Фараб секілді орталықтар жайлы ақпараттар әр түрлі шығармаларда шашыраңқы берілген.

Назарларыңызға ұсынылған мақаланы дайындау барысында біз хронологиялық жағынан тек X ғ. соңына дейін жазылған дереккөздерге сүйенуді жөн санадық. Бұлай жасауымыздың басты себебі – X ғ. кейін жазылған дереккөздерде Орта Азия аумағындағы елдер мен оларды мекендеген халықтардың басым көпшілігі ислам әлемімен етене аралас қарастырылып, көбіне мұсылман мемлекеттері немесе ислам дінін қабылдаған қауымдар ретінде сипатталуында. Осыған байланысты X ғ. мерзімделетін деректер тобы зерттеу тақырыбымыз үшін хронологиялық жағынан барынша жақын, әрі қарастыратын тарихи процестердің бастапқы қалпын неғұрлым айқын сипаттайтын дереккөздер ретінде басымдыққа ие болды.

Сырдың төменгі ағысында және тікелей Жанкенттегі «жаңа дінді» ұстанушылар жайлы маңызды дереккөздің бірі «Китаб әл-а'лак ән-Нафиса» («бағалы алқа кітабы») еңбегі ерекше орын алады. Шығарманың авторы ибн Русте (X ғ. 1-жартысы) еңбекті жазу барысында түрлі

елдер мен тайпалардың, жер-су атауларын, сипаттамаларын бергенде өз заманындағы саяхатшы-саудагерлер қалдырған жазба мәліметтерге сүйеніп жазғаны аса маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда, Ибн Русте келтірген ақпараттар Сырдың төменгі ағысы аймағындағы саяси-әкімшілік және мәдени жағдайларды сипаттауда маңызы ерекше. Автор Арал теңізі жағасындағы Жаңа қоныста (әл-Қарят әл-Хадиса / Янгикент) оғыз мемлекетінің орталығы болғанын, қыс мезгілінде оғыз билеушісі сонда қыстайтынын, оған (Янгикентке) жақын маңайда орналасқан Женд (Дженд) пен Хора қалаларында да мұсылман тұрғындардың өмір сүргенін хабарлайды. Сонымен қатар, аймақтағы саяси билік оғыз тайпаларының қолында болғанын атап өтеді [3, с. 150]. Келтірілген мәліметтерден Сырдың төменгі ағысында X ғ. ислам діні қалалық ортада орныға бастағанын, сонымен қатар ислам дінін ұстанушы халықтардың оғыз тайпаларының саяси билігі жағдайында өмір сүргенін көрсетеді. Осылайша Ибн Рустенің дерегін өңірдің исламдану процесі сол уақыттағы саяси биліктің идеалогиясына тікелей тәуелді болмағанын айғақтайтын маңызды жазба дерек ретінде қарастыруға болады.

Келесі маңызды дереккөз әл-Мас'уди (X ғ.) жазып қалдырған «Муруж әл-захаб» шығармасы. Еңбекте автор Арал теңізі маңындағы Жаңа қала (әл-Медина Әл-Джади) туралы және онда мұсылмандар өмір сүргені жайлы хабар береді. Сонымен бірге, аймақта түркі тайпаларының арасынан гуздар (оғыздар) басым екенін, олар жартылай көшпелі, жартылай отырықшы болғаны жайлы ақпараттар келтіреді [3, с. 166].

Әл-Мас'удидің шығармасынан Арал аймағында көшпелі тайпалармен бірге қалалық орталықтармен әлеуметтік-экономикалық және мәдени байланыстары қалыптасқан мұсылман дінін ұстанушы отырықшы топтың да болғанын аңғарамыз. Дереккөз оғыз тайпаларынның әлеуметтік құрылымы мен экономикасы біркелкі болмағанын, көшпелі және отырықшы тайпалар өзара ықпалдасқан аралас сипатта болғанын көрсетеді.

Тағы бір қызықты дереккөздер тобы X ғ. мерзімделетін әл-Истахри мен ибн Хаукалдің «Китаб әл-месалик уәл-мемалик» деген бірдей атаумен жазылған шығармалары. Әл-Истахридің жазбасында оғыздар мекендейтін аймақты Джуржаннан (Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс мүйіші) Фараб пен Исфиджабқа (Шымкент маңайы) дейінгі мұсылман елдерімен шектесетін аумақ ретінде сипаттайды [3, с. 167-168]. Ибн Хаукал осы мәліметтерді айтарлықтай кеңейтіп, Сырдария өзені Ахсикет - Ходжент - Бенакет - Сюткенд (Сүткент) - Фараб арқылы өтіп, Сабран (Сауран) ауданына жетеді, әрі қарай оғыз тайпалары қоныстанған аумақ арқылы оғыз мемлекетінің орталығы Жаңа қоныстан бір фарсах жерде өтіп Арал теңізіне құятынын айтады. Сондай-ақ Сүткенттегі мешітте ислам дінін қабылдаған түркілер жиналатыны және Жаңа қоныста да мұсылмандар өмір сүретінін айтып өтеді. Сонымен қатар, ортағасырлық Сауран оғыз тайпаларының достық әрі бітімгершілік келісімге келу және сауда жасау мақсатында кездесетін орын ретінде баяндалатыны ерекше маңызды [3, с. 183-184].

Осылайша, біздің назарымызға тек қалалар мен жар-су атауларының тізімі ғана емес, бүкіл өзен бойы арқылы өтетін сауда жолдарының байланыс жүйесімен қоса тақырыпқа тікелей қатысы бар көшпелі түркілер арасында «исламдана» бастаған топтың болғанын айғақтайтын мәліметтер келтіріледі.

Түркі тайпаларының арасынан ислам дінін қабылдағандар туралды ақпарат беретін және бір ортағасырлық жазба дереккөз А.Г. Туманскийдің авторы белгісіз «Худуд әл-Әлам» шығармасы. Еңбекте Сыр бойындағы географиялық атаулар мен қалалардың сипаттамасы және кей қалалардың (Сүткент, Исфиджаб және Сауран) маңайында ислам дініне кірген түркі тайпаларының жайлауы туралы мәліметтер беріледі. Ал Женд, Хора және Дих-и-Нау (Жанкент) Шаш (Сырдария) бойындағы оғыз қалалары екені айтылады [3, с. 216-219].

Сыр бойындағы қалалардың исламдану процесіне сипаттама беруде әл-Мақдисидің «Ахсан ат-Такасим фи-Ма'рифат ал-Акалим» шығармасында келтірілген мәліметтер де ерекше орын алады. Шығарма мәтінінде ортағасырлық Сауранның тарихи құрылымы сипатталып, ондағы алқалы жиын өтетін үлкен мешіт туралы ақпарат беріледі [3, с. 185].

Сонымен ортағасырлық жазбалар көне Сауран қаласын бір мезгілде оғыздардың стратегиялық қорғаныс ұйымдастырып дипломатиялық байланыстар орнататын, халықаралық сауда жасайтын, қоғамдық-діни және әкімшілік орталық қызметтерін атқарған қала ретінде бейнелейді.

Мәтіндері талданған дереккөздер тобын сараптау нәтижесі Сырдарияның төменгі ағысында исламдану ақырындап, бірнеше сатылап ұзақ жүріп отырған процесс болды деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Яғни жазбалардағы саяси қарым-қатынастар, сауда-саттық байланыстар, далалық және қалалық мәдениеттердің өзара араласуындағы мұсылман топтардың атқарған қызметі және жергілікті діни жоралғылардың біртіндеп өзгеруі сияқты құбылыстар бір мезгілде жүріп оырған. Сонымен қатар, жалпы Сыр бойы ислам әлемінің жай ғана көшпелі перифериясы емес, керісінше IX ғ. соңы - XI ғ. басында осы өңір түрлі қызметтер атқарған елді мекендер тізбегінен тұратын қалалық жүйесі бар аймақ болғанына көз жеткіземіз.

Төмендегі кестеде Сыр бойындағы ескерткіштерге қатысты дереккөздер тобы жүйеленіп, олардан алынған мәліметтердің тарихи құндылық деңгейі ұсынылады.

*1-кесте.***Жазба деректердеді ақпараттардың құндылық дәрежесі**

Дереккөз	мерзімі	Негізгі ақпарат	Ғылыми құндылығы
Ибн Русте. «Китаб әл-а'лак ән-Нафиса» (бағалы алқа кітабы»	X ғасыр	Жанкент, Женд, Хора (орны әзірге белгісіз, К.М.Байпақов бойынша Кескенкүйікқала), оғыздар астанасы, мұсылман тұрғындар	Өте жоғары
Әл-Мас'уди. «Муруж аз-захаб уа ма'адин ал-джаухар» (Алтын шалғындар мен асыл тастар кеніштері)	X ғасыр	Жаңа қоныс, отырықшы және көшпелі оғыздар, ислам дінін қабылдағандыр	Өте жоғары
Әл-Истахри. «Китаб әл-месалик уәл-мемалик» (Жолдар мен мемлекеттер кітабы)	X ғасыр	Фараб (Отырар), Кедер, оғыз мемлекетінің аумағы	Жоғары
Ибн-Хаукәл. «Китаб әл-месалик уәл-мемалик» (Жолдар мен мемлекеттер кітабы)	X ғасыр	Сүткент, Фараб, Сауран, Янгикент, Женд, Хора (?), сауда жолдары, мұсылман тұрғындар	Өте жоғары
«Худуд әл-Алам» (Әлемнің шектері)	982/983	Кедер, Сауран, Женд, Дех-и-Нау	Жоғары, алайда сыни талдау қажет етеді
Әл-Мақдиси. «Ахсан ат-Такасим фи-Ма'рифат ал-Акалим» (Аймақтар жөнінде мағлұмат беретін таңдаулы тарау)	X ғасыр	Сауран құрылымы, мешіт, саяси және сауда байланыстар	Өте жоғары

Арал маңы тайпаларының сыртқы әлеммен қатынастарын айғақтайтын және Сырдың төменгі ағысындағы исламдану процесін атрибуциялап, хронологиялық шеңберін нақтылауға мүмкіндік беретін маңызды археологиялық деректердің келесі ***2-тобын*** осы өңірдегі ортағасырлық қоныстардан табылған нумизматикалық материалдар құрайды. Сыр бойындағы көшпелі тайпалар мен оңтүстіктегі отырықшы мұсылман халықтардың арасындағы алғашқы өзара экономикалық қатынастары, сыртқы пішіні афригидтік драхма үлгісінде соғылған күміс және саманидтік мыс тиындармен ұсынылған [16, с. 512-526].

Соңғы жиырма жылдан бері ертеортағасырлық Жанкент қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған отыздан астам тиынның оны «Хорезмдік үлгіде» соғылған мыс тиындар, ал жиырмасы саманидтік мыс монеталар. Сонымен қатар, жоғарыда атап өткендей күміс афригидтік үлгіде соғылған драхмалар да кездеседі [17, с. 80-91; 15, с. 49-51].

Мамандар зерттеп, жіктеуін жасаған үш-төрт түрлі тиындардың қол жетімді сипаттамасын тиындардағы жазбаларда келтірілген нақты атаулар мен лауазымдардың орналасу тәртібімен ұсынамыз.

I топ тиындары (abd allâh ibn ṭāhir – жазуы бетінде).

1-тиын. Беткі жағы: толықтай басында (Б.И. Вайнберг бойынша) KVII,12 типті тәжі бар ер адамның оң жақ профилі. Ал, бетінің алдында жоғарыдан төмен қарай ноқатсыз араб әліпбиімен куфилік үлгіде бір немесе екі қатарда – abd allâh ibn ṭāhir «ʿАбд аллах ибн Тахир» жазылған.

Артқы жағында: алға қарай қолында асатаяғы (жезл) бар оңға қараған салтатты шабандоз бейнеленген. Салтатты типі (Б.И.Вайнберг бойынша) 17. Тиынды айналдыра стандартты хорезм әріптерімен үлкен жазу түскен. Аттың жамбасы үстінде muḥammad «Мухаммад» деп арабша куфи үлгісіндегі жазуымен жазылған [17, с. 80-91]. (1-сурет)

2-тиын. Беткі жағы: жоғарыда сипатталған типтегі профиль портрет (айырмашылықтар тек портрет детальдарында). Беттің алдыңға жағында жоғарыдан төмен қарай -ʿabd allâh ibn ṭāhir «ʿАбдаллах ибн Тахир»

Артқы жағында: жоғарыда сипатталғандай типті бейне, тек аттың жамбасы үстінде араб әріптерімен куфилік үлгіде екі қатарда – есім немесе лауазым - ىYğabūyah arslān «Джабуйа Арслан» деп жазылған [17, с. 80-91]. (2-сурет).

II топ тиындары (abd allâh ibn ṭāhir – жазуы артқы бетінде).

3-тиын. Беткі жағы: алдыңғы тиындардағыдай басында тәжі бар оң жаққа қараған профиль алдында жоғарыдан төменге қарай – екі қатар араб әріптерімен жазылған нумизматикалық аңызы айырмашылықтары бар үш нұсқа оқылады.

А нұсқасы: «ğabūyah malik al-ġuzziyyah mawlâ amīr Al-Mu'minīn» - «Жаб(ғ)уя, гузз патшасы, муминдер әміршісінің көмекшісі/қызметшісі» (3-сурет, *а нұсқасы*).

Б нұсқасы: «mimmā amara bihi ğabūyah malik al-ġuzziyyah mawlâ amīr al-mu'minīn» - «Жаб(ғ)уя, гузз патшасы, муминдер әміршісінің көмекшісі/қызметшісі бұйырған нәрседен». (3-сурет, *b нұсқасы*)

В нұсқасы: (жоғарғы жол мағыналы оқылмайды, ал төменгі жолдан тек жоғарғы бөліктердің фрагменттері ғана сақталады екі сөздің бөліктері): «mimmā amara bihi ğabū[yah]. al-ġu[zziyyah]» - Жабуя, гуздар патшасы бұйырған нәрседе» (3-сурет, *с нұсқасы*).

Артқы жағы: стандартты оңға қараған салтатты, бірақ, ат жамбасы үстінде екі қатар араб жазуы «ʿabd allâh ibn ṭāhir» - «ʿАбдаллах б. Тахир» - деп жазылған.

III топ тиындары (abd allâh ibn ṭāhir – деген жазуы мүлдем жоқ).

Екі жағында да – аль-Жаб(ғ)уйа – деген жазуы бар

Беткі жағы: алдыңғы тиындардағыдай оң жақ профиль, бірақ, бет алдында екі қатар куилік үлгңдегі араб әрпімен жазуларда – «al ğabūyah malik [al-ġuzziyyah] mawlâ [amīr al-mu'minīn] «аль-Жабуйа [гуздар] патша, муминдер әміршісінің көмекшісі/қызметшісі» - деп жазылған

Артқы бетінде: алдыңғы тиындағыдай салтатты, бірақ аттың жамбасы үстінде араб жазуымен бір қатарда беткі жағындағыдай түсініксіз қысқа «āl-ğa[būyah]» - «аль-Жабуйа» – деген жазуы бар. (4-сурет)

Нумизмат мамандар бұл тиын үлгілерін Сыр бойындағы оғыз тайпаларының айналымға ақша шығару саясатымен байланыстырып, олардың бетіндегі жазуларда оғыз билеушілерінің лауазымдары және аббасидтер халифатына тәуелділігін білдіретін белгілер кездесетінін көрсетті [17, с. 80-91].

Сонымен бірге ортағысырлық Жанкент нумизматикалық материалдары арасынан №1, №6, №8, №12 қазбаларда тұрғын үй-жайлар орнынан жиырмаға жуық мыстан соғылған Саманидтер мемлекетінің мыс тиындары табылды. Олардың барлығы дерлік бір хронологиялық шеңберге жатады: Саманид әмірі Абд әл-Малик ибн Нух билігі тұсында хижра жыл санауы бойынша 343-350 жж. грегориан күнтізбесінде 954-961 жж. және хижраның 347-348 жж. / грегориан бойынша 958-960 жж. Бұхарада соғылған. (5-сурет *а, b нұсқалар*) [15, с. 49-51]. Жанкент қаласынан табылған Саманид мыс тиындары аймақ тұрғындарының X ғ. Мәуереннахрдың мұсылман орталықтарымен тұрақты экономикалық байланыста болғанын және Саманидтер мемлекетінің экономикалық кеңістігінде, яғни, ақша айналымының құрамында болғанын көрсететін маңызды көрсеткіш деп топшылауға мүмкіндік береді.

Сыр бойынан табылған күміс тиындар – оғыз билеушілерінің сол кезеңде Хорасан аймағымен және Аббасидтер халифатымен байланыстарын көрсетіп, ислам діні тараған кеңістікке ену процестері жайлы мағлұматтар беретін маңызды дереккөздер. Тиындардың мерзімін нақтылауда олардағы «ʿАбдаллах ибн Тахир (828–845 жж.)» есімі жазылуы елеулі көрсеткіш. Тахирилер әулетінің Хорасандағы билеушісі Абдаллах ибн Тахирдің есімі күміс теңгелерде көрініс беруі оларды IX ғ. екінші ширегімен мерзімдеуге мүмкіндік береді. Жазба деректерде оның ұлы Тахир ибн ʿАбдаллахтың оғыздар тайпаларына қарсы жорық жасағаны туралы да мәліметтер кездеседі [3, с. 78; 18, с 48-54]. Жалпы тиындардың соғылу уақыты мен нақты саяси жағдайын анықтау үшін олардың типологиялық, эпиграфикалық және археологиялық контекстін кешенді түрде қарастыруды қажет етеді.

Тиындардағы оғыз билеушілеріне қатысты «ğabūyah (жабуйа/ябғу)», «...Арслан.», және кейбіреулерінде «Жабуйа, гузздардың патшасы, мүміндер әмірінің көмекшісі/қызметшісі» (ğabūyah malik al-ġuzziyyah mawlā amīr al-mu'minīn) деген тұжырым ұшырасады. Кейбірінде сондай-ақ «mimmā amara bihi ğabūyah» - «Жаб(ғ)уйа бұйырған нәрседен» деген мазмұндағы жазулар сақталған. Ғылыми әдебиетте бұл атау түркі тайпаларындағы саяси лауазым ретінде,

оғыздардың жоғарғы билеушісін білдіретін – «ябғу» атауымен байланысты сипатталады [4, 139]. Тиындардағы жазулардан олардың тек ақша қызметін атқарып қана қоймай, сондай-ақ олар билеушінің саяси лауазымы мен мәртебесін көрсетуші құрал ретінде пайдаланылғанын байқаймыз. Сонымен бірге зерттеушілер монеталардағы «ğabūyah» терминін оғыз билеушісінің лауазымымен және кейбір нұсқаларда оның жеке есім ретінде түсіндірілу мүмкіндігін де жоққа шығармайды [17, с. 80-91].

Күміс теңгелердегі есімдер мен лауазымдардың орналасу реті де саяси қарым-қатынастардың біркелкі болмағанын көрсетеді. Айталық I топ үлгілеріндегі «ʿАбдаллах ибн Тахир» есімі аверсте (алдыңғы бет), ал оғыз билеушісі атауы реверсте (артқы бет) орналасуы Хорасан наменгерінің жоғары саяси мәртебесін білдірсе, екінші топ үлгілерінде оғыз билеушісінің лауазымы аверске шығады, ал III топ үлгісінде наменгер есімі мүлде жазылмауы саяси қатынастардағы шиеленісті аңғартады. Әсіресе «малик ал-гуззиййа» – «оғыздар патшасы» және «маула амир ал-му’минин» – «әл-мүмининдер әмірінің көмекшісі/қызметшісі» тәрізді тұжырымдардың қолданылуы оғыз билеушісі өзін мұсылмандық саяси жүйенің терминологиялық кеңістігінде таныта бастағанын көрсетеді [17, с. 80-91; 4, 139]

Осы тұрғыдан алғанда, күміс тиындар Сырдың төменгі ағысындағы исламдану процесі сипатын айқындайтын дерек ретінде құнды. Олардағы араб графикасы, мұсылман есімдер мен исламдық саяси тұжырымдардың дәстүрлі түркілік лауазыммен қатар қолданылуы бұл процестің бір мезеттік, әрі жаппай сипатта болмағанын, керісінше, белгілі бір кезеңде алдымен жергілікті билеуші әулет пен саяси элита ортасында көріне бастағанын аңғартады [17; 4, 114, 139.]. Күміс тиындарда исламдық саяси рәміздердің қолданылуы ислам тек діни сенім ретінде ғана емес, билікті рәсімдеп, заңдастыратын идеологиялық құрал ретінде де қабылдана бастағанын көрсетеді.

Ортағасырлық Жанкент тұрғындарының арасында ислам дінін ұстанушылар болғанын көрсететін және бір ***жаңама*** археологиялық деректердің ***3-тобы*** – тұрғын-жайлардағы жуынатын және лас суды ағызып жіберетін қарапайым санитарлық-гигиеналық құрылғылар.

Жоғарыда атап өткеніміздей ортағасырлық Жанкентте оннан аса нысанда зерттеулер жүргізілуде. Солардың бірі 2005 ж. ескерткіштің солтүстік-шығыс бөлігіндегі көлемі 35×30 м болатын кең төбеде салынған №1 нысанда қазба жұмыстары бүгінге дейін жалғасуда, қазіргі таңда қазба ауданы 3000 шаршы метрден асып кетті. Үздіксіз жүргізілген зерттеулер нәтижесінде қалалық үлкен орам аршылып, пәтерлер секілді орналасқан 25-30-ға жуық тұрғын-жай анықталды. Жалпы аршылған бөлмелер саны шамамен 70-75 жуық. Қаланың топографиялық жоспарынан ендік және бойлық бағытта жүретін ені 2-3 м шамасында болатын көшелері анық көрінеді. Ортаазиялық махалля тектес орамның бір типті тұрғын үйлері 2 сирек жағдайда 3 бөлмеден тұрады. Оларды салуда қолданылған негізгі құрылыс материалдары күйдірілменген – саз кірпіштер. Пішіндері аймақ ескерткіштерінен тіркелетін кірпіш пішінінен ауытқымайды, өлшемі 31×21×6 см, 25×25×5 см және төменгі қабаттарда ірі форматты 40×20×6,5 см болатын үлкендері кездеседі [5; 6; 9; 10; 11; 12; 13; 14; 15.].

Жанкент тұрғын-үйлерінің сәулеті ортағасырлардағы ортаазиялық қалалық сәулет өнерінің дәстүрлі қарабайыр түрлерінен бастау алатыны байқалады. Тұрғын үйлар сәулетін талдау нәтижесі ескерткіште дәстүрлі деп айтуға болатын бірыңғай тұрғын үй түрінің болғанын көрсетті. Әдеттегі тұрғын-жайлар – шағын үй алды ауласы бар, кіре-беріс дәліз арқылы екі пешпен жылытатын орталық және қойма қызметін атқаратын қосалқы бөлмелерден тұрған. Құрамдас бөліктерден тұратын екі-үш бөлмелі тұрғын-үй ұяшықтары бір қатарда (бір көше бойында) бірнеше рет қайталанды, олардағы бөлмелер саны мен ауданы өскенімен жалпы тұрғын-жайды ұйымдастыру принципі өзгермейді. Барлық жағдайда тұрғын-жай бірыңғай стандартты үлгіге сүйеніп салынған. Тұрғын-жайлардағы негізгі «орталық» бөлменің ішкі көрінісі: шамаммен 4×5 м болатын тіктөртбұрыш бөлме еденіне сирек жағдайда өлшемі 25×25×5 см болатын күйдірілмеген кірпіш төселеді, айналдыра қабырға бойымен «П» немесе «Г» пішінді, биіктігі 35-40, ені 75-90 см болатын суфалар салынады, бөлменің қақ ортасында өлшемі 70-75×130-140 см болатын ұзына бойы кесілген жарты шикі кірпіштен қаланған биіктігі 8-9 см келетін борты бар тіктөртбұрышты ашық ошақ және оның алдына бір-біріне теріс қарата қойылған екі қошқардың басы бейнесінде безендірілген терракоталық тұғырнама қойылады [19, с.100-107; 20, с. 109-122.]. Осы тақілеттес ошақ түрлерін б.з.д. II-I ғғ. Орта Азия мен Хорезм

қоныстарында тіркеле бастайды, кейін ортағасырлық қалалық қоныстарда кеңінен тарала бастайды [21, с. 87-92; 22, с. 75.]. Оларды үй-жайларды жылыту үшін де, ғұрыптық салттарды атқару үшін де пайдаланып отырған [23, с. 105-112.]. Кіре беріске қарама-қарсы бетте биіктігі 40-60 см шамасында сақталатын тандыр пеш орналасады. Сирек жағдайда (№1 қазбада 2 рет кездесті) кіреберістің алдында еденде шаршы пішінді күйдірілген кірпішпен төселген өлшемі шамамен 80×80 см болатын алаңша ортасында, тігінен екі қатар төмен, өлшемі 50×50 см болатын және бір шаршы алаңша түрінде, бірінің астына бірі қаланған кірпіштер астында лас су сіңіру үшін үлкен, түбі ойық хумды төңкеріп ішін күл аралас топырақ толтырған - ташнау қойылады. (6 және 7-суреттер)

Сипатталған ташнау типі Жанкент қаласындағы №1 қазбаның 2006 ж. 7-бөлмеден және 2020 ж. 57-бөлмеден, 2026 ж цитадельдегі №6 қазбадан тіркелді. (8-сурет)

Ендігі кезекте ортағасырлық қалаларда лас суды сыртқа шығаратын құрылғылардың қалыптасуын, олардың қалалық ортада таралуына ықпал еткен факторлардың ерекшеліктеріне тоқталып өтсек.

Орта Азияның көне қалаларының ішкі құрылымында санитарлық-тұрмыстық қондырғылар маңызды орын алған. Археологиялық деректер ташнауды жеке үй-жайларда тұрмыстық және гигиеналық мақсатта пайдаланған суды шығару құрылғысы болғанын көрсетеді. Оның негізгі қызметі – үй-жай ішінде қолданылған лас суды арнайы су қабылдайтын шұңқырға ағызып, жерге сіңіру. Ташнау құрылымында әдетте су жиналатын шағын қабылдауыш, керамикалық құбырлар және сіңіргіш құдық болған. Кейбір нысандарда бір құдыққа бірнеше су ағар желісі қосылып, бірнеше бөлменің суын бір уақытта шығарған. 2026 ж. қазба маусымда Жанкент цитадалелінде осындай құрылғы аршылды.

Ташнаулардың пайда болу уақыты ислам дінінің таралуынан біршама ілгерірек кезеңмен мерзімделеді. Ортағасырлық шығыс және ортаазиялық қалалық қоныстарының ішкі құрылымын жайластыру мәселелерін зерттеуші мамандар ташнауға ұқсас қалдық су сіңіру құрылғыларының жекелеген түрлерін исламға дейінгі кезеңдерде де кездесетінін алға тартады [2; 24; 25, с. 193; 26; 27; 28.]. Атап айтқанда Дальверзинтепенің (Өзб.Респ.) және көне Мервтегі Гяур-қаланың (Түркм.Респ) I-IV ғғ. мерзімделетін қабаттарынан артық және лас суларды сыртқа шығаратын қондырғылар тіркелген [25, с. 193.]. Демек, суды жерге сіңіру арқылы әкетудің техникалық принципі ислам дәуіріне дейін қалыптасқан. Дегенмен, антикалық кезең қоныстарында бұл құрылғылар сирек ұшырасып отырған.

Орта Азияның көптеген қала қоныстарының археологиялық материалдары арасында ташнаулардың жаппай кең көлемде таралуын VIII ғ. соңғы ширегінен бастау алғанын көреміз. Ең ерте ортаазиялық үлгілер Варахша, Пенджикент және Кува ескерткіштерінен белгілі. IX-XIII ғғ. басында бұл құрылғылар Орта Азияның барлық дерлік қалаларында кеңінен қолданылып, техникалық жағынан жетілдіріле түскен [28, с. 55-58].

Ташнаудың кең тарауына өзара тығыз байланысы бар екі факторды айтуға болады. Біріншісі – қалалар қарқынды өсіп, олардың ішкі құрылымында құрылыс нысандарының тығыз орналаса бастауы; Екіншісі – ортаазиялық аймаққа ислам дінінің таралып мәдениеті орныға бастауы және тазалыққа қатысты діни шарттары.

Ортағасырлық қалалардың жайластырылуы мәселесін зерттеген А.Анарбаев санитарлық құрылғылар VIII ғ. бастап кеңінен таралуына қалалардың өсуі, мәдени байланыстардың күшеюі, ислам дініндегі жалпыға ортақ ғұрыптық талаптардың орныға бастауы және мұхтасиб қызметінің қалыптасуымен байланыстырады [28, с. 55-58].

Исламдану процесі мен ташнаулардың кең тарауы арасындағы байланыс жайлы кейінгі уақыттарда жиналған материалдардан да көрініс береді. Айталық, Алтын Орда кезеңі қалаларын зерттеуші Э.Д. Зиливинскаяның пікірінше ташнаулар Орта Азиядан тарай бастайды, ал олардың VIII ғ. бастап Орта Азияда кең қолданыла бастауын ислам дінінің санитарлық-ғұрыптық талаптарымен байланыстырады [29, с. 196-203]. Осы кезеңнен бастап моншалар, ташнау, бадраб сияқты санитарлық-техникалық нысандар қала тұрмысында маңызды орын иелене бастайды. Бұл процес әсіресе IX–X ғғ. көне Самарқанд материалдарынан айқын байқалады [28, с. 95-109].

Осы ретте ташнауды ислам дінімен бірге пайда болған жаңа құрылғы ретінде емес, исламдану дәуірінде қолданысқа кеңінен еніп, қалалық мәдениеттің сәулет өнері дәстүрінде

тұрақты элементке айналған техникалық құрылғы ретінде қараған орынды. Жанкенттегі зерттеулер барысында тіркелген осындай санитарлық-гигиеналық құрылғылар да біз талдап отырған мәселе үшін маңызды.

Осылайша, ташнаудың жекелеген түпүлгілері исламға дейін белгілі болғанымен, олардың қалалық ортада жаппай таралуы VIII ғ. соңы – IX ғ. басталғаны байқалады. Бұл құбылыс қалалардың урбандалу процесімен қатар, исламның орныгуына байланысты тазалық пен санитарлық-гигиеналық талаптардың күшеюі және олардың күнделікті қалалық тұрмысқа енуімен де байланысты болды. Осы тұрғыдан алғанда, Жанкенттен анықталған ташнаулар исламдану жағдайының қалалық тұрмыс пен жаңадан қалыптасқан санитарлық-мәдени тәжірибеге ықпалын көрсететін археологиялық дерек ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Сырдарияның төменгі ағысы тұрғындарының исламдану процесін сипаттайтын археологиялық деректердің келесі 4-тобын керамикалық тазарлар құрайды. Жанкент қаласының керамикалық кешені арасынан арнайы мақсатта пайдаланған бұйымдар қатарында тазарлар ерекше орын алады. Ескерткіштен олардың бірнешеуі фрагменттелген күйде және бір данасы бүтін күйінде in situ тіркелді.

Жапсырма әдісімен жасалған тазарлар №1 қазбаның 3-құрылыс кезеңі қабатынан және №2 қазбада реперлік нүктеден -390,-440 см тереңдік деңгейінен табылды. Екі фрагмент те әртүрлі нұсқаларға жатады.

Бірінші нұсқа – массивті керамикалық науа немесе астау тектес ыдыстың фрагменттері, оның бұрыштары жұмырланған, түбі тегіс тіктөртбұрыш пішінді. Бұйым қолмен жапсыру әдісі арқылы жасалып сыртқы беті сатылы әдіспен өңделген. Дайындау балшығы құрамында шамот және өсімдік тектес органикалық қоспалардың едәуір мөлшері қосылған. Күйдіру сапасы жоғары, тотықтырғыш ортада жеткілікті жоғары температурада күйдірген. Бұйымның түбінен басқа, барлық сыртқы бетінде қоңырқай-жасыл түсті тығыз тұнба қабаты байқалады. Фрагменттің ұзындығы шамамен – 22 см, биіктігі – 11 см.

Екінші нұсқа – түрі шағын шаршы пішінді ыдыс фрагментінің түбі тегіс, қабырғасы аласа әрі қалың, жиегі сақталмаған. Сыртқы бетінде ойып түсірілген өсімдік тектес өрнек бар. Керамикалық фрагменттің түсі қоңырқай-қызыл, күйдірілген кіріпш секілді. Күйдірілу сапасы жоғары, ыдыстың түбінен басқа сыртқы бөліктерінің бетінде қоңырқай-жасыл түсті тұнба қабаты байқалады. Сақталған биіктігі – 12 см, қабырғасының қалыңдығы – 3 см.

Сондай-ақ №1 қазбаның жоғарғы құрылыс көкжиегінде №4 (9-сурет) және №20 (10-сурет) бөлмелерден тазардың шағын фрагменттері табылған. Толық сақталмағанымен бұйымдардың пішінін қалпына келтіруге мүмкіндік беретін «археологиялық бүтін» фрагменттер тіркелген. Олар ернеуі жалпақ, қабырғасы аласа әрі сыртқа қарай аздап көлбеу орналасқан ірі ыдыс түрлері. Бір тазардың су ағып кететін науасы сақталған. Екінші үлгінің түпкі бөлігінде айқын иілген жиегі байқалады. Осы тазардың ішкі бетінде саусақпен жүргізілген сызық тәрізді «арналар» көрінеді. Бұйымдар кірпіш-қызыл немесе ашық сары түсті, яғни күйдірілу сапасы жоғары деп айтуға болады. Тазар фрагменттерінің өлшемдері: биіктігі – 12,5-13 см; диаметрі – 55-60 см; қабырғасының қалыңдығы – 2-3 см құрайды.

2025 ж. ескерткіштегі №14 қазбада бүтіндей in situ күйінде қабырғасының қалыңдығы – 3,5 см биіктігі – 11 см, өлшемі – 66×76 см, болатын керамикалық тазар тіркелді. Пішіні тіктөртбұрышты, массивті ыдыстың, бір жақ шетінде түбіне жақын бөлігінде дөңгелек су ағар тесігі бар. Ыдыстың ішкі бетінде түбінен осы су ағарға қарай жіңішке су ағатын науаша жүргізілген. Аласа қабырғаларының жиегі сыртқа қарай сәл қайырылған бұйым қолмен жапсыру әдісімен жасалған. Оның қалыптау балшығы құрамында шамот пен органикалық қоспалар молынан қосылған. Күйдіру сапасы айтарлықтай жоғары біркелкі күйген. Ыдыстың бүкіл сыртқы бетінде органикалық тұнба қабаты байқалады. (11-сурет)

Бұндай бұйымдардың ең жақын баламалары Сауран қалалық кешеніндегі Қаратөбе ескерткіші мен Отырар қаласының ертеортағасырлық қабаттарынан тіркелген. Е.А. Смағұлов оларды ислам дінін қабылдаған тұрғындар үйлеріндегі дәрет алу бөлмесінің міндетті атрибуты болған деп есептейді, яғни, мұсылмандық ғұрыптық дәрет алуға арналған шағын (леген, кірлен) ваннар ретінде түсіндіреді [30, с. 343]. Тазарлардың негізгі ерекшеліктеріне түбінің ішкі бетіндегі су ағатын арналар мен суды төгуге арналған арнайы саңылауын айтуға болады. Отырардың IX-X ғғ. жататын V құрылыс көкжиегінің барлық дерлік бөлмелерінен тазарлары




бар санитарлық орындардың аршылуы қаладағы исламның кең тарағанын көрсететін археологиялық белгілердің бірі ретінде қарастыруға болады [31, с. 174-186].

Жанкенттегі тазарлардың пайда болуы да өңірге ислам дінінің біртіндеп енуімен байланысты болуы мүмкін, ал олардың тұрғын үйлерде орналасуы бұл бұйымдардың ғұрыптық тазалыққа байланысты қолданыста болғаны аңғарылады. Осы деректер негізінде Жанкент тұрғындарының белгілі бір бөлігі жаңа дінді қабылдап, онымен бірге қалыптасқан діни қағидалар мен ғұрыптарды тұрмыстық деңгейде ұстанғанын болжауға болады. Бұл өз кезегінде жаңа дінге сенушілердің күнделікті өмір салты мен тұрғын үй кеңістігіне аздаған өзгерістер енгізуді қажет еткенін көрсетеді.

Жанкент қаласы тұрғындары арасындағы ислам дінінің таралуы белгілеріне керамикалық тазарлардан бөлек, бетіне араб әріптерімен жазылған жазуы және жекелеген әріптер түрінде таңбаланған керамикалық ыдыстар мен фрагменттерді жатқызуға болады. Мұндай жазулар негізінен асханалық, қызыл ангобпен қапталған, сирек жағдайда шаруашылық мақсаттағы және глазурленген ыдыстардың бетіне түсірілген. Жазулар дайын, күйдіріліп болған ыдыстың бетіне ойып түсірілген.

1. Жапсырмалы әдіспен жасалған азық немесе сұйықтық сақтауға арналған (ойнохой тәрізді) құмыраның сыртқы бетіне ыдыс күйдірілгеннен кейін бір сызық бойымен екі таңба ойып түсірілген. Олардың бірі үш параллель қысқа сызықтан тұрса, екіншісі көлденең орналасқан «З» тәрізді таңбадан тұрады. Оның ортасынан қысқа сызықша таралады, ал таңбаның төменгі жағында тағы бір қысқа ойық сызық байқалады. Бұл таңба араб әліпбиіндегі «ع» – айн әрпіне ұқсайды. (2-кесте)
2. Жапсырмалы әдіспен жасалған азық сақтауға арналған (ойнохой тәрізді) құмыраның иық иіні бөлігі фрагментінде күйдірілгеннен кейін ойылып түсірген екі таңба сақталған. Олар араб әліпбиінің «ا» – алиф және «و» – уау әріптеріне ұқсайды. (2-кесте)
3. Жапсырмалы әдіспен жасалған азық сақтауға арналған құмыра мойны фрагментінің ішкі бетінде қиғаш бағытта орналасқан, күйдірілгеннен кейін ойылып түсірген үш параллель сызық пен араб әліпбиіндегі «ع» – айн әрпіне ұқсайтын белгілер. (2-кесте)
4. Құмырашы шарығында жасалған сырты жылтырлатылған ыдыстың сыртқы бетіне күйдірілгеннен кейін араб жазуы ойылып түсірілген. (2-кесте)
5. Керамикалық тостағанның түпкі бөлігі фрагментінің сыртына күйдірілгеннен кейін араб жазуына ұқсас өрнек ойылып түсірілген. (2-кесте).

2-кесте **Керамикалық ыдыстардағы таңбалар**

№	Раскоп,	Строитель-ный горизонт	Тип посуды	Знак
1	№1 қазба	1СГ	Тарный кувшин (ойнохоидный)	
2	№1 қазба	1СГ	Тарный кувшин	
3	№1 қазба	1СГ	Тарный кувшин	
4	№1 қазба		Столовый сосуд с поливой	
5	№6 қазба	2СГ	Столовая кружка (*вид 4*)	

Осылайша, араб әртіптерімен жазылу белгілері бас аяғы 5 ыдыс фрагменті тіркелген.

Белгілерді кімнің салғаны, яғни, арнайы тапсырыс бойынша құмыра жасаушы шеберлер ме, әлде ыдысты пайдаланған ислам дінін қабылдаған тұрғындар ма, ол жағын әзірше нақты

анық-қанығын айтуға мәліметтер аздық етіп отыр. Мұндай таңбалардың ыдыстарға белгілі бір сакралды мән беру мақсатында түсірілуі де ықтимал.

Керамикалық ыдыстардығы таңбалар мен олардың шығу тегіне және атқарған қызметіне қатысты Е.М. Пещерева жүргізген этнографиялық деректер назар аударуға тұрарлық: «Сари Шухон (Тәжік.Респ.) ауылында өзге үйлердегі пештерде ыдыстарын күйдіруге әкелетін әйелдер күйдірілгеннен кейін ыдыстарды ажырату оңай болуы үшін, оның бетіне белгі салатын болған. Әйелдерде арнайы жеке таңбалар болмаған, барлығы белгілі бір таңбалар жиынтығын пайдаланып, әрқайсысы таңбаларды өз мәнерінде және әр түрлі орналастырған. Көбіне таңбалар ыдыс тұтқасы астына немесе тұтқаның төменгі жағында бүйір бөлігіне түсірген. Тазар мен тостағандардың ішкі жағы немесе түбі таңбалынған. Күйдіруші шеберлердің де жеке таңбалары болмаған. Бірдей таңбаны әртүрлі әйелдер әртүрлі ыдыстарға, соның ішінде сатуға арналған ыдыстарға да түсіре берген» [Пещерева 1959: 109].

Е.М. Пещерева Сари Шухонда кеңінен қолданылатын бірнеше таңба түрін көрсетеді. Олардың қатарында екі қиғаш сызықтан құралған айқыш және екі параллель қиғаш сызық түріндегі белгілер де бар. Бұл таңбалардың Жанкенттік ыдыстар фрагменттеріндегі таңбалармен ұқсастығы анық байқалады. Зерттеушінің айтуынша, Орта Азия көзешілері қазіргі күнге дейін араб әліпбиіндегі «و» – уау әрпіне ұқсас таңбаны пайдаланып келеді. Керамикаға түсетін осы таңбалардың мазмұны мен мағынасы, бір жағынан, меншік белгісі ретінде, екінші жағынан, магиялық қорғау қызметін атқаратын белгі ретінде түсіндіреді [32, с. 110-111]. Е.М. Пещереваның айтуынша сатуға арналған ыдыстар жасайтын әрбір әйелдің өзіне тән – нишон-ы (қазақша - белгі/таңба/нышан) болған. Осыған байланысты керамикалық ыдысқа таңба түсіру көнеден қалған дәстүр ретінде қалыптасып, оның бастапқы мәнін түсіндіру уақыт өте келе қажеттілігін жойған болуы мүмкін. Демек, Жанкент керамикасындағы белгілердің нақты табиғатын бүгінгі таңда біржақты анықтау қиын. Оларды меншік белгілері, рулық таңбалар немесе руналық жазу ретінде қарастырудың өзіндік негіздері бар. Әзірге Жанкенттік таңбаланған керамика фрагменттерінің шектеулі мөлшері олардың қызметі мен семантикасын нақтылауға мүмкіндік бермейді.

Исламдық мәдени белгілер Жанкенттен табылған аздаған әшекейленген (глазурь) керамикалық бұйымдардан да байқалады. Олардың қатарында мойны сақталмаған құмыра түбіне сыртынан араб жазуы ойып түсірілген үлгі бар. Сонымен қатар мөлдір әшекей астына ақ ангоб жағылған, жиегіне арабтың куфи үлгісімен жазу түскен дөңгелек пішінді табақша фрагменттері табылған. Мұндай бұйымдардың баламаларын отырар-қаратау мәдениетіне жататын бірқатар оғыз қалаларынан, сондай-ақ Ташкент маңайы материалдарынан белгілі. Олардың айналымда жүрген кезеңін зерттеушілер X-XI ғғ. жатқызады [31, с. 174-186; 33;].

Жанкент керамикасындағы кейбір белгілердің ру-тайпалық таңбалар мен түркілік руна белгілерге ұқсастығы олардың жергілікті графикалық дәстүрлермен сабақтастығын қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, араб әріптері мен арабша жазу үлгілерінің кездесуі исламдық мәдени ықпалдың күшейгенін де көрсетеді. Осыған байланысты Жанкентте араб жазуы мен одан бұрынғы таңбалық дәстүрлердің белгілі бір тарихи кезеңде қатар өмір сүргенін де аңғартады.

Қорытынды.

Сырдың төменгі ағысындағы исламдану процесін бір мезетте жүзеге асқан құбылыс емес, бірнеше кезеңнен тұратын, ұзақ мерзімді тарихи процес ретінде қарастыруға болады. Жанкент материалдары бұл процестің ең алдымен қалалық ортада сауда-экономикалық байланыстар, мұсылман қауымының қоныстануы және саяси-мәдени ықпалдастықтың артуы арқылы біртіндеп орныққанын көрсетеді. Ортағасырлық жазба деректердегі мұсылман тұрғындар туралы мәліметтерді, нумизматикалық материалдар мен археологиялық кешендерді өзара салыстыру нәтижелері өңірде исламдық мәдени ықпалдың X ғ. тұрақты сипат ала бастағанын аңғартады.

Жанкенттен табылған хорезмдік және саманидтік мыс тиындар, афригидтік үлгідегі күміс теңгелер, араб әліпбиімен жазылған жазулар, керамикалық тазарлар мен тұрғын үй кешендеріндегі ташнаулар исламдық мәдени ережелердің жергілікті тұрмысқа ене бастағанын көрсететін әртүрлі деңгейдегі археологиялық белгілер болып отыр. Сонымен бірге, бұл материалдар тұрғындар исламдану барысында жергілікті дәстүрлерді бірден ығыстырмай,

керісінше, дәстүрлі түркілік және жергілікті мәдени элементтермен қатар өмір сүріп, біртіндеп жаңа синкреттік мәдени орта қалыптастырғанын аңғартады. Осылайша, Жанкент Арал теңізі маңайындағы исламдану процесінің мәдени-тарихи атрибуциясын нақтылауға мүмкіндік беретін негізгі археологиялық орталықтардың бірі деп сеніммен айтуға болады. Дегенмен, жекелеген археологиялық материалдар мен белгілердің діни қызметін біржақты анықтау мүмкін емес болғандықтан, олардың мерзімін және семантикалық мағынасын – табылған жағдайын толықтай ескере отырып, жазба деректер, салыстырмалы материалдар негізінде кешенді түрде зерттеуді қажет етеді.



1-сурет. Күміс тиын. «abd allâh ibn ṭāhir» – деген жазуы алдыңғы бетінде.
(Сурет. Е.Ю. Гончаров, В.Н.Настич 2013 ж. бойынша)



2-сурет. Күміс тиын. Артқы бетінде «ىYğabūyah arslān» - деген жазу жазылған.
(Сурет. Е.Ю. Гончаров, В.Н.Настич 2013 ж. бойынша)



3-сурет. Күміс тиын. «abd allâh ibn ṭāhir» – деген жазуы артқы бетінде
(Сурет. Е.Ю. Гончаров, В.Н.Настич 2013 ж. бойынша)



4-сурет. Күміс тиын. «abd allâh ibn ṭāhir» – деген жазуы мүлде жоқ
(Сурет. Е.Ю. Гончаров, В.Н.Настич 2013 ж. бойынша)




a

b

5-сурет. 2007 ж. №1 қазбадан табылған мыс тиындар. Саманид әмірі Абд әл-Малик ибн Нух билігі тұсында (343-350 жж.) 954-961 жж. Бұхарада соғылған.




6-сурет. Жанкент. №5 бөлмедегі ташнау (Э.Д. Зиливинская бойынша 2007 ж.)
(Фото ЖИ өңделген)



7-сурет. Жанкент. №57 бөлменің әуеден көрінісі. (көрсеткіш оқ ташнауға қаратылған)
(Ж.К.Султанжанов фотосы 2020 ж.)



8-сурет. Жанкент. Цитадель. №6 қазбада аршылған құбырлары бар ташнау су қабылдағышы
(қазу жұмыстары кезіндегі фото 2026 ж.)



9-сурет. Жанкент. №1 қазбаның 4-бөлмеден табылған тазар фрагменттері.
(Г.Т. Амиргалина бойынша 2025 ж.)



10-сурет. Жанкент. №1 қазбаның 20-бөлмеден табылған тазар фрагменттері.
(Г.Т. Амиргалина бойынша 2025 ж.)



11-сурет. Жанкент. №14 қазбаның 2-бөлмесінен бүтіндей in situ жағдайда табылған тазар.
(Г.Т. Амиргалина бойынша 2025 ж.)

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Толстов С.П. Города гузов: историко-этнографические этюды // Советская этнография. – 1947. – №3. – С. 55-102.

2. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М., Л., 1948. – 326 с.

3. Материалы по истории туркмен и Туркмении / под ред. А.П. Баранникова. – М.; Л., 1939. – Т. 1. – 612 с.

4. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XII вв. – Ашхабад: Ылым, 1969. – 295 с.

5. Комплексные исследования городища Джанкент (работы 2011-2014 гг.). / сост. И.А. Аржанцева, А.А. Тажекеев. – Алматы, 2014. – 320 с.

6. Билалов С.У., Тажекеев А.А: Археологические работы на главных въездных воротах средневекового городища Джанкент в 2019 г. // Вестник Казахского национального университета им. Аль-Фараби. – 2020. – №1(96). – С. 155-171.

7. Толстов С.П. Древний Хорезм. – М.: Изд.: МГУ, 1948. – 441 с.

8. Толстов С.П. По древним Дельтам окса и Яксарта. – М., 1962. – 353 с.

9. Зиливинская Э.Д., Сыдыкова Ж. Т., Билалов С. У. Раскопки жилого квартала на городище Джанкент. // Васильев Д.В. (отв. ред.). Вопросы истории и археологии средневековых кочевников и Золотой Орды. Астрахань, 2011: Астраханский университет, 27-37.

10. Сыдықова Ж.Т., Тәжекеев Ә.Ә. Тұран өркениеті. Мәдени мұра 2013. №4, 37-46.

11. Курманкулов Ж.К., Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Рузанова С.А., Сыдыкова Ж.Т. Материалы Джанкентской археологической экспедиции. Кызылорда – 2007.

12.Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т., Билалов С.У., Султанжанов Ж.К., Шарапова К.А. Археологические исследования на городище Джанкент в 2019 г. в: Байтанаев Б.А. (гл. ред.). Великая Степь в свете археологических и междисциплинарных исследований: Материалы международной научно-практической конференции. Т. 2. Алматы, 2020.: ИА им. А. Х. Маргулана, 409-421.

13. Байпаков К.М. 2007. Огузы, туркмены и сельджуки в городах Жетысу и Южного Казахстана. Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан 1 (253), 35-61.

14. Билалов С.У., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т., Султанжанов Ж.К., Амиргалина Г.Т., Құрманиязов Ы.С., Назаров А.Ж. Археологические работы на городище Джанкент в полевом сезоне 2020-2021 гг. Оңғар А. (ред.). Маргулановские чтения-2021: материалы международной научно практической конференции «Великая степь в контексте этнокультурных исследований», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан и 30-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана (г. Алматы, 26-27 октября 2021 г.). Т. 2. Алматы, - 2021. ИА им. А.Х. Маргулана, 138-154.

15. Аржанцева И.А., Зиливинская Э.Д., Караманова М.С., Рузанова С.А., Уткельбаев К.З., Сыдыкова Ж.Т., Билалов С.У. Сводный отчет об археологических работах на городище Джанкент в 2005-2007, 209 гг. Типография «Компас Кызылорда» - Кызылорда, - 2010. 161 с.

16. Дарменов Р.Т., Хасенова Б.М., Назаров А.Ж. Перстень-печать с надписью «Muhammad» из средневекового городища Джанкент. // Материалы по археологии и истории средневекового Причерноморья. 2024. №16. С.512-526. - DOI: 10.53737/2713-2021.2024.46.72.023

17. Гончаров Е.Ю., Настич В.Н. Монеты сырдарьинских огузов IX в. В: Кляшторный С.Г. (отв. ред.). Тюркологический сборник 20112012. Москва, - 2013: Наука; Восточная литература, с. 80-91.

18. Якубовский А.Ю. Вопросы этногенеза Туркмен в VIII-X вв. // Советская этнография. – 1947. – №3. - с. 48-54.

19. Зиливинская Э.Д. Очаги жилого комплекса на городище Джанкент. // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук 2013. №3, 100-107.

20.Дарменов Р.Т., Тажекеев А.А. Ритуальные очаги на городище Жанкент. // Народы и религии Евразии 2018. №17 (4), 109-122.

21.Воронина В.Л. Черты раннесредневекового жилища Средней Азии. // Советская этнография 1963. №6, 81-83.

22.Неразик Е.Е. Сельские поселения афригидского Хорезма: по материалам Беркут-калинского оазиса. – Москва: Наука. – 1966, 160 с.

23.Вишневская О.А., Рапопорт Ю.А. Следы почитания огня в средневековом хорезмском городе. // Этнография и археология Средней Азии. Виноградов А.В. (отв. ред.). – Москва: Наука. – 1979, с. 105-112.

24.Пугаченкова Г.А. Художественные сокровища Дальверзин-Тепе. – Л.: «Аврора». 1978. – 104 с.

25.Пугаченкова Г.А., Ртвеладзе Э. В. и др. Дальверзинтепе – кушанский город на юге Узбекистана. – Ташкент, Иэд-во «Фан» УзССР. Рис. 159. Бнбл. 212. - Стр. 240.

26.Буряков Ю.Ф. Генезис и этапы развития городской культуры Ташкентского оазиса. Издательство «ФАН» Узбекской ССР. Ташкент, 1982. - 212 с.

27.Воронина В.Л. Древняя строительная техника Средней Азии // Архитектурное наследство. М.: 1953, № 3

28.Анарбаев А. Благоустройство средневекового города Средней Азии (V - начало XIII вв.). Ташкент: Изд-во "Фан" Узбекской ССР, 1981. - 119 с.

29.Зиливинская Э.Д. Благоустройство и санитария в Золотоордынских городах // Археология евразийских степей №3, 2022. С. 196-203. https://doi.org/10.24852/2587-6112.2022.3.196.203

30.Смагулов Е.А. Древний Сауран. - Алматы: АО «АБДИ Компани», 2011. - 416 с.

31.Байпаков К.М., Воякин Д.А., Акылбек С.Ш. Жилая застройка Отрара в X начале XIII веков // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук. - Алматы, 2013. №3. С. 174-186.

32.Пещерева Е.М. Гончарное производство Средней Азии // АН СССР. Институт этнографии им. Н.Н. Миклухо-Маклая. Москва-Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1959. - 396 с.

33.Ильясова С.Р., Ильясов Дж.Я., Имамбердыев Р.А., Исхаков Е.А. «Нет блага в богатстве». Глазурованная керамика Ташкентского оазиса IX- XII вв. - Москва, 2016. - 597 с.

СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІНІҢ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ

URBAN CULTURE OF THE MIDDLE REACHES OF THE SYR DARIA

Марат Қымызұлы Тұяқбаев[1]
Marat Qymyzuly Tuyakbayev[2]

Кіріспе. Түркістан оазисі – Оңтүстік Қазақстанның тарихи-мәдени дамуында ерекше орын алатын аймақ. Оның аумағында әр кезеңге жататын қалалар, қоныстар мен басқа да археологиялық ескерткіштердің шоғырлануы өңірде қала мәдениетінің ерте кезеңдерден бастап қалыптасып, тарихи даму барысында үздіксіз өзгеріп отырғанын көрсетеді. Сондықтан Түркістан оазисінің тарихи топографиясын зерттеу ежелгі және ортағасырлық қоныстану жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін, қалалардың өзара байланысын және олардың тарихи-географиялық орналасуын анықтау үшін маңызды.

Түркістан оазисінің археологиялық ескерткіштерін жүйелі түрде зерттеу барысында олардың орналасуы, аумағы, хронологиялық кезеңдері мен зерттелу деңгейі туралы ауқымды деректер жинақталды. Бұл материалдар оазистің тарихи топографиясын кешенді түрде қарастыруға және қала мәдениетінің кеңістіктік даму ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты

Зерттеудің негізгі мақсаты – Түркістан оазисіндегі қала мәдениеті ескерткіштерінің тарихи топографиясын археологиялық зерттеулер негізінде жүйелеу, олардың орналасу ерекшеліктерін, хронологиялық кезеңдерін және тарихи-мәдени дамуындағы орнын анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің негізгі материалдық базасын Түркістан оазисінде жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері, қала мәдениеті ескерткіштері туралы мәліметтер және археологиялық барлау барысында жинақталған материалдар құрайды. Зерттеу барысында археологиялық барлау, шурфтық және стратиграфиялық зерттеу, жер бетінен жиналған археологиялық материалдарды талдау әдістері қолданылды. Сонымен қатар ескерткіштердің орналасуы, көлемі және хронологиялық ерекшеліктері салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Түркістан оазисіндегі қала мәдениеті ескерткіштерін тарихи топография тұрғысынан кешенді түрде жүйелеумен байланысты. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде анықталған ескерткіштер олардың орналасуы, аумағы, хронологиясы және зерттелу әдістері бойынша сараланып, оазистің тарихи-археологиялық кеңістігін сипаттайтын біртұтас деректер жүйесі қалыптастырылды.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижесінде Түркістан оазисіндегі қала мәдениеті ескерткіштерінің негізгі тобы жүйеленіп, олардың тарихи-географиялық орналасуы мен хронологиялық ерекшеліктері айқындалды. Оазис аумағындағы ескерткіштер бірнеше микрооазиске бөлініп қарастырылып, олардың әрқайсысының археологиялық ерекшеліктері сараланды. Археологиялық барлау мен шурфтық зерттеулер барысында алынған материалдар ескерткіштердің тарихи кезеңдерін нақтылауға және олардың қала мәдениетінің дамуындағы орнын анықтауға мүмкіндік берді.

Жинақталған деректер Түркістан оазисіндегі қоныстану жүйесінің біркелкі болмағанын және оның табиғи-географиялық жағдайлармен қатар тарихи үдерістерге де байланысты қалыптасқанын көрсетеді. Ескерткіштердің хронологиялық әркелкілігі өңірдегі қала мәдениетінің ұзақ уақыт бойы қалыптасып, дамығанын аңғартады.

Түркістан археологиялық экспедициясы 1996 жылдан бастап Түркістан оазисіндегі қала құрылысы ескерткіштерін жүйелі түрде жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді.

[1] «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан Республикасы; бас археолог, тарих ғылымдарының кандидаты.

[2] National Historical and Cultural Museum-Reserve “Aziret Sultan”, Chief Archaeologist, Candidate of Historical Sciences.

Экспедиция құрамындағы арнайы барлау-зерттеу жасағы (М.К. Тұяқбаев) осы жылдар аралығында (1996–2019 жж.) оазистегі қала құрылысы мен ежелгі ирригациялық жүйелердің ескерткіштерін анықтау, тіркеу және зерттеу бағытында іздестіру жұмыстарын жүргізді. Өткен жылдар ішінде 70-тен астам тарихи ескерткіш зерттелді. Олардың 59-ы қала құрылысына, ал қалғандары ирригациялық жүйелерге қатысты болды. 59 ескерткіштің аспаптық жоспары түсіріліп, Жаһандық позициялау жүйесі (GPS) арқылы географиялық координаттары анықталды. Әрбір нысан жан-жақты фототіркеуден өткізілді, сондай-ақ жер бетінен жиналған археологиялық материалдар мұқият іріктеліп алынды.

1996–2019 жылдар аралығында экспедиция жасағы ғылымға бұрын белгісіз болған қала құрылысының 29 ескерткішін және әртүрлі типтегі 200-ге жуық жаңа кәріз жүйесін анықтады. Ортағасырлық 25 ескерткіште материктік қабатқа дейін стратиграфиялық қазба жұмыстары жүргізілді, ал қалғандарында жоғарғы құрылыс қабаттарын мерзімдеу мақсатында барлау шурфтары салынды. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде антикалық және ортағасырлық кезеңдерге жататын қыш бұйымдардың аса мол коллекциясы жинақталды. Жиналған материалдардың барлығы камералдық өңдеуден өткізіліп, графикалық тұрғыдан қалпына келтірілді. Сонымен қатар ең қызықты әрі сирек кездесетін үлгілер музей экспозицияларында көрсету мақсатында іріктеліп, реставрацияланды. Қыш кешендерін басқа ескерткіштерден алынған ұқсас материалдармен салыстырмалы талдау нәтижесінде табылған жәдігерлердің мерзімдемесі белгіленіп, зерттелген қала құрылысы ескерткіштерінің өмір сүрген тарихи кезеңдері анықталды.

Ғылымға бұрыннан белгілі әрі басқа экспедициялар тарапынан зерттелген оазис ескерткіштері де назардан тыс қалған жоқ. Өйткені олардың көпшілігінің мерзімдемесі тек жер бетінен жиналған материалдарға негізделіп, хронологиялық тұрғыдан көмескі және ұзақ уақыт аралығын қамтыған, ал кейбір ескерткіштерге бірнеше түрлі мерзімдеме ұсынылған болатын. Сондықтан бұл деректерді стратиграфиялық қазба жұмыстары мен тірек-артефактілер негізінде қайта тексеріп, нақтылауға тура келді. Бұған қоса, адам әрекетінің салдарынан бұрыннан белгілі көптеген ескерткіштер XX ғасырдың 50–70-жылдарында алғаш зерттелген кездегі сыртқы келбеті мен жоспарлық құрылымын жоғалтқан. Осыған байланысты кейбір жағдайларда ескерткіштердің сақталмаған бөліктерінің жоспарлық құрылымын 1950-жылдардағы жоспарларға сүйене отырып қалпына келтіруге (Иқан, Абд әл-Мәлік), ал басқа жағдайларда оларды бұрын назарға алынбаған нысандармен толықтыруға тура келді (Миртөбе, Жүйнек, Қаратөбе, Төрткүл-I). Стратиграфиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде көптеген ескерткіштердің мерзімдемесіне түзетулер енгізілді: кейбірінің мерзімі ертерек кезеңге жылжытылса, енді бірқатарының мерзімі кейінгі кезеңдерге ауыстырылды.

Қазақстан археологиясы көпжылдық стационарлық зерттеулер нәтижесінде елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, ортағасырлық қала құрылысы ескерткіштерін зерттеу ісінде айтарлықтай ілгеріледі. Артефактілерді зерттеу және олардың мерзімдемесін анықтау саласындағы жетістіктер, сондай-ақ қыш бұйымдардың мол әрі мазмұнды кешендері Қаратаудың оңтүстік беткейлеріндегі урбандалу ескерткіштерінің бұрын белгіленген мерзімдемелерін нақтылауға және түзетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ортағасырлық араб-парсы дереккөздері қазіргі зерттеушілер жасаған аудармалар арқылы кеңінен пайдаланылды, сондай-ақ ескерткіштер мен оларды қоршаған ландшафтты топографиялық зерттеудің жаңа әдістері қолданылды.

Көпжылдық зерттеулердің нәтижесінде ескерткіштердің атаулары мен орналасу орындары нақтыланып, олардың мерзімдемелері түзетіліп, жаңадан анықталған нысандар енгізілген Түркістан оазисінің қала құрылысы ескерткіштерінің жаңа Археологиялық картасы жасалды (1-сурет). Картаға сонымен қатар ерте кезеңдерде тартылып қалған өзендер мен олардың арналары да түсірілді. Олар ежелгі өзен арналарының ескі арна іздері түрінде сақталған қалдықтары негізінде қалпына келтірілді. Ежелгі арықтар мен кәріздер де қайта




Рис. 2. Карта городищ и поселений Туркестанского оазиса с раннеантичного времени до раннего средневековья

қалпына келтіріліп, егіншілікпен айналысқан шаруалардың жеке қоныстарының қирандылары орналасқан жерлер анықталды. Алайда олардың арасында кейінгі дәуірлерге жататын құрылыстардың қирандылары да болуы мүмкін.

Түркістан оазысының тарихи топографиясын зерттеу барысында физикалық-географиялық ерекшеліктерді ескере отырып, ескерткіштерді олардың хронологиялық ерекшеліктеріне қарамастан, гидрожүйелерінің біртұтастығы негізінде микрооазистерге бөліп қарастыру неғұрлым түсінікті әрі мақсатқа сай деген қорытындыға келдік. Мұндай тәсіл ескерткіштерді тарихи интерпретациялау әдістемесінде, әрине, жаңалық емес [Буряков 1982: 11-б.].

Оазис аумағындағы ескерткіштер өзендердің жоғарғы ағысынан сағаларына қарай топтастырылды. Ал микрооазистердің атаулары сол топтағы ең белгілі ескерткіштердің атауларына байланысты берілді. Тек Тамдыөзек микрооазисі Қалдықкөл көлінен бастау алып, шығыстан солтүстік-батысқа қарай ағып, Ийркөл алқабына құятын өзек атауымен аталды.

Осылайша, өңірдің гидрографиялық желілеріне қарай сегіз микрооазис анықталды. Олардың құрамындағы қала құрылысы ескерткіштері нақты су бассейндерімен тығыз байланысты. Енді әрбір микрооазиске жеке тоқталып, оның құрамына кіретін гидрожүйелер мен ескерткіштерді қарастырамыз. Ескерткіштер хронологиялық ретпен, ертеректен кейінгі кезеңге қарай орналастырылды.




Рис. 1. Карта городищ и поселений Туркестанского оазиса




Рис. 3. Карта городищ и поселений Туркестанского оазиса со времен поздней античности до развитого средневековья




Рис. 4. Карта городищ и поселений Туркестанского оазиса раннего, развитого и позднего средневековья, а также нового времени

Сауран микрооазисі

Микрооазис Түркістан оазисінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы аумағының шағын бөлігін қамтиды. Микрооазистің жалпы аумағы шамамен 2200 шаршы км, оның 600 шаршы км-ін таулы массивтер алып жатыр. Тау бөктеріндегі аңғарлар жайылымға, бау-бақша және бақша дақылдарын өсіруге қолайлы. Негізгі егіншілік алқаптары микрооазистің орталық бөлігінде орналасқан. Мұнда қалалар мен қоныстар, сондай-ақ жеке шаруашылық қоныстары шоғырланған. Сырдарияның оң жағалауында тез пісетін дәнді дақылдар мен мақта өсірілген 11 шаруашылық қоныс орналасқан. Негізгі егістік алқаптары Бесарық, Шығыр және Майдантал тау өзендерінен бастау алатын көптеген каналдар мен арықтар арқылы суландырылған. Егіншілік пен жайылымға жарамды жерлердің жалпы аумағы шамамен 900 шаршы км-ді құрайды.

Кейінгі ортағасырларда ирригация үшін судың негізгі көздеріне әртүрлі типтегі кәріз жүйелері айналды. Кәріздердің жалпы саны 200-ден астам, олардың ұзындығы 200 метрден 5 км-ге дейін жетеді, ал жалпы ұзындығы 100 км-ден асады. Атауларына қарағанда, бұл өңірде кәріздер ежелгі кезеңдерден бері пайдаланылған. Бұған «Метан кәріз» деп аталатын кәріз атауы дәлел бола алады. Соғды тілінде бұл сөз «қоныс» деген мағынаны білдіреді.

Әртүрлі тарихи кезеңдерде микрооазистің экономикалық және саяси орталықтары Қаратөбе-Сауран, Сауран қалашықтары және Жаңа Сауран қонысы болды. Микрооазистің солтүстік-шығыс шекарасынан оңтүстік-батыс шекарасына дейінгі ұзындығы 75 км, ал солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейінгі аралығы 32 км. Микрооазистер арасындағы шекараларды тау бөктеріндегі адырлар – бірнеше шақырымға созылған биік төбелер түріндегі тау сілемдері – және сусыз, адам қоныстанбаған аңғарлар құрайды. Көптеген тау өзендерінің ішінде ежелгі кезеңде Сырдариямен Ашылған ескі арнасы арқылы байланысқан жалғыз өзен – Майдантал.

Су ресурстары: Бесарық, Тастақсай, Үшөзен, Майдантал, Ашылған, Шығыр өзендері; Метанкәріз, Мир-Араб, Ашылған, Майдантал және басқа да кәріз жүйелері.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Ақтөбе-I, Ақтөбе-II, Шаш ана, Қаратөбе, Төрткүл-Қаражон, Шығырлы, Қаратөбе-Сауран, Сауран, Жаңа Сауран.

Сидақатин микрооазисі

Микрооазис Сауран және Қарнақ микрооазистерінің арасында орналасқан. Оның жалпы аумағы шамамен 1600 шаршы км, оның 500 шаршы км-ін таулар алып жатыр. Аумағы шамамен 1600 шаршы км болатын тау шатқалдары мен жайылымдар адамдардың шаруашылық қажетіне пайдаланылған, ал оларға кіретін жолдар арнайы салынған форпосттармен - Көксарай, Ақтөбе, Аққорған бекіністерімен қорғалған.

Ауыл шаруашылығы алқаптары микрооазистің орталық бөлігінде, Ақтөбе, Жаңақорғанөзен тау өзендерінің және көптеген каналдар мен арықтардың бассейндері бойында орналасқан. Егіншілік пен жайылымға жарамды жерлердің жалпы аумағы шамамен 640 шаршы км. Сырдария маңындағы микрооазис бөлігі ежелгі дәуірден бастап батпақты әрі егіншілікке қолайсыз болған. Алайда тоғайлы алқаптар жыл бойы жайылым ретінде пайдаланылған.

Кейінгі ортағасырларда мұнда да ирригациялық кәріз жүйелері қолданылған. Қазіргі таңда Төрткүл-Бабайқорған және Саухыматин кәріздері ғана белгілі. Әртүрлі кезеңдерде микрооазистің экономикалық орталықтары Сидақ ата, Айнакөл және Төрткүл-Бабайқорған қалашықтары болған. Микрооазистің солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа дейінгі ұзындығы 80 км, ал солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейінгі ені 20 км.

Су ресурстары: Көксарай, Жаңақорғанөзен, Тастақсай, Аша, Бозбұтақ, Жылағаната, Ақтөбе, Табақбұлақ, Иглік өзендері; Бұдырқарық, Сунақарық, Шорнақарық, Батырбас, Жалғызжиде, Наманарық, Сасықбұлақ арықтары.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Көксарай-I, Шорнақтөбе, Мазар төбе, Сидақ ата, Сасықбұлақ, Ақтөбе, Айнакөл-Бабай, Бұзауқорған, Саухым ата, Көксарай-III, Төрткүл-Бабайқорған.

Қарнақ микрооазисі

Микрооазис Түркістан оазисінің орталық бөлігінде, Сидақ-ата және Қарашық микрооазистерінің арасында орналасқан. Оның жалпы аумағы шамамен 750 шаршы км, оның

330 шаршы км-ін таулы массивтер алып жатыр. Тау бөктеріндегі бөліктерде микрооазистің ені 17 км-ге дейін кеңейеді, ал Қарсақты өзенінің бассейнінде 4 км-ге дейін тарылады.

Негізгі ауыл шаруашылығы алқаптары орталық бөлікте Ермекөзен, Қарсақты өзендері мен Бестоғай және Тазадарарық өзендері бассейндерінің бойында орналасқан. Тау бөктеріндегі аумақтарда бау-бақша және бақша дақылдары өсірілген. Таулы шатқалдарда, Сауран және Сидақатин микрооазистеріндегідей, ондаған шаруашылық қоныстарының қирандылары кездеседі. Егіншілік пен жайылымға жарамды аумақтардың жалпы көлемі шамамен 400 шаршы км.

Бұл микрооазистен кәріз жүйелері анықталған жоқ. Дегенмен, ол ежелден өзінің бау-бақшашылығымен және бақша шаруашылығымен ерекшеленеді.

Микрооазистің солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа дейінгі ұзындығы 70 км, ал солтүстік-батыс шекарасынан оңтүстік-шығыс шекарасына дейінгі ең кең бөлігі 17 км-ге жетеді. Әртүрлі тарихи кезеңдерде микрооазистің экономикалық және рухани орталықтары Гартөбе, Қарнақ және Жүйнек қалашықтары болған.

Су ресурстары: Иреката, Бестоғай, Ермексу, Ермекөзен, Қарасақты өзендері; Тазадарарық арығы; Шекербұлақ, Тасбұлақ, Жамбасбұлақ, Ащыбұлақ, Ақынтұма, Ясарбұлақ бұлақтары.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Шаштөбе, Оқжетпес, Үштөбе-I, II, III, Жайдақ-I, II, III, Ақынтұма, Жүйнек, Гартөбе, Оғызтау-II, Қарнақ-Ишкент, Оғызтау-I.

Қарашық микрооазисі

Микрооазис солтүстік-батысында Қарнақ, оңтүстік-шығысында Шағын, оңтүстігінде Шahар, ал оңтүстік-батысында Тамдыөзек микрооазистерімен шектеседі. Оның жалпы аумағы шамамен 800 шаршы км. Солтүстік-шығыс бөлігінің ені 24 км-ге жетсе, оңтүстік-батысқа қарай кейбір жерлерде 5 км-ге дейін тарылады. Микрооазистің 500 шаршы км аумағын таулы массивтер алып жатыр.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге және жайылым ретінде пайдалануға жарамды негізгі алқаптар Баялдыр, Қантағы және Қарашық өзендерінің бассейндерінде орналасып, шамамен 300 шаршы км аумақты қамтиды. Таулы шатқалдар мен жайылымдарда көптеген шаруашылық қоныстарының қирандылары бар. Микрооазистің орталық бөлігінде негізінен бау-бақша және бақша шаруашылығы дамыған, ал төменгі бөліктері дәнді дақылдарды өсіруге қолайлы.

Қарашық - ежелгі кезеңде Тамдыөзек арналары арқылы Сырдариямен байланысқан Түркістан оазисіндегі үш өзеннің бірі. Микрооазистің солтүстік-шығыс шекарасынан оңтүстік-батыс шекарасына дейінгі жалпы ұзындығы 86 км, орташа ені 10–12 км.

Әртүрлі тарихи кезеңдерде негізгі экономикалық және саяси орталықтар Төрткүл-Күшата, Төрткүл-I және Төрткүл-II қалашықтары болды.

Су ресурстары: Қызылата, Баялдыр, Біресек, Қантағы, Қарашық өзендері.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Қазтөбе, Қарашық-I, II, III, Мейрамтөбе, Қантағ, Хантағы-I, II, Оренг, Төрткүл-I, Төрткүл-Күшата, Балақорған, Қызқорған, Кент, Төрткүл-II, Күлтөбе-Оранғай, Ийлан-Қарауыл.

Шағын микрооазисі

Бұл аудан да төрт көршілес микрооазиспен - Қарашық, Тамдыөзек, Шahар және Иқан микрооазистерімен шектеседі. Оның жалпы аумағы шамамен 650 шаршы км. Көршілес микрооазистерде таулы массивтер едәуір аумақты алып жатса, Шағын микрооазисінде олардың көлемі небәрі 75 шаршы км-ді құрайды. Тау бөктеріндегі адырлар микрооазистің ортасына дейін созылып жатыр.

Бұл адырлар негізінен жайылым ретінде пайдаланылған, ал егіншілікке микрооазистің 350 шаршы км-ге жуық төменгі жазық бөлігі қолайлы. Негізгі су артериялары - Құрысай және Шағаөзен өзендері, сондай-ақ XX ғасырдың ортасына дейін егістік алқаптарды сумен қамтамасыз етіп келген сансыз бұлақтар мен су арналары.

Микрооазистің солтүстік-шығыс шекарасынан оңтүстік-батыс шекарасына дейінгі ұзындығы 67 км, ал солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейінгі аралығы 12 км. Шаруашылық қоныстары негізінен микрооазистің жазық бөлігінде орналасқан.

Экономикалық және саяси орталықтары Шаға-I және Көскорған қалашықтары болды.

Су ресурстары: Шағаөзен, Қараөзен, Құрысай өзендері; Қотырбұлақ, Қарабұлақ, Қайнарбұлақ, Қалдарбұлақ, Тасбұлақ, Табақбұлақ, Метбұлақ, Мұсалибұлақ, Ақбұлақ, Сасықбұлақ бұлақтары; Найсаб, Арнасай, Қайнар, Ташнақ, Шұқырузын арықтары.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Бершінтөбе, Шаға-I, Шаға-II, Қотырбұлақ, Шаға-III, Көскорған, Абд әл-Мәлік, Жоғары Ташнақ.

Иқан микрооазисі

Бұл микрооазис Түркістан оазисінің оңтүстік-шығыс шетінде орналасып, Бәйдібек ауданының аумағымен шектеседі. Солтүстік-батысында Шағын, оңтүстік-батысында Тамдыөзек микрооазистерімен көршілес.

Микрооазистің жалпы аумағы 1700 шаршы км, оның шамамен 550 шаршы км-ін таулы массивтер алып жатыр. Негізгі суармалы егістік алқаптар Иқансу, Көккиясау және Шылбырөзен тау өзендерінің бойында орналасқан. Шамамен 300 шаршы км жер ауыл шаруашылығына жарамды, тағы 350 шаршы км жайылым ретінде пайдаланылады.

Көккиясау өзені Сынаққөлге құяды. Ежелгі кезеңдерде бұл көлдер жүйесі Тамдыөзек арналары арқылы Сырдариямен байланысқан. Микрооазистің жалпы ұзындығы солтүстік-шығыс шекарасынан оңтүстік-батыс шекарасына дейін 69 км, ал солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейін 25 км.

Ішкі Қаратаудың шағын жазықтарында ондаған ортағасырлық шаруашылық қоныстарының қирандылары орналасқан. Әртүрлі тарихи кезеңдерде микрооазистің экономикалық және саяси орталықтары Ақтөбе және Иқан қалашықтары болған.

Су ресурстары: Иқансу-Атқы, Көккиясау, Шылбырөзен өзендері; Сасықбұлақ, Орманбұлақ, Көкбұлақ, Кішкенебұлақ бұлақтары; Бозтан, Иқансу, Шылбырарық арықтары.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Ақтөбе, Майбалық, Ибата, Дәуленбайтөбе, Жаңа Асар, Иқан.

Шahар микрооазисі

Бұл - көлемі жағынан шағын болғанымен, халық тығыз қоныстанған микрооазистердің бірі. Ол табиғи және жасанды гидроресурстар қатар кездесетін өзіндік ирригациялық жүйесіне байланысты жеке микрооазис ретінде бөлініп қарастырылады. Мұнда ежелгі дәуірлерден бастау алатын көптеген бұлақтар, каналдар, арықтар және кәріз жүйелері бар.

Микрооазистің жалпы аумағы небәрі 270 шаршы км. Таулы массивтер мен тау сілемдері оның аумағына кірмейді. Сумен қамтамасыз етудің негізгі көздері - Тастақ өзені, Жіңішке, Баулық, Суюрарық арықтары және кәріз жүйелері.

Микрооазистің барлық аумағы егіншілікке жарамды. Оның солтүстік-шығыс шекарасынан оңтүстік-батыс шекарасына дейінгі ұзындығы 24 км, ал солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа дейінгі аралығы 12 км.

Әртүрлі тарихи кезеңдерде тек микрооазистің ғана емес, бүкіл өңірдің экономикалық және саяси орталықтары Шahар, Ясы-Күлтөбе және Ескі Түркістан қалалары болды.

Су ресурстары: Тастақ өзені; Жіңішке, Баулық, Суюрарық, Ортақ, Дарбаза, Базарлық, Қазынаарық арықтары.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Атаусыз қалашық, Шahар-Шойтөбе, Ясы-Күлтөбе, Төрткүл-Сури, Шойтөбе-I, Шойтөбе-II, Ескі Түркістан.

Тамдыөзек микрооазисі

Бұл микрооазис те гидроресурстары мен жалпы географиялық орналасу ерекшеліктері тұрғысынан өзгелерден айрықша сипатқа ие. Егіншілік алқаптары Тамдыөзек тармағы мен Бөген өзенінен бастау алатын каналдардың суымен суландырылған.

Көккиясау және Бөген өзендерінің суларымен толығатын төрт көлден тұратын каскад орналасқан Шошқакөл ойпаты ежелгі кезеңнен бастап Тамдыөзек тармағы арқылы Сырдариямен байланысқан. Осы көлдер мен су арнасының оңтүстік жағалауларында отырықшы мәдениетке жататын ондаған ескерткіш орналасқан. Олардың тұрғындары балық аулау, мал шаруашылығы және егіншілікпен айналысқан.

Микрооазис солтүстік-шығысында Қарнақ, Қарашық, Шahар, Шағын және Иқан микрооазистерімен, ал оңтүстігінде Отырар оазисімен шектеседі. Оның жалпы аумағы 1300 шаршы км. Оның 700 шаршы км-і тек мал шаруашылығы мен балық аулауға жарамды. Тағы

300 шаршы км жер жер асты суларының жақын орналасуына байланысты тұзданған және сортаңданған.

Микрооазистің батыстан шығысқа дейінгі ұзындығы 65 км, солтүстіктен оңтүстікке дейінгі аралығы 20 км. Бұл - Түркістан оазисіндегі халық ең сирек қоныстанған микрооазистердің бірі. Ол тарихи кезеңдердің барлығында экономикалық және саяси тұрғыдан Түркістан мен Отырарға тәуелді болған.

Су ресурстары: Тамдыөзек, Қамыстыкөк арналары.

Қала мәдениетінің ескерткіштері: Құлантөбе, Ақтөбе-Текинское, Қорыстөбе, Төрткүл-Қаратөбе, Көстөбе, Күншағыр. Төрткүл-Қаратөбенің ежелгі атауы Күйік Асар түрінде сақталған.

Түркістан оазысы көршілес Отырар оазисінен гидрожүйелерінің орналасуы мен табиғи ландшафтының өзіндік ерекшеліктері арқылы едәуір өзгешеленетіні белгілі. Егер Отырар оазисінің ескерткіштері негізінен Сырдария мен Арыс өзендерінің бассейндері бойында топтасып орналасса, Түркістан оазисіндегі қалашықтар мен қоныстар ондаған тау өзендері мен шағын өзендердің, кейде тіпті бұлақтардың жағалаулары мен атырауларына шашырай орналасқан (1-сурет).

Бұдан тек Тамдыөзек микрооазисінің ескерткіштері ерекшеленеді. Мұндағы ескерткіштер Тамдыөзек тармағының сол жағалауымен және суымен қоректенетін шағын көлдердің тізбегі бойында орналасқан. Бұл микрооазистің тағы бір ерекшелігі - оның ескерткіштері оазистің жазық бөлігінде бір көлденең сызық бойына орналасқан. Қалған ескерткіштер солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай ағатын өзендер мен жылғалардың жағалауларын бойлай созылып жатыр.

Оазистің тау бөктеріндегі аймағы суармалы егіншілік үшін аса қолайлы. Жер асты сулары тереңде орналасқан және олардың табиғи ағысы жақсы. Сулардың минералдану деңгейі төмен. Сырдария маңындағы жазықтың оңтүстік жолағында жер асты сулары жер бетіне жақын орналасқандықтан, топырақ қатты тұзданған. Оазистің пролювиалдық жазығында, әсіресе оның аласа таулы бөлігінде, жер бедерінің ерекшеліктеріне байланысты жерлер негізінен жайылым ретінде ғана пайдаланылуы мүмкін.

Орта Сырдарияның оң жағалауы мен Қаратаудың оңтүстік тау бөктерінде орналасқан Түркістан оазисі Оңтүстік Қазақстан облысындағы халық ең тығыз қоныстанған өңірлердің қатарына жатады. Қаратау шыңдарының биіктігі 1500–2000 метрге жетеді. Алайда Қиықжол, Қасқаша, Бажы, Аққолтық, Тұрлан, Бақанды және басқа да асулар Түркістан оазисін Созақ аңғарымен және Шу жазығымен байланыстырады. Олар мал айдауға және сауда керуендерін өткізуге қолайлы жолдар қызметін атқарған.

Бұл өңірдің топырақтары, әсіресе жазғы уақытта, маусымдық мал шаруашылығын жүргізуге қолайлы жайылымдар болып табылады.

Аумақтың үштен екі бөлігін тау бөктеріндегі адырлар жазығы мен өзендердің жайылмалары тілімдеген аңғарлық жазық алып жатыр. Тау бөктеріндегі адырлар бау-бақша дақылдарын өсіруге, тәлімі егіншілікке және қыста, көктемде әрі күзде мал ұстауға қолайлы әртүрлі шөпті өсімдіктерге бай кең жайылымдық аймақ болып саналады. Өзен аңғарларындағы жазықтар - құрамында қарашірік мөлшері жоғары, аса құнарлы шалғынды топырақты негізгі суармалы егістік жерлер. Мұнда әртүрлі дақылдарды, соның ішінде дәнді, бақша, мал азықтық және техникалық дақылдарды өсіруге мүмкіндік болған.

Оазистің оңтүстік және оңтүстік-батыс аудандарында арналармен тілімделген жерлерді суару үшін Сырдарияның өз суы пайдаланылды. Су шығырлар мен атпа құрылғылары арқылы көтерілді. Дегенмен өзеннің оң жағалауы жалпы алғанда биіктеу болып келеді және каналдар мен арықтар тартуға аса қолайлы емес.

1-кесте. Түркістан археологиялық экспедициясы Түркістан оазисінде зерттеген қала мәдениеті ескерткіштері (1996–2006 жж.)

№	Ескерткіштер	Хронологиясы	Қазба жүргізілмеген аумағы (га)	Зерттеу әдістері
I. Шауғар микрооазисі				

1	**Шойтөбе-Шаһар қалашығы**	VIII–XIII ғғ.	8,1	Стратиграфиялық шурф
2	**Шойтөбе-I қонысы**	IX–X – XIV–XV ғғ.	12,1	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
3	**Шойтөбе-II қонысы**	XII–XIV ғғ.	11,2	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
4	**Ясы-Күлтөбе қалашығы**	б.з.б. II–IV ғғ. – XIV–XV ғғ.	2,6	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
5	**Ескі Түркістан қалашығы**	XIV–XIX ғғ.	88,5	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
II. Сауран микрооазисі				
6	**Ақтөбе-I Сауран қонысы**	б.з.б. I ғ. – б.з. IV–V ғғ.	1,1	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
7	**Ақтөбе-II Сауран қонысы**	б.з.б. I ғ. – б.з. IV–V ғғ.	0,5	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
8	**Шаш ана қонысы**	I–VI ғғ.	1,0	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
9	**Қаратөбе-Сауран қалашығы**	IV–V – XIII–XIV ғғ.	7,4	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
10	**Сауран қалашығы**	XII–XIV – XVIII ғғ.	49,1	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
11	**Төрткүл-Қаражон қонысы**	XIII–XIV ғғ.	1,8	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
12	**Миртөбе қонысы**	XV–XVII ғғ.	12,2	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
13	**Миртөбе-I қонысы**	XV–XVI ғғ.	0,35	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
14	**Миртөбе-II қонысы**	XVIII–XIX ғғ.	0,3	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
15	**Жаңа Сауран қонысы**	XIX–XX ғғ.	25,9	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
III. Сидақатин микрооазисі				
16	**Көксарай-I қонысы**	б.з.б. IV–II ғғ. – б.з. IV–V ғғ.	1,4	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
17	**Шорнақ қалашығы**	б.з.б. I ғ. – б.з. IV–V ғғ.	2,7	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
18	**Сидақ ата қалашығы**	I–VIII ғғ.	6,3	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
19	**Айнакөл-Бабай қалашығы**	IX–X – XV ғғ.	3,9	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
20	**Көксарай-II қонысы**	XIII–XIV ғғ.	0,33	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
21	**Бұзауқорған қонысы**	XIII–XIV ғғ.	1,0	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
22	**Саухым ата қалашығы**	XIV–XVIII ғғ.	1,2	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
23	**Төрткүл-Бабайқорған қалашығы**	XIV–XV – XVIII–XIX ғғ.	3,4	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
IV. Қарнақ микрооазисі				
24	**Шаштөбе қалашығы**	б.з.б. V ғ. – I–II ғғ.	1,3	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
25	**Оқжетпес қонысы**	б.з.б. I ғ. – б.з. IV–V ғғ.	1,2	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
26	**Ақынтұма қалашығы**	I–IV ғғ.	0,6	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
27	**Үштөбе-I шығыс қонысы**	I–IV ғғ.	0,24	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
28	**Үштөбе-II орталық қонысы**	I–IV ғғ.	0,15	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар

29	**Үштөбе-III батыс қонысы**	I–IV ғғ.	0,65	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
30	**Жүйнек-Иұғнақ қалашығы**	VI–VII – XVIII ғғ.	1,2	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
31	**Гартөбе-Қарнақ қалашығы**	VII–VIII – XIV ғғ.	1,4	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
32	**Қарнақ-Ишкент қалашығы**	XIV – XVIII–XIX ғғ.	6,1	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
V. Қарашық микрооазисі				
33	**Қазтөбе қонысы**	б.з.б. VI–V ғғ. – I–II ғғ.	1,2	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
34	**Қарашық-I қалашығы**	б.з.б. VI ғ. – I–III ғғ.	1,2	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
35	**Қарашық-II қалашығы**	б.з.б. V–IV ғғ. – II–III ғғ.	0,55	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
36	**Қарашық-III қонысы**	б.з.б. IV–III ғғ. – IV ғ.	0,33	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
37	**Мейрамтөбе қонысы**	б.з.б. IV ғ. – IV ғ.	0,60	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
38	**Төрткүл-I-Қарашық қалашығы**	VI–VII – XIV–XV ғғ.	4,2	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
39	**Төрткүл-Күшата қалашығы**	VII–VIII – XVIII ғғ.	2,7	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
40	**Төрткүл-II-Қарашық қалашығы**	XIV – XVIII–XIX ғғ.	2,2	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
41	**Күлтөбе-Оранғай қонысы**	XV–XVI – XVIII ғғ.	1,1	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
VI. Шағын микрооазисі				
42	**Бершінтөбе қонысы**	б.з.б. V–IV ғғ. – II–III ғғ.	0,43	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
43	**Шаға-II қонысы**	I–IV ғғ.	0,96	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
44	**Шаға-III қонысы**	I–IV ғғ.	0,37	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
45	**Шаға-I қалашығы**	IV–V – XVIII ғғ.	2,0	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
46	**Ташнақ-I қонысы**	XIII–XIV ғғ.	0,5	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
47	**Көскорған қалашығы**	XIII–XIV – XVIII ғғ.	1,6	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
48	**Абд әл-Мәлік-Ташнақ қалашығы**	XIII–XIV – XVIII ғғ.	4,1	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
49	**Жоғары-Ташнақ қонысы**	XVIII–XIX ғғ.	3,6	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
VII. Иқан микрооазисі				
50	**Ақтөбе-Ибатинское қалашығы**	б.з.б. III–II ғғ. – б.з. IV–V ғғ.	1,25	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
51	**Майбалық қалашығы**	б.з.б. II–II ғғ. – б.з. IV–VIII ғғ.	1,8	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
52	**Иқан қалашығы**	IX–X – XVIII ғғ.	4,6	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар
53	**Жүсіп ата қонысы**	XII–XIII – XIX ғғ.	10	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
VIII. Тамдыөзек микрооазисі				
54	**Құлантөбе қонысы**	б.з.б. II–I ғғ. – б.з. IV–VIII ғғ.	0,5	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
55	**Ақтөбе-Текинское қонысы**	б.з.б. I ғ. – б.з. IV–V ғғ.	0,5	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар
56	**Қорыстөбе қонысы**	б.з.б. I ғ. – б.з. V–VI ғғ.	1,7	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар

57	*Төрткүл-Қаратөбе қалашығы – Күйік Асар*	VII–VIII – XIII–XIV ғғ.	1,3	Стратиграфиялық шурф; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
58	**Көстөбе қонысы**	XVII–XVIII ғғ.	0,5	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз
59	**Күншағыр қонысы**	XVIII ғ.	0,3	Барлау шурфы; жер бетінен жиналған материалдар; бұрын ғылымға белгісіз





Зерттеу нәтижелерін жинақтау

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтау мақсатында оларды кесте түрінде ұсынамыз. 1-кестеде Түркістан археологиялық экспедициясы он жыл бойы (1996–2006 жж.) зерттеген Түркістан оазисінің қала мәдениеті ескерткіштерінің тізімі берілген.

1-кестеден көріп отырғанымыздай, 17 ескерткіш ерте антикалық және кейінгі антикалық кезеңдерге жатқызылған. Бұл мерзімдемелер негізінен барлау шурфтарынан алынған қыш материалдарына және жер бетінен жиналған материалдарды мұқият зерттеуге негізделген. Ескерткіштерді топографиялық зерттеу мен типологиялық жіктеу нәтижелері де осындай қорытындылардың қалыптасуына ықпал етті.

Осы ескерткіштерден табылған қыш бұйымдарды салыстырмалы талдау барысында олардың ұқсастары Соғды, Бұхара Соғдысы, Ежелгі Хорезм, Шаш, Ежелгі Ферғана, Үстірт-Уструшана және Солтүстік Бактрия ескерткіштерінен, сондай-ақ Жетіасар, Қауыншы және Отырар-Қаратау мәдениеттеріне жататын археологиялық нысандардан кездесті.

Тек қыш бұйымдарға негізделген мерзімдемелердің осал тұстары бар екенін түсінеміз. Дегенмен, қазіргі таңда олар алдын ала жасалған мерзімдемелер ретінде қарастырылады. Алдағы уақытта стратиграфиялық қазба жұмыстары мен тірек-артефактілердің нәтижелері арқылы бұл тұжырымдарды нығайтып, нақтылай аламыз деп үміттенеміз.

Бұған дейін ғылымға белгісіз болған 29 ескерткіштің 20-сы біздің зерттеу тақырыбымызға сәйкес келеді. Олардың тоғызына материктік қабатқа дейін стратиграфиялық шурфтар салынды.

1-кесте мен археологиялық картаның (1-сурет) деректерін талдау барысында мынадай қорытынды жасауға болады: әрбір микрооазис белгілі бір тарихи кезеңде өзіндік экономикалық орталыққа ие болған.

Мысалы, Шаһар микрооазисінің ерте ортағасырлық кезеңдегі орталығы - Шаһар, дамыған ортағасырларда - Ясы, ал кейінгі ортағасырларда - Ескі Түркістан болды.

Сауран микрооазисінің мұндай орталықтары Қаратөбе-Сауран, Сауран және Жаңа Сауран болды. Сидақатин микрооазисінде - Сидақ ата, Айнакөл-Бабай және Төрткүл-Бабайқорған; Қарнақта - Гартөбе-Қарнақ және Қарнақ-Ишкент; Қарашықта - Төрткүл-I-Қарашық және Төрткүл-II-Қарашық; Шағын микрооазисінде - Шаға-I және Абд әл-Мәлік-Ташнақ; Иқанда - Иқан; ал Тамдыөзек микрооазисінде - Төрткүл-Қаратөбе (Күйік Асар) экономикалық орталық қызметін атқарған.

Ерте және дамыған ортағасырларда оазистің аса ірі экономикалық орталықтары Шаһар, Төрткүл-I-Қарашық және Қаратөбе-Сауран болды. Ал кейінгі ортағасырларда бұл қызметті ең ірі екі қалашық - Сауран мен Ескі Түркістан атқарды.

Жошы ұлысы кезеңінде, XIV ғасырдың бірінші жартысында, Сауран Ақ Орданың астаналық орталығы болды. Ал кейінгі ортағасырларда Қазақ хандығының астанасы Ескі Түркістанға ауысты. Дегенмен Сауран өзінің тарихи маңызын жоғалтқан жоқ. Ол өзіндік әрі күрделі суару жүйесі қалыптасқан аса ірі егіншілік орталығына айналды.

Тек Тамдыөзек микрооазисінде XIII–XIV ғасырларда Төрткүл-Қаратөбе қаласы қираған кейін қалалық өмір қайта жанданған жоқ. Алайда XV ғасырдың соңынан бастап шағын қоныстар - Көстөбе мен Күншағыр пайда болды.

Қорытынды

62. Смагулов Е. А. Намогильники Сауранского некрополя и «сагона» Ходжи Ахмеда Ясави // Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2012. № 3. – С. 108–125.

63. Смагулов Е. А. Жума-мечети Отрара и Саурана: общее и особенное // Известия НАН РК. № 3. 2013. – С. 109–126.

64. Смагулов Е., Григорьев Ф. Культово-мемориальные сооружения Туркестана. Этапы эволюции некрополя // Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А. Очерки по истории и археологии средневекового Туркестана. – Алматы: Ғылым, 1999. – С. 114–148.

65. Смагулов Е. А., Ержигитова А. А. Сауранский Регистан: назначение архитектурных памятников // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. № 6. 2015. – С. 103–126.

66. Смаилов Ж. Е., Абильдин А. К., Боранбаев Р. Н., Турганбаева Л. Р. Тарихи Тараз. Очерки истории. – Алматы, 2023. – 200 с.

67. Стародуб Т. Х. Исламский мир. Художественная культура VII–XVII вв. – М.: Вост. лит. РАН, 2010. – 255 с.

68. Талеев, Елеуов, Есенов, 2018 – *Талеев Д. А., Елеуов М., Есенов С.* Тағдыры жұмбақ Қышқала // Археология Казахстана. № 1–2. 2018. С. 259–271.

69. Тортколь караван-сарай. Древние городища Жамбылской области. https://silkadv.com/en/content/tortkol-karavan-caray. Дата обращения 4.09.2023.

70. Туякбаева Б. Т., Проскурин А. Н. Мечеть в Чаяне // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан: Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – С. 67–68.

71. Туякбаева Б. Т., Проскурин А. Н. Мазар малый // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан: Южно-Казахстанская область. – Алматы, 1994. – С. 67–68.

72. Туякбаева Б. Т., Проскурин А. Н. Архитектурный комплекс Исмаил-ата // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан: Южно-Казахстанская область. – Алма-Ата, 1994. – С. 184–186.

73. Хмельницкий С. Г. Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI – начала XIII вв. – Берлин–Рига, 1996. – 335 с.

74. Шишкин В. А. Медресе Улугбека в Гиждуване // Материалы УЗКОМСТАРИСА. Вып. 2–3. – Ташкент, 1933. – С. 11–18.

БӨЛІМ II
ТАРИХ ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ РУХАНИ ДӘСТҮРЛЕР

CHAPTER II
HISTORY AND ISLAMIC SPIRITUAL TRADITIONS

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖЕНД ҚАЛАСЫНАН ШЫҚҚАН ҒАЛЫМДАР

SCHOLARS ORIGINATING FROM THE MEDIEVAL CITY OF JEND

Шамшадин Тұрсынұлы Керім[1]
Shamshadin Tursynuly Kerim[2]

Жend кентінен шыққан ғалымдар аз болмаған. Алайда олар туралы жеткен мәліметтер тым тапшы, көпшілігі ұмытылған. Академик Әбсаттар қажы Дербісәлі ұзақ жылдар ізденістерінде нәтижесінде «әл-Женди» ныспысын иеленген 18 оқымысты, діндар қаламгердің есімдерін келтірген [5: 191-234]. Бұл тізім келешекте толыға түспек.

1. **Йақуб әл-Женди.** Әйгілі тілші Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшаридің(1075 – 1143) төрт шәкіртінің болған, оның «Муфассал»(егжей-тегжейлі) атты араб тілінің грамматикасына арналған аса танымал кітабына шарх жазған. Кейінгі «Муфассалды» шархтаған ғалымдар Йақуб әл-Женди осы шарх еңбегін атап, сілтеме жасап отырады. Мәселен: Садр ул-Афадил әл-Хорезми «ат-Тахмир» атты кітабында Йақуб әл-Жендиге үш мәрте жүгінсе [1: 45, I-том, 79-б.; I-том, 409-б., IV том, 371-б.], Тәдж ад-Дин әл-Жендидің «әл-Иқлид шарх Муфассал» («Муфассалды түсіндірудің кілті») атты еңбегінде Йақуб әл-Жендиге бірнеше мәрте сілтеме жасайды [2: 587-б;649-б;908-б;954-б.].

Хусамуддин ас-Сығнақи(1314 ж.д.ө.) өзінің «әл-Муассал» кітабында Йақуб әл-Жендиді екі жерде атап, оның сөзін келтіреді [3: 3-том; 609-610-б., 678-б.]. Оны «имам, қазылардың тәуірі [фадл ул қудат], автордың [яғни аз-Замахшаридің] шәкірті» деп көрсетеді.

«*Автордың(аз-Замаһшаридің) шәкірттерінің бірі−имам, қазылардың ардақтысы Йағқуб әл-Женди осы мәселеге қатысты мынандай өлең жолдарымен жұмбақтап жауап береді:*

ما تابِعٌ لم يتَّبع متبوعَه في لفظِهِ ومحلِّهِ يا ذا الثَبت
ماذا بِعِلْمٍ غَيْرَ عِلْمٍ نافعٍ بالَغْتُ في إتْقانِهِ حتَّى ثَبتْ

Мәтбуғтың артынан үкімі жағынан толық ермейтін тәбиғты білесің бе?
Әрине, оның жауабы анық:
Пайдасыз білімнің қажеттілігі қандай?
(Мен болсам) пайдалы білімнің түбіне жеттім.

*Ғажабы, осы жұмбақ арқылы ол аталаған мәселені түсіндірген, яғни өлең сөздердің өздері: «***ماذا بِعِلْمٍ غَيْرَ عِلْمٍ نافعٍ***» мәселенің анығын анықтап береді. Кейін бұны Жәруллаһқа апарып көрсеткенде ол: «Расында, өрескел нәрсе сөйледің. Ондағы соңғы бөлімнен басқа истиснадан кейінгі сөздер насб халінде келе алады. Ал:* **ما جاءني من أحدٍ إلا عبد الله** *деп келтірген мысалын* **ما جاءني أحد إلا عبد اللهِ** *деп айтқан сөзімен бірдей болатыны анық», – деді (3: 3-том;609-610-б.).*

Имам, қазылардың ардақтысы Йағқуб әл-Жендидің (Алла оны рақым етсін) былай деп айтқаны жетті: «Бұл жерде автордың мысал ретінде келтірген сөздерінде екілік түрдің атау септігіндегі формасы: **والضاربانِ، والضاربكَ** *ал басқа септіктердегі формасы:* **والضارِبيّ والضارِبيَّ** *– деп айтқанымыз дұрыс шығар» деді, яғни оның айтайын дегені: автор екілік түрдің атау септігіндегі формасын ескермей, тек көпше түрдің атау септігіндегі формасын келтірді, сондықтан екілік түрдің атау септігінде келетін формасын келтіргенін жөн көрдік* [3: 3,675-б.].

Салыстыра қарағанымызда ас-Сығнақи өзінің «әл-Муассалында» Йақуб әл-Жендиге жасаған екі сілтемесін де «әл-Иқлидтен» алғанына көз жеткіздік.

[1] «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы қаласы, Ғылым және халықаралық қатынастар департаментінің директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: kerim-1962@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-3004-586X
[2] Egyptian University of Islamic Culture “Nur-Mubarak”, Almaty, Director of the Department of Science and International Relations, Doctor of Philological Sciences, Professor.

Академик Ә.Дербісәлі «Қазақ даласының жұлдыздары» (1995), «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері» (2008) атты кітаптарында Йақуб ибн әл-Жендидің «тамаша ғалым, қадірменді шейх екенін», «1153 жылы Хорезмнен Бұхараға елші болып барғаны» туралы деректерді келтіреді[5, 6].

Алда Йақуб әл-Женди аталмыш шарх кітабын іздеп тауып, зерттеуді қажет деп есептейміз.

2. Шәмсуддин әл-Хафизи әл-Женди. Қазақ жерінен шыққан ғұлама Хусамуддин Ас-Сығнақи(1314 ж.қ.б.) өзінің әйгілі «ән-Ниһаясында» «әл-Һидаяны» авторы әл-Марғинаниден жеткізуші екінші риуаятты келтірген тұсында: «*...одан Бұхарада «әл-Һидаяны» басынан аяғына дейін тыңдадым...кейбір (жерлерін) үмбеттің фақиһы Қауамуддин ас-Сығнақимен (оған Алла рахымы болсын) бірге(бір) мәрте оқып шықтым... сонан соң шәһид имам Шәмсуддин әл-Хафизи әл-Жендимен (оған Алла рахымы болсын) толықтай екінші (мәрте) оқып шықтым*» [4: 1-том, 45-46-б.] − деген.

Аталған екі оқымысты хақында деректер сақталмаған. Тек Қауамуддин ас-Сығнақидың нысбысына қарап, Хусамуддин ас-Сығнақидың жерлесі – Сығнақ шаһарының тумасы екенін, Шәмсуддин әл-Хафизи әл-Жендидің қазіргі Қазақстанның Қызылорда облысы аймағындағы тарихи қала Женднен шыққандығын әрі моңғолдармен арадағы қақтығыста қаза тапқаны мәлім болады.

3. Түркияның Сүлеймания кітапханасының Ләләли қорында 1328-нөмірлі буманың ішінде **әл-Жендидің** «Назм» мирас тақырыбын өлеңге айналдырған туындысы сақталған. Аталмыш бума ішіндегі үш түрлі қолжазба тігілген, олардың үшеуінде де мирас үкімдері жырмен өріліп берілген. Олар:

1. Әл-Итқанидің «Манзумат ад-дурар» еңбегі;
2. Әл-Жендидің «Назм» кітабы;
3. Мухсин әл-Қайсаридың «Жамиғу ад-дурар» кітабы.

Үш түрлі ғалымдардың жоғарыда аталған қолжазбаларындағы бірінші парағында мөр басылып, қолжазба иелерінің есімдері, одан әрі қолжазба иелерінен ұрпақтан ұрпаққа кімге көшіп, кім иеленгені де жазылған. Біз осы бумадағы қазақ жерінен шыққан Әмір Кәтиб Қиуамуддин әл-Итқанидің өз қолымен жазған қасидасын жариялады қ.

Ал осы жәдігердің авторы Жендидің қай Женди екені, бумадағы мирас туралы поэзиялық туынды зерттеушісін күтуде.

4. Тәджуддин (Шарафуддин) Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди − қазақ жерінен шыққан дін ғұламасы, тілші-ғалым. Ғалым − Жент кентінің тумасы, тілші ғалым, толық аты-жөні: Тәджуддин Ахмад бин Мұхаммед бин Омар бин Қасим Шарафуддин. Әбу Қасым ибн Ахмаб ибн Мұхаммад әл-Хасани әл-Ақили әл-Ансаридің шәкірті . Әл-Женди 1300 жылы дүниеден өткен[7].

Еңбектері:

1. *«Әл-Иқлид»;*
2. *«Мақалид»;*
3. *«Уқуд ул-Жауаһир фи илм ти тасриф (Морфология ілімі бойынша жауһарлар алқасы).* Қасида түріндегі бұл туынды туралы Хажи Халифа «Кәшф әз-зунунда» «алдымен Аллаға мадах айтылған» дейді, бес бөлімнен тұрады, ең алдымен поэзия түрінде қағазға түсіріп, кейін шәкірттерге жеңіл болу үшін қара сөзге айналдырып қайта жазғандығын» көрсетеді. Біздің қолымыздағы мәліметтерге қарағанда «Уқуд ул-Жауаһир фи илм ти тасрифтің (Морфология ілімі бойынша жауһарлар алқасы)» қолжазбасы сақталған.

Алда осы қолжазба нұсқаларды қолға түсіріп, зерттеу керек деп есептейміз.

4.*«Шарх ул Кафия фин-наху» (Грамматикадағы «әл-Кафия» (кітабына) түсіндірме);*

5.*«Ужалла фи тафсир әл-Жаллалат».* Трактатта Алла тағалланың есіміне қатысты ғалымдардың пікірлері топтастырылған. Дамаск университетінің профессоры Мухаммад Ахмад әд-Дали бұл трактаттың мәтінін жариялай келіп, авторы әл-Жендидікі деп, алғысөзінде оқымысты жайлы мәліметтер ұсынады. Шығарма қолжазбасы Берлин кітапханасында 2406 нөмірімен 50/2-53/1 санымен сақталған.

6.«Қуният әл-имам шарх «Қасида уз-заллат әр-қари»(«Заллату әр-қари» қасидасына түсінік.

Әл-Жендидің атақты кітабы «әл-Иқлид шарх Муфассал» («Муфассалды түсіндірудің кілтінің») – Әбу әл-Қасим Махмұд ибн Омар аз-Замахшаридің(1075 – 1143) «әл-Муфассалын» түсіндіретін шарх.

«Әл-Иқлидті» ғалым Мұхаммад Ахмад Әли Әбу Китаһ ад-Даруиш толық зерттеп, докторлық диссертация қорғаған әрі еңбекті ғылыми алғы сөз, түсініктерімен 4 том етіп, 2002 жылы Сауд Арабиясы Корольдігінде бастырды. Осы зерттеуге қарағанда, әл-Жендидің «әл-Иқлиді»−«әл-Муфассалдың» түсініксіз, анық көрсетілмеген тұстарын аша түскен, грамматикалық мәселелерге дәлел ретінде Құраннан, хадистен, атақты адамдардың сөздерінен, поэзиялық үлгілерден, раджаз өлшеміндегі өлеңдерді береді, мысал ретінде келтірілетін «Құран» аяттары 400-ге жуықтаса, хадистер саны−19, сахабалардың сөзі (асар)−13, мақал-мәтелдер мен арабтардың сөзі 80-ге жуық. Әл-Женди көптеген мәселелерде аз-Замахшариге қосылса да, кейбір мәселелерде келіспеушілігін білдіріп, өзінің уәждерін кеңірек баяндайды[2].

Автор бұл шархында бар назарын қиын сұрақтарға жауап табуға салғандықтан ауыр жолды таңдаған, сөздердің ишаралы жасырын мағынасын ашуға ұмтылып, оның тұңғиығына терең бойлайды, ғалымдардың сөздеріне жүгінеді, терминдерді жиі қолдануы кітапты күрделендіре түскен.

Еңбек синтаксис пен морфологияға арналған. Кітап пайдалы ескертпелерге бай. Кітаптың авторы кіріспеде: «*Осы «әл-Иқлид» деп аталатын кітапта астарлы мағыналарды, сөз сиқырларын жинадым»,* - деген. Мен бұл кітапты зерттеу барысында үлкен тіл қазынасына тап болғандай сезінесің. Жұмыста синтаксис пен морфология ережелері ғана емес, жүздеген сөздердің мағыналары қамтылған. Бұл жерде автор мен түсіндірушінің тақырыптары мен жүйелерін анықтау мақсатында кітап пен түсіндірменің тарауларды бөлу стильдерін айта кеткен жөн болар. Автор «әл-Муфассалды» төрт тарауға бөлген: есімдер, етістіктер, жалғаулар (*хуруф*) және ортақ сөздер (*муштарак*). Әр тарауды бөлімдерге, әр бөлімді тақырыптарға бөлген. Түсіндіруші де осы тәсілді қолданған.

Ас-Сығнақи өзінің дін және грамматика саласындағы еңбектерін жазу кезінде қолданған кітаптардың бірі−әл-Жендидің «Иқлид фи шарх Муфассал» («Муфассалды» түсіндірудің кілті).

Ас-Сығнақи «әл-Муассалының» алғы сөзінде осы еңбегіне «*екі тамаша имамның*» өзіне дейінгі екі шарх кітаптарының әсері болғанын атап көрсетеді», «*оның біріншісі−«әл-Иқлид» ұлттық ғылым салаларының терең ғалымы, усул шариғатқа, проза мен поэзияға, баяндау мен таратуға (жетік), абзал, лайықты, кәміл имам Шараф ад-Дин Ахмад бин Мұхаммед бин Омар бин әл-Жендидікі болып есептеледі, оған Алланың рақымы болсын, жаннаттың сауабы (жазылсын),−деп одан әрі екінші−шархтың авторы- әл-Фахр ад-Дин әл-Әсфандари жайлы айтып (ол сөзді төменде береміз*), «*екеуімен де көзі тірісінде кездестім*»,−дейді [3, 3-б.]. Әл-Женди өмірінің көп бөлігін Бұхарада өткізген. Сол себепті ас-Сығнақи ғұламамен қай жерде кездескенін айтпаса да, екеуі Бұхарада ұшырасқан шығар деп шамалаймыз.

«Әл-Мақалид» − әл-Жендидің біз заманымызға аман-есен жоғалмай жеткен туындысы. «Әл-Мақалид» − тілші ғалым, имам Наср ибн Әби әл-Мукаррам Әбд ас-Саии бин Әли Әбу әл-Музаффар әл-Мутарризидің (610/1213 ж.қ.б.) «әл-Мисбах» атты кітабына жасалған шарх.

Шығарманың қолжазба нұсқалары негізінде 2012 жылы Египеттің Айн-Шамс университетінде Мустафа Салим Милад әл-Мазуқ докторлық диссертация жазып, қорғаған.

Әл-Женди «Мақалид» кітабында маңызды, егжей-тегжейлі түсініктемелерге, тілдік үкімдер мен синтаксистік дәлелдерге көңіл бөлген. Құран мәтіндерінен, өлең-жолдары мен поэзиялардан және түрлі тәмсілдерден дәлелдер алынған. Бұған кітаптың ілім қуған шәкірттердің өздерінің ізденіс жолындағы тіл біліміне қатысты негізгі еңбектерінің біріне айналуы айғақ болады. Шын мәнінде «Мақалид» кітабынан лингвист ғалымдар аталмыш туындыдан тіл қағидаларына қатысты көпшілік аңғара бермейтін сырларға қанығып , білігін арттыруға қол жеткізеді.Кітапты осылайша кіріспеге және бес тарауға бөлген:

1. Синтаксис іліміне қатысты терминдер;
2. (Мағына үстейтін) аналогиялық/сөздік демеуліктер;
3. (Мағына үстейтін) практикалық/сөздік демеуліктер;
4. Мағыналық демеуліктер;
5. Араб тіл білімінің тармақты мәселелері.

Бұл әл-Жендидің «Мақалид» кітабының негізінде «синтаксистік талдаудың белгілері» деген тақырыпшада кеңінен саралаған.Еңбек ғылыми бағытының айқындылығымен және оңайлығымен ерекшеленеді. Кітапта синтаксис ілімінің ережелері мен оның мағыналарын толыққанды қамтылған . Сөз бен сөйлемдерді қолдану формасы өте анық, қызықты және түсініктемелері де оңай әрі құрылымы жағынан аса жүйелікпен жазылған, терең логикалық аналогияларға талдау жасай алған. Дәлелдерді көбінесе Құран мәтіндерінен, түрлі тәмсілдерден және хикметті сөздер мен өлең жолдарына табан тіреген.

Әл-Жендидің «әл-Мақалидтегі» ең көп қолданған әдісі ережелер мен үкімдерді қатысты оқырманға диалогтар пен сұрақтар ұсынып, содан жауаптарын береді. «Әл-Мақалид» кітабында барлығы шамамен осындай елу сұрақ-жауапты қамтылған.

Таджуддин (Шарафуддин) Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Жендиге телінген телінген тағы бір шығарма – ***«Қуният әл-имам шарх «Қасида уз-заллат әр-қари»***(«Заллату әр-қари» қасидасына түсінік[8]. Имамның меншігі (қолынан тастамайтын құнды дүниесі). Туынды отрарлық сопы, ғалым Бұрhануддин Ахмад әл-Фараби(1174 ж.қ.б.) поэзиялық «Заллат әр-қари»(«Намазда Құран оқу үстіндегі қателіктер») атты қасидасын түсіндіруге арналған. Еңбекті қолжазба негізінде ғылым докторы Taha Мұхаммад Фарис 2020 жылы Дубайда алғысөз, түсініктерімен бастырған. «Заллат әр-қаридің» («Намазда Құран оқу кезіндегі қателіктер») авторының толық аты-жөні – Ахмад бин Әби Хафс бин Йусуф әл-Фараби, қасида жанрындағы шығарма атты қолжазба күйінде Санкт-Петербург, Стамбұл, Каир т.б қалалардағы кітапханаларда сақталған. Қолжазбаны ғылым докторы Taha Мұхаммад Фарси зерттеп, өңдеп электронды кітап етіп бастырған.

Әл-Фарабидің осы еңбегіне қазақ жеріндегі ежелгі қала Жендтің тумасы әл-Женди «Қуният әл-имам шарх «Қасида из заллат әл-қари», яғни «Заллату әр-қари» қасидасына түсінік – Имамның меншігі (қолынан тастамайтын құнды дүниесі)» шарх жазған, оның екі нұсқасы жоғалмай жеткен. Бұл қозғаусыз жатқан шығарманың қолжазбасын да ғылым докторы Taha Мұхаммад Фарис 2020 жылы Дубайда «Құран Кәрімге арналған ізденістер мен зерттеу бойынша» Дубай мемлекеттік грантының иегері болып «Құранды зерттеу сериясымен» алғысөз, түсініктерімен бастырған.

Бұрhануддин әл-Фарабидің туған жылы жайлы мәлімет жоқ. Жендидің айтуынша, оқымыстының әкесі де, атасы да – әл-Фараби ныспылы, нағыз фарабтық тұрғындар. Бірақ оның бақилық болған мерзімі – hижра жыл санауымен «Заллат әр-қаридің» соңында «аяқтаған уақыты 570 жылдың шағбан айының ортасында» деп жырлағанына қарап hижра бойынша 570 жылдан бері, яғни 1174 жылдан кейін деп шамаланады. Әл-Жендидің сөзіне қарағанда, Бұрhануддин туған шаһары Фарабтың Сопыханака махалласында (тұрағында) жерленген.

Бұрhануддин білімінің тереңдігін, оның Ханафи мәзhабының негіздерін және тармақтарын жетік меңгергенін «Заллат әл-қари» қасидасының аяғындағы «Ондағы нәрсеге жетуге зерек жанның ақылы қиындыққа тап болар, Сөздеріне саналының ақылы қайран қалар» деген жолдар айғақтайды.

Әл-Женди кіріспеде заманның ұстазы *(ұстаз уз-заман),* шариғаттың жүрегі *(садр уш-шариа),* ақиқаттың сұлтаны *(султан ул-хақиқа*), Ислам мен тариқат шейхтарының шейхы (*шейх шуйух-әл-ислам уа ат-тариқат)*, әлем ғұламаларының мырзасы (*сайд-әл-улама фил алам*), миллат пен дін құжаты (*бурhан әл-миллат уа дин)* деген сөздері әл-Фарабидің шариғаттың терең білгірі, беделді оқымыстысы екенін әрі сопылық жолдағы дәрежесін көрсетіп отыр. Бұл баға ғалымның сопылықтың төрт сатысын меңгергенін, шариғатты жетік игеріп, тариқаттағы пір, мүршид, шейхтердің ұстазы, жол бастаушысы деңгейіне дейін көтерілгеніне айғақ. Осы айтылған Бұрhануддин әл-Фарабидің тұлғалық қасиеттерін санамалаған мадаққа, сопылықтағы ең биік мәртебесіне қатысты жоғары бағаға тағы қосымша Женди шархының соңында «Көрінетін кереметке, мол ілімге ие */сахибу карамат заһирия уа улум уафира*)» деген сөздерімен оның көл дария білімімен қатар сопылық керемет жасайтын теңдессіз ғажап қасиетін келтіріп қуаттай түскен. Бұл бағаны бір жағынан оңтүстіктегі сопылық ілімді тек Ясауимен байланыстыратын ғалымдар үшін соны дерек, жаңа байламдар жасауға жетелейтін ойтамызық деп санаймыз. Демек Ясаға жақын орналасқан Фараб сопылықтың тамырын терең жайған орталығы мен мектебі болған, оның аса ірі өкілі, рухани жетекшісі Бұрhануддин болғаны айқындалады.

Екіншіден, алып Отырар шаһарында дәруіштер тұрақтайтын арнайы орынжай – ханакасы болғанын жеткізеді. Тарихи әрі діни тұрғыдан мәнді мұндай ақпаратты осыған дейін жазба деректерде ұшырастырмағанбыз әрі бұл – қала орнында ұзақ уақыттан бері археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп келе жатқан мамандар тарапынан дәйектелмеген соны факт. Егер Қожа Ахмет Ясауи сынды сопы өз хикметтерін халыққа ұғынықты түрік тілінде жазса, Бұрһануддин поэзиялық туындыларын араб тілінде туындатқан. Тек Шыңғыс хан әскерінің шабуылында Отырардағы сандаған ғұлама сопылар мерт болып, олардың жолын, шығармашылығын куәландырар дүниелердің де дәстүрі де жойылып кеткен. Шыңғыс хан шапқыншылығынан зардап шекпеген Ясада сопылық дәстүр кейін де жанданып, жалғастық тапса, зобалаңнан кейін Фарабтағы тариқат қайта тіктеле алмай үзілген деп тұжырым жасаймыз.

Бұрһануддин айтылмыш қасидасының атын қазақшаласақ: араб тіліндегі «заллат» – *қателеу*, «қари» – *(Құран) оқушы*, яғни *қаридің қателіктері* дегенді білдіреді. Құран оқушының жаңылыстарына жол бермеу мақсатына бағытталған «Заллат әр-қари» аттас осы тақырыпты жеке нысана етіп жазу үрдісі, әсіресе, Әбу Ханифа мәзһабы ғалымдарының арасында орын алған.

Біз әл-Фарабидің тәжуид һәм фиһқ ілімдеріне қатысты бұл поэзиялық шығармасы таза оқытушылық, ұстаздық қызмет барысында дүниеге келген деп есептейміз. Ал араб тілі мен Ислам ілімдерінің оқытумен байланысты қиын қағидаларды үйрету барысында жаттату, жадында сақтату мақсатында өлеңге айналдырып беру тәсіл болған. Яки әл-Фарабидің шәкірттеріне сабақ жүргізгенде миында ұмытпай сақтауы үшін әдейі осындай әдіске жүгінген.

Әл-Женди кіріспесінде шархын жазуға Бұрһануддин қасидасына байланысты ханафилердің, кейбір дос-жаран, құрдастарының сұрақтарының түрткі болғанын айтып өтеді. Осылайша шархта Бұрһан ад-диннің «Заллат әл-қариіндегі» жырланған қағидаттарды, қысқа қайырған өлең жолдарын қасиетті Құран, хадис мәтіндерімен, ғұламалар пікірлерімен ұштастыра тарата тәптіштеген.

Әл-Жендидің «Қуният әл-имамның» құндылығы – біріншіден, Бұрһан ад-диннің «Заллат әл-қариіне» имамдардың әрдайым жанынан табылатындай көмекші ретінде жазылуы, екіншіден, осы шығарма авторы туралы аз болса да аса маңызды мәліметтер хабардар етуі, үшіншіден, Фараб (Отырар) қаласының қаншалықты молшылықты, берекелі әрі әсем көркін сипаттауында, төртіншіден, қалада сопылардың тұрақ орны болғаны, Шыңғыс хан шапқыншылығына дейін сопылықтың қанаттанғаны әрі тариқаттың кәмил жетекші ұстазы болғаны хақында мағұлматтың шетін ұстатады.

«Қуният әл-имам шарх «Қасида уз-заллат әр-қари» кіріспесінде авторы әл-Женди екені анық таңбалаған. Бірақ автордың тек ныспысы көрсетіліп, одан әрі толық-аты жөнін келтірілмеген. Жәдігерлікті баспаға дайындаған Таһа Мұхаммед Фарис болса, «Женди» деген ныспысына, Ханафи мәзһабын ұстайтынына қарап, ханафи табақат (саты), таражим (өмірбаяндық) кітаптарына енген, араб грамматикасына арналған кітаптарымен мәшһүр Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди деп, шығарманы танымал оқымыстыға толық сеніммен телиді.

Қалай болғанда, «Қуният ул-имам шарх «Қасида заллат әл-қари» авторының әл-Женди екені даусыз. Алайда бұл шығарманың авторы Тадж ад-дин Ахмед ибн Махмұд ибн Омар әл-Женди болды ма, басқа Женди болды ма, кесіп айту қиын. Кітап авторының Фараб қаласын өте жақсы білгені анық көзге ұрады.

«Қуният әл-имамның» Мысырдың «Дару әл-кутуб» кітапханасында сақталған нұсқасы Сарай қаласында һижра бойынша 749 жылы, яғни біздің қазіргі жыл санауымыз бойынша 1349 жылы Садр ад-дин ибн Мұхаммед бин Әлиден көшірілуі де кездейсоқтық емес. Бұл кезде Сарай Алтын орданың астанасы болған. Мұхаммед Сұлтан Өзбек хан билік құрған 1313-1341 жылдары Алтын Орда нағыз өрлеу кезеңін бастан кешті. Саяси-әскери өрлеумен бірге Исламның ресми дін болып, шариғат заңдары бойынша елдегі сот ісі жүргізілгендіктен, оның маңыздылығының артқаны, қалада көптеген ислам кітаптарының дүниеге келгені мәлім.

Шығармада Әбу Ханифа мәзһабы бойынша имамның намаз оқығандағы қателері туралы және осы қателерден туындайтын намаздың дұрыстығы мен бұрыстығына байланысты үкімдер арқау болған. «Заллат әл-қари» тақырыбын өзек еткен ғұламалар баршылық болса да, осы зәру

мәселені жырмен өрнектеген мысалды таппадық. Әл-Фарабидің осы жұмысының ерекше артықшылығы – намазда имам жіберетін ағаттықтарды жүйелеп, оны поэзия қалпына салып, өрнектеуінде. Ол Құран қырағатында жіберілетін жаңылыстардың алдын алуға машықтандыруды жеңілдетуге оңтайлы тәсіл етіп өлең уәзінін пайдаланған. Осыған қарап Бұрhануддиннің еңбегін «Заллат әл-қари» тақырыбында поэзиялық түр формасын жаттауға қолайлы қолдануымен баламасы жоқ, айрықша ескерткіш деп есептеймін. Арабтың «нуния» деп аталатын өлең өрімінде жол соңындағы сөздерді «нун» әрпімен аяқтау арқылы шебер ұйқастырады. Шығарма поэзия түрінде қасида жанрында он бес бөлімнен тұрады.

Бұл туындының өзегі – намазда Құран оқуға қатысты, имам болу, жамағат намазына қатысты тақырыптар. Бірақ автор осы бөлімдерге нақты ат қойып, жеке-жеке бөлмеген. Дегенмен оқу барысында оқырман бұл бөлімдерді айқындай алады.

Қасида жаратушыға мадақ айтумен, бұл шығарманы жазуға, Құран оқушыларды қателерден сақтайтын ережелерді жинаған кітап жазуын сұраған өтініш болғанын жырлаумен басталады.

Сөзімнің тоқетері: Жент қаласынан шыққан ғалымдар мен оқымыстылар туралы деректерді жинау, олардың еңбектері іздеу тоқталмай, жалғаса түссе деген ой.

Әдебиеттер:

1. 1. ат-Тахбир талиф Садр ал-Афадил ал-Қасим ибн ал-Хусайн ал-Хваразми (тувуффийа 617). Тахқиқ Абд ар-Рахман ал-Усаймин. Байрут: Дар ал-Араб ал-ислами, 1990.

2. ал-Иқлид фи шарх ал-муфассал ли-Ахмад ибн Махмуд ибн Умар ал-Джанди ал-Хваразми. Ал-Мактаба ал-Арабийа ас-Саудийа, 1422/2002.

3. ал-Мувассал фи шарх ал-муфассал ли-Хусам ад-дин ас-Сиғнақ, қисм ал-асма хатта нихайат мабхас ал-кинайат. Джамиат Умм ал-Қура.

4. Хусам ад-дин Хусайн ибн Али ибн Хаджжадж ас-Сиғнақи. Ан-Нихайа фи шарх ал-хидайа. Байрут, 2023.

5. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Руханият және өркениет. Зерттеулер мен мақалалар. Алматы, 2016.

6. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктер». Алматы, 2008.

7. Шамшәдин Керім. Қазақстан исламтануының аса көрнекті өкілдері.Астана, 2018.

8. Қуният ул имам шарх қасида заллат ил қария .Тасниф Тәдж ад-дин Ахмад бин Махмуд бин Умар әл-Женди. Дирасат уа тахқиқ уа талиқ.Д.Taha Мухамад Фарис. 2022, Дубай.

X–XIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЖЕНД ҚАЛАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ: ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ҒҰЛАМАЛАР ДӘСТҮРІ

THE FORMATION OF JEND AS A SCHOLARLY AND CULTURAL CENTER IN THE 10TH–13TH CENTURIES: HISTORICAL PRECONDITIONS AND THE TRADITION OF SCHOLARS

Ардақ Нұсыпханұлы Оразбаев[1]
Ardak Nusypkhanuly Orazbayev[2]

Кіріспе

Ортағасырлық Сырдария алабы Орталық Азиядағы көшпелі және отырықшы қоғамдардың, түркілік саяси құрылымдар мен исламдық қалалық мәдениеттің өзара ықпалдасқан маңызды кеңістіктерінің бірі болды. Отырар, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жаңакент және Женд тәрізді қалалар географиялық жағдайына, саяси қызметіне және аймақаралық коммуникациялардағы орнына қарай әр кезеңде әртүрлі функция атқарды. Солардың ішінде Жендтің орны ерекше. Қала Сырдарияның төменгі ағысын Хорезммен және Дешті Қыпшақ кеңістігімен байланыстыратын аймақта орналасып, оғыз, қыпшақ және Хорезмшах саяси жүйелерінің өзара түйіскен нүктесіне айналды.

Жендтің тарихи географиясы мен саяси тарихы В.В. Бартольд еңбектерінде жүйелі қарастырылды [1]. Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалар мен ирригациялық жүйелерді археологиялық тұрғыдан зерттеу С.П. Толстов бастаған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясының еңбектерімен жаңа деңгейге көтерілді [2]. Кейін Жанкала қалашығын Жендпен сәйкестендіру мәселесі қазақстандық археологтардың арнайы зерттеу нысанына айналды [3]. Б.Д. Кочнев Жендтің XI–XIII ғасырлардағы тарихын нумизматикалық материалдар негізінде толықтырды [4]. Соңғы зерттеулерде Женд пен Сығанақтың Хорезмшахтар мемлекеті мен Дешті Қыпшақ арасындағы шекаралық қалалар ретіндегі қызметіне арнайы назар аударылды [5].

Алайда Жендтің ғылыми-мәдени орта ретінде қалай қалыптасқаны, бұл үдеріске қандай саяси, әлеуметтік және әкімшілік факторлардың ықпал еткені, қаламен байланысты ғұламалардың кеңірек исламдық интеллектуалдық кеңістікпен байланысы әлі де кешенді қарастыруды қажет етеді.

Мақаланың мақсаты – X–XIII ғасырлардағы Жендтің ғылыми-мәдени ортасының қалыптасуына ықпал еткен тарихи алғышарттарды анықтау және қаланың интеллектуалдық қызметін әкімшілік институттар, ғұламалар мобильдігі, ұстаз–шәкірт байланыстары және мәтіндік трансмиссия арқылы реконструкциялау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Женд тарихын белгілі ғұламалардың өмірбаяндарының жиынтығы ретінде ғана емес, қала – институт – адам – мәтін арасындағы өзара байланысты жүйе ретінде қарастыруында. Осыған байланысты Жендтің тарихи ерекшелігін сипаттау үшін «шекаралық-транзиттік ғылыми-мәдени орта» ұғымы ұсынылады. Бұл ұғым Бұхара немесе Самарқанд тәрізді ірі әрі тұрақты медреселік орталықтың моделін емес, саяси шекара, сауда жолдары, мемлекеттік қызмет, ғалымдардың мобильдігі, ұстаздық байланыстар және мәтіндердің таралуы түйісетін қалалық кеңістікті білдіреді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің деректік негізін X–XIII ғасырлардағы араб-парсы географиялық және тарихи шығармалары, Хорезмшахтар мемлекетінің әкімшілік құжаттары, биографиялық және қолжазбалық материалдар, сондай-ақ археологиялық және нумизматикалық зерттеулер

[1] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, PhD докторант, «Сарыарқа» мешітінің имамы, Астана, Қазақстан. E-mail: ardak.orazbaev@mail.ru https://orcid.org/0009-0001-3446-1644

[2] L.N. Gumilyov Eurasian National University, PhD Candidate; Imam of the Saryarka Mosque, Astana.

құрайды. Деректер тарихи-салыстырмалы, деректанулық, просопографиялық және мәтіндік трансмиссия әдістерімен талданды. Синхронды немесе оқиғаға жақын бастапқы деректерге басымдық берілді.

«Әл-Жанди» нисбасымен белгілі тұлғалар Сырдариядағы Жендке автоматты түрде телінген жоқ; әр тұлғаның географиялық байланысы дербес тексерілді. Сол сияқты Жанкала қалашығы жазба деректердегі X–XIII ғасырлық Жендпен априори теңестірілмей, тарихи Жендтің ықтимал археологиялық локализациясының бірі ретінде қарастырылды [3; 4].

Зерттеу нәтижелері

1. X–XI ғасырлардағы Жендтің ғылыми-мәдени ортасының қалыптасу алғышарттары

Жендтің исламдық қалалық орта ретінде қалыптасуы X ғасырдан кеш емес кезеңге жатады. Әл-Истахри Женд пен Хуварада мұсылман қауымының болғанын, бірақ саяси биліктің оғыздарға тиесілі екенін көрсетеді [6]. Сонымен қатар ол төменгі Сырдағы аталған қалалардың ішіндегі ең ірісі Жаңакент болғанын жазады [6]. Демек X ғасырдағы Жендті сол кезеңнің өзінде қалыптасып болған ірі ғылыми орталық ретінде сипаттауға дерек жеткіліксіз.

Ибн Хаукал Женд, Хувара және төменгі Сырдария қалаларын оғыз кеңістігі мен Хорезм арасындағы географиялық жүйе құрамында көрсетеді [7]. X ғасырдың соңындағы Ḥudūd al-ʿālam Женд, Хувара және Жаңакентті өзен бойындағы қалалар ретінде атап, олардың Хорезм мен Фараб бағыттарындағы орнын сипаттайды [8].

XI ғасырда оғыз саяси құрылымдарының әлсіреуі, қыпшақтардың күшеюі және Хорезмнің дала бағытындағы белсенділігінің артуы Жендтің стратегиялық маңызын жоғарылатты [5]. Ибн әл-Асир 457/1065–1066 жылғы оқиғаларда Женд билеушісінің Алп Арсланды қарсы алып, бағыныштылығын білдіріп, сыйлық ұсынғанын және өз иелігінде қалдырылғанын хабарлайды [9]. Дерек оның этникалық тегін анықтамайды.

Әл-Байһақи шығармасында Якуб Жанди есімді тұлғаның Хорезмшахқа хорезм тілінде хат жазғаны айтылады [10]. Бұл Женд нисбасымен байланысты тұлғаның көптілді дипломатиялық-жазба ортаға қатысын көрсетеді, бірақ оның Жендте арнайы білім алғанын дәлелдемейді.

2. XII ғасырдағы Женд: шекаралық қаладан әкімшілік-интеллектуалдық ортаға

XII ғасырда Женд Хорезмшахтар мемлекетінің Дешті Қыпшақ бағытындағы маңызды әкімшілік және әскери-саяси тірегіне айналды [5]. Al-Tawassul ilā al-tarassul жинағында Женд уәлаятының билігін Насыр әд-Дин Мәлікшахқа беру туралы маншур сақталған [11, 12–29-бб.]. Бұл құжат Жендтің уәлаяттық басқару жүйесіне кіріккенін көрсетеді.

Мұндай орта құқықтық білімді, жазба ісін, есеп-қисап пен дипломатиялық коммуникацияны меңгерген мамандарға сұраныс туғызды. Мұны Жендтің ғылыми-мәдени ортасының қалыптасуына әсер еткен әкімшілік-интеллектуалдық сұраныс ретінде қарастыруға болады.

Женд жағдайында бұл сұраныстың пайда болуын қаланың географиялық орны мен мемлекеттік функциясының ұштасуымен түсіндіруге болады. Шекаралық уәлаятты басқару тек әскери күшті ұйымдастырумен шектелмеді: орталық билікпен хат алмасу, жергілікті қауымдармен құқықтық қатынастарды реттеу, керуен және жол қауіпсіздігін қадағалау, алым-салық пен шаруашылық міндеттерді есепке алу сияқты қызметтер жазба мәдениеті қалыптасқан мамандарды қажет етті. Сондықтан Жендтің интеллектуалдық тарихын тек қалада қанша медресе немесе қанша ғалым болғанын санау арқылы бағалау жеткіліксіз. Мұнда білімнің мемлекеттік және қоғамдық функцияға айналу тетігіне назар аудару маңызды. Якуб ибн Ширин тәрізді тұлғаның қазылық, филологиялық және дипломатиялық қызметтерді қатар атқаруы осы құбылыстың тұлғалық деңгейдегі көрінісі болып табылады [12; 13].

Осы тұрғыдан Женд пен Бұхара арасындағы байланыс та маңызды. Әл-Самъани хабарлаған 548/1153–1154 жылғы елшілік сапар Якуб ибн Ширинnің бір қаланың ішкі интеллектуалдық ортасымен шектелмегенін көрсетеді [12, II т., 95-б.]. Хорезмнен Бұхараға бағытталған мұндай қозғалыс Жендпен байланысты мамандардың Мауараннахрдың ірі білім және әкімшілік орталарымен қатынас жасауына мүмкіндік берді. Демек ғалым мобильдігі Женд үшін қосалқы құбылыс емес, қаланың шекаралық-транзиттік табиғатының негізгі белгілерінің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Әл-Самъани Жендті түріктер шекарасында, Сейхун жағасында орналасқан қала деп сипаттап, қазы Якуб ибн Ширин әл-Жандиді атайды. Ол 548/1153–1154 жылы Хорезмнен Бұхараға елші болып келген [12, II т., 95-б.]. Якут әл-Хамауи оны қазы, әдебиетші, ғалым, ақын, хатшы және грамматист ретінде сипаттап, әз-Замахшариден білім алғанын көрсетеді [13, II т., 168-б.].

Әл-Самъанидің мәліметі «әл-Жанди» нисбасының әртүрлі атрибуциялық жағдайларда қолданылғанын да көрсетеді [12, II т., 95-б.]. Сондықтан әрбір «әл-Жанди» тұлғасын Сырдариядағы Жендке автоматты түрде жатқызу дұрыс емес.

3. XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдағы институционалдық ортаның қалыптасуы

Жувейни Жендтің уәлилері мен Хорезмшах әулетінің қалаға қатысты саясатын баяндайды [14]. Al-Tawassul жинағындағы маншур Жендтің жеке әкімшілік аумақ ретінде қарастырылғанын толықтырады [11, 12–29-бб.].

Ән-Насауи Садр әд-Дин әл-Жанди әулетінің мемлекеттік қызметпен байланысын және Жендпен байланысты Фахр әд-Дин Әли ибн Әби әл-Қасым әл-Жандидің жоғары әкімшілік қызметтерге көтерілгенін баяндайды [15]. Бұл Жендпен байланысты құқықтық және әкімшілік элитаның Хорезмшах мемлекетінің кең басқару жүйесіне араласқанын көрсетеді.

Ән-Насауи материалдарының маңызы жеке адамдардың өмірбаянын атаумен ғана шектелмейді. Олар Жендпен байланысты отбасылар мен қызметкерлердің Хорезмшахтар билігінің әртүрлі буындарына тартылғанын көрсетеді [15]. Бұл жағдай қалада немесе оның айналасындағы әлеуметтік ортада құқықтық, кеңселік және қаржылық сауаттың құндылығы артқанын аңғартады. Әкімшілік мансаптың Жендтен Хорезмшах мемлекетінің өзге орталықтарына жалғасуы қаланы кадрлар қозғалысының бір нүктесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұнда «ғылыми-мәдени орта» ұғымы тек классикалық діни ғылымдармен шектелмей, ортағасырлық исламдық мемлекетке қажетті құқық, тіл, хатшылық және есеп жүргізу білімдерін де қамтиды.

Осы деректерді *al-Tawassul* құжаттарымен қатар қарастырғанда институционалдық және просопографиялық екі қабат бір-бірін толықтырады: маншур Жендтің әкімшілік бірлік ретіндегі орнын көрсетсе [11, 12–29-бб.], биографиялық-тарихи деректер сол жүйеде әрекет еткен білімді тұлғаларды көрсетеді [15]. Бұл – Жендтің ғылыми-мәдени ортасын реконструкциялауда маңызды әдістемелік артықшылық. Яғни қаланың интеллектуалдық қызметі бір ғана кейінгі нисбалардан емес, нақты мемлекеттік институт пен сол институтта қызмет атқарған адамдардың қозғалысынан көрінеді.

Якут әл-Хамауи Жend тұрғындарының мұсылман екенін және Әбу Ханифа мәзһабын ұстанатынын тікелей көрсетеді [13, II т., 168-б.]. Сондықтан XIII ғасырдың басындағы Жендті ханафи діни-құқықтық орта деп сипаттауға негіз бар. Алайда бұл мәліметтің өзі Жендті дербес матуриди калам орталығы деп атауға жеткіліксіз.

Жанкала қалашығындағы діни-ағартушылық сипаттағы құрылыстардың функциясы мен даталануы жөнінде әртүрлі пікір бар [3]. XIV ғасыр оқиғалары туралы Натанзи дәстүрінде Отырар, Сауран, Жend және Баршынкенттегі медреселер, ханака, мешіттер мен қайырымдылық нысандары бірге аталады [16, 88-б.]. Сондықтан X–XIII ғасырлық Жend медресесінің нақты археологиялық нысаны әзірге бірмәнді анықталмағанымен, Жендте медреселік дәстүр болмаған деуге негіз жоқ.

4. XIII ғасырдағы Жend ғұламалары және интеллектуалдық байланыстар

4.1. Моңғол жаулап алуы және қалалық сабақтастық

Жувейнидің баяндауынша, моңғолдар Жендке кірген кезде екі жақтан да адам жаралан-баған. Бірақ сол баяндауда кейбір қала басшыларының өлтірілгені, тұрғындардың тоғыз күн қаладан тыс ұсталғаны және қаланың тоналғаны айтылады [14, I т., 69-б.]. Демек әскери шайқастың болмауы әлеуметтік-экономикалық зардаптың болмауын білдірмейді. Жувейни моңғол әкімшілігінің Жендке Әли Хожаны билеуші етіп тағайындағанын да көрсетеді [14, I т., 69-б.].

4.2. Ахмад ибн Махмуд әл-Жанди және интеллектуалдық мобильдік

XIII ғасырдың екінші жартысындағы маңызды филологтардың бірі – Ахмад ибн Махмуд ибн Омар әл-Жанди. Ол әз-Замахшаридің «әл-Муфассал» еңбегіне жазылған «әл-Иқлид фи шарх әл-Муфассал» шығармасының авторы [17]. Бұл тұлғаны кейінгі кезеңде Сағд әд-Дин әт-

Тафтазанидің «Шарх әл-Ақаид ән-Насафиясына» хашия жазған Ахмад әл-Жандимен шатастыруға болмайды.

«Әл-Иқлидтің» жекелеген бөлімдері ғылыми тахқиқ ретінде зерттелген [17]. Ахмад әл-Жандидің туған жері, ұстаздық желісі мен қайтыс болған жылы туралы кейінгі хабарлар бірдей сенімді болмағандықтан, бұл мәселелерде сақтық қажет.

4.3. Ахмад әл-Жанди – Хусам әд-Дин әс-Сығанақи: мәтіндік сабақтастық

Хусам әд-Дин әс-Сығанақидың «әл-Муассал фи шарх әл-Муфассал» шығармасы Ахмад әл-Жандидің интеллектуалдық мұрасын анықтауда ерекше маңызды [18]. Әс-Сығанақи кіріспеде әл-Жандидің «әл-Иқлидін» және әл-Исфандаридің «әл-Муқтабисін» салыстырып пайдаланғанын түсіндіреді [18, I т., 3-б.].

Осылайша әз-Замахшаридің «әл-Муфассалы» → Ахмад әл-Жандидің «әл-Иқлиді» → Хусам әд-Дин әс-Сығанақидың «әл-Муассалы» түріндегі мәтіндік сабақтастық байқалады. Бұл мәтіндік ықпалды дәлелдейді, бірақ Сығанақиды Ахмад әл-Жандидің тікелей шәкірті деп атауға өздігінен жеткіліксіз.

Бұл мәтіндік тізбектің географиялық мағынасын да ескерген жөн. Әз-Замахшари Хорезмнің ірі филологиялық дәстүрін білдірсе, әл-Жанди мен әс-Сығанақи Сырдария аймағымен байланысты нисбалар арқылы сол дәстүрдің кеңістіктік таралуын көрсетеді. Мұнда бір мәтіннің екінші мәтінге ықпал етуі ғалымдардың міндетті түрде бір қалада немесе бір медреседе бірге отырғанын білдірмейді. Керісінше, қолжазба, көшірме, оқу және шарх жасау тәжірибесі білімнің қалалар арасындағы қозғалысын қамтамасыз еткен. Сондықтан *әл-Иқлидтің* *әл-Муассалда* пайдаланылуы Жендтің интеллектуалдық тарихын тек жергілікті тұлғалар тарихынан аймақаралық мәтіндер тарихына шығарады [17; 18].

Бұл қорытынды мақаланың негізгі тезисін күшейтеді: ғылыми орталық міндетті түрде барлық білімді өзі өндіріп, сол жерде сақтайтын тұйық кеңістік емес. Ортағасырлық ислам әлемінде қаланың ғылыми рөлі мәтінді қабылдау, қайта түсіндіру және келесі ортаға жеткізу қабілетімен де өлшенеді. Жендпен байланысты *әл-Иқлид* дәстүрінің Сығанақи еңбегіне енуі осындай трансмиссиялық функцияның нақты мысалы болып табылады.

4.4. Баба Камал және Жендтегі ұстаздық орта

Баба Камал Жанди туралы мәліметтер Жамал әл-Қарши дәстүрінде сақталып, Д. ДеУиз тарапынан арнайы зерттелді [19; 20]. Баба Камалды Жендте туған ғалым деп көрсетуге нақты негіз жеткіліксіз; алайда оның кейін Жендте қызмет еткені және өмірінің соңғы кезеңінің қаламен байланысты болғаны сенімдірек [20, 58–94-бб.].

Баба Камалға қатысты ұстаздық байланыстар Жендтің XIII ғасырдың екінші жартысында тек ғалымдар өткен қала емес, білім трансмиссиясы жүзеге асқан интеллектуалдық кеңістік болғанын көрсетеді [20].

4.5. «Әл-Жанди» нисбасы және просопографиялық шектеулер

Ортағасырлық биографиялық әдебиеттегі «әл-Жанди» нисбасымен белгілі тұлғалардың барлығын Сырдариядағы Жендке жатқызуға болмайды [12, II т., 95-б.]. Қаланың ғылыми-мәдени маңызын дәлелдеу үшін географиялық және интеллектуалдық байланысы сенімді тұлғалардың шағын корпусын талдау анағұрлым нәтижелі.

Талқылау

Жинақталған деректер Жендтің ғылыми-мәдени ортасын Бұхара, Самарқанд немесе Нишапур тәрізді ірі медреселік орталықтардың шағын көшірмесі ретінде қарастырудың дұрыс еместігін көрсетеді. Оның ерекшелігі – шекаралық-транзиттік сипатында.

Бұл айырмашылық «ғылыми орталық» ұғымының өзін нақтылауды талап етеді. Бұхара немесе Самарқанд тәрізді қалалар үшін медреселер, кітапханалар, ұзақ мерзімді ұстаздық әулеттер және көлемді биографиялық корпус негізгі көрсеткіш болуы мүмкін. Жанд үшін дәлелдер басқа сипатта: географиялық шекаралық орын, уәлаяттық басқару, дипломатиялық және қазылық қызмет, ғалымдардың қалалар арасындағы қозғалысы, филологиялық мәтіндердің қабылдануы мен қайта таратылуы, сопылық ұстаздық байланыстар. Сондықтан Жендке ірі отырықшы орталықтардың өлшемін механикалық қолдану оның нақты тарихи функциясын көмескілейді.

Ұсынылып отырған «шекаралық-транзиттік ғылыми-мәдени орта» моделі осы ерекшелікті түсіндіруге бағытталған. Оның бірінші белгісі – әртүрлі саяси және экономикалық кеңістіктердің түйісуі; екіншісі – мемлекеттік басқару арқылы білімді мамандарға сұраныстың

пайда болуы; үшіншісі – адамдардың мобильдігі; төртіншісі – мәтіндердің бір орталықтан екіншісіне берілуі. Жend материалында бұл төрт белгі бір-бірінен тәуелсіз дерек топтарынан көрінеді [5; 11–15; 17–20]. Сондықтан модель бір ғана археологиялық нысанға немесе бір ғана атақты ғалымға тәуелді емес.

X ғасырда Жend оғыз саяси кеңістігіндегі мұсылман қауымы бар қала ретінде көрінеді [6]. XI ғасырдағы саяси өзгерістер оның Хорезм мен дала арасындағы стратегиялық маңызын арттырды [5; 9]. XII ғасырда Жend уәлаяттық басқару жүйесіне енгізілді [11]. Бұл кәсіби интеллектуалдық капиталға сұраныс туғызды. Якуб ибн Ширинnің құқық, филология және дипломатияны ұштастырған қызметі [12; 13], Жендпен байланысты әкімшілік тұлғалардың жоғары мемлекеттік қызметтерге көтерілуі [15] осы механизмнің көрінісі.

Жендтің ғылыми-мәдени ортасын үш желі арқылы реконструкциялауға болады: әкімшілік-интеллектуалдық желі [11–15]; мәтіндік желі – әз-Замахшари → Ахмад әл-Жанди → Хусам әд-Дин әс-Сығанақи [17; 18]; ұстаздық-рухани желі – Кубрауиялық орта → Баба Камал → Жендтегі білім трансмиссиясы [19; 20].

Якуттың мәліметі XIII ғасыр басындағы Жендтің ханафи ортасы болғанын тікелей көрсетеді [13, II т., 168-б.]. Ал Жендтің дербес матуриди калам мектебі болғанын дәлелдеу үшін қосымша мәтіндік және институционалдық деректер қажет.

Жанкаладағы діни-ағартушылық құрылыстар [3] мен XIV ғасырлық жазба дәстүр [16, 88-б.] Жендте институционалдық діни білім беру мәселесін ашық қалдырады. X–XIII ғасырлық нақты медресе ғимаратының бірмәнді анықталмауын «Жендте медресе болмаған» деген қорытындыға айналдыруға болмайды.

Жанкаланы тарихи Жендпен сәйкестендіру қазақстандық зерттеу дәстүрінде орныққанымен [3], қазіргі материалдар X–XIII ғасырдағы жазба деректердегі Жend пен Жанкала арасындағы сабақтастықты түпкілікті дәлелдеуге жеткіліксіз. Сондықтан Жанкала тарихи Жендтің ықтимал археологиялық локализациясы ретінде қарастырылады.

Жендтің интеллектуалдық дамуын шартты түрде үш кезеңмен түсіндіруге болады: X–XI ғасырлар – «қабылдаушы қала»; XII – XIII ғасырдың басы – «өндіруші қала»; XIII ғасыр – «трансмиссиялық торап». Бұл қатаң хронологиялық сатылар емес, қаланың басым функцияларын сипаттайтын аналитикалық модель.

Қорытынды

X–XIII ғасырлардағы Жend қаласының ғылыми-мәдени орта ретінде қалыптасуы бірнеше ғасырлық саяси, әлеуметтік және интеллектуалдық үдерістердің нәтижесі болды. X ғасырдағы деректер Жендте мұсылман қауымының болғанын және оның оғыз саяси кеңістігімен қатар өмір сүргенін көрсетеді [6–8].

XI–XII ғасырлардағы өзгерістер қаланың Хорезм мен дала арасындағы стратегиялық маңызын арттырды [5; 9; 11]. Хорезмшахтар дәуіріндегі мемлекеттік басқару жүйесіне кірігу Жендпен байланысты кәсіби интеллектуалдық топтардың кең мемлекеттік желілерге қосылуына жағдай жасады [12; 13; 15].

Якуттың тікелей мәліметі XIII ғасыр басындағы Жend тұрғындарының ханафи мәзһабын ұстанғанын дәлелдейді [13, II т., 168-б.]. Бірақ қаланы дербес матуриди калам орталығы ретінде сипаттауға қазіргі деректер жеткіліксіз.

Ахмад ибн Махмуд әл-Жандидің «әл-Иқлиді» мен Хусам әд-Дин әс-Сығанақидың «әл-Муассалындағы» мәтіндік сабақтастық Жендпен байланысты интеллектуалдық мұраның трансмиссиясын көрсетеді [17; 18]. Баба Камалға қатысты материалдар Жендтің ұстаздық-білім беру кеңістігі қызметін де атқарғанын аңғартады [19; 20].

X–XIII ғасырларға жататын Жend медресесінің археологиялық тұрғыдан бірмәнді анықталмауы қалада институционалдық білім беру болмаған деген қорытындыға негіз бермейді; XIV ғасырлық жазба дәстүр Жендті медреселер мен діни-қайырымдылық мекемелері болған қалалар қатарында атайды [16, 88-б.].

Жинақталған деректер Жендті тек саяси шекара қаласы немесе сауда пункті емес, Сырдария, Хорезм және Дешті Қыпшақ арасындағы әкімшілік қызмет, ғалымдар мобильдігі, ұстаздық байланыстар және мәтіндік трансмиссия тоғысқан шекаралық-транзиттік ғылыми-мәдени орта ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинения. – М.: Издательство восточной литературы, 1963. – Т. II. Ч. 1.

2. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.; Л.: Издательство АН СССР, 1948.

3. Байпаков К.М., Воякин Д.А., Умарходжиев А.А. Исследования городища Дженд // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2010. – № 1 (274). – С. 100–122.

4. Кочнев Б.Д. К истории Дженда XI–XIII вв. // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 1995. – № 4. – С. 67–73.

5. Golev K. The Cities along the Syr Daria in 11th–13th cc.: Jand and Sïghnaq between the Cuman-Qïpchaqs and the Khwārazmshāhs Anushteginids // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. – 2021. – Vol. 74, No. 1. – P. 11–52. – DOI: 10.1556/062.2021.00001.

6. Al-Iṣṭakhrī. Viae Regnorum: Kitāb al-Masālik wa-l-Mamālik / Ed. M.J. de Goeje // Bibliotheca Geographorum Arabicorum. Pars I. – Leiden: E.J. Brill, 1870.

7. Ibn Ḥawqal. Opus Geographicum: Kitāb Ṣūrat al-Arḍ / Ed. J.H. Kramers. – Leiden: E.J. Brill, 1938–1939. – Vol. I–II.

8. Ḥudūd al-ʿĀlam: The Regions of the World / Transl. and expl. V. Minorsky; 2nd ed., C.E. Bosworth. – London: Luzac & Co., 1970.

9. Ibn al-Athīr. Al-Kāmil fī al-tārīkh. – Beirut: Dār Ṣādir, 1965–1967. – 457 h. оқиғасы.

10. Al-Bayhaqī. Tārīkh-i Bayhaqī / Ed. ʿAlī-Akbar Fayyāḍ. – Mashhad: Dānishgāh-i Firdawsī, 1971.

11. Bahāʾ al-Dīn Muḥammad ibn Muʾayyad al-Baghdādī. Al-Tawassul ilā al-tarassul / Ed. Aḥmad Bahmanyār. – Tehran, 1315 sh. – P. 12–29.

12. Al-Samʿānī. Al-Ansāb / Ed. ʿAbd al-Raḥmān ibn Yaḥyā al-Muʿallimī al-Yamānī et al. – Hyderabad, 1382/1962. – Vol. II. – P. 95.

13. Yāqūt al-Ḥamawī. Muʿjam al-buldān. – 2nd ed. – Beirut: Dār Ṣādir, 1995. – Vol. II. – P. 168.

14. Al-Juwaynī, ʿAṭā-Malik. Tārīkh-i Jahāngushā / Ed. Mīrzā Muḥammad Qazwīnī. – Leiden; London, 1912–1937. – Vol. I. – P. 69.

15. Al-Nasawī. Sīrat al-Sulṭān Jalāl al-Dīn Mankburnī. – М.: Восточная литература РАН, 1996.

16. Muʿīn al-Dīn Naṭanzī. Muntakhab al-tawārīkh-i Muʿīnī / Extraits publiés par Jean Aubin. – Téhéran: Librairie Khayyam, 1957. – P. 88.

17. Al-Jandī, Tāj al-Dīn Aḥmad ibn Maḥmūd ibn ʿUmar. Al-Iqlīd fī sharḥ al-Mufaṣṣal: мәтіндік тахқиқ материалдары / al-Māziq, Muṣṭafā Sālim Mīlād. – Misrata: 7 October University, Faculty of Arts, 2006. – 649 p.

18. Al-Ṣighnāqī, Ḥusām al-Dīn. Al-Muwaṣṣal fī sharḥ al-Mufaṣṣal: dirāsa wa-taḥqīq / Taḥqīq Aḥmad Ḥasan Aḥmad Naṣr. – Makkah: Umm al-Qura University, 1421/2000. – 1252 p.

19. Jamāl al-Qarshī. Mulḥaqāt al-Ṣurāḥ. – Institute of Oriental Manuscripts, C286, fols. 73a–b.

20. DeWeese D. Bābā Kamāl Jandī and the Kubravī Tradition among the Turks of Central Asia // Der Islam. – 1994. – Vol. 71, No. 1. – P. 58–94. – DOI: 10.1515/islm.1994.71.1.58.

TÜRKİSTAN'DAN ANADOLU'YA, ANADOLU'DAN TÜRKİSTAN'A MANEVÎ MİRASIN DOLAŞIMI: MÜEYYED EL-CENDÎ ÖRNEĞİ

SPIRITUAL HERITAGE BETWEEN TURKISTAN AND ANATOLIA: TRANSMISSION AND MUTUAL INFLUENCE IN THE CASE OF MU'AYYAD AL-JANDI

Ayşe Mine Akar[1]

Giriş: Onüçüncü Yüzyılda Manevî Mirasın Orta Asya'dan Anadolu'ya İntikali

Türklerin İslamiyet ile ilk temasları, ana yurtları olan Orta Asya'da miladi yedinci yüzyılın ortalarında gerçekleşmiştir. İslamiyet ile ilk şereflenen Türk boyu Karluklardır. Çin'le yaptıkları mücadelelerde Abbâsî devletinin yardımını almaları onların İslam'ı benimsemelerini kolaylaştırmıştır. Karluklar, daha sonra doğu ve batı Türkistan'da hüküm sürecek olan Karahanlı Devleti'ni oluşturan boylardan biridir [1, c. 1–3, 18–19]. Karahanlılarla akraba diğer bir Türk boyu olan Oğuzlar ise Seyhun Nehri boyunca ve Hazar Denizi'nin doğusunda yaşayan yirmi dört boydan oluşan bir topluluktur. Oğuzlar arasında Kınık Boyu'na mensup olan Selçuk Bey'in, İslamiyet'i seçerek bağlı bulunduğu Oğuz Yabgu Devleti'nden ayrılması ve Cend şehrinde yeni bir devletin temellerini atması [2, c. 40–43] Türk siyasî ve kültürel tarihi açısından oldukça önemli bir başlangıca işaret eder.

Selçuk Bey ve Kınık Boyu'yla beraber pek çok Türk boyunun kitleler halinde İslamiyet'i seçmesinde Selçuk Bey'in güçlü siyasî etkisi kadar, coğrafyada etkin olan dervişlerin de katkısı söz konusudur. "Ata" veya "baba" olarak anılan gezgin dervişlerin, Türklerin eski inanışlarında yer alan "kam" ve "baksı" figürlerine benzemeleri, İslam'ın öğretilerini arı ve saf bir Türkçe ile ve şiirle aktarmaları, gezgin dervişlerin Türklerin göçebe ruhuna uyumlu olmaları, sınır boylarında kurdukları ribatlarla ayrım gözetmeden hizmetler sunmaları ve hususen savaşçılık özelliklerini koruyarak dervişlik yapmaları, yani alp-eren oluşları İslamiyet'in bu Oğuz Türkleri arasında yayılmasını hızlandırmıştır [3, c. 17–20, 242–247]. Tüm bunlarla birlikte, yetiştirdiği dervişleri Oğuz boylarının yaşadığı bölgelere gönderen Ahmed Yesevî'nin etkisi ise izahtan varestedir.

İlk dervişlerle takriben on birinci yüzyılda atılan tohumlar Moğolların bölgedeki işgallerine, yani yaklaşık on üçüncü yüzyıla kadar iki yüzyıl boyunca Türklerin İslamiyet'i özümsemelerinde oldukça etkili olmuştur. Bu dönemde burada kurulan iki büyük tarikat, Yeseviyye ve Kübreviyye ile Orta Asya, Türk-İslam sentezinin doğum yeri olmuştur. Daha sonra yine bu bölgede kurulacak Nakşibendiyyenin nüvesi olan Hacegân ekolü de aynı dönemde var olmuştur [4, c. 38–68]. Oluşan bu büyük miras, Moğolların işgalleriyle birlikte peyderpey Anadolu'ya doğru taşınmıştır. İşte hayatına odaklanacağımız Ekberî geleneğin mühim temsilcisi, Muhyiddîn İbnü'l-Arabî'nin büyük eseri *Fusûsu'l-hikem*'in ilk şârihi olan Müeyyed el-Cendî böyle bir coğrafyada, böyle bir mirasın içinde Selçuklu Devleti'nin mebdei ve menşei sayılan Cend şehrinde dünyaya gelmiş ve Türkistan'dan Anadolu'ya, Anadolu'dan tekrar doğuya yaptığı seyahatleri ve etkilediği isimlerle iki bölge arasında tasavvufî mirasın dolaşımına katkıda bulunmuştur. Böylece İbnü'l-Arabî ile Endülüs, Sadreddîn Konevî ile Anadolu ve Müeyyed Cendî ile de Türkistan kültürleri Ekberî ekolün kurucu metinlerine sirayet etmiştir.

1. Maddî Doğum: Seyhun Boyunda Cend Şehri ve Tasavvufî Muhit

Hakkındaki bilgilere en erken miladi onuncu yüzyıldan itibaren ulaşılabilen Cend şehri Siriderya (Seyhun) nehrinin aşağı kısmında, tarihi İpek ve Kürk yollarının kesiştiği bölgede, nehre yaklaşık 4-5 kilometre mesafede yer alan ve bugün ortadan kalkmış olan bir Türk şehridir. Günümüzde Kazakistan'ın Kazalinsk şehri civarındaki Can Kala kalıntılarının [5, c. 102] veya Tamarutkul kazası sınırlarında yer alan Hişt Kale harabelerinin [6, c. 228] bu şehre ait olduğu ifade edilir. Ahmet Yılmaz, Cend hakkındaki çalışmasında şehir kalıntılarına dair detaylı bir yol tarifini aktarmaktadır [5, c. 103]. Şehir, tarihte Oğuzların yaşadığı üç önemli şehirden biridir, diğerleri Yeni Kent ve Huvâre'dir [7, c.

[1] Sivas Cumhuriyet Üniversitesi, Sivas, Türkiye; Dr. Öğr. Üyesi, aysemineakar@gmail.com, 0000-0003-3804-2604

Жоғарыдағы ойшылдардың Әл-Фараби, Ибн Халдун , Данилевский, Шпенглер, Тойнби, Бродель, Адам Мец, Ходжсон тұжырымдарынан мынадай теориялық қорытынды жасауға болады: «Өркениет – белгілі бір халықтың немесе аймақтың ұзақ тарихи уақытта қалыптастырған әлеуметтік-саяси институттары, қалалық ортасы, экономикасы, білімі, ғылымы, діні, құқығы, тілі, өнері, дүниетанымы және құндылықтары өзара байланысқан тұтас тарихи-мәдени жүйе».

Түркі ислам өркениеті – түркі халықтарының тарихи-мәдени кеңістігінде исламдық діни танымның, түркілік әлеуметтік-саяси дәстүрдің, қалалық мәдениеттің, ғылым-білімнің, құқықтың, өнер мен рухани құндылықтардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасқан тарихи-мәдени жүйе. Сыр бойы, Фараб, Түркістан және Қаратау өңірлеріндегі қалалар, мешіт-медреселер, керуен жолдары, ғылым, сопылық дәстүр мен мемлекеттік құрылымдар – осы өркениеттік синтездің нақты көріністері.

Міне, өркениет – адамның дүниені түсінуін, өзін анықтауын, қоғамды ұйымдастыруын және құндылықтарды қалыптастыруын белгілейтін тұтас жүйе екенін көрдік [3]. Бұл жүйені

[1] Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, профессор, Түркістан, Қазақстан Республикасы, философия және теология ғылымдарының докторы. dosaykz@mail.ru https://orcid.org/0000-0003-0507-1011
[2] Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Professor, Doctor of Philosophy and Theology.

төмендегідей өлшемдер арқылы жіктеуге болады: дүниетаным, құндылықтар жүйесі, әлеуметтік құрылым және мәдени шығармашылық. Ходжсонның айтуынша, Ислам осы өлшемдердің барлығына ықпал етті [4]. Сондықтан қазақ даласындағы ислам құбылысын мешіттер мен медреселердің пайда болуымен ғана өлшеу дұрыс емес. Оның терең мәні адамның өзін, қоғамды, билікті, білімді, моральды және әлемді түсіну тәсілінің өзгеруінен көрінеді. Осы тұрғыдан исламды діни институт қана емес, дүниені түсіндіретін өркениеттік жүйе ретінде қарастыру қажет.

Алдымен, исламның түркі даласына мәдени тұрғыдан бос кеңістікке келмегенін айтуымыз керек. Исламға дейінгі түркі қоғамында әлеуметтік жүйе, құқықтық және моральдық нормалар, мемлекеттік-билік институттары, әскери тәртіп, мәдениет, сөз өнері және өзіндік дүниетанымдық болмысы бар болатын [5]**.** Бұл дүниетанымда Тәңір – жоғарғы трансценденттік бастау, жер-су – киелі кеңістік, ел – әлеуметтік-саяси тұтастық, қаған немесе хан – қоғамдық тәртіптің саяси субъектісі, төре – әлеуметтік-құқықтық тәртіп, құт – биліктің сакралды легитимациясы, ал ар адамның моральдық өлшемі саналды [5]. Бірақ бұл жүйені исламдық монотеистік теологиямен теңестіруге болмайды. Дегенмен ол түркі қоғамының исламдық ұғымдарды қабылдауына белгілі бір мәдени-танымдық тұғыр ретінде рөл ойнады. Исламды қабылдағаннан кейін түркі халықтары бұрынғы мәдениетін тұтастай жоғалтқан жоқ. Керісінше, оның кейбір ұғымдары исламдық мазмұнмен қайта түсіндірілді [6].

Сонымен, «Түркі ислам өркениеті» түркі халықтарының исламды қабылдауы негізінде қалыптасқан, исламның дүниетанымдық, этикалық, құқықтық және ғылыми қағидаларын түркілердің тілдік, саяси, әлеуметтік және мәдени тәжірибесімен тоғыстырған, Орталық Азиядан Еділ бойы, Қаратау–Сырдария, Түркістан, Шығыс Түркістан, Анадолы және одан әрі кеңістіктерге тараған тарихи-мәдени өркениеттік жүйе [3]. Бұл жерде «түркі» этникалық атау ғана емес, өркениеттің тілдік, саяси және мәдени субъектісін; «ислам» оның діни-дүниетанымдық және нормативтік негізін; «өркениет» осы екеуінің нәтижесінде қалыптасқан институттар, білім, ғылым, құқық, қала, сәулет, әдебиет, өнер, мораль және қоғамдық сана жүйесін білдіреді [7].

Осы анықтаманың маңызды ерекшелігі исламды «түркі мәдениетіне қосылған сыртқы қабат» деп емес, түркі қоғамының тарихи даму барысында түркілік мәдени формалармен шығармашылық синтезге түскен өркениеттік негіз деп танылуында жатыр. Бұл тарихи үдеріс – исламмен алғашқы байланыстар және түркі мемлекеттерінің оны қабылдауы, түркі тіліндегі интеллектуалдық мұраның, ислам философиясы мен сопылықтың өркендеуі, исламның көшпелілерге саяси, құқықтық және қоғамдық өміріне орнығуы, отарлық және кеңестік кезеңдердегі діни-мәдени өзгерістер, бүгінгі егемендік жағдайында түркі ислам өркениетінің мұрасын қайта зерделеумен анықталады [7]. Осы хронологиялық жіктеу зерттеудің негізгі идеясын айқындайды. Түркі ислам өркениеті – белгілі бір мемлекеттің немесе жеке ойшылдың мұрасы емес, ғасырлар бойы өзгеріп, толығып отырған дүниетанымдық, интеллектуалдық және әлеуметтік-мәдени сабақтастық. Сондықтан оны жай ғана «исламның қазақ даласына келуі» ретінде емес, түркілік таным, исламдық өркениет және дала мәдениетінің өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасқан құбылыс ретінде қарастыру қажет.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл өркениет қашан және қалай қалыптасты? Оны бір жылдың немесе бір мемлекеттің пайда болуымен байланыстыруға болмайды. Бұл бірнеше ғасырлық процесс. Біріншіден, «ислам дінімен» алғашқы байланыс VIII–IX ғасырларда жүзеге асты. Араб-мұсылман әлемі Орталық Азияға енгеннен кейін Мауараннахр ислам өркениетінің құрамына кіре бастады [8]. Исламдану бір мезетте жүрген жоқ. Ол саяси жаулап алу, сауда, қалалық мәдениет, білім және діни институттар арқылы ұзақ процесс ретінде жүрді. Орталық Азия X ғасырға қарай ірі исламдық мәдени орталыққа айналды [9].

Екіншіден, «түркі-ислам синтезінің қалыптасуы» құбылысы X–XII ғасырларда пайда болса, бұл жерде шешуші кезең Қарахандықтар дәуірі. Олар исламды қабылдаған алғашқы ірі түркі әулеттерінің бірі ретінде түркілік саяси дәстүрді исламдық құқықтық және интеллектуалдық жүйемен байланыстырды [8]. Осы дәуірде мешіт, медресе, кесене, уақф сияқты институттар дамып, исламдық білім жүйесі орнықты. Ең маңыздысы ислам енді араб немесе парсы тіліндегі ғана құбылыс болып қалмай, түркі тілінде интеллектуалдық тілге айнала бастады. Мұны, Махмұд Қашқари Диуани лұғат ат-түрк, Жүсіп Баласағұни Құтадғу білік

сияқты еңбектерден көруге болады [10]. Қарахандық ортада түркі тілі әдеби және ғылыми ойды жеткізудің маңызды құралына айналды.

Үшіншіден, түркі ислам өркениеті анықтамасы болу керек. Мұнда өте маңызды теориялық айырмашылық бар. Түркі ислам өркениеті тең түркі мен ислам деген екі нәрсенің механикалық қосындысы емес. Ол түркілік тарихи-мәдени тәжірибе, исламдық дүниетаным, ғылыми-интеллектуалдық орта, әлеуметтік-саяси институттар арасындағы тарихи синтез. Сондықтан оның құрылымын былай көрсетуге болады: «дүниетанымдық тұрғыдан - Алла, адам, әлем, ақырет, тағдыр, жауапкершілік; діни тұрғыдан, иман, ислам, ихсан, Құран, сүннет; құқықтық тұрғыдан,ханафилік фиқһ, қоғамдық құқықтық тәртіп; ақидалық тұрғыдан, матуридилік рационалды теология; сопылық тұрғыдан, зікір, нәпсі тәрбиесі, ихсан; моральдық-этикалық тұрғыдан, әділет, білім, қанағат, аманат, адамгершілік; философиялық тұрғыдан, калам, фиқһ, хадис, тіл, медицина, математика, астрономия; тіл тұрғысынан түркі тілі мен әдебиеті, және ғылыми тіл ретінде дамуы; саяси тұрғыдан, исламдық билік ұстанымдарының түркілік мемлекеттік дәстүрмен тоғысуы; қалалық тұрғыдан, Түркістан, Отырар, Сауран, Сығанақ, Баласағұн, Қашғар, Бұхара, Самарқанд т.б.; сәулет тұрғысынан, мешіт, медресе, кесене, керуен-сарай, рабат; әдеби тұрғыдан, Қашқари, Баласағұни, Ясауи және кейінгі түркі әдебиеті; білім беру тұрғысынан, діни, рухани-педагогикалық ұстаз – шәкірт, тариқат, медресе, хикмет дәстүрі... Демек, дін оның бір ғана элементі емес, көптеген салаларды біріктіретін дүниетанымдық-нормативтік өзек ретінде қарастырылады[11].

Нәтиже. Түркі ислам өркениетін тек этникалық түркілер жасаған мәдениет деп шектесек, Фараби, Бұхари, Тирмизи, Хорезми сияқты тұлғаларды түсіндіруде қиындық пайда болады. Фараб, Бұхара, Отырар, Түркістан бір өркениеттік кеңістік. Мұнда тағы бір методологиялық мәселе бар. Сондықтан ғылыми тұрғыдан, түркі ислам өркениеті түркілер мекендеген немесе түркі саяси-мәдени ықпалы орныққан кеңістіктегі исламдық өркениеттің барлық интеллектуалдық және мәдени жетістіктерін қамтитын кең ұғым деп қарастыру орынды. Мысалы, әл-Фарабидің тікелей «түркі философиясын» жазғанын айту дұрыс емес. Бірақ оның Отырарлық интеллектуалдық мұрасы кейінгі түркі-исламдық саяси-философиялық ойдың қалыптасуына қатысы бар[12]. Сол сияқты Қарахандық кезеңдегі Баласағұни мен Қашқари исламдық білім кеңістігін түркі тілдік әлеммен байланыстырады. Яғни, Фараби деп исламдық философиялық рационализмді, Матуриди деп исламдық рационалды теологияны, Бұхари мен Термези деп хадисті, Қашқари деп түркі тілдік-мәдени сананың ғылыми жүйеленуін, Баласағұни деп исламдық саяси-этикалық ойдың түркі тіліндегі көрінісін, Ясауи деп исламдық руханияттың түркілік тілдегі және көшпелі ортадағы трансформациясы деген сияқты тарихи-интеллектуалдық желіні көруге болады[12].

«Түркі ислам өркениетінде Ясауидің орны қандай?» Жалпы Ясауиді осы өркениеттің «бастауы» деп көрсету ғылыми тұжырымға сай бола бермейді. Өйткені Ясауиге дейін Орталық Азияда исламдық ғылым, фиқһ, хадис, калам, философия және қала мәдениеті әлдеқашан дамыған болатын[13]. Бірақ Ясауидің тарихи маңызы басқа, ол исламдық рухани дүниетанымды түркі тілінде, түркілік әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеп жеткізудің аса ықпалды формасын қалыптастырды.

Сондықтан Ясауи феноменін ислам, түркі тілі, түркілік дүниетанымдық орта, рухани-этикалық тәрбие, кең түркі әлемі деген трансформациялық арна ретінде қарастыруға болады [6]**.** Ясауидің түркілерді исламдандырудағы рөлі анық, ықпалды, тіпті маңызды болғанымен, оны бүкіл түркі әлемінің исламдануының жалғыз себебі ретінде көрсету ғылыми тұрғыдан тым жұтаң пайым болар еді.

Меніңше, ғылыми-философиялық тұрғыдан исламды түркілік мәдени кеңістікке орнықтыру - оны түркі қоғамында тек сенім жүйесі ретінде емес, білім, мораль, құқық, мемлекет, қала, әдебиет және әлеуметтік қатынастар жүйесі ретінде таныту керек. Ислам жаһандануы кезінде түркі тілінің өркениеттік тілге айналып, Қашқари мен Баласағұниден Ясауиге дейінгі желіде түркі тілі қарапайым ауызекі қатынас құралы деңгейінен, білім мен дүниетанымды жеткізетін тіл деңгейіне көтерілді [6]. Түркі ислам өркениетінде рационалдық пен руханияттың қатар дамуын, Фараби–Матуриди-Иасауи интеллектуалдық бағыты мен сопылық дәстүрді бір-бірін толықтыратын әртүрлі арналар ретінде зерттелуі тиіс.

Сондықтан түркі ислам өркениетінің мәнін тек «сопылық құбылысымен» өлшеу де дұрыс емес. Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің байланысы Сыр бойы, Қаратау, Жетісу, Мәуереннахр сияқты аймақтарда қала мен дала бір-біріне қарама-қарсы емес, сауда, дін, білім, қолөнер және саяси байланыстар арқылы бір жүйеге кірікті. Адамның кемелдікке ұмтылысы идеясы - мұнда Ясауи ілімінің орны ерекше маңызды [14]. Исламның «иман, ислам, ихсан» жүйесі түркі сопылық философиясында өзін тану, нәпсіні тәрбиелеу, инсан ал-камил, қоғамды ізгілендіру түрінде сабақтасып жатыр. Сондықтан өркениеттің философиялық өзегін «адамның кемелденуі арқылы қоғамның ізгіленуі» деп тұжырымдауға болады[6].

Ғылыми модель тұрғысынан түркі ислам өркениеті исламдық дүниетанымды, түркілік тарихи-мәдени тәжірибені, ғылыми рационалдықты, мемлекеттік-саяси институттарды, қалалық мәдениетті, рухани-этикалық дәстүрді және түркі тілінің өркениеттік қызметін біріктіреді. Оның тарихи динамикасы мәдени синтез, интеллектуалдану, институционалдану, кеңею және түркі әлемінің ортақ өркениеттік жадының қалыптасуы арқылы көрінеді. Сондықтан түркілену мен исламдануды бірін-бірі жоққа шығаратын емес, өзара ықпалдасқан тарихи үдерістер ретінде қарастырған жөн [8]. .

Өркениетті тек «мешіттің құрылысы» деген өлшеммен анықтау жеткіліксіз. Исламдық өркениет діни институттан қоғамдық жүйеге дейін көрінуі керек. Негізінен «Түркі ислам өркениетінің» өркениеттік сипаттарын жасап, Сыр бойындағы Отырар, Шірік-Рабат, Сауран, Ясы, Сығанақ, Жанкент т.б. қалаларды сол индикаторлар бойынша дәлелдейтін төмендегідей ғылыми матрица құруға болады [3].

1-Исламдану – исламның қоғамдағы орны, мұсылман қауымы;

2-Діни институттар – мешіт, медресе, ханақа, діни қызмет;

3-Исламдық жерлеу мәдениеті – мұсылман зираты, кесене, қабір мәдениеті;

4-Білім жүйесі – медресе, кітап, жазба мәдениет, ғұламалар;

5 - Құқықтық жүйе – шариғат, қазы, уақф және қоғамдық реттеу;

6-Интеллектуалдық мәдениет – фиқһ, хадис, калам, философия, ғылым;

7-Түркі тілдік орта – исламдық ұғымдардың түркі тілінде берілуі;

8-Сопылық – тариқат, ханақа, зиярат, әулиелік мәдениет;

9-Қалалық исламдық құрылым – мешіт–медресе–базар–керуенсарай жүйесі;

10-Сауда және коммуникация – керуен жолдары;

11-Мемлекеттік-саяси өлшем – исламның мемлекет және билік институттарымен байланысы;

12-Өркениеттік жады – қасиетті орындар, тарихи тұлғалар, жазба және сәулеттік мұра.

Яғни, ислам – бір ғана мешіт немесе кесене, қаланы - «түркі ислам өркениетінің орталығы» деп атауға жеткіліксіз. Оның исламдық институттар, білім, сауда, қала құрылысы, тіл, құқық және рухани мәдениет жүйесіне қатысын бірге қарастыру қажет [15].

Осы шаблонды Сыр бойы–Қаратау кеңістігіне қолдансақ, Отырар интеллектуалдық-ғылыми орталық. Негізгі функциясы – ғылым, қала, сауда, исламдық білім. Отырарды түркі ислам өркениетінің ең маңызды интеллектуалдық тораптарының бірі ретінде қарастыруға болады. Археологиялық зерттеулер Отырардың күрделі қалалық құрылымын, тұрғын үйлерін және ұзақ мерзімді қала мәдениетін көрсетеді. Ал Отырарлық Әбу Насыр әл-Фараби осы кеңістіктің кейінгі исламдық интеллектуалдық тарихындағы символдық әрі ғылыми маңызын арттырады [3]. Индикаторлары – қала, сауда, білім, ғылым, исламдық мәдениет, түркілік тарихи орта. Сондықтан Отырар - түркі ислам өркениетінің интеллектуалдық қақпасы.

Сауранды тек әскери бекініс деп түсіндіру жеткіліксіз. Сыр бойындағы қалалардың ерекшелігі олардың дала мен отырықшы өркениетті жалғастыруы. Сауран тең түркі ислам өркениетінің урбанистік-әскери торабы. Сығанақ саяси-мемлекеттік орталық. Сығанақтың ерекшелігі басқа. Ол әр кезеңде Қыпшақ, Ақ Орда және Қазақ хандығы тарихымен байланысты ірі саяси орталық болған [16]. Ортағасырлық деректерде оның Сыр бойындағы маңызды қала екені көрсетіледі. Сондықтан Сығанақты саяси билік, қала, сауда, исламдық мәдениет түйіскен орталық ретінде қарастырған дұрыс.

Жанкент Сырдың төменгі ағысындағы транзиттік торап. Жанкенттің ерекшелігі оның төменгі Сырдариядағы қала, сауда және дала әлемінің байланысын көрсетуі. Оны Арал–Сырдария–Хорезм бағытындағы коммуникациялық өркениет торабы ретінде зерттеу орынды. Ясы–

Түркістан рухани орталық. Мұнда өркениеттің ең толық формаларының бірі көрінеді. Ясы/Түркістанда – қала, ислам, зиярат, сопылық, кесене, ханақа, саяси орталық, рухани жады бір кеңістікте тоғысады.

ЮНЕСКО Ясауи кесенесін исламдық діни сәулеттің дамуына елеулі үлес қосқан Тимур билігі дәуірінің көрнекті ескерткіші ретінде сипаттайды. Расында, кешен ханақа, кесене және мешіттік функцияларды біріктірген көпфункционалды құрылым болған. Сондықтан Түркістан - түркі ислам өркениетінің рухани-символдық орталығы [1]. Ал Ясауидің тарихи рөлі осы жерде ерекше исламдық руханият, түркі тілі, хикмет, сопылық тәрбие, зиярат мәдениеті, түркі әлемінің рухани жады.

Талқылау. Сыр бойы–Қаратау–Түркістан кеңістігіндегі түркі ислам өркениеті бір ғана діни орталықтан немесе саяси мемлекеттен құралған жоқ. Ол әртүрлі қызмет атқарған қалалар, діни-білім беру кешендері, сауда және коммуникация жолдары, суару жүйелері, киелі жерлеу орындары мен рухани орталықтар арқылы қалыптасқан өзара байланысты тарихи-мәдени жүйе болды [17]. Осы жүйеде Түркістан қала, мешіт, ханақа, зиярат, сопылық, кесене және саяси-рухани жады тоғысқан кеңістік ретінде ерекшеленді.

Исламның Орталық Азияға енуін бір ғана «Талас шайқасымен» түсіндіру ғылыми тұрғыдан дұрыс емес [18]. Бұл ғасырларға созылған күрделі тарихи үдеріс. VIII ғасырдан бастап арабтар мен түркілердің байланысы арта түсті. Самани мемлекеті тұсында ислам Мауараннахрда орнығып, түркілердің саяси және мәдени ортасына тереңдей енді. X ғасырда Қарахан мемлекетінің исламды мемлекеттік деңгейде қабылдауы түркі ислам тарихындағы ірі бетбұрысқа айналды. Осы кезеңнен бастап ислам дін ретінде ғана емес, қоғамдық институт, білім жүйесі, құқықтық-саяси мәдениет және өркениеттік бірегейлік деңгейіне көтерілді [6].

А. Мецтің «Мұсылмандық Ренессанс» («Die Renaissance des Islams», 1922) еңбегінде X–XI ғасырлардағы мұсылман әлемінің мәдени-интеллектуалдық өрлеуі кеңінен қарастырылады [19]. Бұл кезеңде ғылым, философия, әдебиет, қала мәдениеті, білім беру және мемлекеттік басқару салалары қарқынды дамыды. Осы даму Мауараннахр, Сырдария бойы және Орталық Азияның қалалық мәдениеті аймағында ерекше орын алды. Сондықтан Сыр бойын географиялық шекара ғана емес, түркілік дала мен исламдық қалалық мәдениетті жалғастырған өркениеттік дәліз ретінде қарастыруға болады.

Сонымен қатар түркі даласында исламның орнығуы араб-парсы мәдениетінің ықпалымен ғана жүрген жоқ [7]. Түркілердің өз ортасынан исламдық ғылым мен философияның ірі өкілдері шықты. Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Мансур әл-Матуриди, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари және Ахмет Ясауи түркі-мұсылман өркениетінің интеллектуалдық және рухани негіздерін қалыптастырған тұлғалар болды [20]

Әл-Фараби феноменін «ұлы қазақ философы» немесе «араб тілінде жазған түркі ойшылы» деген ұлттық анықтамалармен шектеуге болмайды [21]. Оның тарихи орны грек философиялық мұрасын исламдық таным кеңістігінде қайта тұжырымдауынан көрінеді. Фараби үшін адам жеке тіршілік иесі ғана емес, қоғамдық және моральдық болмыс. Оның «Парасатты ел тұрғындарының көзқарастарының төркіні» деген трактатында адамзат қоғамының түпкі мақсаты бақытқа жетумен байланыстырылады [22]. Фараби адамның кемелдігі жеке даралықта емес, ізгі қоғаммен байланыста жүзеге асатынын көрсетті. Бұл қағида кейінгі түркі-мұсылман саяси-философиялық жүйесіне зор ықпал етті.

Сонымен қатар түркі ислам өркениетін түсінуде Әбу Мансур әл-Матуридидің орны ерекше. Матуриди мектебі ақида мәселесінде ақыл, нақыл және адам жауапкершілігінің арақатынасын үйлестіруге ұмтылды [19]. Бұл ұстаным түркі мұсылмандарының діни танымының қалыптасуына негіз болды. Матуриди ілімінде адамның ақыл-ой мүмкіндігі жоққа шығарылмайды, сондықтан исламдық ақида рационалды ойлауға қарсы қойылмайды. Осыдан түркі ислам өркениетінің маңызды сипаты – иман мен ақылдың, дін мен білімнің, уахи мен рационалды танымның үйлесімі көрінеді. Бұл қағида кейін қазақтардың діни танымының да терең қабаттарының біріне айналды.

Жүсіп Баласағұнидің «Құт адғу білігі» – түркі ислам өркениетінің саяси-этикалық философиясын танытатын аса маңызды жәдігер [23]. Шығармада исламдық мораль түркілік мемлекеттік ойлау дәстүрімен тоғысады. Оның өзегінде әділет, ақыл, қанағат және ізгілік категориялары жатыр. Мемлекетті басқару күш қолдану арқылы емес, моральдық

жауапкершілік ретінде қарастырылып, бұл қағида қазақтың кейінгі саяси мәдениетіндегі әділет, елдік, бірлік, төрелік және ар ұғымдарымен үндестік табады.

Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің маңызы сөздіктің аясынан әлдеқайда кең [24]. Қашқари түркі тілін ғылыми тұрғыдан сипаттай отырып, түркі дүниесінің этникалық, географиялық, әлеуметтік және мәдени кеңістігін танытты. Бұл еңбекте тіл жай қатынас құралы емес, халықтың дүниені тану тәсілі ретінде көрінеді. Ислам діні ұғымдары түркі тілінің философиялық мүмкіндіктерін кеңейтті. Соның нәтижесінде иман, ақиқат, әділет, мағрифат, хақ, нәпсі, жүрек, ғашықтық, тағдыр, сабыр және шүкір секілді ұғымдар түркілік ойлау кеңістігіне орнықты.

Түркі ислам өркениетінің қазақ даласындағы рухани мәнін Ахмет Ясауи мұрасынсыз түсіну мүмкін емес [25]. Оның тарихи қызметін сопылық тариқаттың негізін қалаумен ғана шектеу жеткіліксіз. Ясауи исламның күрделі рухани ұғымдарын түркі тілінде түсіндіріп, оларды халықтың мәдени ортасына енгізді. Ясауи іліміндегі шариғат, тариқат, мағрифат және хақиқат адамның рухани кемелденуінің өзара сабақтас сатылары ретінде көрінеді. Мұндағы негізгі мәселе сыртқы діни талаптарды орындаумен шектелмейді, адамның ішкі әлемін кемелдендіруді де қамтиды. Ясауидің «хал ілімі» өзін тану, нәпсіні тәрбиелеу, моральдық еркіндікке жету, қоғамдық жауапкершілікті сезіну және Алламен байланысты айқындау мәселелерін кешенді түрде біріктіреді [26].

Ясауи мұрасының маңызы ислам мен түркілік болмысты тұтас қарастыруында жатыр. Ол исламның күрделі діни-философиялық мазмұнын халыққа түсінікті тілде жеткізді. Бұл тілдік таңдау кездейсоқ емес еді. Ана тіліндегі діни танымдық кешен діннің қоғамдық санаға орнығуының негізгі шарттарының бірі болды. Ясауи исламның сыртқы формаларын ғана емес, ішкі мәнін де түркі халықтарының тәжірибесімен сабақтастырды. Қазақ даласындағы исламның тарихи ерекшеліктерінің бірі де оның түркі тілінде түсіндіріліп, жергілікті әлеуметтік-мәдени құндылықтарымен ұштасуынан көрінеді [27].

Сонымен А. Мец сипаттаған «мұсылмандық Ренессанс» құбылысын Орталық Азиядан бөліп қарау мүмкін емес. Оның IX–X ғасырлардағы ислам әлемінің ғылыми, философиялық және мәдени дамуы туралы тұжырымдары Мауараннахр мен Хорасанды да қамтиды. Ислам ренессеансы Сырдария бойындағы Фараб, Испиджаб, Шаш, Ясы, Сауран, Жент және Сығанақ сияқты қалалар исламдық білім, қалалық мәдениет және түркілік әлеуметтік ортаның тоғысқан орталықтарын да ішіне алды. Сондықтан Сыр бойын түркі ислам өркениетінің шекаралық аймағы емес, оның тарихи, интеллектуалдық және рухани өзектерінің бірі ретінде қарастыруға болады [28].

Түркі ислам өркениетін тек қалалық мәдениетпен шектеу де дұрыс емес [29]. Түркістан, Отырар, Сауран, Сығанақ, Тараз және Баласағұн ғылымның, білімнің, сауданың және діни мәдениеттің орталығы болса, дала көшпелі әлеуметтік тәртіпті, әскери мәдениетті, ауызша тарихи жадты, дәстүрлі құқықты, еркіндік пен жауапкершілік ұғымдарын сақтады. Қала мен дала бір-біріне қарсы қойылған екі әлем емес, қала білім мен жазба мәдениетті дамытса, дала сол құндылықтарды кең әлеуметтік ортаға таратты. Осы тұрғыдан қазақ даласындағы ислам өркениетін қалалық және далалық мәдениеттердің өзара тоғысуы нәтижесінде қалыптасқан құбылыс деп түсінуге болады.

Қорытынды. Қазақ қоғамында шариғат, әдет-ғұрып және билер институты да өзара ықпалдасып отырды. Исламдық құқық пен әдет-ғұрыпты толық теңестіруге болмайды, бірақ олардың арасында тарихи сабақтастық пен диалог болғаны анық. Ислам әділет, аманат, жауапкершілік, неке, мұра, садақа, адалдық, қарыз және ант секілді нормаларды бекітсе, дала қоғамы оларды өзінің әлеуметтік құрылымы мен тарихи тәжірибесіне бейімдеді. Соның нәтижесінде қазақтың құқықтық мәдениеті жазба нормалар мен дәстүрлі тәжірибені ұштастырған жүйе ретінде қалыптасты.

Ислам түркілердің Тәңір туралы түсінігін таухид қағидасы арқылы қайта пайымдады. Алла әлемнің бірден-бір Жаратушысы ретінде танылып, табиғаттың киелілігі мен Жаратушының абсолюттілігі ажыратылды [17]. Түркілік «құт» ұғымы да жаңа моральдық мазмұнға ие болды. Билік сакралды құқық қана емес, халық алдындағы аманат әрі жауапкершілік ретінде түсіндірілді. Ал «ел» ұғымы исламдық үммет идеясымен тоғысып,

қоғамдық бірлік қандастықпен ғана емес, ортақ сенім мен құндылықтар арқылы да негізделе бастады.

Көшпелілердегі батырлық идеалы исламдық моральмен толығып, рухани ерлік түсінігіне ұласты. Ерлік енді жаумен күресумен шектелмей, өзін, нәпсіні тәрбиелеу, әділетті қорғау, әлсізге жәрдем беру және аманатқа адал болу сияқты өлшемдермен тереңдеді. Бұл өзгерісте сопылық ілімінің орны айрықша. Онда адамды сыртқы күшке сүйенуден ішкі жауапкершілікке бағыттап, ең үлкен күресті адамның өз нәпсісімен күресі ретінде түсіндірді. Иасауи ілімі арқылы түркі ислам мәдениетінде рухани кемелдену идеясы тереңдей түсті.

Қазақ хандығы XV ғасырда құрылғанымен, қазақ халқының рухани-мәдени қалыптасуы одан әлдеқайда ерте басталды. Қарахан дәуірінде орныққан түркі ислам мәдениеті Қыпшақ даласында жалғасып, Алтын Орда кезеңінде саяси және мәдени ықпалын күшейтті. Бұл сабақтастық кейін Қазақ хандығына өтті. Сондықтан қазақтың рухани тарихын XV ғасырдан бастау осындай сабақтастықты елемеуге әкеледі [18]. Қазақтың тілі, әдет-ғұрпы, моральдық түсініктері, батырлық эпосы, билер сөзі, діни танымы, жерлеу мәдениеті мен қасиетті орындары түркілік және исламдық қабаттардың тоғысуынан қалыптасты.

Бұл өркениеттік сабақтастық Абай шығармашылығында жаңа философиялық деңгейге көтерілді. Абайдың иман, жүрек, әділет, рақым, махаббат, ақыл және толық адам туралы ойлары қазақ даласындағы исламдық философияның жаңа интеллектуалдық кезеңін танытады [30]. Оның «имани гүл» тұжырымы рухани кемелденуді иманмен, махаббатпен және моральдық жауапкершілікпен байланыстырады. Абайды Ясауиден бөлек қарау да, оның тікелей қайталаушысы санау да дұрыс емес [1]. Ясауи исламның рухани мазмұнын түркі дүниесінің тіліне енгізсе, Абай исламдық моральды жаңа әлеуметтік, интеллектуалдық және отарлық жағдайда қайта тұжырымдады.

Түркі ислам өркениетінің ірі ойшылдарын біріктіретін негізгі мәселе – адамның кемелденуі. Әл-Фарабиде ол қайырымды адам мен ізгі қоғамнан, Матуридиде ақыл мен жауапкершілік иесі тұлғадан, Баласағұниде әділет пен парасаттан, Қашқариде тіл мен мәдени жадты сақтаудан, Ясауиде нәпсіні тәрбиелеуден, ал Абайда ақыл, жүрек және қайрат үйлесімінен көрінеді [31] Бұл ойшылдар бір мектептің немесе тікелей шәкірттік сабақтастың өкілдері емес. Олардың арасындағы байланыс – өркениеттік, тілдік, интеллектуалдық және тарихи сабақтастық. Барлығының ойында өркениеттің түпкі мақсаты материалдық игілікпен емес, адам сапасын қалыптастырумен өлшенеді.

Сыр бойы осы тарихи өзгерістердің аса маңызды кеңістігі болды. Фараб–Испиджаб–Ясы–Сығанақ желісінде көшпелі дала мен отырықшы қала, түркілік және исламдық мәдениет, сауда мен білім, саяси билік пен рухани бедел, философиялық рационализм мен сопылық тәжірибе тоғысты [5]. Демек, Сыр бойын географиялық аймақ қана емес, өркениеттік коммуникация кеңістігі ретінде түсіндіру қажет. Мұнда тіл, ойлау, құқық, әдет, этика, өнер, сәулет, жазу, әдебиет, кәсіп және білім өзара байланысқан мәдени жүйе қалыптасты. Ислам бұл жүйеге сырттан қосылған жеке қабат емес, оның дүниетанымдық және этикалық нормаларын қайта ұйымдастырған маңызды фактор болды.

Қорытындылай айтқанда, қазақ даласындағы түркі ислам өркениеті – түркілік мәдени болмыс пен исламдық танымның тарихи сұхбатынан туған философиялық-мәдени синтез. Оның басты мұраты – білімді адамды, әділетті қоғамды, жауапты билікті және кемел тұлғаны қалыптастыру. Сондықтан бұл мұра өткеннің музейлік жәдігері ғана емес, қазақ қоғамының тарихи өзін-өзі түсінуінің маңызды интеллектуалдық негіздерінің бірі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Мемлекет, оның басқару формалары./ Жалпы редакциясын басқарған З:Л Шаукенова, С.Е. Нұрмұратов. –Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, Саясаттану, және дінтану институты, 2014. - 224 б.
2. Ahmet Arslan. İbn Haldunun İlim ve Fikir Dünyası. –Ankara: Vadi yay., 1997. -472 s.
3. Ali Güler, Suat Akgül, Atilla Şimşek. Türklük Bilgisi. –Ankara: Türkar yay, 2001. – 591 s.
4. M.G.S. Hodgson. İslamın Serüveni. çev: Alp Eker ve başkaları. İkinci Cilt. –İstanbul: İz yayıncılık. 1993. – 639 s.
5. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Иасауи дүниетанымы. Түркістан, 2004 ж 292 б.
6. Кенжетай Д. Иасауи дүниетанымы. –Алматы: Арыс, 2008. – 368 б.
7. Muhammet Savaş Kavkasyalı-editör. II cilt. Orta Asyada İslam: Temsilden Fobiye.-Ankara-Türkistan: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, 2012. – 1285 s.

8. Ömer Soner HUNKAN. Türk Hakanlığı (KARAHANLILAR) Kuruluş-Gelişme-Çöküş (766-1212)7 –İstanbul: İQ Kültürsanat Yay, 2007.- 528 s.
9. Sadettin Elibol. İnsanlığın Tarihi Üzerine. Ankara: Akçağ Yay, 1989. – 128 s.
10. Нұртазина Н.. Қазақ мәдениеті және Ислам: – Алматы, 2002, 103 б.
11. Will Durant. Medeniyetin Temelleri. Çev: Nejat Muallioğlu. – İstanbul: Birleşik Yay, 1996. – 184 s.
12. Mehmet Aydın. Türklerin Felsefe Kültürüne Katkıları.- Ankara: AYK., 1997. – 74 s.
13. Murteza Bedir. Buhara Hukuk Okulu. –İstanbul: İSAM yay, 2014. -253 s.
14. Қожа М. Иасы – Түркістан тарихы. (Ерте заманнан XVIII ғасырға дейін). Алматы, ҚАЗ ақпарат, 2000, - 133 б.
15. Felsefelogos. Tarih Bilinci. Yıl 3. Sayı 9. –istanbul: Bulut yay, 2000/1. – 199 s.
16. Jean Paul Roux. Orta Asya Tarih Ve Uygarlık. Çev: Lale Arslan. –İstanbul: Kabalcı Yay, 2001.- 502 s.
17. Нұрмұратов С. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау. –Алматы, ҚР БҒМ Философия және саясаттану институты 2003. -180-бет. Қожа Ахмет Иасауи іліміндегі рухани құндылықтар жүйесі. 96 б. (84-99)
18. Халид Құрбанғали. Тауарих Хамса (Бес тарих). Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1992. – 304 б.
19. Adem Asalıoğlu. İslamda Felsefi Düşünce Tarihi. – Türkistan: AYÜ., 2008.- 226 s.
20. Ражабов Қахрамон. Бухоро тарихи. –Тошкент: «Тафаккур», 2016. – 460+VIII бет. нашр.
21. Мец Адам. Мусульманский Ренесанс. Пер. С нем., Д.Е Бертельса. –Москва: «ВиМ», 1996. – 544 с
22. Жеңіс Жомарт. Ортағасырлардағы Тұрандықтар және Иран (XI-XIY ғ.ғ. түркілер билігі тұсындағы Ирандағы діни, саяси, және мәдени дамулар). –Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2004. -223 б.
23. Кенжетаев Д. Қазақ мұсылман ғұламалары. – Шымкент: Асқаралы баспасы, 2009. -136 бет
24. Ebu Nasr El Farabi. Al-Madinat-ül Fadıla. Haz: Arslan A.-Ankara: Vadi Yay., 1997. - 344 s.
25. Әбу Мансұр әл-Матуриди. «Китаб-ут-таухид». Дайындаған: Фатхуллah Хулайф. Байрут-Istanbul: 1970. - 393-401 бб;
26. Yusuf Has Hacip. Kutadgu Bilig I.Haz: Reşid Ahmeti Arat.-Ankara: Türk Dil Kurumu, 1998.- 656 s
27. Kaşgarlı Mahmut. Divanü Lugat itTürk/Çeviren Besim Atalay. 4 baslı. –Ankara: Türk Dil Kurumu. -1998.- 530 s.
28. Кенжетай Д.Т. Қазіргі жағдайдағы исламның әлеуметтік тұжырымдамасының негіздері. – Астана: Әдістемелік құрал. – 2011. -170 бет.
29. Досай Кенжетай. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адам мәселесі// Әл-Фараби. -2012. – Б 45-56 ,
30. Karen Armstrong. Tanri'nin Tarihi: Ibrahim'den Gunumuze 4000 yillik Tanri Arayisi. Cevirenler: Oktay Ozel; Hamide Koyukan; Kudret Emiroglu; Ankara: Ayrac Yayinevi., 1998. s.-309.
31. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. –Алматы: Жазушы, -Т. 2: Өлеңдер мен аудармалар. –2002. –336 бет.

ИМАМ АХМАД АЛ-ДЖАНДИ И МАЗАР ТУРК-И ДЖАНДИ В БУХАРЕ: К ИСТОРИИ САКРАЛЬНОЙ ТОПОГРАФИИ ГОРОДА

IMAM AHMAD AL-JANDI AND THE MAZAR OF TURK-I JANDI IN BUKHARA: TOWARDS A HISTORY OF THE CITY'S SACRED TOPOGRAPHY

Комилжон Рахматович Рахимов[1]
Komiljon Rahmatovich Rahimov[2]

Введение

Историческая Бухара представляет собой пример города, сакральная и социальная топография которого формировалась на протяжении многих столетий. Мечети, медресе, мазары, кладбища, кварталы и дороги не только отражали структуру городской жизни, но и становились центрами формирования коллективной памяти. Одним из таких мест является расположенный в южной части старой Бухары комплекс Турк-и Джанди, включающий мавзолей, мечеть, кладбище и позднейшие сооружения.

Несмотря на известность этого памятника в краеведческой, исторической и архитектуроведческой литературе, происхождение его названия, история формирования сакрального пространства и соотношение между средневековой фигурой имама Ахмада ал-Джанди и позднейшим названием «Турк-и Джанди» остаются вопросами, требующими специального рассмотрения. Особый интерес представляет соотношение двух ономастических форм: ранней арабской нисбы *ал-Джанди*, засвидетельствованной средневековыми биографами, и сочетания *Турк-и Джанди*, закрепившегося за кладбищем, мавзолеем, кварталом и улицей значительно позднее.

Задача настоящего исследования состоит не в реконструкции всей истории Бухары или истории тюркских племён Мавераннахра, а в прослеживании истории одного конкретного сакрального топоса и основных этапов его формирования. Для этого сопоставляются сведения средневековых письменных источников, археологические данные, материалы по исторической топографии Бухары, вакуфные документы и более поздняя историографическая традиция.

Особое значение имеют сведения Абу Са'да ас-Сам'ани (1113–1166), автора *Китаб ал-Ансаб* XII в., в котором содержится биографическая запись об Абу Насре Ахмаде б. ал-Фадле б. Мусе ал-Музаккаре ал-Джанди; *Китаб-и Мулла-заде*, составленная в конце XIV – начале XV в.; исследования О. А. Сухаревой (1903–1983) по исторической топографии и квартальной организации Бухары; археологические исследования Б.А. Казакова (1936–2014), Б. Д. Кочнева (1940–2002) и Е. Г. Некрасовой; а также документы и публикации XIX–XX вв., в которых фиксируется название Турк-и Джанди [1–5].

Методологически важно разграничивать источниковые данные и их последующую интерпретацию. Раннее существование нисбы *ал-Джанди* является источниковым фактом. Её связь с городом Джанд соответствует функции географической нисбы в арабо-мусульманской традиции. Иное положение занимает форма *Турк-и Джанди*: она известна по значительно более поздним материалам, поэтому вопрос о первоначальном значении её первого компонента требует отдельного рассмотрения. В частности, гипотеза о связи *Турк-и* с памятью о тюркском или туркменском населении, связанном с Джандом, должна рассматриваться как историческая реконструкция, а не как непосредственно установленный факт.

1. Имам Ахмад ал-Джанди и ранняя история *нисбы*

Полное имя лица, с которым позднейшая бухарская традиция связывает мазар Турк-и Джанди, передаётся как Абу Наср Ахмад б. ал-Фадл б. Муса ал-Музаккар ал-Джанди. Наиболее ранняя известная нам биографическая фиксация этого имени представлена у Абу Са'да ас-Сам'ани в *Китаб ал-Ансаб*. При составлении *Ансаба* ас-Сам'ани использовал более ранние биографические и генеалогические материалы, в том числе сведения, восходившие к

[1] Институт востоковедения имени Абу Райхана Беруни Академии наук Республики Узбекистан, Ташкент, Республика Узбекистан, директор; доктор исторических наук, профессор; kom_rah@mail.ru, ORCID ID 0000-0003-0656-0546

[2] Abu Rayhan Beruni Institute of Oriental Studies, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Tashkent, Uzbekistan, Director; Doctor of Historical Sciences, Professor

сочинениям его предшественников. Поэтому при реконструкции биографии Ахмада ал-Джанди следует учитывать не только время составления труда ас-Сам‘ани, но и более раннюю источниковую основу, которой располагал его автор [4].

Ахмад ал-Джанди был связан с религиозной интеллектуальной средой Бухары X – начала XI в. В позднейшей бухарской традиции его связь с Абу Бакром б. Абу Исхаком ал-Калабади приобретает более определённый характер: в *Китаб-и Мулла-заде* Ахмад назван учеником и сподвижником Калабади и представлен как авторитетный имам [2, с. 94].

Различие между ранней биографической фиксацией и позднейшим рассказом имеет принципиальное значение. Для ас-Сам‘ани Ахмад ал-Джанди предстаёт прежде всего как представитель религиозно-учёной среды. В *Китаб-и Мулла-заде*, созданной несколько столетий спустя, его образ уже включён в традицию памяти о почитаемых шейхах Бухары. Вместе с изменением характера повествования меняется и статус места его погребения: могила учёного оказывается частью сакральной географии города. Таким образом, необходимо различать два исторических процесса: существование Ахмада ал-Джанди как представителя религиозно-ученой среды X – начала XI в. и формирование позднейшей традиции почитания его могилы. Эти процессы хронологически не совпадают и не должны искусственно объединяться.

Особое значение для понимания этой истории имеет сама нисба *ал-Джанди*. В арабо-мусульманской ономастической практике нисба могла обозначать происхождение человека из определённого города или местности, его территориальную связь с ними либо принадлежность к соответствующей социальной среде. В данном случае форма *ал-Джанди* естественным образом соотносится с Джандом – известным средневековым городом нижнего течения Сырдарьи. Поэтому наиболее надёжным исходным значением нисбы следует считать её географическую связь с Джандом.

Отсюда вытекает принципиальное для дальнейшего исследования различие: средневековая форма имени Ахмада – *ал-Джанди* – и позднейшее название сакрального комплекса – *Турк-и Джанди* – не являются тождественными. Между ними может существовать историческая связь, однако её конкретный характер требует отдельного рассмотрения. В частности, необходимо установить, когда и в каком контексте появляется компонент *Турк-и* и отражал ли он первоначально этническую принадлежность, происхождение из определённой группы населения или уже сложившееся местное название сакрального пространства.

2. Джанд и Бухара: география нисбы

Средневековый Джанд был одним из значительных городов нижнего течения Сырдарьи. Он располагался в зоне взаимодействия оседлого мусульманского населения и тюркского мира и имел важное торговое и политическое значение. В географической литературе город помещался в нижнесырдарьинском регионе; Йакут называл его крупным городом Туркестана, расположенным примерно в десяти днях пути от Хорезма, за рекой Сайхун. В *Худуд ал-‘алам* Джанд упоминается как город, находившийся примерно в двадцати переходах от Отрара [4, с. 130]. Значение Джанда подтверждается и историческими свидетельствами. Ибн ал-Асир неоднократно упоминает город в связи с событиями XI–XIII вв., а также с ранней историей Сельджуков. Согласно его сообщению, Сельджук умер в Джанде и был там похоронен. В другом месте Ибн ал-Асир рассказывает о походе Алп-Арслана в Джанд и Сабран в 1064/1065 г. и о его встрече с правителем Джанда [6, с. 573]. Для истории Бухары особенно интересно другое сообщение Ибн ал-Асира: потомки Сельджука поселились вблизи Бухары, на расстоянии около двадцати фарсахов от города [6, с. 567]. Этот сюжет указывает на существование связей между нижнесырдарьинским регионом и Бухарским оазисом, которые могли носить не только торговый и военно-политический, но и миграционный характер.

Вопрос о присутствии в Бухарском оазисе групп, связанных с районом Джанда, поэтому вполне закономерен. Однако здесь необходимо избегать слишком прямой реконструкции. Сам факт существования нисбы *ал-Джанди* не доказывает принадлежность её носителя к определённому этническому племени. Средневековая нисба могла указывать на происхождение из города, место проживания, семейную связь или более сложную социально-территориальную идентичность.

В то же время письменные и топонимические данные свидетельствуют о присутствии тюркских групп в Бухарском оазисе. В документах XIV–XVI вв., например, встречаются названия Турк и Туркмондиза, а также другие топонимы, связанные с тюркским или туркменским населением [7, с. 130–131, 134–135, 137, 139, 142, 146–147, 149, 223–224; 8, с. 163]. Эти данные показывают, что обозначения, связанные с тюркским населением, участвовали в формировании местной топонимии.

Таким образом, Ахмад ал-Джанди был связан с Джандом, а Бухарский оазис представлял собой пространство, в котором могли взаимодействовать выходцы из нижней Сырдарьи и различные тюркские группы. Однако прямое отождествление Ахмада с конкретным «туркменским племенем Джанда» не может быть выведено из его нисбы и требует дополнительных доказательств. Поэтому вопрос о том, были ли историческая связь Ахмада с Джандом и память о тюркском населении соединены уже в названии места, следует рассматривать отдельно.

3. От могилы учёного к сакральному месту

История мазара Турк-и Джанди начинается не с появления его позднейшего названия, а значительно раньше – с существования места погребения Ахмада ал-Джанди. Однако между временем его смерти и появлением письменных свидетельств о почитании его могилы существует значительный хронологический интервал. Это не позволяет без дополнительных оговорок реконструировать непрерывную историю культа и требует разграничивать археологические свидетельства о развитии места и письменные данные о его религиозном значении.

Археологические исследования показали, что под позднейшим кладбищем располагались слои плотно застроенного жилого квартала IX–X вв. [3]. Это позволяет рассматривать первоначальное погребение и последующее формирование мемориального пространства в контексте городской застройки южного рабата Бухары, а не как возникновение священного места в изолированном загородном пространстве. Тем самым история данного объекта оказывается непосредственно связанной с изменениями городской среды. Особое значение имеют археологические наблюдения за развитием территории вокруг места погребения. В непосредственной близости от первоначальной усыпальницы последовательно возникали новые захоронения, после чего кладбище стало расширяться вокруг мемориального сооружения [3]. Постепенное увеличение числа погребений позволяет говорить о формировании некрополя, пространственным центром которого становилось место, связанное с памятью об Ахмаде ал-Джанди. Следовательно, сакральный характер данной территории целесообразно рассматривать как исторический процесс, а не как результат единовременного создания специально организованного религиозного комплекса.

Вместе с тем археологические данные требуют осторожной интерпретации. Наличие мемориального сооружения и последовательное развитие некрополя свидетельствуют о длительном сохранении значения этого места, однако сами по себе не позволяют установить, когда именно здесь сформировался культ Ахмада ал-Джанди, какие формы принимало его почитание и насколько интенсивно место использовалось для паломничества в разные исторические периоды. Материальные остатки позволяют проследить развитие пространства, но не дают непосредственного ответа на вопрос о содержании религиозных представлений, связанных с ним. Письменное свидетельство о существовании именно почитаемого места появляется значительно позднее. В *Китаб-и Мулла-заде*, памятнике конца XIV – начала XV в., Ходжа Джанди уже представлен как почитаемый шейх, а его место погребения характеризуется как «озарённое светом истины» место упокоения. Автор сообщает также, что на этом кладбище находились могилы многих теологов, шейхов и других почитаемых людей [2, с. 94].

Это свидетельство имеет принципиальное значение для реконструкции истории сакрального пространства. К концу XIV – началу XV в. память об Ахмаде ал-Джанди уже была включена в систему религиозно-мемориальной топографии Бухары, а место его погребения воспринималось не просто как могила известного учёного, но как пространство религиозного почитания. При этом речь шла уже не только об отдельном погребении: кладбище выступало местом концентрации захоронений представителей религиозной среды, что усиливало его значение в городской сакральной географии.

В то же время надёжных письменных свидетельств, позволяющих уверенно датировать существование культа Ахмада ал-Джанди более ранним временем, пока нет. Поэтому промежуток между смертью учёного и появлением свидетельства *Мулла-заде* следует сохранять как исторически неопределённый. Нельзя автоматически переносить позднейшее представление о почитаемом шейхе на более ранние периоды, если для этого отсутствуют прямые источниковые основания.

Из этого следует, что имеющиеся материалы позволяют реконструировать не непрерывную историю культа, а последовательное формирование сакрального пространства. На раннем этапе существовало место погребения Ахмада ал-Джанди; затем вокруг него складывалось мемориальное и погребальное пространство; постепенно территория превращалась в некрополь; наконец, к концу XIV – началу XV в. письменный источник уже фиксирует её как место религиозного почитания. Архитектурное развитие этого пространства представляет собой следующий этап его истории и рассматривается отдельно.

4. Архитектурная история комплекса

Современный архитектурный ансамбль Турк-и Джанди складывался на протяжении нескольких строительных периодов. Поэтому его нынешний облик не может непосредственно использоваться для датировки первоначального мемориального сооружения. Археологические исследования комплекса проводились Б. Д. Кочневым в 1971–1972 гг., позднее – Е. Г. Некрасовой и С. Инютиным в 1987–1989 гг. [9, с. 469–470]. Полученные материалы позволили выявить несколько этапов развития памятника и уточнить хронологию отдельных его частей.

Наиболее ранним элементом комплекса является квадратная усыпальница с внутренними размерами около 4,25 × 4,25 м и значительной толщиной стен. Она была сложена из жжёного кирпича и представляла собой небольшое сооружение типа чартака. По архитектурным характеристикам этот ранний этап относится к XI в. [3]. Т.е. существующее архитектурное ядро комплекса возникло уже после смерти Ахмада ал-Джанди, что позволяет рассматривать его как более позднее материальное оформление места погребения.

В последующие столетия первоначальная усыпальница подвергалась перестройкам и дополнялась новыми помещениями. Согласно опубликованным архитектурным исследованиям, в XIII–XIV вв. к квадратной усыпальнице была пристроена зиаратхана [3]. Тем самым первоначальное небольшое мемориальное сооружение постепенно превращалось в более сложный архитектурный комплекс, приспособленный для посещения и совершения связанных с почитанием святого религиозных практик.

Следующий значительный этап перестройки относится к XVI в. и свидетельствует о продолжении институционального и материального функционирования комплекса, показывая, что его архитектурная история не ограничивалась средневековым периодом. Таким образом, ансамбль Турк-и Джанди представляет собой не единый памятник определённого времени, а результат последовательных архитектурных наслоений. Ранняя квадратная усыпальница, последующие пристройки, зиаратхана и другие элементы комплекса формировались в разные исторические периоды. Их сочетание отражает продолжительность существования памятника и неоднократное обновление его материальной среды.

Для истории Турк-и Джанди особенно важно различать время жизни и смерти Ахмада ал-Джанди и время возникновения сохранившихся архитектурных сооружений. Архитектурные данные не позволяют непосредственно реконструировать первоначальный вид места его погребения, однако показывают, что уже в XI в. здесь существовало мемориальное сооружение, которое впоследствии неоднократно перестраивалось и расширялось. Поэтому архитектурная история комплекса является самостоятельным источником для изучения длительности и характера функционирования этого сакрального места.

5. Как возникло название «Турк-и Джанди»?

Наиболее сложным вопросом в истории памятника является происхождение его современного названия. Форма *ал-Джанди* засвидетельствована в средневековой письменной традиции и относится к имени Ахмада. Сочетание *Турк-и Джанди*, напротив, известно по значительно более поздним источникам. Одно из ранних надёжных свидетельств его фиксации относится к началу XIX в.: на дверях портала комплекса сохранилась надпись с названием

Турк-и Джанд; хронограмма связывает изготовление или обновление дверей с 1218 г. хиджры, то есть с 1803–1804 гг.

В вакуфных документах XIX в. название также фиксируется в различных формах. С 1843 г. оно получает устойчивое место в русской литературе о Бухаре [10, с. 81]. Впоследствии название Турк-и Джанди закрепляется за кладбищем, мавзолеем, кварталом и улицей. Тем самым мы имеем важную хронологическую особенность: имя Ахмада как ал-Джанди засвидетельствовано в средневековых источниках, тогда как форма Турк-и Джанди как название комплекса надёжно фиксируется значительно позднее. Это позволяет предполагать, что перед нами не первоначальная форма имени святого, а более позднее топонимическое образование.

В историографии выдвигалась гипотеза, согласно которой компонент *Турк-и* связан с памятью о тюркском, конкретнее туркменском, населении, происходившем из Джанда и поселившемся в Бухаре. В рамках этой гипотезы *Турк-и Джанди* может интерпретироваться как обозначение тюрка, связанного с Джандом, либо как название группы, имеющей происхождение из этого региона [3]. Однако такая этимология остаётся недоказанной. Сама грамматическая форма *Турк-и Джанди* не позволяет однозначно установить первоначальное значение названия, а предполагаемая связь с конкретным туркменским населением требует подтверждения промежуточными письменными свидетельствами. Не исключено также, что позднее название возникло в результате переосмысления уже существовавшей традиции, связанной с именем Ахмада ал-Джанди. Вместе с тем наличие в Бухарском оазисе топонимов Турк и Туркмондиза, зафиксированных в документах XIV в., показывает, что этнические обозначения тюркского населения действительно участвовали в формировании местной топонимии. Эти данные создают определённый исторический контекст для гипотезы о связи компонента *Турк-и* с тюркским населением, однако сами по себе не доказывают происхождение названия Турк-и Джанди.

Поэтому наиболее осторожно происхождение названия следует рассматривать как открытый ономастический вопрос. Несомненно лишь то, что средневековая нисба *ал-Джанди*, связанная с именем Ахмада и городом Джанд, и значительно более поздняя форма *Турк-и Джанди* принадлежат к разным хронологическим слоям. Возможная связь последней с памятью о тюркском населении Бухары представляет собой обоснованную, но пока не доказанную гипотезу, для проверки которой необходимы дополнительные ранние письменные и документальные свидетельства.

6. Мазар и сакральная топография Бухары

Мазар Турк-и Джанди следует рассматривать не только как отдельный мемориальный комплекс, но и как элемент более широкой системы сакральной топографии Бухары. В городской среде мазаров и кладбищ складывались пространства религиозной памяти, связанные с именами богословов, шейхов и других почитаемых лиц. Их значение определялось не только самим фактом погребения, но и сохранением памяти о погребённых, практикой посещения могил и включением соответствующих мест в городскую религиозную традицию.

Ulan Sharipov[4]; Nurlan Kairbekov;[5] Ramazan Estai[6]

Кіріспе

Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы қалалар ислам өркениетінің жергілікті нұсқасын қалыптастырған негізгі орталықтардың бірі болды. Отырар, Сығанақ, Сауран және Ясы тәрізді белгілі қалалармен қатар, Сырдарияның төменгі ағысындағы Жend те көшпелі дала мен отырықшы аймақты байланыстыратын ерекше қызмет атқарды. Араб-парсы географтары бұл өңірді оғыздар мекендеген шекаралық кеңістік ретінде сипаттайды. Жend арқылы Хорезм, Мәуереннахр және Дешті Қыпшақ арасындағы сауда, дипломатиялық қатынас, діни идеялар мен білім тарады. Сондықтан қаланың тарихын жеке мекеннің өткені емес, исламдану, урбанизация және мәдени алмасу үдерістерінің тоғысқан нүктесі ретінде қарастырған орынды [1; 2].

Зерттеудің мақсаты - Жендтің ислам өркениетіне қосқан үлесін ғалымдар, діни қайраткерлер және мәдени мұралар тұрғысынан кешенді бағалау. Осы мақсатқа жету үшін Жендтің тарихи-географиялық орны анықталып, исламның орнығуына ықпал еткен әлеуметтік орта сипатталады; қаламен байланысты тұлғалардың еңбектері талданады; археологиялық және жазба мұралардың маңызы ашылады. Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, деректанулық және өркениеттік тәсілдер қолданылды. Негізгі дерек тобына ортағасырлық географиялық және тарихи хабарлар, ғұмырнамалық мәліметтер, сондай-ақ қазіргі археологиялық зерттеулер жатады.

Мәселенің күрделілігі Жендтің нақты орналасқан орнын анықтау әлі де толық аяқталмағанынан көрінеді. Бұрын Жанқала қалашығы Жендпен теңестірілсе, кейінгі керамикалық және нумизматикалық материалдар онда моңғолға дейінгі қабаттың жоқ екенін көрсетті. Сол себепті зерттеушілер ертеректегі Жендті Құмқала маңынан немесе Сырдың ескі арналарына жақын өзге нүктелерден іздеуді ұсынады [3]. Демек, Жend мұрасын сипаттағанда жазба деректегі қала мен белгілі бір археологиялық ескерткішті дәлелсіз толық сәйкестендіруден сақтану қажет.

Жендтің тарихи және өркениеттік ортасы

Жend X ғасырдан бастап жазба деректерде Сырдарияның төменгі ағысындағы оғыз қаласы ретінде аталады. Оның географиялық орны екі шаруашылық-мәдени аймақтың түйісуіне мүмкіндік берді: оңтүстіктегі Хорезм мен Мәуереннахрдың отырықшы, мұсылмандық қалалары және солтүстіктегі көшпелі оғыз-қыпшақ даласы. Қалаға мұсылман саудагерлері келіп, дала өнімдерін қабылдаса, кері бағытта қолөнер бұйымдары, жазба мәдениет, діни білім және құқықтық нормалар тарады. Арал теңізінің кейбір ортағасырлық еңбектерде «Жend теңізі», ал төңіректегі құмды алқаптың «Жend шөлі» деп аталуы қаланың аймақтық беделін аңғартады [1; 3].

Жендтің ислам тарихындағы символдық маңызы Селжұқ әулетінің қалыптасуымен тығыз байланысты. Дәстүрлі баяндауларда Селжұқ ибн Дұқақ өзіне ерген оғыз тобымен Жend

[1] Көкшетау қаласындағы «Жақия» мешітінің бас имамы; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасының докторанты, Астана, Қазақстан Республикасы e-mail: akm_fatua@mail.ru
[2] Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, “Дінтану” кафедрасының доценті, PhD докторы, Астана, Қазақстан Республикасы
[3] Ш. Уәлиханов университетінің магистранты, Көкшетау қаласы, Қазақстан Республикасы
[4] Chief Imam of the Zhakhiya Mosque in Kokshetau; PhD Candidate at the Department of Religious Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University e-mail: akm_fatua@mail.ru
[5] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Department of Religious Studies, Associate Professor, Astana, Republic of Kazakhstan; PhD.
[6] Master’s Degree Holder, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Republic of Kazakhstan.

аймағына келіп, осында исламды қабылдағаны айтылады. Бұл оқиғаның кейбір бөлшектері аңыздық сипатта болғанымен, оның тарихи өзегі маңызды: X-XI ғасырларда төменгі Сыр бойы исламданған қалалар мен әлі де дәстүрлі нанымдағы көшпелі қауымдардың шекарасы болды. Жендтегі мұсылман орта Селжұқ қауымының жаңа діни бірегейлігін орнықтырып, кейін Хорасан, Иран, Ирак және Анадолы тарихына ықпал еткен ірі саяси күштің рухани бастауына айналды [1; 4].

XI-XII ғасырларда қала Селжұқтар мен Хорезмшахтар мемлекеттері үшін стратегиялық тірек болды. Хорезмшах Атсыз Жендті далаға жасалатын жорықтардың базасы ретінде пайдаланды; Іл-Арслан мен Текеш секілді тақ мұрагерлерінің қалаға әкім болып тағайындалуы оның мәртебесін көрсетеді. Бұл саяси қызмет исламдық институттардың да орнығуына жағдай жасады. Яқұт әл-Хамауидің мәліметі бойынша, Женд тұрғындары ханафи мазһабын ұстанған [1]. Ханафилік құқықтың саудаға, келісімге және жергілікті әдетке икемді тетіктері шекаралық, көпэтносты ортада қоғамдық қатынастарды реттеуге қолайлы болды.

1220 жылы Женд моңғол әскеріне берілгенімен, тоналудан құтылмады. Келесі жылы Жошы оны Хорезмге бағытталған жорықтың тірегі ретінде пайдаланды. Соған қарамастан қала моңғол дәуірінде де біршама өмір сүрді. XIV ғасырдың басындағы қытай картасында оның атауы кездеседі, ал кейінгі деректерде базары мен саудагерлері болғаны айтылады. XIV ғасырдың соңына қарай қаланың тарихи сахнадан жоғалуы Сыр арналарының өзгеруі, саяси жолдардың ауысуы және соғыстар сияқты бірнеше фактордың ықпалымен түсіндіріледі [1; 3].

Жендтен шыққан ғалымдар мен діни қайраткерлер

Яқұб ибн Ширин әл-Женди

Ортағасырлық авторлар Жендтің әдеби және ғылыми ортасын Яқұб ибн Ширин әл-Женди есімімен байланыстырады. Ол әйгілі тілші әрі Құран тәпсіршісі Махмұд аз-Замахшаридің шәкірті болған, ақын және көркем сөз шебері ретінде танылған. 1153 жылы Хорезмшах атынан Бұхара мен Самарқандқа елшілік қызмет атқаруы оның тек қалам иесі емес, дипломатиялық мәдениетті меңгерген білімді тұлға болғанын көрсетеді [1]. Орта ғасырдағы елші шешендік өнерді, араб-парсы хат үлгілерін, құқықтық және сарайлық әдепті жақсы білуге тиіс еді. Осы тұрғыдан Яқұб әл-Жендидің қызметі Жендтегі білімнің практикалық мемлекеттік істермен сабақтасқанын дәлелдейді.

Ғалымның аз-Замахшари мектебімен байланысы ерекше назар аударады. Хорезмде қалыптасқан бұл филологиялық дәстүр араб тілінің грамматикасын, риториканы және Құран мәтінін тілдік талдауды жоғары деңгейге көтерді. Женд тумасының сол ортада білім алуы төменгі Сыр бойының Хорезм ғылыми кеңістігіне енгенін білдіреді. Оның Бұхара мен Самарқандқа баруы білім мен дипломатия желісінің шығыстағы Мәуереннахр қалаларына дейін созылғанын көрсетеді. Яқұб әл-Женди тұлғасы арқылы Женд ислам өркениетінің шет аймағы емес, орталықтар арасындағы білім алмасуға қатысқан қала ретінде танылады.

Мұайяд ад-Дин әл-Женди

Жендтен шыққан ең ықпалды ойшылдардың бірі - XIII ғасырдағы сопы, ақын және философиялық түсіндірме дәстүрінің өкілі Әбу Абдаллаһ Мұайяд ад-Дин ибн Махмұд ибн Саид әл-Женди. Оның туған жылы мен жастық шағы туралы мәлімет аз. «Әл-Женди» нисбасы туған жерін анық көрсетеді. Өзінің «Нафхат ар-рух» еңбегіндегі өмірбаяндық мәліметтеріне қарағанда, ол дүниелік байланыстардан бас тартып, қажылық пен рухани ізденіс жолына шыққан. Кейін Қонияда Садр ад-Дин әл-Қунауидің шәкірті болып, шамамен он жыл қызмет еткен [5; 6].

Әл-Жендидің ислам интеллектуалдық тарихындағы басты орны Ибн Арабидің «Фусус әл-хикам» еңбегіне жазған түсіндірмесімен айқындалады. Ол осы шығармаға толық түсіндірме жазған алғашқы авторлардың бірі саналады. Еңбек кейінгі парсы және түркі дүниесіндегі көптеген түсіндірмелерге негіз болды. Осылайша Сыр бойынан шыққан ғалымның ойлары Қония, Бағдат, Синоп, Тебриз және кейін Османлы әлеміне тараған сопылық-интеллектуалдық желіге енді. Оның мұрасы Жендтің ислам өркениетіне үлесін жергілікті деңгейден әлдеқайда кең ауқымда көрсетеді.

Әл-Женди араб және парсы тілдерінде жазды. «Шарх Фусус әл-хикамнан» бөлек, «Нафхат ар-рух уа тухфат әл-футух» еңбегінде құдайды тану, көркем есімдер, кемел адам және сопылық халдер мәселелерін қарастырды. Оның қолжазбалары Стамбұл кітапханалары мен

басқа қорларда сақталған. Бұл жағдай Женд мұрасының материалдық іздері туған өңірден тыс жерлерде жалғасқанын білдіреді. Ғалымның арабша және парсыша шығармашылықпен айналысуы ортағасырлық мұсылман білімінің көптілді табиғатын, ал түркілік ортадан шығуы осы дәстүрдің этномәдени шекарадан жоғары тұрғанын дәлелдейді [5; 6].

Әл-Жендидің өмір жолы діни білімнің қозғалыс арқылы тараған да байқатады. Ол Жендтен Қонияға, одан Бағдат пен Синопқа барған; әр қалада ұстаздық, түсіндірме жазу немесе рухани насихат қызметімен айналысқан. Сондықтан оны тек бір қаланың ғалымы деп емес, Жендте қалыптасқан мәдени капиталды ислам әлемінің түрлі орталықтарына жеткізген қайраткер деп бағалауға болады. Оның еңбектерінде теориялық сопылықты араб тілін білмейтін оқырманға түсіндіруге ұмтылыс байқалады. Бұл білімді кең аудиторияға бейімдеудің ерте үлгісі еді.

Діни орта және исламдану үдерісіндегі рөл

Жендтің исламданудағы рөлі жеке ғұламалармен ғана өлшенбейді. Қаланың күнделікті діни өмірін мешіт, базар, құқықтық тәжірибе, саудагерлер қауымы және білім иелері қалыптастырды. Якұттың тұрғындарды ханафи деп сипаттауы XIII ғасырдың басына қарай мазһабтық бірегейліктің орныққанын білдіреді [1]. Бұл дерек Жендте намаз бен ғибадат орындарынан бөлек, неке, мұра, сауда және қоғамдық келісім мәселелерін реттейтін құқықтық білім иелері болғанын жанама түрде көрсетеді. Алайда нақты медресе атаулары немесе белгілі қазылар тізімі толық сақталмағандықтан, мұндай институттардың көлемін асыра бағалауға болмайды.

Шекаралық қала жағдайында ислам тек догмалық ілім ретінде емес, әртүрлі қауымдарды ортақ әлеуметтік тәртіпке біріктірген өркениеттік жүйе қызметін атқарды. Мұсылман саудагерлері арқылы адал сауда, келісім, қарыз, кепіл сияқты құқықтық түсініктер тарады; араб жазуы әкімшілік пен рухани беделдің құралына айналды; мұсылмандық есімдер мен жерлеу салты кеңейді. Жендтің оғыз ортасындағы ықпалы кейін қыпшақ даласына бағытталған діни-мәдени байланыстарға негіз қалады. Бұл үдеріс бір мезетте жүрген жаппай өзгеріс емес, сауда, туыстық, саяси одақ және сопылық насихат арқылы бірнеше ғасыр бойы жүзеге асқан бейімделу болды.

Жендтің діни тарихындағы маңызды ерекшелік - орталық пен периферия қатынасының екіжақтылығы. Бір жағынан қала Хорезм мен Мәуереннахрдан құқықтық, тілдік және сопылық білім қабылдады. Екінші жағынан, Жендтен шыққан адамдар сол білімді қайта өңдеп, басқа аймақтарға таратты. Якұб әл-Женди мен Мұайяд ад-Дин әл-Женди осы қозғалыстың екі үлгісін танытады: біріншісі филология мен дипломатия арқылы, екіншісі сопылық философия мен түсіндірме арқылы ықпал етті. Демек, Женд ислам мәдениетін тек қабылдаушы емес, оны тасымалдаушы және өндіруші орталық та болды.

Мәдени мұралар және археологиялық айғақтар

Женд мұрасын зерттеуде материалдық мәдениет пен жазба деректерді қатар қарастыру қажет. Қала атауы ортағасырлық географтар мен тарихшылардың еңбектерінде, дипломатиялық оқиғаларда және тұлғалардың нисбасында сақталды. «Әл-Женди» атауының өзі қалаға қатысты мәдени жадтың ерекше формасы болды: ғалым қай жерде еңбек етсе де, оның шыққан ортасы есімінде бірге жүрді. Әл-Жендидің әр ел кітапханаларында сақталған қолжазбалары осы жазба мұраның бүгінге жеткен ең құнды бөлігі саналады.

Археологиялық тұрғыдан Жендті ұзақ уақыт Жанкала қалашығымен сәйкестендіру кең тарады. Жанкаладағы зерттеулер цитадель, шахристан және рабадтан тұратын күрделі қала құрылымын көрсетті. Онда сарайға ұқсас ғимарат, керуен-сарайлар, тұрғын жайлар, каналдар, күйдірілген және шикі кірпіштен салынған құрылыстар анықталған. Михрабы сақталған мешіт пен екі залды діни құрылыс қалалық мұсылмандық ортаның заттық белгілері ретінде маңызды. Ирандық люстр, қытай фарфоры, әртүрлі керамика мен теңгелер халықаралық сауда байланыстарының кеңдігін көрсетеді [3].

Сонымен бірге бұл олжаларды тікелей X-XII ғасырлардағы Женд мұрасы деп атауда сақтық қажет. Жанкаладан табылған негізгі керамика мен теңгелер XIV-XVII ғасырларға жатады; моңғолға дейінгі қабат анықталмаған. Осыған сүйенген К. Байпақов пен Д. Воякин Жанкаланы ертедегі Жендпен теңестірудің негізсіз екенін көрсетіп, іздеуді жалғастыру қажеттігін айтты [3]. Зерттеушілер қаланың орны уақыт өте ауысуы мүмкін екенін де ескертеді.

Сондықтан Жанкала материалдары төменгі Сыр бойындағы кейінгі исламдық қалалық мәдениетті сипаттайды, бірақ олардың әрбірін Жендке телу ғылыми тұрғыдан дұрыс емес.Жендтің мәдени мұрасын үш қабатқа бөлуге болады. Бірінші қабат - тарихи ландшафт: Сырдың ескі арналары, керуен жолдары, суару жүйелері мен қоныстар желісі. Екінші қабат - заттық мұра: бекіністер, мешіттер, тұрмыстық және сауда құрылыстары, керамика, металл бұйымдар мен теңгелер. Үшінші қабат - рухани және мәтіндік мұра: қаланың аты аталған шежірелер, географиялық еңбектер, ғалымдардың нисбасы, қолжазбалар мен сопылық түсіндірмелер. Осы қабаттарды бір-бірінен бөліп қарастыру Жендтің өркениеттік қызметін толық түсінуге кедергі келтіреді.

Мұраны сақтау үшін нақты локализацияға бағытталған пәнаралық зерттеу қажет. Ескі өзен арналарына геоархеологиялық барлау жасау, спутниктік суреттерді салыстыру, керамиканы кезеңдеу, теңгелерді жүйелі зерттеу және араб-парсы қолжазбаларындағы топонимдерді қайта қарау маңызды. Сонымен қатар әл-Женди еңбектерін қазақ тіліне ғылыми түсініктемемен аудару, цифрлық каталог жасау және Женд тарихын мектеп пен жоғары оқу орны бағдарламаларына енгізу керек. Мұндай шаралар ескерткішті тек туристік нысан ретінде емес, Қазақстанның исламдық интеллектуалдық тарихының бір бөлігі ретінде танытады.

Женд мұрасының ислам өркениетіндегі орны

Жендтің өркениеттік үлесін бағалағанда «ірі астана» өлшемін қолдану жеткіліксіз. Оның тарихи күші шекаралық делдалдық қызметінде болды. Қала отырықшы мұсылман әлемі мен көшпелі дала арасындағы экономикалық және мәдени аударма алаңын құрды. Ислам мұнда сырттан келген дайын жүйе күйінде қалмай, оғыз-қыпшақ ортасының әлеуметтік құрылымымен үйлесті. Селжұқ әулетінің Жендпен байланысты исламдану әңгімесі осы үдерістің саяси салдарын көрсетсе, ханафи қауымы оның құқықтық-институционалдық сипатын танытады.

Ғалымдар мұрасы Жендтің ықпал ауқымын кеңейтті. Якуб әл-Женди Хорезмнің тіл білімі мектебін дипломатиялық тәжірибемен ұштастырды. Мұайяд ад-Дин әл-Женди Ибн Араби мен Садр ад-Дин Қунауи дәстүрін жүйелеп, кейінгі сопылық әдебиетке әсер етті. Бірі Мәуереннахр қалаларымен, екіншісі Анадолы, Ирак және Иран орталықтарымен байланыс орнатты. Бұл тұлғалардың өмірбаяны төменгі Сыр өңірінің ислам әлеміндегі білім айналымына нақты қатысқанын дәлелдейді.Материалдық мұра қала мәдениетінің әлеуметтік негізін ашады. Суару арналары ауыл шаруашылығын, базар мен керуен-сарайлар сауданы, бекіністер саяси қауіпсіздікті, мешіттер діни тәжірибені қамтамасыз етті. Ал керамика мен импорттық бұйымдар Женд аймағының тұйық болмағанын көрсетеді. Осы инфрақұрылым болмаса, ғалымдардың қалыптасуы мен қолжазба мәдениетінің таралуы да мүмкін болмас еді. Сондықтан ғалым, діни институт және қалалық орта өзара байланысқан біртұтас құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс.

Женд тарихының деректік негіздері

Женд туралы мәліметтер бір ғана дерек түрінен емес, әр кезеңде жазылған географиялық, тарихи және өмірбаяндық шығармалардан құралады. Ортағасырлық географтар қаланың орналасуын Сырдария, Хорезм және Арал маңындағы жолдармен байланыстыра сипаттады. Тарихшылар Жендті Селжұқтар, Хорезмшахтар және моңғол жорықтары контексінде атады. Ал ғұламалардың нисбалары қаланың ғылыми беделін көрсететін дерек қызметін атқарады. Осы материалдарды салыстыру Жендтің саяси тарихын ғана емес, оның сауда, құқық, діни білім және мәдени байланыс орталығы болғанын түсіндіруге мүмкіндік береді [1; 2; 7; 8].

Жазба деректерді қолдануда олардың мақсаты мен жазылған уақытын ескеру қажет. Географиялық еңбек авторы жол қашықтығына, базарға немесе табиғи ортаға назар аударса, сарай тарихшысы әскери жорық пен билеушілер әрекетін алдыңғы орынға қояды. Сопылық өмірбаяндарда рухани тәжірибе мен ұстаздар сабақтастығы маңызды болады. Сондықтан бір авторда кездеспейтін мәліметтің басқа жанрда сақталуы заңды. Деректер арасындағы айырмашылықтарды қарама-қайшылық ретінде ғана емес, қаланың әртүрлі қызметін ашатын мүмкіндік ретінде бағалау керек. Мұндай тәсіл Жендті тек бекініс немесе сауда орны емес, әлеуметтік және интеллектуалдық кеңістік ретінде қалпына келтіруге көмектеседі.Археологиялық дерек жазба мәліметтерді нақтылайтын негізгі құрал болғанымен, оны да автоматты түрде белгілі бір топониммен сәйкестендіруге болмайды. Өзен арналарының ауысуы, қалалардың қайта салынуы және халықтың көрші қонысқа көшуі Сыр бойындағы

мекендердің тарихи географиясын күрделендірді. Жанкала материалдарының басым бөлігі кейінгі кезеңге жататыны ертедегі Жендті іздеудің жалғасуы керектігін көрсетті [3]. Болашақ зерттеулерде радиокөміртектік мерзімдеу, керамиканың технологиялық сараптамасы, нумизматика, геоақпараттық карта және ескі арналарды қашықтан барлау нәтижелері бір жүйеге біріктірілуі тиіс. Сонда жазба деректегі Жend пен археологиялық нысандардың арақатынасы дәлелді түрде айқындалады.

Жend және исламдық білім айналымы

Ортағасырлық ислам өркениетінде білім белгілі бір қала шеңберінде тұйықталмады. Ғалымдар ұстаз іздеп сапарға шықты, қолжазбалар көшірілді, сауда керуендерімен бірге кітаптар мен идеялар тарады. Жендтің Хорезмге, Мәуереннахрға және дала жолдарына жақындығы оны осындай айналымның аралық буынына айналдырды. Қала тұрғындарының ханафи mazhабын ұстануы құқықтық білімнің орныққанын білдірсе, Жендтен шыққан әдебиетші мен сопы ғалымдардың қызметі жергілікті ортаның кең ғылыми желіге қосылғанын дәлелдейді [1; 5]. Бұл үдерісте араб тілі діни ғылым мен жазба байланыстың тілі, парсы тілі әдеби және сопылық шығармашылықтың тілі, ал түркі тілі күнделікті қарым-қатынас пен ауызша насихаттың құралы болды.Яқұб ибн Ширин әл-Жендидің аз-Замахшари дәстүрімен байланысы тіл білімінің Құранды түсіндіру, шешендік және ресми хат жүргізу салаларымен ұштасқанын көрсетеді. Оның елшілік қызметі ғылыми дайындықтың саяси тәжірибеде қажет болғанын аңғартады. Елші өзге билеушінің сарайында келіссөз жүргізіп, жазбаша үндеу жеткізіп, құқықтық және рәсімдік нормаларды сақтауға міндетті еді. Осы себепті әл-Жендидің қызметі Жендтегі білім мәдениетінің қолданбалы қырын айқындайды. Қаладан шыққан адамның Бұхара, Самарқанд және Хорезм орталарымен байланыс орнатуы төменгі Сыр бойының халықаралық қатынастарға қатысқанын көрсететін маңызды айғақ болып табылады [1].

Мұайяд ад-Дин әл-Жендидің мұрасы білім айналымының басқа үлгісін танытады. Ол Садр ад-Дин Қунауиден тәлім алып, Ибн Араби мектебінің күрделі ұғымдарын жүйелі түсіндіруге ұмтылды. Оның «Фусус әл-хикамға» жазған түсіндірмесі кейінгі шәрh дәстүріне ықпал етіп, қолжазба нұсқалары әртүрлі кітапханаларға тарады [5; 6]. Бұл еңбектің маңызы дайын идеяны қайталаумен шектелмейді: түсіндірме мәтін оқырманға ұғымдардың байланысын ашып, бұрынғы мұраны жаңа интеллектуалдық ортаға бейімдейді. Осы тұрғыдан әл-Женди Жендтің атауын ислам философиясы мен теориялық сопылық тарихында сақтап қалған тұлға болды.

Жend ортасының білімге қосқан үлесін бағалағанда сақталған есімдер санына ғана сүйену жеткіліксіз. Моңғол шапқыншылығы, табиғи ортаның өзгеруі, қолжазбалардың жоғалуы және ғылыми орталықтардың ауысуы көптеген жергілікті ғалымдар туралы мәліметтің жетпеуіне әсер етті. Дегенмен белгілі тұлғалардың өмір жолы қалада бастапқы сауат, діни тәрбие және кең аймақпен байланысу мүмкіндігі болғанын көрсетеді. Сондықтан Яқұб әл-Женди мен Мұайяд ад-Дин әл-Женди жеке дара құбылыс емес, дерегі толық сақталмаған интеллектуалдық ортаның көрінетін өкілдері ретінде қарастырылуы мүмкін. Бұл тұжырымды нақтылау үшін ортағасырлық ғұмырнамалардағы «әл-Женди» нисбасын жүйелі іздеу қажет.

Мәдени мұраны сақтау және ғылыми айналымға енгізу

Жend мұрасын сақтау ең алдымен ескерткіштердің орналасу аймағын кешенді қорғаудан басталады. Сырдың көне арналары маңындағы қалашықтар, қорымдар, суару жүйелері және керуен жолдары өзара байланысқан тарихи ландшафт құрайды. Бір нысанды жеке қорғау оның айналасындағы мәдени қабатты жоғалтудан сақтай алмайды. Сол себепті археологиялық барлау нәтижелерін бірыңғай картаға түсіріп, ескерткіштердің қорғау аймағын белгілеу, заңсыз қазба мен шаруашылық әсерін бақылау қажет. Табылған заттар жөніндегі мәліметтер де қазба орны, қабаты, мерзімі және салыстырмалы аналогтарымен бірге тіркелгенде ғана ғылыми құндылығын толық сақтайды.Жазба мұраны сақтау бағыты әл-Женди еңбектерінің қолжазбаларын анықтау, сипаттау және қолжетімді ету жұмыстарын қамтиды. Әртүрлі қорларда сақталған нұсқалардың атауы, көшірілген мерзімі, көшірушісі және мәтіндік ерекшеліктері көрсетілген электрондық каталог қажет. Мұндай каталог зерттеушілерге шығармалардың таралу географиясын, оқырман ортасын және кейінгі түсіндірмелермен байланысын көруге мүмкіндік береді. Қолжазбалардың сапалы цифрлық көшірмелері

түпнұсқаны артық пайдаланудан қорғайды. Сонымен бірге негізгі еңбектерді араб және парсы тілдерінен қазақшаға ғылыми түсініктememен аудару Қазақстандағы исламтану, тарих, философия және әдебиеттану зерттеулеріне жаңа дерек қорын қосады.

Жend мұрасын қоғамға таныту ғылыми дәлдікке негізделуі тиіс. Музей экспозициясында қаланың болжамды орналасуы мен дәлелденген археологиялық нысандардың айырмасы анық көрсетілгені жөн. Интерактивті карта, қысқа деректі фильм, қолжазба көшірмелері және археологиялық олжалардың кезеңдік түсіндірмесі келушіге қаланың бірнеше ғасырлық тарихын жүйелі қабылдауға көмектеседі. Жоғары оқу орындарында Жендті Сыр бойындағы урбанизация, түркілердің исламдануы және мұсылмандық білім желілері тақырыптарымен байланысты оқытуға болады. Осы жұмыстар орындалғанда Жend өткеннің көмескі қаласы ретінде емес, Қазақстан мен кең ислам әлемін сабақтастырған тарихи-мәдени орталық ретінде бағаланады.

Қорытынды

Жend - ортағасырлық Қазақстан аумағындағы ислам өркениетінің маңызды шекаралық орталықтарының бірі. Оның үлесі, біріншіден, Хорезм мен Мәуереннахрдың қалалық мұсылман мәдениетін оғыз-қыпшақ даласымен байланыстыруынан көрінді. Қаладағы сауда мен ханафи діни-құқықтық орта исламның бейбіт әлеуметтік арналар арқылы таралуына жағдай жасады. Селжұқ қауымының Жендпен байланысы бұл ықпалдың кейін бүкіл Батыс Азия тарихына ұласқанын аңғартады.

Екіншіден, Жend интеллектуалдық тұлғаларымен танылды. Яқұб ибн Ширин әл-Женди тіл, әдебиет және дипломатия салаларын тоғыстырса, Мұайяд ад-Дин әл-Женди сопылық философияны түсіндіру дәстүріне ірі үлес қосты. Оның «Фусус әл-хикамға» жазған түсіндірмесі Жend атауын халықаралық ислам ойының тарихына енгізді. Үшіншіден, қаланың мәдени мұрасы тарихи ландшафттан, сәулет пен тұрмыс қалдықтарынан, теңге-керамика кешенінен және әлем қорларындағы қолжазбалардан тұрады.

Жендтің нақты орны жөніндегі пікірталас аяқталған жоқ. Бұл белгісіздік қаланың маңызын төмендетпейді, керісінше жаңа археологиялық және мәтіндік зерттеулердің қажеттігін көрсетеді. Болашақта Жендті зерттеу Сыр бойындағы исламдану тарихын, көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара ықпалын, сондай-ақ қазақ даласынан шыққан ғұламалардың әлемдік ислам ойына қосқан үлесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Bosworth C. E. Jand // Encyclopaedia Iranica. Vol. XIV, Fasc. 5. 2008. P. 533. URL: https://www.iranicaonline.org/articles/jand-2/ (қаралған күні: 17.09.2026).

2. Бартольд В. В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия // Сочинения. Т. I. Москва: Издательство восточной литературы, 1963.

3. Байпаков К. М., Воякин Д. А. Города Восточного Приаралья: Дженд, Асанас, Барчкент. Алматы, 2012. URL: https://e-history.kz/storage/upload/library_ru_files/iblock/668/668e1de63f6436b1a45413a7ee67ce9c. pdf (қаралған күні: 17.09.2026).

4. Agajanov S. G. The States of the Oghuz, the Kimek and the Kipchak // History of Civilizations of Central Asia. Vol. IV. Paris: UNESCO, 1998.

5. Uludağ S. Cendî // Türkiye Diyanet Vakfı İslâm Ansiklopedisi. C. 7. İstanbul, 1993. S. 361-362. URL: https://islamansiklopedisi.org.tr/cendi (қаралған күні: 17.09.2026).

6. The Islamisation of Anatolia Project. Sharh Fusus al-Hikam: Muayyid al-Din al-Jandi. University of St Andrews. URL: https://www.islam-anatolia.ac.uk/data/documents/TK_Sul_Resid_405 (қаралған күні: 17.09.2026).

7. Яқұт әл-Хамауи. Муғжам әл-булдан. Т. II. Бейрут: Дар Садир, 1977.

8. Жувейни Ата-Мәлік. Чингисхан. История завоевателя мира / ауд. Е. Е. Харитонова. Москва: Магистр-пресс, 2004.

ПРИНЯТИЕ ИСЛАМА В ЗОЛОТОЙ ОРДЕ И ФЕНОМЕН «КОРАНА УЗБЕК ХАНА»: ИСТОРИКО-АРХЕОГРАФИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ

THE ADOPTION OF ISLAM IN THE GOLDEN HORDE AND THE PHENOMENON OF THE "QUR'AN OF UZBEK KHAN": A HISTORICAL AND ARCHAEOGRAPHIC STUDY

Алмат Амантаевич Абсаликов[1]
Almat Amantaevich Absalikov[2]

Введение

Процессы изменений политической ситуации в Золотой Орде сопровождались формированием новых моделей легитимации власти, в которых сакральный авторитет правителя чингизидской династии сочетался с новыми религиозными реалиями. В этом контексте особую значимость приобретает свиток священного Корана, известный как «Коран Узбек хана» - артефакт, отражающий не только новые религиозные традиции в Золотой Орде, но и стремление сакрализации ханской власти посредства исламского влияния. Археографическое исследование свитка священного писания, позволяет рассматривать этот Коран не только как религиозный текст, но и как новую идеологию, в системе власти Золотой Орды (Улуса Джучи). Параллельно с официальными источниками исламского происхождения важную роль в сакрализации власти играли устные традиции и народные предания, среди которых выделяются образы Баба Тукты Шашты Азиза и Едиге, сыгравших определенную роль в распространения Ислама в Улусе Джучи. Эти персонажи, широко распространённые в тюркокыпчакской и мусульманской фольклорноисторической традиции, выступали не только как хранители коллективной памяти, но и как носители идеологических установок, новом порядке, основанном на новой религии и соответствующем праве чингизидской традиции. Настоящая статья рассматривает археографические данные касающиеся свитка данного Корана, подаренного Узбек-хану и данные связанные с личностями Баба Тукты Шашты Азиза и Сейит-Ата. В данной статье, была сделана попытка через призму исторических источников и устной традиции проследить особенности принятия Ислама кочевниками Улуса Джучи и роль данного Корана а также личностей как Баба Тукты Шашты Азиза и Сейит-Ата в распространении Ислама среди кочевников. Обращение к средневековым нарративам, позволяет выявить, особенности формирования уникальной системы легитимации власти в условиях исламизирующегося тюркомонгольского мира.

Материалы и методы исследования

Основными источниками для исследования послужили труды: Коран Узбек хана, работы Муин ад Дина Натанзи «Мунтахаб ат Таварих» (Аноним Искандера), «Шаджара ат Турк» и работа Утемиш Хаджи «Кара Таварих» а также устная народная традиция. В данной статье мы использован нарративный и сравнительный методы исследования.

Анализ

В 2022 году, в рамках реализации государственной программы «Архив–2025», исследовательская группа Центра рукописей и редких книг Министерства культуры и информации Республики Казахстан, провела двухнедельную научную экспедицию в г. Стамбул (Турция). Исследовательские мероприятия осуществлялись на базе ведущих библиотечно-архивных учреждений, такие как библиотека «Сулеймание» и Османского государственного архива. Особое внимание было уделено фондам библиотеки «Сулеймание», в собрании которой хранятся уникальные рукописные источники периода Османской империи, Золотой Орды, Тимуридов, Сефевидов, Шибанидов и других государств. В числе наиболее значимых объектов, вызвавших интерес у казахстанских исследователей, оказался редкий экземпляр священного Корана, представляющий высокую художественную, историко-культурную и религиозную ценность. Дан-

[1] Национальный центр рукописей и редких книг, Астана, Республика Казахстан, главный эксперт, магистр исторических наук. E-mail: aalmat@mail.ru
[2] National Center of Manuscripts and Rare Books, Astana, Republic of Kazakhstan, Chief Expert, Master of Historical Sciences

ный манускрипт представляет собой изысканно оформленный свиток, переписанный выдающимся каллиграфом Бадром аль Хамадани, мастером, который ранее выполнил известный список Корана, созданный по заказу правителя Ильханидов Олджайту-хана (ум. 716 г. х./1316 г.). Данный же экземпляр Корана был завершён в месяц Рамадан 718 года хиджры (1318 г.) и, согласно некоторым данным, преподнесён в дар правителю Золотой Орды - Узбек хану (ум. 740 г. х./1341 г.) [1]. Вопросы, касающиеся обстоятельств передачи свитка священного Корана, требуют дополнительных исследований. Оригинал манускрипта в настоящее время хранится в библиотеке «Вахида Паши» в городе Кютахья (Турция), тогда как его одна копия находится в библиотеке «Сулеймание». В ходе экспедиции и переговоров Центр рукописей и редких книг с руководством библиотеки «Сулеймание», был приобретен свиток копии данного священного Корана для пополнения фондов Центра рукописей и редких книг в Астане. Рукопись выполнена в каллиграфическом стиле райхани на качественной восточной бумаге светло-кремового оттенка. Основной текст написан золотыми чернилами, диакритические знаки нанесены красным, которые указывают на правильность произношения (кира’ат). Оформление страниц свидетельствует о высоком уровне художественного мастерства. Текст помещён в трехцветные рамки (золотые, синие, красные), а заглавные листы и заставки украшены тончайшей иллюминацией. Особое внимание заслуживает оформление 199 й страницы, где название суры выполнено в каллиграфическом стиле сулс-райхани золотыми чернилами, обрамлёнными зелёной рамкой, что придаёт композиции особую выразительность.







В начале каждой суры приведены хадисы пророка Мухаммада (ﷺ), описывающие награду за чтение той или иной суры Корана. Дополнительную ценность манускрипту придаёт использование системы абджад, буквенно-числового обозначения аятов, где вместо общепринятых цифровых обозначений аятов Корана, используются соответствующие цифрам буквы арабского алфавита. Эти обозначения выполнены свинцово-белыми чернилами и размещены на золотом или тёмно-синем фоне, в обрамлении элегантных рамок из золота и синей краски, что подчёркивает сакральный статус текста и его высокую художественную значимость.

Размер рукописи: 225 × 325 × 75 мм. Всего 303 листа, по 14 строк на странице. Переплёт рукописи не оригинальный, он представляет собой более позднюю реставрацию, вероятно конца XVII–XVIII вв.

На посвящённой странице каллиграфией сулс на синем фоне золотыми буквами, арабской каллиграфией написано:

منقذ الورا عن المهالک سلطان الممالک المخصوص بعناية رب العالمين سلطان السلاطين ازبک و قدا عطاه الله من خلق محمد صلى الله عليه و سلم

«Спаситель людей от погибели, султан царств, особо отмеченный заботой Господа миров, султан султанов (царь царей) Узбек, которому Аллах даровал нрав из качеств Мухаммада ﷺ» [1, л- 302].

Далее текст на фарси:

بتايد خدا كريم و نور ازالى رايت و مرات حو خورشيد جهان آراى

«Да поможет (да поддержит) [его] Бог (Худо) Милостивый, и да будет вечный свет его знамением и степенью, он (Узбек хан) есть солнце, украшающее этот мир». [1, л- 302].

Далее следует текст панегирики и восхваление Узбек хану на арабском, где говорится:

.... و دراية القران العظيم الامر بترتيبه و بزبزه و تزميكه و تذهيبه المولى السلطان الاعظم ساحب اذيال العلى و الكريم سلطان العالم مولى ملوک العرب و العجم الموید بتاييد رب الارض و السماء مظهر الالا و مظهر النعماء

«И знаток Великого Корана, повелевший привести его в порядок, украсить, позолотить и орнаментировать, владыка, величайший султан, держащий края возвышенности и щедрости, султан мира, господин царей арабов и не арабов, поддержанный помощью Господа земли и небес, явление возвышенности и проявление благодеяний» [1, л- 302].



На первых и последних страницах рукописи есть наличие печатей Археологического музея, что указывает на то, что до поступления в библиотеку Кютахьи, рукопись, хранилась в фондах данного музея.

Из последнего отрывка панегирики в честь Узбек хана, мы понимаем, что украшение Корана, в частности позолотой, были сделаны уже непосредственно по приказу самого Узбек хана. Данный Коран, будучи расписанный золотом, являет собой прекрасное произведение искусства, отражает момент, когда ислам стал государственной религией, когда сам хан официально демонстрирует покровительство религии ислама.

В этой связи было бы интересно рассмотреть тему, связанную с принятием ислама, Узбек ханом, и каким образом данный Коран мог оказать на него свое влияние, изменив религиозную и политическую ситуацию на Евразийском пространстве в целом.

Существуют две версии, приводимые в исторических источниках, касающиеся принятия ислама правителями Золотой Орды и их подданными в Дешти-Кыпчаке.

Как известно Берке хан принял Ислам через шейха Сефи ад Дина Бахарзи, представителя суфийского ордена Кубравийя [2 л- 22-а, 3 с. 264].

На этом основании, как сам Берке, так и его ближайшее окружение пришли к Исламу через этот орден [4 с. 271-272]. Принятия Ислама Берке носило частный характер, большая часть его окружения и чингизидская аристократия все же не была готова отказаться от своих традиций.

Первая версия принятия Ислама Узбек ханом

Первая версия принятия Ислама, как ханами, так и народом Дешт и Кыпчака, связывается с правлением Узбек хана, который, по одной из версий, принял Ислам через посредничество Сейид-Ата. В «Шаджарат аль Атрак» приводится следующее: «После восшествия на престол Узбек хан в течение восьми лет находился во владениях Арки (Сары Арки? ارقا) в Дешти Кыпчаке, где была чистая вода и свежий воздух. Там имелись все условия для охоты, и хан наблюдал за своими землями. По прошествии этих восьми лет, под руководством шейха всех шейхов и мусульман, святого Зенги-Ата (да озарит Аллах его могилу), высокочтимого господина, известного прозвищами «наставник заблудших по воле Господа миров», «наставник страждущих», «руководитель ищущих», а также досточтимого Сейид-Ата (да освятит Аллах его тайну), халифа Зенги-Ата, в 720 году хиджры, соответствующем году Курицы по тюркскому календарю, Узбек хан удостоился чести принять Ислам» [4 с. 274].

В летописи шейха Бирзали указывается, что Узбек хан вступил на престол в 712 г. хиджры (1313 г.). После прихода к власти он казнил волшебников и колдунов, провозгласив ислам официальной религией государства [История Казахстана в арабских источниках. Т. 1. 2005. С. 144]. Однако Бирзали не уточняет, произошло ли провозглашение ислама официальной религией

сразу после восшествия Узбека на престол или спустя некоторое время после начала его правления. Аз-Захаби в своем труде «Тарих аль-Ислам» также сообщает, что Узбек хан взошёл на престол в 1313 г. и правил более тридцати лет. Будучи мусульманином, он уничтожил волшебников и некоторых эмиров. Однако Захаби также не указывает, когда именно Узбек принял ислам. Также в сочинении «Китаб ат-таварих ас-салатин ва-л-мулук ва-л-асакир», где говорится, что Узбек хан, придя к власти, провозгласил ислам официальной религией государства. [История Казахстана в арабских источниках. Т. 1. 2005. С. 191]. Тем не менее точная дата этого события также не приводится. Неясно, произошло ли это в год его восшествия на престол или спустя определённое время после прихода к власти. Поэтому указание «Шаджарат аль Атрак», мы считаем более точным, дополняющим арабские источники.

Как известно Зенги-Ата, проживал в окрестностях Шаша и был одним из учеников (первым халифом-заместителем) Хаким-Ата (Сулеймана Бакыргани, четвертого заместителя Ахмада Йасави) [6 с. 22]. Он родился и жил в вилайяте Шаш, где находится ныне его могила, к которой совершают паломничество. Зенги-Ата происходил из потомков Арслан-Ата [6 с. 22–26]. Сейид-Ата, второй халиф (заместитель) Зенги-Ата, был направлен в Улус Джучи для обращения хана в ислам [7]. Таким образом, согласно первой версии, Узбек хан принял Ислам посредством шейха Сейид Ата из ордена Йасавийя.

Вторая версия принятия Ислама

Согласно второй версии, Узбек хан принял Ислам через шейха Баба Тукты Шашты Азиза (Баба Туклеса). По некоторым данным, Баба Тукты Шашты Азиз (Баба-Туклес) также как и Сейид Ата, был учеником Зенги-Баба (Ата). Подробности принятия Ислама Узбек ханом через Баба Тукты Шашты Азиза приводятся в труде Утемиша Хаджи [2 л. 34б–35а]. Известный казахский исследователь З. Жандарбек считал, что Баба Тукты происходил из династии правителей Караханидов, тесно связанных с потомками Мухаммада Ханафия, и был сыном Исмаил Шейха, потомка Исхак-Бабы [8].

П. М. Мелиоранский полагал, что выражение **«بابا شاشلی عزیز»** (Баба Шашлы Азиз) следует интерпретировать как «могущественный из Шаша», то есть уроженец города Шаш (ныне Ташкент). Он подчёркивал, что слово «Шашлы» или «Шашты» происходит от топонима «Шаши» и его не следует путать с ошибочной трактовкой т.е. «покрытый волосами», встречающейся в некоторых интерпретациях и устных преданиях. В ногайской версии дастана о Едиге, опубликованной в редакции З. Усмановой, приводится полное имя Баба Тукты: **Хаджа Ахмад Баба Тукли Шашлы Азиз Бархаи**, о чём свидетельствует следующий отрывок:

من اوزیم کرامتلی ترکستانده قوچی احمد بیا توکلی شاشلی عزیز بارخایه دینک او ولی

«…Я сам из благословенного Туркестана, сын Кучы (Хаджи) Ахмада, Баба Тавакули Шашли Азиз Бархаи -аулие...» [9].

Однако в хорезмийском изложении XVIII века о принятии ислама Узбек ханом написанное Нуруллой ибн Убайдаллахом ас-Сыддыки аль Ховарезми приводятся ценные сведения о Баба-Туклесе: «Его имя (т.е. имя Баба-Туклеса) - Садр ад-Дин Ахмад. Однако в Хорезме и Мавераннахре он известен как Садр-Ата» [3 :568-569]. Далее он пишет: «оба они т.е. Сейид-Ата и Садр-Ата (Баба-Туклес) были направлены их учителем и шейхом Зенги-Ата в Сарайчик, где оба они занимались пропагандой религии и призвали к исламу Узбек хана. [3 с 569]». Таким образом факт обращения в Ислам Узбек хана через суфийский орден Йасавийя подтверждается источниками, и не может вызывать никаких сомнений. Оби версии (посредством Сеид -Ата и Садр-Ата) принятия ислама Узбек ханом только дополняют одна другую.

Участие Садр-Аты и Сейид-Аты в преподнесении данного Корана Узбек-хану

В исторических источниках отсутствуют прямые свидетельства того, что Садр-Ата (Баба Туклес) и Сейид-Ата преподнесли данный Коран Узбек-хану. Вместе с тем в «Шаджарат аль Атрак» сообщается: «в 720 году хиджры соответствующим году курицы по тюркскому календарю, Узбек-хан удостоился чести принять ислам» [4 с. 274]. Т.е. это соответствует 1320 году. Как мы знаем, Узбек-хан утвердился на престоле в 712 году, (1312/1313 г.). Как отмечает автор «Шаджарат аль Атрак» в течении последующих восьми лет, он находился во владениях Арки, в Дешт-и Кыпчаке. Следовательно, согласно данному источнику, принятие ислама Узбек-ханом следует датировать 1320 годом. Распространенная точка зрения о том, что Узбек-хан принял

ислам в конце XIII начале XIV веков и сразу придя к власти провозгласил ислам государственной религией, не находит своих подтверждений в исторических источниках.

Написание данного Корана было завершено в 1318 году, т.е. за два года до принятия ислама Узбек ханом. (Если следовать сведениям «Шаджарат аль Атрак»). В связи с этим можно предположить, что данный Коран сыграл определённою роль в принятии ислама Узбек ханом. Не исключено, что Коран могли преподнести в подарок Узбек-хану шейхи Садр-Ата (Баба Туклес) и Сейид-Ата.

Непосредственно на возможную связь рукописи с приятием ислама Узбек-ханом косвенно указывает посвящение, содержащееся в самом Коране: «И знаток Великого Корана, повелевший привести его в порядок, украсить, позолотить и орнаментировать, владыка, величайший султан, держащий края возвышенности и щедрости, султан мира, господин царей арабов и не арабов, поддержанный помощью Господа земли и небес, явление возвышенности и проявление благодеяний» [1 с. 302]. Как было указано ранее, данные панегирики в честь Узбек-хана, указывают на то, что украшение Корана позолотой и узорами, было уже сделано по приказу самого хана, после принятия им ислама. Таким образом первоначальное оформление Корана, и последующее его украшение представляют собой различные этапы в истории данного памятника.

Йасавийский тарикат, восходящий к духовной традиции Ахмеда Ясави, характеризовался рядом особенностей, способствовавших его широкому распространению среди тюркских народов. К их числу относятся использование тюркского языка в религиозной практике, акцент на внутреннем духовно-нравственном совершенствовании верующего, а не на внешних вопросах правовой теологии, а также относительная веротерпимость и адаптивность к местным культурным и религиозным традициям. Важной чертой тариката являлась интеграция отдельных элементов народных устоев в религиозную традицию, что обеспечивало его доступность и понятность для населения степных регионов. Благодаря этим особенностям ислам воспринимался кочевым обществом не как чуждая городская религия, а как органичная и приемлемая система духовных ценностей. Для кочевой элиты Золотой Орды именно суфийские формы ислама, прежде всего традиция Йасавийя, в наибольшей степени соответствовали религиозным и социокультурным потребностям степного общества.

Выводы. На основании проведенного анализа представляется возможным говорить о высокой культурно-исторической и художественной значимости данного рукописного Корана для Казахстана. Помимо того, что это священная книга мусульман, этот Коран выступает важным символом исторической памяти народа. Особую значимость имеет принятие ислама Узбек-ханом, под влиянием представителей ясавийского тариката т.е. Садр-Аты и Сейид-Аты. Это событие сыграло большую роль в распространении ислама на территории Золотой Орды и оказало существенное влияние на дальнейшее духовное и культурное развитие казахского народа.

Список литературы

1. Коран Узбек-хана: рукопись. 1318 г. 303 л. Хранится в библиотеке г. Кютахья, Турция. – Копия факсимиле приобретена Центром рукописей и редких книг (Астана) в 2025 г.
2. Утемиш Хаджи. Кара Таварих (Чингиз-наме – Таварих-и Дост Султан): рукопись на тюркском языке из личной библиотеки Ахмада Заки Валиди Тогана. – Стамбул, Турция. – С. 152. – Копия факсимильного издания приобретена Центром рукописей и редких книг г. Астаны в 2021 г.
3. ДиУис Д. Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам және йасауияның мәдени тарихы. – Ыстамбұл – Түркістан, 2025. – 687 б.
4. Шаджарат ал-Атрак (другое название рукописи: «Таварих-и Чингиз-нама» или «Таварих-и Салатин-и Турк»): рукопись на фарси, автор неизвестен. – Хоутонская библиотека Гарвардского университета, Массачусетс, США. – С. 244. – Копия факсимиле приобретена Центром рукописей и редких книг (Астана) в 2021 г.
5. История Казахстана в арабских источниках: в 3 т. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 1. – 707 с.
6. Фахр ад-Дин Ваиз Кашифи. Рашахат айн ал-хайат: в 2 т. – Тегеран: Буньяд-е Никури -йе Нурия, 2006. – Т. 1. – 361 с. – Текст на персидском языке (оригинал).

7. DeWeese D. Islamization and Native Religion in the Golden Horde: Baba Tükles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. – University Park, Pennsylvania: The Pennsylvania State University Press, [s. a.]. – 651 p.
8. Karatyshkanova Z., Zhandarbek A., Maldybek A. Baba Tukty Shashty Aziz: myth and reality // Хабаршы. Дінтану сериясы. – 2025. – № 3 (43). – С. 91–98.
9. Мелиоранский П.М. Сказание о Едыге и Токтамыше по рукописи, принадлежащей Ч. Ч. Валиханову. – Санкт-Петербург : Изд. Имп. Русского географического общества, 1905. – 25 с.

МАУЕРЕННАХРДАҒЫ ЕРТЕ ҚҰРАН АУДАРМАЛАРЫ: ӘБУ БӘКІР ИБН АХМАД ИБН ХАМИД ЖӘНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ ҚҰРАН АУДАРМАСЫНЫҢ ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ

HEAD OF THE YASAWI STUDIES RESEARCH CENTER, NATIONAL HISTORICAL AND CULTURAL MUSEUM-RESERVE “AZIRET SULTAN”, PHD CANDIDATE AT L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

Сайпулла Моллақанағатұлы[1]
Saipulla Mollakanagatuly[2]

Кіріспе. Құран мәтінінің араб тілінен өзге тілдерге аударылуы ислам өркениетінің әртүрлі аймақтарға таралуымен қатар жүрген күрделі діни, тілдік және интеллектуалдық үдерістердің бірі болды. Әсіресе ислам мәдениеті орныққан Мауереннахр кеңістігінде араб тіліндегі діни білімді жергілікті тілдерде түсіндіру қажеттілігі ерте кезеңнен-ақ байқалды. XI–XV ғасырлар аралығы Орта Азия түркі тілдерінің тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі болып саналады. Бұған кітаби тілдердің тарихи тұрғыдан қалыптасқан үдеріс негізінде кең таралуы және осы дәуір ескерткіштерінің аз зерттелуі себеп болып отыр [1-3]. Бұл қажеттілік Құран тәпсірі, хадис, фиқһ және тарихи шығармаларды араб тілінен парсы және кейін түркі тілдеріне жеткізу тәжірибесінің қалыптасуына ықпал етті.

Осы тұрғыдан Самани дәуірінде Мұхаммед ибн Жәрир ат-Табаридің Құран тәпсірінің парсы тіліне аударылуы айрықша тарихи маңызға ие. Аталған аударма исламдық білімнің араб тілінен Мауереннахрдағы жергілікті оқырманға түсінікті тілдік ортаға берілуінің аса маңызды мысалдарының бірі саналады.

Бұл аударманың кіріспесінде оның пайда болу тарихына қатысты құнды мәліметтер сақталған. Онда Табаридің араб тіліндегі көлемді тәпсірінің Бағдаттан Самани билеушісі Әмір Сәйид Мәлик Мұзаффар Әбу Салихке жеткізілгені, араб тілін толық түсінудің қиындығына байланысты еңбекті парсы тіліне аудару мәселесі көтерілгені және осы мәселе бойынша Мауереннахр ғалымдарынан пәтуа алынғаны баяндалады. Деректе: «... علمای ماوراءالنهر را گرد کردند ...از شهر بخارا، چون فقیه ابو بکر بن احمد بن حامد...» яғни Мауереннахр ғалымдарының Бұхарадан, соның ішінде фақиһ Әбу Бәкір ибн Ахмад ибн Хамидтен бастап, басқа да қалалардан жиналғаны айтылады [2-5].

Бұл мәліметтің маңызы тек парсыша аударманың тарихымен шектелмейді. Ол Мауереннахрда арабша діни мәтіндерді жергілікті тілде түсіндіруге мүмкіндік беретін ғалымдар ортасы, тілдік жағдай және аударма тәжірибесі қалыптасқанын көрсетеді. Осы тарихи орта кейін Қараханид дәуіріндегі түркі тіліндегі діни әдебиеттің, соның ішінде Құран аудармаларының пайда болуын түсіндіру үшін маңызды контекст береді.

Мақаланың мақсаты – Әбу Бәкір ибн Ахмад ибн Хамид туралы деректік мәліметтерді талдау, Табаридің тәпсірін парсы тіліне аудару үдерісінің ұйымдастырылу ерекшеліктерін анықтау және осы тәжірибенің кейінгі түркі тіліндегі Құран аудармаларының тарихи алғышарттарымен арақатынасын көрсету.

Самани дәуіріндегі Мауереннахр және Құран тәпсірін аудару қажеттілігі. Самани әулеті билік жүргізген кезең Мауереннахр мен Хорасанда исламдық ғылымдардың қарқынды дамыған дәуірлерінің бірі болды. Бұхара, Самарқанд, Балх, Ферғана және Испиджаб секілді қалаларда фиқһ, хадис, кәлам, тәпсір және тіл ғылымдарымен айналысқан ғалымдар қалыптасты. Қазіргі Орта Азия мен Қазақстан жерін бір кезде мекен еткен түркі халықтарының тарихында X–XII ғасырлар қоғамдық дамудың жаңа басқышы болды. Түркі тайпаларының ислам өркениетімен танысуы VIII–IX ғғ. Бастау алады. Ол ұзаққа созылған, бірақ бейбіт үдеріс болды [3-146]. Бұл кезеңде араб тілі діни ғылымдардың негізгі ғылыми тілі болғанымен, Мауереннахрдың

[1] «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты mollakanagatuly@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-8411-5977

[2] National Historical and Cultural Museum-Reserve “Aziret Sultan”, Head of the Yasawi Research Center, Head; PhD Candidate at L.N. Gumilyov Eurasian National University.

әлеуметтік және мәдени ортасында парсы тілі кеңінен қолданылды. Сондықтан араб тіліндегі күрделі діни шығармаларды жергілікті оқырманға түсінікті тілге жеткізу қажеттілігі заңды түрде туындады.

Құранның аударылуына келер болсақ, X ғасырдың ортасына дейін Құран ешбір тілге толық аударылмаған. Түркі қолбасшыларының билігіндегі Самани әулеті дәуірінде (876–999) Мансур ибн Нұх Мауараннахр ғалымдарынан пәтуа алып, Табаридің «Тафсирін» және Құранды түркілер мен парсылардан құралған ғылыми топқа парсы тіліне аудартқан [4-155]. Табаридің Тафсирі осы қажеттілікті айқын көрсететін шығармалардың бірі болды. Еңбектің көлемі, арабша жазылуы және ұзақ иснадтардың мол болуы оны араб тілін жетік білмейтін оқырман үшін қабылдауды қиындатқан. Парсыша аударманың кіріспесінде осы мәселе нақты сипатталады. Әмірдің арабша мәтінді түсінудің қиындығына байланысты оны парсы тіліне аударту ниеті болғаны баяндалады. Демек, бұл аударма кездейсоқ әдеби тәжірибе емес, діни білімді тілдік тұрғыдан жергілікті ортаға бейімдеу қажеттілігінен туған мемлекеттік және ғылыми сипаттағы жоба ретінде қарастырылуы мүмкін.

Құран тәпсірін парсы тіліне аударуға қатысты діни-құқықтық негіз. Аударма тарихындағы маңызды мәселенің бірі – Құран мен оның тәпсірін араб тілінен парсы тіліне аударудың діни тұрғыдан рұқсат етілуі. Кіріспе мәтінде билеуші Мауереннахр ғалымдарын жинап, осы кітапты парсы тіліне аударуға бола ма деген мәселе бойынша олардың пікірін сұрағаны баяндалады. Ғалымдар араб тілін білмейтін адамның Құран тәпсірін парсы тілінде оқып, жазуына рұқсат бар екенін негіздейді. Олар өз дәлелдерінің қатарында Құранның Ибраһим сүресі, 4-аятын келтіреді: وَمَا أَرْسَلْنَا مِنْ رَسُولٍ إِلَّا بِلِسَانِ قَوْمِهِ «Біз әрбір елшіні өз қауымының тілінде ғана жібердік» [2-5]. Ғалымдардың дәлелі аударманың тек тілдік мәселе емес, діни білімді түсіндірудің бір формасы ретінде қабылданғанын көрсетеді. Бұл жағдай Мауереннахрдағы көптілді діни білім беру тәжірибесінің қалыптасуына жол ашты.

Әбу Бәкір ибн Ахмад ибн Хамид және Бұхара ғалымдары. Аударма тарихына қатысты деректің ең маңызды тұстарының бірі – оған қатысқан ғалымдардың аты-жөндерінің көрсетілуі. Деректе: «...از شهر بخارا، چون فقیه ابو بکر بن احمد بن حامد و چون خلیل بن احمد سجستانی...» деп, Бұхарадан фақиһ Әбу Бәкір ибн Ахмад ибн Хамид пен Халил ибн Ахмад әс-Сижистани аталады [2-5]. Әбу Бәкір ибн Ахмад ибн Хамидтің есімінің фақиһ ретінде берілуі оның сол кезеңдегі діни-құқықтық білім иесі болғанын көрсетеді. Бұл артықшылық өте маңызды. Өйткені деректе алдымен әртүрлі қалалардан ғалымдардың жиналғаны, содан кейін олардың арасынан « افضل‌تر و عالم‌تر» – яғни білімділігі мен артықшылығы жоғары адамдардың таңдалғаны айтылады. Сондықтан Әбу Бәкір ибн Ахмад ибн Хамидтің рөлін: Бұхарадан шақырылған фақиһ, Мауереннахр ғалымдары құрамындағы тұлға, аударма мәселесін шешуге қатысқан діни ғалым ретінде сипаттау қолда бар дерекке неғұрлым сәйкес келеді.

1995–2025 yılları arasındaki ziyaret süreci üzerine bir analiz gerçekleştirilmiştir. Toplanan veriler temelinde Hoca Ahmed Yesevi Türbesini ziyaret eden ülkelerin geniş kapsamlı bir listesi oluşturulmuştur. Araştırma sonucunda, Türkistana ziyaret ve kültürel-bilişsel amaçlarla gelen yabancı ziyaretçilerin sayısının yıllar içerisinde istikrarlı biçimde arttığı tespit edilmiştir. Son otuz yıllık dönem içerisinde ziyaretçilerin coğrafyası önemli ölçüde genişlemiş ve günümüzde türbenin 100den fazla ülkede bilinen uluslararası bir tarihi ve manevi merkez haline geldiği belirlenmiştir.

Bu sonuçları destekleyen temel kaynaklar arasında arşiv materyalleri, bilimsel ve tarihi çalışmalar, müze-rezervin koleksiyonlarında muhafaza edilen hatıralar ve ayrıca türbe alanında bulunan sadaka kutularına bırakılan yazılı notlar ile farklı ülkelerden gelen ziyaretçilerin bıraktıkları para, eser ve hediyeler yer almaktadır. Söz konusu kaynaklar, ziyaretçilerin geldikleri ülkeleri, ziyaretçi sayılarını ve hareketlilik dinamiklerini belirlemeye imkan sağlamış ve araştırmanın bilimsel temellere dayandırılmasına katkıda bulunmuştur.

Genel olarak gerçekleştirilen analiz, Türkistanın uluslararası düzeyde bir manevi merkez olarak öneminin güçlenmesinin yanı sıra, Yesevi mirasının çağdaş toplumdaki güncelliğini de bir kez daha ortaya koymaktadır.

Ziyaretçilerin önemli bir bölümü öncelikle Türk dünyasından gelmektedir. Bunlar arasında Türkiye, Azerbaycan, Özbekistan, Kırgızistan ve Türkmenistanın yanı sıra Rusya Federasyonunda yaşayan Türk halklarının temsilcileri Tatarlar, Başkurtlar, Karaçaylar, Çerkesler ve Nogaylar bulunmaktadır. Bu ülkeler, Yesevi dünya görüşüyle tarihi ve manevi bağları bulunan geniş bir coğrafi ve kültürel alanı temsil etmektedir.





Türkistanın Günümüzdeki Gelişim Eğilimleri

Manevi düzeyde Arslan Baba, Hoca Ahmed Yesevi, Gaukhar Ana ve Rabia Sultan Begim türbeleri başlıca ziyaret güzergahlarını oluştururken; kültürel düzeyde "Aziret Sultan" Ulusal Tarihi-Kültürel Müze-Rezervi**,** çağdaş müzecilik yöntemlerini uygulamaya koymaktadır. Uluslararası düzeyde ise Türkistan, TÜRKSOY ve Türk Devletleri Teşkilatı çerçevesinde kültür başkenti statüsünü elde etmiştir (Abdigaliuly).

Türkistan Bölgesi Basın Servisi ve "Open Turkistan" Turizm Bilgi Merkezi verilerine göre, bu yılın ilk beş ayının sonuçları itibarıyla Türkistan bölgesini yaklaşık 150.000 turist ziyaret etmiştir. Bu sayı, bir önceki yıla göre %5,6 oranında artış göstermektedir. Ziyaretçilerin %77,8ini yerli turistler oluştururken, %22,2sini yabancı ziyaretçiler oluşturmaktadır.

Öte yandan, Türkistan Bölgesi Bölgesel İletişim Servisi tarafından paylaşılan bilgilere göre, son sekiz yıl içerisinde Türkistan bölgesini 2,5 milyondan fazla turist ziyaret etmiştir. 2018 yılında bölgeye gelen turist sayısı 186,2 bin iken, 2025 yılı sonunda bu sayı 500 bine ulaşmış ve 2,5 kat artmıştır. Bunun yanı sıra bölgenin tarihi ve kültürel mekanlarına 10 milyondan fazla günübirlik ziyaretçi gelmiştir.

İstatistiksel veriler, Türkistan bölgesine gelen ziyaretçi sayısının her yıl artmasının, bölgenin manevi turizm merkezi olarak önemini açıkça ortaya koyduğunu göstermektedir. Turist akışındaki istikrarlı artış, tarihi ve kültürel miras alanlarının çekiciliğinin giderek yükseldiğini ve bu mekanlara ulusal ve uluslararası düzeyde olan talebin arttığını göstermektedir. Bu eğilim, yalnızca bölgenin

sosyo-ekonomik gelişimine katkı sağlamakla kalmamakta, aynı zamanda altyapının geliştirilmesi ve tarihi-kültürel mirasın çağdaş yöntemlerle tanıtılması açısından da önemli bir yönelim oluşturmaktadır. (Kamalova F., Tolegenov M.,)

Sonuç olarak kutsal tarihi mekanları ziyaret etme, insanlığın manevi, kültürel ve tarihi ihtiyaçlarından kaynaklanan bir olgu olarak değerlendirilebilir. Bu olgu yalnızca ibadet veya ziyaretle sınırlı olmayıp, insanın hayatın anlamını araması, tarihi hafızasını yeniden canlandırması ve milli değerlere saygı göstermesiyle de ilişkilidir.[22]



Türkistanın Güncel Gelişim Süreci

Son yıllarda Türkistanda manevi turizmin, kültürel mirasın ve kentsel altyapının geliştirilmesine yönelik kapsamlı programlar hayata geçirilmektedir. Şehirde modern bir uluslararası havalimanı olan "Hazret Sultan" HSA Havalimanı hizmete açılmış ve iç hatlar ile uluslararası uçuşlar düzenli olarak gerçekleştirilmeye başlanmıştır. Bunun yanı sıra "Keruen-Saray" turizm kompleksi, yeni oteller, etno-köyler ve kültürel rekreasyon alanları inşa edilmiştir.

Türkistanın gelişimi yalnızca mimari ve inşaat alanlarıyla sınırlı kalmamış, aynı zamanda sosyo-ekonomik açıdan da ivme kazanmıştır. Şehirde yeni istihdam alanları oluşturulmuş, küçük ve orta ölçekli işletmeler gelişmeye başlamıştır. Turizm hizmetlerinin kalitesi yükselmiş; ziyaretçilere yönelik bilgi merkezleri ve elektronik kayıt sistemleri uygulamaya konulmuştur.

Uluslararası düzeyde Türkistan, Türk Devletleri Teşkilatının kültür başkenti statüsünü elde etmiş ve çeşitli kültürel ve bilimsel etkinliklere düzenli olarak ev sahipliği yapmaktadır. Böylece şehir, günümüzde tarihi miras ile modern altyapının uyumunu sağlayan yeni dönemin önemli manevi merkezlerinden biri olarak şekillenmektedir.

Türkistan şehrinde bilim ve eğitim alanları da son yıllarda yeni bir düzeye ulaşmıştır. Şehirde manevi miras ile çağdaş bilimi bir araya getirmeye yönelik projeler gerçekleştirilmektedir. Bu süreç, Türkistanın yalnızca kültürel ve turistik bir merkez değil, aynı zamanda bilimsel ve entelektüel bir merkez olarak gelişmekte olduğunu göstermektedir.

Türkistanda "Aziret Sultan" Ulusal Tarihi-Kültürel Müze-Rezervinin bilimsel birimleri, arkeolojik ve etnografik araştırma ekiplerinin yanı sıra, geçtiğimiz yıl yeni kurulan Yesevi Araştırmaları Bilim Merkezinin araştırmacılarının çalışmaları da sonuç vermeye başlamıştır. Burada teoloji, tarih, kültürel çalışmalar, arkeoloji, turizm, filoloji ve bölge çalışmaları alanlarında uluslararası düzeyde araştırmalar yürütülmektedir. Araştırmacılar bölgenin manevi turizm ve ziyaret kültürünün gelişimini incelemekte ve bilimsel dolaşıma yeni veri ve kaynaklar kazandırmaktadır.

Bunun yanı sıra Hoca Ahmed Yesevi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi**,** bölgenin başlıca bilim ve eğitim merkezlerinden biri olarak kabul edilmektedir. Üniversite, Avrasya ve Türk dünyasından bilim insanlarını bir araya getiren önemli bir bilimsel iş birliği platformuna dönüşmüştür.

Türkistanın 1500. yılına yönelik kutlamalardan itibaren her yıl uluslararası bilimsel konferanslar düzenlenmekte, genç bilim insanları ve araştırmacılara yönelik çeşitli projeler gerçekleştirilmektedir. Bununla birlikte Türkistan ile diğer Türk devletleri arasındaki akademik değişim programları ve bilimsel araştırma gezileri de aktif biçimde sürdürülmektedir.

Genel olarak Türkistanda bilim ve eğitimin gelişimi, manevi yenilenme anlayışıyla yakından ilişkilidir. Burada eğitim ve araştırma faaliyetleri yalnızca mesleki amaçlarla sınırlı kalmamakta; aynı zamanda manevi değerleri, kültürel mirası ve tarihi sürekliliği yaşatma misyonunu da üstlenmektedir. Böylece Türkistan, günümüzde manevi miras ile çağdaş bilimin kesiştiği önemli bir merkez haline gelmektedir.

Dijital Mekanda Manevi Deneyim

Günümüzde dijital teknolojiler, manevi turizmin yeni biçimlerinin ortaya çıkmasına katkı sağlamıştır. Sanal ziyaret, çevrim içi hac ve 3D modelleme yöntemleri aracılığıyla kutsal mekanları uzaktan deneyimleme uygulamaları yaygınlaşmıştır. COVID-19 pandemisi sırasında bu eğilim özellikle hız kazanmış; Mekke ve Vatikana yönelik çevrim içi turların yanı sıra Türkistandaki Hoca Ahmed Yesevi Türbesinin sanal sergisi de bu alandaki yenilikçi uygulamaların örnekleri arasında yer almıştır.

Dijital formatlar, insanlara coğrafi sınırlamaların ötesinde manevi deneyim yaşama imkanı sunarak özellikle gençlerin ilgisini artırmıştır. Sosyal medya ve blog platformları aracılığıyla ziyaret deneyimlerinin paylaşılması da günümüzde yeni bir kültürel olgu haline gelmektedir. Böylece manevi turizm çağdaş medya kültürüyle bütünleşerek sınır ötesi manevi iletişimin yeni biçimlerini ortaya çıkarmaktadır (Gabdullina, 2023: 85).

Kutsal mekanları ziyaret etme olgusu, halkın milli kimliğinin oluşum biçimlerinden biri ve bir bölgenin tanınırlığının artırılmasına katkı sağlayan bir unsur olarak ele alınmıştır. Son yıllarda Kazakistanda kutsal ve tarihi mekanlara yönelik ziyaretlerin arttığı, bu mekanların toplum içerisinde giderek daha fazla tanındığı görülmektedir.

Dini nitelikteki ziyaret mekanlarında medfun bulunan şahsiyetler, yaşamları boyunca dindarlıkları ve takvalarıyla tanınmış; velilik, şifacılık veya keramet sahibi olduklarına inanılmış; özellikle İslam dininin ve tasavvuf geleneğinin Kazakistan coğrafyasına yayılması ve yerleşmesinde önemli rol oynamış şahsiyetler olarak kabul edilmiştir. Bu nedenle insanlar onların hatırasını yaşatmak, ruhlarına Kuran okumak ve geleneksel dini anlayışlarını geliştirmek amacıyla kutsal mekanları ziyaret etmekte; kutsal mekanların manevi anlamını kavramaya, bu mekanlar aracılığıyla kendilerini farklı bir manevi alemle ilişkilendirmeye ve kimliklerini güçlendirmeye yönelmektedir.

Hoca Ahmed Yesevi Türbesi ve Türkistan, yalnızca Kazakistanın değil, bütün Türk dünyasının önemli manevi merkezlerinden biri olarak değerlendirilmektedir. Yesevi mirası yüzyıllar boyunca Türk-İslam medeniyetinin oluşumunda etkili olmuş ve onun tasavvufi öğretisi halkların dünya görüşü ile dini kültürünün ayrılmaz bir parçası haline gelmiştir. Bu nedenle kutsal Türkistana yönelik ziyaret geleneği, milletin manevi sürekliliğinin, tarihi hafızasının ve kültürel kimliğinin korunması açısından önemli bir olgudur.

Kutsal türbeyi ziyaret edenlerin önemli bir bölümünün temel motivasyonları arasında manevi arayış, ataların ve önceki nesillerin mirasına saygı, Hoca Ahmed Yesevinin öğretisini anlama, içsel arınma ve manevi yenilenme yer almaktadır. Yesevinin öğretisi halkın ahlaki ve etik anlayışıyla bütünleşerek milli maneviyatın derin katmanlarını etkilemiştir. Bu yönüyle Türkistan yalnızca tarihi bir şehir olarak değil, aynı zamanda toplumun manevi ihtiyaçlarına cevap veren bir "manevi çekim merkezi" olarak gelişmektedir.

Bununla birlikte ziyaret süreci bölgenin sosyo-ekonomik gelişimine de katkı sağlamakta; yeni kültürel kümelenmelerin, müze-rezervlerin, bilim merkezlerinin ve turizm tesislerinin oluşmasına zemin hazırlamaktadır. Genel olarak Hoca Ahmed Yesevi Türbesine yönelik ziyaret, manevi, kültürel ve turistik boyutları bulunan çok yönlü bir olgu niteliğindedir. Bu olgu, bireyin manevi gelişimini desteklemenin yanı sıra toplumun milli kimliğinin güçlenmesine katkıda bulunmakta ve Türkistanın uluslararası düzeyde önemli bir manevi merkez olarak konumunu pekiştirmektedir

Sonuç

Araştırma sonuçları, Hoca Ahmed Yesevi Türbesini ziyaret etme geleneğinin uzun bir tarihsel süreç boyunca kesintisiz biçimde sürdüğünü ve bu geleneğin içeriğinin her dönemin dini, sosyal ve kültürel şartlarına bağlı olarak değişip şekillendiğini ortaya koymuştur. Türbe, yüzyıllar boyunca yalnızca dini ritüellerin gerçekleştirildiği kutsal bir mekan olmakla kalmamış; ziyaretçilerin manevi arayışlarının, tarihi hafızanın, sosyal ilişkilerin ve kültürel deneyimlerin kesiştiği bir mekan olarak da işlev görmüştür.

XIX. yüzyılda M. S. Bekçurin, P. İ. Lerh, P. İ. Paşino, A. K. Geyns ve P. N. Ahmerovun çalışmaları ile **"**Türkistan Albümü" gibi yazılı ve görsel kaynaklar, söz konusu dönemdeki ziyaret kültürünün somut unsurlarını belirlemeye imkan sağlamaktadır. Kaynaklara göre ziyaretçiler, öncelikle Hoca Ahmed Yesevinin kabrini ziyaret etmek, dua etmek, dini ritüelleri yerine getirmek, kurban kesmek ve manevi ihtiyaçlarını karşılamak amacıyla türbeye gelmişlerdir.

Ziyaretçilerin manevi motivasyonlarının incelenmesi, ziyaretlerin temelinde kutsal mekana duyulan saygı, manevi huzur arayışı, dua etme, içsel arınma, dilekte bulunma ve velinin manevi mirasına yakınlaşma gibi nedenlerin bulunduğunu ortaya koymuştur. Yesevi geleneğinde ziyaret, yalnızca pire duyulan saygının bir ifadesi değil, aynı zamanda manevi sürekliliğin korunmasının ve tarihi-kültürel hafızanın yeniden canlandırılmasının bir biçimi haline gelmiştir. Bu açıdan ziyaret, bireysel bir dini deneyim olmanın yanı sıra, toplumun manevi değerlerini nesilden nesile aktaran sosyal ve kültürel bir pratik olarak da değerlendirilebilir.

Araştırmada incelenen ziyaretçi yazıları, dilek mektupları, ziyaretçi defterleri, hediyeler ve diğer maddi unsurlar, ziyaret geleneğinin sonraki dönemlerde de devam ettiğini göstermektedir. Bu veriler, ziyaretçilerin coğrafi dağılımının, sosyal ve etnokültürel yapısının yanı sıra kişisel manevi niyetlerinin de belirlenmesine imkan sağlamaktadır. Söz konusu yazılarda manevi yardım, sağlık, aile huzuru, evlat, bereket ve esenlik taleplerinin yanı sıra Hoca Ahmed Yesevinin mirasına duyulan saygı, ataların ruhlarını anma ve türbenin tarihi-kültürel değerine yönelik ilginin de önemli motivasyonlar arasında yer aldığı görülmektedir.

Böylece araştırma verileri, zaman içerisinde ziyaretçilerin sosyal ve etnokültürel yapılarında ve ziyaret amaçlarında belirli değişiklikler meydana gelmesine rağmen, ziyaret pratiğinin temel manevi özünün korunduğunu göstermektedir. XIX. yüzyıldaki Müslüman ziyaretçilerin dini ve manevi deneyimlerinden günümüz ziyaretçilerinin manevi, tarihi ve kültürel amaçlarına kadar uzanan süreçte Hoca Ahmed Yesevi Türbesi kutsal mekan niteliğini korumaya devam etmiştir. Günümüzde müzecilik faaliyetleri, bilimsel araştırmalar, uluslararası kültürel ilişkiler ve dijital teknolojiler ziyaret deneyimine yeni biçimler kazandırmış; ancak bu gelişmeler geleneksel ziyaretin tarihi temellerini ortadan kaldırmak yerine, onun yeni mekan ve iletişim alanlarında devam etmesine imkan sağlamıştır.

Sonuç olarak, Hoca Ahmed Yesevi Türbesini ziyaret etme tarihi, yalnızca kutsal bir mekana yapılan ziyaretlerin tarihi değildir; insanların manevi ihtiyaçları, tarihi hafızaları ve kültürel değerleri doğrultusunda şekillenen çok katmanlı bir sosyal ve kültürel süreçtir. Ziyaretçilerin deneyimlerinin tarihi kaynaklar, arkeolojik ve epigrafik materyaller, etnografik veriler ve günümüz ziyaretçilerinin yazılı kayıtlarıyla birlikte değerlendirilmesi, Hoca Ahmed Yesevi mirasının toplumdaki manevi öneminin daha derinlemesine anlaşılmasına imkan sağlamaktadır. Bu bakımdan, türbeyi ziyaret edenlerin tarihinin incelenmesi, Yesevi mirasının yüzyıllar boyunca devam eden manevi sürekliliğini ortaya koyan önemli bir araştırma alanıdır.

Kaynakça

1. Yölgin, Yu. A. *Hoca Ahmed Yesevî Türbesinin Arkeolojik ve Tarihî-Mimarî Araştırmaları: XIX. Yüzyılın İkinci Yarısı – 1950'li Yılların Ortaları.* Almatı, 2013.
2. Smagulov, E. A., Grigoriev, F. P., İtenov, A. A. *Türkistan Şehrinin Ortaçağ Arkeolojisi.* Türkistan: Miras, 1998, 226 s.
3. Severtsev, N. *Kokandlılar Arasında Bir Ay Esaret: Sırderya'nın Aşağı Kesimlerinin Haritasıyla Birlikte.* St. Petersburg, 1860.
4. Bekçurin, M. S. "Türkistan Şehrinde Bulunan Hazret Camii'nin Tasviri" // *Voennıy Sbornik.* St. Petersburg, 1866, Sayı 8, s. 209–217.
5. Lerh, P. İ. *1867 Yılında Türkistan Bölgesine Arkeolojik Gezi.* St. Petersburg: İmparatorluk Bilimler Akademisi Matbaası, 1870, 40 s.
6. Paşino, P. İ. *1866 Yılında Türkistan Bölgesi: Seyahat Notları.* St. Petersburg, 1868, 176 s.

7. Vereşçagin, V. V. “Orenburg’dan Taşkent’e. 1867–1868” // *Vsemirnıy Puteşestvennik.* 1874, Sayı 5.
8. Geyns, A. K. “Kutsal Türkistan Şehri: 1866 Günlüğü” // *A. K. Geyns’in Edebî Eserleri Külliyatı.* St. Petersburg, 1898.
9. Ahmerov, P. N. “Ahmed Yesevî Camii’nin Tasviri” // *Kazan Üniversitesi Arkeoloji, Tarih ve Etnografya Cemiyeti Yayınları.* 1896, Cilt 13, Sayı 6, s. 530–537.
10. Divayev, A. A. “Timur Tarafından Türkistan’daki Hazret Yesevî Camii’ne Verilen İmtiyaz Belgesi / Farsçadan Çeviri” // *Türkistan Vedomosti.* 1901, Sayı 39, 41.
11. Lıkoshin, N. S. “Hazret Sultan Türkistan Camii ile İlişkili Kırgızların Hurafeleri” // *Türkistan Vedomosti.* 1902, Sayı 17.
12. Masson, M. E. *Hoca Ahmed Yesevî Türbesi.* Taşkent, 1930, 28 s.
13. Muminov, A. K., Kumekov, B. E., Sultanov, U. A. vd. *Hoca Ahmed Yesevî Türbesine Ait Tarihî Belgeler.* Astana, 2017, 216 s.
14. Kun, A. L. *Türkistan Albümü.* 1871–1872.
15. Kenzhetay, D. *İslam ve Medeniyet Felsefesi.* Astana: Nur-Mübarek, 2017.
16. Privratsky, Bruce G. *Muslim Turkistan: Kazak Religion and Collective Memory.* London–New York: Routledge, 2001.
17. Malikov, Azim. “Shrines and Pilgrimage in Southern Kazakhstan” // *Muslim Pilgrimage in the Modern World.* – 2019. – P. 149–171.
18. Jandarbek, Zikeriya. *Yesevî Yolu ve Kazak Toplumu: Bilimsel Araştırma.* Almatı: El-Şejire, 2006.
19. DeWeese, Devin. “The Politics of Sacred Lineages in 19th-Century Central Asia: Descent Groups Linked to Khwaja Ahmad Yasavi in Shrine Documents and Genealogical Charters” // *International Journal of Middle East Studies.* 1999, Cilt 31, Sayı 4, s. 507–530.
20. Kamalova, F., Baitenova, N., Dosmagambetova, J., Shaldarbekova, A. “The Psychosocial Aspects of the Pilgrimage Phenomenon”
21. Kenzhetay, D. *Hoca Ahmed Yesevî’nin Dünya Görüşü.* Türkistan: Turan, 2008.
22. Kamalova F., Tolegenov M., Ussainova A., Shylmambetov S. *Typology of Legends Related to Sacred Objects in the Turkestan Region*
23. DeWeese, Devin. “Sacred Places and ‘Public’ Narratives: The Shrine of Aḥmad Yasavī in Hagiographical Traditions of the Yasavī Sufi Order, 16th–17th Centuries” // *The Muslim World.* 2000, Cilt 90, s. 353–376.
24. Tuyakbayev, M. “Türkistan’ın Turizm Endüstrisi ve Bölgesel Kalkınma Stratejisi” // *Ekonomi ve Toplum.* 2023, Sayı 5(103).
25. Abdigaliuly, B. *Kutsal Mekânlar: Birlik ve Yenilenmenin Sembolü.* [Elektronik kaynak].
26. Kazakistan Cumhuriyeti Ulusal İstatistik Bürosu. *2025 Yılı Turizm Sektörü Raporu.* Astana, 2025.
27. Gabdullina, B. “Dijital Kültür ve Manevî İletişimin Yeni Biçimleri” // *Medya ve Kültür.* 2023, Sayı 1.

МОЛДАШЕР АХУН ЖАМҰРАТҰЛЫ ЖӘНЕ СЫРДАРИЯНЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ АҒАРТУШЫЛЫҚ ДӘСТҮР

MOLDASHER AKHUN ZHAMURATULY AND THE TRADITION OF ISLAMIC ENLIGHTENMENT IN THE LOWER SYR DARIA REGION

Қали Әбдіұлы Омаров[1]
Kali Abduly Omarov[2]

Кіріспе

Сырдария алабы ежелден Орталық Азия халықтарын өзара байланыстырған тарихи-мәдени кеңістік болды. Өзеннің орта және төменгі ағысында орналасқан қалалар мен елді мекендер арқылы сауда жолдары ғана емес, діни ілім, жазба мәдениет, кітап және білім дәстүрі де тарады. Түркістан, Шымкент, Ташкент, Қазалы, Ақмешіт секілді орталықтар мен Бұхара, Хиуа қалалары арасындағы рухани байланыстар аймақтағы ислам мәдениетінің қалыптасуына айрықша ықпал етті [1; 2].

XVIII-XIX ғасырларда Сыр бойындағы қазақ қоғамының рухани өмірінде ахундар, ишандар мен молдалар маңызды орын алды. Олар діни рәсімдерді атқарумен шектелмей, оқу-ағарту ісін ұйымдастырды, қолжазба және кітап мәдениетін таратты, ел ішіндегі құқықтық және әлеуметтік мәселелерге араласты. Халықты имандылыққа, бірлікке, адал еңбекке үндеп, тарихи сын-қатерлер кезінде қоғамдық тұтастықтың сақталуына қызмет етті [3; 4, 243-247-бб.; 5, 230-235-бб.].

Осы ортадан шыққан көрнекті тұлғалардың бірі – Молдашер ахун Жамұратұлы. Оның өмір жолы Сырдарияның төменгі ағысындағы ислам мәдениетінің тек діни құлшылықпен шектелмегенін, білім беру, әлеуметтік қамқорлық, шаруашылықты ұйымдастыру және елдік мүддені қорғау тәрізді салаларды да қамтығанын көрсетеді.

Мақаланың мақсаты – Молдашер ахунның білім жолы мен қоғамдық қызметін Сырдария алабындағы исламдық ағартушылық дәстүр контексінде саралау. Осы мақсатқа сәйкес оның Бұхарада алған білімінің мазмұны, Сыр бойы мен Қызылқұмдағы ағартушылық қызметі, әлеуметтік бастамалары және елдік ұстанымы талданады.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеудің деректік негізін Молдашер ахун туралы энциклопедиялық және өлкетанулық материалдар, Сыр өңіріндегі діни-ағартушылық дәстүрге арналған еңбектер, сондай-ақ XIX ғасырдағы Бұхара медреселері мен Ресей империясы құрамындағы мұсылмандық институттарды қарастырған зерттеулер құрайды. Мақалада тарихи-салыстырмалы, жүйелеу, деректерді өзара сабақтастыра талдау және тұлғаның қызметін тарихи-мәдени орта аясында бағалау әдістері қолданылды.

Молдашер ахунға қатысты ауызша және өлкетанулық деректерді пайдалануда олардың тарихи жадының үлгісі екені ескерілді. Сондықтан жекелеген оқиғалар мен мәліметтерді одан әрі архив құжаттарымен және қолжазба мұралармен нақтылау қажеттігі назарда ұсталды.

Сырдария алабындағы исламдық білім кеңістігі

XIX ғасырда Сырдарияның төменгі ағысын мекендеген қазақтардың діни білім алу бағыттары Орталық Азияның ірі мәдени орталықтарымен байланысты болды. Қабілетті жастар Бұхара мен Хиуа медреселеріне барып, араб тілі, Құран, хадис, фиқһ, ақида, логика, шешендік өнер және шығыс әдебиеті бойынша білім алды. Елге оралған түлектер мешіт пен мектеп

[1] География ғылымдарының кандидаты, доцент, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы, Omarov.Kali@korkyt.kz, https://orcid.org/0000-0003-3128-8206
[2] Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan, Omarov.Kali@korkyt.kz, https://orcid.org/0000-0003-3128-8206

қызметін ұйымдастырып, жергілікті қауымның рухани сұранысын өтеді [4; 6, 378-382-бб.; 7, 776-782-бб.].

Білім алмасу бір бағытта ғана жүрген жоқ. Сыр бойынан Бұхараға барған шәкірттер сол орталықтың ғылыми дәстүрін меңгерсе, кейін оны қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне бейімдеп таратты. Осылайша Бұхараның медреселік мәдениеті мен Сыр өңірінің дәстүрлі танымы өзара тоғысып, аймаққа тән исламдық ағартушылық үлгі қалыптасты [2; 4, 243-247-бб.; 8; 9, 7-10-бб.].

Ахун атағы терең діни білім алған, күрделі діни-құқықтық мәселелерді түсіндіре алатын және ұстаздық қызмет атқаратын беделді оқымыстыға берілді. Ахундар халық арасында діни білімнің сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, моральдық бедел иесі, кеңесші және қоғамдық мәмілегер қызметін де атқарды [3; 5, 230-235-бб.].

Молдашер Жамұратұлының өскен ортасы және білім жолы

Молдашер Жамұратұлы 1825 жылы Сыр өңірінде дүниеге келген. Ол Қармақшы мен Қазалы аймағын мекендеген Кіші жүз шөмекей құрамындағы Жолай жасауыл әулетінен тараған. Елдік пен ерлік дәстүрі орныққан ортада өскен Молдашер жастайынан оқу-білімге ұмтылып, мұсылмандық ілімдерді меңгеруге ден қояды [10, 29-б.; 11, 247-249-бб.; 12, 64-65-бб.].

Білімін тереңдету мақсатымен Бұхараға аттанып, әйгілі «Көкілташ» медресесінде оқиды. Өлкетанулық деректер бойынша, ол 1843-1850 жылдары медресенің негізгі оқу сатысынан өтіп, кейін білімін тағы екі жыл жетілдірген. Ұзақ жылғы оқу мен ізденістің нәтижесінде діни-ағартушылық қызмет атқаруға мүмкіндік беретін дәрежеге жетіп, ахун ретінде танылады [10, 29-б.; 11, 247-249-бб.; 12, 64-65-бб.].

Молдашер Жамұратұлының Бұхарада білім алуы – Сыр өңірі мен Мәуереннахрдың рухани орталықтары арасындағы тарихи байланыстың нақты көрінісі. Оның кейінгі қызметінен медреседе алған білімін қазақ қоғамының қажеттілігімен ұштастыра білгенін аңғаруға болады.

«Көкілташ» медресесіндегі білім дәстүрі

XIX ғасырдағы Бұхара медреселерінің оқу жүйесі негізгі мәтінді, оған жазылған түсіндірмені – шархты және толықтыруды – хашияны қатар меңгеруге негізделді. Шәкірт мәтінді жаттап қана қоймай, ұстаздың түсіндіруі арқылы талдауға, пікірталасқа қатысуға және тұжырымын дәлелдеуге үйренді [6, 378-382-бб.; 7, 776-782-бб.].

Оқу бағдарламасының бастапқы сатысында араб тілінің морфологиясы мен синтаксисіне ерекше мән берілді. «Бидан», Иззуддин аз-Занжанидің «Тасриф әл-Иззи», «Марах әл-аруах», «Әл-Ауамил әл-миа», Ибн әл-Хажибтің «Әл-Кафия» және Әбдірахман Жәмидің оған жазған түсіндірмесі тәрізді еңбектер Бұхараның дәстүрлі оқу ортасында кеңінен қолданылды. Араб тілін меңгеру Құран, хадис, фиқһ және ақида кітаптарын түпнұсқадан оқудың алғышарты еді [6, 378-382-бб.; 7, 776-782-бб.; 13].

Фиқһ ілімі ханафи мәзһабы негізінде оқытылды. «Мұхтасар әл-Уиқая», Бұрһануддин әл-Марғинанидің «Әл-Һидаясы», фиқһ әдіснамасына арналған «Усул әл-Хусами» және «Әт-Тәлуих» секілді еңбектер арқылы ғибадат мәселелерімен бірге неке, мұрагерлік, сауда, қарыз, жер мен суды пайдалану, қоғамдық дау-дамайды шешу қағидалары игерілді. Мұндай даярлық ахунның ел арасындағы әлеуметтік және құқықтық мәселелерге білікті араласуына мүмкіндік берді [2; 6, 378-382-бб.; 7, 776-782-бб.].

Ақида мен кәлам саласында «Әл-Ақаид ән-Нәсәфия» және оған Сағадуддин ат-Тафтазани жазған түсіндірме оқылды. Мантық пәнінде әл-Абхаридің «Исағужиі», әл-Қазуинидің «Әш-Шамсиясы» тәрізді еңбектер шәкірттерді ойды жүйелеуге, дәлел мен болжамды ажыратуға баулыды. Тәпсірде «Тәпсір әл-Байдауи» мен «Тәпсір әл-Жалалайн», хадис саласында «Мишкат әл-масабих» қолданылды [6, 378-382-бб.; 7, 776-782-бб.].

Медреселік білім шешендік өнермен, арифметика және астрономия негіздерімен, парсы тілі және шығыс әдебиетімен толықты. Сағди Ширазидің «Гүлстаны» мен «Бустаны», Әбдірахман Жәми мен Әлішер Науаи мұрасы шәкірттердің адамгершілік, әділет, жомарттық және қоғамдық жауапкершілік туралы танымын кеңейтті.

Бұхара медреселерінің жалпы оқу дәстүрі туралы зерттеулер бұл еңбектердің сол кезеңдегі білім кеңістігінде кең таралғанын көрсетеді [1; 6, 378-382-бб.; 7, 776-782-бб;13]. Яғни олар Молдашер ахун қалыптасқан ғылыми ортаның мазмұнын сипаттауға мүмкіндік береді.

Молдашер ахунның ағартушылық қызметі

Туған еліне оралған Молдашер ахун алған білімін Сыр бойы мен Қызылқұм халқының игілігіне жұмсады. Оның қызметінің басты бағыты – ауыл балаларының сауатын ашу болды. Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдардың бір-бірінен шалғай орналасуы тұрақты оқу ісін ұйымдастыруды қиындатты. Соған қарамастан балалар оқитын орындар ашып, арнайы молдалар жалдаған және ұстаздардың тұрмыстық жағдайын қамтамасыз еткені елдің есінде [4, 243-247-бб.; 10, 29-б.; 11, 247-249-бб.; 12, 64-65-бб.].

Дәстүрлі мектептерде араб әліпбиі, оқу мен жазу, Құран сүрелері, діни әдеп және қарапайым есеп үйретілді. Қабілетті шәкірттер араб тілі, фиқһ және шығыс әдебиетін тереңірек меңгеруге мүмкіндік алды. Жергілікті оқу орындары жергілікті ортада мұсылмандық сауаттылықтың таралуына, жазба мәдениет пен кітапқа құрметтің орнығуына ықпал етті [4, 243-247-бб.; 9, 7-10-бб.; 14, 467-б.].

Молдашер ахунның ағартушылық ұстанымының түп қазығы – білім мен тәрбиенің біртұтастығы. Ол жас ұрпақты адалдыққа, еңбеккорлыққа, үлкенді құрметтеуге, әлсізге қамқор болуға және ел бірлігін сақтауға үндеді. Осы тұрғыдан оның мектебі қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін мәдени орта қызметін атқарды деп айта аламыз[5, 230-235-бб.; 10, 247-249-бб.].

Исламдық құндылықтар және әлеуметтік жауапкершілік

Діни білімнің күнделікті өмірмен сабақтастығы – Сыр бойындағы ислам мәдениетінің маңызды ерекшелігі десек, қателеспейміз. Молдашер ахунның қызметі осы ерекшелікті айқын танытады. Ол имандылықты адамның сөзімен емес, ісімен өлшенетін қасиет ретінде насихаттады. Жетім-жесірге қамқорлық жасау, мұқтажға жәрдем беру, жолаушыға көмек көрсету, аманатқа адал болу және ел ішіндегі дауды әділ шешу оның қоғамдық тәлімінің негізгі мазмұнын құрады [5, 230-235-бб.; 11, 247-249-бб.;].

Отарлық қысым күшейген кезеңде Молдашер ахун өзіне қарасты елмен бірге Қызылқұмға қоныс аударған. Шөлейт аймақта тіршілік қалыптастыру үшін су көзін ашудың шешуші маңызы болды. Деректерде оның 1868 жылы өз қаражатына төрт құдық қаздырғаны айтылады. Бұл құдықтар халықты ауызсумен қамтамасыз етіп, мал шаруашылығын жүргізуге, тұрақты қоныстар мен керуен қатынасын қалыптастыруға жағдай жасады. Олардың атауларының қазіргі Өзбекстан аумағындағы жер-су атауларында сақталуы тарихи жадтың кеңістіктік белгісі ретінде маңызды [10, 29-б.; 11, 247-249-бб.; 12, 64-65-бб.; 14, 467-б.].

Молдашер ахун халықты егіншілікке, жер мен суды ұқыпты пайдалануға, сауда қатынасын дамытуға үндеді. Керуен жолдары Сыр бойы, Қызылқұм және Бұхара арасындағы экономикалық байланыспен қатар кітап, білім және мәдени тәжірибе алмасуына жол ашты [11, 247-249-бб.; 12, 64-65-бб.; 15, 21-б.].

Елдік ұстанымы және отаршылдыққа қарсылық

Молдашер ахун өмір сүрген кезең Ресей империясының Сыр бойындағы саяси-әскери ықпалы күшейген уақытпен тұспа-тұс келді. Бекіністердің салынуы, дәстүрлі қоныстардың тарылуы мен алым-салықтың көбеюі халықтың әлеуметтік жағдайына және қалыптасқан тіршілік жүйесіне елеулі әсер етті.

Өлкетанулық деректерде Молдашер ахунның Жанқожа Нұрмұхамедұлы мен Садық Кенесарыұлы бастаған отаршылдыққа қарсы қозғалыстарға рухани және материалдық қолдау көрсеткені баяндалады [10, 29-б.; 11, 247-249-бб.; 12, 64-65-бб.; 15, 21-б.]. Діни-ағартушылық қызметі елдік мүддеден бөлек болмаған ол халықтың жері мен дәстүрлі өмір салтын қорғауды азаматтық әрі имандылық міндет ретінде қабылдаған.

Білімді, ауызбіршілігі берік және тарихи санасы орныққан қауым ғана сыртқы қысым жағдайында өзінің болмысын сақтай алатынын Молдашер ахун жақсы түсінді. Ендеше мектеп ашу мен діни білім тарату ісін мәдени тұтастықты қорғаудың бейбіт құралы ретінде қарастыруға негіз бар.

Тарихи жады және рухани мұра

Молдашер ахун туралы халық арасында сақталған әңгімелер оның терең білімді, қайратты және әділет жолынан таймаған тұлға ретіндегі бейнесін қалыптастырған. Ел аузындағы әңгімелерде оның медреседе оқып жүрген кезінде күреске түсіп, қарсыластарына дес бермегені айтылады. Сол себептен бастапқы Көтібар есімі Молдашерге ауыстырылған. «Молдашер»

атауының «молда» және парсының «шер» – «арыстан» сөздерінен құралатыны оған берілген рухани баға іспеттес [10, 29-б.; 12, 64-65-бб.; 14, 467-б.].

Молдашер ахун өмірінің соңғы кезеңін Қызылқұмда өткізіп, 1904 жылы қазіргі Өзбекстан Республикасының Тамды ауданына қарасты Ақбайтал жерінде қайтыс болған [10, 29-б.; 12, 64-65-бб.; 14, 467-б.]. Рухани тұлғаның мәңгілік мекенінің бүгінгі Қазақстаннан тыс аумақта орналасуы Сыр бойы мен Қызылқұмдағы қазақ қауымының тарихи кеңістігі қазіргі мемлекеттік шекаралардан ауқымды болғанын еске салады.

Молдашер ахун мұрасын зерттеу Сырдарияның төменгі ағысындағы мұсылмандық білім желісін, Бұхарамен рухани байланысты, көшпелі ортадағы мектеп тәжірибесін және діни қайраткерлердің қоғамдық қызметін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Молдашер ахун мұрасының тарихи-танымдық маңызы

Молдашер ахунның өмір жолы мен қоғамдық қызметін зерделеу XIX ғасырдағы Сыр өңірінің рухани тарихына жаңаша көзқараспен қараудың тағылымды жолы. Оның тұлғасы арқылы сол кезеңдегі исламдық ағартушылықтың мешіт пен медресе шеңберімен ғана шектелмегенін көреміз. Діни білім халықтың күнделікті тіршілігімен, шаруашылық жүргізу тәжірибесімен, әлеуметтік өзара жәрдеммен және елдік мүддені қорғаумен тығыз ұштасқан.

Дін қайраткерінің ғұмырнамасы Сырдарияның төменгі ағысындағы қазақ қоғамының рухани және әлеуметтік даму ерекшеліктерін танытатын құнды тарихи дерек болып саналады. Оның ағартушылық қызметінің мәні, ең алдымен, білімді қоғамды ұйыстыратын күш ретінде қабылдауынан байқалады. Ел ішіндегі мектептерде сауат ашқан балалар кейін діни рәсімдерді меңгерумен қатар, жазу-сызуға, есепке, қоғамдық қарым-қатынас қағидаларына бейімделді. Аталған тәжірибе көшпелі және жартылай көшпелі ортада жазба мәдениеттің таралуына, кітапқа құрметтің артуына және ұрпақтар арасындағы рухани сабақтастықтың нығаюына ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, Молдашер ахун ұйымдастырған оқу ісін дәстүрлі білім беру жүйесінің жергілікті жағдайға бейімделген өміршең үлгісі дер едік.

Молдашер ахунның құдық қаздыруы, егіншілік пен сауданы қолдауы да оның ағартушылық ұстанымының практикалық мазмұнын ашады. Шөлейт Қызылқұм жағдайында су көзін табу бір ғана шаруашылық шара емес, тұтас қауымның тіршілігін сақтап, елдің белгілі бір кеңістікке орнығуына мүмкіндік берген әлеуметтік бастама. Су маңына қоныс шоғырланып, мал өсіруге, егін салуға және керуен қатынасын жандандыруға жағдай жасалды. Демек, ахунның діни беделі халықтың нақты мұқтажын шешуге бағытталған ұйымдастырушылық қабілетімен толығып отырды.

Молдашер ахунның Бұхарада білім алып, Сыр бойы мен Қызылқұмда қызмет етуі аймақтар арасындағы рухани ықпалдастықтың ауқымын да көрсетеді. Медреседе меңгерілген ілім жергілікті ортаға өзгеріссіз көшірілген жоқ: ол қазақ қоғамының дүниетанымы, салт-дәстүрі және тұрмыс қажеттіліктерімен сабақтастырылып, ағартушылықтың өзіндік өңірлік үлгісіне айналды. Қалыптасқан үдерісте ахундар білімді тасымалдаушы ғана емес, әртүрлі мәдени кеңістіктерді жалғаған рухани дәнекер қызметін атқарды. Молдашер ахунның тағдыры Сырдария алабы мен Бұхара арасындағы тарихи байланыстың адамдардың білімі, сапары және қызметі арқылы үздіксіз жалғасқанын дәлелдейді.

Бүгінгі кезеңде ахунның мұрасын таныту бірнеше бағытта жүйелі жалғасын табуға тиіс. Оның өмірі мен қызметіне қатысты архив құжаттарын Қазақстан және Өзбекстан қорларынан іздестіру, ауызша тарих үлгілерін жинақтау, ұрпақтары мен жергілікті шежірешілердің деректерін ғылыми айналымға енгізу маңызды. Сонымен бірге ахун ашқан мектептердің, қаздырған құдықтардың және қоныс орындарының тарихи географиясын анықтау қажет. Мұндай кешенді ізденістер өлкетанулық мәліметтердің деректік негізін нығайтып, оның өмірбаянындағы әзірге толық ашылмаған кезеңдерді нақтылауға жол ашады.

Молдашер ахун өнегесінің қазіргі қоғам үшін де тағылымдық мәні зор. Білім мен имандылықты, еңбек пен жауапкершілікті, елдік сана мен әлеуметтік қамқорлықты бір арнаға тоғыстырған қызметін қоғамдық дамуға қызмет ететін құндылық

ретінде бағалауымыз қажет. Тарихи тұлғаның есімін білім беру бағдарламаларына, өлкетану курстарына және мәдени-ағартушылық жобаларға енгізу жас ұрпақтың туған өлке тарихына қызығушылығын арттырып, ұлттық тарихи сананың тереңдеуіне ықпал етері сөзсіз.

Қорытынды

Молдашер ахун Жамұратұлының өмірі мен қызметі – Сырдария өзені алабының төменгі ағысындағы ислам мәдениетінің көпқырлы сипатын танытатын маңызды тарихи құбылыс. Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде білім алған Молдашер ахунның Сыр өңірінде мектеп ұйымдастыруы, молда ұстап бала оқытуы, имандылық пен адамгершілікті насихаттауы исламдық ағартушылықтың мазмұнын айқындады. Құдық қаздырып, егіншілік пен саудаға жағдай жасауы діни қайраткер қызметінің әлеуметтік және шаруашылық салаларды да қамтығанын дәлелдейді. Ал отаршылдыққа қарсы қозғалыстарды қолдауы оның ағартушылық мұраты елдің азаттығы мен рухани дербестігі идеясымен ұштасқанын танытады. Демек Молдашер ахунды Бұхараның медреселік білім дәстүрі мен Сырдарияның төменгі ағысындағы қазақ қоғамын жалғаған рухани тұлға деп бағалаған орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Сухарева О.А. Бухара, XIX – начало XX в.: позднефеодальный город и его население. – Мәскеу: Наука, 1966. – 327 б.
2.Frank A.J. Bukhara and the Muslims of Russia: Sufism, Education, and the Paradox of Islamic Prestige. – Leiden; Boston: Brill, 2012. – 215 p.
3.Frank A.J. Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780–1910. – Leiden; Boston; Köln: Brill, 2001. – 386 p.
4.Омаров Қ. Сыр бойы ағартушылық мектептерінің төл тарихымыздағы орны мен маңызы // «Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Орхон, 2010. – 243–247-бб.
5.Игенбаева Р.Т. Мұсылмандық діни ілімнің ағартушылық сипаты // «Үздіксіз кәсіби білім беру: проблемалары мен болашағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Інжу-Маржан, 2010. – 230–235-бб.
6.Mustaqimova M.H., Sa’dullayev U. The Educational System in the Bukhara Emirate in the 18th–19th Centuries: The Activities of Madrasahs and Mudarrises // London International Monthly Conference on Multidisciplinary Research and Innovation (LIMCMRI). – 2026. – Vol. 5. – № 2. – P. 378–382.
7.Ahmadov O.Sh. Buxoro madrasalarda ta’lim-tarbiya tizimi (XIX asr oxiri – XX asr boshlari) // Modern Science and Research. – 2024. – T. 1. – № 10. – P. 776–782. DOI: 10.5281/zenodo.14531775.
8.Khalid A. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. – Berkeley; Los Angeles: University of California Press, 1998. – 353 p.
9.Омаров Қ. Сыр өңірінің ағартушылары хақында // Қазақ тарихы. – 2010. – № 1. – 7–10, 50-бб.
10.Омаров Қ. Молдашер ахун Жамұратұлы // Иман. – 2017. – № 8 (157). – 29-б.
11.Омаров Қ. Сыр еліндегі діни-ағартушылық дәстүр. Молдашер ахунның қайраткерлік қырлары // «Сыр еліндегі діни-ағартушылық ой-сана» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Орхон, 2010. – 247–249-бб.
12.Омаров Қ. Молдашер Жамұратұлы // Қазақстан тарихы: энциклопедия. – Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2020. – Т. 3. – 64–65-бб.
13.Айни С. Бухара: Воспоминания. – Мәскеу: Государственное издательство художественной литературы, 1952. – 294 б.
14.Омаров Қ. Молдашер Жамұратұлы // Сыр елі: энциклопедия. – Алматы: «Тау-Қайнар» ЖШС, 2024. – 467-б.
15.Дайрабай Т. Сыр перзенттері. – Алматы: Арыс, 2010. – 21-б.

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ӘШЕКЕЙ БҰЙЫМДАРЫ – ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН ЭТНОМӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ

TRADITIONAL KAZAKH JEWELRY - ISLAMIC CULTURE AND ETHNOCULTURAL CONTINUITY

Индира Қазымханқызы Жалишева[1]
Indira Kazymkhankyzy Zhalisheva[2]

Кіріспе

Қазақтың дәстүрлі әшекей бұйымдары – халықтың материалдық мәдениетінің құрамдас бөлігі ғана емес, оның діни-танымдық түсініктерін, дүниетанымын, эстетикалық талғамын және рухани құндылықтарын танытатын маңызды мәдени мұра. Әшекейлердің жасалу ерекшелігі, пішіні, өрнектік сипаты, қолданылу аясы және оған қатысты қалыптасқан дәстүрлі түсініктер арқылы қазақ халқының адам мен табиғат, адам мен қоғам, адам мен рухани әлем арасындағы байланыстар жөніндегі түсініктерін байқауға болады.

Қазақ қоғамында зергерлік әшекейлердің қызметі тек эстетикалық және сәндік сипатпен шектелмеген. Зерттеулерде көрсеткендей, олардың жекелеген түрлері адамның жас ерекшелігін, әлеуметтік және отбасылық мәртебесін білдіріп, сонымен қатар сакралдық, қорғаныштық және діни-танымдық қызметтер атқарған. Сонымен қатар, тұмар, үкіаяқ, шолпы және де басқа әшекейлер қауіп-қатерден қорғану, киелі нысандарға құрмет көрсету және рухани қауіпсіздікті қамтамассыз етуге қатысты дәстүрлі түсініктермен сабақтасқан. Осы тұрғыдан алғанда, зергерлік бұйымдар қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы мен дүниетанымын танытатын маңызды мәдени нысандардың бірі болған [Усманова Р., Логвин В.Н. 1998].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бұл тұрғыда дәстүрлі әшекейлердің діни-танымдық мазмұнын зерттеу олардың сыртқы пішіні мен көркемдік ерекшеліктерін сипаттаумен ғана шектелмей, бұйымдарға берілген символдық және сакралдық мағыналарды анықтауды қажет етеді. Әсіресе тұмардың семантикасы осы мәселені айқын көрсетеді. Оның бастапқы қорғаныштық қызметі исламға дейінгі халықтық және түркілік дүниетаным элементтерімен сабақтас болғанымен, ислам мәдениетінің орнығуы барысында тұмардың мазмұны діни мәтіндермен, дұғалармен және исламдық түсініктермен байланыса түскен.

Қазақ даласына ислам мәдениетінің таралуы дәстүрлі дүниетанымның барлық элементтерін біржақты ығыстырған үдеріс ретінде қарастырылмайды. Керісінше, жергілікті салт-дәстүрлермен бұрыннан қалыптасқан наным-сенімдердің бір бөлігі исламдық рухани ортада қайта түсіндіріліп, жаңа мәдени семантикаға ие болды. Сондықтан дәстүрлі әшекейлердің мазмұнын зерттеу барысында олардың көне түркілік, халықтық және исламдық белгілерінің өзара сабақтастығын ескеру маңызды [Тохтабаева Ш.Ж. 1991].

Осы тұрғыдан алғанда, қазақтың дәстүрлі әшекейлеріндегі діни-танымдық түсініктерді зерттеу халықтың рухани мәдениетінің тарихи өзгерістерін, дәстүрдің сабақтастығын және исламдық дүниетанымның жергілікті мәдени ортаға ықпал ету ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Аймақтың дәстүрлі мәдениетін танытатын музейлік коллекцияларда әшекей бұйымдардың әртүрлі үлгілерінің сақталуы – осы мұраның тарихи маңызын көрсетеді. Әшекей бұйымдардағы дәстүрлі дүниетаным қазақтың дәстүрлі әшекейлерін зерттеуде олардың сыртқы пішінімен қатар, семантикалық мазмұнына назар аудару қажет. Әшекейлердегі белгілі бір пішіндер мен өрнектер халықтың табиғат, әлем және адам арасындағы байланыс туралы түсініктерімен сабақтасып отырған. Әсіресе үшбұрышты пішіндегі тұмарлар, өсімдік тектес өрнектер, геометриялық элементтер және түрлі асыл тастармен безендіру дәстүрі халықтың

[1] «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей қорығы, кіші ғылыми қызметкер, Түркістан, Қазақстан Республикасы, indi_4041@mail.ru ORCID: 0009-0008-9474-9341
[2] Junior Research Fellow, “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Republic of Kazakhstan, indi_4041@mail.ru, ORCID: 0009-0008-9474-9341

эстетикалық әрі дүниетанымдық түсініктерімен байланысты. Осы ретте тұмар ерекше назар аударуды қажет етеді. Тұмар – қазақ мәдениетіндегі ең көп мағыналы әшекейлердің бірі. Оның сыртқы пішіні үшбұрышты, төртбұрышты немесе цилиндр тәрізді болып келуі мүмкін. Этнографиялық деректерде тұмардың көне қорғаныштық түсініктермен байланысы көрсетіледі [Жәнібеков Ө. 1991**].**

Сондықтан оның барлық түрін бірден исламдық сипаттағы бұйым ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Бұл жерде зерттеудің маңызды тұсы – дәстүрлі наным мен исламдық дүниетанымның өзара сабақтастығын көрсету. Яғни ислам мәдениеті қазақ қоғамына енгеннен кейін бұрынғы мәдени белгілердің барлығы жойылып кеткен жоқ. Керісінше, олардың кейбірі жаңа діни-рухани ортада қайта түсіндіріліп, халықтың дәстүрлі мәдениетінің құрамында өмір сүре берді [Қасиманов С., 1969].

Нәтижелер

Этнографиялық деректер тұмардың исламдық және дәстүрлі түсініктердің тоғысқан нысаны ретінде қолданылғанын көрсетеді. Оның сыртқы пішіні мен жасалу тәсілдері дәстүрлі зергерлік мәдениетпен сабақтас болса, ішіне дұға, діни мәтін немесе қасиетті сөздердің салынуы исламдық дүниетанымның ықпалын аңғартады. Осы ерекшелік тұмардың семантикасын дәстүр сабақтастығы мен мәдени өзгеріс тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда бұйымның сыртқы формасы дәстүрлі мәдениеттен бастау алғанымен, оның ішкі мазмұны исламдық ортадағы түсініктермен сабақтасады. Сондықтан тұмарды зерттегенде: көне қорғаныштық түсінік → дәстүрлі әшекей → исламдық рухани түсінік → жаңа мәдени семантика түріндегі сабақтастықты қарастыру тиімді. Бұл мәселе Сыр өңірі үшін де маңызды. Себебі Сыр бойы ислам мәдениетінің тарихи орталықтарының бірі болған. Ортағасырлық Сығанақ, Сауран және басқа қалалар аймақтағы діни-рухани үдерістердің маңызды ошақтары ретінде аталады [Шойбеков Р. Н., 1991].



Тұмар – халықтың көне дәстүрінде адамды тіл-көзден, түрлі жамандықтан қорғайды деп сенген қасиетті бұйымдардың бірі. Оның ішіне дұға немесе арнайы жазылған ішірткі салынып, шүберекке оралады. Мұндай тұмарды жағаның астына немесе киімнің ішкі бөлігіне тігіп, көзге түспейтіндей етіп таққан. Жетісу өңірінде бойтұмарды тастан да жасаған. Мысалы, жеті кішкентай тасты матаға тігіп, қамзолдың ішкі жағына ораналастырған. Ертедегі халық түсінігі бойынша, бұл адамды тіл-көзден сақтайтын қорғаныш ретінде қолданылған. Қазақ халқы тұмарды тіл-көзден, жамандықтан және ауру-сырқаудан сақтасын деген ниетпен жас сәбиге де таққан. Себебі жас балаға басқалардың сұғы немесе көзі тимесін деп ырымдаған. Әлжуаз, аурушаң балалардың бойына қуат бітіп, тез сауығып кетуі үшін мойнына немесе бесігіне таққан. Бала тұмары көбіне күмістен жасалып, үшбұрыш, төртбұрыш немесе цилиндр тәрізді пішінде келген. Оның ішіне Құран аяттары, дұғалар немесе қасиетті деп танылған қағаздар салынып, қақпағы мықтап жабылған. Кей өңірлерде тұмардың ішіне үкі қауырсыны, хош иісті шөптер немесе басқа да киелі деп саналатын заттар салынған.

Суретте қазақтың дәстүрлі бала тұмары бейнеленген. Тұмар түрлі түсті моншақтардан тізілген бауға бекітілген бірнеше салпыншақтан тұрады. Оның құрамында тамшы тәрізді, ромб пішінді, бесбұрышты жұлдыз және төртбұрыш пішініндегі тұмарлар орналасқан. Тұмарлардың бетіне араб жазуымен қасиетті сөздер мен дұғалар ойылып жазылған. Мұндай жазулар тұмардың қорғаныштық қасиетін күшейтеді деген сенім болған. Әртүрлі пішіндегі тұмарлардың қолданылуы қазақ халқының зергерлік өнеріндегі көркемдік ерекшелікті байқатады. Моншақтары көк, сары және қызыл түстермен безендірілген. Қазақ танымында көк түс – тыныштық пен қорғауды, қызыл түс – өмір мен қуатты, ал сары түс – береке мен

жақсылықты білдіреді. Мұндай бала тұмары сәбидің мойнына, киіміне немесе бесігіне тағылған. Ол баланы тіл-көзден, жамандықтан және түрлі бәле-жаладан қорғайды деген сеніммен қолданылған. Сонымен қатар бұл бұйым ата-ананың балаға деген ақ тілегі мен қамқорлығының белгісі саналған. Бүгінде осындай тұмарлар қазақ халқының материалдық және рухани мәдениетін танытатын құнды этнографиялық жәдігер ретінде музей қорларында сақталып келеді.

Шойбековтің түсіндіруінше, бойтұмар қазақтың дәстүрлі мәдениетінде тек сәндік әшекей ретінде емес, қорғаныштық мәні бар бұйым ретінде де қолданылған. Оның құрамында дұға немесе басқа да қасиетті мәтіндердің болуы бұйымның діни-танымдық мазмұнын күшейткен. Сонымен бірге тұмардың күміс немесе басқа металдан жасалған арнайы қорапша түрінде кездесуі оның әшекейлік және сакралдық қызметтерінің қатар жүргенін көрсетеді.

Әл-Фараби туралы халық арасында сақталған аңыздардың бірінде ғұламаның туған жері Отырарға деген құрметін тұмар арқылы бейнелеген еді. Аңыз бойынша, ол қайтыс болар алдында шәкірттеріне көннен тігілген тұмарды аманат етіп, оны қабірінің басында ашуды тапсырады. Тұмардың ішінен Отырардың топырағы салынғаны туралы жазба шығып, оны қабіріне бірге қоюды өтінген екен. Бұл аңызда тұмар туған жердің қасиетін білдіретін символ ретінде көрінеді **[**Ernur.kz. – 2016].

Этнограф-ғалым Сейдімбектің пікірінше, дәстүрлі дүниетанымда жер киелі ұғымдардың бірі болған. Байырғы көшпелілер тұмардың ішіне туған жердің топырағын салған, ал исламның орнығуымен оның ішіне дұға жазылған қағазды салу дәстүрі қалыптасқан. [Сейдімбек А. 2001]. Осылайша тұмардың дәстүрлі формасы сақталғанымен, оның мазмұны исламдық діни түсініктермен толықты.

Қорғаныштық түсініктер тек адамға қатысты емес, төрт түлікке байланысты дәстүрлерден де көрініс тапқан. Халықтық нанымда малдың ауруға шалдығуы немесе әлсіреуі кей жағдайда тіл-көздің әсерімен түсіндіріліп, мұндай қауіптен сақтанудың түрлі жолдары қолданылған. Соның бірі – малға арнайы қорғаныш заттарын тағу. Этнографиялық мәліметтерде бота, түйе, сиыр және жүйрік аттарға тұмар тағылғаны айтылады. Кей жағдайда ботаны біраз уақыт оқшау ұстап, оған үкі мен тұмар тағу арқылы тіл-көзден қорғауға әрекет жасалған. Жекелеген үлгілерінде тұмар қара түсті домалақ тастарды жіпке тізу арқылы жасалған. Бұл деректер тұмардың қорғаныштық қызметінің адам өмірімен ғана шектелмей, дәстүрлі шаруашылық мәдениетпен де тығыз байланыста болғанын көрсетеді. Сонымен қатар тұмардың сәндік түрлері де кездескен. Олар мойынға тағылып, кеуде тұсында салбырап тұратын, көлемі үлкен әрі түрлі салпыншақтармен әшекейленген зергерлік бұйым ретінде жасалған. Мұндай тұмарлар әртүрлі пішінде болып, сәндік қызметпен қатар, халықтың наным-сенімінде қорғаныш мәніне де ие болған [Арғынбаев Х. 1987].

Этнограф-ғалымдардың еңбектерінде әшекей бұйымдардың тек сәндік қызмет атқарып қана қоймай, халықтың дүниетанымы мен наным-сенімдерін де танытқаны көрсетіледі. Мәселен, кейбір әшекейлерге қорғаушы, сақтаушы мән беріліп, оларды тіл-көзден және түрлі қауіп-қатерден қорғайтын тұмар ретінде пайдаланғаны туралы мәліметтер бар.

Тұмардың қорғаныштық қызметі дәстүрлі әшекейлерінде кездесетін мұндай түсініктердің бір ғана үлгісі болып табылады. Тіл-көзден және түрлі қауіп-қатерден сақтану туралы нанымдар өзге де әшекейлердің қолданылуынан көрініс тапқан. Солардың бірі – үкіаяқ әшекейі.

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында үкі ерекше қасиетті құс ретінде қабылданып, оның қауырсыны мен аяғына қорғаныштық мән берілген. Үкінің қауырсыны мен аяғы тек сәндік мақсатта ғана емес, сонымен қатар тұмарлық мәнге ие бұйым ретінде кеңінен қолданылады. Халық сенімінде үкіден алынған бөлшектер адамды жамандықтан, тіл-көзден сақтайды деп есептеген. Осыған байланысты үкіаяқ әшекейі ұлттық зергерлік өнерде маңызды орын алған. Ол баскиімнің екі жағына немесе бір жағына тағылып, кей жағдайда балалардың кәзекейіне де бекітілген. Мұндай әшекейлердің сәндік қызметімен қатар, қорғаныштық мәні де болған. Осы тұрғыдан алғанда, үкіаяқтың семантикалық мазмұны қазақтың дәстүрлі әшекейлеріндегі қорғаныштық түсініктермен сабақтасады. Оның сәндік қызметі мен халықтық нанымдағы қорғаушы мәнінің қатар жүруі дәстүрлі әшекейлердің бір мезгілде эстетикалық және дүниетанымдық қызмет атқарғанын көрсетеді.



Қазақ халқы үкінің тырнағын тіл-көзден сақтайтын күш ретінде ерекше қадірлеген. Сол себепті оны балалардың бесігіне іліп қою дәстүрі қалыптасқан. Бұл сенім тек қазақтарға тән емес. Қырғыз, өзбек халықтары да үкі тырнағын қорғаушы тұмар ретінде пайдаланған. Ал саха халқы бесікке жапалақтың басын, тырнағын, тұмсығы мен аяғын іліп қойған. Хорезм өңіріндегі йомуттар да құс тырнағына ұқсас әшекейлерді баланы жамандықтан сақтау үшін қолданған.

Соған қарамастан, қазақтардағы үкіаяқтың көркемдік шешімі мен мазмұны ерекше болып келеді. Мұнда күміспен қапталған қос тырнақ бейнесі және тармақталған элементтер арқылы өзіндік пластикалық бейне жасалған. Бұл бұйым тек наным-сенімнің көрінісі ғана емес, жоғары деңгейдегі зергерлік шеберліктің нәтижесі болып саналады [Масанов Э.А. 1961]. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы қорында этнографиялық бөлімінде үкіаяқтың XIX-XX ғасырларға жататын бірнеше түрлері бар.

Қазақтың дәстүрлі зергерлік өнеріне арналған Тоқтабаеваның еңбегінде ежелгі артефактілермен қатар XVIII–XXI ғасырлардағы әйелдердің дәстүрлі зергерлік бұйымдары кеңінен қарастырылған. Автордың еңбегі қазақ зергерлік өнерінің түрлері, жасалу техникасы және тарихи сабақтастығын зерттеуде маңызды дереккөз болып табылады.

Қазақтың дәстүрлі наным-сенімінде шашқа қатысты көптеген ырым-тиымдардың қалыптасуы оның адам өміріндегі ерекше мәнімен байланысты. «Шашты басуға болмайды», «түскен шашты кез-келген жерге тастауға болмайды» деген сияқты ырым-тиымдар халықтың шашты жай ғана дене мүшесі емес, белгілі бір киелілік мәні бар нысан ретінде қабылдағанын аңғартады. Мұндай түсініктер шашқа тағылатын әшекейлердің де мәнін айқындаған. Соның ішінде шолпы мен шашбау қазақ әйелдерінің дәстүрлі мәдениетіндегі сәндік әрі символдық қызметімен ерекшеленеді [Тохтабева Ш.Ж., 2011].

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей қорығы қорында XIX-XX ғасырларға жататын шолпының бірнеше түрлерін кездестіруге болады. Олар шашбау, шашқап, шаштеңге т.б. Солардың бірі – шашбау әшекейі, майда ақ, қызыл моншақтармен қалампырдан құралып, екі ұшына төменгі жағы ақ майда моншақтармен бітетін жіңішке жіп шашақтардың жоғарғы жағы топталып байланып қондырылған (ӘСММ КК №240). [Аширбекова Н. 2018]. Ғалымдардың пікірінше, мұндай әшекейлердің көбіне әйелдер қорымдарынан кездесуі олардың әйелдердің дәстүрлі мәдениетіндегі орны мен қызметін зерделеуге мүмкіндік береді.



Ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар өтеді, бүгінгі Қазақстан аумағында басқа тайпалар мен халықтар өмір сүреді, бірақ бұрымға арналған әшекейлердің практикалық және символдық мәні және көбіне олардың формалары ғажайып түрде сақталады.

Шолпы мен шашбаудың мәнін тек сәндік қызметімен шектеуге болмайды. Олардың шашқа тағылуы қазақ қоғамындағы шаштың киелілігі туралы түсініктермен сабақтасып, әшекейдің эстетикалық қызметіне символдық мәнге де ие болғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, шаш әшекейлері де адамның денесі, өмірлік қуаты және қоршаған орта арасындағы дәстүрлі түсініктердің көрінісі ретінде қарастырылады. Қазақ әйелдерінің бұрымға арналған әшекейлері де бірден көзге түсетін.

Талқылау және қорытынды

Қазақтың дәстүрлі зергерлік әшекейлері халықтың материалдық мәдениетінің маңызды бөлігі болумен қатар, оның дүниетанымы мен рухани құндылықтарын танытатын мәдени нысан болып табылады. Олардың қызметі тек сәндік және эстетикалық сипатпен шектелмей, адамның жас ерекшелігін, әлеуметтік және отбасылық мәртебесін білдіру, қорғаныштық және сакралдық мән беру сияқты бірнеше қызметті қамтыған.

Зерттеу барысында қарастырылған тұмар, үкіаяқ, шолпы және шашбау сияқты әшекейлердің семантикасы олардың сыртқы пішіні мен көркемдік ерекшеліктерінен бөлек, халықтың дәстүрлі наным-сенімдерімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді. Әсіресе тұмардың қорғаныштық қызметі қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы адамды тіл-көзден, ауру-сырқаудан және түрлі қауіп-қатерден сақтау туралы түсініктермен сабақтасқан. Оның адамға ғана емес, балаларға және төрт түлікке тағылуы бұл ұғымның дәстүрлі мәдениетте кең таралғанын аңғартады.

Тұмардың мазмұнынан дәстүрлі және исламдық дүниетанымның өзара ықпалын да байқауға болады. Оның көне қорғаныштық қызметі исламға дейінгі халықтық түсініктермен байланысты болса, ислам мәдениетінің орнығуымен бірге ішіне дұға, діни мәтіндер мен қасиетті сөздерді салу дәстүрі қалыптасқан. Бұл жағдай дәстүрлі мәдениеттің діни өзгерістер нәтижесінде толық жойылмағанын, керісінше, бұрыннан қалыптасқан кейбір белгілердің жаңа рухани ортада қайта түсіндіріліп, өмір сүруін жалғастырғанын көрсетеді.

Үкіаяқтың қолданылуынан да әшекейдің сәндік және қорғаныштық қызметтерінің қатар жүргенін көруге болады. Ал шолпы мен шашбаудың семантикасы шашқа қатысты қалыптасқан ырым-тыйымдарымен, әйелдің жас ерекшелігі және әлеуметтік-эстетикалық түсініктерімен сабақтасады. Бұрымға тағылатын әшекейлердің қазақтың тарихи үлгілерінің көне дәуірлерден бастау алуы олардың мәдени сабақтастығын қарастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, қазақтың дәстүрлі әшекей бұйымдарын зерттеу олардың жасалу технологиясы мен көркемдік ерекшеліктерін сипаттаумен ғана шектелмеуі тиіс. Әшекейлердің пішіні, материалы, өрнегі, қолданылу ортасы және оларға қатысты қалыптасқан наным-сенімдер халықтың адам, табиғат, қоғам және рухани әлем туралы түсініктерін зерделеуге мүмкіндік береді. Сондықтан дәстүрлі зергерлік бұйымдар қазақ халқының тарихи жады мен дүниетанымын сақтайтын маңызды этномәдени мұра ретінде қарастырылуы қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Р.Усманова и В.Н. Логвин. «Женские накосные украшения Казахстана. Эпоха бронзы» //Карагандинский государственный университет имени Е.А. Букетова, Кустанайский государственный университет имени А.Байтурсынова, Лисаковский музей истории и культуры народов Верхнего Притоболья. Лисаковск, 1998. – 64-66
2. Ш.Ж. Тохтабаева. «Серебрянный путь казахских мастеров» // Институт востоковедения им. Р.Б.Сулейменова МОН РК. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.- 290-296
3. Жәнібеков Ө., Жаңғырық: Қазақтың дәстүрлі мәдениеті туралы. – Алматы: Өнер, 1991. -73-81 бб.
4. Қасиманов С., Қазақтың ұлттық қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1969. - 96-104- бб.
5. Р. Н. Шойбеков – «Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі» (Алматы: Ғылым, 1991) 88 б.
6. Тұмар тағудың төркіні туған жермен байланысты // Ernur.kz. – 2016
7. Сейдімбек А. Қазақ әлемі: Этномәдени пайымдау. – Астана: Күлтегін, 2001. – 286 б.]
8. Арғынбаев Х., Қазақ халқының қолөнері. – Алматы:Өнер, 1987. – 118 б.
9. Э.А. Масанов. Қазақ ауыдлындағы ұсталық және зергерлік қолөнері. – Алматы, 1961.- 158-163 б.
10. Ш.Ж. Тоқтабева «Қазақтың зергерлік өнері / Ювелирное искусство казахов / Jeweler's Art of Kazakhs» 2011. 110-135
11. Аширбекова Н., «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМКҚ қорындағы. Зергерлік бұйымдар топтамасы. – Алматы: «Издательство Золотая Книга», 2018. – 22-122 бб.

ҚАЗАҚ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНДЕГІ РУХАНИ-МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ: ИСЛАМДЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ, ДӘСТҮР ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

SPIRITUAL AND CULTURAL CONTINUITY IN KAZAKH JEWELRY ART: ISLAMIC WORLDVIEW, TRADITION, AND REGIONAL PECULIARITIES

Айгүл Жанибековна Уркинбаева[1]
Aigul Zhanibekovna Urkinbayeva[2]

Кіріспе

XVI–XVIII ғасырлар аралығы зергерлік бұйымдардағы стильдік қайшылықтармен сипатталады: әскери сипаттағы нақыштар фольклорлық элементтермен алмасып, дәстүрлі ою-өрнектерді енгізуге талпыныстар жасалды. Жоңғарлардың үздіксіз шабуылдары, саяси бытыраңқылық пен өзара қақтығыстар тайпалық бірлестіктер - жүздер арасындағы байланыстың әлсіреуіне әкелді. Мемлекеттегі тұрақтылық пен тәртіп тек XVIII ғасырдың соңына қарай орнай бастады. Бұл кезеңде шаруашылық өркендеп, құрылыс жұмыстары қайта жанданып, қолөнер саласы жетілдіріле түсті [Занегина, 1991]. XIX ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі кезең дәстүрлі қазақ зергерлік мектебінің қалыптасу уақыты болды. Дәл осы кезеңде халық санасында зергерлік бұйымдарды жасаудың ортақ нормалары, стильдік ерекшеліктері, техникалары мен пішіндері орнықты. Сонымен қатар, жекелеген элементтердің аймақтық ерекшеліктері де қалыптасты.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті ғасырлар бойы қалыптасқан материалдық және рухани құндылықтардың өзара сабақтастығына негізделеді. Халықтың дүниетанымы, тарихи жады, әлеуметтік қатынастары мен эстетикалық талғамы қолөнер туындыларынан айқын көрініс табады. Солардың ішінде зергерлік өнер ерекше орын алады. Зергерлік бұйымдар сыртқы әсемдік пен сәндік қызмет атқарып қана қоймай, белгілі бір әлеуметтік, ғұрыптық, тәрбиелік және символдық мағыналарды жеткізген. Қазақ зергерлік өнерін зерттеу – тек қолөнер тарихын қарастыру емес, сонымен бірге халықтың рухани мәдениетінің ерекшеліктерін тану. Себебі зергерлік бұйымдардың пішіні, материалы, өрнегі, тастардың қолданылуы және оларды тағу тәртібі дәстүрлі қоғамдағы адамның орны мен әлеуметтік мәртебесіне қатысты ақпарат береді. Әсіресе әйелдер әшекейлері адамның жас ерекшелігін, бойжеткен, келін, ана мәртебесін танытатын мәдени белгілердің бірі болған [Тохтабаева Ш.Ж., 2008].

Зергерлік өнердің тарихи тамыры Қазақстан аумағындағы ежелгі металл өңдеу дәстүрлерімен байланысты. Археологиялық материалдардан қола, алтын, күміс және түрлі сәндік тастарды өңдеу ісінің ерте кезеңдерден дамығаны байқалады. Бесшатыр, Есік және басқа да археологиялық ескерткіштерден табылған зергерлік бұйымдар ежелгі дәуірдегі шеберлердің жоғары технологиялық және көркемдік деңгейін көрсетеді. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының материалдарында да Қазақстанның көне кезеңдеріне жататын алтын әшекейлер, маржан, ақық тастардан жасалған бұйымдардың бөлшектері сақталған. Кейінгі тарихи кезеңдерде осы дәстүрлер жаңа мәдени мазмұнмен толықты. Түркілік дүниетаным, көшпелі мәдениет, ислам өркениеті және жергілікті этнографиялық дәстүрлердің өзара ықпалдастығы қазақтың дәстүрлі зергерлік өнерінің өзіндік сипатын қалыптастырды [2; 6]. Бұл тұрғыдан алғанда, қазақ зергерлік өнеріндегі рухани-мәдени сабақтастықты бір ғана тарихи кезеңмен шектеуге болмайды [Масанов Э.А., 1961].

Ислам дінінің қазақ даласына таралуы халықтың дүниетанымына, моральдық ұстанымдарына, салт-дәстүріне және мәдени кеңістігіне елеулі ықпал етті. Әсіресе Оңтүстік Қазақстан мен Сыр бойы, Түркістан өңірі исламдық білім мен рухани дәстүрлердің маңызды

[1] Ғылыми қызметкер, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы, E-mail: u.aigul_1972@mail.ru.
[2] Researcher, “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Kazakhstan. E-mail: u.aigul_1972@mail.ru

орталықтарының бірі болды. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы негізінде қалыптасқан сопылық дүниетаным халықтың рухани өміріне әсер етіп, ізгілік, тазалық, сабыр, адалдық және адамгершілік ұғымдарының мәдени мазмұнын кеңейтті. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі негізінде құрылған қазіргі «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы да осы тарихи-рухани сабақтастықты зерттейтін маңызды ғылыми-мәдени орталық болып табылады [«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының қор материалдары].

Дегенмен дәстүрлі қазақ зергерлік бұйымдарын тікелей «исламдық бұйымдар» деп қарастыру ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Олардың көпшілігінің негізінде исламға дейінгі түркілік, көшпелі және халықтық дүниетаным элементтері сақталған. Алайда бұл дәстүрлер исламдану үдерісі барысында жаңа әлеуметтік және рухани ортаға бейімделіп, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің құрамында өмір сүрді. Сондықтан зергерлік өнердегі исламдық дүниетаным мәселесін дәстүр мен діннің өзара ықпалдастығы және рухани сабақтастық тұрғысынан қарастырған орынды [Масанов Э.А., 1961].

Зерттеудің негізгі мақсаты – XIX–XX ғасырлардағы қазақ зергерлік өнерінің көркемдік, әлеуметтік және рухани ерекшеліктерін анықтап, оның дәстүрлі дүниетанымммен және исламдық мәдени ортамен байланысын көрсету. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: қазақ зергерлік өнерінің тарихи қалыптасу негіздерін анықтау; XIX–XX ғасырлардағы зергерлік бұйымдардың негізгі түрлерін жүйелеу; зергерлік бұйымдардың әлеуметтік және ғұрыптық қызметін талдау; күміс пен сәндік тастардың дәстүрлі мәдениеттегі символдық мәнін айқындау; Қазақстан өңірлеріндегі зергерлік мектептердің ерекшеліктерін салыстыру; дәстүрлі зергерлік өнердегі рухани дүниетаным мен исламдық мәдени ортаның сабақтастығын көрсету; музей қорларының зергерлік мұраны зерттеу мен сақтаудағы маңызын анықтау. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазақ зергерлік өнері тек сәндік-қолданбалы өнер саласы ретінде емес, тарихи жадыны, рухани құндылықтарды және мәдени сабақтастықты сақтаушы материалдық дерек ретінде қарастырылуында.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалы ретінде XIX–XX ғасырлардағы қазақ зергерлік бұйымдары, этнографиялық сипаттамалар, музей қорларының мәліметтері және қазақ зергерлік өнеріне арналған ғылыми еңбектер пайдаланылды. Негізгі дереккөздер қатарында А. Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінің қорындағы материалдар, сондай-ақ «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының этнографиялық жәдігерлері қарастырылды. Музей қорларының ғылыми маңызы олардың нақты тарихи заттарды сақтайтындығымен байланысты. Мәселен, «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының қорында археологиялық, этнографиялық, нумизматикалық және жазба ескерткіштер топтары жинақталған. Музейдің ресми мәліметтеріне сәйкес, оның қорында 26 мыңнан астам тарихи жәдігер сақталады. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, типологиялық, этнографиялық, өнертанулық және семиотикалық әдістер қолданылды [«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының қор материалдары].

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы қазақ зергерлік өнерінің әр кезеңдегі даму ерекшеліктері мен тарихи сабақтастығы қарастырылды. Типологиялық әдіс зергерлік бұйымдарды олардың қызметі, пішіні және қолданылу ерекшеліктері бойынша жіктеуге мүмкіндік берді; этнографиялық әдіс әшекейлердің дәстүрлі ортадағы қолданылуын, жас ерекшелігіне, әлеуметтік мәртебеге және ғұрыптық рәсімдерге қатысын анықтау үшін пайдаланылды. Өнертанулық әдіс бұйымдардың композициялық құрылымын, ою-өрнегін, материалын, техникасын және көркемдік шешімін талдауға бағытталды. Семиотикалық әдіс зергерлік бұйымдардағы символдық белгілерді, атап айтқанда, өсімдік, геометриялық, жануарлық және діни-мәдени сипаттағы элементтердің мағынасын саралауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар музейлік деректерді талдау барысында бұйымның материалы, жасалу техникасы, географиялық таралуы және этнографиялық қызметі назарға алынды. Мұндай жүйелеу тәсілі зергерлік әшекейлердің түрлері мен олардың таралу аймағын анықтауда тиімді. Шығыс Қазақстан музей-қорығының зергерлік бұйымдар каталогында да әшекейлерді зерттеу барысында олардың түрі, материалы, техникасы, географиялық таралуы және этнографиялық ерекшеліктері негізге алынған [«Қазақтардың зергерлік әшекейлері» каталог материалдары].

Зерттеу нәтижелері

Қазақ зергерлік өнерінің қалыптасу тарихы ежелгі металл өңдеу мәдениетімен тығыз байланысты. Қазақстан аумағында металлургияның дамуы қола дәуірінен басталып, кейінгі сақ, ғұн, түркі және ортағасырлық кезеңдерде жалғасын тапты. Ежелгі археологиялық ескерткіштерден табылған алтын, қола, күміс және тас бұйымдар сол дәуірдегі шеберлердің металл өңдеу технологиясын жақсы меңгергенін көрсетеді. Есік қорғанынан табылған алтын әшекейлер, Бесшатыр ескерткіштеріндегі бұйымдар, Қарғалы диадемасы сияқты археологиялық жәдігерлер кейінгі зергерлік дәстүрлердің тарихи негіздерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл сабақтастық бұйымдардың тек материалдық формасынан емес, ою-өрнек жүйесінен де байқалады. Мысалы, жануар бейнелері, мүйіз тәрізді өрнектер, геометриялық композициялар, өсімдік тектес мотивтер кейінгі қазақ зергерлік бұйымдарында да кең қолданылған [Никифоров Б.Т., Чернова В.В., 2006].

XIX–XX ғасырларға қарай қазақ зергерлік өнері жоғары кәсіби деңгейге жетті. Зергерлер металды өңдеудің көптеген тәсілдерін меңгерді. Олардың қатарында қалыптау, бедерлеу, оймалау, дәнекерлеу, зерлеу, сіркелеу, алтын жалату және асыл тастарды қондыру әдістері болды. Қазақ зергерінің негізгі материалы күміс болды. Дәстүрлі мәдениетте күмістің ерекше бағалануы оның түсі мен жылтырына ғана емес, оған қатысты қалыптасқан мәдени түсініктерге де байланысты. Қазақ дәстүрінде күміс тазалық, жарық және қорғаныш ұғымдарымен байланыстырылған. Қазақстанның дәстүрлі өнеріне қатысты материалдарда күміс әшекейлерге және ақық, бірюза, маржан, інжу секілді тастарға ерекше мән берілгені көрсетіледі [Тохтабаева Ш.Ж., 2006].

Зергерлік бұйымдардың әлеуметтік және рухани қызметі

Қазақ зергерлік бұйымдарының басты ерекшеліктерінің бірі – олардың көпқызметтілігі. Бір бұйым бір мезетте сәндік, әлеуметтік, ғұрыптық және символдық қызмет атқара алған. Әйелдердің әшекейлеріне: сырға, білезік, жүзік, сақина, шолпы, шашбау, өңіржиек, алқа, қапсырма, шекелік, бойтұмар, сәукеле әшекейлері жатады. Әшекейдің белгілі бір түрін тағу адамның жасына және әлеуметтік жағдайына байланысты болған. Бойжеткеннің, келіннің, әйелдің және жасы үлкен адамның әшекей кешендерінде айырмашылықтар кездескен.

Қазақ қоғамында неке және отбасылық қатынастармен байланысты зергерлік бұйымдардың орны ерекше болды. Қалыңдықтың жасауы құрамындағы күміс әшекейлер отбасының материалдық жағдайын ғана емес, оның әлеуметтік мәртебесін де білдірген. Сәукеле әшекейлері, сырға, өңіржиек, самай салпыншақтары, білезік, жүзік және басқа да бұйымдар қалыңдықтың сәндік кешенін қалыптастырған. Олардың кейбіріндегі өсімдік тектес және дән тәрізді өрнектер өмірдің жалғастығы, өсіп-өну, береке ұғымдарымен сабақтасқан [Тохтабаева Ш.Ж., 2008].

Зергерлік бұйымдардың ғұрыптық қызметі де ерекше. Бойтұмар, тұмарша, шекелік сияқты бұйымдарға қорғаныштық мән берілген. Бұл түсініктердің кейбірі исламға дейінгі халықтық нанымдармен байланысты болғанымен, исламданған қазақ қоғамында олар жаңа рухани-мәдени ортада сақталды. Осы тұрғыдан зергерлік бұйымдарды халықтың діни сенімдері мен дәстүрлі дүниетанымының өзара ықпалдастығын көрсететін материалдық дерек ретінде қарастыруға болады.

Исламдық дүниетаным және зергерлік өнер

Қазақ қоғамының рухани мәдениетін зерттегенде ислам дінінің дәстүрлі дүниетанымға ықпалын ескеру маңызды. Ислам қазақ даласына бір мезетте орныққан құбылыс емес, ұзақ тарихи үдеріс нәтижесінде жергілікті дәстүрлермен өзара ықпалдаса дамыған мәдени жүйе болды. Әсіресе Сыр бойы мен Түркістан аймағы исламдық білім мен руханияттың маңызды орталықтарына айналды. Қожа Ахмет Ясауи дәстүрі арқылы исламдық құндылықтар түркілік мәдени ортаға жақындасып, халықтың моральдық-этикалық түсініктеріне ықпал етті.

Бұл ықпалдың зергерлік өнердегі көрінісін тікелей діни символдардан ғана іздеу дұрыс емес. Керісінше, тазалық, ізгілік, отбасы бірлігі, ұрпақ жалғастығы, үлкенді құрметтеу және рухани тәрбие сияқты құндылықтардың дәстүрлі әшекейлердің қолданылу мәдениетінде орнығуын қарастыру қажет. Мысалы, күмістің тазалықпен байланыстырылуы халықтың дәстүрлі дүниетанымындағы символдық түсініктердің бір көрінісі. Нәрестені шомылдыру рәсімінде суға күміс бұйымдар салу дәстүрі баланың өмірінің таза, жарық және берекелі болуын

тілеумен байланысты түсіндірілген. Бұдан қазақ зергерлік өнеріндегі рухани мазмұнның бір ғана діни жүйемен шектелмегенін көреміз. Оның бойында көне түркілік, көшпелі, исламдық және жергілікті этнографиялық түсініктер өзара сабақтасып жатыр [Гилода А., 2004].

Түркістанның мәдени кеңістігі бұл сабақтастықты айқын көрсетеді. «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының қалыптасуы Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен тікелей байланысты. Музейдің ресми дерегінде оның тарихи негізі Қожа Ахмет Ясауи мұрасын сақтау және зерттеумен сабақтас екені көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда, зергерлік жәдігерлерді Түркістанның рухани-мәдени тарихынан бөлек қарастыруға болмайды.

Қазақ зергерлік өнерінің өңірлік ерекшеліктері

Қазақ зергерлік өнерінің маңызды ерекшеліктерінің бірі – оның аймақтық сипат алуында. Әр өңірдегі табиғи орта, тарихи байланыстар, этнографиялық дәстүрлер мен көркемдік талғам зергерлік бұйымдардың пішіні мен безендірілуіне әсер еткен.

Батыс Қазақстан зергерлік бұйымдары көлемінің ірілігімен, композициялық күрделілігімен және әшекей элементтерінің көптігімен ерекшеленеді. Бұл өңірде өңіржиек, үлкен алқа, қапсырма, білезік және жүзік сияқты ірі бұйымдар кең тараған. Өңіржиек бірнеше бөліктен тұрып, күмістен жасалған және ақық, түрлі түсті шыны тастармен безендірілген. Батыс Қазақстандағы ерекше бұйымдардың бірі – құдағи жүзік. Оның әлеуметтік мәні жоғары болған. Құдағи жүзіктің екі әулеттің арасындағы туыстық пен сыйластықты білдіретін сый ретінде қолданылуы зергерлік бұйымдардың әлеуметтік коммуникация құралы болғанын көрсетеді [Тохтабаева Ш.Ж., 2008].

Оңтүстік Қазақстан зергерлік өнерінде көркемдік безендірудің күрделілігі, түрлі түсті тастардың мол қолданылуы және салпыншақты элементтердің көптігі байқалады. Бұл өңірде шолпы, шашбау, алқа, сырға және қапсырма сияқты бұйымдар кең тараған. Оларды безендіруде бірюза, ақық, маржан, інжу және түрлі түсті шыны тастар қолданылған. Оңтүстік өңірдің зергерлік мәдениетін исламдық өркениеттің ықпалымен қатар қарастыруға болады. Сыр бойы мен Түркістан аймағы ғасырлар бойы қалалық мәдениет пен көшпелі мәдениеттің тоғысқан кеңістігі болған. Сондықтан бұл өңірдегі зергерлік өнерден көшпелі дәстүр мен исламдық-қалалық мәдениеттің өзара ықпалдастығын байқауға болады.

Солтүстік Қазақстанда зергерлік бұйымдардың түрлік құрамы алуан түрлі болған. Мұнда шолпы, шашбау, сырға, шекелік және түрлі қорғаныштық мәні бар әшекейлер кездеседі. «Үкі аяқ» сияқты бұйымдарда құстың тырнағын пайдалану дәстүрі сақталған. Үкі қауырсыны мен құс тырнағына қатысты қорғаныштық түсініктер қазақтың дәстүрлі дүниетанымындағы көне наным-сенімдермен байланысты. Шолпының құрамындағы күміс теңгелердің қозғалыс кезінде сыңғырлауы оның эстетикалық әсерін күшейтіп қана қоймай, дәстүрлі мәдениеттегі дыбыстық символиканың да бір элементі ретінде қарастырылуы мүмкін [[Тохтабаева Ш.Ж., 2008].

Шығыс Қазақстан зергерлік өнері жинақылығымен, пішінінің нақтылығымен және ою-өрнек композициясының айқындығымен ерекшеленеді. Бұл өңірде жұмыр білезік, жалпақ білезік, сағат білезік, қапсырма және әртүрлі сырғалар таралған. Қапсырмалардағы қошқар, грифон және басқа да жануарлық бейнелер көне аң стилі дәстүрімен сабақтасады. Шығыс Қазақстан музей-қорығының материалдары XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басына жататын күміс әшекейлердің жасалу техникасы мен материалдық ерекшеліктерін нақты сипаттайды. Мысалы, музей қорындағы мойын әшекейлерінде күміс, ақық, сымкәптеу, қалыптау, алтын жалату және бедерлеу әдістерінің қолданылғаны көрсетіледі. Осылайша өңірлік ерекшеліктер қазақ зергерлік өнерінің біртұтас ұлттық жүйе ішінде әртүрлі көркемдік мектептердің қалыптасқанын көрсетеді [«Қазақтардың зергерлік әшекейлері» каталог материалдары].

Талдау

Зерттеу нәтижелері қазақ зергерлік өнерін үш өзара байланысты деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді. Бірінші деңгей – материалдық-көркемдік деңгей. Бұл деңгейге металл, тас, бұйымның формасы, ою-өрнек және жасалу техникасы жатады. Қазақ зергерлері күмісті негізгі материал ретінде пайдаланып, оны бедерлеу, қалыптау, сіркелеу, зерлеу, дәнекерлеу және басқа да тәсілдермен өңдеген. Екінші деңгей – әлеуметтік-мәдени деңгей. Зергерлік бұйымдар адамның жасын, отбасылық жағдайын, әлеуметтік мәртебесін білдірген. Мысалы, қалыңдық әшекейлері оның жаңа әлеуметтік мәртебесін танытса, құдағи жүзік туыстық байланысты

нығайтатын сыйлық ретінде қызмет еткен. Үшінші деңгей – рухани-символдық деңгей. Бұйымдарға тазалық, қорғау, береке, ұрпақ жалғастығы және ізгілік сияқты мағыналар жүктелген. Бұл жерде көне түркілік және көшпелі дүниетаным элементтері исламдық мәдени ортамен тоғысып, жаңа тарихи жағдайда өмір сүрген. Осы үш деңгейдің бірлігін қазақ зергерлік өнерінің негізгі ерекшелігі ретінде бағалауға болады [Масанов Э.А., 1961].

Сонымен қатар зергерлік өнердегі өңірлік айырмашылықтар ұлттық мәдениеттің ішкі алуан түрлілігін көрсетеді. Батыста көлемді және композициялық тұрғыдан күрделі бұйымдар басым болса, оңтүстікте түрлі түсті тастар мен салпыншақты әшекейлердің молдығы байқалады. Солтүстікте қорғаныштық мәні бар әшекейлердің үлесі жоғары болса, шығыста жинақы пішін мен аң стиліне тән элементтер ерекшеленеді [5; 10]. Дегенмен бұл айырмашылықтар қазақ зергерлік өнерінің тұтастығын жоққа шығармайды. Керісінше, әр өңірдің өзіндік көркемдік мектебі жалпыұлттық зергерлік мәдениеттің байлығын көрсетеді.

Зергерлік өнердің рухани мазмұнын талдау барысында тағы бір маңызды мәселе – ислам мен дәстүрлі нанымдардың арақатынасы. Қазақ қоғамындағы исламдану үдерісі бұрынғы барлық нанымдарды бірден жойған жоқ. Керісінше, көптеген дәстүрлер исламдық дүниетаныммен қатар өмір сүріп, жаңа әлеуметтік-мәдени мағынаға ие болды [2; 6]. Сондықтан бойтұмар, үкіаяқ, тұмарша сияқты бұйымдарды тек исламдық немесе тек исламға дейінгі құбылыс ретінде біржақты түсіндіру дұрыс емес. Олар қазақ қоғамындағы ұзақ тарихи кезеңдер бойы қалыптасқан синкретті мәдени дүниетанымның көрінісі ретінде қарастырылғаны жөн. Осы тұрғыдан қазақ зергерлік өнері рухани сабақтастықтың көрнекті формаларының бірі болып табылады [Әбдуалиева Ш., 1994].

Қорытынды

Қазақ зергерлік өнері – халықтың тарихи жады мен рухани-мәдени сабақтастығын сақтайтын маңызды ұлттық мұра. Оның қалыптасу тарихы Қазақстан аумағындағы ежелгі металл өңдеу дәстүрлерінен басталып, сақ, түркі, ортағасырлық және кейінгі қазақ мәдениеті кезеңдерінде үздіксіз дамып отырған. XIX–XX ғасырларда қазақ зергерлік өнері өзінің көркемдік және технологиялық тұрғыдан кемелденген кезеңдерінің біріне жетті. Зергерлер күмісті негізгі материал ретінде пайдаланып, бедерлеу, қалыптау, сіркелеу, зерлеу, дәнекерлеу, алтын жалату және тас қондыру сияқты күрделі әдістерді меңгерді. Зергерлік бұйымдар қазақ қоғамында тек сәндік қызмет атқарған жоқ. Олар адамның жасын, жынысын, отбасылық және әлеуметтік мәртебесін танытатын белгілер болды. Сәукеле, өңіржиек, шолпы, шашбау, білезік, жүзік, сырға, қапсырма және бойтұмар сияқты бұйымдардың әрқайсысы белгілі бір мәдени және әлеуметтік мазмұнға ие болды.

Зерттеу барысында қазақ зергерлік өнеріндегі рухани сабақтастықтың бірнеше тарихи қабаты бар екені анықталды. Оның құрамында ежелгі көшпелі және түркілік дүниетаным элементтері, жергілікті этнографиялық дәстүрлер және исламдық мәдениеттің ықпалы өзара сабақтасып дамыған. Исламдық дүниетанымның зергерлік өнердегі ықпалын тікелей діни символдардан ғана іздеу жеткіліксіз. Оның әсері тазалық, ізгілік, отбасы құндылығы, ұрпақ сабақтастығы, адамгершілік және рухани тәрбие сияқты құндылықтардың дәстүрлі мәдениетте орнығуынан көрінеді. Әсіресе Түркістан мен Сыр бойы сияқты исламдық білім мен руханияттың тарихи орталықтарында бұл мәдени сабақтастықтың маңызы ерекше. Сонымен бірге қазақ зергерлік өнері аймақтық ерекшеліктерімен де құнды. Батыс Қазақстанның көлемді әрі күрделі әшекейлері, Оңтүстік Қазақстанның түрлі түсті тастарға бай бұйымдары, Солтүстік Қазақстанның қорғаныштық мәндегі әшекейлері және Шығыс Қазақстанның жинақы әрі аң стилімен сабақтас көркемдік үлгілері ұлттық зергерлік өнердің ішкі алуандығын көрсетеді.

Музей қорлары осы мәдени мұраны ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызды негізі болып табылады. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының және басқа музейлердің қорларында сақталған зергерлік жәдігерлер қазақ халқының тұрмысын, салт-дәстүрін, эстетикалық талғамын және рухани дүниетанымын зерделеуге мүмкіндік береді. Музейдің зергерлік өнерге арналған көрмелері мен қорлық жинақтары бұл мұраны сақтап қана қоймай, оны ғылыми және қоғамдық айналымға енгізудің тиімді үлгісі болып табылады.

Қорыта айтқанда, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы қазақ зергерлік әшекейлерін зерттеу барысында олардың ортақ ерекшеліктерін атап өту қажет. Оларға негізгі металл ретінде күмісті, ал әшекей бұйымдарға қондырма жасау үшін ақық тасты пайдалану; қызыл түсті

тастарды өмірлік күштің белгісі ретінде қарастыру; сондай-ақ магиялық-діни қызметінің басым болуы жатады. Әшекей бұйымдарды киелі санау Қазақстан аумағында исламға дейін қалыптасқан наным-сенімдермен және мұсылмандық дүниетанымнан бастау алған идеологиялық ұстанымдармен байланысты. Зергерлік бұйымдардың жіктелуі сан алуан санаттарды, түрлер мен түр тармақтарын қамтиды. Жалпы алғанда, зергерлік коллекцияларды музейлерде көрсету мәдениеттің эстетикалық қырын ғана емес, сонымен қатар оның таңбалық мәнін де таныстыру тәсілі болып табылады. Яғни зергерлік бұйымдар — халықтың өзіндік тілін, дүниетанымы мен мәдени болмысын білдіретін ерекше таңбалар жүйесі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Занегина О.Ю. Эстетика ювелирных изделий казахов: автореф. дис. … канд. искусствоведения. М., 1991. URL: http://cheloveknauka.com/estetika-yuvelirnyh izdeliy-kazahov
2. Әбдуалиева Ш. Қазақтың қолөнері. – Алматы: Рауан, 1994.
2. Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961.
3. Тоқтабаева Ш.Ж. Казахская филигрань. – Алматы, 2005.
4. «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының қор материалдары
5. Тоқтабаева Ш.Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы, 2006.
6. «Қазақтардың зергерлік әшекейлері», Шығыс Қазақстан облыстық сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафтық музей-қорығының каталогтық материалдары.
7. Тоқтабаева Ш.Ж. Казахские ювелирные украшения. – Алматы, 2008.
8. Гилода А. Қазақтың дәстүрлі мәдениеті және зергерлік өнері. – Алматы, 2004.
9. Никифоров Б.Т., Чернова В.В. Қазақстан археологиясы және ежелгі металлургия мәселелері. – Алматы, 2006.

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ МҰСЫЛМАНДЫҚ ДІНИ ТӘРБИЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ ИНСТИТУТТАР ЖӘНЕ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

THE FORMATION OF MUSLIM RELIGIOUS EDUCATION IN THE SYR DARYA REGION: HISTORICAL AND CULTURAL INSTITUTIONS AND SPIRITUAL CONTINUITY

Камила Нұрдаулетқызы Ердаулет[1]
Kamila Nurdauletkyzy Yerdaulet[2]

Сыр өңірі аумағы Орталық Азияның тарихи-мәдени дамуында ойып орын алатын кеңістіктердің бірі. Сырдарияның географиялық орналасуы оны отырықшы мәдениет пен көшпелі өркениеттің, Шығыс пен Батысты байланыстырушы сауда жолдары арқылы түрлі мәдени-діни дәстүрлердің тоғысуына ұласты. Сондықтан өңірдегі мұсылмандық діни тәрбиенің қалыптасуын исламның орнығуымен ғана шектеуге болмайды. ЮНЕСКО-ның Орталық Азия өркениеттерінің тарихына қатысты зерттеулеріне сүйенсек, христиандықтың Мервтен Соғдыға, Әмудария мен Сырдария аралығында, ал Орталық Азияда буддизм, манихейлік және зароастризмнің таралғанын дәйектейді [1, 405-407бб]. Сәйкесінше исламның орнығуы нәтижесінде діни кеңістік қана емес, діни сенімнің ұрпақтан ұрпаққа жеткізу механизмдері де өзгеріске ұшырады.

Исламның қоғамда орнығуымен қатар оның қасиетті мәтіндерін оқу, діни қағидаларын меңгеріп, ритуалдарды орындау және моральдық нормаларын қабылдауы оны келесі ұрпаққа жеткізу методологиясына қажеттілікті тудырды. Осылайша діни білім мен діни тәрбие берудің жаңа институционалдық жүйенің қалыптасу тарихы басталды. Атаға ислам келді, бала онымен танысты ал немере толық түсіне бастады. Міне, осы аралықта ислам бірнеше ұрпақтың өмір сүру уақытында орнықты. Әсіресе X ғасырдың соңына қарай Жетісу мен Сырдарияның отырықшы тұрғындары арасында исламның доминанттала бастағаны айқын байқалады. Ал археологиялық материалдар ислам мен оған дейінгі діндер элементтерінің белгілі уақыт бойы қатар өміршеңдігін жоғалтпағанына сілтеме береді. Соған қарамастан дәл осы кезеңдерде ислам әлемінің көрнекті өкілдері шыға бастап, Сыр бойы қалалары исламның интеллектуалды кеңістігінің ажырамас бөлігіне айналды. Мысалы Фараб, қазіргі Отырар қаласында X ғасырда қамал, базарларымен қоса Жұма мешіті болған [2, 208бб]. Бұл ортадан тек әбу Насыр әл-Фараби секілді философтар ғана емес, ислам ғылымдарының барлық дерлік бағыттарына қатысты еңбек еткен ғалымдар шығып отырды. Сонын ішінде исламның білім мен тәрбие мәселелеріне қатысты танымал классикалық еңбек, «Тағлим әл-мутағаллим ли-тағаллум тариқ әл-илм», авторы Бурхан ал-Дин әз-Зернужидің де Сырдария бойындағы Фараб жерінен шыққанын ерекше атап өтуге болады [3, 14-25бб]. Бұл өз кезегінде исламдың білім берудің тек архитектуралар тарихымен емес, мұсылмандық педагогикалық тұжырымдардың дамуынан хабар беретіндей. Мақалада «діни білім» мен «діни тәрбие» ұғымдарын бір-бірінен ажырата отырып қарастыру ұсынылады. Діни білім белгілі бір діннің теологиясы, қасиетті мәтіндері, шариғи нормаларын меңгеруді білдірсе, діни тәрбие сол білімнің баланың дүниетанымына, моральдық ұстанымдары, мінез-құлқы мен күнделікті діни тәжірибесінің қалыптасуын қамтиды. Ортағасырлық білім беру жүйесінде бұлай бөліп қарастырылмағандықтан мешіт, мектеб, медресе бір уақытта аталған екі функцияны қатар атқарды деп айтуға болады. Сырдария бой қалаларының исламға дейінгі тарихына мән беру мұсылмандық діни тәрбиенің кейінгі кезеңдегі қалыптасу механизмдерін жақсырақ түсінуге ықпал етпек. Олай дейтін себебіміз ислам бұл аймақтарға діни тұрғыдан бос аймаққа келген жоқ. Мұнда жергілікті культтермен қатар ирандық діни дәстүрлер, буддизм, христиандықтың таралуына мүмкіндік берген мәдени байланыстардың ізін көруге болады. Бұған дәлел Сырдария мен Арал маңындағы Жанкент

[1] Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы, kamilaerdaulet1@gmail.com
[2] Master's Degree Holder, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan, kamilaerdaulet1@gmail.com

материалдары. 2025 жылы жарық көрген Р.Дарменов, З.Сұлтанжанов, С.Қаржаубаева және А.Назаровтың зерттеуінде Жанкенттен табылған археологиялық материалдар VIII-XI ғасырлардағы оғыздардың діни дүниетанымынан хабар береді. Мысалы Оғыз мемлекетінің астанасы болған бұл қалада араб жазулары мен ислам символикасына тікелей қатысты артефактармен қатар ежелгі үндіеуропалық культтерге тиесілі заттар табылған [4, 409бб]. Яғни архаикалық сенімдердің бірден ығыспай, исламмен қатар синтезделген түрде өмір сүре алды. Діни трансформация әлеуметтік ортада бұрыннан қалыптасқан символдар, салттар мен дүниетанымдық құндылықтармен өзара әрекеттесу арқылы жүрді. Осы тұста теориялық сұрақ туындады. Исламға дейінгі діни алуантүрліліктен соң белгілі бір діни жүйеге бетбұрыс жасау интеллектуалдық шоғырлануға ықпал ете алды ма? Әрине, ықпал етуі ықтимал. Қоғам белгілі бір діни сенімге басымдық берсе, демек сол діни сенімнің қасиетті діни мәтіндерін оқу, түсіну, теологиялық және құқықтың жүйелерін меңгеру, діни білімді арнайы мамандар арқылы үйретуге қажеттілік артады. Сондықтан ғалым, ұстаз, қари, фақиһтар мен діни білім беру методологиялары қатар ортаға шығады. Бұл механизм тек исламға тән емес. Кез-келген жаңа орнығу барысындағы діни жүйе үшін бұл қалыпты процесс. Демек дәл осы кезеңнен бастап ислам әлеміне әйгілі ғұламалардың шығуына мемлекет те мүдделі болып, білім беру бағытына жақсы жағдай жасалды. Сыр өңіріндегі мұсылмандық білім мен тәрбиенің қалыптасуын Фараб қаласынсыз қарастыра алмаймыз. Әсірісе араб географтары Фарабты Сырдың орта ағысында орналасқан маңызда аймақ деп сипаттайды. X ғасырда қала цитадель, базарлар мен Жұма мешітінен тұрған [2, 208бб]. Мешіттің болуы исламның әлеумет арасында институционалды орныққанын көрсетеді. Өйткені ортағасырлық мұсылман қоғамында мешіттің функциясы қазіргідей тек құлшылықпен шектелмеді. Мешіт діни білім беру, исламның негізгі идеяларын түсіндіріп, адамдардың сұрақтарына жауап беріп, тіпті мемлекеттік маңызы бар мәселелер талқыланатын қоғамдық коммуникация орталығы ретінде сипатталды. Сондықтан мешітті діни тәрбиенің алғашқы институционалды деңгейлерінің бірі ретінде қарастыру орынды. Ал негізгі білім беру жүйесі тарихында алғашқылардан болып еңбек қалдырған. Ол: «Зернүк (Зарнудж, Зернудж) Оксус, Уасидж – Қазақстанда I-IVғасырлар арасында болған қала немесе қамал яки қорған. Онда ұлы ғалым Әбу Наср әл-Фараби (870-950) дүниеге келген. Оның қираған орны – Түркістан облысы Қызылқұм ауданындағы Маяқұм аулынан солтүстікке қарай 5 шақырым жерде. Қала ерте ғасырларда алғашқыда Уа-сидж деп аталған. Ал ғылыми әдебиеттерде Оксус ретінде белгілі. XIII ғасырдан бастап Зернүк деген атқа ие болды» [3, 16, 19бб]. Осылайша әрі фақиһ заңгер, әрі ислам педагогика негіздеріне қатысты қағидаларды қарастырған әз-Зернужи Сыр өңірінің сол кездің өзінде шәкірт тәрбиелеу мен білімді дұрыс әдістермен беруге мән бергенінен хабар береді. Оның 13 қағидасына зер салатын болсақ қазіргі кездегі интербелсенді әдістермен теңестіруге болады. Өйткені ол қайталау білім анасы екенін ескергенімен де әр баламен жеке байланыс орнатуды, тек жаттау емес, кері байланыстар мен кейде жәй ғана әңгімелеу арқылы негізгі мәнді ашудың маңызын тілге тиек етеді. Ә.Дербісәлі ғалымның кітабының кіріспесінен былай деп үзінді келтіреді: «Қазіргі кезде мен білімге ұмтылғандармен оған жете алмаған талибтерді (білім іздеушілерді) көріп жүрмін. (Олар ілім алса да оның пайдасы (ол үлкен немесе кіші болса да) мен жемісінен мақұрым. Өйткені олар білім алу жолынан (тәсілінен) қателесті және соған байланысты шартты орындай алмады. Жол таңдай алмағанның әрбірі адасады һәм мақсатына жете алмайды. Сол себепті мен (діни білім алғысы келетіндердің бәріне) өзім тапқан кітаптардан және білімді дана тәлімгерлерімнен естігендеріме сүйеніп жетістігімнің арқасында қиямет қайым күні құтылу үшін оны (ілім, білімді) шын ықыласпен зерделегесі келетіндердің өтінішіне орай түсіндіруді жөн санадым» [3, 19,20бб]. Мәліметтерге сүйене отырып келесі тұжырымды жасауға болады. Сыр өңірінің ерекшелігі тек исламның әртүрлі саласына қатысты ғұламалардың көп шыққан өлкесі ғана емес, діни білімді өндіріп оны тарататын қалалық-мәдени орталық болуы. Әсіресе ұрпақаралық байланыстың өміршеңдігіне септігін тигізді.

Діни білім мен діни тәрбие тақырыбында медреселердің қалыптасуы мен тарих сахнасында қалдырған ізі туралы сөз қозғамай қою әділетсіз. Орталық Азияда медресе туралы алғашқы жазба деректердің бірі X ғасырдың авторы Наршахи Мухаммедтің «Бұхара тарихы» еңбегінде кездеседі. Онда 937 жылы Бұхара қаласында болған үлкен өрт кезінде Фараджек медресесінің опат болғаны туралы айтылған. Ал Қазақстан аумағындағы алғашқы медреселер

жайында ақпарат XV ғасырда кездесіп, олардың Отырар, Сауран, Барчкендте болғаны айтылады [5, 69бб]. Демек өңірде діни білімнің жаңа деңгейі, нақтырақ арнайы архитектуралық және әлеуметтік институттарға ие болынын көрсетеді. Ал Г.Даукс, У.Тонен, М.Маклин, Г.Жораевтың да зерттеулері өңірдегі исламдану процесі қалалық мәдениеттің де өзгеруімен байланысты деп тұжырымдауға мүмкіндік береді [6, 137-152бб]. Соған байланысты мешіт, мактаб, медресе және ұстаз-шәкірт байланысы өзара тығыз жұмыс жасап тұрды. Ал ол күнделікті өмірдің мызғымас бөлшегіне, мәдени дүниетанымдарға айналып отырды. Дәл осы тұста діни білім мен діни тәрбиенің айырмашылықтарына тоқталған жөн. Діни білімнің нәтижесі діни ақпараттарды меңгеру, ал діни тәрбиенің нәтижесі осы білімнің адамның күнделікті өмірінен көрініс табуы. Мысалы, адамның сенімі, мінез-құлқы, моральдық таңдауы, діни тәжірибесі. Демек Құранды жатқа білу діни білімнің көрсеткіші, бірақ ол оны толық түсінуі мен діни тәрбиесінің көрсеткіші бола алмайды. Ортағасырлық мұсылмандық педагогикада білімнің моральдық және рухани мақсатының салмағы ауыр болды. Әз-Зернужидің де айтатыны осы, яғни ол білім алу механизмдерімен шектелуді қолдамады, ең бастысы шәкірттің ниеті, ұстазды құрметтеуі, білімге деген қарым-қатынасы мен мінез-құлқы басты назарда екенін ескерді. Сондықтан қазіргі таңдағы діни білім беру жүйесі мен Сыр өңіріндегі медреселік жүйенің мәндері арасында айырмашылықтар шығуда. Ол кезеңде медресе түсінігі білім беру, әлеуметтендіру, моральдық нормаларды қалыптастыру функцияларын қатар атқарған институт болды. Мұны ислам мен ихсанның біртұтас үйретілуі десек те қателеспейміз. Келесі кезеңде жәдидтік кезең мен қадимдік білім беру жүйесінің арақатынасы. XIX ғасырға дейін мұсылмандық білім ескі тәсілмен іске асты. Шәкірт Құран оқып, діни мәтіндер мен араб тілін меңгеріп, мәтіндерді жаттап және ұстаздың бақылауында болды. Ғасырлар бойы Құран мәтіндерін, ислам ілімдерін, араб-парсы тілдеріндегі еңбектер мен діни-этикалық құндылықтарды дәл осы әдім арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілді. XIX ғасырдың соңында жағдай өзгерді. Ресей империясының Түркістандағы әкімшілік білім беру жүйесінің кеңеюі, баспа ісі мен татар моллаларының ықпалы артып, И.Гаспринскийдің жаңа оқыту әдісі мұсылмандық білімге реформалар орнатты. Осы тұста: «Жәдидтік реформа Сыр аумағындағы діни тәрбиенің мазмұнын өзгертті ме, әлде әдісін бе?»,-деген сұрақ келеді. Шын мәнінде жәдидтік мектептердің мүддесі көпқырлы болды. Оның негізгілеріне ұлттық және діни идентификацияны сақтап қалу да кірді деп жазады Халилова. Нәтижесінде мектептердегі жаңы білім беру жүйесі қалыптасады бастады. Оған жаға пәндер енгізіліп, оқытушыға белгілі талаптар қойылды. Мысалы арифметика, география, тарих, дүниетану пәндері қосылып, қадимдік білім беру бағдарламасындағы кейбір пәндер ығыстырылды. Ал мұғалімдер классификациядан өтпей дәріс бере алмады. Осылайша діни өкілдердің мектептерден алшақтау процесі басталды [7, 660-662бб]. Сонымен бұл кезеңде оқу әдісі өзгеріп, сауат ашу методологиясының жетілдірілуі болды. Дәстүрлі әдісте бала әріптерді жаттап, сосын қосып оқуға көшетін. Ал жәдидтік мектепте дыбыстық оқытуға көшті. Мысалы оқушы әріптің атауын жаттап, сөз құрамындағы дыбыстық функциясын біліп барып дыбыстарды біріктіру арқылы буын мен сөздерді оқыды. Бұл Құраннан басқа да пәндерді базалық оқуға бағытталды. Сонымен қатар сыныптық ұйымдастырулар мен жаңа оқулықтар енгізіліп, дәрістер жүйеленуі жаңарды. Білім мазмұнының кеңеюі болса діни тәрбиенің әлеуметтік реңктерін өзгертті десек те болады. Бала енді тек діни мәтіндерді меңгеруші емес, ана тілінде сауат ашып, білім алатын тұлғаға айналды. Жәдидтік реформаның Сыр бойы қалаларына әсері туралы біршама деректер бар. Сонын ішінде З.Халиловаңың архивтік деректер бойынша Сырдария облысының халық училищелері директорының 1914 жылғы 21 ақпандағы есебінде Қазалыда 2, Перовскіде 3, Шымкентте 1 жадидтік мектеп, ал Ташкентте 12 жаңа әдісті мектеп барын көрсетеді [7, 659бб]. Демек бұл кезде негізгі процесстер жүзеге асырылып қойғанын байқауға болады. Оған дәлел 1911 жылғы мәліметтерде жаңа әдісті мактабтардың ескі әдісті мектептерден ерекшеліктері парта, тақта және географиялық карталар сияқты оқу құралдарының болғаны [7, 658,659бб]. Бұл феномен қазақ қоғамына үлкен серпіліс алып келіп қана қоймай, балалардың дүниетанымын кеңейте түсті. Алайда дәл осы кезеңде діни білім толығымен жойылмаса да, оның қайнаркөздерін ешбір құралсыз тікелей тереңірек оқып-білуге ықпалды пәндердің қысқаруы да жүзеге асқаны анық. Соған қарамастан бұл қозғалыс идеялық сипатқа қарағанда педагогикалық технологиялар мен методологиялардың прогресін арттырғандығы басымдық

сипатқа ие болды. Қалай болғанда да жәдидтік реформа діни тәрбие мазмұндарын секуляризациялап қана қоймай, діни мазмұнға педагогикалық толықтыруларды алып келгенін көрсетеді. А.Халидтің 1998 жылғы зерттеуінде жәдидизмнің мұсылмандық мәдени реформаның бір формасы деп, оның негізгі интеллектуалдық байланыстар арқылы мұсылмандық мәдениетті жаңа сатыға бейімдеген деп тұжырымдайды [8]. Осылайша діни білім мен діни тәрбиенің жаңа деңгейге көтерілді десек те болады.

Сыр өңіріндегі мұсылмандық діни білім мен діни тәрбиенің қалыптасуына тікелей қатысты факторларды тек мешіт, мектаб, медреселермен шектеуге болмайды. Өйткені дәл діни тәрбиені қалыптастыруда зияраттың кеңістік, ахун-ишандар институты, ұстаздық дәстүр мен діни мазмұнды жаюшы ақындар институттары өзара комплексті қызмет атқарып отырды. Яғни діни білім нақты мекенде көбірек үйретілгенімен, діни құндылықтар мен оның мәні (діни тәрбие) әлеуметтік орта арқылы бала бойына сіңіріліп отырды. Осы тұста мешіт пен медресенің формалды білімне кесенелер мен зиярат орындардың өзара ықпалдастығын қайшылық деп шатастырмаған абзал. Дәл осы ықпалдастықтың арқасында ислам мен ихсанды қатар бойға дарытқан тұлғалардың шыққанын ескеру қажет. Нақтырақ айтқанда біріншісі білімді үйретіп, екіншісі әлеуметтік жады мен негізгі нормаларды рухани үлгі арқылы түсіндірді. Сыр бойы қалалары, сонын ішінде Сығанақ қаласына тоқталатын болсақ, бұл жер тек саяси орталық қана емес исламдық білім-ғылымның қалыптасқан кеңістігі ретінде сипатталады. Мұнда Хусам ал-Дин ас-Сығанақидың бірнеше діни білім салаларын меңгеріп, Шығыс жұртының да мойындауына ие болған. Ал ғылыми мұраның шәкіртке ауызша берілумен қатар, жазбаша, шархтау, пікірталастар арқылы жеткізіліп отырғаны белгілі. Осы тұрғыда қазақ даласында мұсылмандық тәрбиенің тереңдетілген діни білімге ұласқанын байқауға болады. XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында дәл осы сабақтастықтың да жаңа сатыға шыққанын байқауға болады. Атап айтқанда бұл өңірден шыққан дін ғалымдары тек жергілікті институттармен шектеліп қалмады. Олар осы төңіректегі білім орталықтарымен қатар Бұқара, Хиуа, Орталық Азиялық кеңістіктерден де білім алған. Демек ислам ұстындарын трансөңірлік сипаттарымен қоса таныған. Діни және әдеби біліммен сусындаған Тұрмағамбет Ізтілеуұлының да білім жолы Мир-Араб және Көкілташ медреселеріне жалғасын тапқан. Сәйкесінше Сырдағы діни білім беру жүйесінің Бұқарадағы жоғары ислам білім жүйесімен байланысын байқатады. Бағамдасақ әліге дейін осы аралықтағы өңірлерде сыртқы атрибуттарды ішкі морально-этикалық, яғни исламдағы адамгершілік принциптарымен қатар ұстауға аса ерекше мән беріледі. Ол да болса күнделікті өмірде Т.Ізтілеуұлы, Базар жырау, Қ.Ерімбет, Н.Кенжеұлы сияқылды діни-ағартушылық бағыттағы ақындар шығармалары мен мәдени-тарихи жадыны сақтаушы зияраттар дәстүрінің арқасы десек артық айтқан болмаймыз. Осылайша діни білім халықтық тәрбиенің құралы мен формасына айналу механизм болды.

Қорытынды. Сыр өңіріндегі мұсылмандық діни тәрбиенің қалыптасу тарихын талдау оның исламның аймақта орнығуымен ғана шектелмейтін, ұзақ тарихи-мәдени трансформация нәтижесінде қалыптасқан күрделі әлеуметтік құбылыс екенін көрсетті. Өңірдің исламға дейінгі діни-мәдени алуантүрлілігі, қалалық өркениеттің дамуы, Сырдария бойындағы сауда және мәдени байланыстар исламның таралу үдерісінің өзіндік ерекшеліктерін қалыптастырды. Археологиялық материалдар исламдық және исламға дейінгі діни символдардың белгілі бір кезеңде қатар өмір сүргенін көрсетсе, Отырар, Сығанақ, Сауран және басқа да қалалық орталықтар исламдық білім мен мәдениетті өндірудің және таратудың маңызды кеңістіктеріне айналды. Зерттеу нәтижелері діни білім мен діни тәрбиені бір ұғым ретінде қарастырудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Діни білім қасиетті мәтіндерді, діни ілімдерді, теологиялық және құқықтық нормаларды меңгеруге бағытталса, діни тәрбие осы білімнің адамның дүниетанымында, моральдық ұстанымында, мінез-құлқында және күнделікті діни тәжірибесінде орнығуын қамтиды. Ортағасырлық Сыр өңірінде бұл екі процесс мешіт, мектаб және медресе сияқты институционалдық құрылымдар арқылы өзара байланыста жүзеге асқан. Сонымен бірге діни тәрбие тек формалды білім беру орындарымен шектелмей, отбасы, ұстаз-шәкірт қатынасы, ахун-ишандар институты, зиярат орындары және діни-ағартушылық әдебиет арқылы әлеуметтік ортада беріліп отырған. Сыр өңірінің мұсылмандық діни тәрбиесін қалыптастырудағы маңызды ерекшеліктің бірі - білім мен рухани-адамгершілік тәрбиенің біртұтастығы**.** Әз-Зернужидің педагогикалық көзқарастары білім алудың нәтижесін тек

ақпаратты меңгерумен байланыстырмай, шәкірттің ниеті, ұстазға құрметі, мінез-құлқы және білімді өмірде қолдануымен байланыстырады. Бұл қағида Сыр өңіріндегі дәстүрлі мұсылмандық тәрбиенің интеллектуалдық ғана емес, этикалық сипатта болғанын түсіндіруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, өңірдегі діни тәрбие жүйесінің тарихи мәні діни білімді сақтауымен қатар, оны әлеуметтік мінез-құлық пен моральдық құндылықтарға айналдыру механизмдерін қалыптастыруында болды. Зерттеу барысында анықталған тағы бір маңызды мәселе діни тәрбиенің институционалдық және бейресми арналарының өзара сабақтастығы**.** Мешіт пен медресе діни білімнің негізгі орталығы болса, зиярат орындары, ахун-ишандар, ұстаздар және діни-ағартушылық бағыттағы ақындар исламдық құндылықтардың әлеуметтік жадта сақталуына ықпал етті. Сығанақ сияқты қалалардан шыққан ғалымдардың еңбектері, ал кейінгі кезеңдерде Бұхара және Хиуадағы білім орталықтарымен байланыс осы сабақтастықтың тек жергілікті деңгейде емес, трансөңірлік сипатта болғанын көрсетеді. XIX–XX ғасырлардағы Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Базар жырау және басқа да діни-ағартушылық бағыттағы тұлғалардың шығармашылығы діни білімнің халықтық мәдениет пен тәрбие кеңістігіне енуінің мысалы ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен бірге жәдидтік реформалар Сыр өңіріндегі мұсылмандық білім беру жүйесіне жаңа педагогикалық әдістер мен оқу құралдарын енгізіп, білім мазмұнын кеңейтті. Жаңа әдісті мектептерде дыбыстық оқыту, сыныптық ұйымдастыру, жаңа пәндер мен оқулықтардың енгізілуі дәстүрлі білім беру әдістемесінің өзгеруіне алып келді. Алайда бұл өзгерісті діни тәрбиенің толық жойылуы ретінде біржақты түсіндіру ғылыми тұрғыдан негізсіз. Зерттеу материалдары жәдидтік реформалардың бір жағынан білім беру технологияларын жаңартқанын, екінші жағынан мұсылмандық мәдени және діни бірегейлікті сақтауға бағытталған реформалық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Дегенмен де ислам ілімдерін терең меңгеруге белгілі бір деңгейде шектеулер қойғанын да ескеруіміз қажет. Осыған байланысты қазіргі кезеңдегі негізгі ғылыми мәселе **-** Сыр өңіріндегі тарихи мұсылмандық діни тәрбиенің мазмұны мен оны жеткізудің дәстүрлі механизмдерін жүйелі түрде реконструкциялау және олардың қазіргі діни білім беру тәжірибесімен сабақтастығын анықтау**.** Қазіргі зерттеулерде мешіт, медресе, кесене, тұлғалар мұрасы және археологиялық ескерткіштер көбіне жеке-жеке қарастырылғанымен, олардың біртұтас діни-мәдени тәрбие жүйесіндегі өзара байланысын кешенді зерттеу қажеттілігі сақталып отыр. Сондықтан мәселенің шешімі діни білім беру институттарын ғана емес, отбасы, зиярат, ұстаз-шәкірт дәстүрі, діни әдебиет, ауызша тарихи жад және жергілікті діни-ағартушылық мұраны біртұтас зерттеу нысаны ретінде қарастырудан тұрады. Мұндай тәсіл діни тәрбиені тек діни мәтінді оқыту процесі ретінде емес, діни білімді әлеуметтік тәжірибеге, моральдық нормаларға және мәдени жадыға айналдыратын көпдеңгейлі механизм ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, Сыр өңіріндегі мұсылмандық діни тәрбиенің қалыптасуы бірнеше тарихи кезеңді қамтитын сабақтастықты сипаттайды: исламның орнығуы, қалалық діни-білім беру орталықтарының қалыптасуы, мешіт-медресе жүйесінің институционалдануы, ғұламалар мен ұстаздар дәстүрінің орнығуы, діни құндылықтардың әлеуметтік және әдеби орта арқылы берілуі және жәдидтік кезеңдегі педагогикалық әдістердің жаңаруы. Демек, Сыр өңірінің тарихи тәжірибесі мұсылмандық діни тәрбиенің тек діни институттардың қызметімен емес, білім, тәрбие, әлеуметтік жады, мәдени орта және тұлғалық үлгінің өзара байланысы арқылы қалыптасқанын көрсетеді. Бұл сабақтастықты ғылыми тұрғыдан зерделеу Қазақстандағы дәстүрлі исламның тарихи қалыптасу механизмдерін тереңірек түсінуге және қазіргі діни-ағартушылық жұмыстардың тарихи-мәдени негіздерін айқындауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. History of Civilizations of Central Asia. Vol. IV: The Age of Achievement, A.D. 750 to the End of the Fifteenth Century. Part Two: The Achievements / ed. C. E. Bosworth. – Paris : UNESCO Publishing, 2000. – 719 p.
2. Bosworth C. E. Fārāb // *Encyclopaedia Iranica*. – Vol. IX. – Fasc. 2. – Costa Mesa : Mazda Publishers, 1999. – P. 208. – URL: https://www.iranicaonline.org/articles/farab
3. Дербисали А. The Thinker of Otrar Province // Journal of Oriental Studies. – 2020. – Vol. 92, № 1. – P. 14–25. – DOI: 10.26577/JOS.2020.v92.i1.02.

4. Дарменов Р. Т., Султанжанов Ж. К., Каржаубаева С. Н., Назаров А. Ж. Мифологические архетипы Восточного Приаралья: материалы с городища Джанкент // Материалы по археологии и истории античного и
5. Елеуов М., Есен С. Қышқаланың сегіз қырлы медресесі // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2020. – № 3 (98). – С. 65–72. – DOI: 10.26577/JH.2020.v98.i3.07.
6. Dawkes G. A., Toonen W., Macklin M., Jorayev G. The Form and Abandonment of the City of Kuik-Mardan, Otrar Oasis, Kazakhstan in the Early Islamic Period // Journal of Islamic Archaeology. – 2019. – Vol. 6, № 2. – P. 137–152. – DOI: 10.1558/jia.37961. – 16 p.
7. Халилова З. Э. История реформирования мусульманского образования в имперском Туркестане: проблемы педагогики и подготовки национальных учебников // Minbar. Islamic Studies. – 2022. – Т. 15, № 3. – С. 653–670. – DOI: 10.31162/2618-9569-2022-15-3-653-670. – 18 с.
8. Khalid A. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. – Berkeley ; Los Angeles : University of California Press, 1998. – 335 p.

«ҲУДЖЖАТ АẔ-ẔĀКИРĪН» ЕҢБЕГІНІҢ ЙАСАУИЙА ЖАЗБА МҰРАСЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ

THE PLACE AND DOCUMENTARY SIGNIFICANCE OF "ḤUJJAT AẔ-ẔĀKIRĪN" IN THE YASAWIYA WRITTEN HERITAGE

Улугбек Жунисбаев[1] Ерсұлтан Әлайдар[2]
Ulugbek Zhunisbaev[3], Ersultan Alaidar[4]

Кіріспе

Орталық Азия ислам өркениетінің қалыптасуы мен дамуында сопылық дәстүрлердің орны ерекше. Бұл кеңістікте қалыптасқан сопылық мектептер діни тәжірибеге негізделген жазба мәдениетті, ғылыми үрдісті, әдеби тілді және әлеуметтік діни сананы қалыптастыруға ерекше ықпал етті. Солардың ішінде Қожа Ахмет Йасауи негізін қалаған Йасауийа дәстүрі түркі халықтарының рухани тарихында айрықша орын алады. Йасауийа мұрасы ғасырлар бойы ауызша хикмет дәстүрі, манақибтық әңгімелер, силсила шежірелері және қолжазба еңбектер арқылы сақталып, кейінгі ұрпаққа жетті [1].

Йасауийа дәстүріне қатысты жазба деректердің әрқайсысы Орталық Азиядағы ислам өркениетінің ішкі мазмұнын, сопылық дәстүрдің даму жолын және рухани сабақтастықтың тарихи негіздерін жақыннан тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, Маулānā Муҳаммад Шарīф ал-Ҳусайнī ал-'Алауīдің «Ҳуджжат аẕ-ẕākирīн ли-раддил мункирин» атты еңбегі XVII ғасырдағы Йасауийа жазба мұрасының аса маңызды үлгілерінің бірі саналады. Бұл шығарма бір жағынан жария зікір мәселесін қорғауға арналған полемикалық еңбек болса, екінші жағынан Йасауийа тариқатының силсиласын, рухани тәжірибесін, тариқаттық танымын және Орта Азиядағы сопылық пікірталас мәдениетін танытатын құнды дереккөз болып табылады.

Еңбектің жазылған кезеңі мен мәдени ортасы да аталған еңбектің маңыздылығын көрсетеді. Еңбек XVII ғасырдың екінші жартысында, Бұхараның діни-ғылыми ортасы белсенді кезеңде жазылды. Бұхара бұл дәуірде медреселік білімнің, сопылық тариқаттардың, қолжазба көшіру мәдениетінің және діни ғылымдарының маңызды орталықтарының бірі болды [2]. Сондықтан «Ҳуджжат аẕ-ẕākирīн» еңбегін Бұхара мен Түркістан арасындағы рухани сабақтастықтың тарихи көрінісі ретінде бағалануы тиіс.

Маулānā Муҳаммад Шарīф және оның рухани ортасы

Маулānā Муҳаммад Шарīф ал-Ҳусайнī ал-'Алауī – XVII ғасырда Бұхарада өмір сүрген Йасауийа шайхтарының бірі. Ол 1617 (1026 h.ж.) жылы Бұхарада дүниеге келген. Автордың өмірбаянына қатысты мәліметтер көп сақталмағанымен, қолда бар деректер оның Бұхарадағы діни-ғылыми ортада білім алып, кейін Йасауийа тариқатының көрнекті өкілдерінің бірі ретінде танылғанын көрсетеді. Бала кезінде ол Маулауī Қāсим және Маулānā Йусуф Қараба'ī медресесінде діни білім алған. Ал сопылық жолдағы алғашқы ұстазы – «Ламаҳāт мин нафаҳāт ал-қудс» еңбегінің авторы, 'Ālим шайх 'Азизан (1041/1632 ж. қ. б.) деген атпен белгілі Муҳаммад ал-'Ālим аṣ-Ṣиддиқī ал-'Алауи болған [1, 19-21бб.].

---

[1] Шығыстанушы, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан. Uzunisbaev@gmail.com, https://orcid.org/0000-0002-1032-7782.

[2] Дінтану магистрі, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан. E-mail: ersultan.alash@gmail.com, , https://orcid.org/0009-0006-8972-2959.

[3] Senior Research Fellow, Yasawitanu Scientific Center, "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Republic of Kazakhstan, uzunisbaev@gmail.com, ORCID: 0000-0002-1032-7782

[4] Master of Religious Studies, Research Fellow, Yasawitanu Scientific Center, "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Republic of Kazakhstan, ersultan.alash@gmail.com, ORCID: 0009-0006-8972-2959

Маулāнā Муҳаммад Шарīфтің рухани тұлғасын айқындайтын басты деректердің бірі – оның Ҳоджа Аҳмад Йасауīге дейін жалғасатын силсиласы. Бұл силсила Ҳоджа Аҳмад Йасауī, Ҳакīм ата, Зангī ата, Ṣадр ата, Алмīн Бāбā, ‘Алī шайҳ, Маудӯд шайҳ, Ҳāдим шайҳ, Джамāл ад-дīн Қашқарī Буҳāрī шайҳ, шайҳ Ҳудāйдāд, Маулāнā Нӯрī, Маулāнā Уалī Кух-и Зари (соңғы екеуі Ҳудāйдāдтың шәкірттері), Қāсим шайҳ Кармīнагī, Пирим шайҳ, Муҳаммад Му’мин шайҳ, Муҳаммад ал-‘Āлим аṣ-Ṣиддиқī ал-‘Алауī, Ҳоджа Фатҳ Аллāх Ғазирагī, Маулāнā Ҳоджа Исмā‘īл арқылы Маулāнā Муҳаммад Шарīфке келіп жалғасады [2, 35-б]. Бұл тізбек автордың Йасауийа дәстүрімен тікелей рухани сабақтастықта болғанын көрсетеді. Сонымен қатар аталған силсила XVII ғасырдағы Бұхара сопылық ортасында Йасауийа жолының әлі де ықпалды болғанын және Ҳоджа Аҳмад Йасауī мұрасының кейінгі ғасырларда да рухани легитимация көзі ретінде қабылданғанын аңғартады.

Маулāнā Муҳаммад Шарīфтің сопылық болмысын айқындайтын тағы бір маңызды ерекшелік – оның Йасауийа және Нақышбандийа жолдарын қатар ұстануы. Ол алдымен Йасауийа тариқатының әдептері мен әдістерін үйреніп, кейін Нақшбандийа шайхы Маулāнā Камāлға мүрид болып, иджазат алған [2]. Бұл жағдай оның сопылық тәжірибесінің кеңдігін және зікір мәселесін бір ғана тариқаттық ұстаным шеңберінде емес, салыстырмалы рухани тәжірибе негізінде пайымдағанын көрсетеді. Яғни ол Йасауийа дәстүріндегі жария зікірді қорғаушы автор ретінде танылғанымен, Нақышбандийа жолындағы құпия зікір тәжірибесінен де хабардар болған. Сондықтан оның «Ҳуджжат аз̲-з̲āкирīн» еңбегінде ортаға қойған көзқарастарын зікір түрлерінің рухани мәнін кең сопылық контексте түсіндіру әрекеті ретінде бағалауға болады.

Осы тұрғыдан алғанда, Маулāнā Муҳаммад Шарīфтің рухани болмысы Бұхарадағы көп қабатты діни ілімдер мен сопылық дәстүрлер ықпалындағы рухани ортада қалыптасты деуге болады. Жоғарыда аталғандай XVII ғасырдағы Бұхара медреселік білімнің, фиқһтық және кәламдық тартыстардың, сопылық ілімдердің және қолжазба көшіру мәдениетінің маңызды орталықтарының бірі еді. Мұндай ортада Йасауийа мен Нақышбандийа сияқты тариқаттар бір-бірінен оқшау өмір сүрмей, қайта белгілі дәрежеде өзара ықпалдастықта дамыды. «Ҳуджжат аз̲-з̲āкирīн» еңбегінің дүниеге келуі де осы рухани-ғылыми ортамен тікелей байланысты. Автор бір жағынан Йасауийа жолының жария зікір дәстүрін қорғай отырып оның шариғаттық негіздерін дәлелдеуге ұмтылса, екінші жағынан, Бұхарадағы діни білім, сопылық тәжірибе және жазба мәдениет аясында қалыптасқан дәлелдеу тәсілдерін кеңінен пайдаланды. Сондықтан Маулāнā Муҳаммад Шарīфті Йасауийа және Нақшбандийа тариқаттарын тең ұстаған, екі тариқаттық дәстүрдің рухани тәжірибесін бойына жинаған, Бұхарадағы ғылыми ортаның тәрбиесінен өткен ғалым-шайх ретінде қарастыруға болады.

«Ҳуджжат аз̲-з̲āкирīн» еңбегінің жазылуы және мазмұндық сипаты

«Ҳуджжат аз̲-з̲āкирīн ли-раддил мункирин» еңбегі 1077/1666–1667 жылы Бұхарада жазылған. Автор бұл шығарманы ұстазы Муҳаммад ал-‘Āлим аṣ-Ṣиддиқī ал-‘Алауīдің тапсырмасымен жазғанын еңбектің кіріспесінде атап өтеді. Шығарманың басты мақсаты – Йасауийа дәстүріндегі жария зікірдің діни негіздерін дәлелдеу және оны теріске шығарушылардың пікірлеріне жауап беру [1, 19 б.]. Алайда еңбектің маңызы тек осы полемикалық сипатымен шектелмейді. Ол Йасауийа тариқатының рухани тәжірибесін, сопылық дүниетанымын, силсила жүйесін және діни-ғылыми дәлелдеу тәсілдерін танытатын кешенді шығарма болып табылады. Сондай-ақ, еңбектің құндылығы онда жария зікір мәселесінің шариғи, ақылдық және нақли дәлелдер негізінде қарастырылып қана қоймай, әртүрлі сопылық дәстүр өкілдерінің көзқарастары мен машайықтардың пәтуалары арқылы жан-жақты негізделуінен көрінеді. Атап айтқанда, Нақшбандия тариқатының көрнекті өкілі Ҳожа Муҳаммад Парсаның пікірлеріне сілтеме жасалуы, сондай-ақ Муҳаммад ал-Мискīн ал-Буҳāрī, Муҳаммад ал-Харауī, Аҳмад ибн ‘Алам Ашам ал-Бурҳāнī және басқа ғалымдардың пәтуаларының келтірілуі автордың зікір мәселесін кең ауқымды ғылыми-діни пікірталас аясында қарастырғанын аңғартады. Намаздан кейін жария зікір айту, жамағатпен уирд оқу, сопылық шығармаларды оқу барысында туындайтын уажд күйі мен рухани толғаныстарға қатысты мәселелердің қамтылуы Йасауийа дәстүріндегі рухани тәжірибелердің діни-құқықтық тұрғыдан негізделу ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді [3]. Осы тұрғыдан алғанда, «Ҳуджжат аз̲-з̲āкирīн» – Йасауийа жазба мұрасындағы зікір тәжірибесінің мазмұнын, оны

қорғау мен негіздеу жолдарын және ортағасырлық сопылық ортадағы ғылыми-діни пікір алмасуларды зерделеуде маңызды деректік мәнге ие шығарма.

Еңбек кіріспе, үш мақала, қорытынды және хаттардан тұрады. Кіріспеде жүрек, зікір және ма‘рифат арасындағы байланыс сөз болады. Автор адамның жаратылу мақсатын Алланы танумен байланыстырып, бұл мақсатқа жетуде жүректі рухани кірлерден тазартатын зікірдің маңызын айқындайды. Бірінші мақалада жария зікірдің шариғатқа қайшы еместігі Құран аяттары, хадистер, қиястар және діни риуаяттар арқылы дәлелденеді. Екінші мақалада исми а‘зам мәселесі, Алла есімдерінің мәні және сопылық тәжірибедегі орны қарастырылады. Үшінші мақалада Йасауийа шайхтарының силсиласы, рухани дәрежелері және тариқаттық қызметі кеңінен баяндалады. Еңбектің соңында берілген хаттар да ерекше назар аудартады. Бұл хаттарда мүридтің рухани тәрбиесі, жүрек тазалығы, шариғатқа беріктік, ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс, сопылық мақамдар мен рухани ахуалдар түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, «Ҳуджжат аз̲-з̲ākirīn» зікір мәселесімен бірге, Йасауийа жолындағы рухани тәрбиенің негізгі ұғымдарын жүйелейтін еңбек ретінде де маңызды.

Маулānā Муҳаммад Шарīф өз тұжырымдарын дәлелдеуде деректік көздерді кеңінен пайдаланған. Еңбекте Құран аяттары мен хадистер негізгі дәлел көзі ретінде алынып, олар тәпсір, фиқh, кәләм және тасаввуф әдебиетімен сабақтастырыла қолданылған. Автор пайдаланған негізгі дереккөздердің қатарында ‘Абд ал-Карīм Қушайрīдің «Лат̣ā’иф ал-ишāрат», Абӯ ал-Лайс̱ Самарқандīдің «Танбīх ал-ғāфилīн», Абӯ Т̣ālиб Маккīдің «Қут ал-қулӯб», Фаҳр ад-дīн Рāдīдің «Мафāтиҳ ал-ғайб» («Тафсīр ал-Кабīр»), Қадī Байдāуīдің «Ануāр ат-танзīл уа асрāр ат-та’уīл», Муҳаммад ибн Аҳмад Қуртубīдің «ал-Джāми‘ ли-ахкāм ал-Қурāн», Муҳаммад ибн Исмā‘īл Буҳ̄арīдің «Ṣаҳīҳ ал-Буҳ̄арī», Муслим ибн Ҳаджжāдж Нишапурīдің «Ṣаҳīҳ Муслим», Хатиб Тебризидің «Мишкāт ал-масābīх», Наджм ад-дīн Кубрā мен Наджм ад-дīн Дайаға телінетін «Та’уилāт-и Наджмийа», Ṣадр ад-дīн Қунайуīдің «И‘джāз ал-байāн» және Йахйā ибн Шараф Науауīдің «Бустāн ал-‘āрифīн» секілді еңбектер бар. Бұл деректер автордың жария зікір мәселесін тек сопылық тәжірибе тұрғысынан ғана емес, тәпсір, хадис және фиқh дәстүрі аясында да негіздеуге ұмтылғанын көрсетеді. Ал Йасауийа шайхтары туралы баяндалған үшінші мақалада ‘Алī ибн Ҳусайн Ṣāфīдің «Рашахāт ‘айн ал-хайāт», Ҳоджа Фатҳ Аллāх Ғазирагīдің «Такмила-и Ламаҳāт мин нафаҳāт ал-Қудс», Ҳусām ад-дīн Сиғнāқīдың «Манāқиб-и Аҳмад-и Йасауī», Исҳāқ Ҳоджаның «Ҳадīқат ал-‘āрифīн», Муҳаммад ‘Ālим Ṣиддīқīдың «Ламаҳāт мин нафаҳāт ал-Қудс» және Сопы Муҳаммад Данишмандтың «Манāқиб-и Аҳмад-и Йасауī» сияқты манақибтық сипаттағы еңбектері пайдаланылған [4]. Бұл деректер жиынтығы «Ҳуджжат аз̲-з̲ākirīннің» жария зікірді қорғауға арналған полемикалық еңбек қана емес, сонымен бірге Йасауийа дәстүрінің рухани шежіресін, әулиелер силсиласын және сопылық таным жүйесін танытатын деректік құндылығы жоғары шығарма екенін көрсетеді.

Қолжазба нұсқалары және зерттелу деңгейі

«Ҳуджжат аз̲-з̲ākirīн» еңбегінің бірнеше қолжазба нұсқасы бүгінгі күнге дейін сақталған. Қолжазба нұсқалары Санкт-Петербургтегі Ресей Ғылым академиясы Шығыс қолжазбалары институтында, Мәскеудегі Ресей Мемлекеттік кітапханасының қолжазбалар қорында, Ыстамбұлдағы Сүлеймания кітапханасында және Ташкенттегі Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясы Әбу Райхан Бируни атындағы Шығыстану институтында сақтаулы. Санкт-Петербург нұсқасы парсы қолжазбалар қорында С 1525 нөмірімен, Мәскеу нұсқасы 185-қорда № 24 нөмірімен, Ыстамбұл нұсқасы Сүлеймания кітапханасындағы Рашид Эфенди қорында № 372 нөмірімен тіркелген. Ал Ташкентте еңбектің № 1344/6, № 1826, № 6656/1, № 4164/1 және № 10314 сияқты бірнеше нұсқасы бар.

«Ҳуджжат аз̲-з̲ākirīн» еңбегіне қатысты алғашқы ғылыми пікірлердің бірі Зеки Велиди Тоғанның 1953 жылы жарық көрген «Yeseviliğe dair bazı yeni malumat» атты мақаласында кездеседі. Тоған бұл еңбекті Йасауийа тарихына қатысты жаңа мәлімет беретін дереккөздердің бірі ретінде бағалап, оның Қожа Ахмет Йасауи мұрасын және Йасауийа шайхтары туралы деректерді зерттеудегі маңызын көрсеткен [5, 523-529 бб.]. Кейін Аббасали Ализаде 2001 жылы Мармара университетінде «Muhammed Şerif el-Hüseynî el-Alevî ve Huccetü’z-Zakirin Li-Reddi’l-Münkirin isimli eseri» тақырыбында магистрлік диссертация қорғады. Бұл зерттеу «Ҳуджжат аз̲-з̲ākirīнге» арналған алғашқы арнайы академиялық жұмыстардың бірі ретінде маңызды.

Ализаде еңбегінде автордың өмірі, шығармалары, сопылық ортасы, еңбектің құрылымы мен мазмұны қарастырылып, шығармаға қатысты парсы мәтіні де ғылыми айналымға ұсынылған [4]. Кейін бұл зерттеу 2024 жылы «Muhammed Şerif el-Hüseynî el-Alevî ve Huccetü'z-Zakirin Li-Reddi'l-Münkirin isimli eseri» деген атпен мақала түрінде жарияланды. Бұл мақалада автор Сүлеймания кітапханасындағы Рашид Эфенди № 372 нұсқасын негізге алып, еңбектегі Йасауийа, Ахмет Йасауи, оның халифалары, жария зікір, Нақшбандийа және Йасауийа-Нақшбандийа байланысы мәселелерін талдаған [2].

Сейфеддин Сейфуллахтың «Hisarlı Muhammed Şerif'in "Hüccetü'z-Zâkirîn" Eserinde Şeyh Hudaydad Zikri» атты мақаласында «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» еңбегіндегі шайх Ҳудайдāдқа қатысты мәліметтер арнайы қарастырылған. Бұл зерттеу шығарманың Йасауийа силсиласындағы жеке тұлғалар туралы дерек беру мүмкіндігін көрсетеді. Автор «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» негізінде шайх Ҳудайдāдтың өмірі, рухани орны, силсиласы және кейінгі Йасауийа дәстүріндегі беделі туралы мәліметтерді талдаған [6]. Девин ДеУис Йасауийа дәстүрі туралы зерттеулерінде «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣнді» XVII ғасырдағы Орта Азия сопылық ортасын, әсіресе парсы тіліндегі агиографиялық жазба дәстүрді тануға мүмкіндік беретін деректер қатарында қарастырады. Оның Ясауийа дәстүрі мен XVII ғасырдағы парсы агиографиясына арналған еңбектері «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» сияқты шығармаларды жеке діни мәтін ретінде ғана емес, сопылық қауымдардың тарихи жады мен рухани легитимациясын сақтайтын дереккөз ретінде қарастыруға жол ашады [7, 155-159 бб.]. Неждет Тосун да Йасауийа зерттеулеріне арналған маңызды дереккөздер қатарында «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣнді» атап өтеді. Оның еңбектерінде бұл шығарма Қожа Ахмет Йасауи, Йасауийа шайхтары, тариқат әдебі және Йасауийа дәстүрінің кейінгі кезеңдері туралы мәлімет беретін маңызды жазба мұра ретінде бағаланады [8, 83-105 бб.]. Осы тұрғыдан алғанда, «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» тек жария зікір мәселесіне қатысты полемикалық еңбек емес, Йасауийа тарихын, силсиласын және рухани тәжірибесін зерттеуге негіз болатын дереккөздердің бірі ретінде ғылыми әдебиетте орныққан.

Аталған зерттеулер еңбектің ғылыми маңызын танытқанымен, «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» әлі де толық әрі кешенді зерттеліп болды деуге негіз жоқ. Әсіресе отандық ясауитану ғылымында бұл еңбекке сүйенген арнайы зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан бұл шығарма алдағы уақытта мәтінтану, деректану, исламтану, сопылық тарихы және Йасауийа мұрасы тұрғысынан кеңірек зерттеуді қажет етеді. Әсіресе Йасауи тариқатының тарихи генеалогиясын анықтау үшін оны «Ҳадӣқат ал-'āрифӣн», «Ламаҳāт мин нафаҳат ал-Қудс» және «Рашаҳāт 'айн ал-ҳайāт» деген еңбектермен салыстыра зерттеу өте маңызды.

«Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣннің» Йасауийа жазба мұрасындағы орны

«Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» еңбегін XVII ғасырдағы Йасауийа жазба мұрасының дереккөзі ретінде бағалауға бірнеше негіз бар. Біріншіден, еңбек Йасауийа дәстүрінің кейінгі кезеңдегі рухани тәжірибесін сипаттайды. Мұнда жария зікір, жүрек тәрбиесі, ма'рифат, тариқат әдебі, мүршид пен мүрид байланысы және сопылық кемелдену жолы туралы маңызды мәліметтер беріледі. Екіншіден, шығарма Йасауийа шайхтарының силсиласын, олардың рухани дәрежесін және тариқаттық сабақтастығын танытады. Үшіншіден, еңбек Орта Азиядағы сопылық пікірталас мәдениетін, шари'ат пен тариқат арасындағы байланысты және діни-ғылыми дәлелдеу тәсілдерін көрсетеді.

Бұл еңбек Бұхара мен Түркістан арасындағы рухани сабақтастықты пайымдау үшін де маңызды. Автор Бұхарада өмір сүргенімен, оның рухани силсиласы Қожа Ахмет Йасауиге дейін жалғасады. Демек, «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» Бұхарадағы сопылық орта мен Түркістанда қалыптасқан Йасауийа руханияты арасындағы байланысты көрсететін жазба дерек ретінде қарастырылуы тиіс. Сонымен қатар шығарма Орталық Азия ислам өркениетінің аймақтық тұтастығын, рухани желілерін және қолжазба дәстүрін зерттеуге мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирӣн» Йасауийа тариқатының кейінгі ғасырлардағы рухани болмысын, Бұхара мен Түркістан арасындағы сопылық байланысты және Орта Азиядағы исламдық жазба мәдениетті танытатын маңызды дереккөз ретінде бағалануы тиіс. Еңбек бір жағынан жария зікір мәселесіне арналған діни-полемикалық шығарма болса, екінші жағынан Йасауийа силсиласы, тариқат әдебі, мүршид-мүрид қатынасы және әулиелер манақибы туралы мәлімет беретін кешенді сопылық мәтін болып табылады. Сондықтан оны

Йасауийа мұрасын зерттеуде «Диуани хикмет» дәстүрімен ғана шектелмей, кейінгі ғасырлардағы парсы тіліндегі сопылық жазба мұралармен сабақтастыра қарастыру қажет.

Қорытынды


Қорыта айтқанда, Маулānā Муҳаммад Шарīф ал-Ҳусайнī ал-‘Алауī «Ҳуджжат аз̱-з̱ākирīн лирадд ал-мункирīн» еңбегі XVII ғасырдағы Йасауийа жазба мұрасының маңызды дереккөздерінің бірі болып табылады. Шығарма Йасауийа тариқатының рухани тәжірибесін, сопылық силсиласын, жария зікір дәстүрін және Орта Азиядағы діни-ғылыми пікірталас мәдениетін танытады. Сонымен қатар еңбек Бұхара мен Түркістан арасындағы рухани сабақтастықты көрсететін жазба мұра ретінде де құнды. Еңбектің деректік маңызы оның мазмұндық ауқымынан анық байқалады. Автор жария зікір мәселесін дәлелдеуде Құран аяттары мен хадистерді ғана емес, тәпсір, фиқһ, кәләм және тасаввуф әдебиетін де кеңінен пайдаланған. Ал Йасауийа шайхтары туралы баяндалған бөлімдерде манақибтық және силсилалық сипаттағы деректерге сүйенуі шығарманың тарихи-деректік салмағын арттыра түседі.

Қолжазба нұсқаларының Санкт-Петербург, Мәскеу, Ыстамбұл және Ташкент қорларында сақталуы оның кең таралғанын және ғылыми тұрғыдан әлі де терең зерттеуді қажет ететінін көрсетеді. Зәки Уәлиди Тоған, Аббасали Ализаде, Сейфеддин Сейфуллах, Девин ДеУис және Неждет Тосун сияқты зерттеушілер бұл еңбектің әр қырын қарастырғанымен, «Ҳуджжат аз̱-з̱ākirīn» толық зерттеліп бітті деуге болмайды.

Сондықтан «Ҳуджжат аз̱-з̱ākirīn» еңбегін тек жария зікірді қорғауға арналған полемикалық шығарма ретінде ғана емес, Орталық Азия ислам өркениетінің рухани, ғылыми және қолжазбалық дәстүрін танытатын кешенді дереккөз ретінде бағалау қажет. Бұл еңбек Йасауийа мұрасын жаңа деректер негізінде зерттеуге, XVII ғасырдағы Бұхара сопылық ортасын тереңірек пайымдауға және түркі-ислам рухани дәстүрінің кейінгі кезеңдегі даму сипатын түсінуге мүмкіндік береді.



«Ҳуджжат аз̱-з̱ākirīn лирадд ал-мункирīn» қолжазбасының №6656/1 нөмерлі Ташкент нұсқасы



«Ҳуджжат аз-зākирӣн лирадд ал-мункирӣн» қолжазбасының №372 нөмерлі Ыстанбұл нұсқасы

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Gaziyev Z. The State Education System During the Ashtarkhanid Era // O‘zMU Xabarlari. – 2024. – Vol. 1, № 1.6. – P. 7–9. – DOI: 10.69617/nuuz.v1i1.6.3661.
2. Hasan N. Notes about Some Manuscripts Devoted to the Sufi Order of Yassawiyya // Journal of History Culture and Art Research. – 2017. – Vol. 6, № 2. – P. 69–81. – DOI: 10.7596/taksad.v6i2.423.
3. Собрание фетв по обоснованию зикра джахр и сама‘ / введение, подготовка оригинального текста, приложения и указатели Б. М. Бабаджанова, С. А. Мухаммадаминова; отв. ред. А. К. Муминов. – Алматы; Ташкент: Дайк-Пресс, 2008.
4. Мәулана Мұхаммед Шариф. Худжжат уз-закирин ли-раддил мункирин (сопылық негіздер) / баспаға дайындағандар: Д. Т. Кенжетай, С. Моллақанағатұлы. – Шымкент: South Print Corporation, 2022. – 460 б.
5. Alizade A. Muhammed Şerif el-Hüseynî el-Alevî ve Huccetü’z-Zakirin Li-Reddi’l-Münkirin İsimli Eseri // Edeb Erkan. – 2024. – № 6. – S. 33–54. – DOI: 10.59402/EE006202403.
6. Alizade A. Muhammed Şerîf el-Hüseynî ve Huccetü’z-Zâkirîn li-Reddi’l-Münkirîn Adlı Eseri: yüksek lisans tezi. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 2001.
7. Togan Z.V. Yeseviliğe dair bazı yeni malumat // Fuad Köprülü Armağanı. – İstanbul: Osman Yalçın Matbaası, 1953. – S. 523–529.
8. Seyfullah S. Hisarlı Muhammed Şerif’in “Hüccetü’z-Zâkirîn” Eserinde Şeyh Hudaydad Zikri // Kul Hoca Ahmed Yesevî: Makaleler Kitabı / haz. İsmetullah Yesevî, ed. Nadirhan Hasan. – Ankara, 2018. – S. 253–259.
9. ДеУис Д. Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам және Йасауийаның мәдени тарихы / ауд. К. Муминова. – 2-басылым. – Ыстамбұл–Алматы: «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы; IKCICA, 2025
10. Tosun N. Yesevîlik Araştırmaları için Bazı Mühim Kaynak Eserler // Türkiye Araştırmaları Literatür Dergisi. – 2017. – C. 15. – №30. – S. 83–105.

БӨЛІМ III
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ: ЖАЗБАША МҰРА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

CHAPTER III.
LEGACY OF KHOJA AHMED YASAWI: WRITTEN HERITAGE AND SOURCE STUDIES

ТРИ КОНТАКТА С ТЮРСКИМИ ШАЙХАМИ В АВТОБИОГРАФИЯХ БАХА' АЛ-ДИНА НАКШБАНДА

THREE CONTACTS WITH TURKIC SHAYKHS IN THE HAGIOGRAPHIES OF BAHA' AL-DIN NAQSHBAND



Алексей Александрович Хисматулин[1]
Aleksei Aleksandrovich Khismatulin[2]

После смерти в 791/1389 г. Баха' ал-дина Накшбанда — основателя суфийского братства Накшбандийа — одна за другой возникли четыре различные агиографии, посвящённые ему. Две из них имеют одно и то же название — *Анис ал-талибин ва 'уддат ал-саликин* (Приятель ищущих и снаряжение путников). Однако они представляют собой вполне самостоятельные компиляции, известные среди специалистов как краткая и длинная версии Анис (далее Анис-1 и Анис-2, соответственно).




Marijan Molé (1924–1963)
Tehran, 1956
Фото Gianroberto Scarcia

Передавая наиболее значимые сведения об основателе братства, эти версии отличаются не только по своему объёму, но и по содержанию, датам составления и, что важнее, по авторству. Обе версии были подготовлены к публикации Марианом Моле (Marijan Molé, ум. 1963) ещё в 1961 г. Но из-за его внезапной смерти они так и остались неопубликованными [Khismatulin, 2022]. Лишь спустя 30 лет в Тегеране был издан Анис-2 под редакцией Халила Ибрахима Сары-оглы и авторством Салаха б. Мубарака ал-Бухари [Bukhari, 1992], а совсем недавно, спустя уже 60 лет, опубликован и Анис-1 под редакцией Марйам Хосейни и авторством М. Парса [Parsa, 2023].


	
Издание Анис-2 под ред. Халила Ибрахима Сары-оглы и авторством Салаха б. Мубарака ал-Бухари (Техран: Кайхан, 1371/1992)	Издание Анис-1 под ред. Марйам Хосейни и авторством М. Парса (Техран: Интишарат-и 'илми, 1402/2023)

[1] Институт восточных рукописей Российской академии наук, Санкт-Петербург, Российская Федерация, ведущий научный сотрудник, кандидат исторических наук. khism@mail.ru ORCID 0000-0001-9708-0382
[2] Institute of Oriental Manuscripts of the Russian Academy of Sciences, Saint-Petersburg, Russian Federation, Leading Research Fellow, Candidate of Historical Sciences.

Две другие агиографии — *Рисала-йи баха'ййа* Абу-л-Касима б. Мас'уда и *Макамат-и хазрат-и хваджа-йи Накшбанд* Абу-л-Мухсина Мухаммада-Бакира, составленные позже, также считаются самостоятельными компиляциями. Пока неизданной остаётся *Рисала-йи баха'ййа*, а *Макамат* не только издан по-персидски с бухарской литографии, но и переведён на русский. Увы, недостаток опыта переводчика сказался на качестве перевода.



Перевод с фарси Р. Х. Чепкунова (Уфа: Каусяр, 2013)


مقامات

حضرت خواجۂ نقشبند ح

مؤلف

ابوالحسن محمد باقر بن محمد علی ح ۸۰۴ ه ق

تجدید چاپ

خادم خانقاه پیران کبار

سید عبدالله نقشبندی مجددی شمی

Издание *Макамат-и хазрат-и хваджа-йи Накшбанд* (Машхад: Гул-и нашр, 1386/2007)

Поскольку как *Рисала-йи баха'ййа*, так и *Макамат-и хазрат-и хваджа-йи Накшбанд* представляют собой рекомпиляции на основе обеих версий Анис с добавлениями из других источников, то имеет смысл взглянуть на принципиальные отличия между этими версиями с разными авторством.

Марйам Хосейни использовала в своём издании несколько копий Анис-1. Одна из них входит в *Джунг дар тасаввуф* (Сборник по суфизму) из 29 текстов (рук. 386 в коллекции Восточного факультета СПбГУ), многие из которых были написаны известными шайхами братства Накшбандийа. Эти тексты были переписаны в течение 944–951/1538–1545 гг. в Бухаре одним переписчиком по имени Лутф Аллах Зийа ал-дин б. Абу-л-Ма'али ал-Сануджирди. Он принадлежал к категории переписчиков, которые с предельной точностью копировали то, что имелось у них на руках, и искал оригиналы (*асл*) или наиболее надёжные копии, часто отмечая в собственной копии на полях — «сверено с оригиналом» (بَلَغَ الْمُقَابَلَةَ بِأَصْلِهَا) или просто — «сверено» (بلغ).


Тексты Накшбандийа, включённые в *Джунг*

رقم	عنوان رساله	نام مؤلف	تاریخ کتابت
۲	در اوصاف کعبهٔ معظمه	محمّد پارسا	ندارد
۳	انتخابات نفحات الانس	شیخ الاسلام جلال الدّین	شعبان ۹۴۴
۴	تکملهٔ نفحات الانس	عبد الغفور لاری	رمضان ۹۴۴
۵	رساله در طریقهٔ خواجگان	عبدالرّحمن جامی	ندارد
۶	رساله در طریقهٔ خواجگان	جناب قشار اللّه	ندارد
۷	رساله در طریقهٔ خواجگان	سعد الدّین کاشغری	ندارد
۸	**انیس الطّالبین در شرح مقامات سلطان العارفین**	**محمّد پارسا**	ندارد
۹	محبوبیه	محمّد پارسا	ندارد
۱۰	اُنسیه	یعقوب چرخی	جمادی الاولی ۹۴۶

۱۱	اعتقادات	محمّد پارسا	ندارد
۱۲	والديه	عبيد الله احرار	ندارد
۱۳	حورائيه	عبيد الله احرار	ندارد
۱۴	فقرات	عبيد الله احرار	ربيع الثانی ۹۴۶
۱۵	ابداليه	يعقوب چرخی	جمادی الاولی ۹۴۶
۱۶	رساله در طريقهٔ خواجگان	جلال الدّين هروی	ندارد
۱۷	**قدسيه**	محمّد پارسا	ندارد
۱۹	ترجمان نود و نه نام	يعقوب چرخی	ندارد
۲۳	لوايح	عبد الرّحمن جامی	جمادی الاولی ۹۴۶
۲۴	رساله در شرح دو بيت مثنوی	عبد الرّحمن جامی	ندارد
۲۵	رساله در اعتكاف	خواجه مولانا ولد نعمت اللّه صدر	ذی‌الحجة ۹۵۱

По этому списку и по изданию М. Хосейни становится очевидно, что было две редакции Анис-1. Первая — только агиография Баха’ ал-дина Накшбанда. Вторая — агиография Баха’ ал-дина Накшбанда вместе с черновиком агиографии ‘Ала ал-дина ‘Аттара (ум. 802/1400), заместителя Накшбанда. Обе агиографии составил М. Парса, а объединил их ‘Абд ал-Рахман Джами в 875/1470-71 г., дав объединённому тексту слегка другое название, написав рифмованной прозой своё краткое предисловие и завершив хронограммой.


***Анис ал-талибин дар шарх-и макамат-и Султан ал-‘арифин хваджа Баха’ ал-хакк ва-л-дин* (Приятель ищущих в комментарии стоянок Султана ведающих хваджи Баха’ ал-хакк ва-л-дина) Под ред. ‘Абд ал-Рахмана Джами**



می‌گوید خراشندهٔ این کلمات پیچ در پیچ
خادم الفقراء **عماد الدّين** هیچ بن هیچ
که رساله است نامی
و تحفهٔ گرامی
متضمن بر شرح مقامات علیه
و مشتمل بر طرح کرامات سنیه
قطب ملک هدایت
و فلک قطب ولایت
قدوة ارباب ملامت
و زبدة اصحاب سلامت
آن طوایف را مقبول جان و دلپسند
خواجه **بهاء الحق والدّين** المشتهر به **نقشبند**
و بیان بعضی حالات نایب بحق
و خلیفهٔ مطلق
خواجه مشار الیهِ
رَحْمَةُ اللّهِ عَلَيْهِ
اعنی أُسْوَةُ الاولیاء
و خلاصة الاصفیاء
خواجه **علاء الحق والدّين** المعروف به **عطار**
نَوَّرَ اللّهُ رُوحَهُ بِأنْوَارِ الاسْرار
که نقطهٔ دایرهٔ توحید
و دایرهٔ نقطهٔ تغرید
منبع اهل صفاء
و کوکب اصطفاء
خواجه صورت و معنی خواجه **محمّد پارسا**
قَدَّسَ اللّهُ رُوحَهُ الازَكی
مقید سلک تحریر وسمت تقریر گردانیده‌اند
و بدین وسیله طالبان را لذت سرآداب چشانیده‌اند
والسّلام و هو ههنا هذا

Рифмованная проза (*саджʻ*) Джами
(рук. 386, fol. 168a.)

Хронограмма Джами



نوشتم مقامات مردان دین
که کس را از این سان کرامات نیست
مقامات مردان به تاریخ گویی
اگر دو الف در مقامات نیست
۸۷۵

Я написал *Макамат* мужей религии, поскольку ни у кого нет таких чудотворств.
Ты назовёшь дату [компиляции] *Макамат-и мардан*,
если двух *алифов* не будет в [слове] *Макамат*
875
(= 1470-71)

Число рассказов в первой редакции Анис-1 в сравнении с Анис-2 (нумерация по тексту, подготовленному к изданию)

Содержание	**Число рассказов в первой ред. Анис-1**	**Число рассказов в Анис-2**	**Рассказы в Анис-1, исключённые из Анис-2**
Предисловие	1—4	1—7	
Часть 1	5—12	8—25	
Часть 2	13—64	26—75	17, 29, 52, 53, 61, 64
Часть 3	65—161	76—217	77, 80, 93—98, 153—161,
Часть 4	162—249	218—417	168—188, 216, 227—245, 249
Всего	**249**	**417**	**65**

Содержание рассказов, изъятых из Анис-2, указывает на пять главных направлений при редактировании этого текста.

1.Исключение сообщений Баха’ ал-дина и ‘Арифа Диггарани, в которых они подтверждают право преемственности Парса на руководство общиной.

2.Избавление от научного стиля Парса в жанре комментария-*шарх* и от сообщений, повторяющихся в его *Рисала-йи кудсийя*.

3.Удаление сообщений Накшбанда и ‘Арифа Диггарани об уроках, высказываниях и поступках, которые могли быть неоднозначно интерпретированы посторонним читателем, чтобы таким образом полностью закрепить за Накшбандом право считаться святым (*аулийа’*) с точки зрения шариата.

4.Исключение рассказов, связанных со сменой наставников самим Накшбандом и учениками Амира Кулала, его первого физического наставника.

5.Расширение оставшегося текста за счёт рассказов, переданных самим ‘Аттаром и иными лицами, чьи имена в основном скрыты, или теми, чьи имена упомянуты, но кто были либо рядовыми адептами Накшбанда, либо уже умерли к моменту финального редактирования Анис-2 [Khismatulin, 2019].

Три контакта с тюркскими шайхами

Всего в обеих версиях *Анис ал-талибин* приведены три рассказа о встречах Накшбанда с тюркскими шайхами. Первый рассказ связан с обучением Накшбанда у Халил-ата в течение 12 лет и служением ему на государственном посту *мухтасиба*. Этот рассказ передан со слов самого Накшбанда как в Анис-1 и Анис-2, так и в *Нафахат ал-унс* ‘Абд ал-Рахмана Джами и *Макамате* Абу-л-Мухсина Мухаммада-Бакира.

Встреча 1

Передали со слов нашего хазрат-хваджи, пусть Всевышний Аллах освятит его дух:

— В эти же дни я увидел во сне, как хазрат-хваджа Хаким-ата, пусть Всевышний Аллах освятит его дух, один из великих тюркских шайхов, поручает меня какому-то дарвишу. Когда я проснулся, лицо того дарвиша мне запомнилось. У меня была благочестивая бабушка мать моего отца. Я рассказал ей про свой сон. Она сказала: «Дитя, у тебя будет своя доля от тюркских шайхов». Я постоянно искал того дарвиша, пока однажды не довелось встретиться с ним на базаре Бухары. Я его узнал. Спросил. Его звали Халил. В тот момент посидеть и поговорить с ним не удалось, и духовного общения с ним не состоялось.

Когда я отправился домой и поужинал, прибыл гонец [с посланием:] «Тебя ищет дарвиш Халил». Стояли дни месяца тир (= 22.06–22.07). Взяв с собой немного фруктов, я отправился к нему. Увидев его, я хотел было рассказать ему про свой сон. Он сказал по-тюркски: «Нам известно, что у тебя в мыслях. Нет нужды объяснять». Моё состояние изменилось. В моей душе возросла склонность к духовному общению с ним. В духовном общении с ним довелось наблюдать его удивительные состояния и нечто дивно-необычное.

Спустя какой-то промежуток времени ему было передано царствование над государством Мавараннахра. Всякие причины выступили посредником в том, что мне надо было сопровождать его и служить ему. Во время моего сопровождения у него тоже наблюдалось нечто величественное. Он оказывал мне много сострадания, иногда милостиво, иногда строго обучая меня этикету служения, благодаря чему мне досталось много полезного, что сильно пригодилось на этапе практического продвижения и прохождения этого пути.

Вот так в течение шести лет я находился у него на службе, на людях соблюдая этикет его султаната, а в уединении став близким человеком для его личного духовного общения. Мне доводилось общаться с ним шесть лет и до его государствования. В присутствии избранных своего Двора он много раз говорил: «Кто послужит мне ради довольства Всевышнего Истинного, тот станет великим среди людей». Мне было известно, кого он имеет в виду.

После этого периода, когда произошёл закат его виртуального государства, в один миг его государствование, слуги и эскорт стали «*развеянным прахом*» [Коран, 25: 23], а я полностью охладел сердцем к этому миру и мирским делам. Я приехал в Бухару, поселившись в Ривартуне, одной из деревень Бухары [Parsa, 2023, № 12 (с. 169–170); Bukhari, 1992, с. 84–86].

Вторая встреча приведена только в Анис-1, из Анис-2 она исключена. Она произошла после того, как Накшбанд покинул общину Амира Кулала, а тот дал ему разрешение начать заново обучение у других наставников, сказав: «Я иссушил свою грудь ради Вас полным воспитанием. Птица Вашей духовной сути вылупилась из яйца биочеловеческой природы. Однако птица Вашего рвения оказалась высоко парящей. Теперь [у Вас] есть разрешение искать у тюрков и таджиков — везде, где аромат дойдёт до Вашего обоняния. Но по своему рвению не делайте упущений в поиске».

Встреча 2

Согласно тому духновению (*нафас*) [Амира Кулала] он отправился к Кусам-шайху, пусть Аллах помилует его, одному из тюркских шайхов из семьи хазрат-хваджи Ахмада Йасави, пусть Аллах освятит его дух.

Кусам-шайх, пусть Аллах помилует его, при той первой встрече ел дыню и бросил дынную корку в его сторону. Из-за крайнего пыла поиска, присутствовавшего в нём, он съел корку

целиком, испрашивая благодати. Трижды на той сессии (*маджлис*) тот бросал дынные корки в его сторону, а он съедал их целиком. На той же самой сессии вошёл слуга шайха и сказал:

— Пропали три молодых верблюжёнка (*бисарак*) и четыре лошади.

Шайх указал на хазрат-хваджу, пусть Всевышний Аллах освятит его дух, и по-тюркски сказал:

— Держите его крепче!

Четверо из муридов настолько грозно набросились на него, словно речь шла об убийце.

Ещё хазрат-хваджа, пусть Всевышний Аллах освятит его дух, говорил:

— Кто не познает качеств тюркских шайхов, тот в любом случае полностью потеряет надежду на них из-за их методов и станет возражать.

Сев на колени, хваджа вошёл в самонаблюдение (*мураками*) и устремил [своё внимание]. После совершения вечернего намаза вошёл слуга и сказал:

— Верблюды и лошади пришли сами.

Так около двух-трёх месяцев он следовал за Кусам-шайхом, пусть Аллах помилует его, сопровождая его. В конце концов тот оказал ему честь, сказав:

— У меня девять сыновей. Десятый — ты. И ты превосходишь всех их.

Спустя годы, когда тот приходил из окрестностей Нахшаба в Бухару, хазрат-хваджа оказывал ему внимание, а тот говорил:

— Такого качества поиска, какое я вижу в тебе, я ещё не наблюдал ни в ком из правдивых и ищущих.

Этот Кусам-шайх, пусть Аллах помилует его, от предела в великодушии и совершенства в непривязанности [к чему-либо], коими обладал, в конце своей жизни однажды зашёл в Торговый купол (*тим*) Шайха в городе Бухаре близ мечети Саррафан, совершил разного рода покупки и вышел. У него были внешние признаки здоровья. Присев на приступок, он подозвал детей и последователей, которые были с ним, и сказал:

— Настало время моего перехода [в мир иной]. Давайте согласованно произнесём фразу единобожия.

Он произнёс её. Другие тоже произнесли. В тот же миг он отдал душу. [Parsa, 2023, № 156 (с. 296–298]

Третья встреча произошла, когда Накшбанд уже стал известным шайхом Мавараннахра. Рассказ о ней приведён только в Анис-1. Встреча произошла со старцем, которому исполнилось 120 лет и который принадлежал к семье Саййид-ата — одного из шайхов братства Йасавийа. Встреча состоялась по просьбе его многочисленных родственников недалеко от населённого пункта Кизил-рабат в округе Куфин. Суть просьбы: старик был болен в течение нескольких месяцев, родственники ничем не могли ему помочь и в то же время не могли оставить его, разъехавшись по домам. Поэтому они попросили Накшбанда помочь старику либо уйти в мир иной, либо выздороветь. Накшбанд по-тюркски завёл со стариком разговор о том, что мир иной лучше, чем этот. После разговора старик успокоился и со спокойной душой умер на следующий день после ухода Накшбанда.

Встреча 3

Передали о том, что когда наш хазрат-хваджа, пусть освятится его таинство, направившись из Бухары в окрестности Куфина, чтобы воздать должное маулане кади Султану из числа его почитателей и убеждённых сторонников, чей родитель скончался, прибыл в деревню у дороги и близ Кизил-рабата, вдали показалась какая-то группа людей. Хазрат-хваджа сказал:

— У этой группы есть к нам одно дело.

Сподвижники, которые были с ним, удивились. Когда они приблизились, [оказалось, что] они были скученной группой, вышедшей из той деревни. Подойдя к дороге, они сгрудились скученными рядами вокруг коня, который был верховым животным хваджи, и сказали:

— В нашей деревне есть один старец из тюркских шайхов и семьи саййида Ата, пусть Аллах помилует его. Его года достигли ста двадцати, и пошёл сто двадцать первый. Наша скученная группа, которую мы представляем, — все его родственники. Мы собрались отовсюду: кто-то — дети, кто-то — внуки, кто-то — правнуки, а кто-то — и дальше того. Мы с ним в разного рода родственных связях: дети, зятья и прочее. Уже долгое время, как мы со своими родственниками собрались из-за его болезни, ожидая [исхода] его состояния. Он и не уходит, и

не выздоравливает, чтобы мы могли со спокойным сердцем вернуться от него в свои родные края. Услышав, что хазрат-шайх направился из Бухары в наши окрестности, мы преградили дорогу, чтобы наше дело разрешилось благодаря ему.

Хазрат-хваджа, пусть Всевышний Аллах освятит его дух, направился в их деревню, что находилась вблизи дороги. Дойдя, он вошёл во двор, где на приступке лежал старец. Двор заполнился компанией немощных женщин, которые были его родственницами. Подойдя к нему, хваджа велел сесть одной немощной женщине из его детей, старшей среди тех немощных. Старец опёрся спиной на её грудь, выпростал руку из-под одеяла и коснулся хваджи, сказав: «Добро пожаловать». Хваджа тоже произнёс [приветствие] в ответ на его слова. Старец сказал по-тюркски:

— Раз Ваши стопы добрались досюда, скажите что-нибудь.

Хваджа вступил в беседу и начал говорить по-тюркски, сев на колени.

— Тот мир лучше этого мира (*Ул ʻалам бу ʻаламдин йахширак дур*), — сказал он.

Так же он разъяснял достоинство того мира и его вечность, разъяснив избытие этого мира и его бесплодность, и дал ему благовесть:

— Для Вас тот мир лучше этого мира.

Его речь по этому поводу стала крайне разгорячённой. Старец расплакался. Расплакались все его немощные женщины и родственники. Хваджа со сподвижниками тоже расплакался. Между тем старец, приподняв голову, сказал по-тюркски:

— Шайх, Вы мне помогли. Теперь я отправлюсь в сторону того мира. При возвращении посетите мой прах и совершите *хатм*.

Поднявшись, хваджа отправился в путь. Родственники старца упрашивали помолиться [за него].

— Духновение (*нафас*) старца было таким, что ждите этого при возвращении, — сказал он.

Прибыв в Кизил-рабат при возвращении, он спросил о состоянии того старца.

— Старец перешёл [в мир иной] на следующий день после того, как встретился с Вами, — сказали ему. [Parsa, 2023, № 169 (с. 312–314)].

Заключение

О чём говорят эти три встречи читателю агиографий? Чтобы ответить на этот вопрос, надо ясно понимать, для чего и для кого они составляются, кто представляет их целевую аудиторию. Любая агиография (или житие святого) составляется с одной явной целью показать читателю развитие и становление духовного человека, святого. В основе лежит вера в то, что святой по сути не принадлежит самому себе, а живёт и поступает так, как хочет от него Бог. Самая сложная задача это понять, что именно хочет Бог в каждой конкретной ситуации и не подменить желание Бога своим собственным желанием. Иными словами, духовная эволюция такого человека это поступательный процесс осознания иной, Божьей реальности. Насколько полным и детальным станет его осознание, настолько более духовным станет он сам. В мусульманской традиции существует иерархия святых-*аулийа'*, которая как раз отражает разные степени процесса осознания Божьей реальности.

Как составителю агиографии показать духовную эволюцию святого? Составитель собирает у сподвижников святого или из собственного опыта общения с ним рассказы про те события и конкретные ситуации из его земной жизни, которые наиболее ярко демонстрируют проявления его духовности и святости. Причём даты этих событий не имеют особого значения. Затем составитель группирует собранные рассказы по проявлениям святости в молодости и зрелости: преодоление больших расстояний за короткое время, способность обходиться без пищи долгое время, предсказание грядущих событий, общение с духами умерших людей, способность к духовному захвату (*тасарруф*) нутра других людей, способность находиться одновременно в нескольких местах, вызывание и прекращение погодных явлений, способность комментировать айаты Корана, хадисы и высказывания авторитетных суфиев и т. п. В светском понимании часть из таких проявлений называют экстрасенсорными способностями. В религиозной парадигме наличие таких способностей и проявлений святости это особое внимание Бога и его любовь к святому.

В числе проявлений святости есть и такие, которые демонстрируют общение святого с представителями других духовно-мистических школ. Эти школы имеют свои традиции, свою духовную практику и своих святых. Их святых тоже ведёт Бог. Какие-то из этих традиций и практик отличаются от традиций и практик, принятых в школе святого, которому посвящена агиография. Формально это традиции и практики, которые конкурируют между собой. А по сути они отвечают религиозной психологии и вере их приверженцев. Поэтому здесь конкуренция особого рода. Она отражает эффективность тех или иных суфийских традиций и практик применительно к мусульманам с разным религиозным и этническим бэкграундом. Что-то подходит одному, но не годится для другого. Если бы всем мусульманам подходила какая-то одна суфийская традиция, то не было бы всего того многообразия суфийских практик, которое мы наблюдаем на протяжение всей истории ислама.

Наглядные примеры противопоставление традиции *увайси* и наследственного шайхства. Святой *увайси* может появиться в любой семье, а наследственный шайх может родиться только в семье шайха. Кто-то верит в передачу святости от отца к сыну по признаку кровного родства это очень древняя и сильная традиция. Кто-то верит, что Бог избирает своих приближённых вне зависимости от наследственной преемственности тоже очень древняя и сильная традиция. Разумеется, составитель агиографии будет акцентировать внимание на той традиции, которой принадлежал и придерживался святой.

Исходя из трёх контактов Накшбанда с шайхами Йасавийа, можно заключить, что при первом контакте Накшбанд подчиняется повелению духа йасавийского шайха Хаким-ата и входит в число приверженцев Халил-ата. Но поскольку тот, став султаном, начинает служить мирским целям, то Накшбанд в конце концов разочаровывается в образе жизни, который вёл в свите Халил-султана, называет его султанство мнимым (*маджази*) и резко меняет свой прежний образ жизни. Иначе говоря, опыт светской жизни стал для Накшбанда уроком осознания, который был ниспослан свыше.

При втором контакте противопоставляются две традиции и две практики. Во-первых, Накшбанд осваивает практику тюркского шайха Кусам-ата в течение двух-трёх месяцев, т. е. очень быстро, становится в ней лучшим и высказывается о ней, как о суфийской практике, которая отличается от практики, распространённой среди нетюркских шайхов. Во-вторых, он, будучи *увайси*, тем не менее становится названным сыном Кусам-ата и даже лучшим среди его сыновей, т. е. традиция *увайси* по сути оказывается более эффективной, чем традиция наследственной духовной преемственности. При этом обе традиции могут сочетаться друг с другом через традицию названного духовного дитя (*фарзанд-и ханда*, *фарзанд-и ма'нави*).

В третьем контакте опять противопоставляются две традиции. Накшбанд помогает старому тюркскому шайху, отвечая на просьбу его многочисленных детей и потомков. Несмотря на то что все они шайх-заде («рождённые от шайха»), они не могут ему помочь и прибегают к помощи шайха, который не принадлежит к их традиции.

В заключение отмечу, что публикация всего корпуса агиографий Баха' ал-дина Накшбанда и их перевод на русский даст возможность лучше понять, на каких именно традициях и практиках акцентировали внимание их составители и что именно хотели донести до читателя своими комбинациями собранных рассказов.

Список литературы

1. Bukhari, 1992 Al-Bukhari, Salah b. Mubarak. *Anis al-talibin wa 'uddat al-salikin*. Ed. Khalil Ibrahim Sari-ughli. Tehran: Kayhan, 1371/1992.

2. Khismatulin, 2019 Jami's Statement on the Authorship of the *Anis al-talibin* in: *Jami and the Intellectual History of the Muslim World: The Trans-Regional Reception of 'Abd al-Rahman Jami's Works, c. 9th/15th14th/20th.* Leiden: Brill, 2019, 309–342.

3.Khismatulin, 2022 Khismatulin A. Destiny of the Unpublished Works by Molé on the Naqshbandiya in: Azarnouche, Samra (ed.). *À la recherche de la continuité iranienne: de la tradition zoroastrienne à la mystique islamique. Recueil de textes autour de l'œuvre de Marijan Molé (1924–1963)*. Turnhout: Brepols, 2022, 213–267.

4.Parsa, 2023 Muhammad Parsa al-Bukhari. *Anis al-talibin wa 'uddat al-salikin dar sharh-i maqamat-i Sultan al-'arifin khwaja Baha' al-haqq wa-l-din.* Ed. Maryam Hosseini. Tehran: Intisharat-i 'ilmi, 1402/2023.

ЙАСАУИ ЖӘНЕ ЙАСАУИЙА ТАРИҚАТЫНЫҢ ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТҰҢҒЫШ ДЕРЕККӨЗДЕР

THE EARLIEST SOURCES ON THE HISTORY OF YASAWI AND THE YASAWIYYA TARIQA

Бағдат Данияруұлы Дүйсенов [1]
Bagdat Daniiaruly Dyussenov[2]

Кіріспе

Қожа Ахмад Йасауи тұлғасы түркі-мұсылман әлемінің рухани тарихында айрықша орын алады. Оның есімі ғасырлар бойы Түркістанмен, сопылық тәрбие дәстүрімен және түркі халықтарының исламдық дүниетанымымен сабақтасып келеді. Алайда Йасауи туралы кейінгі дәуірлерде қалыптасқан аңыздық және агиографиялық қабаттардың молдығы оның тарихи өмірбаянын, нақты сопылық ортасын және Йасауийа тариқатының алғашқы кезеңдерін деректанулық тұрғыдан қайта қарастыру қажеттігін туғызады. Сондықтан зерттеудің басты мәселесі – кейінгі манақибтық баяндаулардан бұрын пайда болған, Йасауиге уақыт жағынан жақын жазба куәліктерді анықтау және олардың мәліметтерін өзара салыстыру.

Бұл мақала Девин ДиУистің «Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам және Йасауийаның мәдени тарихы» атты еңбегінде жүйеленген қолжазбалық және жарияланған дереккөздер негізінде дайындалды [1]. Мақалада сол көлемді материалдың ішінен тарихи хронологияны қалпына келтіруге тікелей қатысы бар ерте куәліктер іріктеліп, олардың деректік салмағына ерекше назар аударылады. Негізгі міндет – «ең ерте дерек» ұғымын тек мәтіннің жазылған уақытымен емес, оның мәліметінің тарихи ортаға жақындығы, қолжазба дәстүрі, автордың сопылық желілермен байланысы және басқа деректермен тексерілу мүмкіндігі арқылы бағалау.

Йасауи тарихнамасында ұзақ уақыт бойы кейінгі деректердің беделі басым болды. Әсіресе XVI–XVII ғасырларда жүйеленген агиографиялық мәтіндер Йасауи туралы кең таралған өмірбаяндық үлгінің қалыптасуына шешуші ықпал етті. Дегенмен XIII–XIV ғасырларға жататын мәтіндер Йасауидің бейнесін өзгеше қырынан көрсетеді: ол ең алдымен зікір практикасы бар, шәкірттік ортасы қалыптасқан, Түркістанда ханақа ұстаған сопы шайх ретінде көрінеді. Осы ерекшелік ерте деректерді жеке корпус ретінде қарастырудың маңызын арттырады [2, 837–879 б.].

Зерттеу нәтижесінде ерте деректердің үш кезеңдік қабатын ажыратуға болады. Біріншісі – XIII ғасырдың алғашқы жартысындағы қысқа, бірақ тарихи мәні жоғары ишаралар; екіншісі – XIV–XV ғасырлардағы силсила, ханақа және сопылық байланыстарды нақтылайтын мәтіндер; үшіншісі – XVI ғасырда жинақталған, бұған дейінгі ауызша және жазба дәстүрлерді жүйелеген көлемді агиографиялық шығармалар. Осындай хронологиялық талдау Йасауи тұлғасының тарихи жадта қалай өзгеріп, біртіндеп тариқаттық тұтас дәстүрдің негізін қалаушы бейнесіне айналғанын көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің деректік негізін XIII–XVI ғасырлар аралығында жазылған парсы, араб және түркі тілдеріндегі сопылық, агиографиялық және тарихи шығармалар құрайды. Олардың қатарында Фарид ад-дин ʿАттардың «Мантық ат-тайр», Бурхан ад-дин Қылышқа телінетін «Мартаʿ әс-салихин уа зубдат әс-саликин», Амир Иқбал Сижистани хатқа түсірген ʿАлаʾ ад-даула Симнанидің «Чихил маджлис», Исхақ ходжа ибн Исмаʿил атаның «Хадиқат ал-ʿарифин», Мұхаммед Бұхаридің «Маслак ал-ʿарифин», Фазлуллаһ ибн Рузбеханның «Михман-наме-и Бұхара», ʿАбд ар-Рахман Жамидің «Нафахат ал-унс», ʿАли Шир Науаидің «Насаʾим ал-махаббат», сондай-ақ Ахмад Хазинидің «Жамиʿ ал-муршидин» және «Жауахир ал-абрар мин амуаж ал-бихар» еңбектері бар.

[1] Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, бас директордың ғылым жөніндегі орынбасары, Алматы, Қазақстан Республикасы, PhD. E-mail: bagdat75@inbox.ru; ORCID https://orcid.org/0000-0002-4313-1874; iD: 59491721500

[2] R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan, Deputy Director General for Research, PhD.

Мақалада деректанулық, мәтінтанулық және салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Біріншіден, әр шығарманың жазылу немесе көшірілу уақыты, авторы, қолжазба нұсқалары және мәтіндік редакциялары ескерілді. Екіншіден, Йасауиға қатысты хабарлар деректің жалпы жанры мен мақсаты аясында қарастырылды: сопылық трактаттағы қысқа ишара мен кейінгі манақибтық баяндаудың деректік табиғаты бірдей емес. Үшіншіден, бір оқиға немесе есім бірнеше мәтінде қайталанған жағдайда олардың хронологиялық арақатынасы мен тәуелділігі салыстырылды. Төртіншіден, кейінгі агиографиялық қабат тарихи өзектен ажыратылып, белгілі бір мәліметтің қай кезеңде алғаш пайда болғаны анықталды.

Ерте деректерді бағалауда қолжазба куәлігі ерекше маңызды. Мысалы, «Мартаʿ әс-салихиннің» Ыстамбұлдағы Сүлеймания кітапханасының Esad Efendi №1709 нұсқасы 723/1323 жылы Дамаск медресесінде көшірілген. Бұл факт еңбектің мәтіндік дәстүрінің XIV ғасырдың басында-ақ қалыптасқанын көрсетеді [3, 11–14 б.]. Ал «Чихил маджлис» шамамен 724/1324 жылы хатқа түсірілген және онда Симнанидің сопылық силсиласы мен Орталық Азиядағы шайхтар туралы мәліметтер сақталған [4, 225–230 б.].

Талқылау

1. «Мантиқ ат-тайр» және «Пир-и Түркістан» мәселесі

Методологически важно также отказаться от прямого отнесения «Кутадгу билиг» и «Хибат ал-хакаик» к собственно суфийской литературе. Наличие аскетических мотивов, рассуждений о бренности мира или необходимости самоограничения еще не свидетельствует о сформи-

[1] Кыргызский исламский университет, г. Бишкек, Кыргызская Республика, и. о. декана факультета гуманитарных знаний; доктор философии (PhD). E-mail: tashmatovsultanbek@gmail.com; ORCID iD: https://orcid.org/0009-0001-9630-0803

[2] Kyrgyz Islamic University, Bishkek, Kyrgyz Republic, Acting Dean of the Faculty of Humanities, Doctor of Philosophy (PhD).

рованной суфийской доктрине. Научно более обоснованно говорить о нравственно-философских предпосылках, которые впоследствии получают новое содержание в ясавийской духовной традиции.

Научная новизна статьи состоит в рассмотрении становления суфийского мировоззрения через категорию интериоризации нравственного идеала.

Предлагается авторская трехступенчатая модель: *нормативная этика → внутренняя нравственная дисциплина → мистическое самопреображение.*

На первом уровне совершенство человека определяется его способностью правильно действовать в мире; на втором способностью нравственно контролировать самого себя; на третьем необходимостью преобразования внутренней природы личности.

Таким образом, предметом эволюции оказывается не только содержание отдельных нравственных категорий, но и место, где осуществляется духовное совершенствование человека: *общество → личность → сердце.*

1. Юсуф Баласагуни: совершенство как гармония человека и социального порядка

В мировоззренческой системе «Кутадгу билиг» человек еще не противопоставлен обществу. Напротив, его нравственное качество обнаруживается именно в социальном действии. Быть добродетельным означает быть справедливым правителем, мудрым советником, ответственным человеком, способным соотнести личный интерес с благополучием окружающих.

Современные исследования справедливо обращают внимание на системообразующее значение четырех принципов произведения справедливости, счастья, мудрости и умеренности [1].

Однако для нашего исследования важна не только сама система этих добродетелей. Существеннее другое: добродетель у Баласагуни имеет преимущественно деятельный характер.

Знание ценно потому, что позволяет действовать разумно. Разум необходим для принятия верного решения. Справедливость обеспечивает правильное соотношение между властью и обществом. Умеренность препятствует разрушительному воздействию чрезмерных желаний.

Следовательно, внутреннее качество личности реализуется во внешнем нравственном порядке.

Условно эту модель можно выразить следующим образом: *знание → мудрость → правильное решение → справедливое действие → общественная гармония.*

Особенно интересен в контексте последующей духовной традиции образ Одгурмыша, связанный с идеей умеренности и дистанцирования от преходящих благ. В произведении присутствуют размышления о смерти, потусторонней жизни и непрочности мирских благ, но они сосуществуют с утверждением необходимости справедливой деятельности человека в обществе [1].

Именно поэтому было бы преувеличением видеть в Баласагуни уже сложившуюся суфийскую антропологию. Перед нами скорее этический порог внутренней духовности: человек должен научиться управлять собственными желаниями, однако конечная цель такого управления остается связанной с гармонией земного существования.

2. Ахмад Югнаки: перенос нравственного конфликта во внутренний мир личности

В «Хибат ал-хакаик» структура нравственного дискурса изменяется. Вопрос о правильном устройстве государства уступает место вопросу о правильном устройстве самого человека.

Югнаки обращается к темам знания и невежества, речи и молчания, щедрости и скупости, скромности и высокомерия, земной жизни и ее конечности. Исследование М. Ф. Озджана показывает, что категории образования, знания и разума проходят через произведение как взаимосвязанные элементы представления об идеальной личности [4].

Однако знание здесь постепенно перестает быть исключительно средством успешного социального действия. Оно становится инструментом нравственного различения.

Человек должен знать не только то, каким образом правильно поступать, но и почему земные преимущества не обладают абсолютной ценностью.

Именно здесь обнаруживается существенное изменение антропологической перспективы. Если Баласагуни преимущественно задается вопросом о том, каким должен быть человек в мире, то Югнаки все настойчивее ставит вопрос о том, каким должен быть человек перед Богом. Отсюда усиливается мотив бренности.

Сознание конечности земной жизни выполняет важную воспитательную функцию: оно разрушает иллюзию самодостаточности материального существования. Богатство, статус и общественное признание приобретают относительный характер.

Так возникает более глубокое понимание самоограничения. Это уже не только умеренность как условие разумной жизни, но и освобождение человека от чрезмерной зависимости от преходящего.

Именно поэтому «Хибат ал-хакаик» можно рассматривать как важное промежуточное звено между караханидской этической дидактикой и последующим суфийским дискурсом.

Но это промежуточное положение необходимо понимать точно: Югнаки еще не описывает развернутую систему мистического пути. Его человек прежде всего воспитывает себя, тогда как у Ясави он будет уже преобразовывать себя.

Различие между этими понятиями становится принципиальным.

3. Ахмад Ясави: от воспитания поведения к преобразованию человека

С ясавийской традицией меняется сам масштаб проблемы. Нравственный недостаток теперь рассматривается не только как неправильный поступок. Его источник обнаруживается в глубине человеческой личности. Таким источником становится нафс.

Если традиционная дидактика призывает человека отказаться от жадности, гордыни, лицемерия или чрезмерных желаний, то суфийская антропология задает более радикальный вопрос: что внутри человека постоянно порождает эти состояния?

Ответ переносит проблему из области поведения в область духовной природы личности.

Исследования «Диван-и хикмет» подтверждают центральное значение борьбы с нафсом, духовного воспитания и стремления к Богу в ясавийской системе [11]. Именно здесь проходит одна из наиболее важных границ между дидактикой и суфизмом. Дидактика преимущественно исправляет поступок.

Суфийская практика стремится преобразовать того, кто совершает поступок.

Поэтому нравственный контроль превращается в духовную работу над собой. Человеку недостаточно совершать внешне правильные действия; необходимо очищать намерение, преодолевать самодовольство, бороться с эгоцентризмом и формировать способность к искреннему обращению к Богу.

В ясавийской модели духовность тем самым приобретает ярко выраженный внутренний вектор.

4. Трансформация знания: от «билиг» к ма‘рифату

Особенно наглядно рассматриваемая эволюция проявляется в изменении понимания знания.

У Баласагуни знание представляет собой одну из основных предпосылок разумного существования. Оно дает человеку возможность ориентироваться в мире, отличать справедливое от несправедливого и принимать ответственные решения.

У Югнаки знание все отчетливее приобретает нравственно-религиозную функцию. Оно противопоставляется не просто интеллектуальной ограниченности, а невежеству как состоянию, препятствующему правильной жизни [4].

В суфийской традиции Ясави возникает иной горизонт ма‘рифат, духовное познание. В этом переходе изменяется субъект знания. Для обычного рационального познания человек должен понимать. Для нравственного знания понимать и следовать понятому. Для ма‘рифата сам человек должен измениться в процессе познания. Поэтому предлагается следующая смысловая последовательность: *билиг → нравственное знание → внутреннее постижение → ма‘рифат.*

В этом состоит одно из фундаментальных отличий мистической эпистемологии от дидактической. Истина перестает быть исключительно предметом сообщения и становится состоянием духовно изменяющейся личности.

5. От умеренности к очищению нафса

Не менее показательна эволюция отношения человека к собственным желаниям.

У Баласагуни умеренность ограничивает разрушительную силу чрезмерности. Человек не должен становиться рабом богатства, удовольствия или власти. Однако само наличие земных благ не рассматривается как безусловное препятствие нравственной жизни.

У Югнаки эта проблема получает более отчетливую эсхатологическую перспективу: земное преходяще, поэтому привязанность к нему не должна определять смысл человеческого существования.

У Ясави акцент переносится с предмета желания на сам механизм желающего «я».

Таким образом, меняется объект духовной работы: *излишество → привязанность → желание → нафс.*

Именно этот переход является одним из ключевых признаков суфийской интериоризации этики.

Человек уже не просто ограничивает то, чего он хочет. Он исследует и преобразует самого желающего субъекта.

6. Сердце как новое пространство духовного события

В дидактической модели нравственное действие осуществляется прежде всего в общественном пространстве. В суфийской антропологии возникает другое пространство сердце.

Исследования мировоззрения Ясави связывают его хикметы с идеями духовного совершенствования, благочестия и стремления человека к познанию Бога [5].

Значение сердца состоит в том, что оно становится своеобразной точкой пересечения знания, намерения, памяти о Боге и любви.

Внешнее действие не утрачивает значения, но его ценность начинает определяться внутренним состоянием.

Тем самым направление нравственного анализа меняется:

«что делает человек?» → «почему он это делает?» → «каким становится его сердце?»

Эта смена вопроса и характеризует переход от нормативной этики к мистической антропологии.

7. Божественная любовь как завершение интериоризации

Наиболее глубокое изменение происходит в понимании конечной цели духовного пути.

Для Баласагуни совершенный человек должен быть мудрым и справедливым.

Для Югнаки знающим, благочестивым, скромным и способным отказаться от чрезмерной привязанности к миру.В ясавийском суфизме этого уже недостаточно.

Высшим измерением отношений человека с Богом становится любовь. Специальное исследование Б. Гюрер показывает, что божественная любовь занимает принципиальное место в «Диван-и хикмет»; движение к ней связано с борьбой с нафсом и духовным воспитанием в процессе сайр у сулук [11, с. 15–41]. Именно любовь окончательно изменяет модель совершенства.

В нормативной этике человек совершает добро потому, что добро является правильным.

В религиозной дидактике он совершает его также в силу ответственности перед Богом.

В мистической модели нравственное действие постепенно становится выражением внутренней направленности человека к Богу. Следовательно, можно говорить о переходе: *норма → ответственность → очищение → любовь.*

Это, на наш взгляд, одна из наиболее значимых линий развития тюрко-исламской духовной мысли рассматриваемого периода.

8. От наставления к хикмету: трансформация слова

Эволюция мировоззрения проявляется не только в содержании, но и в функции литературного слова.

Баласагуни предлагает читателю сложную систему диалогически организованной мудрости. Персонификация абстрактных понятий превращает этическое рассуждение в своеобразную интеллектуальную модель общества.

У Югнаки слово становится более непосредственно наставительным. Оно должно предупредить, научить, предостеречь.У Ясави возникает иная функция слова. Хикмет должен не только объяснить он должен духовно воздействовать.

Его адресат не только разум человека, но и его внутреннее состояние. Поэтому поэтическое слово включается в систему духовного воспитания.

В результате литературная эволюция оказывается параллельной антропологической: объяснение → наставление → духовное переживание.

Хикмет тем самым можно интерпретировать как форму, в которой тюркская дидактическая традиция перестает быть только передачей нравственного знания и превращается в инструмент духовной педагогики.

9. Авторская модель эволюции духовного идеала

На основании проведенного анализа предлагается следующая схема.

Категория	Юсуф Баласагуни	Ахмад Югнаки	Ахмад Ясави
Знание	билиг, разумное постижение	нравственно-религиозное	знание ма‘рифат
Главная проблема	справедливое действие	нравственное	Самовоспитание внутреннее преображение
Отношение к миру	разумная умеренность	осознание бренности	освобождение от духовной зависимости
Работа над собой	контроль желаний	нравственная дисциплина	борьба с нафсом
Центр духовной жизни	разумная личность в обществе	нравственная личность перед Богом	сердце
Идеал	мудрый и справедливый человек	благочестивый человек	духовно преображенный человек
Высшая цель	гармония и справедливость	достойная жизнь перед Богом	приближение к Хакку
Доминирующая форма	дидактическая мудрость	религиозное наставление	хикмет
Ключевой принцип	справедливость	ответственность	божественная любовь

Эта таблица не означает жесткого разделения трех мыслителей. Напротив, многие категории пересекаются. Например, религиозность присутствует уже у Баласагуни, а этическая дидактика сохраняется у Ясави.

Различается прежде всего центр тяжести мировоззрения. Именно его смещение позволяет говорить об эволюции.

Проведенный анализ позволяет сформулировать несколько положений.

Во-первых, развитие тюркской духовной литературы XI–XII вв. обнаруживает движение от преимущественно социальной трактовки добродетели к возрастающему вниманию к внутреннему состоянию личности.

Во-вторых, преемственность Баласагуни, Югнаки и Ясави наиболее отчетливо проявляется не в буквальном совпадении доктрин, а в последовательном углублении ряда общих категорий: знания, умеренности, ответственности и духовного совершенствования.

В-третьих, «Хибат ал-хакаик» занимает принципиально важное место в рассматриваемой системе. Оно не должно восприниматься лишь как «переходный текст» между двумя более известными памятниками. Именно здесь нравственное наставление приобретает выраженную направленность на внутреннюю дисциплину личности. Исследования знания и разума в произведении подтверждают центральное положение этих категорий в формировании идеала человека [4].

В-четвертых, качественная особенность ясавийского мировоззрения заключается в изменении объекта духовной работы: исправлению подлежит уже не только поступок, но и источник поступка внутреннее «я».

В-пятых, трансформация знания от билиг к ма‘рифату свидетельствует об изменении самой эпистемологической модели: человек превращается из субъекта, воспринимающего истину, в субъекта, который должен внутренне измениться ради ее постижения.

В-шестых, божественная любовь становится точкой, в которой этика соединяется с мистическим опытом. Исследования «Диван-и хикмет» действительно выделяют любовь, борьбу с нафсом и духовное воспитание как взаимосвязанные компоненты ясавийского пути [11].

Проведенное исследование позволяет по-новому поставить вопрос о соотношении дидактической литературы Караханидской эпохи и суфийского наследия Ахмада Ясави.

Между ними существует не столько линейная доктринальная преемственность, сколько преемственность проблемы человека. Юсуф Баласагуни ищет условия, при которых человек способен жить справедливо. Ахмад Югнаки сосредоточивается на условиях, при которых человек способен нравственно управлять собой перед лицом Бога и конечности земного существования. Ахмад Ясави ставит наиболее радикальный вопрос: каким должен стать сам человек, чтобы его внутренний мир оказался обращенным к Божественной Истине?

Именно изменение характера этого вопроса раскрывает глубинную логику рассматриваемой эволюции.

В «Кутадгу билиг» духовно-нравственный идеал еще тесно связан с общественной гармонией. Человек совершенствует себя, чтобы правильно действовать в мире.

В «Хибат ал-хакаик» нравственный взгляд обращается внутрь. Человек начинает осознавать ограниченность земного существования и необходимость контролировать самого себя.

В «Диван-и хикмет» внутренний мир становится основным пространством духовного события. Предметом преобразования оказываются нафс, намерение и сердце, а конечным ориентиром Хакк. Поэтому предложенная в статье последовательность *нормативная этика → нравственная самодисциплина → мистическое самопреображение* не означает, что один этап отменяет другой.

Напротив, последующий уровень включает предшествующий, но придает ему новое измерение. Суфийская любовь не устраняет нравственность; она предполагает ее. Ма‘рифат не отрицает знания; он изменяет его духовную функцию. Борьба с нафсом не отменяет умеренности; она переносит проблему умеренности из области внешнего поведения в глубину человеческого «я».

В этом смысле ясавийская традиция может быть интерпретирована как интериоризация караханидской дидактической этики.

Именно здесь заключается основной вывод исследования: эволюция тюрко-исламского мировоззрения от Баласагуни и Югнаки к Ясави представляет собой постепенное перемещение центра духовной жизни от общественного порядка к нравственному самоконтролю, от самоконтроля к сердцу, от знания о должном к внутреннему опыту Истины.

Такой подход позволяет рассматривать «Кутадгу билиг», «Хибат ал-хакаик» и «Диван-и хикмет» не как изолированные памятники разных жанров, а как три значимых точки большого процесса становления тюрко-мусульманской духовной антропологии.

Список литературы

1. Наурузбаев Д. М., Алтаев Ж. А., Абдимомынов Н. Т. Юсуф Хас-Хаджиб Баласагуни о добродетельном лидерстве: средневековый тюрко-исламский философский дискурс в «Кутадгу Билиг» // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Философия. 2. 2024. Т. 28. № 2. С. 450–466. DOI: 10.22363/2313-2302-2024-28-2-450-466.

3.Yusuf Has Hâcib. *Kutadgu Bilig*. I: Metin / haz. R. R. Arat. İstanbul: Millî Eğitim Basımevi, 1947; II: Tercüme. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1959. Существование критического текста 1947 г. и перевода 1959 г. подтверждается библиографическими каталогами и TDV İslâm Ansiklopedisi.

4.Dadebaev Zh. D., Zhusanbaeva S. B. Point and Meaning of Yusuf Balasaguni’s “Kutadgu Bilig” Poem // *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*. 2019. Vol. 176. No. 4. P. 20–29. DOI: 10.26577/EJPh-2019-4-ph3.

4.Özcan M. F. Atebetü'l-Hakâyık’ta Eğitim, Bilim ve Akıl // *Ağrı İbrahim Çeçen Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi*. 2020. Vol. 6. No. 2. P. 329–338.

5.Kortabayeva G., Kydyr T., Ryskulov S. Sufi Worldview in the Works of Ahmed Yasawi // *Eurasian Journal of Religious Studies*. 2020. Vol. 21. No. 1. P. 25–29. DOI: 10.26577/EJRS.2020.v21.i1.r3.

6.Özköse K. Ahmed Yesevî ve Dîvân-ı Hikmet // *Tasavvuf: İlmî ve Akademik Araştırma Dergisi*. 2006. Vol. 7. No. 16. P. 293–312. Библиографические данные работы приводятся в академическом справочном корпусе по Ахмаду Ясави.

7.Dankoff R. Inner Asian Wisdom Traditions in the Pre-Mongol Period // *Journal of the American Oriental Society*. 1981. Vol. 101. No. 1. P. 87–95. DOI: 10.2307/602165.

8.Yusuf Khass Hajib. *Wisdom of Royal Glory (Kutadgu Bilig): A Turko-Islamic Mirror for Princes* / trans., introd. and notes by R. Dankoff. Chicago: University of Chicago Press, 1983. Toprak F. İnsan-ı Kâmil'e Bakışlarıyla Yusuf Has Hacip ve Hoca Ahmed Yesevî // *Bilig*. 2017. No. 80. P. 95–122.

9.Edib Ahmed bin Mahmud Yükneki. *Atebetü'l-Hakayık* / haz. R. R. Arat. Ankara: Türk Dil Kurumu, 1951.

10.Gürer B. Ahmed Yesevî'nin Dîvân-ı Hikmet'i Ekseninde Tasavvufi Düşüncede İlahi Aşk // *Bilig*. 2017. No. 80. P. 15–41.

11. Köprülü M. F. *Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar*. Ankara: Diyanet İşleri Başkanlığı Yayınları, 1993. Издание входит в базовую библиографию исследований Ахмада Ясави.

12. Kenjetay D. Hoca Ahmet Yesevî: Yaşadığı Devir, Şahsiyeti, Tarikatı ve Tesiri // *Tasavvuf: İlmî ve Akademik Araştırmalar Dergisi*. 1999. No. 2. P. 105–129.

13. Ocak A. Y. Türk Dünyasında Ahmed Yesevî ve Yesevîlik Kültürünün Yayılışı: Bir Sufî Kültürünün Yeniden Güncelleşmesi // *Yesevîlik Bilgisi* / haz. C. Kurnaz, M. İsen, M. Tatcı. Ankara: Yesevî Vakfı Yayınları, 1998. P. 311–318.

14. Ocak A. Y. *Türk Sufiliğine Bakışlar*. İstanbul: İletişim Yayınları, 1998. Кононов А. Н. Слово о Юсуфе из Баласагуна и его поэме «Благословенное знание» // *Советская тюркология*. 1970. № 4. С. 3–12.

15. Dankoff R. Introduction to Wisdom of Royal Glory // *From Mahmud Kasgari to Evliya Celebi: Studies in Middle Turkic and Ottoman Literatures*. Istanbul: Isis Press, 2008. P. 131–172.

16. Sıdıkova Ç. Ethical Ideas of the Kutadgu Bilig in Kyrgyz Proverbs // *Çukurova Üniversitesi Türkoloji Araştırmaları Dergisi*. 2019. Vol. 4. No. 2. DOI: 10.32321/cutad.620724. Исследование выявляет преемственность этических идей «Кутадгу билиг» и кыргызской паремиологической традиции.

17. Dilaçar A. *Kutadgu Bilig İncelemesi*. Ankara: Türk Dil Kurumu, 1972. Это исследование относится к классическому корпусу работ о памятнике; академическая справочная литература фиксирует его издание в связи с 900-летием «Кутадгу билиг».

18. Kurnaz C., Tatcı M. Ahmed-i Yesevi Hakkında Bir Bibliyografya Denemesi // *Bilig*. 1997. No. 4. P. 253–263.

СЫР ӨҢІРІНДЕГІ ЯСАУИ ІЛІМІ ӨКІЛДЕРІ: РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ САБАҚТАСТЫҚ

REPRESENTATIVES OF THE YASAWI TRADITION IN THE SYR DARIA REGION: SPIRITUAL AND CULTURAL CONTINUITY

Мұхит Төлегенов[1]
Mukhit Tolegenov[2]

Кіріспе

Қожа Ахмет Ясауи ілімі түркі халықтарының исламды қабылдау және оны жергілікті мәдени ортада түсіндіру үдерісінде ерекше орын алды. Ясауи күрделі діни-философиялық қағидаларды түркі тілінде жеткізіп, исламдық ахлақ пен сопылық тәжірибені халықтың дәстүрлі дүниетанымына жақын мазмұнда түсіндірді. Оның хикметтерінде иман, махаббат, әділет, қанағат, сабыр, тәубе, нәпсімен күрес, пірге құрмет және халыққа қызмет ету мәселелері негізгі рухани ұстанымдар ретінде көрініс тапты.

Ясауи ілімінің Сыр өңіріне таралуын географиялық тұрғыдан ғана емес, рухани желі ретінде де қарастыру қажет. Түркістан мен Сыр бойы біртұтас тарихи-мәдени кеңістіктің құрамында болды. Түркістандағы Ясауи орталығының беделі Сыр бойындағы діни қауымдарға, сопылық топтарға, ақын-жыраулар шығармашылығына ықпал етті.

Қожа Ахмет Ясауидің түркі халықтарының рухани дамуына, көркеюіне қосқан үлесі оның қалдырған хикметтерін, даналық дәстүрін жан-жақты зерделегенде айқын байқалады. Әзірет Сұлтан мұралары қаншама ғасыр өтсе де, өз бағасын жоймайтын құндылықтардың қайнаркөзіне айналған. Кеңес кезінде Қожа Ахмет Ясауи ілімінен уақытша қол үзіп, оның мұраларынан көз жазып қала жаздаған түркі халықтарының тәуелсіздігін баянды етіп, көшін түзеуде осы ілімнің қажеттілігі күн сайын артып отыр. Қоғамның жақсарып, кемел дәрежеге жету жолында оның хикметтері айрықша маңызға ие. Бұл тұрғыдан, Ясауи хикметтерін қазақ халқының болмыс-бітімімен тарихи, рухани, мәдени сабақтастықта қарастыру бұған дейін беймәлім болып келген көптеген жайттардың бетін ашары күмәнсіз.

Қожа Ахмет Ясауидің ілімі, тағылымы мен мұралары түркі халықтары мекендеген барлық аймаққа таралып, олардың дүниетанымының, мәдениетінің, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының, тәлім-тәрбиесінің негізгі арқауына айналды. Оның «Диуани хикметі» XII ғасырдан XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Түркістан географиясында орналасқан діни білім беру орындарында, медреселерінде басты пән ретінде оқытылып келді. Қазақстанның Сыр, Батыс, Шығыс және Орталық өңірінен шыққан атақты дін ғұламалары, ахундар мен жыраулардың бәрі Ясауидің хикметтерінен үлес алып, оның аманатымен ел-халыққа рухани қызмет етуді ғұмырлық мақсаттарына балаған. Жүйелі зерттеулер жүргізу барысында Қазақстанның әр өңірінде хикмет дәстүрінің көрнекті өкілдерінің кездесетіндігін, олардың көпшілігінің өткен ғасырдың 70-80 жылдарына дейін елді мұсылмандық қағидалармен тәрбиелеп келгені анықталды. Мәселен, Қазақстанның Батыс аймағында, атап айтқанда, Маңғыстауда сопылық танымдағы ақын-жыраулардың үлкен шоғыры қалыптасқан. Абыл Тілеуұлы, Нұрым Шыршығұлұлы, Қашаған Күржіманұлы, Ақтан Керейұлы, Аралбай Оңғарбекұлы сынды ақын-жыраулардың жыр-толғауларынан Ясауи хикметтерімен сарындас жолдар көп ұшырасады. Сонымен қатар Оңтүстік өңірде Шортанбай Қанайұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Молда Мұса Байзақұлы, Шәді Жәңгірұлы, Молда Мәди Меркішұлы сынды тұлғалар діннің ізгі мұраттарын үздіксіз насихаттаған. Қазақстанның орталығында Нарманбет Орманбетұлы, Дия қажы Ахметұлы, Балмағамбет Балқыбайұлы, Нұржан Наушабайұлы, Файзолла қари Сатыбалдыұлы деп аталатын тұлғалар да өз жырларына Қожа Ахмет Ясауи іліміндегі құндылықтарды арқау еткен. Ғалымдар Асанқайғы, Бұқар жырау, Ақан сері, Абай, Шәкәрім сияқты тұлғаларымызды ұлттық сопы-жүректанушылар ретінде бағалаған.

[1] Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ–Түрік Университеті, доцент, PhD; mukhit.tolegenov@ayu.edu.kz https://orcid.org/0000-0002-8325-3278
[2] Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Associate Professor, PhD.

Жоғарыда аталған ақын-жыраулар санатында Сыр өңірінен шыққан шайырлар мен сүлейлердің есімі де айрықша аталады. Зерттеуші Т.Еңсегенұлы Ясауи ілімінің Сыр бойындағы мұрагерлері ретінде Бұдабай Қабылұлы, Ешнияз сал, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Құлан Алдабергенұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы және т.б. сүлейлерді шығармашылығына арнайы тоқталады. Сыр бойындағы шайырлық дәстүр жайында зерттеу жүргізген Ұ.Байбосынова шайырлар мен сүлейлердің Арыстан баб, Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Софы Аллаяр сынды сопылық әдеби-әуездік өнер өкілдерінен жалғасқан үрдісті өз кезеңіндегі насихат үлгісімен ұштастырғанын әділ таразылаған [1, 74]. Себебі олардың көбісі Бұхара, Хиуа сияқты үлкен ілім орталықтарында оқыған Ясауи жолының үлкен өкілдері Ораз-Мұхаммед ахун Бекетайұлы, Алдашбай Ахун Ерназарұлы, Қалжан ахун Бөлекбайұлы, Әлібай ахун Қосқұлақұлы сияқты көрнекті ғалымдардан тәлім алған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің деректік негізін бірнеше топқа бөлуге болады. Бірінші топқа Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасы, Ясауи дәстүріне қатысты хикмет жинақтары, сопылық рисалалар жатады. Бұл деректерден Ясауи дүниетанымының негізгі ұғымдары мен рухани тәрбие қағидалары анықталды.

Екінші топты Сыр сүлейлерінің өлең-жырлары мен толғаулары, сонымен қатар Ясауи іліміне қатысты ғалым-зерттеушілердің еңбектері құрайды.

Зерттеу барысында төмендегі әдістер қолданылды:

Тарихи-салыстырмалы әдіс. Әртүрлі кезеңдерге жататын жазба және ауызша деректер салыстырылып, Ясауи дәстүрі мен Сыр өңіріндегі діни тәжірибенің ортақ және ерекше белгілері анықталды.

Герменевтикалық әдіс. Хикметтердегі сопылық ұғымдардың мағынасы мен өлең-жырлардағы діни символдар тарихи-мәдени контекст негізінде түсіндірілді.

Сабақтастықты талдау әдісі. Ортағасырлық сопылық мәдениеттен кейінгі ахундық дәстүрге өткен рухани құндылықтар мен әлеуметтік қызмет түрлері сараланды.

Нәтижелер

Сыр сүлейлері дүниетанымындағы Қожа Ахмет Ясауи тұлғасы

Сыр сүлейлері жастайынан ахун ұстаздардың алдын көріп, есейе келе, медреселерде діни білімін толықтырып, халық қажетіне жараудың тетігін оқудан, ғылымнан тапқан. Тәлім беретін ұстаздардың барлығы дерлік Ясауи жолындағы ғұламалар болған, оның «Диуани хикметін» кез келген шәкірт жаттап алуға тиісті еді. Есейе келе, жас шәкірттер жырау-жыршы ретінде қалыптасқанда Ясауи ілімін өздеріне айнымас тірек етіп алған. Сыр сүлейлері жырларында Ясауи тұлғасын даралап атап өту, құрмет көрсету, тағзым ету т.б. мотивтері жиі көрініс тауып отырады. Мәселен, Шораяқтың Омары «Пайғамбар шапағатшы, Құдай қазы, Ясауи айдай туған Қожа Ахмет» деп тебіренеді. Тағы бір жырында «Қожа Ахмет Ясауи – Білімпаздардың сұлтаны, Біздер де қоңсы боламыз» деп толғайды [2, 47]. Мұндағы «Білімпаздардың сұлтаны» деген тіркес ортағасырлық Сұлтан Ахмет бин Махмұд Хазини әл-Хисаридің «Жауахир-ал-Абрар мин Әмуәж ил-Бихар» («Теңіз толқындарындағы ізгіліктің жауһарлары-Ақиқат толқынындағы әулиелердің маржандары»), Мәулана Әли ибн Хусейннің «Рашахат айн әл-хаят» («Тіршілік көзінің сыр тамшылары»), Мәулана Мұхаммед Шәрифтің «Хужжат уз-закирин ли-раддил мункирин» («Сопылық негіздер»), Шайх Худайдад ибн Таш-Мухаммад әл-Бухаридің «Бустан ул-Мухиббин», Исхақ қожа Қазығұртидің «Хадиқат ул-арифин» («Құдайды танығандардың бақшасы») атты мұралардағы Қожа Ахмет Ясауидің «Сұлтан ул-арифин» деген мәртебесінің қазақша баламасы болғандықтан маңызды. Мәшһүр Жүсіп те өз шығармаларында «Сұлтан ул-арифин» тіркесін қолданған. Ерімбет Көлдейбекұлының «Болады пәни дүния кімге жолдас?» деген жырында «Ясауи Қожа Ахмет ер Түркістанда, Бұхара зүриятынан ер Палуан!» деген жолдар орын алған. Т.Ізтілеуұлы да ислам дінінің негізгі орталықтарын тізбелей келе, «Самарханд, Алматия, Бағдат, Қашқар. Мекені Қожа Ахметтің Түркістан-ды» деп, бұл қатарға Түркістан қаласын да қоса кеткен [3, 67].

Осы тұлғалар мен басқа да сыр сүлейлерінің жыр-толғауларын қарастырған кезде олардың көбісінде «Диуани хикметтен» дарыған рухани үлес бар екені айқындалады. Бұл туралы ХХ ғасыр басында С.Сейфуллин, Қ.Жұбанов т.б. ғалымдар арнайы ғылыми тұжырым жасаған болатын. Ясауи жолы жайлы жазған еңбегінде Х.Көктәнді хикметтердің кейінгі өлең-

жырларға тигізген әсерін былай сараптайды: «Ясауи хикметтерінің тармақтық, шумақтық, ұйқастық, тіпті мазмұндық сөйлем құрылым-стилі – кейінгі заман сопы-шайырларының шығармаларына орасан зор ықпал жасады. Оның айқын сораптарын Науаи мен Мақтымқұлы шығармаларынан да көреміз. Шығыс шайырлары дін тақырыбында жазылған өлең формасын әлеуметтік әуенді өлеңге түсірді. Осындай, ілгері замандарда ел-жұрт жаттап алып айтқан діни жанрдың бір нұсқасы – бәдуам... Діни бәйіт түрінде жазылған бәдуам жанрындағы діни кітап 1846 жылы – Ясауи хикметтерінен көп кейін жарық көрген. Яғни, бәдуам жанрының жазылуына, қалыптасуына Ясауи хикметтерінің ықпал-әсері күшті болды» [4, 12].

Ясауи хикметтері түркі топырағында туған өлең үлгілеріне басты негіз болғандығын шығыстанушы ғалым И.С. Брагинский өз зерттеу еңбегінде келтірген, сонымен қатар Н.Ш. Хисамов та көптеген қиссалардың хикметтердің үлгісінде өрілетінін айтқан. Ясауи хикметтерінің ырғақтық өлшемі, көбінесе қазақтың қара өлеңімен және жыр өлшемімен, күй ырғағымен дәлме-дәл келеді [5, 145]. Бұл аталмыш шығарманың әуел баста ауызша айтуға бейімделіп шығарылғанын көрсетеді. Ел ішінде Ясауи хикметтерін жатқа айтатындар көп болған. Халық арасына кең тараған хикметтер қазақ фольклорына өз ықпалын тигізді. Әсіресе, дидактикалық мәндегі шығармаларда Ясауи ілімінен тамыр алып жататын мән-мағына айқын көзге түседі. Қазақтың терме-толғауларындағы, нақыл сөздері мен мақал-мәтелдеріндегі, қара өлеңдеріндегі насихат, жаман мен жақсыны айыра білу жолдарын көрсеткен пәлсапа Ясауи ілімінен бастау алған.

Сыр сүлейлері шығармашылығында Қожа Ахмет Ясауи дәстүрімен бірге жасасып келе жатқан мінәжат, ғазал, ғазал-зікір сияқты рухани жанрларды бөліп көрсетуге болады. Мінәжат – айтушының, яғни өлең-сөзді шығарушы ақынның немесе шайырдың Жаратушыға жалбарына мұңын шағуы, өз басындағы қайғыны шағып, сол қиындықтан шығаруға Құдайдан көмек сұрау, жәрдем тілеу. Аллаға мұң шағу, арызын айту, өтінішін жеткізу. «Түркі әдебиетіне мінәжат Қожа Ахмет Ясауимен келді» дей отырып, әдебиет зерттеушісі, ғалым И.Жеменей парсы тілінде «мінәжат» сөзінің бес мағынасы бар екендігін көрсетеді: 1. Біреумен сырласу, сыбырласу. 2. Алламен сырласу. 3. Біреудің ішкі ойын ұғыну. 4. Сырласу. 5. Алладан тілеу. Ясауи мінәжаты негізінен Алламен сырласу сарынында жазылған. Бұл дәстүр Сыр сүлейі Т.Ізтілеуұлы өлеңдері арқылы өзгеше бір арнаға түсіп, жаңаша түр-сипатқа ие болып дамыды. Оның «Мінәжат жырлары» хикметтердегі мінәжат жолдарымен үйлесіп, ойды жаңаша қалыпта жалғастырып отырады.

Ей, Карим, көңілін көркейт мұсылманның!
Қуандыр қайбірін де қысылғанның!
Таупық бер біреуі емес, бәріне де
Көңілінен иман нұрын ұшырғанның!..
* * *
Бақ қондыр басыма, Алла, ұшпайтұғын!
Етіме асыл кидір ыспайтұғын!
Кең қылып көңілімді іліміңе,
Сабыр бер, сірә, ішім пыспайтұғын! [6, 87]

Сыр сүлейлерінің халыққа рухани насихат айту жолында ең жиі қолданатын өлең, жыр үлгісі – ғазал. Ғазал – шығу тегі жағынан араб поэзиясының жемісі. Ұзыннан-ұзақ толғау ретінде жазылатын араб ғазалдары көлемділігімен және пішін кемелдігімен ерекшеленеді. Ғазалдың тақырыптық аясы нақтыланған, бейнелеу құралдары қалыпқа түскен, өзіне ғана тән ұйқасы мен тұрақты өлшемдері бар дербес жанрға айналуы қазақ әдебиетінде Қожа Ахмет Ясауи кезеңінен басталған. Ясауи ғазалдары Аллаға деген ғашықтықтың, махаббаттың нышаны. Осы жанр Сыр бойында өткен жырау, ахундық атақты иеленген дін өкілі Сейітжан Бекшентайұлының шығармаларында барынша дамытылып, шағын жанрларға бөлшектенген. Сейітжан ахун өз ғазалдарында Алланы үзбей зікір етуді насихаттаған тұлға. Оның «ғазал-арнау», «ғазал-толғау», «ғазал-зікірлері», «ғазал-жоқтаулары» сопылық әдебиеттің кемелдігін барынша танытады. Ал ахун мұраларындағы осы тектес жанрлық ерекшеліктер қазақ әдебиетіндегі жыр-толғаулар әлеміне із салып кетті деп айтуға негіз бар.

Ғазал-арнау:
Шайқы-Бұрқы диуанадай,

Бір жанына берді азар.
Хақ нұрына ғашық болып,
Бұл дүниеге салмай назар,
Рухы пәктің құрметіне,
Жаздым ғазал иә, пір, Марал.

Ғазал-толғау:
Дүние жүзін бір көрмейді,
Айналып үйге бір келмейді.
Жұмысы біткен мазардың,
Қиянат іске баспа еш,
Ғаділетті жолға түс,
Аз өміріне мас болмай,
Назар салсайшы төңірекке.

Ғазал-жоқтау:
«Латақынату мен рақмат Алла» Құранда,
Әзиз көңілім сабыр айла – мұны аңда.
Сен, Сейітжан, сабыр айла мұнан да,
Сейіткәрім, меһербаным, әлуадақ!

Пендеміз ғой, салған жүкке көнермін
Амалым жоқ ұмытқанша жүдермін.
«Балам қайда» – десе анаң не дермін,
Сейіткәрім, меһербаным, әлуадақ! [7, 36]

Сыр сүлейлерінің жыр мұраларының Ясауи хикметтерімен ұқсастығы, үйлесімі тек сыртқы пішін, жанр бойынша шектеліп қалмайды. Ішкі құрылымы бойынша, мазмұндық жағынан хикметтердегі адамның рухани сипаты жайлы қозғалған идеялар Сыр сүлейлерінің жыр-толғауларында сол кезеңнің ойлау ерекшелігіне сәйкес жаңаша жаңғырған.

Хикметтер мен Сыр сүлейлері шығармашылығындағы рухани-мәдени сабақтастық

«Диуани хикметтерде» жиі көтерілген тақырыптың бірі – нәпсімен күресу, адамның құмарлығын, жабайы қалауын тыйып, рухтың еркіндігіне жол ашу. Құранда адам ең жоғарғы мақамда жаратылғанымен, оның нәпсінің зынданына түсіп, төрдегі басын есікке сүйрейтін, «ең төменгі дәрежеге дейін құлдилатып моральдық азғындауға берілген анықтамаларда оның әлсіз, қан төгуші, жоюшы, залым, қиянатшыл, ашкөз, арамтамақ, сараң, надан» екендігі сыналып, осылардан қашуға, жиіркенуге үндейді. «Диуани хикметте» де нәпсіні тәрбиелеу үшін риязат тартып, сан түрлі қорлыққа көніп, ұйқыдан баз кешу керектігі баса айтылған. Себебі көңіл әлемінде нәпсіге тән айыптар мен кірлер көп. Олар: дүниеқұмарлық, хырс, қызғаныш, көре алмаушылық, ашу, дұшпандық, бүлік, ұмытшақтық, менмендік, рия, көзбояушылық [8, 53]. Бұлардан құтылу жолы хикметтерде көрсетілетін психотехникалық жүйенің тұтас шоғырын құрайды. Ясауи нәпсінің адамды жемтік іздеген итке айналдыратынын айтып кетеді:

Нәпсім үшін жүрер едім иттей кезіп,
Заты ұлық Хожам сыйынып келдім саған.
Қорлық тартқай, кәпір нәпсің басы қатсын,
Бұл дүниеден жаны өртеніп, жасы да ақсын.
Топырақ бол, ғалам сені басып өтсін.
Жан мен ділде Хай зікірін айтқын, достар [9, 297].

«Нәпсімен күресу» сарыны – Сыр сүлейлерінің жыр-толғауларында маңызды орынға ие. Балқы Базар бұл жайлы өз толғауында:

Қарындастар, қашыңдар
Нәпсіңді тыйып арамнан.
Тағдырыңнан тілеңіз:

«Несіп бер, - деп, - адалдан», - дейді [10, 78]. Мұндағы арам Қожа Ахмет Ясауидің «Көңіл айнасы» кітабында келтірілген көңіл әлемінің айыптарымен толық үндеседі. Ерімбет

Көлдейбекұлы: «Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған, Ойнаған – иман – жарға қозы-лақтай», - деп нәпсіні кез келген сәтте адамды жығып кететін жарға теңеп суреттейді. Мұндай символдық бейнелеу қазақ ақын-жырауларының көбісінде Шал ақын, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы дүниетанымында ұшырасып отырады. Осы орайда, сыр сүлейлерінің бір ерекше қыры – образдар жүйесін көне бастаулардан алғанымен, оны үнемі синтездеп, заман талабына сәйкес бейімдей келе, келешек мақсаттарға жұмылдыра білуінде. Олардың көздегені – өз заманының низамдары ғана емес, жарқын болашақ. Көне мұраттарды келешек мұраттарға қызмет еткізе білудің тамаша үлгісін жасаған суреткердің тумагерлігі қазақ руханиятының жарқын үлгісі дей аламыз. Қоғамның негізгі өмір сүру жоралғыларының үзілмеуін, өткені мен қазіргісін баспалдақ қылып болашаққа көтеріле білу жолын өзінің өмірлік күрес нысанасы еткен даңғайырлардың бірі – Бәйімбет Нұртуған Кенжеғұлұлы болса тағы біріне Сейітжан ахун Бекшантайұлын жатқызуға болады. Сейітжан ахунның жырында «Бұл дүниеге мағрұр болып, Қу нәпсімді тия алмадым» деп өз хәлінен хабардар етсе, Нұртуған Кенжеғұлұлы:

«Өзімшіл адамдыққа нәпсі масыл,
Зұлымдық сол үйретер айла, тәсіл,
Жаралған бойыңдағы бар мүшеңнен

Таза ұстай білсең егер жүрек асыл, - деп адам бойындағы теріс мінездің нәпсіден бастау алатынын баяндайды. Жамандыққа, зұлымдыққа итермелеуші ең төменгі дәрежедегі нәпсі «нафс-и аммара» туралы Құран Кәрімнің Жүсіп сүресінің 51 аятында тереңірек айтылған. «Диуани хикметте» жүрек тазалығы басты орынға қойылса, Сыр сүлейлерінің жыр-толғауларында да бұл мәселе айрықша назарда тұрады. Н.Кенжеғұлұлы:

Жаралған жүрек таза, әуел бастан
Сақтанып таза ұста бала жастан.
Ноқаттай жүрегіңе кіршік түссе,
Ойыңа ол ұлғайып кірер тастан, - деп толғаса, тағы бір жерінде:
Талғамай жесең тамақты,
Жүрекке дақтар қонысқан [11, 176], - деп жүректегі кірдің негізгі себебін іздейді. Т.Ізтілеуұлы:
Тәубе, тауфиқ бермесең,
Кеулімді басты кір, Алла.
Сол кірлерді кетіріп,
Ойыма орнат нұр, Алла, - деп бұл істе Алладан жәрдем тілейді [6].

Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінің» адамның Аллаға деген қарым-қатынасының, танымдық аясының орталық өзегі – махаббат, ғашықтық сезімі. Аллаға ғашық болу – нәпсілік қалауларды тәрбиелейді және көңіл кірлерінен арылтады, адамның көңіліне жақсылық, сұлулық, нәзіктік ұрығын себеді, жүрек көзін ашады және көңіл сарайын кеңейтеді. Махаббат адамның менмендігін, ішіндегі қатігездігін, кек пен жек көрудің тіпті қалдықтарына дейін күлін көкке ұшырып, нәзіктікке, сүйіспеншілікке, рақымдылыққа, әділдікке бастайды. Хикметтерде:

Махаббаттың шарабын ішкен дуаналар,
Қиямет күн аузынан от шашар, достар.
Құдіретпенен жаратылған жеті тамұқ

Ғашықтардың әуезінен қашар, достар [9, 279], - деп ғашықтардың бәсі Алла алдында жоғары екенін жеткізеді. Сейітжан ахун да шынайы ғашықтардың бұл дүниені көзіне ілмей, риязат тартып, иләһи махаббатқа көңіл бергенін төмендегідей сипаттайды:

Шайқы-Бұрқы диуанадай,
Бір жанына берді азар.
Хақ нұрына ғашық болып,
Бұл дүниеге салмай назар [7].

Ғалым Д.Кенжетай мынадай пікір айтады: «Ясауи адамның ішкі әлеміндегі ыдырауды реттеуге ықпал ететін күшті уағыздайды, ол - Тәңірге деген махаббат. Ясауиде адамға жөн сілтер, жол көрсетуші серігі – ақыл (басират-көңілдің көзі). Адам ақылы арқасында періштеден де үстем тұрады. Ақыл – адамның өзін-өзі тануына ықпал ететін Тәңір тарапынан берілген қуат. Адам өзін-өзі тану арқылы менмендік, кекшілдік, ашу, өтірік, жамандық, құмарлық сияқты

адамның ішкі әлемін балталайтын пессимистік психологиядан арылады. Ясауи адамды имандылық, тобашылдық, қанағат, махаббат, сабыр, игілік, жомарттық, шыншылдық, әділет, қарапайымдылық, өзара сүйіспеншілік және құрмет сияқты сезімдерді байытуға үндейді» [12, 105].

Сопылықта Аллаға ғашық жандар үшін ең маңызды уақыт – сахар мезгілі. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінде:

Сahар мезгіл құш сағат,
Болар рахат һәм жаннат.
Тәңірге қыл ғибадат
Сahар мезгіл болғанда, -

деп келеді. Осы өзекті ілімнің негізінде Сыр сүлейі Балқы Базар:

Сahар тұрып жылаған,
Хақтан медет сұраған,
Ол ерлердің тағаты –
Құдайына ұнаған, - деп толғанады [10].

XIX ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішінде Базар жырау Оңдасұлының қазақ руханиятында өз орны бар. Оның толғау-жырлары Сыр бойынан бастап Еділ, Жайық, Үстірт, Қарақалпақ өңірлеріне белгілі болған. Базардың жырлары Сыр жеріндегі сүлейлер салып кеткен соқпақты жаңаша түрлендіреді. Жаратқан Алланың бұйрығына мойынсұнып, соған тәуекел етсе ғана істің оңға басатынын жария етеді. Дүниені құдіретімен жаратып, барша жаратылысты өзінің жарылқаушы сипатының аясында көктетіп отырған Құдайға шүкірлік етеді.

Сопылық іліммен таныстығы оның әсіресе әулиелер туралы, Ғайып ерен, қырық шілтен жайлы жыр жолдарынан көрінеді. Сонымен қатар оның жүрек тазалығын бәрінен жоғары қоятындығын айта кеткен жөн. Алланың алдында шын ықыласпен еңіреп тұрып, дұға қылудың қадірі бар екендігін жырау:

Хақ дегенде еңіреніп.
Ғайып ерен, қырық шілтен
Шылауында екен олардың,

Жұмыла әулие күңіреніп, - деу арқылы білдіреді. Сонымен қатар дүниенің жалған екендігін айта отырып, Баба түкті шашты Әзиз, Сейтпенбет сияқты әулиелерді еске ала кетеді. «Сahар тұру» сарыны Шораяқтың Омарының жырында да ұшырасады. Ол «Жарлы Тәліп» деген дастанында:

Сахармен салдыр қағып келді суға,
Дамыл жоқ тіл мен жақты: «зікір-һуда» [2, 145]

Осы ойлармен сабақтас ар ілімі, руханият түсінігі Омар ақын өлеңдерінің негізгі ұстанымына айналған.

Сыр сүлейлерінің рухани мазмұндағы өлең-жырлары мен толғаулары Қожа Ахмет Ясауи ілімімен, хикметтерімен үйлесіп, ондағы негізгі ұғымдарды, идеяларды жаңғырта жырлаған, халыққа толғау арқылы насихат жүргізген кезде киелі мотивтерді орнымен қолдана білген. Имандылық, адамгершілік сенімдерін желі еткен сопылық жолдың қасиетті қағидалары ұлттық және жалпы адамзатқа ортақ көркем ойдың арнасына ықпал етумен келді.

Қорытынды

Сыр өңіріндегі Ясауи мұрасының сабақтастығы белгілі бір тұлғалар тізімімен ғана шектелмейді. Ол – хикмет пен насихатта, мешіт пен медреседе, әулиелер туралы тарихи жадта, танылатын құбылыс. Сондықтан бұл мұраны зерттеу кезінде тікелей тариқаттық байланыс, жалпы сопылық ықпал және халықтық діни мәдениет ұғымдарын өзара бірлікте қарастыру қажет. Ясауи мұрасының қазіргі қоғам үшін маңызы оның тарихи құндылығымен ғана емес, адамды рухани жауапкершілікке, қарапайымдылыққа, әділетке, сабырға және қоғамға пайдалы қызмет етуге үндейтін мазмұнымен айқындалады. Сыр өңіріндегі осы рухани-мәдени сабақтастықты жүйелі зерттеу ұлттық тарихи жадты қалпына келтіруге, діни мұраны ғылыми тұрғыдан түсіндіруге және жас ұрпақтың рухани тәрбиесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қаржыландыру. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылыми Комитетінің БНЖ BR28713063 «Ясауи жолы: Қазақстандағы дәстүрлі

сопылық ілімнің діни-философиялық, әдеби және лингвистикалық мұрасын кешенді зерттеу» ғылыми жобасын гранттық қаржыландыру аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байбосынова Ұ. Сыр бойындағы шайырлық дәстүр және ислам мәдениеті. – Алматы: «Arna-b», 2022.

2. Шораяқтың Омары. Сөйле, тілім, жосылып. Өлеңдер мен айтыстар. Құрастырған Ә. Айсауытов. -Алматы: Рауан, 1995.

3. Көлдейбекұлы Е. Ұлағат сөзім ұрпаққа. – Алматы, 1995.

4. Көктәнді Х. Сопылық ілім. Шымкент, 2008.

5. Шарипов А. Зарождение системы стихотворных жанров. Казань, 2001.

6. Ізтілеуұлы Т. Төрт томдық шығармалар жинағы. 1-том. Құрастырғандар Байділдаев М., Алматов А. -Алматы: Жазушы, 2007.

7. Сейітжан ақын мен Жорықбай жырау: Өлең, толғау, арнаулар. -Алматы: Арыс, 2006.

8. Құл Қожа Ахмет Иасауи. Жүректің айнасы. – Шымкент: South Print Corporation, 2022.

9. Қожа Ахмет Иасауи. Хикмет жинақ. – Алматы: ЖШС «Жалын», 1998.

10. Базар жырау Оңдасұлы. Жамиғы қазақ бір туған (терме, толғау, өлеңдер мен хикая-дастандар). Жауапты шығарушы: Б.Жүсіпов. –Алматы: Дешті Қыпшақ, 2008.

11. Кенжеғұлұлы Н. Кәнеки, тілім, сөйлеші... –Алматы: Ғылым, Маржан, 1992, -224 бет.

12. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы, 2008.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛЕРІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМИ ТАНЫМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРНЫ МЕН МАҢЫЗЫ

THE ROLE AND SIGNIFICANCE OF THE WRITTEN HERITAGE OF THE JOCHID ULUS IN THE FORMATION OF TRADITIONAL ISLAMIC UNDERSTANDING

Төрәлі Еділбайұлы Қыдыр[1]
Torali Edilbaiuly Kydyr[2]

Қазақ руханиятының тарихында Алтын Орда мәдениетінің алар орны ерекше. Еуразия құрлығында екі жүз жылдан аса үстемдік құрған Жошы ұлысында ислами құндылықтар мен ұлттық құндылықтар синтезделіп, дәстүрлі діни танымның негіздері қаланды. Осы тұста ислами дүниетаным мен түркілік көзқарас тұтастанды. Ханафи фиқһтық мектебі шарғи амал етудің өзегіне, ал Матуриди іліміне негізделген ақида ілімі имани сенімнің негізіне, Иасауи негізін салған сопылық жол руханияттың тірегіне айналды. Яғни, амалда – ханафилік, сенімде – матуридилік, ал тариқатта – иасауилік жол орнықты. Осы үш мектептің негізінде құрылған ислам, иман һәм ихсан үш тағаны болашақ қазақ руханиятының ажырамас бөлігіне айналды. Сондықтан да, бүгінгі дәстүрлі діни танымның негіздерін Жошы ұлысының мәдениеті мен әдебиетінен іздеу орынды. Сол дәуірдің әдеби ескерткіштері мен жазба жәдігерлерінде ислами құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың тұтастығы, дін мен дәстүр сабақтастығы көркем сөзбен жазылған. Әсіресе өлең сөзбен берілген діни-дидактикалық шығармалар мен қара сөзбен жазылған діни-танымдық еңбектерді, сондай-ақ ихсан ілімінің негіздері көтерілген діни-сопылық туындыларды түпнұсқада зерттеп-зерделеудің маңызы зор. Себебі діни-канондық мәтіндерге қарағанда дидактикалық тұрғыда жазылған әдеби жәдігерлерде сол дәуірдің рухани өмірі кеңінен көрініс береді. Сондай-ақ, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен де сол дәуірдің рухани өміріне қатысты құнды мәліметтерді кездестіруге болады. Тарихи жазба деректерді әдеби жәдігерлермен байланыстыра, фольклорлық мұралармен ұштастыра отырып зерделегенде ғана Жошы ұлысының руханияты туралы біраз мәліметке қол жеткізуге негіз бар.

Жошы ұлысының исламдану процесі жарты ғасырға созылды. Оны хронология бойынша үшке бөліп қарастыруға болады. Осы саланы зерттеген И.А.Ракушиннің пікірінше, бірінші кезең – Берке ханның билігінен бастап Өзбек ханның (1258-1312 жж.) исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдағанға дейін; екінші кезең – Өзбек пен Жәнібектің (1312-1359 жж.) хандық кезеңі; үшінші кезең – нақты жылдары көрсетілмеген, шамамен XIV-XV ғғ. қамтиды. Автор алғашқы кезеңде исламның Жошы ұлысының саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларына дейін еніп, мемлекеттік мәртебе деңгейіне көтерілгеніне назар аударса, екінші кезенде діннің мемлекеттің қоғамдық институттарына тигізетін ықпалының артуымен байланыстырған. Ал, үшінші кезеңде ислам Дешті Қыпшақта негізгі этно-мәдени құбылысқа айналып, ұлыстың құрамына енген халықтар мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналған (Ракушин, 1998:13 б.).

Жошы ұлысындағы жазба жәдігерлерді тақырыбы (тематикасы) мен мазмұнына байланысты діни-дидактикалық, діни-танымдық, діни-канондық және діни-сопылық деп төрт топқа бөліп қарастыруға болады:

Діни-дидактикалық деп, адамзат баласын жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруда Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне, сондай-ақ Ислам ғұламаларының айтқан пәтуалы сөздеріне сүйену, сол арқылы туралық пен пәктікті, адамгершілік пен ақиқатты, сабырлылық пен мейірімділікті жырлау, яғни Ислам дінінің асыл қасиеттерін көркем сөзбен насихаттауды айтамыз.

Діни-сопылық деп, сопылықтың сырлы әлемі, Аллаға деген махаббат пен ішкі рухани тәрбие мәселелері жиі көтерілген, сондай-ақ, сопылықтың өзіне тән терминдері мен ұғымдары кеңінен қолданылған шығармаларды алдық. Діни-канондық деп, қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің, сондай-ақ, араб не парсы тілдерінде жазылған канондық еңбектер, сондай-ақ, олардың түркі жазба тіліне жолма-жола аудармасын алдық.

[1] ҚМДБ Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының кандидаты, қауым. Профессор Алматы/Қазақстан qydyr.torali@gmail.com
[2] Islamic Research Institute under the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, Director, Associate Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan; Candidate of Philological Sciences.

Діни-танымдық деп, Исламның негізгі ұстындарын, иман негіздері мен шариғат шарттарын ғылыми-танымдық жолмен насихаттайтын шығармалар мен еңбектерді алдық (Дәстүрлі ислам, 2016:13-14 бб.).

Жошы ұлысында діни-танымдық тұрғыдан жазылған алғашқы жәдігер – «Қиссас әл-әнбия» («Пайғамбарлар қиссасы») атты еңбегі. Нәсир әд-Дин Бұрһан әд-Дин Рабғұзидың бұл еңбегінде ислами көзқарас пен түркілік дүниетаным синтезделген. Онда діни қиссалармен бірге түркілердің көне мифтеріне де орын берілген. Бұл әсіресе, Нұх, Жүсіп пайғамбарларға қатысты қиссаларда көрініс тапқан. Көнеден келе жатқан Наурыз мерекесіне қатысты жыр жолдары да орын алған. Қиссаларда келетін өлеңдер аруз өлең өлшемі мен түркілік буын ұйқасымен берілген. Осыдан-ақ, Жошы ұлысындағы исламдану үдерісінде дін мен дәстүрдің сабақтасып, екі дүниетанымның ұштаса бастағанын аңғару қиын емес.

Хронологиялық тұрғыдан екінші хатқа түскен жәдігер – «Мұғин әл-мүрид» («Мүридке көмекші»). Ислам, иман және ихсан мәселелері тұтас қамтылған бұл жәдігер 1313 жылы жазылған. 1628 жолдан тұратын шығарма өлең сөзбен өрнектеліп, төрттаған қалыбымен берілген. Онда Әбу Ханифа мәзһабы мен Имам Матуриди ақидасы таратылып жазылған. Сондықтан да намаз, дәрет, ораза, зекет секілді амалдардың шариғаттағы орындалу үкімдері (парыздары, уәжіптері, сүннеттері, мәкрүһтері және т.б.) ханафи мәзһабы негізінде жазылған. Иман мәселесі матуридилік сенім аясында таратылған. Осы туындыдан-ақ Жошы ұлысының исламдану үдерісінің негізгі кезеңінде ханафи-матуридилік жолға бейімделгенін көреміз.

Діни-сопылық тақырыпты қозғайтын – Харезмидің «Махаббатнамасы». 1353 жылы Сырдың сағасында жазылған. Алтын ордалық жәдігер ортағасырларда кеңінен қолданылған нама жанрында берілген. Онда сопылықтың сырлары ғашық пен машұқ бейнелері арқылы берілген. шығарманың бастыны ұстыны – Хақты махаббатпен тану. Сондықтан да пайғамбардан махаббат пайда болғанын, Алла елшісінің Жаратушыны да сол ғашықтықпен тапқанын жырлайды. Шығарманың идеясы жалпылама сопылық танымға құрылғандықтан да, автордың қай тариқаттың өкілі болғандығын баса айту қиын. Жошы ұлысында иасауи және кубрауи рухани мектептері қатар өмір сүргенін, Алтын Орданың екінші рухани-шығармашылық орталығы Харезмде кубрауи тариқаты үстемдікке ие болғанын есепке алсақ, онда Харезми ақынның да осы сүліктің (тариқаттың) өкілі болған деуге негіз бар. Алайда автордың тахаллусы Харезми болғанымен де, шығарманың тілі – Алтын-Орда-Сарайлық тілге, яғни қыпшақ-оғыз диалектілері негізінде хатқа түскенін әрі Сырдың сағасында жазылғанын қаперге алсақ, онда иасауи рухани мектебінің өкілі болғанын да жоққа шығаруға болмас. Сондықтан да, автор туралы толыққанды мәлімет табылғанша, оның қай тариқаттың өкілі болғаны туралы мәселеге нүкте қою ертерек. Себебі Жошы ұлысының исламдануындағы негізгі рухани аймақ Харезм мен Орталық Азия еді (Бартольд, 1993:133 б.).

Жошы ұлысында жазылған келесі діни-танымдық еңбек – «Нәһж әл-Фәрадис» («Жұмақтардың ашық жолы»). Махмұт Кердері тарапынан жазылған бұл туынды 1358 жылы арбағин үлгісінде жазылған (Алтын орда әдебиеті, 2022:121 б.). Туынды негізгі төрт бөлімнен тұрады: пайғамбардың қасиеттері; Хуләфәи рашидин, әһлі бәйт және төрт имамның ерекшеліктері; Хақ Тағаланың құзыретіне жақындатар игі амалдар; Хақ Тағаланың құзыретінен алшақтатар жауыз амалдар. Әр бапта он бөлім бар. Әр бап белгілі бір тақырыпқа құрылған.

Имам Ән-Науауаи, Ахмет Нишапури, Аслам Туси, Муаийәд Құраши, Хәкім Нишапури, Әбу Убәйда Хирауи, Әбу Әбд әр-Рахман Суләми, Әбу Хәмид Ғазали, Әбу Нағим Исфаһани, Әбу әл-Хасан Фарси, Әбу Аббас Журжани, Әбу әл-Футух Һамадани, Әбу Омар Тебризи, Шиһаб әд-Дин Сухрауарди, Фәхр әд-Дин Рази, Әбд әс-Самад Тебризи, Шәмс әд-Дин Амули, Әбу Таһира Хожанди, Жәләл әд-Дин Дауани секілді ғалымдар арбағин үлгісіндегі шығармаларын араб тілінде қара сөзбен жазды. Ал, Қожа Абдолла Ансари, Әбу Хафс Насафи, Ибраһим ибн Хасан Рабити, Мұхаммед ибн Хусейн ибн Ахмет Халифа Нишапури, Шейх Әлу әд-Дәулә Симнани, Сәж әд-Дин Тафтазани, Мир Сәид Әли Һамадани, Хусәйн Уаиз Кәшифи, Нур әд-Дин Әбд әр-Рахман Жәми секілді қаламгерлер парсы тілінде қалам тербеді. Олардың кейбірі пайғамбардың қырық хадисін қара сөзбен жазса, ендігі бірі өлең сөзбен өрнектегені белгілі.

Жошы ұлысында жазылған келесі жәдігер – «Жұмжұма». Хұсам Кәтіп тарапынан жазылған жәдігер 1369-1370 жылдары хатқа түскен. Шығарманың мазмұны – Иса пайғамбар мен бас сүйектің арасындағы диалогқа құрылған. Жәдігер эсхатология бағытында жазылып, онда мына

дүниенің өткіншілігі (фәни), о дүниедегі адамның хал-жағдайы сөз болады. Алтын Орданың исламдану үдерісін зерделеген Г.Галиахметова бұл жәдігердің хронологиялық қана емес, мазмұндық жағынан да Жошы ұлысы құлдырауының алдында жазылғанына назар аударған (Галиахметова, 2007:117 б.) Себебі шығарма бұ дүниенің фәнилігі мен о дүниенің бақилығына құрылған. Үгіт-насихаттық жағы басым. Бұдан елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық жағынан құлдырауға бет алғанын аңғару қиын емес. Түркітанушы В.Радловтың «бір «Жұмжұманың» өзі қазақ даласында жүздеген молданың қызметін атқарып жүр» деп жазғанына қарап (Қыраубаева, 2012:127 б.), бұл дастанның қазақ халқының рухани кеңістігінің қалыптасуында қаншалықты маңызға ие болғанын аңғаруға болады.

Осы дастанмен мазмұндас тақырыпта жазылған туынды – «Кесікбас». Өкінішке орай, жәдігердің авторы туралы мәлімет сақталмаған. Бұл дастан бертін келе «Қу бас» деген атпен тарап, халық мұрасына айналған. Идея-мазмұны «Жұмжұмаға» сәйкес келеді. Бірақ Хұсам Кәтіптің туындысындағы негізгі кейіпкер Иса пайғамбар болса, мұнда Хазірет Әлі. Жәдігер қырық парыздың бірі – «әмір бил-мағруф нәһи әл-мункарға», яғни халықты жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтаруға құрылған. Сондықтан да, шығарманың уағыз-насихаттық жағы басым.

Жошы ұлысы жәдігерлерінің ішінде ең аз зерттелгені – «Сираж әл-қулуб» («Жүректердің шырағы»). Хатқа түскен жылы белгісіз. Діндегі негізгі мәселе – ақида тақырыбына арналған. Шығармада Мұхаммед пайғамбар мен бір яхудидің арасындағы сұхбат сөз болады. Әлемнің жаратылысынан бастап, Жаратушының сипаттарына дейінгі кәләмдік ілім қырық сұраққа қырық жауап түрінде берілген. Жалпы, діни-танымдық еңбектердегі сауал-жауап тәсілі өзекті мәселелердің түйінін шешіп беру мақсатында қолданылады. Халық көкейінде жүрген діни сауалдардардың жауабын осындай еңбектер арқылы тапқан. Жаратушыға деген сенім артып, иман шыңдалған. Шығыс мұсылман әдебиетінде «Сираж әл-қулуб» деген атпен бірнеше туынды жазылған. Әбу Мұхаммед Ахмед ибн Мұхаммед Әбдулмәлік әл-Әшар Тәбризидің араб тіліндегі еңбегімен қатар, Әбу Мансур Саид ибн Мұхаммед әл-Кәттан әл-Ғазнәуи, Әбу Бәкір ибн Абдулла ибн Мұхаммед ибн Шамур әл-Әсәди әр-Рази секілді ғалымдар да парсы тілінде осындай атаумен шығармалар жазған. Сондай-ақ Ахмед Дағидың османлы түркішесімен жазған осы аттас шығармасы да бар (Қыдыр, 2026:299 б.).

Алтын Ордада жазылған осындай діни-танымдық, діни-дидактикалық және діни-сопылық туындылар сол ұлыстың құрамында болған түркі мұсылман халықтарының рухани кеңістігін қалыптастырғаны анық. Араб не парсы тілдерінде жазылған діни-канондық мәтіндерге хастар (мамандар) болмаса, ауам (қара) халықтың кіре алмасы белгілі. Сондықтан да, түркі әдеби тіліндегі осындай туындылар арқылы дәстүрлі исламның негіздері қаланған.

Жошы ұлысында қазақ даласы исламдануының соңғы әрі шешуші кезеңі болды. Бес жүз жылға созылған исламдану үдерісінің нәтижесінде ислам этно-мәдени құбылысқа айналды, яғни жаңа дін Алтын Ордадан кейінгі мемлекеттерді мекендеген халықтардың өзіндік санасы мен мәдениетінің ажырамас бөлігіне енді. Соның бір айғағы ислам жалпы сипат алып, халық мұрасында, жазба және ауыз әдебиетінде көрініс берді. Себебі діни құндылықтар халық мұрасынан орын алғанда ғана, дәстүрлі діни таным қалыптасары анық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы. Ұжымдық монография. Алматы: Evo Press, 2022. – 320 б.
2. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
3. Галиахметова Г.Г. Ислам в Золотой Орде: традиции религиозного опыта. – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2007. – 132 с.
4. Дәстүрлі Ислам жаyһарлары. Орта ғасырларда (X–XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы. Астана: Таңбалы, 2016. – 392 б.
5. Қыдыр Т.Е. Жошы ұлысының әдеби жәдігерлері. Алматы: Adal kitap, 2026. – 325 б.
6. Қыраубаева А. Мыңжылдық жолаушы. 5 томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Өнер, 2012. – 528 б.
7. Ракушин А.И. Мусульманство у золотоордынских кочевников Нижнего Поволжья в XIII-XV вв. Автореф. дисс ... канд. ист. наук. Саратов, 1998. С.13

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ІЛІМІ ЖӘНЕ МУЗЕЙ ІСІ: МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС РУХАНИ МҰРАНЫ САҚТАУ МЕН РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

THE TEACHINGS OF KHOJA AHMED YASAWI AND MUSEUM STUDIES: CONTEMPORARY TRENDS IN THE PRESERVATION AND REPRESENTATION OF INTANGIBLE SPIRITUAL HERITAGE

Талғат Оразов[1]
Talgat Orazov[2]

Кіріспе

XXI ғасырдағы жаһандану үдерістері мен мәдени интеграция жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау мен рухани құндылықтарды жаңғырту кез келген мемлекеттің стратегиялық басымдықтарының біріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, түркі халықтарының ортақ рухани алтын қазығы – Қожа Ахмет Ясауидің ілімі мен оның қазақ топырағындағы философиялық мектебі өзінің өзектілігін еш жоғалтқан емес . Ясауи ілімі – тек діни-мистикалық сопылық бағыт қана емес, ол ғасырлар бойы Орталық Азия халықтарының этикалық, эстетикалық және әлеуметтік құндылықтар жүйесін қалыптастырған кешенді рухани құбылыс. Оның философиялық арқауы түркі тайпаларының ислам мәдениетімен бейбіт, терең және өздік ерекшелігін сақтай отырып үндесуіне негіз болды. Бүгінгі таңда осы материалдық емес бай мұраны зерттеу, ғылыми саралау, жүйелеу, қорғау және келесі ұрпаққа тірі күйінде, бұрмалаусыз жеткізу міндеті заманауи музей ісінің алдына жаңа теориялық және практикалық талаптар қойып отыр.

Дәстүрлі түсінікте музей тек материалдық жәдігерлерді (археологиялық құндылықтар, нумизматика, көне қолжазбалар, қолөнер бұйымдары т.б.) жинақтаушы, консервациялаушы және сақтаушы мекеме ретінде қарастырылып келді. Алайда, ЮНЕСКО-ның 2003 жылғы «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы» конвенциясы қабылданғаннан кейін әлемдік музейтану ғылымында (музеологияда) философиялық ілімдерді, ауыз әдебиетін, салт-дәстүрлер мен рухани практикаларды музей кеңістігінде бейнелеу (репрезентациялау) мәселесі белсенді талқылана бастады [1,384]. Қожа Ахмет Ясауи мұрасы – материалдық сәулет өнерінің (Ясауи кесенесі) және материалдық емес сопылық пәлсапаның («Диуани хикмет») бірегей синергиялық синтезі. Демек, мақаланың өзектілігі Ясауи ілімінің терең философиялық мәнін заманауи музейлік коммуникация құралдары, инновациялық технологиялар және музей жанындағы ғылыми-зерттеу орталықтарының жұмысы арқылы ашудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау қажеттілігінен туындайды .

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін отандық және шетелдік жетекші ясауитанушы ғалымдардың іргелі еңбектері мен қазіргі заманауи музейтану ғылымының тұжырымдамалары құрады . Зерттеу материалы ретінде Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» (Даналық кітабы) шығармасының қолжазба нұсқалары мен Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының экспозициялық, мұрағаттық және ғылыми-зерттеу қорлары, сондай-ақ соңғы жылдары іске қосылған заманауи Ясауи музейінің тұжырымдамалық жобалары мен жаңадан ашылған «Ясауитану» ғылыми орталығының есептері негізге алынды.

Мақаланы жазу барысында келесі ғылыми әдістер кешенді түрде қолданылды:

[1] магистр, ғылыми қызметкер, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан қаласы, Қазақстан. E-mail: talgat.oraz.81@mail.ru, тел.: +7 707 557 00 81.
[2] master, Research Fellow at the “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Kazakhstan. E-mail: talgat.oraz.81@mail.ru, Tel.: +7 707 557 00 81

1. Герменевтикалық әдіс – «Диуани хикметтегі» сопылық терминдер мен философиялық категориялардың (нәпсіні тыю, кемелдік, хақ жолы, хәлует) ішкі астарлы мән-мағынасын ашу және оларды музей коммуникациясына бейімдеу үшін пайдаланылды

2. Салыстырмалы-тарихи талдау – Ясауи мұрасының түрлі тарихи кезеңдердегі зерттелу деңгейін және халықаралық тәжірибедегі (мысалы, Түркияның Конья қаласындағы Мәуләнә Руми музейі) рухани ілімдерді визуализациялау, перформанстық презентациялау тәжірибесін салыстыру мақсатында қолданылды [2,45-52];

3. Музейлік коммуникация және жүйелілік әдісі – материалдық емес құндылықтардың музей келушісіне ақпараттық, когнитивтік және психологиялық әсер ету тетіктерін зерделеуге, сондай-ақ экспозициялық заттарды «сөйлету» процесін сипаттауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер

Жүргізілген жүйелі ғылыми талдау нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи ілімі мен музей ісінің өзара байланысының бірегей құрылымдық-функционалдық моделі айқындалып, келесідей маңызды ғылыми тұжырымдар жасалды. Ең алдымен, Ясауи ілімінің өзегі болып табылатын «Кемел адам» (Инсан-и камил) тұжырымдамасы қазіргі музейлердің ағартушылық, әлеуметтік және тәрбиелік функциясымен толық үндесетіні дәлелденді. Екіншіден, Түркістан өңіріндегі музейлік экспозициялардың трансформациялану кезеңдері сараланып, дәстүрлі тек «заттық-тарихи» экспозициядан «идеялық-философиялық» және «интерактивтік» экспозицияға көшу үрдісі жан-жақты сипатталды. Үшіншіден, музей қорындағы бірегей ортағасырлық жәдігерлердің символдық мәнін ашу арқылы абстрактілі рухани ілімді материалдандырудың және экспонаттар арқылы философиялық мағынаны жеткізудің ғылыми негіздері бекітілді.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінің философиялық-гуманистік негіздері

Ясауи ілімі – Ислам дінінің қайнар көздері (Құран және Сүннет) мен түркілік дүниетанымның, салт-дәстүрдің терең үйлесімінен туындаған өзіндік төл философиялық мектеп. Бұл ілімнің басты мақсаты – қоғамды ізгілендіру, зорлық-зомбылыққа жол бермеу, адамгершілікті арттыру және жеке тұлғаны рухани кемелдік деңгейіне көтеру. «Диуани хикмет» еңбегінде ойшыл адам баласының ішкі жан дүниесін тазартудың, нәпсімен күресудің және Жаратушыға деген шексіз махаббаттың маңызын уағыздайды . Сопылық философиядағы төрт кезең – шариғат, тариқат, мағрифат және ақиқат – адамның рухани өсу сатыларын көрсетеді. Ясауи іліміндегі ең басты категорияның бірі – «ар ілімі». Бұл – адамның өз іс-әрекетіне, ойына күнделікті есеп беруі, қоғамға, қоршаған ортаға зиян келтірмей, кішіпейілділік пен қанағатшылдықты ту етуі. Қазіргі таңда бұл идеялар деструктивті діни ағымдарға қарсы қоғамдық иммунитет қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және ұлттық тұтастықты нығайтудың діңгегі болып табылады. [3,24]

Музей кеңістігі - материалдық емес рухани мұраны сақтаушы

Материялдық емес мәдени мұраны музейлендіру – заманауи музеологияның ең күрделі әрі зерттелмеген бағыттарының бірі. Себебі, философиялық идеяларды, діни-мистикалық сезімдер мен рухани күйлерді кәдімгі витринаға қойып, материалдық зат секілді көрсету мүмкін емес. Осы орайда «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы ұзақ жылдар бойы Ясауи кесенесінің сәулеттік құндылықтары мен оның айналасынан табылған археологиялық жәдігерлерді, Әмір Темір сыйға тартқан Тайқазан, Лаyha (тудың ұшы), қола шырағдандар сияқты материалдық нысандарды көрсетумен шектеліп келді. Алайда, бұл жәдігерлердің әрқайсысының артында үлкен сопылық символика мен идеялық философия жатыр. Заманауи кезеңде музей ісі бұл заттарды жай ғана тарихи экспонат ретінде емес, Ясауи философиясының контексінде «сөйлетуді» және олардың ақпараттық әлеуетін толық ашуды мақсат тұтады. [4,280]

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен қор жәдігерлерінің символикалық мәні

Музей-қорықтың басты экспонаты әрі рухани ядросы – Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің өзі болып табылады. Оның сәулеттік композициясы сопылық дүниетанымның кеңістіктік моделі іспетті. Кесене орталығында (Жамағатханада) орналасқан Тайқазан – тек құйма металл өнерінің туындысы ғана емес, ол Ясауи уағыздаған рухани бірліктің, теңдік пен берекенің символы. Қазаннан дәм тату сопылар мен дәруіштер арасында бауырластық пен нәпсіні тыю (ортақ қазаннан қанағатпен үлес алу) ритуалымен тікелей байланысты болған. Экспозициядағы маңызды жәдігердің бірі – Лаyha (тудың ұшы). Ол рухани биліктің, сопылық мектептің (тариқаттың) туы астындағы ішкі тәртіп пен Хақ жолына адалдықтың белгісі ретінде музей

келушілеріне терең ақпарат береді. Сонымен қатар, кесене есігіндегі өрнектер мен қола тұтқалар (балғашалар) өзіндік сулус және куфи қолтаңбаларымен безендіріліп, ислам өркениетінің жасампаз рухын паш етеді .

Ясауи ілімінің ең маңызды практикалық және мистикалық бөлігін көрсететін материалдық нысан – Хәлует (жер асты мешіті). Ойшылның пайғамбар жасына (63 жасқа) жеткенде «жер бетінде пайғамбардан артық өмір сүру күнә» деп, қалған өмірін ғибадатпен өткізген бұл орыны материалдық емес сопылық практиканың (хәлуетке түсу, нәпсіні тәрбиелеу, зікір салу) ең жарқын материалдық айғағы. Музей жұмысында Хәлуеттің ішкі атмосферасын, дыбыстық акустикасын сақтай отырып таныстыру – келушіге Ясауидің ішкі рухани тебіренісін сезінуге мүмкіндік береді. Осылайша, әрбір материалдық жәдігер рухани ілімді халыққа түсіндірудің басты құралына айналады. [5,175].

Мемлекеттік бастамалар және «Ясауитану» ғылыми орталығының рөлі

Қожа Ахмет Ясауидің рухани мұрасын зерттеу соңғы жылдары жаңа мемлекеттік және стратегиялық серпін алды. 2023 жылғы 17 маусымда Түркістан қаласында өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ясауи ілімін терең, жүйелі әрі жан-жақты зерттеу қажеттігін, оның ұлттық кодты сақтаудағы рөлін ерекше атап өтті. Президенттің бұл тікелей тапсырмасына сәйкес, 2025 жылы «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы жанынан арнайы «Ясауитану» ғылыми орталығы құрылды .

Бұл ғылыми құрылымның ашылуы музей ісін академиялық ғылыммен ұштастырудың жаңа кезеңі болды. Орталықтың құрамында белгілі отандық және халықаралық ясауитанушы ғалымдар, архивистер, аудармашылар мен бағдарламашылар қызмет етеді. Орталықтың алдына қойған негізгі міндеті – Ясауи мұрасын әлемдік ғылыми айналымға енгізу, бұрын белгісіз болып келген қолжазбаларды іздеп табу және оларды музейлік экспозициялар арқылы қалың көпшілікке таныстыру болып табылады . Осы қысқа уақыт ішінде орталық ғалымдарының Ресей Федерациясының Мәскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік кітапханасының қолжазбалар қорына жасаған ғылыми іссапары барысында Ясауия тариқатының тарихы мен рухани іліміне қатысты бұрын белгісіз болып келген бірегей сирек қолжазба анықталды. Мұндай жаңалықтар музейдің көрмелік әлеуетін арттырып, материалдық емес мұраны нақты деректік негізде байытуға мүмкіндік береді. [6,320]

Талдау

Материалдық емес мәдени мұраны және рухани ілімдерді музей кеңістігінде репрезентациялаудың халықаралық тәжірибесін зерделеу Түркістандағы музей ісін дамытудың жаңа концептуалды бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда әлемдік деңгейде мойындалған ең сәтті үлгілердің бірі – Түркияның Конья қаласындағы Мәуләнә Руми музей-кешені болып табылады . Жәлаладдин Румидің сопылық пәлсапасы мен Қожа Ахмет Ясауидің сопылық мектебі тарихи, идеялық және генетикалық тұрғыдан өзара тығыз байланысты. Сондықтан Коньядағы музейлік тәжірибені Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» қорығы мен жаңа Ясауи музейінің қызметімен салыстыра талдау өзекті ғылыми мәнге ие.

Мәуләнә Руми музейінің басты ерекшелігі – ол тек тарихи жәдігерлер сақталатын статикалық кеңістік емес, сопылық ілімнің тірі философиялық-тәрбиелік орталығы ретінде қызмет етуінде [7,256]. Музей экспозициясында Руми негізін қалаған мәуләуилік тариқаттың рухани практикалары, атап айтқанда, «Сема» (рухани би/зікір) рәсімі материалдық емес мұраның тірі үлгісі ретінде музейдің ажырамас бөлігіне айналған. Келушілер Румидің қолжазбалары мен сопылардың киімдерін, музыкалық аспаптарын көріп қана қоймай, арнайы залдарда сема рәсімінің мағынасы мен философиялық мәнін мультимедиалық технологиялар мен тірі қойылымдар арқылы сезіне алады. Бұл әдіс музейтануда «терең ену әсері» (immersive experience) деп аталады және ол келушінің рухани контентті қабылдау деңгейін айтарлықтай арттырады. Түркістан қаласындағы музей ісінің қазіргі жай-күйін Конья тәжірибесімен салыстырғанда бірнеше құрылымдық және концептуалды айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауға болады. Төмендегі 1-кестеде екі орталықтың рухани мұраны насихаттау бағыттары бойынша салыстырмалы сипаттамасы берілген.

Салыстыру параметірлері	Мәуләнә Руми музейі (Конья, Түркия)	«Әзірет Сұлтан» қорық-музейі және Ясауи музейі (Түркістан, Қазақстан)
Экспозициялық концепциясы	Идеялық-философиялық бағыт. Заттық жәдігерлер рухани күй мен сопылық сатыларды түсіндіруге бағындырылған.	Тарихи-археологиялық және сәулеттік бағыт басым. Кесене мен материалдық нысандары сақтауға екпін берілген.
Материалдық емес мұраны көрсету әдісі	Тірі перформанстар (Сема рәсімі),дәстүрлі музыкалық сүйемелдеу,дәруіштердің өмірін балауыз мүсіндермен модельдеу.	Дидактикалық мәтіндер, «Диуани хикмет» қолжазбалары, цифрлық экрандар мен соңғы жылдары енгізілген 3D голограммалар.
Музейлік коммуникация мен заманауи технологиялар	Аудиогидтер жүйесі терең философиялық контентке негізделген. Интерактивті медиа-залдар жұмыс істейді.	Жаңа Ясауи музейінде мультимедиалық кешен, QR-кодтар мен виртуалды турлар белсенді қолданыла бастады.
Ғылыми-әлеуметтік интеграциясы	Халықаралық Руми зерттеу орталықтарымен тікелей байланыс, жыл сайынғы жаппай мәдени-рухани шаралар (Шеб-и Арус).	Ғылыми конференциялар, «Ясауи тағылымы» ағартушылық жобалары, «Ясауитану» ғылыми орталығы, Түркістанды түркі әлемінің мәдени орталығы ретінде таныту шаралары.

Кесте мәліметтері көрсеткендей, Коньядағы музей ісі материалдық емес мұраны «тірілту») әдісін жоғары деңгейде меңгерген. Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» музей-қорығы ұзақ уақыт бойы негізінен сәулеттік кешеннің бірегейлігі мен археологиялық қорларды көрсетуге басымдық беріп келді. Алайда, соңғы жылдары, әсіресе жаңа заманауи Ясауи музейінің іске қосылуымен жағдай айтарлықтай өзгерді. Жаңа музей ғимаратында Ясауи ілімінің мазмұнын ашатын цифрлық контенттер – ойшылдың өмір жолы мен хикметтерінің мәнін түсіндіретін интерактивті карталар, заманауи голограммалар мен проекциялық инсталляциялар пайда болды. Дегенмен, Түркістандағы музейлік репрезентацияны одан әрі жетілдіру үшін Конья тәжірибесінен рефлексия жасау қажет бірнеше тұстар бар [9,145].

Музей-қорықтың қолданбалы жобалары: «Ясауи тағылымы» және «Ясауи ізімен»

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы статикалық экспозицияс шеңберінен шығып, материалдық емес рухани мұраны «тірілту» мақсатында бірқатар ірі қолданбалы ғылыми-ағартушылық жобаларды жүзеге асыруда. Олардың ішінде ерекше маңызға ие бағыт – «Ясауи тағылымы» көрмелік-білім беру жобасы. Бұл жобаның басты міндеті – мектеп оқушылары мен студент жастарға, сондай-ақ музей келушілеріне Ясауи философиясын дидактикалық мәтін түрінде ғана емес, интерактивті, көрмелік және ғылыми-теориялық бағытта кешенді түрде жеткізу болып табылады. Жоба аясында дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Ясауитану» республикалық байқауы мен жылжымалы көрмелер арқылы ортағасырлық жәдігерлердің, Әмір Темір дәуірінен қалған сирек қолжазбалардың рухани мәні өңірлік және республикалық деңгейде кеңінен таныстырылады. Музей педагогикасының бұл форматы келушіні тек бақылаушы емес, рухани мұраны зерттеуші деңгейіне көтереді.

Екінші ауқымды стратегиялық бағыт – «Ясауи ізімен» ғылыми-зерттеу және танымдық экспедициялық жобасы. Музей қызметкерлері мен ғалымдар тобы осы жоба аясында Ясауи ілімінің Орталық Азия мен түркі әлеміне таралу географиясын, сопылық мектептің жазбаша және материалдық іздерін зерделеу мақсатында ауқымды халықаралық іздестіру жұмыстарын жүргізеді. Экспедиция барысында жақын және алыс шетелдерден (соның ішінде Өзбекстан,

Түркия т.б.) Қожа Ахмет Ясауидің ұрпақтары мен шәкірттеріне тиесілі көне шежірелер, мөрлер мен сирек кездесетін қолжазба деректер, мәселен, Жүсіп ата шежіресі секілді құнды жәдігерлер анықталып, музей қорына жинақталуда. Осы зерттеу нәтижесінде жиналған материалдар музей экспозициясындағы дербес сирек жәдігерлер залында көрмеге қойылып, «Ясауи зерттеулері» ғылыми-көпшілік журналы арқылы ғылыми айналымға енгізілуде. Бұл жобалар материалдық емес философиялық мұраның заманауи музей қызметінде тек сақталып қана қоймай, үздіксіз ізденіс пен трансляциялау арқылы дамитын тірі феномен екенін айқын дәлелдейді. [10,312]

Қортынды.

Қожа Ахмет Ясауидің рухани ілімі мен заманауи музей ісінің тоғысуы – ұлттық мәдениет пен руханиятты дамытудың жаңа перспективаларын ашады. Материалдық емес мәдени мұраны музейлік репрезентациялау күрделі процесс. Ол тек тарихи жәдігерлерді көрсетумен шектелмей, олардың артында тұрған терең философиялық идеяларды – «Кемел адам» концепциясын, этикалық құндылықтар мен рухани тазалық идеяларын келушілердің санасына жеткізуді талап етеді.

Жүргізілген салыстырмалы талдау мен қолданбалы жобаларды зерделеу нәтижесінде Түркістандағы музей ісін заманауи халықаралық стандарттар деңгейіне көтеру үшін келесідей ғылыми-практикалық ұсыныстар жасалады:

1. Музейлік экспозицияларда Ясауидің сопылық символикасын ашатын жәдігерлер (Тайқазан, Лауһа, Хәлует мешіті) мен инновациялық мультимедиалық технологиялардың (голограммалар, AR-технологиялар) теңгерімді синтезін қалыптастыру;

2. «Ясауи тағылымы» және «Ясауи ізімен» сияқты ішкі ғылыми-ағартушылық жобалардың, сондай-ақ жаңадан құрылған «Ясауитану» ғылыми орталығының халықаралық зерттеу бағыттарын кеңейтіп, сопылық поэзия кештерін ұйымдастыру сияқты тұрақты мәдени-рухани іс-шаралар жүйесін музей коммуникациясына тұрақты түрде енгізу;

3. Музей педагогикасы аясында интерактивті білім беру бағдарламаларын кеңейту. Тұтастай алғанда, Түркістандағы музейлік кешендер тек жәдігер қоймасы емес, түркі әлемінің тірі рухани-ағартушылық, академиялық және ғылыми-зерттеу орталығына айналуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Мырзахметұлы М. Қожа Ахмет Ясауи және түркі әлемінің руханияты. – Алматы : Қазығұрт, 2014. – 384 б.
2. Дәуітов С. Ясауи тағылымы және сопылық философия // Ғылым және өмір. – 2019. – № 3. – 45–52 б.
3. ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы халықаралық конвенциясы. – Париж : ЮНЕСКО, 2003. – 24 б.
4. Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Алматы : РБК, 2005. – 280 б.
5. Түркістан өңіріндегі музей ісінің даму тарихы мен заманауи мәселелері : халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Түркістан : Әзірет Сұлтан қорығы, 2023. – 175 б.
6. Смағұлов Е. Түркістан археологиялық ескерткіштері. – Алматы : Ғылым, 2011. – 320 б.
7. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани Хикмет (Даналық кітабы) / ауд. М. Шафиғи. – Алматы : Хант, 1993. – 256 б.
8. Küçük S. Mevlana Müzesi ve Mevlevilik Kültürünün Sergilenmesi // JPM (Journal of Poetic Museology). – Konya, 2018. – Vol. 4, № 2. – P. 89–104.
9. Önder M. Mevlana Müzesi Rehberi. – Ankara : Kültür Bakanlığı Yayınları, 2002. – 145 s.
10. «Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Алматы : Арыс, 2016. – Т. 1. – 312 б.

БӨЛІМ IV
ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

CHAPTER IV
TURKIC CULTURE AND CONTEMPORARY RESEARCH DIRECTIONS

КУЛЬТОВЫЕ МЕСТА И СВЯТЫЕ: ПОЛИТИКА КОКАНДСКОГО ХАНСТВА В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ

SACRED PLACES AND SAINTS: POLITICS OF THE KOKAND KHANATE IN THE SOUTH KAZAKHSTAN

Аширбек Курбанович Муминов;[1] Уркия Аблаевна Утепбергенова[2]
Ashirbek Kurbanovich Muminov;[3] Urkiia Ablaevna Utepbergenova[4]

Введение

Статья посвящена исследованию форм и способов трансформации сакрального мира вокруг святых мест, имевшей место в период доминирования Кокандского ханства (1798–1876) в Центральной Азии. К анализу привлекаются следующие источники: 1) нарратив об Исхаке Бабе («Рассказ об Исхаке Бабе»; XIV в.) и Кокандский нарратив («Кокандская версия исламизации Туркестана», «Кисса», XIX в.); 2) материалы автора, полученные в ходе полевых исследований 2002–2006 гг. в Ферганской долине по изучению святых мест; 3) генеалогические документы, выданные кокандскими властными структурами; 4) ритуальные практики, совершаемые при святых местах; 5) лексика письменных материалов, обнаруженных при работе с элементами сакрального мира Центральной Азии и др.

Факторы, вызвавшие трансформационные процессы

Следующие четыре фактора, по нашему мнению, повлияли на процессы переформатирования сакрального мира Ферганской долины и Туркестанского региона в XIX веке:

Первый фактор. Деятельность Кокандского ханства по установлению контроля над трассами Малого шелкового пути

Как известно, на динамику событий и характер мероприятий вокруг укрепления репутации и имиджа кокандских ханов значительное влияние оказали верховные правители – Нарбута-бий (1763–1798), отец и двое его сыновей: ʻАлим-бик [ʻАлим-хан] (1798–1810), Саййид Мухаммад ʻУмар-хан (1810–1822). В период их правления значительно возросло политическое и экономическое значение Коканда в регионе [1, с. 255–267]. При ʻУмар-хане активно разрабатывалась новая культурная политика. Кокандским Мингам пришлось создавать не только государство в полном смысле этого слова (включая государственный аппарат, столицу, ирригационную систему, коммуникации, организацию экономической жизни, религиозно-правовые институты и пр.), но и его славное и сакральное прошлое, в том числе и «древнюю генеалогию» новой династии [2, с. 312].

Второй фактор. Легитимация правления и сакрализация происхождения династии кокандских ханов

Историк Т. К. Бейсембиев специально рассмотрел тему об использовании нарратива «Алтун Бишик» для легитимации правления этой династии. В результате реализации целого ряда мероприятий в этом направлении правители Коканда стали возвеличивать себя в официальных документах высокими титулами «саййид» и «хан» [20, с. 286–287; 3, с. 94–105]. Позднее была введена в оборот письменная форма генеалогии через официальную историю «Шах-намайи ʻУмар-хани» Мушрифа Исфараги (ум. в 1825 г.). Было замечено, что вакуум в истории продолжительностью более 200 лет между Мингами (1709–1876) и Тимуридами (1370–1506) должно было заполнить «правление» восьми поколений фиктивных потомков Алтун Бишика – ʻАшур-кула Аталыка, Хаджжи-хана, Шахруха Аталыка, Чамаш-бийа, ʻУбайдаллах-хана, Абул-Касим-хана, Мухаммад-Амин-хана и Тангри-йар-султана [4, л. 53б–54а; описание списка-автографа, см.: 5, часть 1, с. 321].

[1] Исследовательский центр по исламской истории, искусству и культуре – ИРСИКА, Организация исламского сотрудничества, советник генерального директора, доктор исторических наук. E-mail: muminov9703@yahoo.com https://orcid.org/0000-0002-3430-928X

[2] Институт востоковедения им. Р. Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан, ведущий научный сотрудник, доктор PhD. https://orcid.org/0000-0002-7599-9387

[3] Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), Organisation of Islamic Cooperation; Advisor to the Director General; Doctor of Historical Sciences.

[4] R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Kazakhstan, Leading Researcher, PhD.

Позднее филолог Афтандил Эркинов смог установить, что нарратив «Алтун Бишик» в составе «Шах-нама-йи ‘Умар-хани» Мушрифа Исфараги был создан на основе мотивов из произведения «Бахтийар-нама»/«Дах вазир» поэта Дакайики Самарканди (XIV в.) [6]. Ему удалось обнаружить примечательный список этого произведения в дворцовой библиотеке ‘Умар-хана с оттиском личной печати верховного правителя [7]. Это дало Эркинову основание предположить, что именно данный список был использован со стороны Мушрифа Исфараги при создании его редакции нарратива об Алтуне Бишике [8, с. 3–18]. В этой публикации исследователем были тщательно сличены мотивы в сюжетах двух нарративов и ему удалось показать их буквальное совпадение.

Наше сличение двух генеалогий, представленных в четырех кокандских редакциях нарратива «Рассказ об Исхаке Бабе» [9, том 2, с. 120–276], с одной стороны, и кокандской династии Мингов, составленной их придворным историком Исфараги [4, л. 53^{б}–54^{а}], с другой стороны, показало их общее совпадение в ее нижней части от кокандских ханов до Амира Тимура (1370–1405). Кокандские ханы пошли дальше, скомбинировав нарратив «Алтун Бишик» с другим нарративом об исламизации Центральной Азии, известным под названием «Рассказ об Исхаке Бабе». Фокус в ней сделан на освещение участия их «древних предков» в историческом процессе исламизации. Нужно отметить, что в верхней части вновь созданной генеалогии вакуум между Амиром Тарагайем, отцом Амира Тимура и героем эпохи завоеваний ‘Абд ар-Рахимом Бабом из VIII в., по прозвищу «Сатук Бугра-хан» [потомка Имама Мухаммада ибн ал-Ханафийа в седьмом колене], был заполнен 13 поколениями фиктивных потомков упомянутого хана (Баб) в такой возрастающей последовательности – Амир ‘Абд ар-Раззак, Амир ‘Абд-и Кадир по прозвищу «Нуйан-шах», Амир Шах-и Тахир, ‘Абд ар-Рахим Хаджж ал-Харамайн [=паломник двух священных храмов], Амир Шах-и Мухаммад, Султан ‘Убайдаллах, Шах Касим, Амир ‘Абд-и Рахман, Шах ‘Абд-и Маннан, Шах ‘Абд-и Фаттах, Махмуд-шах по прозвищу «Аулийа’ Карахан», ‘Абд ал-‘Азиз-хан и Султан Хасан [4, л. 53^{б}–54^{а}].

Третий фактор. Рост значения наемного войска из числа персоязычных жителей края.

‘Алим-хан создал наемное войско, состоявшее из персоязычных горцев Каратегина, Вахана, Дарваза, Шугнана, Бадахшана, Рушана и Хисара, в ханской армии вместо племенного ополчения кочевых племен (илатийа). Оно стало опорой кокандских правителей в их борьбе против сепаратизма кочевых племен и за централизацию власти [19, с. 212].

Четвертый фактор. Активное участие в политической и идеологической жизни страны представителей «белой кости» (ходжа).

Большинство наместников, выступающих за сепаратизм, состояли из кланов саййидов и ходжей. Например, наместник Худжанда и Ура-Тюбе Хан-ходжа, наместник Чуста Бузург-ходжа, правитель Ташкент Йунус-ходжа и др. местные правители принадлежали различным кланам «белой кости». Немалую роль в жизни государства играли местные саййиды из числа потомков Махдум-и А‘зама (ум. в 1542 г.), Ахмада Сирхинди (ум. в 1624 г.), ‘Абд ал-Кадира Джилани (ум. в 1166 г.) и др.

Разработка сакральной генеалогии была одновременно трудным и болезненным процессом. Особенно много было пререканий и противодействия со стороны саййидских кланов и отдельных исламских интеллектуалов. Для их преодоления применялись различные способы и методы убеждений. Например, обнаруживаемые проблемы нестыковки колен (например, на стыке Мухаммада ибн ал-Ханафийа и ‘Абд ал-Фаттаха, Тарагай Нуйана и его родителя, др.) разрешались, например, через легитимацию носителя благородного происхождения по материнской линии через вставление в текст создаваемой генеалогии имени дочери (*бинт*; «приемной дочери», *бинт-и сабаби*) того или иного святого персоны [2, с. 322, 337–341, 343–347].

Сопоставление двух нарративов

Сравнительное изучение ранней версии нарратива «Рассказ об Исхаке Бабе» (XIV в.) [9, том 1, оригинальный текст, с. 91–124; перевод, с. 137–165] и Кокандского нарратива [«Кисса»; 10, оригинальный текст, с. 123–132; перевод, с. 134–144] выявило следующие виды трансформаций:

1. Значительное расширение географии завоеваний, осуществленных со стороны героев нарратива XIV в. за счет действительной внешней экспансии Кокандского ханства, совершенной в XIX в., а именно: а) в сторону Бухарского государства – Хисар, Каратегин, Мачча, Фалгар,

Нур-Ата (10, с. 136–138); б) в сторону таких регионов, как Самарканд, Дизах, Шираз, Мийан-Кал, Ура-Тепа, Худжанд, Исфан, Тикаб, Самгар, Хаш, Чадак, Уйгур, Мургзар, Джас, Гава, Алмас, Арча-Кент, Касан, Исвас-Канд, Кайку; в) Ош, Наукад, Кал-Сузак, Карагина, Кува и др.; г) Кашгар, Йаркент, Хотан, Аксу, Иле, Туббат и др.; д) Чуй, Сыгнак, Талаш/Талас, Нура, Кундузи, Ишил, Иртыш, Тенгиз, Жети-Су, Кух-и Барах и др.; е) Йаси, Суйри, Карнак, Икан, Темир-Куфкан, Багистан, Йети-Канд, Алтмыш, Отрар, Сыгнак и др. [10, с. 138–140].

2. Присвоение врагам Кокандского государства конкретных «обличительных» имен – для левобережья Сырдарьи – *муг* (маги), для правобережья этой реки – *тарса* (христиане), и неверные (*куффар*) вокруг двух городов – Бухары и Самарканда названы иудеи (*йахуд*) [10, с. 140]. Среди врагов ислама появляются много новых имен – Шах Туббат-дар, Куркуз, Карван-Баст и др.

3. Умножение героев – появление Шах-Мансура, третьего сына Имама Мухаммада ибн ал-Ханафийа (ум. в 700–701 г.), других сподвижников трех героев – Хазрат Фарсин, ‘Абдаллах ибн Му‘аз ибн Джабал, ‘Ишкиндж Баб, Бурхан Баб, Карга Баб, Зу-н-Нун Аулийа’, Шах Джарир и др. [10, с. 135–141].

4. Концентрация внимания на личности ‘Абд ар-Рахим Баба из числа трех героев, предка Кокандских ханов, присвоение ему прозвища и титула «Сатук Бугра хан».

5. Появление загадочной фигуры учителя Ахмада Йасави – Арслан Баба, введение рассказа о финике [10, с. 141–144]. Перенесение места рождения великого шайха и его деятельности в Сайрам. Перечисление других наставников Ахмада Йасави – Йусуфа Хамадани, Абу Са‘ид-и Абу-л-Хайр, Шихаб ад-дина Сухраварди и Фахр-и Рази [10, с. 144].

Сопоставление двух нарративов показало, что «Рассказ об Исхаке Бабе» подвергся сильной трансформации в географическом, генеалогическом, мифологическом планах. Такую трансформацию невозможно изучать через посещение и без связи с многочисленными святыми местами, находящимся в этом огромном по масштабам регионе. Она может быть понята в полной мере в широком контексте через привлечение других видов источников – документированных генеалогий, циклов преданий, художественных произведений, устных рассказов, письменных материалов, обнаруживаемых при святых местах Ферганского региона и вокруг него.

Материалы полевых исследований

Во время выполнения нашего проекта «Святые места Ферганской долины» (2002–2006) были установлены следующие факты:

1. При новой персонификации святых мест в кокандский период их переосмысление набирало обороты в сторону их идентификации с именами одной главной ветви героев, упомянутых в кокандской ханской линии генеалогии и нарративе об Исхаке Бабе. Первенство принадлежало родоначальнику этой линии праведному халифу Хазрату ‘Али (656–661). В Ферганской долине были зафиксированы 29 объектов, связанных с именем Хазрата ‘Али. Затем шел его сын Имам Мухаммад ибн ал-Ханафийа, с именем которого связаны четыре объекта [13, с. 35–48].

2. Обогащение первоначального нарратива сюжетами, взятыми из других циклов сказаний вокруг местных святых героев-исламизаторов и сакральных мест, главным образом, Ферганской долины:

а) сюжеты про потомков праведного халифа ‘Усмана ибн ‘Аффана (644–656; Шах Джарир, Шах Фазыл, Биби ‘Убайда), объекты, связанные с культовым центром Сафид-Булан в Алабукинском районе Джалал-абадской области Кыргызской Республики;

б) про ‘Абд ар-Рахмана ибн ‘Ауфа ал-Кураши, ум. в 652 г., сподвижника Пророка, известного святого в горных регионах вокруг Коканда;

в) про «вновь обнаруженных» потомков и родственников Мухаммада ибн ал-Ханафийа (маргеланский святой Шах Мансур ибн Мухаммад ибн ал-Ханафийа; Кутайба ибн Муслим ибн ‘Умар ибн ат-Таглибийа в Джала-кудукском районе Андижанской области; Арслан Баб в Базаркурганском районе Джалал-абадской области; Зу-н-Нун Аулийа’ по прозвищу «Йумалак Шайх Балагардан» в Наманганской области и др.);

г) в структуры письменных нарративов позднего времени были встроены рассказы про посещение мавзолея Ходжа Ахмада Йасави со стороны знаменитых правителей прошлого – Амира Тимура, Мухаммада Шайбани-хана (1500–1510), ‘Абдаллах-хана II (1583–1598) и др. [9,

том 2, с. 218–222, 224, 267, 270, 272; 10, оригинальный текст, с. 123–133; перевод, с. 134–144]. Причем Тауке-хан был представлен в негативном свете [9, том 2, с. 118].

3. Использование факта заключения брака между потомками святых героев для объединения близких по содержанию циклов сказаний (типа «Кисса-йи Шах Джарир», «Кисса-йи Биби Убайда» в рамках единого нарратива:

а) матерью ʻАбд ал-Фаттаха, старшего сына Имама Мухаммада ибн ал-Ханафийа была Биби Шамсийа Хатун, дочь третьего праведного халифа ʻУсмана ибн ʻАффана, похороненного в местности Минг-Шахид в горах Сайрам-Су;

б) мать ʻАбд ал-Джалила – Биби Саййида, дочь таби‘ина Му‘аза ибн Джабала (ум. в 639 г.), по местной версии, похороненного в городе Маргелан;

в) мать Ахмада Йасави – Кара Сач Ана, похороненная в Сайраме, была из числа потомков праведного халифа Абу Бакра ас-Сиддика (632–634) и сестрой фарукида ʻУмара Багистани (XIII в.), родителя Шайхан-Тахура (ум. в 1355 г.) и т. д.

4. Обильное использование религиозных терминов и мотивов религиозной аргументации при описании завоевательных походов древних героев (*газават, дин химайаси, кафирларни иманга да‘ват этсамыз, шари‘ат-и набавийага ривадж берсамыз, шахид* и др.).

Иерархизация святых мест

Со временем в Кокандском ханстве стала слагаться своеобразная иерархия святых мест, соответствующая персонажам из сакральной ханской генеалогии:

1. Центральным *мазаром* становится Му-йи Мубарак в честь Пророка Мухаммада (ум. в 632 г.; селение Овчи в Узбекистанском районе, недалеко от Коканда) [2, с. 644–650].

2. Далее идут четыре самых популярных в Ферганской долине святых места: в) Шах-и Мардан (Хазрат ʻАли; в анклаве Шахимардан Ферганской области Республики Узбекистан); б) Арслан Баб (в Базар-Корганском районе Кыргызской Республики); в) Ахмад-и Аркам у подножия Сулайман-Тоо (в городе Ош Кыргызской Республики); г) Сафид-Булан (Шах Фазил ибн Шах Джарир, герой-завоеватель, потомок третьего праведного халифа ʻУсмана; в Ала-Букинском районе Кыргызской Республики) и т. д.

3. Герои из разных циклов сказаний стали объединяться между собой в одну большую группу через узы родства. В установлении родственных отношений между святыми прошлого интегративную роль стали играть концепции «семи бабов» (*йетти баб*), «одиннадцати ахмадов» (*он бир* Ахмад), «семи братьев» (*йетти ага-ини, огайни*), «семи султанов» (*йетти султан*) и др. Например, в глазах населения святые Султан Байазид Бистами (Бастон Бува в Бувайдинском районе Ферганской области), Султан Махмуд Газнави (в анклаве Сох Ферганской области), Султан Ахмад Йасави стали восприниматься частями единого целого (святые семь султанов). Такими же родственниками стали Ахмад-и Аркам (в городе Ош), Он-Бир Ахмад (в селе Гирван Наманганской области), Ходжа Ахмад Йасави и др. В широкий обиход вошли сакральные одежда-символ (*хирка*, рубище), печать-амулет (*мухр*) и флаг-оберег селения (*байрак*) под названием «Он бир Ахмад» [14, с. 30–33, 144–147].

4. Конъюнктурный рост внимания к святым местам вызвал невероятное развитие и расцвет жанра художественной литературы, который впоследствии получил в советской науке свое невнятное название «народные книги». На самом деле это были чаще всего авторские произведения (эпические легенды, нарративы, дастаны), прославляющие подвиги ранних героев из числа потомков пророка Мухаммада и его сподвижников («Кисса», «Газат-нама», «Джанг-нама», «Мактал-нама», «Зафар-нама», «Вафат-нама» и др.).

Актуализация нового жанра исламской литературы шла одновременно с процессами обнаружения, обустройства и переосмысления истории святых мест и персон из числа героев-исламизаторов, похороненных при них. Вышеупомянутые процессы по «султанизации» (культ *семи султанов*), «ахмадизации» (культ 11 Ахмадов), «бабизации» (культ семи *бабов*) святых мест стали служить своеобразными маркерами кокандской идентичности. Оборудование, расширение и развитие инфраструктуры паломничества (*зийарат*) к той группе сакральных мест, приобретших статус «династийных», «кокандских» святынь, требовали увеличения финансирования, усиления организаторских мероприятий, и конечно, роста круга служителей культа при них (*шыракшы, муджавир, кари*).

Генеалогические документы

Наши исследования выявили два феномена бытования генеалогических документов для XIX в. в среде казахских ходжей (*кожа*):

1) резкий рост по сравнению с другими историческими периодами количества документированных генеалогий ходжей (кожа), составленных и заверенных именно в кокандскую эпоху;

2) вмонтирование в состав генеалогий ходжей-не‘алидов нарратива мухаммад-ханафитов «Рассказа об Исхаке Бабе». Как показывает анализ генеалогических документов, местные кожа были широко привлечены для реализации государственных мероприятий в этом направлении.

Именно в местной среде ходжей заметны следы процессов по «ибнханафизации» документированных генеалогий. Механизм включения в состав генеалогий не‘алидов новых ветвей мухаммад-ханафитов работал через запуск персон женского пола:

1) сводная сестра (*хамшира, емикдаш*);

2) мать (*мадар*);

3) приемная дочь (*бинт-и сабаби, духтар-и сабаби*) и др.

Продолжателями и субъектами таких ветвей, внедренных в древо потомков Ибн ал-Ханафийа, становятся члены других клановых групп «белой кости» (ходжа) – сунаки, бакри/сиддики, ‘умари, саййиды и др.:

1. Бакриды/Сиддики из Сыгнака. Ключевое лицо в таких генеалогиях – бакрид Сулайман Вали, потомок легендарного святого-ученого Хусам ад-дина ас-Сигнаки (ум. между 1311–1315 гг.). Утверждается, что Сулайман Вали был женат на приемной дочери (*бинт-и сабаби*) Ахмада Йасави по имени Биби Джамила. От этого брака родились трое сыновей – ‘Абд ал-‘Азиз Маулави, Маулана Зийа’ ад-дин ас-Сигнаки и Ахмад Ата Карачуки, ставшие основателями новых трех кланов в городе Туркестане. Известно, что их представители занимали главные духовные должности при мавзолее и во всем регионе при Кокандском ханстве – *шайх ал-ислама, накиба и шайх-и ‘азизлар* [15].

2. Потомки Йуваш/Жуас Баба, мавзолей над могилой которого расположен в ауле Жуас-Баб, рядом с Шымкентом. Впоследствии в Ташкенте прославились потомки этого святого – династия муфтиев Бабахановых (1943–1993). Существуют две версии генеалогии: согласно одной, святой происходит от дочери (*духтар*) Мухаммада ибн ал-Ханафийа, по другой, он – потомок самого Имама в седьмом колене, родной брат Исхака Баба [16].

3. Шайхантахуриды Ташкента. В генеалогиях представителей другого могущественного клана *‘умари/шайхан-тахури* Ташкента утверждается, что Шайх ‘Умар Багистани, их родоначальник, приходится родным братом к Кара-Сач Ана (*хамшира, емикдаш*), матери (*мадар*) Ахмада Йасави [17].

4. Занги Ата. При важном святом месте Занги-Ата у его хранителей была обнаружена и изучена родословная, где утверждается, что родная дочь (*бинт-и сулби*) Занги Ата – Биби Джамила была выдана за ‘Абд ал-Малика, потомка Садр Шайха, старшего брата Ахмада Йасави. От их брака родились основатели клана ходжей-держателей (*шыракшы*) данного святого места [18].

Вышерассмотренные и другие документированные генеалогии показывают, что сращенные в «насаб-нама» потомков Мухаммада ибн ал-Ханафийа, теперь уже престижной линии сюзеренов страны, «родственные» ветви других родственных кланов «белой кости» (*ак-суйек*: саййиды, ходжа, махдум-зада, тура, мийан и др.), духовных аристократов кокандского периода, появились в результате процессов распространения и развития очередной новой политической конъюнктуры, сформировавшейся в «золотую эру» кокандских ханов. Логика развития такой политической ситуации создала тот локомотив, который двигал процесс создания и переутверждения новых или переделанных документов на основе старых версий, копий сакральных генеалогий (как утверждается в самих документах – ветхих, соответственно, пришедших в «негодность»).

***Мазары* как центры проведения церемоний**

Анонсирование и утверждение исламской религии в укреплении и расширении кокандской идентичности, в легитимации аннексий новых территорий через «идею возвращения исконных земель мусульман в руки прямых потомков раннеисламских героев», актуализировало

развитие нескольких жанров литературы. Создаются авторские произведения (эпические легенды, нарративы, дастаны) и переводы с других языков (арабского, персидского), прославляющие подвиги ранних героев из числа потомков Пророка Мухаммада и его сподвижников, последователей (*сахаба, табиʻун*).

Изучение сакрального мира на территории бывшего ханства свидетельствует о возникновении принципиально новых черт в культурной политике кокандских ханов, что проявляется в значительной интенсификации в деле организации и проведения мероприятий вокруг сакрально-культовых центров – *мазаров*.

По наблюдениям Бахтияра М. Бабаджанова, *мазары* в Кокандском ханстве были не просто сакральными объектами, но выполняли, по сути, политические задачи. Например, Саййид ʻУмар-хан совершал *зийарат* (паломничество) к мавзолею Ахмада Йасави дважды. Кокандские историки (Исфараги, Хаким-хан, ʻАваз-Мухаммад и др.) отмечали, что ранее эта территория принадлежала Амиру Тимуру, который и возвел *мазар* Ахмада Йасави. В этом контексте посещение *мазара* ʻУмар-ханом преподнесено как *зийарат*/паломничество потомка к святыне своего знаменитого предка. Само завоевание Дашт-и Кипчака выглядит не как интервенция, а как «возвращение» родового владения [2, с. 630]. Как видим, значение знаменитых *мазаров* на территории ханства как особых институтов духовной легитимации тех или иных акций правительства не уменьшилось (например, коронация верховных правителей), если не выросло значительно. Кроме того, ханы предпочитали проводить религиозные и весенние праздники на *мазарах*, сопровождая эти акции обрядом паломничества, выслушиванием жалоб народа, занимаясь раздачей подарков и т. п. Даже завоевание новых территорий обязательно сопровождалось паломничеством на местные *мазары*, пожертвованием имуществ в их пользу (*вакф*), приготовлением благотворительной пищи и пр. [2, с. 630].

Распространение произведений новых жанров исламской литературы шло одновременно с процессами обнаружения, обустройства и переосмысления истории святых мест и персон из числа героев-исламизаторов, похороненных при них. Вышеупомянутые процессы по «султанизации» (культ семи *султанов*), «ахмадизации» (культ 11 Ахмадов), «бабизации» (культ семи *бабов*) святых мест служили своеобразными маркерами кокандской идентичности. Оборудование, расширение и развитие инфраструктуры паломничества к той группе сакральных мест, приобретших статус «династийных», «кокандских» святынь, требовали усиления финансирования, организаторских мероприятий, и конечно, увеличения круга служителей культа при них.

Государственная поддержка культов личностей, фигурирующих в ханской генеалогии, привела к широкой популяризации таких мероприятий, как возведение мавзолеев (*мазар*), выделение *вакфов*, ротация представителей кланов ходжей на духовных должностях. Как показывает изучение генеалогических документов, местные ходжи были широко привлечены для реализации государственных мероприятий в этом направлении. Именно в местной среде ходжей заметны следы процессов по «ибнханафизации» документированных генеалогий. Политическая конъюнктура, установившаяся в результате сакрализации происхождения правящего дома, привела к тектоническим изменениям в среде представителей «белой кости» в Кокандском ханстве и на вновь завоеванных территориях. Они проявились, в первую очередь, в переосмыслении происхождения своего рода. Актуальным становится объяснение своего происхождения не по отцовской линии, а по материнской ветви.

Сохранившиеся элементы ритуальных практик

Зафиксированные нами во время полевых исследований остатки ритуальных практик свидетельствуют о былых пышных церемониях, устраиваемых при государственной поддержке. Такие церемонии организовывались в дни религиозных праздников, по случаю крупных территориальных завоеваний и по другим разным поводам. Они в настоящий момент носят название *сайл* (народные гуляния). В такие дни устраивались посещение главных святынь (*зийарат*) при участии верховного правителя, его вельмож в столице, наместников – на местах. Праздники сопровождались раздачей ритуальной еды (*халим*), подарков, организацией массовых игр, проведением ритуалов (*какил кыркыш*, раздача оберегов и др.) и д. т. Часто государственные руководители дарили списки Корана, другую литературу в библиотеки, оборудован-
دين سوزيني اوقتورغان عدالت ليك عمردور
شريعتني پاس توتقان طريقت نى راست توتقان
حقيقت نى خوب بيلكان عدالت ليك عمر دور
او غلين چارلاب كيتوركان دره اوروب اولتوركان
عادل بولوب يول سورغان عدالت ليك عمر دور
جراح بولوب ياتمغان دين يوليدين قايتماغان
ناحق ايشني ايتماكان عدالت ليك عمر دور
مسكين احمد سن قبل ياد عجزيني سن قيلغيل شاد
خوب سورغاندور عرض داد عدالت ليك عمر دور

Данное произведение практически во всех рукописях представлено как хикмат, принадлежащий Яссави, и состоит из семи бейтов. Однако, в рассматриваемой рукописи этот хикмат начинается со слов (вместо يار приводится в виде ياری)

ايكينچى سى ياری بولغان عدالت ليك عمر دور

Вместо 6-го и 7-го бейтов, завершающих стихотворение, приведены следующие строки:

مسكن غريب قل شريف يازوقينكنى قيلغيل ياد
عادل بولوب سوركيل داد عدالت ليك عمردور

(лист 12[б]), который приписывается как хикмат Кул Шарифа.

Обратим внимание ещё на один хикмат из данной рукописи, имеющий подобные текстовые отличия:

اوچو لانچي يار بولغان عثمان با حيادور
هر نفسده يار بولغان عثمان با حيادور
حق رسول نينك دامادي دينيميزنينك آمادي
بنده لارنينك آزادي عثمان با حيادور
اوقوغاني شاطبي آيت حديث كاتبي
منبر اوزره خاطبى عثمان با حيادور
مناجاتي كوه طور الغانلاري ايكي نور
ايغانلارى برچه در عثمان با حيادور
كوب لار يوردي پياده قويماديلار شهزاده
شهيد بولغاندور انده عثمان با حيادور

Данный хикмат также во всех рукописях, содержащих произведения Яссави, представлен как принадлежащий ему и состоит из шести бейтов. Однако в рукописи № 1801 вместо шестого бейта приведены следующие строки:

مکه ده بار محمد ترکستانده خواجه احمد
یرلقاغای اول احمد عثمان باحیا دور
قل شریف مسکن غریب زاری قیلور یالباریب
حق قبول قیلغایمو دیب عثمان باحیا دور

(лист 12^{б}), который также стал произведением Кул Шарифа.

Обратимся к тексту следующего хикмата, имеющего отличия:

تورتو لانچي يار بولغان شير خدا على دور
هم شير هم نر بولغان شير خدا على دور
ايتكان سوزي رحماني كورسنك يوزي نوراني
كافر لارني قراني شير خدا على دور
همت قورى بيليده موليم يادي كونكليده
ذو الفقاري قوليده شير خدا على دور
مينيب چيقسه دلدله يركه توشار زلزله
كافر لارغه غلغله شير خدا على دور
رحمت قيلغاي بير و بار هرنه قيلسه ايركى بار
خواجه احمد كا مددكار شير خدا على دور

Данный хикмат, начинающийся приведёнными строками и состоящий из пяти бейтов, является одним из известных хикматов, приписываемых Яссави. Он также представлен в рукописи № 1801, однако вместо заключительного, пятого бейта приведены следующие строки:

دين دشمن مقابل قبلدى على نى قاتل
قيلغان هر ايشنى باطل؟ شير خدا على دور
رحم قيلسه بيرو بار هر نه قيلسه ايركى بار
قل شريف كا مددكار شير خدا على دور

(лист 115^{б})

Таким образом, и этот хикмат оказывается приписанным Кул Шарифу.

Хотя, как отмечалось выше, данные хикматы представлены под псевдонимом Кул Шарифа, ни один из перечисленных (приведённых) мудрых изречений не встречается в рукописях, содержащих произведения Кул Шарифа [Маҳмуд ибн Али ас-Саройи, 2025: 448].

Кроме того, существует ещё один известный хикмат, представленный во многих рукописях как произведение, принадлежащее Яссави. Он начинается следующими строками и состоит из двенадцати бейтов:

اون سكيز مينك عالم غه رهبر بولغان محمد
اوتوز اوج مينك اصحابغه رهبر بولغان محمد
يلانكاج آج ليك كا قناعت ليك محمد
عاصي جافي امت كا شفاعت ليك محمد
تونلار ياتيب اويمغان تلاوت ليك محمد
غريب مسكين يتيم كا سخاوت ليك محمد
يولدين ازغان امت كا هدايت ليك محمد
مهيم توسشه هر كيم كا كفايت ليك محمد
ابو جهل لهب كا ملامت ليك محمد
ملامت ني صابوني سلامت ليك محمد
روزه نماز قيلغوچي عبادت ليك محمد
تينماي تسبيح ايتكوچي رياضت ليك محمد
ملعون لعين شيطانغه سياست ليك محمد
شريعت نى يوليغه انابت ليق محمد
طريقت كا راهنما ارادت ليق محمد
حقيقت كه مقتدا اجازت ليك محمد
دعالاري مستجاب اجابت ليك محمد
يمانليق كه يخشي ليك دلالت ليك محمد
توفيق بيركان ظالمغه حلاوتليق محمد
بيش وقت نماز قيلغانده امامت ليك محمد
معراج اشيب بارغانده شهادت ليك محمد
عرش كرسي بازاري عنايت ليك محمد

سكيز بهشت ايكاسي ولايت ليك محمد
مسكين احمد قوليغه كتابت ليك محمد

Данный хикмат также представлен в рукописи № 1801, где он начинается строками (лист 11б):

اون سكيز مينك عالم غه رهبر بولغان محمد

при этом в тексте отсутствуют 17-я строка, а также заключительные 22-я, 23-я и 24-я строки. Вместо последних трёх строк приведена следующая строка (лист 11б):

فرشتهٔ آدم غه سعادت ليك محمد

Таким образом, данный хикмат оказывается одним из произведений, в которых отсутствует псевдоним автора.

В рамках данной статьи мы рассмотрели лишь некоторые из подобных случаев. Исследования в этом направлении продолжаются. Таким образом, очевидно, что рассматриваемые рукописи, хранящиеся в Управлении мусульман Узбекистана, имеют большое научное значение, а их всестороннее и тщательное изучение создаёт предпосылки для правильного решения ряда проблем, стоящих перед современной наукой по изучению творческого наследия Яссави.

Использованная литература

1. “Девони ҳикмат”нинг йиғма-қиёсий матни / тайёрловчи М.Эшмуҳамедова. – Тошкент, 2008.
2. Эшмуҳаммедова М. Бугунги яссавийшуносликдаги долзарб муаммолар // *Milliy Kültür Araştırmaları Dergisi (Mikad)* 2021.Cilt 5 - Sayı 2, S. 116–132.
3. Маҳмуд ибн Али ас-Саройи. Яссавий мактаби шоирлари. – Тошкент: Ўзбекистон, 2025. – 448 б.
4. Абдураҳмон Гўзал. Яссавий “фақрнома”си / Усмонли туркчадан таҳрир ва айрим қисқартиришлар билан ўзбеклаштирувчи: Нодирхон Ҳасан. – Тошкент: Наврўз, 2014.
5. Аҳмад Яссавий. Ҳикматлар / Нашрга тайёрловчи, сўзбоши ва изоҳлар муаллифи Ҳаққулов И. – Тошкент, 1991.
6. Гордлевский В.А. Ходжа Ахмед Ясеви // Избр. соч. Т. II. Москва, 1961.
7. Демидов С.М. Суфизм в Туркменистане // Эволюция и пережитки. Ашхабад, 1978. – С. 84-89, 156.
8. Исломов, А. “Девони ҳикмат” қўлёзмаларида тил хусусиятлари ва уларнинг таҳлили. – Тошкент: Шарқ, 2023.
9. Келдиев Қ. Туркманистонда Аҳмад Яссавийнинг ўрганилиши. – Тошкент, 2001.
10. Ҳасан Н. Яссавийликка доир манбалар ва “Девони ҳикмат”. Филология фанлари бўйича докторлик (DSc) диссертацияси. – Тошкент, 2017.
11. Собрание восточных рукописей Академии наук Республики Узбекистан. Краткий каталог дублетного фонда Т. I. – Ташкент: Фан. 2024. – С. 127, 427, 517, 778, 930, 1059, 1147, 1479, 1538, 1552.
12. Халфаева, З. “Аҳмад Ясавий асарларининг рақамлаштирилиши ва бугунги тадқиқотларга таъсири” // Sharq Tadqiqotlari Jurnali, 2020. №3, – Б. 80–89 б.
13. Хожа Аҳмад Яссавий. Девони ҳикмат (Янги топилган намуналар) / Нашрга тайёрловчи Н.Ҳасан. – Тошкент: Мовароуннаҳр, 2004.
14. Хожа Аҳмад Яссавий. Девони ҳикмат / Тўпловчи ва нашрга тайёрловчилар И.Ҳаққул, Н.Ҳасан. – Тошкент: Мовароуннаҳр. 2006.
15. Ҳаққул, И. Олдингдан оққан сувнинг қадри. 2020. Ziyo.uz.
16. ӨзРFA Шығыстану институтындағы Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінің қолжазба каталогы. Түркістан, 2006.
17. ӨзРFA Шығыстану институтындағы Қожа Ахмет Иасауи хикметтерінің қолжазба каталогы. Түркістан, 2006.
18. Эшмуҳамедова М. “Девони ҳикмат”нинг қўлёзмалари. Филол. фанлари номзоди... дисс. – Тошкент, 1995.
19. Эшмуҳамедова М. “Девони ҳикмат” қўлёзмалари. – Тошкент, 2003.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ «ДИУАНИ ХИКМЕТ» ЕҢБЕГІНІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

SOME ISSUES IN THE TRANSLATION OF KHOJA AHMED YASAWI'S DIWAN-I HIKMET INTO TURKIC LANGUAGES

Кеңшілік Тышхан[1]
Kenshilik Tyshkhan[2]

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы түркі-мұсылман халықтарының рухани, әдеби және тілдік тарихында айрықша орын алады. Оның «Диуани хикмет» жинағы түркі-шағатай тіліндегі діни-сопылық көзқарастың қалыптасу тарихын зерттеуде маңызды жазба мұра болып саналады. Рухани тарихымызда Ясауи хикметтері мұсылмандық-сопылық танымның алғашқы түркі тіліндегі жәдігерлерінің бірі ретінде алар орны ерекше. Қазіргі Қожа Ахмет Ясауи мұрасын зерделеуде басты тақырыптардың бірі Ясауи еңбектерінің аудармалары болып отыр. Жалпы, Ясауи еңбектерінің тілі жайында нақты дәйек келтіру барынша қиын дүние. Түркиялық зерттеуші Кемал Ерарсланның пікірінше, қазіргі айналымда жүрген Диуани Хикмет нұсқаларындағы хикметтер Қожа Ахмет Ясауидің қолданған тілін көрсетпейтіндігі анық[1]. Әрбір көшірме нұсқада көшірушінің немесе сол кездегі өңірде қолданылған тілдік ерекшеліктерге қарай айтылуы (жазылуы) мәселені тіптен күрделендіргендей. Кейінгі кеңестік жүйеге кірген түркі халықтарының тілдері әліппенің бөлінуіне қарай бөлшектеніп кетті деуге болады. Мысалы, «Диуани хикмет» тілінің ерекшеліктеріне қатысты бұрынғы зерттеулерді саралай отырып, шығарма тіліндегі түркі-шағатайлық ерекшеліктермен қатар қазіргі түркі тілдеріне жақын түсініктердің де бар екенін байқауға болады. Бұл құбылыс аудармашы үшін ерекше сақтықты талап етеді, өйткені белгілі бір сөздің қазіргі қазақ немесе өзбек тіліндегі формасына ұқсастығы оның тарихи кезеңдегі мағынасы да дәл сондай болды дегенді білдірмейді. Сондықтан аударма барысында тарихи-салыстырмалы әдістің маңызы көрінеді. Көне сөздің мағынасын анықтау кезінде оның қазіргі тілдегі қолданысын ғана емес, орта түркілік мәтіндердегі қызметін, морфологиялық құрылымын және контекстік мағынасын салыстыру қажет. Көкшетау нұсқасына жүргізілген зерттеулер де «Диуани-хикмет» мәтінінің фонетикалық және грамматикалық қабаттарын тарихи түркі мәтіндерімен салыстырудың қажеттігін көрсетеді[2]. Алайда мысалы сол дәуірде жазылған Құтты білік еңбегімен Диуани-хикмет арасында мазмұндық тұрғыдан да тілдік тұрғыдан да ерекшеліктерді бар екендігі айтылады. Құтты білікте көбінесе қоғамдық қарым-қатынас, тәртіп туралы жазылса Диуани-хикмет жеке адамның рухани кемелдігіне, сопылық мінезге негізделген еңбек. Сондықтан да оның тілінде мұсылман-парсылық сөздер көбірек орын алған деген пікірлер де айтылады. Бұл Қожа Ахмет Ясауи еңбектерінің бір жағы ерекшелігі деуге болады. Мысал үшін Құтты біліктен бір шумақ келтіретін болсақ:

Байат аты бирлә сөзүг башладым
Төрүтген игитген кечүрген идим! [3]
Алла атымен бастадым сөз әлібін,
Жарылқасын, жаратқан бір тәңірім![4]

Фуад Көпрүлі Диуани хикметтің тіліне қатысты жан-жақты көзқарасын білдіре келе: «Алайда Қазіргі қолымыздағы Диуани-хикмет нұсқасы жайында бұл маңызды еңбектің тілдік мәнін нақты көрсету үшін, басылған немесе кейін жазылған нұсқаларды зерделеу емес, бұл кітаптың өте ескі бір нұсқасын табу немесе бұл мүмкін емес болса Ахмет Ясауидің өскен, хикметтерін жазған ортаның қандай тілде сөйлегендігін зерделеу қажет. Осы тұрғыдан Диуани хикметтің тілі «Құтты білікке» қарағанда көбірек араб және ажам (көбінесе иран жерінде өмір сүретіндерге қатысты қолданылған) сөздерімен аралас болуы заңды болар еді» [5,228 б.]. Бұл пікірмен келіспеуге болмайды. «Диуани-хикметтің» аударма мәселесін зерттеудің күрделілігі

[1] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, доцент, филология ғылымдарының кандидаты; Kenshilik76@gmail.com ORCID:0000-0001-6349-4157 ID:57223153169
[2] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Associate Professor, Candidate of Philological Sciences.

де осыдан басталады. Аудармашы тек көне мәтіндегі сөздердің қазіргі тілдегі баламасын табумен шектелмейді. Ол ең алдымен қандай қолжазба нұсқасымен жұмыс істеп отырғанын, сол нұсқаның тілдік ерекшелігін, кейінгі көшірушілердің ықпалын және шығармадағы діни-сопылық ұғымдардың тарихи мағынасын анықтауы тиіс. Демек, «Диуани хикметті» аудару бір тілден екінші тілге қарапайым сөз алмастыру емес, мәтінтану, тарихи тіл білімі, әдебиеттану және аударматанудың тоғысында жүзеге асатын күрделі ғылыми үдеріс.

Түркі-шағатай тілі тіл ретінде толық өзгермегенімен сөздің қолданысы, жазылуы, мағынасына қатысты көп өзгерістер болғаны аян. Тіпті қарапайым құлпытастардағы жазулардың өзінде ғасырлар арасында үлкен қолданыс айырмашылықтары байқалып жатады жатады. Зерттеуші Ислам Жеменей Диуани Хикметтегі сөздерді төрт топқа бөліп зерделеуге болатындығын айтады. 1. Бірінші то түркі тілінің ежелгі сөздері. 2. Түркі сөздерінің екінші тобы, барлық түркі халықтар ортақтаса қазіргі заманға дейін қолданып келеді. 3. Түркі сөздерінің үшінші тобы –«тіркес сөздер». 4. Түркі сөздерінің төртінші тобы: өзге тілден еніп түркіленіп (қазақыланып) кеткен сөздер [6, 141 б.]. Автор осы көзқарастарының жалғасында: « خواجه ليكغه : қожа+лық+қа (хаже-лық+қа): «хаже» парсы сөзі. Ұлық, төре, ауылнай, отбасы, бай, бас уәзір сынды мағынада парсы әдебиетінде қолданылады. Қазақ тілінде «қожа» түрінде жазылып, араб тексті сахабаның руы деп қолданысқа енген. «خواجه مندیب»: қожа+мын+деп (хаже+мін+деп) парсы тілінің жазу таңбасында «уә» түріндені екі таңба «а» болып оқылады. Мәселен: Харезм [6, 143 б.]

Қазіргі кездегі Диуани-Хикмет тіліне келер болсақ, жалпы алғанда түркі-шағатай тілі деп атағанымызбен қыпшақ немесе оғыз диалектісінде жазылған нұсқалар туралы кейбір аудармаларда айтылады. Мәселен, Көкшетау нұсқасының басқа нұсқалардан ерекшелігі ретінде қыпшақ диалектісінде жазылғандығы туралы пікірлер бар. Дегенмен, бұл ақпарат та нақтылауды қажет етеді. Қалай болғанда да әрбір көшіріп жазушы, өзінің кезеңіндегі қолданыста болған сөздерді қосуы немесе өзінің оқығанындай жазуы да мүмкін ықтималдықтардың қатарына жатады. Олай дейтініміз араб графикасындағы түркі-шағатай жазуларының кейінгі жазбаларындағы сөздердің ұқсас оқылуы мәселесі бар.

Енді жоғарыдағы мәселелерге байланысты келесі жағдаяттар туындайды. Қазіргі кезде Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін сұрыптау, олардың санын айқындау мәселесі бір бөлек, ал түркі тілдеріндегі аудармалардың сапасы да маңызды саналады. Мәселен, Түркиядағы Диуани Хикметке қатысты көлемді зерттеу жүргізген Исмайл Таш: «Жұмысымызда сыни мәтіндерде қолданған негізгі нұсқалар Анатолия өңірінде хатқа түскен. Сол себептен сыни мәтін қалыптастыруда Оғұз Түрікшесінің тілдік ерекшеліктері назарға алынды»[7] дейді. Автор, қазіргі мәтіннің оқылуына қатысты көптеген мәселелерге егжей-тегжейлі тоқтала отырып, тілдік талдау жасайды. Дегенмен, нақты нәтижеге жету оңай болмасы анық.

2000 жылы Тегеранның “әл-Худа” баспасынан шыққан Қуанышбек Қари мен Ғалия Қамбарбекқызының аудармасында “1893 жылы Қазан университетінде жарық көрген Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің татарша аудармасы” негізге алынғандығы айтылады. Бірақ, бұл аудармаларда да өте үлкен айырмашылықтар байқалады. Кітаптың кіріспесінде: “Аталмыш алуандық дегенде, айталық, түпнұсқада Құдай Тағала мағынасын беретін “Сұхбанекем” деген сөз бұрынғы аудармада “Сұбхан Ием” деп қазақшаға икемделсе, біз оны “Сұбханекем” деп алдық” -делінеді. Ал бұл Қожа Ахмет Ясауи заманындағы қолданысты білдірмейді[8]. Мысалы:

سبحان ایگام بیر قطره می قیلسه انعام
ذکر سرنی ایته ایته قیلسه تمام
حور وغلمان جمله ملک انگا غلام
اوچماخ ایچره حریر تونلار بیچار دوستلار

Осы жердегі «سبحان ایگام» сөзін «Сұбханекем» деп оқу сияқты[9]. «Ие» сөзі мен «Еге» сөзі қазірдің өзінде қатар қолданылады.

آلتمیش اوچگا یاشیم یتی اوتّوم غافل
حق امرینی محکم توتمای اوزوم جاهل
روزه نماز قضا قیلیب بولدوم کاهل
یمان ایز لاب یخشیلاردین کیچتیم منا

Алпыс үшке жасым жетті, өттім ғапыл,
Хақ әмірін бекем тұтпай болдым жәһил.

Ораза, намаз қаза қылып болдым кәпір,
Иман іздеп жақсыларға жеттім, міне. Болмаса келесі шумақта:

ایمانیمغه چنگال اوروب قیلدی غمناک
پیر مغان حاضر بول دیب ساچتی تریاک
شیطان لعین مندین قاچیب کیتی بییاک
بحمد الله نور ایمان آچتیم منا

Иманыма қол ұрып, қайғы салды,
Пірмұған әзір бол деп апиын шашты.
Шайтан қарғыс мұндан қашып кете барды,
«Бихамдилла» нұрлы иман аштым, міне,[8, 4 б.]-деп аударылған.

Қазақ тіліндегі Диуани-хикметтердің басым бөлігінде осыған ұқсас аудармалар кездеседі. Демек, тікелей тілді түсіну, немесе тек діни ұғымдарды білу жеткіліксіз екендігі анық. Әрі, өзге түркі тілдеріндегі аудармалармен салыстырғанға қазақша аудармалардың әртүрлілігі байқалады. Немесе:

پیر مغان خدمتیده یوگوروب یوردوم
خدمت قیلیب کوزوم یومای حاضر توردوم
مدد قیلدی عزازیل نی قولاب سوردوم
آندین سونگره قنات قاقیب اوچتیم منا

Осы жердегі «مدد قیلدی عزازیل نی قولاب سوردوم» деген жолдарды әркім өзінше оқиды. Бір аудармада: «Әзәзілдің арбауына қыңбай жүрдім»[6,303 б.] деп аударылған. Болмаса, тым әдебилендіріп:

Пірмұған қызметінде зыр жүгірдім,
Күндіз-түн сәтін білмей бір мігірдің.
Аластап албастыны, тірлігімнің,

Түтіні түзу ұшып қайттым міне [10] түрінде аударылған. Дегенмен өзге түркі тілдес халықтардың тіліне аударылған нұсқаларында да назар аударарлық мәселелер жеткілікті саналады. Бұл көбінесе ұқсас сөздердің әртүрлі мағынада қолданылуынан туындап жатса, кейде қарапайым баламасынан ауытқушылық та көрінеді.

Мысалға татар тілінде:

اون سکیز مینگ عالمغه سرور بولغان محمد
اوتوز اوچ مینک اصحاب غه رهبربولغان محمد
یلانغاچ و آچلیقغه قناعت لیغ محمد
عاصی جافی امت غه شفاعت لیغ محمد

Унсигез мең галамне гиздерүче Мөхәммәд!
Утыз өч мең кешене гиздерүче Мөхәммәд!
Ярлылық һәм ачлыкка канәгать Мөхәммәд!

Күңле саф иманлыга шәфкатьле Мөхәммәд! [11] - деп аударылған. Бұл жерде жалаңаштыжарлылық деп аударса, не түркі тілдерінде ұқсас сөздердің түрлі мағынаға келетіндігін көрсетеді немесе عاصی, جافی сияқты сөздердің дұрыс аударылмай қалғандығын көрсетеді. Яки болмаса түрікше:

سنت ایرمیش کافر بولسه بیرمه آزار
کونگلی قاتیغ دل آزاردین خدا بیزار
الله حقی آنداغ قولغه سجّین تیّار
دانالاردین ایشتیب بو سوز ایدیم منا

Sünnettir kafir de olsa, incitmek kusur, günah!
Katı kalplı gönül kıran, senden müştekidir Allah!
Hak şahittir böyle kula, yeri ateştir maazallah!

Duydum bunu alimlerden söylüyorum işte ben[12] – деп аударылған. Бұл жерде «азар» сөзі кемшілік, күнә сөздерімен аударылған. Тіпті мәтінде жоқ артық «маазаллаһ» сияқты сөздер де қолданылған. Азери тілінде:

عمرینگ آخر بولغوسی دور بیر کون تمام
بو ایش بیرلان بارسانگ اگر دار السلام
حلال قویوب بیگان بولسانگ دایم حرام
عذابی نی باریب آنده تارتماق کیراک

Sonunda bir gün olar, bu fani ömrün tamam,
İmanla göçsən qəbrə, bu yurda denir; «Salam!»
Halalı buraxıb da, dünyada yeyərsən haram,
Orada əzabını gedib də çəkmək gərək,[13]-деп аударылған. Бұл жерде екінші жолдағы « بو ایش بیرلان بارسانگ اگر دار السلام» деген сөздер қате аударылғанға ұқсайды. Себебі, мәтінде кездеспейтін қосымша сөздер қолданылғандығы байқалады. Ал қырғыз тілінде:

آلتميش اوچگا ياشيم يتى اوتّوم غافل
حق امرينى محكم توتماى اوزوم جاهل
روزه نماز قضا قيليب بولدوم كاهل
يمان ايزلاب يخشيلاردين كيچتيم منا

Алтмыш үч жашка жеттим, өттүм билбей,
Ак буйругун билип туруп, көзгө илбей,
Амал кылып, намаз оқуп, жолго кирбей,

Акмак издеп, жақшылардан качтым мына [14],-деген формада аударылған. Демек, мәтіннен ауытқу, болмаса ұйқас үшін мағынадан алшақтау барлық дерлік түркі тілдеріндегі аудармаларға тән құбылыс деуге болады.

Біздің негізгі мақсатымыз қолданыстағы Ясауи хикметтерінің қазақша аудармасының бірізділенуі мәселесі. Ясауи хикметтерінің XIX ғасырдан бастап түрлі түркі тілдеріне аударыла бастағандығы байқалады. Ал қазақ тіліне XX ғасырда аударылған нұсқалар таралды. 1993 жылы М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғи аударған нұсқа “1897 жылғы Стамбул нұсқасы” бойынша аударылған. Алайда ол Стамбул немесе Конья нұсқалары 1327/1909 жылы аудырылып Османлыша басылған. Кейінгі көптеген Түркиядағы Ясауи зерттеушілері аталмыш нұсқаларды да негізге алып хикмет аудармаларын жасаған. Түркия сапарында Түркиядағы белгілі Ясауитанушылармен жеке жолығып алғаншқы Диуани-Хикмет нұсқаларының Түркиядағы тарихына қатысты да деректерді жинақтауға тырыстық. Қажы Хасан Шүкри тарапынан аударылған нұсқаның да өзінік ерекшеліктері байқалады. Мәселен, алғашқы хикметтегі «риязат» сөзіне қатысты “رياضتنى قتيغ تارتيب قانلار يوتوب” деген жолды “Риязаты қауи едіп, қанлар иутуб” деп береді. Көп аудармалардағы “қатты тартып” десе, Османлы нұсқасында “қуатты етіп” деп аударылған[15]. Тіпті «Жанды жалдап, қайғы шешіп, қандар жұтып» деп аударылған нұсқалар да бар. Мұндай мысалдар да өте көп. Алдымен аударма мен транскрипцияның арақатынасы мәселесін назарда ұстаған жөн. Сосын аударма мен транскрипцияны шатастырмау. Транскрипция түпнұсқа мәтіндегі сөздер мен ұғымдарды қазіргі графикалық жүйемен көрсетуге бағытталса, аударма олардың мағынасын қазіргі тілде қайта жеткізуді көздейді. Мысалы, ғылыми басылымда алдымен араб графикасындағы мәтін, одан кейін оның ғылыми транскрипциясы, соңында қазіргі қазақ тіліндегі мағыналық аудармасы берілсе, зерттеуші түпнұсқа мен аударма арасындағы айырмашылықты бақылай алады. Ал тек қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаны ұсыну кейбір тарихи тілдік ерекшеліктердің жоғалуына әкелуі мүмкін. Бұл бағытта біраз жұмыстар да жасалған. Түркі тілдеріндегі жарық көрген «Қожа Ахмет Ясауи Университеті» тарапынан жарық көрген еңбектерде осы ерекшеліктер басшылыққа алынған. Бір жоғарыдағы мысалдарда аталмыш еңбектерден пайдаландық. Сондықтан болашақтағы қазақша академиялық басылымдардың құрылымы «түпнұсқа транскрипция сөзбе-сөз түсіндірме әдеби аударма терминологиялық түсініктеме» үлгісінде болғаны жөн. Мұндай модель бір жағынан филологқа мәтіннің тілдік құрылымын зерттеуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан жалпы оқырманға шығарманың мазмұнын түсінуге жағдай жасайды.

«Диуани хикметті» аударудың ғылыми-әдістемелік принциптері. Жоғарыда қарастырылған мәселелерді жинақтай отырып, «Диуани хикметті» қазіргі түркі тілдеріне аударуда бірнеше принципті басшылыққа алу қажет. Біріншіден, мәтінтанулық принцип сақталуы керек. Аударма нақты қолжазба немесе ғылыми негізделген басылымға сүйенуі және оның дереккөзі міндетті түрде көрсетілуі қажет. Екіншіден, тарихи-лингвистикалық принцип маңызды. Көне сөздердің мағынасын анықтауда олардың қазіргі тілдегі мағынасына ғана сүйенбей, тарихи контекстін ескеру керек. Үшіншіден, терминологиялық принцип қажет. Сопылық ұғымдар мүмкіндігінше тұрақты түрде аударылып, бір терминнің әртүрлі жерде кездейсоқ әртүрлі баламамен берілуіне жол берілмеуі тиіс. Төртіншіден, контекстік принцип

сақталуы қажет. Бір сөздің мағынасы оның сөздіктегі алғашқы мағынасымен ғана анықталмайды; хикметтің жалпы мазмұны мен сопылық контексті де ескерілуі керек. Бесіншіден, поэтикалық принцип назардан тыс қалмауы тиіс. Ұйқас, ырғақ, қайталау, параллелизм және образ жүйесі аударманың көркемдік сапасын анықтайтын маңызды факторлар болып табылады. Ясауи мәтіндеріндегі параллелизм мен қайталама құрылымдардың арнайы зерттелуі де шығарманың стильдік жүйесінің күрделілігін көрсетеді. Алтыншыдан, ғылыми түсіндірме принципі қажет. Қазіргі оқырманға түсініксіз діни, тарихи және мәдени ұғымдарға қысқаша түсініктеме берілгені жөн. Әсіресе «Диуани хикмет» сияқты бірнеше ғасыр бойы әртүрлі тілдік ортада көшірілген шығарма үшін түсіндірме аппараты аударманың ажырамас бөлігі болуы керек.

Тұжырымдап айтқанда Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегінің түркі тілдеріне аударылуында бірнеше түйінді мәселе бар. Алдымен мәтіннің түпнұсқалығын барынша қазіргі табылған қолжазбалармен салыстыра отырып анықтау мәселесі бар. Еңбектің кейінгі ғасырларда көшірілген көптеген қолжазба нұсқалары бар. Олардың арасында мәтіндік, лексикалық және композициялық айырмашылықтар кездеседі. Сондықтан аудармашы алдымен қай нұсқаны негізге алатынын анықтауы қажет. Екіншіден, тілдік қабаттардың араласуы. Ясауи хикметтерінің тілі қазіргі қазақ, өзбек, түрік, азери, қырғыз, татар және басқа түркі тілдеріне бірден сәйкес келе бермейді. Мәтінде орта түркілік тілдік белгілермен қатар араб және парсы тілдерінен енген сөздер көп кездеседі. Осыған байланысты бір сөздің тарихи мағынасын қазіргі тілдегі мағынасымен сәйкестендіре аудара салу қате түсінікке әкелуі мүмкін. Қазақ, өзбек, түрік және басқа тілдердегі аудармаларда ортақ түркілік лексиканың болуы аударманы жеңілдеткенімен, әр тілдің қазіргі семантикалық нормалары әртүрлі. Мысалы, көне түркі дәуіріндегі белгілі бір сөз қазіргі қазақ тілінде сақталғанымен, оның мағынасы өзгеруі немесе тарылуы мүмкін. Үшіншіден, сопылық, тасаууфи терминдерді аудару мәселесі. Жоғарыда да тоқталғанымыздай «риязат», «нәпсі», «зікір», «мағрифат», «хал», «фана», «ишқ», сияқты ұғымдардың әрқайсысы сопылық дүниетанымда арнайы мағынаға ие. Сондықтан кей жағдайда терминді түпнұсқада сақтау және түсіндірме беру тиімді. Төртіншіден, поэтикалық ерекшелікті сақтау да қажет. «Диуани хикмет» жай діни-философиялық еңбек емес, рухани-әдеби шығарма. Аударма кезінде мағынамен бірге ұйқас, ырғақ, қайталау, дыбыстық үйлесім және бейнелеу мәселесі туындайды. Сөзбе-сөз аударма түпкі мағынаны сақтағанымен, өлеңнің көркемдік әсерін әлсіретуі мүмкін; ал еркін аударма поэтикалық тұрғыдан ұтымды болғанымен, түпнұсқадан алшақтап кетуі ықтимал. Бесіншіден, діни-мәдени контексті назарға алған жөн. Хикметтерді дұрыс түсіну үшін XII ғасырдағы түркі-мұсылман қоғамының дүниетанымын, исламдық терминологияны және сопылық дәстүрді ескеру қажет. Сондықтан «Диуани хикметті» тек тілдік тұрғыдан емес, тарихи, діни-философиялық және әдеби контекстте аудару маңызды.

Қорытындылай айтқанда, қазақ тілі үшін «Диуани хикметтің» орны ерекше, өйткені Ясауи мұрасындағы көптеген сөздер мен тіркестер қазақ тілінің тарихи лексикасымен сабақтас. Сондықтан, қазақша аудармада түпнұсқаға жақын көне сөздерді сақтау белгілі бір дәрежеде маңызды болар. Бірақ, қазіргі оқырманға түсініксіз діни-сопылық терминдерге ғылыми түсініктеме беру қажет. Осы бағытта Түркиялық зерттеуші профессор Исмайл Таш, Өзбекстандық зерттеуші Нодирхон Хасан және т.б. зерттеушілердің қазіргі салыстырмалы жинақтары мен тілдік ерекшеліктерін зерделеу Ясауи хикметтерінің аудармаларының бірізділенуіне өз үлесін қосады деп сенеміз. Қарахан дәуірі жазба әдебиетінің салыстырмалы түрде зерделенуі де бұл мәселеде маңызды қадам саналады. Жалпы алғанда, «Диуани хикметтің» сапалы ғылыми аудармасы үш негізгі талапқа сүйенуі тиіс: сенімді мәтіндік негіз, тарихи-лингвистикалық дәлдік және сопылық-көркемдік мазмұнды сақтау. Осы талаптар біртұтас жүйеде жүзеге асқан жағдайда ғана Ясауи мұрасын қазіргі түркі оқырманына бұрмаламай әрі ғылыми тұрғыдан негізді түрде жеткізуге мүмкіндік туады. Болашақта «Диуани хикметтің» негізгі қолжазба нұсқаларын толық салыстырып, олардың мәтіндік айырмашылықтарын көрсететін көпнұсқалы ғылыми басылым әзірлеу өзекті. Мұндай басылым кейін қазақ, түрік, өзбек, қырғыз, татар, түркімен және басқа да түркі тілдеріндегі жаңа аудармалардың ғылыми негізін күшейтер еді. Бұл бағыттағы зерттеулер Ясауи мұрасын жеке

бір халықтың ғана емес, ортақ түркі әдеби-мәдени, діни-рухани кеңістігінің ескерткіші ретінде тереңірек тануға мүмкіндік берер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Eraslan, K. «Dîvân-ı Hikmet». TDV İslâm Ansiklopedisi. İstanbul: Türkiye Diyanet Vakfı İslâm Araştırmaları Merkezi, 1994. 429–430-бб.
2.Petek, E., Dağıstan, S. «Dîvân-ı Hikmet'in Yeni Bir Nüshası: Kökşetav Nüshası». Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi.
3.Hulya Savran. Kutatgu Biligde Tanrı ve özellikleri. – İstanbul 2010. -31 s.
4.Баласағұн Ж. Құтты білік. Алматы: «Мазмұндама» қоғамдық қоры, 2022. – 12 б.
5.Fuad Köprülü. Türk Edebiyatında ilk Mutasavvıflar. –İstanbul 2025. 228 s.
6.Заман мен мәдениет диалогындағы Ясауи мұрасы: гуманистік бағыт-бағдар мен заманауи сын-қатерлер/Халықаралық симпозиум материалдары. –Түркістан 2025. -145 б.
7.İsmail Taş. Divan-i Hikmet.– Стамбул 2026. -65 б.
8.Қожа Ахмет Иасауи. Диуани Хикмет (Даналық кітабы). –Тегеран. «Әл-Худа» 2000. В-бет.
9.Ясауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. ауд. И.Нұрахметұлы. –Астана, 2016. -11 б.
10.Ясауи Қ.А. Диуани Хикмет. Даналық кітабы. –Астана: «Arman PV baspasy», 2023. – 53 б.
11.Хужа Әхмәт Ясави. Ред. Нәждәт Тосун. – Анкара, 2020. -53 б.
12.Ahmet Yesevi.edit. Necdet Tosun. –Ankara 2026. -73 s.
13.Xoca Əhməd Yasəvi. Redaktör. Necdet Tosun. –Ankara 2018. -105 s.
14.Кожо Ахмат Ясавий. Дивани Хикмат. Которгон: Молдо Сабыр Досбол уулу. –Бишкек, 2019. – 49 б.
15.Tercume-i Ahmet Yesevi. Mütercim Hacı Hasan Şükri. – İstanbul. 1327h. – 6 s.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ КӨРІНІСІ: ТӘУБЕ,САБЫР ЖӘНЕ РУХАНИ ТАЗАРУ

THE REFLECTION OF SPIRITUAL AND PSYCHOLOGICAL STATES IN THE WORKS OF KHOJA AHMED YASAWI: REPENTANCE, PATIENCE AND SPIRITUAL PURIFICATION

Мухлиса Сайдулақызы Утегенова[1]
Mukhlisa Saidulakyzy Utegenova[2]

Кіріспе

Адамның ішкі әлемі, оның рухани ізденісі, өмірлік қиындықтарға қатынасы және эмоциялық жағдайы, дінтану, философия, әдебиеттану және психология ғылымдарының тоғысындағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып табылады. Әсіресе діни дүниетаным адамның өміріне мән беріп, оның морольдық таңдауына, қиындықтарды қабылдауына және өзіндік бағалауына ықпал ететін фактор ретінде қарастырылады.

Ислам әлемінде адамның ішкі дүниесіне қатысты мәселелер сопылық әдебиеттерінде ерекше көрініс табады. Сопылық дәстүр адамның сыртқы әрекетімен қатар оның оның ниетіне, жүрек жағдайына, нәпсісіне, рухани тәжірибесіне және Алламен қарым-қатынасына ерекше назар аударады. Осы тұрғыда аталған, сопылық еңбектер адамның рухани-психологиялық жағдайларын тарихи-мәдени контексте зерттеуге мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының рухани мәдениетіне Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылық мұрасы ерекше әсер етті. Оның есімі түркі-мұсылман әлеміндегі сопылықтың қалыптасуы мен таралуымен тығыз байланысты. Ясауидің хикметтері діни, сопылық және морольдық мазмұнды халыққа түсінікті тілде жеткізуге бағытталған. Зерттеушілер “Диуани хикмет” түркі халықтарының әдебиеті мен рухани мәдениетінің қалыптасуына елеулі ықпал еткенін атап көрсетеді [1, 184-194 бб.].

Қазіргі зерттеулерде Ясауи мұрасы көбіне философия, дінтану, түркітану және әдебиеттану тұрғысынан қарастырылады. Мәселен, Р.С. Тұрсынбек Ясауи хикметтеріндегі имандылық, адамдық мұрат, сопылық идеялар және исламдық тәрбиелерді талдайды [2, 135-137 бб.]. Ал О. Сапашев Ясауи шығармаларымен мен сопылық дәстүрдің қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің қалыптасуындағы орнын қарастырды [1, 184-186]. Ясауи дүниетанымының сопылық негіздерін арнайы зерттеген еңбектерде оның рухани кемелділікке, адалдыққа, адамгершілікке, ізгілікке және төзімділікке шақыратын идеялар көрсетіледі [3, 81-84 бб.].

Осы мақалада Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылық мұрасындағы тәубе, сабыр және рухани тазару ұғымдары адамның ішкі рухани - психологиялық жағдайларын сипаттайтын негізгі бағыт ретінде қарастырамыз.

Зерттеудің мақсаты - Қожа Ахмет Ясауи еңбектеріндегі тәубе, сабыр және рухани тазару ұғымдарын талдау және олардың адамның рухани-психологиялық жағдайларына әсерін көрсету.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, мәтіндік талдау және дінтанулық интерпритация әдістері қолданылады.

1. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымындағы адамның ішкі әлемі.

Қожа Ахмет Ясауи XII ғасырдағы Орта Азияның діни және рухани өмірінде маңызды орын алған тұлға. Оның шығармашылық мұрасын түркі халықтарының исламдық

[1] Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, “Дін психологиясы” мамандығының 2 курс магистранты, Астана қаласы e-mail: utegenova.mukhlisa@mail.ru

[2] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Second-Year Master’s Student in the Religious Psychology program.

дүниетанымының қалыптасуына ықпал етті. Ясауидың “Диуани хикмет” сопылық идеяларды түркі тілдерінде жеткізуімен ерекшеленеді.

Зерттеуде хикметтердің негізгі мақсаттарының бірі тұлғаның діни - моральдық тәрбиесін қалыптастыру болғаны көрсетіледі. С. Тосун “Диуани хикмет” діни-морольдық негіздерді халыққа түсіндіруге бағытталған тәрбиелік еңбек ретінде сипаттайды [4]. Оның мазмұнында Құран мен сүннетке негізделген діни-этикалық ұстаеымдар, адамның рухани жолы және өзін тәрбиелеуі көрініс табады.

Ясауи дүниетанымында адамның рузани әлемін сыртқы әрекеттен бөлек қарастырмайды. Адамның ісі мен сөзі оның ішкі дүниесімен байланыстырады. Сондықтан тұлғаның кемелденуі оның жүрегін тәрбиелеуден, өзінің рухани жағдайына есеп беруімен және нәпсісін бақылауда ұстауынан басталады.

Ясауи хикметтерінде «хикмет» ұғымы тек даналық мағынасында ғана емес, адамның рухани ізденісі, өзін-өзі тануы және сопылық тәжірибесімен байланысты кең мағынада қарастырылады [6, 687–690 бб.].

Ясауи шығармаларындағы адамның ішкі әлемін бірнеше негізгі бағыттар арқылы түсіндіруге болады: жүрек, нәпсі, рух, зікір, сабыр, рухани тазару, ниет және шүкір.

Осылардың ішінде нәпсімен күрес мәселесі маңызды орын алады. Сопылық әлемінде нәпсі адамның рухани дамуына кедергі келтіретін құмарлықтар мен төменгі ұмтылыстардың көрінісі ретінде көрсетіледі. Сондықтан нәпсі тәрбиелеу адамның өзін-өзі жетілдіру жолындағы маңызды алғашқы қадам болып саналады.

Қазіргі психология тұрғысынан бұл құбылысты адамның өзін өзі бақылау, эмоциясын басқару және мінез-құлқын көркем басқару мәселелерімен салыстырып қарастыруға болады. Дегенмен Ясауидегі нәпсі ұғымын қазіргі психологиядағы бір терминмен теңестіру мүмкін емес. Себебі оның мағынасы ең алдымен діни-сопылық дүниетанымға негізделген.

Ясауи дүниетанымының тағы бір ерекшелігі - адамның ішкі өзгерісін бір реттік құбылыс емес, үздіксіз рухани тәрбие ретінде қарастыруынада.

Бұл үрдісте тәубе адамның өз қателігін мойындауына, сабыр рухани жолдағы тұрақтылығына, ал рухани тазару ішкі өзгерістің нәтижесіне айналады.

2. Тәубе - рухани өзгерістің бастауы.

Ислам дүниетанымындағы тәубе адамның жасаған қателігіне өкініп, Аллаға қайта бет бұруын білдіреді. Сопылық әлемінде тәубе тек күнәдан бас тарту ғана емес, адамның өзінің ішкі жағдайын қайта қатарып, рухани бағытын өзертуын айтамыз.

Ясауи хикметтерінде адамның өзіне есеп беруі, дүниелік құндылықтарға сын көзбен қарауы және нәпсімен күресуі маңызды орын алады. Бұл Ясауи еңбектерінде рефлексиялық сипаттардың бар екенін көрсетеді.

Тәубе адамның рухани-психологиялық жағдайы ретінде қарастырғанда оны бірнеше кезеңке бөлеміз.

Бірінші кезең- өзін тану. Бұл кезеңде адам өзінің әрекеттеріне сырттай қарауға тырысады. Ол өзінің әлсіз тұстарын, қателіктерін және ішкі қайшылықтарын анықтайды.

Екінші кезең- қателікті мойындау. Бұл кезеңде адам жауапкершілікті сыртқы факторларға ғана аудармай, өзініңде рөлін түсінуге тырысады.

Үшінші кезең - өкіну және түзелуге ниет ету.

Тәубенің ерекшелігі- оның тек өткенге бағытталмауында. Яғни шынайы тәубе болашаққа бағытталған өзгеріс ниетінде қамтиді.

Төртінші кезең- рухани бағыттың өзгеруі. Ал бұл кезеңде адам өзінің бұрынғы амалдарын ұайта қарастырып, өмір салтын діни моральдық құндылықтарға сәйкестендіруге тырысады.

Осы тұрғыда алғанда тәубенің шарттары, ең алдымен өзін тану, мойындау, өкіну, өзгеріске ниет ету және рухани қайта бағдарлану.

Бұл шарттар қазіргі таңда дін психологиясында адамның діни тәжірибесін зерттеуде өте маңызды орын алады.

Ясауи үшін тәубе адамның Алламен қарым-қатынасын қалпына келтіруге бағытталған рузани тәрбие. Сондықтан оның психологиялық мазмұны діни контекстпен бірге қарастырылады.

Тәубе барысында адам өзінің әлсіздігін мойындайды. Бұл жерде адамның өзін толықтай мінсіз деп қабылдауы емес, керісінше өзінің шектеулі екенін түсінуі маңызды. Сопылық дүниетанымында бұл ұстаным адамдағы тәкәппарлықты төмендетіп, рухани жауапкершілігін арттырады.

Ясауи шығармашылығындағы тәубе ұғымы осылайша адамның өзін-өзі бақылауы мен рухани өзгерісінің бастапқы қадамы ретінде сипатталады.

3. Сабыр- рухани тұрақтылықтың негізі.

Ясауи шығармаларындағы негізгі рухани категориялардың бірі- Сабыр.

Ислам әлемінде сабырды тек қиындыққа үнсіз төзу деп түсіну қате. Сабыр адамның қиындыққа тап болған жағдайда өзінің рухани бағытын сақтау, эмоциясын бақылау және мақсатынан бас тартапау ретінде көрініс табады.

Ясауи дүниетанымында адамның рухани жолы қиындықсыз, сынаұсы болмайды. Рухани ізденісте адам өзінің нәпсісімен, әлдіздіктерімен және дүниелік құмарлықтарымен күреседі.

Осы тұрғыда сабыр адамның рухани тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Сабырдың психологиялық мазмұнын үш түрлі деңгейде көрсетуге болады:

1. Эмоциялық деңгей. Адам ашу, қайғы, қорқыныш сияқты сезімдер пайда болған кезде оны бақылауға тырысады.

2. Мінез-Құлық деңгей. Адам кез келген қиындықтарға қарамай өзінің мақсатына сәйкес әрекет етуді жалеастырады.

3. Рухани деңгей. Адам сынақ жағдайында өзінің діни сенімін және моральдық ұстанымдарын сақтайды.

Бұл үш деңгей бір-бірімен тығыз байланысты.

Ясауи үшін сабыр адамның Аллаға деген сенімімен сабақтас. Сондықтан сабырды қазіргі психологияда “стресске төзімділік” немесе “эмоцияны реттеу” ұғымдарымен толық теңестіруге болмайды. Бірақ бұл ұғымдастыр өзара салыстырып зерттеу жүргізуге болады.

Мысалы, қазіргі психологияда адамның қиын жағдайға бейімделу, өмірлік мағына табу және эмоцияны реттеу зерттеудің негізгі объектілері болып табылады. Дін психологиясы осы процестерге діни сенім мен рухани тәжірибенің ықпалын қарастырады.

Ясауи дүниетанымындағы сабар осы тұрғыдан қызықты зерттеу нысаны болып табылады.

Сабыр адамға бір сәттік эмоция мен саналы шешімнің арасындағы аралықты сақтауға мүмкіндік береді. Адам қиындыққа тап болғанда бірден эмоцияға беріліп әрекет етудің орнына оны қабылдап, ойланып, өзінің құндылықтарына сәйкес жауап беруге тырысады.

Осы мағынада сабыр адамның рухани өзін - өзі реттеуінің бір көрінісі ретінде қарастырылуы мүмкін.

4. Рухани тазару және нәпсімен күрес

Ясауи шығармаларындағы маңызды мәселелердің бірі рухани тазару.

Сопылық дәстүрде рухани тазару адамның жүрегін қызғаншақ, рия, тәкәппарлық, дүниеқұмарлық және басқа да моральдық жағымсыз қасиеттерден арылту үдерісі ретінде түсіндіріледі.

Ясауи шығармаларында адамның ішкі дүниесі мен сыртқы көрінісі арасында айырмашылық болуы мүмкін екені көрсетіледі. Адам сыртқы жағынан діни амалдарды орындағанымен, оның ішкі ниеті мен жүрек жағдайы басқа болуы ықтимал.

Осы жерде рия мәселесі туындайды.

Рияадамның жақсы әрекетті адамдардың мақтауы немесе мойындауы үшін жасауы. Сопылық тұрғыдан қарағанда бұл адамның ниетінің тазалығына қатысты мәселе.

Қазіргі психология тұрғысынан рия мәселесін әлеуметтік мойындалуға қажеттілік, сыртқы бағалауға тәуелділік және өзіндік құндылықты сыртқы пікір арқылы анықтау мәселелерімен салыстыруға болады.

Алайда мұндай салыстырудың шартты екенін ескеру қажет.

Ясауи дүниетанымында рухани тазару ең алдымен Алланың разылығына бағытталған ішкі құндылықтар.

Бұл өзгеріс нәпсімен күрес арқылы жүзеге асады.

Нәпсімен күрес бір сәттік әрекет емес. Ол адамның күнделікті өміріндегі өзін бақылау, дүниеге деген қатынасын қайта қарау және мінезіндегі жағымсыз қасиеттерді түзету үдерісін қамтиды.

Ясауи шығармашылығында рухани кемелдену адамның өзгелерден жоғары тұруымен емес, өзінің нәпсісін жеңуімен өлшенеді.

5. Жүрек ұғысы және рухани-психологиялық жағдай

Ясауи шығармаларында "жүрек" ұғымы ерекше орын алады. Сопылық дүниетанымында жүрек адамның рухани әлемінің орталығы ретінде түсіндіріледі. Сондықтан да жүректің ояуы, жүрек тазалығы, жүректің дүниеге тәуелділігі және жүректің зікірге бейім болуы секілді мәселелер кеңінен қарастырылады.

Ясауи хикметтеріндегі символдық тілдің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдар сопылық әдебиетте адамның сезімі мен рухани тәжірибесін жеткізу үшін символдық тәсілдердің кең қолданылатынын атап өткен. [5, 157-160 бб.] .

Қазіргі психологияда жүрек ұғымы эмоция немесе психика ұғымымен тікелей теңестіруге келмейді. Дегенмен ол адамның ішкі рухани әлемін сипаттайтын маңызды бағыт болып табылады.

Ясауи үшін адамның сыртқы әрекеті мен ішкі ниеті өзара сәйкес болуы қажет.

Мысалы, адам жақсылық жасағанмен, оны мақтану үшін жасаса, сыртқы әрекет пен ниет арасында қайшылықтар пайда болады.

Осы тұрғыда рухани тазару адамның сыртқы амалдарын ғана емес, сонымен қатар ниетінде өзгертуге бағытталған. Бұл мәселе қазіргі дін психологиясында діни мотивациямен сәйкес келеді.

Діни әрекеттердің ішкі мотивациясы қандай? Тұлға діни амалдарды не үшін орындайды? Оның амалдарының сыртқы әлеуметтік ортаға әсері қандай? Сенім адамның жеке құндылықтарына қалай әсер етеді?

Бұл сұрақтар Ясауи мұрасын қазіргі дін психологиясы тұрғысынан зерттеудің перспективалық бағыттарын көрсетеді.

6. Тәубе, сабыр және рухани тазарудың өзара байланысы.

Тәубе, сабыр және рухани тазару Ясауи дүниетанымында бір - бірімен тығыз байланыста. Олар адамның рухани өзгеруіне тікелей ықпал етеді.

Адам ең алдымен жасаған өателіктері үшін тәубе етеді, артында кез келген жағдайға сабырмен қарауды үйреніп рухани тазарады. Ал рухани тазарған адам кемелділікке жетеді.

Тәубе- адамның өзінің рухани жағдайын түсінуінен басталады. Ал сабыр- сол өзгеріс жолында тұрақты болуға мүмкіндік берсе, рухани тазару- ұзақ мерзімді рухани тәрбиенің нәтижесінже қалыптасады.

Рухани кемелдену- адамның Аллаға, өзіне және қоршаған ортаға қатынасы.

Бұл процесті дін психологиясы тұрғысынан қарастырған адамның діни тәжірибесі, мінез-құлық және эмоциялық жағдайларымен байланыстыра зерттелуі мүмкін.

Мысалы, тәубе адамның өткен әрекеттеріне рефлексия жасалуымен байланысты болса, сабыр адамның қазіргі қиындықтарды қабылдауымен байланысты. Ал рухани тазару болашаққа бағытталған тұлғалық және құндылықтың өзгерісті қамтиды.

Қорытынды

Қожа Ахмет Ясауи шығармашылық мұрасы түркі-мұсылман руханиятында алатын орны ерекше. Еңбектерінда адамның ішкі дүниесін зерттеу тұрғысында да құнды дереккөз болып табылады.

“Диуани Хикметтегі” тәубе, сабыр және рухани тазару ұғымдары адамның рухани-психологиялық жағдайларын сипаттайтын өзара байланысты бағыттар ретінде көрінеді.

Тәубе- адамның ішкі жағдайын мойындауы, қателігін түсінуі және Аллаға қайта бет бұруы арқылы рухани өзгерістің алғашқы бастауын білдіреді.

Сабыр- сол өзгеріс жолындағы тұрақтылықты қамтасамыз етедін ұғым. Ол адамның кез- келген қиын жағдайда өзінің діни- моральдық бағыттарын сақтауға көмектеседі.

Рухани тазару- адамның ішкі жан дүниесін жүйелі түрде тәрбиелеуінің көрінісі. Ол жүректі тазартуды, ниетті түзетуды, нәпсімен күресіп моральдық қасиеттерді қалыптастыруды қамтиды.

Осы үш ұғымды өзара байланыстыра қарағанда, Ясауи дүниетанымындағы адамның рухани өзгеру моделін шартты түрде көре аламыз. Дегенмен, Ясауи мұрасындағы діни-сопылық ұғымдар қазіргі психологиямен толық теңесиіру дұрыс емес. Оларды тарихи діни контекстін сақтай отыра, дінтанулық, психологиялық тұрғыдан салыстырмалы зерттеу қажет.

Ясауи мұрасындағы рухани тәрбие адамның ішкі дүниесін жетілдірумен, нәпсіні тәрбиелеумен және рухани кемелденуге ұмтылумен тығыз байланысты [7].

Зерттеу нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи шығармаларындағы тәубе, сабыр және рухани тазару адамның рухани тәжірибесін, моральдық өзін-өзі бағалауын, нәпсімен күресін және ішкі өзгерісін түсіндіретін маңызды категориялар екені анықталды.

Осыған байланысты Ясауи мұрасын дін психологиясы тұрғысынан әрі қарай зерттеу исламдық рухани тәжірибенің психологиялық қырларын түсінуге, түркі-мұсылмандық рухани дәстүрдің ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан жүйелеуге және діни тәжірибе мен адамның психологиялық жағдайының байланысын зерттеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Sapashev O. The works of Yasawi and the Sufi movement as the basis of Kazakh literature and literary language // Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. PHILOLOGY Series. – 2024. – №3 (148). – P. 184–194.
2. Тұрысбек Р.С. Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі адамдық мұрат пен имандылық негіздері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №1 (142). – Б. 134–145.
3. Kopbayeva Z., Abdrasilova G., Beisenbekova G. Қожа Ахмет Ясауи және сопылық дүниетаным // Uluslararası Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi. – 2025. – Cilt 8, Sayı 2. – Б. 81–92.
4. Tosun C. Education in Divan-i Hikmet of Hodja Ahmad Yassawi // Diyanet İlmi Dergi. – 2016. – Vol. 52. – №4.
5. Levent Abul L. Ahmed Yesevî’nin Dîvân-ı Hikmet’inde Sembolik Dil // Diyanet İlmi Dergi. – 2017. – Vol. 53. – №1
6. Zafar A.B. The Concept of Ḥikma in Sufi Lore: A Brief Case Study of Khoja Aḥmad Yasawi’s Divān-ı Ḥikmat // Ondokuz Mayıs Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi. – 2025. – №59.
7. Қожа Ахмет Ясауи және оның хәл ілімі // Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы. – 2025.

СЫР БОЙЫ – ИСЛАМ СӘУЛЕТІНІҢ ТАРИХИ КЕҢІСТІГІ: КӨНЕ КЕСЕНЕЛЕР МЕН МЕШІТ-МЕДРЕСЕЛЕР

SYR DARIA REGION – HISTORICAL SPACE OF ISLAMIC ARCHITECTURE: ANCIENT MAUSOLEUMS AND MOSQUE-MADRASAS


Салтанат Ералиева[1]
Saltanat Eralieva[2]

Кіріспе

Сырдария бойы – Қазақстан аумағындағы көне қалалық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуын зерттеуде маңызды тарихи кеңістіктердің бірі. Өзен аңғары суармалы егіншілікке қолайлы табиғи орта қалыптастырса, өзен бойындағы жолдар сауда және мәдени байланыстардың дамуына ықпал етті. Сыр бойындағы ортағасырлық қалалардың Ұлы Жібек жолы жүйесімен байланысы олардың тек экономикалық орталық емес, әртүрлі мәдениеттер тоғысқан кеңістік болғанын көрсетеді [1, 22-39 б.].

Бұл дерекке назар аударсақ, Сыр бойындағы қалалардың маңызын тек сауда қызметімен түсіндіру жеткіліксіз екені байқалады. Керуен жолдары арқылы тауармен қатар адамдардың дүниетанымы, діни түсініктері, көркемдік талғамы және құрылыс тәжірибесі де тараған. Осы тұрғыдан ислам сәулетінің қалыптасуын Сыр бойындағы жалпы қалалық мәдениеттің дамуымен байланыстыра қарастырған жөн.

Отырардың қалаық кеңістігі. Отырар - Сыр бойындағы ортағасырлық қалалардың ішіндегі археологиялық тұрғыдан терең зерттелген ескерткіштердің бірі. Археологиялық зерттеулер қала аумағында тұрғын үйлермен қатар қоғамдық және өндірістік құрылыстардың болғанын көрсетеді [2, 81 б.]. Бұл мәлімет Отырардың қарапайым қоныс деңгейінен әлдеқайда күрделі құрылымға ие болғанын аңғартады. Қаладағы қызметтердің әртүрлі бағытта ұйымдастырылуы оның ортада діни ғимараттардың пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес, қаланың ішкі даму заңдылығынан туындаған үдеріс деп есептеуге болады. Отырардың кейінгі ортағасырлық тарихы да қаланың өңіріндегі орнының маңызды болғанын көрсетеді. XIII-XV ғасырлар аралығындағы Отырарға қатысты археологиялық және тарихи материялдар қала өмірінің түрлі саяси өзгерістер жағдайында жалғасқанын көрсетеді [3, 73-89 б.]. Бұл деректерге сүйенсек, Отырар мәдениетінің басты ерекшеліктерінің бірі-тарихи сабақтастық деп айтуға болады. Қаланың саяси жағдайы төзгергенімен, оның қалалық дәстүрлері бірден жойылып кеткен жоқ. Мұндай сабақтастық діни және сәулеттік мәдениеттің де біртіндеп орнығуына жағдай жасаған.



[1] “Әзірет Сұлтан” Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК, Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан, ғылыми қызметкер, дінтану магистрі; E-mail: Sako-117@mail.ru, ORCID iD: https://orcid.org/0009-0006-5311-1291

[2] “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Yasawi Research Center; Turkistan, Republic of Kazakhstan, Researcher, Master in Religious Studies.

Жергілікті құрылыс дәстүрі және ислам сәулеті. Сыр бойындағы ислам сәулетін зерттеген кезде оны тек ислам әлемінен келген дайын архитектуралық үлгілердің нәтижесі ретінде түсіндіру дұрыс емес. Оңтүстік Қазақстандағы отырықшы қоныстар мен қалалардың даму тарихы бұл өңірде исламға дейін де өзіндік құрылыс мәдениетінің қалыптасқанын көрсетеді [4, 114 б.]. Осы деректі талдай отырып, ислам сәулетінің жергілікті ортаға бейімделу үдерісіне ерекше назар аударуға болады. Жаңа діни талаптар бұрыннан қалыптасқан құрылыс тәжірибесімен ұштасып, өңірдің табиғи жағдайына және қолда бар құрылыс материалдарына бейімделген. Сондықтан Сыр бойындағы мешіттер мен кесенелерді мәдени ықпалдастықтың нәтижесі ретінде қарастырған орынды. Бұл ерекшелік әсіресе кірпіш қалау, күмбезді жабындар, ішкі аула жүйесі және сәндік элементтерден байқалады. Яғни сәулет арқылы жергілікті дәстүр мен исламдық мәдениеттің өзара ықпалын көруге болады.

Сауран – діни сәулеттің қалалық кеңістіктегі көрінісі. Сауран қаласының орталық бөлігіндегі Регистан аумағы діни сәулеттің қалалық құрылыммен байланысын айқын көрсетеді. Мұнда Жұма мешіті, медресе және ханака сияқты нысандардың болғаны археологиялық зерттеулер арқылы анықталған [5, 119 б.].Саурандағы бұл нысандардың бір кеңістікте шоғырлануы ерекше мәнге ие. Мешіт, медресе және ханака өз қызметтері жағынан әртүрлі болғанымен, олардың барлығы қаланың қаланың рухани өмірімен байланысты. Демек, Саурандағы діни сәулет жеке ғимараттардың жиынтығы емес, өзара байланысқан рухани орталық ретінде қалыптасқан. Мешіттің негізгі қызметі құлшылық ету болса, медресе білім беру орталығы қвзметін атқарады. Ал ханака діни-рухани тәжірибенің қалыптасуына жағдай жасады. Осы үш нысанның бір кеңістікте орналасуы Сауран қоғамында дін, білім және рухани тәрбие ұғымдарының өзара байланыста болғанын көрсетеді. Қазіргі кезде шетелдік және отандық туристердің көптеп баруы және қызыға тамашалауы да осы себептен. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде бұл орындарды Сауран қалашығына барғанда көруге мүмкіндік бар. 2026 жылдың тамыз айында Түркістанға ИКОМОС халықаралық ұйымының вице-президенті Риин Алаталу келген болатын, сапар барысында Сауран қалашығының тарихын таныстыруға бардым және сол кісінің айтқан пікірі бойынша, «Сауран – өте тарихы бай, ортағасырлық құнды қалалардың бірі, әрине жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде анықталған тарихи орындары, керамикалық ыдыстар тағы да басқа құнды жәдігерлердің анықталыуы өте керемет, алайда, Сауран қалашығын әлі толықтай ашылмаған, алдағы уақытта қазба жұмыстарын жүргізуді қажет ететін тарихи орын» - деп айтқан болатын. Демек, бұл халықаралық ұйымның басшысы тарапынан білдірілген пікір ғана емес, жалпы алғанда ғылыми тұрғыдан ғалымдардың пікіріне де сүйенетін болсақ, алдағы уақытта археологиялық жұмыстарды қажет ететін бірден-бір нысан деп есептеуге болады.



Сыр бойындағы қалалардың тарихи-географиялық жағдайын анықтауда араб деректерінің маңызы ерекше. IX-XIII ғасырлардағы жазба мәліметтер Сырдарияның орта және төменгі ағысындағы қалалар мен елді мекендердің аймақтық байланыстарын түсіндіруге мүмкіндік береді [6, 57 б.]. Бұл деректерді археологиялық мәліметтермен салыстырғанда, Сыр

бойының ортағасырлық кезеңде Орталық Азияның саяси және мәдени кеңістігінен тыс қалмағанын көреміз. Керісінше, аймақтағы қалалар әртүрлі бағыттағы байланыстарды қамтамасыз еткен. Сондықтан ислам мәдениетінің таралуын да осындай кең байланыстар жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастыруға болады. Жазба деректер мен археологиялық материялдардың өзара толықтырылуы Сыр бойындағы тарихи үдерістерді біржақты түсіндіруден сақтайды.

Сығанақ кесенелері. Сығанақ – Сыр бойындағы ортағасырлық қалалардың ішіндегі саяси және экономикалық маңызы жоғары орталықтардың бірі. Қала аумағындағы некропольдер мен кесенелердің зерттелуі оның мемориялдық сәулетін анықтауға мүмкіндік береді. Сығанақ кесенелеріне жүргізілген зерттеулер олардың құрылыс ерекшеліктерін және сәулеттік шешімдерін нақтылауға мүмкіндік берді [7, 26-43 б.]. Сығанақ кесенелеріне талдау жасағанда, олардың тек жерлеу құрылысы ғана болмағанын аңғаруға болады. Монументалды кесене белгілі бір тұлғаның қоғамдағы мәртебесін, рухани беделін немесе тарихи жадтағы орнын көрсетуге қызмет еткен болуы мүмкін. Кесенелердің құрылысында күйдірілген кірпіштің қолданылуы және сәндік қалау тәсілдері жергілікті құрылыс тәжірибесінің жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл жағдай Сыр бойындағы ислам сәулетінің сыртқы үлгілерді жай ғана қайталағанын емес, жергілікті шеберлікпен қайта қалыптастырғанын көрсетеді.



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Сыр бойындағы исламдық сәулет құрылысын Түркістандағы Қожа Ахмен Ясауи кесенесін қарастырмай толық түсіндіру мүмкін емес. Кесененің кеңістік құрылымы бірнеше функционалдық бөлмелердің бір кешенге біріктірілгенін көрсетеді. Зерттеулер оның даму ерекшеліктеріне және сәулеттік құрылымына арнайы назар аударады [8, 123-130 б.]. Бұл дерекке сүйене отырып, кесенені тек мемориалдық нысан ретінде қабылдау жеткіліксіз деп есептейміз. Оның құрамындағы әртүрлі бөлмелер діни рәсімдермен, зияратпен және қоғамдық қатынастармен байланысты кешенді қызмет атқарған. Осы арқылы сәулет ғимараттың діни мазмұнын ғана емес, адамдардың сол кеңістікті пайдалану тәртібін де ұйымдастырған.

XV-XVII ғасырлардың деректерінде Сырдарияның орта ағысы, дәлірек айтсақ, оның сол жағалауының тар бөлігі және оң жағалауындағы солтүстік-шығыста Қаратаудың таулы жоталарымен, Сайрам қаласынан оңтүстікке, оңтүстік-шығыста Шыршық және Бадам су айырықтарындағы жазықтармен шектесетін кең дала географиялық бір атаумен Түркістан деп аталды [9, 11 б.]. Саяси тұрғыдан XV ғасырда Түркістан атты тарихи аймақ орналасқан Сырдарияның орта ағысы Ақ Орда (1226-1502) құрамында еді. Ақ Орда билеушілері әдетте Сығанақты, кейде Сауранды қоныс етті. Ал Ясы XIV ғасырда шағын қалашық деңгейінде болды. Дешті-Қыпшақ далаларында ислам дінінің кең таралуы, Шыңғыс хан ұрпақтарының исламды қабылдауы Қожа Ахмет Ясауи қабірі жатқан Ясы қаласының мәртебесін өсіре түсті. [10, 11 б.]. Қожа Ахмет Ясауидің алғашқы кесенесінің айналасында жаңа салтанатты құрылыстар пайда болғанын XII-XIV ғасырларға тән сырлы және сырсыз өрнекті

терракоталардың табылуы айғақтайды. Қалада мешіттер мен басқа да діни құрылыстар салынды. Түркістан қаласының мешіттерінің бірінен аса көрікті, оюланып өрнектелген ағаш ұстын табылған. Ұстын бетінде оның жасалған уақыты 1352 жылдың 7-сәуірі деп көрсетіліпті [11, 48 б.].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі эпиграфикалық жазу мәтіндері түпнұсқа күйінде толық жарияланбады. Алғаш рет кесенедегі жазуларды оқып, ашықтап, орыс тіліне аударған М.С.Бекчурин мен П.Н.Ахмеров, Н.И.Веселовский болды. Кеңес үкіметі кезінде М.Е.Массон Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің тарихын түпкілікті зерттеді. Осы кезде ол ғимараттағы кейбір жазбаларды оқуға және аударуға әрекет жасады. А.А.Иванов кесене ішіндегі қола заттардың басым бөлігін мұқият зерттеді. Бетіндегі жазуларды егжей-тегжейлі талдап, орыс тіліне аударып толық ғылыми түсініктемесін берді. Кесенедегі эпиграфикалық жазулардың барлығын қамтитын Б.Т.Тұяқбаеваның арнайы еңбегі жарияланды. Сонымен қатар, Қазақстан аймағы Ресей империясы қол астына өткен соң ескерткіші еуропалықтар көре бастады. Түркістанда 1876 жылы болған француз зерттеушісі Мариде Ужфальви-Бурдон баспасөз бетінде кесенеге тәнті болғанын және оның болашағына алаңдайтынын жазған болатын: «Түркістан кереметі – Әзірет мешіті» деген баға берген. 1872 жылы көп жыл бойы жиналып қалған қоқыстан тазартылып, алғашқы жөндеу жұмысы атқарылды. 1884 жылы ғимарат іргесі қышпен қапталды, мешіт бөлмесінің ауытқи бастаған қабырғалары төрт тіреумен бекітілді, кесене шатыры тазаланып тегістелді, суағарлар жасалды. Сол кезде іштегі қабырғаларға бояп салынған көне өрнек қалдықтары ақталды. Алайда, зеңбіректің оғынан бұзылған күмбездер әлі де жөнделмеді.

XIV ғасырдың соңғы ширегінде Мәураннахр билеушісі Әмір Темір Сырдария бойындағы бір топ жерлерді өзіне қаратты. Олардың әкімдері Отырар қаласында отырды. Ясы қаласы темірліктер тарихнамасында алғаш рет Әмір Темір мен Тоқтамыс хан (1376-1395) арасындағы соғыс барысында аталады. Екі жақ та Сырдариянның орта ағысындағы қалаларды иелену үшін ұзақ соғысады. 1388 жылы Тоқтамыс Сауран қаласына кіре алмаған соң, Ясыны басып алып тонаған. Жергілікті аңыз бойынша Алтын Орда ханы Тоқтамыс жорықтарының бірінде Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін және оның айналасында тұратын шайқыларды тонап кетеді. Темір әулие үшін кек алып, оларды талқандайды, тоналған заттарды қайтарады. Қолға түсірілген үлген олжа есебінен Қожа Ахмет Ясауидің қабірі үстінен жаңа алып кесене тұрғызуды бастайды. Сонымен қатар, Әмір Темір Түркістандық әулиені қатты қастерлеген деп жазады В.А.Гордлевский. «Темірлан өмірбаяны» («Малфузат-и Тимури») деген атпен белгілі шығармада Темір Баязид I Йылдырым (1389-1402) сұлтанға қарсы жорыққа аттанар алдында өз мақсатына жетер-жетпесін білмек болған дейді. Осындай ниетпен ол Қожа Ахмет Ясауидің қабіріне барып, әулие хикметтерімен бал аштырған екен. «Бал ашу арқылы мен соғыс барысында қиын жағдайға тап болсам, Қожа Ахмет Ясауидің хикметін оқысам болды, жұмысым алға басатынын білдім. Мен бұл өлең жолдарын жаттап алып, Қайсармен болған ұрыста іштей 70 мәрте айттым да, жеңіске жеттім» деп келтірген. Осы мәліметке де қарайтын болсақ Әмір Темірдің Ясауиді ерекше құрметтегенін көруге болады. Шараф-ад дин Али Иаздидің «Зафар намесі» бойынша 1397 ж. (Хазрет Сахыб Қыран (Темір) Ясы елді мекеніне имам-зада Мұхаммад-и Ханафийа ұрпақтарына жататын шайқы Ахмет Ясауиге зияратқа аттанып кетті және жоғарыдан мейір түскен мазарды қайтадан салғызу үшін бұйрық шығарды [10, 11 б.].

Кесененің қазіргі жағдайына тоқталар болсақ, тәуелсіздік алғалы бері Қазақстан ұлттық мәдени мұраны сақтауда үлкен жұмыстар атқаруда. Егемен ел ретінде Қазақстан Республикасы 1994 жылы әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау конвенциясына қосылды. Қазақстанның Түркиямен жасаған келісімі бойынша 1993-1995 жылдары түрік мамандары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің іргесін бекіту жұмыстарын атқарды. Алайда бір себептерге байланысты кесене қабырғалары мен цемент тіреулері арасына гидроизоляция жасалмай қалған. Түрікиің «Вакыф Иншаат фирмасы 1995-2000 жылдары Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің үлкен реставрациясын атқарды. Тағы да бір негізгі жаза кетер жайт, Қазақстан Республикасы тарапынан ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұралар тізіміне алғаш ұсынылған ескерткіш – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі болды. Әлемдік мұраның комитеті Париж қаласында 2003 жылдың 30 маусым- 5 шілде аралығында болған 27-сессиясында Комитет мүшелерінің бірауыздан қолдауымен Қожа Ахмет Ясауи кесенесін «Әлемдік мұра тізіміне» қосты.

Мешіт-медреселердің рухани қызметі. Сыр бойындағы мешіттер мен медреселердің тарихи маңызы олардың діни қызметімен ғана шектелмейді. Бұл ғимараттар ортағасырлық қалалардың білім беру және қоғамдық өмірінде де маңызды орын алған. Саурандағы мешіт пен медресенің бір кеңістікте орналасуы діни және білім беру қызметтерінің өзара сабақтас болғанын көрсетеді. Мұндай құрылым қаладағы рухани ортаның қалыптасуына ықпал еткен. Медресенің ішкі құрылымына назар аударғанда, оның білім алушылардың тұрақты оқуына және тұруына бейімделгенін көруге болады. Осыдан медресені сол кезеңдегі діни білім беру жүйесінің архитектуралық көрінісі ретінде бағалауға болады. Мешіт пен медресенің қызметін осылайша бірге қарастыру Сыр бойындағы ислам мәдениетінің қоғамдық сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Дін жеке адамның сенімімен ғана шектелмей, білім беру мен қоғамдық байланыстардың да бір бөлігіне айналған.

Сыр бойындағы ислам сәулетінің ерекшелігі. Жоғарыда қарастырылған Отырар, Сауран, Сығанақ және Түркістан ескерткіштерін салыстырғанда, олардың арасында ортақ архитектуралық белгілермен қатар жергілікті ерекшеліктер де бар. Отырардан қалалық мәдениеттің күрделі құрылымын көрсек, Саураннан діни ғимараттардың біртұтас ансамбль ретінде ұйымдастырылғанын байқаймыз. Сығанақ кесенелері мемориялдық сәулеттің жергілікті сипатын көрсетсе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі діни, сәулеттік және көркемдік дәстүрлердің аса жоғары деңгейдегі синтезін танытады. Осы салыстыру негізінде Сыр бойындағы ислам сәулетін бір ғана үлгімен түсіндіру мүмкін емес деген қорытынды жасауға болады. Әр қаладағы архитектуралық шешім оның тарихи жағдайына, әлеуметтік құрылымына және жергілікті құрылыс дәстүріне байланысты қалыптасқан. Тарихи мұраны сақтау мәселесіне келер болсақ, Сыр бойындағы ислам сәулетінің ескерткіштері қазіргі Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының маңызды бөлігін құрайды. Оларды зерттеу ортағасырлық сәулет өнерінің ерекшеліктерін ғана емес, сол дәуірдегі қоғамның рухани өмірін де тануға мүмкіндік береді. Сығанақ кесенелерінің археологиялық зерттелуі ескерткіштерді жеке нысан ретінде ғана емес, олар орналасқан тарихи ортасымен бірге қарастыру қажеттігін көрсетеді [12, 26-43 б.]. Бұл ойды Сауран мен Отырар сияқты ортағасырлық қалаларға да қолдануға болады. Меніңше, тарихи мұраны сақтау барысында жеке мешіт немесе кесенені ғана қорғау жеткіліксіз. Оның тарихи ландшафты, қала құрылымы және археологиялық ортасы да сақталуы қажет. Өйткені ескерткіштің тарихи мағынасы оны қоршаған кеңістікпен бірге толық ашылады.

Қорытындылай келе, Сыр бойындағы ислам сәулеті – бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан күрделі тарихи-мәдени үдерістің нәтижесі. Отырар, Сауран, Сығанақ және Түркістан ескерткіштері бұл үдерістің әртүрлі қырларын көрсетеді. Зерттеу барысында қарастырылған деректер ислам сәулетінің Сыр бойында жергілікті құрылыс дәстүрлерімен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Отырардағы қалалық мәдениет діни институттардың қалыптасуына әлеуметтік орта қалыптастырса, Саурандағы мешіт-медресе кешені дін мен білімнің қалалық кеңістіктегі өзара байланысын танытады. Сығанақ кесенелері мемориалдық сәулеттің өзіндік үлгісі. Ал Қожа Ахмет Ясауи кесенесі исламдық сәулет, түркілік рухани дәстүр және жергілікті көркемдік тәжірибенің барлығын бір ғимарттан көруге болатын құрылыс. Сондықтан, Сыр бойындағы ислам сәулетін жеке мешіттер мен кесенелер тарихы ретінде ғана емес, қала мәдениеті, діни білім, руханият, тарихи жад және жергілікті құрылыс дәстүрлері ретінде де зертеу қажет. Бұл мұраны сақтау мен ғылыми тұрғыдан зерттеу Қазақстанның ортағасырлық тарихын тереңірек түсінуге жол ашады. Сондай-ақ, Сыр бойындағы ескерткіштерді жүйелі түрде деңгей-деңгеймен зерттеу ұлттық мәдени мұраны насихаттау мен келешек ұрпаққа жеткізудің маңызды тетігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Велтком Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 212 с.
2. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древний Отрар: топография, стратиграфия, перспективы. – Алма-ата: Наука, 1972.
3. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар в XIII-XV веках. – Алма-Ата: Наука, 1987.
4. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. – Алма-Ата, 1958

5. Смагулов Е.А. The Ensemble of the Central Square of Sauran City-Site, 14th-16th centuries // Поволжская археология. – 2016. - №2 (16). – Б. 93-119.
6. Ильясова З.С., Ногаибаева М.Н. IX-XIII ғасырлардағы араб деректеріндегі Сырдарияның орта және төменгі ағысы аймағының тарихи географиясы // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2023. - №4 (111). – Б. 45-57.
7. Бахтыбаев М.М., Мургабаев С.С., Сыздықов Б., Арынов Қ. Ортағасырлық Сығанақ қаласының кесенелері // Turkic Studies Journal. – 2025. – Т. 7. - №2. – 43с.
8. Куспангалиев Б.У., Самоилов К.И., Приемец О.Н. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кешенінің кеңістік даму ерекшеліктері // QazBSQA Хабаршысы. Сәулет және құрылыс. – 2024. - №2 (92). – Б. 123-130.
9. Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII веках // Казахстан в XV-XVIII веках. Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1969, с. 5-49.
10. «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі» альбом-кітабы, Ә.Қ.Муминов, М.Б.Қожа, С.Моллақанағатұлы, М.Ж.Сыдықбеков, Ж.М.Нұрбеков. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. 208 б., қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.
11. Пугаченково Г.А. О резных деревянных колоннах XIV- XV вв. в г.Туркестане // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия архитектурная. 1948, вып. 1, с. 40-53.
12. Ногайбекова М.Т., Табыс Т.Б. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ежелгі глазурін жасау технологиясының ерекшеліктері // QazBSQA Хабаршысы. Сәулет және дизайн. – 2022. - №4 (86). – Б. 35-42.

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ РУХАНИ-ЭТИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНДАҒЫ ТӘУБЕ ҰҒЫМЫ

THE CONCEPT OF REPENTANCE (TAWBA) IN THE SPIRITUAL-ETHICAL FRAMEWORK OF KHAJA AHMAD YASAWI

Нұржан Парпиев[1]
Nurzhan Парпиев[2]

Кіріспе

Ислам дүниетанымында адамның рухани кемелденуі оның ішкі жан дүниесін тәрбиелеу, нәпсілік қалауларын реттеу және Жаратушымен байланысын нығайту мәселелерімен тығыз ұштасады. Осы үдерістің маңызды категорияларының бірі – тәубе. Араб тіліндегі «*мауба*» (تَوْبَة) ұғымы жалпы мағынасында қайту, бет бұру мәндерін білдіріп, діни-рухани контексте адамның күнәлі әрекеттен арылып, Аллаға қайта бағытталуын сипаттайды. Сондықтан тәубе тек өткен қателікті мойындау немесе өкініш сезімі емес, адамның рухани бағдарын өзгертіп, мінез-құлқын изгілікке бағыттайын күрделі құбылыс ретінде қарастырылады. Оның мазмұны Құран аяттары мен хадистерде айқындалып, кейінгі исламдық ойлау жүйесінде әртүрлі ғылыми-рухани бағыттар аясында кеңінен түсіндіріледі. Тәубе ұғымының сопылық дүниетанымдағы орны ерекше. Сопылық ілімде адамның рухани жолы жүректі тазарту, нәпсіні тәрбиелеу, дүниелік тәуелділіктен арылу және Аллаға жақындау сатыларымен байланыстырылады. Осы тұрғыдан алғанда, тәубе сопылық тәрбиенің бастапқы әрі маңызды кезеңдерінің бірі саналады. Ол адамның рухани кемшіліктерін танып, оларды түзелтуге ұмтылуынан басталып, тұрақты өзіндік бақылау мен изгі амалға ұласатын өрбу ретінде сипатталады. Мұндай түсінік Орта Азия сопылық дәстүрінің көрнекті өкілі Қожа Ахмет Ясауи шығармашылығында да айқын көрініс табады. Оның хикметтеріндегі тәубе мәселесі адамның күнәдан арылуы, нәпсісін жеңуі, жүрек тазалығына ұмтылысы және рухани жауапкершілігін сезінуі арқылы білдіріледі. Ясауи үшін адамның рухани өзгерісі оның ішкі сезімімен ғана өлшенбейді, ол нақты мінез-құлық пен амалдан көрініс табуы қажет. Осы ерекшелік тәубені адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне ықпал ететін практикалық-этикалық ұстаным ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ясауи дүниетанымында тәубе арқылы пенде өзінің әлсіздігін мойындап, нәпсі үстемдігінен арылуға және рухани кемелдікке қарай бет бұруға ұмтылады. Ясауидің тәубе туралы түсінігін исламдық рухани ойлау жүйесінің кең аясында зерделеу үшін кейбір классикалық ғалымдардың еңбектеріне жүгіну маңызды. Атап айтқан имам Ғазали тәубені ілім, хал және іс бірлігі негізінде түсіндіріп, адамның күнәні тануы, одан туындайтын нәдаматтің (өкініш) қалыптасуы және оның нақты амалға айналуы арасындағы байланысты көрсетеді.

Сәһл әт-Тустари тәубенің практикалық мазмұнын күнәдан бас тарту, изгілікке ұмтылу, халал рызық және дүниелік игіліктерге қатысты зүһд ұстанымдарымен байланыстырады. Ал әл-Кәффалдың ар-Рази арқылы жеткізілген тұжырымында тәубенің негізгі шарттары күнәні тоқтату, өткен іске өкініш білдіру, қайта оралмауға бекіну және одан сақтану арқылы жүйеленеді. Бұл көзқарасар тәубенің тек ішкі рухани күйі емес, адамның танымы, ерік-жігері және әрекеті арқылы жүзеге асатын жан-жақты процесс екенін көрсетеді.

Зерттеудің өзектілігі – Ясауи көзқарасындағы тәубе концепциясын Құран мен сүннет негіздері және классикалық ислам ойшылдарының пайымдарымен сабақтастықта қарастыру қажеттілігімен айқындалады. Мұндай салыстырмалы талдау Ясауи дүниетанымындағы тәубенің өзіндік ерекшеліктерін анықтаумен қатар оның жалпы исламдық, имани-адамгершілік дәстүрдегі орнын нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Ясауи хикметтеріндегі тәубе ұғымының мазмұнын ашып, оның рухани тазару, нәпсіні тәрбиелеу, мінез-құлықты жетілдіру және адамды Аллаға жақындату

[1] «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан; E-mail: nurzhanparpiyev20@gmail.com ORCID iD: https://orcid.org/0000-0001-9651-2809

[2] "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Yasawi Research Center, Turkistan, Republic of Kazakhstan, Senior Researcher.

барысында қызметін айқындау болып табылады. Сонымен қатар, Ясауи тұжырымы мен аталған ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, тәубенің тек жеке діни ұстаным шеңберімен шектелмей, адамның дүниетанымы мен өмір салтын қайта зерделеуге ықпал ететін рухани-этикалық категория тұрғысындағы мәні негізделеді.

Зерттеу әдістері – Зерттеу барысында салыстырмалы-талдау және философиялық этикалық әдістер қолданылады. Осы тәсілдер негізінде «Диуани хикмет» шығармасындағы тәубе ұғымының мазмұндық ерекшеліктері сараланып, оның адамның рухани дүниесі мен діни-этикалық ұстанымдарын қалыптастырудағы рөлі анықталды. Ясауи тұжырымдары Ғазали, Тустари, және Рази еңбектеріндегі тәубе мәселесіне қатысты пайымдармен салыстырылып, олардың мазмұндық байланысы мен ерекшеліктері айқындалды. Зерттеу нәтижесінде тәубенің сопылық дүниетанымдағы орны ғылыми негізде зерделенеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Ясауидің «Диуани хикмет» шығармасындағы тәубе ұғымының философиялық-этикалық мазмұны жүйелі түрде талданып, оның адамның рухани қалыптасуы мен ішкі өзгерісіндегі мәні айқындалды. Тәубенің Ясауи дүниетанымындағы орны діни талап шеңберімен ғана шектелмей, тұлғаның өзін-өзі тануы, нәпсіні тәрбиелеуі және рухани кемелдікке ұмтылысы бағытынан қарастырылды. Зерттеу барысында Ясауидің тәубеге қатысты ойлары Ғазали, Тустари және Разидің еңбектеріндегі тұжырымдармен салыстырылып, олардың арасындағы мазмұндық сабақтастық пен ерекшеліктер сараланды. Бұл салыстыру тәубенің исламдық ойлау жүйесіндегі ортақ негіздерін және сопылық дүниетанымдағы өзіндік сипаттарын анықтауға мүмкіндік берді. Ясауи хикметтерінде тәубе адамның жасаған қателігін мойындауы мен одан бас тартуын ғана емес, жүректің рухани жаңаруы, нәпсінің тыйылуы және ізгілікке бет бұру үдерісін қамтитын діни-адамгершілік құбылыс ретінде көрініс табатыны негізделді. Нәтижесінде тәубенің Ясауи іліміндегі тұлғаның рухани жаңаруына ықпал ететін, адамды өзін-өзі бақылауға және моральдық жауапкершілікке жетелейтін маңызды философиялық-этикалық ұстаным екендігі тұжырымдалды. Осы тұрғыдан зерттеу Ясауи мұрасындағы тәубе түсінігінің ислам философиясындағы рухани-адамгершілік мазмұнын ашуға мүмкіндік береді.

Тәубе ұғымы

Тәубе – ислам дүниетанымындағы аса маңызды рухани-этикалық ұғымдардың бірі. Ол адамның жасаған күнәлары мен қателіктеріне шынайы өкініш білдіріп, олардан толықтай бас тартып, Алла Тағалаға бет бұруды білдіреді. Тәубе арқылы пенде Жаратушының әмірлерін орындауға ұмтылып, тыйым салған істерден сақтанып, Оның рахымы мен кешіріміне ие болуға талпынады. Исламда тәубе ету әрбір мұсылманға міндеттелген парыз амалдардың бірі болып саналады. Қасиетті Құранда тәубенің маңызы ерекше аталып, мүміндерге шынайы тәубе жасау бұйырылады: «Уа мүміндер! Барлығың Аллаға тәубе етіңдер. Әрине құтылуға қол жеткізесіңдер» (Құран Кәрім, 2023, Нұр сүресі, 31-аят). Тағы бір мына аятта, Алла Тағала: «Уа, иман келтіргендер! Аллаға шынайы тәубемен тәубе етіңдер» (Құран Кәрім, 2023, Тахрим сүресі, 8-аят) деп, тәубенің ықыласпен әрі шынайы түрде орындалуы қажеттігін ескертеді. Аталмыш аяттар тәубенің мұсылман өміріндегі маңызды рухани міндет екенін көрсетеді. Пайғамбарымыз с.а.с хадистерінде де тәубенің артықшылығы мен қажеттілігі кеңінен баяндалған. Абдулла ибн Масғудтың р.а. риуаятында былай делінеді: «Күнәсына тәубе еткен адам күнә жасамаған адам секілді – (التَّائِبُ مِنَ الذَّنْبِ كمَن لا ذَنْبَ لَه)». (URL-1). Бұл хадисте тәубенің адамның рухани тазарып, жаңа өмір бастауына мүмкіндік беретіні білдіріледі. Ал екінші мына бір хадисінде, Алла Елшісі с.а.с: «Уа адамдар! Аллаға тәубе етіңдер. Расында, мен күніне жүз рет тәубе етемін – (يَا أَيُّهَا النَّاسُ تُوبُوا إلى اللهِ، فإِنِّي أَتُوبُ في اليَومِ إِلَيْهِ مِئَةَ مَرَّةٍ)» деген. (URL-2). Яғни бұл хадисте Пайғамбарымыз с.а.с үмбетін үнемі тәубе жасауға үндеген.

Осы тұста кейбір ислам ойшылдарының тәубе ұғымына қатысты тұжырымдарына назар аудару орынды. Мәселен имам Ғазали, Сәһл әт-Тустари және Фахруддин ар-Разидің еңбектеріндегі тәубе түсініктерін салыстыру олардың барлығында бұл ұғымның тек өкініш сезімімен шектелмейтінін көрсетеді. Тәубе адамның танымын, ішкі рухани күйін және мінез-құлқын өзара байланыстыратын жан-жақты даму ретінде сипатталады. Ғазалидің пайымдауынша тәубе өзара ілім, хал және амал сатыларынан тұратын рухани қалыптасу жүйесі. Оның бастапқы негізі, күнәнің адамға тигізетін зардабын және пенде мен Алланың рахымы арасындағы рухани бөгет сипатын ұғыну. Бұл түсінік иман мен яқин арқылы бекіліп, адамның

ішкі дүниесінде өкініш (нәдамат) сезімін қалыптастырады. Ғазали аталған күйді тәубенің негізгі қозғаушы күші ретінде бағалайды. Өкіністің қалыптасуы адамның ерік-жігерін іске қосып, оны нақты шешімдерге жетелейді. Бұл өзгеріс үш бағыттан көрінеді: жасалған күнәні дереу тоқтату, болашақта оған қайта бармауға берік ниет ету және өткен қателіктердің салдарын ізгі амалдар арқылы өтеуге ұмтылу. Осы тұрғыдан тәубе тек эмоционалдық күй ретінде емес, адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетін қайта бағдарлайтын практикалық сипаттағы рухани құбылыс тұрғысынан танылады. Ғазалидің «өкініш – тәубе» хадисіне берген түсіндірмесі де осы ұстанымммен үндеседі. Өйткені шынайы нәдамат күнәнің мәнін саналы түрде пайымдаудан туындап, одан бас тартуға және қайталамауға бағытталған ерік-жігермен бекітіледі. Демек Ғазалидің пайымдауынша тәубе күнәні ұғынудан басталып, өкініш арқылы тереңдейтін және адамның іс-әрекетін түзетуге бағытталған рухани жетілу жолы. (Gazalî, 2002, 9-10-б).

Сәһл әт-Тустари тәубені күнәлі істерден бас тартып Құран мен сүннет құптаған ізгі амалдарға бет бұру деп түсіндіреді. Оның пікірінше, тәубенің дұрыстығы адал рызықпен қоректенуге және Алла тағаланың алдындағы міндеттерін орындауға тікелей байланысты. Бұл жолда пенденің Аллаға сүйеніп, Одан жәрдем тілеуі маңызды. Тустари адамның осы ұстанымдарға жетуін бес нәрсеге қатысты зүһдпен байланыстырады: тамақ пен сусын, киім, баспана, мал-мүлік және өмір. Себебі олардың барлығы өткінші: ішіп-жеген нәрсе сыртқа шығады, киім тозады, ғимарат қирайды, дүние-мүлік мұраға қалады, ал адамның өмірі өліммен аяқталады. Мұндағы зүһд дүниелік игіліктерден толықтай бас тартуды емес, оларға шектен тыс әуестенбеуді білдіреді. Яғни адам қажеттілігін өтеп, дүние мен ақыреттің арасындағы тепе-теңдікті сақтауы және материалдық құндылықтарға беріліп, Алланы еске алу мен ақыреттік мақсаттарды ұмытпауы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда Тустаридің тәубе туралы түсінігі рухани тазару, адалдық және дүниеге тәуелділіктен арылу қағидаларымен үндеседі. (Тустари, 1980, 159 б).

Фахруддин әр-Рази «Мафатих әл-Ғайб» тәпсірінде әл-Каффалдың тәубеге қатысты көзқарасын келтіреді. Оның пайымдауынша шынайы тәубенің төрт негізгі шарты бар: күнәні тоқтату, оған өкініш білдіру, қайта оралмауға берік ниет ету және одан сақтанып қорқу. Күнәні тастау тәубенің практикалық көрінісі болса, өкініш адамның жасаған ісін теріс бағалауын білдіреді Ал қайта жасамауға деген шешім, тәубенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Әл-Каффал тәубеге қорқыныш сезімін де қосады. Оның түсінігінше, ақыреттегі жауапкершілікті және Алланың әділ жазасын сезіну адамды күнәдан тежеп, рухани қырынан сергек болуға жетелейді. Осы тұрғыдан ол тәубені тек өткен іске өкіну емес, адамның болашақтағы әрекетін де түзетуге бағытталған рухани жаңғыру ретінде қарастырады. Бұл көзқарас Ғазалидің түсінігімен салыстырғанда тәубенің мазмұнын кеңейтеді. Қорқыныш пен сақтану арқылы адам нәпсісін бақылап, Алланың разылығына ұмтылып, күнәға қайта барудан бойын аулақ ұстайды. Демек әл-Каффал түсінігінде тәубе күнәдан бас тарту, өкініш, берік ниет және ақыреттік жауапкершілікті сезіну арқылы жүзеге асатын түбегейлі рухани өзгеріс. **(**Рази, 2000, Бақара, 37-аят).

Жоғарыдағы ойшылдар секілді сопылық әдебиеттің көрнекті өкілі Ясауи тәубе мәселесін өз шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі ретінде қарастырған. Оның хикметтерінде адам баласының нәпсіге еріп, күнәға батуы, кейін сол әрекеттеріне өкініп, Аллаға жалбарынуы кеңінен суреттеледі. Ақын өз күнәларына өкініш білдіру арқылы тәубенің қажеттілігін терең сезіндіреді. Ясауи дүниетанымында тәубе тек күнәдан арылудың амалы ғана емес, адамның рухани кемелденіп, Хаққа жақындауына бастайтын маңызды жол. Сондықтан оның хикметтерінде тәубеге келу идеясы адамды рухани тазалыққа, өзін-өзі тануға және Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыруға үндейтін діни-философиялық құндылық ретінде көрініс табады. Мәселен мына бір шумағында былай дейді:

Отыз жеті жасқа келдім, оянбадым,
Ынфақ қылып Алла сырын толғамадым,
Сәхәрларда зар жылап еңремедім,
Тәубе қылдым, Ием қабыл қылды достар.**(**Нұрахметұлы, 2016, 20-б).

Бұл шумақта ақын өз өміріне өкініш білдіріп, отыз жеті жасқа келседе рухани оянбағанын, Алланың сырын іздеп, шын ықыласпен құлшылық етпегенін айтады. Таң сәріде жылап тұрып тәубе етуге ерінгенін мойындайды. Соңында ғана тәубеге келіп, Алланың кешірімінен үміт

артады. Өзінің ішкі күйзелісі мен жасаған қателіктеріне деген өкініш сезімін бейнелейтін тағы бір хикметінде Ясауи адам баласының рухани әлсіздігі мен нәпсіге еріп, күнәға бой алдыруының салдарын терең толғайды. Ақын өз өміріне сын көзбен қарап, пенделік кемшіліктері үшін өкініп, тәубе арқылы Алланың рақымы мен кешіріміне үміт артып былай дейді:

Көзім түсті, көңіл ұшты, Аршы асты,
Өмір өтті, нәпсі қашты, дария тасты,
Керуен көшті, меже асты, дәрмен қашты,
Сыр ашылды, не болар екен хәлім менің? (Öksüz, 2018, 62-б).

Мұндай хикметтерде өкініш сезімі тек жеке адамның жан күйін сипаттаумен шектелмей, оқырмандарды да өз іс-әрекеттеріне есеп беруге, рухани тазаруға және Жаратушыға қауышуға үндейтін тәрбиелік әрі діни-танымдық мазмұнға ие. Тәубе етіп, шынайы түрде Аллаға бет бұрған құлдарды күтіп тұрған рахым мен сауапты, сонымен қатар өз қателіктеріне өкінбей, күнә жолынан қайтпаған адамдардың ақыреттегі ауыр жағдайын Ясауи, хикметтерінде жиі-жиі еске салады:

Тәубе етіп, Хаққа қайтқан ғашыққа,
Жәннәттағы төрт бұлақтан шәрбәт бар.
Тәубе қылмай, Хаққа қайтпаған ғапылға,
Тар қабірде ауыр азап, қасірет бар. (Öksüz, 2018, 78-б).

Ол тәубенің адамды рухани тазартып, Жаратушының мейірімі мен кешіріміне жеткізетіндігін дәріптесе, тәубесіз өткен ғұмырдың адамды азап пен өкінішке душар ететінін ескертеді. Осы арқылы ақын оқырманын күнәдан сақтануға, нәпсіге қарсы күресуге және уақыт оздырмай тәубеге келуге шақырады. Ал мына өлең шумағында шынайы тәубе етіп, Аллаға ыстық ықыласпен бет бұрғандарға Хақ тарапынан берілетін мол рахым мен сауапты бейнелейді. Осы арқылы мүміндерді үнемі өз-өзін тәрбиелеуге, күнәларынан арылуға, ізгілік жолда жүруге ынталандырады. Оны мына шумақтарынан көре аламыз:

Жәннәт сырын ұққан құлдар тәубе етсін,
Тәубе етіп, Хақ алдына жақын жетсін.
Хор қыздары, ғылман, уилдан қызмет қылып,
Құрмет шапан киіп, мәңгі шаттық жетсін.

Тәубе еткен ғашықтарға нұры қонар,
Түні-күні ораза ұстаса, көңіл толар.
Қабіріне кірген шақта орны кеңіп,
Рахман, Рахим Раббым рахым болар. (Doğan. 1997, 528-548-б).

Ясауи осы хикмет жолдары арқылы өз дәуіріндегі адамдарға тәубенің рухани маңызын, оның адам жанын тазартып, Алланың рахымына жеткізетіндігін түсіндіруге ұмтылады. Сондай-ақ шынайы тәубенің ақыретте мол сауап пен берекеге кенелтетінін насихаттап, оқырманын ізгілік пен тақуалыққа насихаттайды. Сонымен қатар ақын хикметтерінде өзін-өзі жиі-жиі сынға алып, өмірлік тәжірибесі мен рухани ізденістері арқылы тәубе тақырыбын терең ашады. Ол өз бойындағы кемшіліктерді жасырмай көрсетіп, пенделік әлсіздіктері үшін әрдайым өкініш білдіреді. Ақынның дүниетанымында тәубе бір сәттік өкінішпен шектелмей, адамның бүкіл ғұмырын қамтитын үздіксіз рухани тазару үдерісі. Сондықтан ол үнемі тәубе етіп жүрген құл болса да, мұны жеткілікті деп есептемейді әрі Алланың алдында толық кемелдікке жеттім деп ешқашан ойламайды. Бұл оның терең кішіпейілділігін, тақуалығын және Жаратушы алдындағы жауапкершілік сезімінің жоғары болғандығын көрсетеді. Осы арқылы ақын оқырманға тәубенің шегі жоқ рухани құлшылық екенін ұғындырып, адамның өзін үнемі есепке тартып отыруының маңызын дәріптейді:

Құл Қожа Ахмет, надандықпен өмірің өтті,
Қасіретпен тізе, көзден қуат кетті,
Қайғы менен өкініштің уақыты өтті,
Амалым жоқ, керуен болып көштім міне. (Әлібекұлы & Дәуітұлы, 2008, 12-б).

Тағы бір өкінішке толы шумағында Ясауи өз күнәларының көптігін ойлап, олардың кешірілу-кешірілмеуі туралы алаңдаушылық білдіреді. Ақын Алланың шексіз рахымынан үміт

үзбегенімен, пенделік қателіктері үшін өзін жауапты санап, тәубесінің қабыл болмау ықтималдығын ойланғанда терең күйзеліске түседі. Оның бұл толғаныстары сопылық дүниетанымдағы «хауф-қорқыныш» пен «ража-үміт» ұғымдарының өзара сабақтастығын аңғартады. Бір жағынан ол Алланың мейірімі мен кешірімінен үміт күтсе, екінші жағынан, ақырет күні Жаратушы алдында қалай жауап беретінін ойлап мазасызданады. Бұл ойларын ақын төмендегі хикмет жолдарында әсерлі түрде баяндайды:

Тәубе қылсам, кешірер ме Қадір Алла,
Кешірмесе нығыламын мен жүзі қара,
Таңда барсам, аяқ-қолым бәрі куә,
Хақ алдында барлық істер айқын болар. (Tatcı, 2017, 282-б).

Алла Тағаланың рахымы мен кешірімінің шексіздігіне кәміл сенген Ясауи жасаған күнәлары мен пенделік кемшіліктеріне қарамастан, Жаратушының мейірімінен үміт үзбей, Оған жалбарынып тәубе етеді:

Қырық бесімде Сізден қажет тілеп келдім,
Тәубе қылдым, әр іс қылдым хата қылдым,
Ия Алла, рахметіңді ұлық білдім,
Заты ұлық Ием, сиынып келдім саған. (Нұрахметұлы, 2016, 23-б).

Ақынның дүниетанымында тәубе – күнәні мойындаумен ғана шектелмейтін, Алланың рахымына деген сеніммен ұштасқан рухани құлшылық. Сондықтан ол хикметтерінде қаншалықты күнәһар екенін айтып налынса да, Алланың кешірімі мен мейірімінен күдер үзбейді. Бұл ұстаным сопылық ілімдегі адамның Алладан қорқу сезімі мен Оның рахымынан үміт ету арасындағы рухани тепе-теңдікті айқын көрсетеді. Алла Тағаланың кешірімі мен рахымына бөлену үшін адам ең алдымен өз қателігін мойындап, жасаған күнәсіна шынайы өкініш білдіру қажет. Себебі тәубенің негізі күнәні сезіну, оған іштей қынжылу және оны қайталамауға нық шешім қабылдау. Егер адам өз ісінің қателігін түсінбесе немесе жасаған күнәсін күнә деп қабылдамаса, онда кешірім сұраудың да мәні жойылады. Осы себепті Ясауи хикметтерінде тәубенің басты шарты ретінде адамның өзін-өзі есепке тартып, рухани жауапкершілікті сезінуін алға қояды. Ақынның пайымдауынша, күнәні мойындау мен оған өкіну Алланың кешіріміне жеткізетін алғашқы қадам, ал тәубеден бас тарту адамның рухани тұрғыдан қатайып, Жаратушыдан алыстауына себеп болады. Бұл жөнінде мына хикметтерінде былай делінеді:

Жүз мың күнә істедің, де сезбедің,
Тәубе қылып Хақ дәргәһына келмедің,
Жақсы дұғаға лайық амал да етпедің,
Сол күнәңнан сені кім құтқарар, не дерсің? (Bice, 114-б)

Тәубе етпей, жүрегінде тәубеге ниет қалыптаспай өмір сүретін адамдардың бір бөлігі өлімді жоққа шығарып, оның арғы жағындағы ақыреттік өмірді ескермейді. Олар өлімнен кейінгі жауапкершілікті, қиямет күніндегі есепті және күнәлар үшін берілетін жаза мен сауапты теріске шығарып, дүниелік тіршілікті ғана шынайы деп қабылдайды. Мұндай көзқарас адамның рухани санасының әлсіреуіне, имандылық танымының таязданuына алып келеді. Алайда исламдық дүниетаным бойынша өлім жоқ болу емес, керісінше мәңгілік өмірге өтудің бастауы, ал қиямет күні әрбір пенде өз іс-әрекетіне сай есеп беретін ақиқат сәт. Сондықтан тәубеден бас тартқан, ақырет ақиқатын мойындамаған жандарды Ясауи былай сынға алады:

Тәубесіздер бұл дүниеден өтпес бұрын,
Өлсе де қабір азабын көрмес деп ойлар,
Қиямет күні таразыға тартпас деп ойлар,
Әттең, әттең, зар мен наланың күндері бар. (Taş, 2026, 331-б).

Адам баласы ақиқатты тануда тек теориялық біліммен шектелмей, өмірлік тәжірибе мен айналасында болып жатқан құбылыстардан да ғибрат алуы тиіс. Егер адам рухани танымда әлсіздік танытып, ақиқаттың мәнін толық ұғына алмаса, онда ол ең алдымен өз айналасына зер салуы қажет. Өйткені дүниеден өткен адамдардың тағдыры тірілер үшін үлкен сабақ әрі ескерту. Қабір басынан алынатын ғибрат адамға өмірдің өткіншілігін, өлімнің ақиқатын және ақырет алдындағы жауапкершілікті терең сезіндіреді. Осы тұрғыдан алғанда, фәни дүниеден өткен жандардан сабақ алу адамның рухани санасын оятатын маңызды танымдық үдеріс.

Мұндай ғибрат адамды нәпсіден тазартып, ізгілікке бет бұруға, тәубеге келуге жетелейді. Діни-этикалық түсінік бойынша, өз өмірін ізгілікпен өткізіп, тәубе мен иманға негізделген ғұмыр кешкен адамның қабірі рахым мен тыныштық мекеніне айналуы мүмкін. Бұл жөнінде Ясауи мына шумағында былай келтіреді:

Күнәң үшін тәуба қылып жылап жүргіл,
Кетермін деп жол басына барып тұрғыл,
Кеткендерді көріп сен де ғибрат алғыл,
Ғибрат алсаң жатқан жерің болар гүлзар. (Әлібекұлы & Дәуітұлы, 2008, 52-б).

Тәубе етіп, хақ жолына түскен, өмірін құлшылық пен ізгі амалға арнаған және осы күйінде Алланың құзырына барған құлдар исламдық түсінік бойынша Жаратушының кешірімі мен рахымына ие болатын пенделер қатарына жатады. Мұндай пенделерлің рухани тазалығы мен шынайы тәубесі олардың ақыреттік сауапқа қол жеткізуіне негіз болады. Құран мен хадис, діни мәтіндерде тәубенің қабыл болуы адамның жүрек тазалығымен, ықыласымен және күнәдан толық бас тартуымен тығыз байланысты екені айтылады. Сонымен қатар, исламдық дүниетанымда жәннәт нығметтерінің бірі саналатын бұлақтар мен сарқылмас игіліктер тәубе еткен және иман келтіріп, ізгі амал жасаған құлдар үшін әзірленгені баяндалады. Керісінше тәубе етпей, дүниеден күнәһар болып өткен адамдардың ақыреттік жағдайы діни мәтіндерде азаппен сипатталады. Мұндай сипаттамаларда рухани азғындық пен имансыздықтың салдары ретінде «ауыр азап», «сәһәр заққум шәрбәты» секілді бейнелі ұғымдар қолданылып, адамның рухани таңдауының мәңгілік нәтижесі айқын көрсетіледі.

Намаз, ораза, тәубемен жол тапқанға,
Хақтың жолын таңдап, нық ат басқанға,
Сол тәубемен ақыретке бет алғанға,
Кешірілген құлдар менен сұхбаты бар.

Ол бұлақтар кімге арналған, білгін мұны,
Тәубе қылған ғашықтарға ұсынды суын,
Тәубесіздер татпайды оның мөлдір суын,
Оларға әзір зәһәр заққум шәрбәті бар. (Doğan, 1997, 542-б).

Осының нәтижесінде Ясауи өз хикметтері арқылы тәубенің рухани маңызын айқындап, оның ақыреттік салдарын нақты әрі әсерлі түрде бейнелейді. Ақын Алла Тағалаға шынайы жалбарыну мен дұға ету арқылы күнәлардың кешірілу мүмкіндігін көрсетіп, пенденің рухани тазаруының басты жолы ретінде тәубені ұсынады. Оның шығармашылығында дұға тек тілектің көрінісі емес, күнәні жууға, жүректі тазартуға және Жаратушының рахымына жақындауға бағытталған рухани амал ретінде көрініс табады. Бұл туралы мына хикметінде былай дейді:

Көп күнәм өмірімді ақыр етіп,
Панаңа қашып келдім, қапы кетіп,
Назар сал Қожа Ахметке рахым етіп,
Мен сорлы, не қылсаңда келдім міне. (Жармұхамедұлы & Дәуітұлы, 1998, 70-б).

Ясауи тәубенің мән-маңызын үнемі қайталап ескертіп, оның адамның ақыреттік тағдырымен тікелей байланысты екенін баса көрсетеді. Оның пайымдауынша тәубесіз өмір сүрген адам рухани тұрғыдан толық тазармайды және Алланың құзырына таза күйде бара алмайды. Сондықтан ақын барлық күнәһар пенделерді өзіне-өзі есеп беруге, өткен қателіктеріне өкініш білдіруге және шынайы тәубе арқылы Жаратушыға бет бұруға насихаттайды.

Сон
дай-ақ аталған тұжырымдарды жүйелей келе, тәубені тұлғаның рухани-адамгершілік бағдарын қайта қалыптастыратын біртұтас үдеріс ретінде қарастыруға болады. Ғазали оның танымдық, жүректік және амалдық негіздерін жүйелесе, Тустари бұл ұстанымның күнделікті тіршілік пен дүниелік қатынастағы көріністерін ашады. Ал әл-Каффал орындалу шарттарын нақтылайды. Ясауи болса осы мазмұнды сопылық тәрбие жүйесімен ұштастырып, тәубені жүрек тазалығы, нәпсі тәрбиесі және Хаққа ұмтылыспен байланыстырады.

Аталған ойшылдардың көзқарастарын салыстыра отырып, адам өзінің кемшіліктерін танып, оларды түзетуге саналы түрде ұмтылған жағдайда рухани тұрғыдан жетіле түсетіні

байқалады. Мұндай ішкі өзгеріс адамның мінез-құлқы мен күнделікті іс-әрекетінен нақты көрініс табуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанды тәубе - ислам этикасында тұлғаның өз әрекеттерін бағалауына, моральдық жауапкершілігін сезінуіне және өзін жетілдіруіне ықпал ететін маңызды рухани-тәрбиелік құрал ретінде қарастырылады.

Қорытынды

Зерттеу барысында Ясауи түсінігіндегі тәубенің адамның діни санасы мен мінез-құлық жүйесін қалыптастырудағы орны айқындалды. «Диуани хикмет» мәтіндерінде аталған категория пенденің жасаған қателігін мойындауы, одан бас тартуы және Жаратушыға бет бұруы арқылы сипатталады. Осыған байланысты оның мәні Құран аяттары мен сүннетте бекітілген діни нормалардың жеке адамның іс-әрекеті мен өмірлік ұстанымдарында практикалық сипат алуымен түсіндіріледі. Ислам ойшылдарының тәубе жөніндегі тұжырымдарын салыстырмалы зерделеу оның танымдық, рухани және қолданбалы қырларының өзара байланысын айқындайды. Күнәнің мәнін ұғыну адамның өз әрекетіне сыни тұрғыдан баға беруіне негіз болса, одан туындайтын нәдамат ішкі өзгерістің негізгі қозғаушы күшіне айналады. Дегенмен тәубе өкініш сезімімен шектелмейді. Ол күнәдан бас тарту, ізгі амалдарға бет бұру, бұрынғы қателіктердің салдарын өтеу және теріс іске қайта оралмауға бағытталған саналы шешіммен толықтырылады. Сондықтан тәубені сана, жүрек және іс-әрекетті өзара үйлестіретін рухани-этикалық тетік ретінде қарастыруға болады. Зерттеу барысында тәубенің уақыттық сипаты да анықталды. Оның мазмұны өткенді саралау, қазіргі әрекеттерді реттеу және болашаққа қатысты тұрақты моральдық бағдар қалыптастыруды қамтиды. Бұл ерекшелік тәубенің бір сәттік эмоциялық күйі емес, тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне ықпал ететіндігін аңғартады. Сонымен қатар тәубенің мәні жеке рухани тәжірибемен шектелмей, адамның дүниеге, қоғамға және қоршаған ортаға қатынасынан да байқалады. Дүниелік игіліктерге шектен тыс тәуелділіктен арылу, адалдықты ұстану, жақсылыққа ұмтылу және әлеуметтік байланыстарда жауапкершілік таныту оның тәжірибелік мәнін кеңейтеді. Осы арқылы ішкі рухани өзгеріс адамың нақты өмірлік ұстанымдары мен әрекеттерінен көрініс табады. Осы тұрғыдан тәубе - өткенді бағалау, қазіргі болмысты түзету және келешекке рухани бағдар белгілеу мүмкіндігін беретін, тұлғаның кемелденуіне бағытталған үздіксіз даму барысы ретінде бағаланады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. *Әдеби жәдігерлер (20 томдық, 6-шы том. Қожа Ахмет Ясауи. Даналық кітабы)*.(2008), Құрастырған: Әлібекұлы А, Дәуітұлы С, Сағындықұлы Б, Алматы: «Таймас» кітабы.
2. Bice H. (2019), *Divan-ı Hikmet'ten Seçmeler*. Ankara Kültür Yayınları.
3. Doğan A. (1997), Ahmed-i Yesevi'nin Hayati ve Divan-i Hikmet'teki Şiirlerde Şekil ve Üslup/Ahmet Doğan, *Yeni Türkiye*, Ankara: Yeni Türkiye Medya Hizmetleri. Cilt: III,sayı: 15 (Türk Dünyası Özel Sayısı-I), s.528-548
4. *Divan-i Hikmet, Hoca Ahmed Yesevi* (2016), Editör: Tatcı M, Ankara: Merkez Repro Basım Yayın Ltd.Şti.
   Divan-i Hikmet / Ahmed Yesevi (2026), Haz. Taş İ, İstanbul: TÜYEK yayını.
5. *Диуани хикмет* (2007), Аударғандар: Жармұхаммедұлы М, Дәуітұлы С, Шафиғи М, Алматы: «Өнер» баспасы.
6. *Диуани хикмет* (2016), Аударған: Нұрахметұлы И. Астана: «Регис-СТ Полиграф» баспасы.
   İmam el-Gazali, *İhyaü Ulumi'd-Din*, c-4. Çev. Ahmed Serdaroğlu, Bedir yayınevi, İstanbul-2002, s.9-10
   Құран Кәрім: қазақша мағынасы және сөзбе-сөз аудармасы,(2023), Дәуір баспасы, Алматы.
7. Öksüz Y. (2018), *Pir-i Türkistan*. İstanbul: Ketebe Kitap ve Dergi Yayıncılığı A.Ş.
   Сәһл ибн Абдуллан әт-Тустари. (1980), *әл-Му'арада уәр-Радд 'ала әһлил-Фирақ уә әһлид-Дә'ауи фил-Әхуал.* Мұаммад Кәмал Жафар (мухаққиқ). Каир: Дарул-Инсан әт-Тәлифи әт-Таржамати ән-Нашр, 159 б.
   سهل بن عبد الله التستري. المعارضة والرد على أهل الفرق وأهل الدعاوى في الأحوال. تحقيق: محمد كمال جعفر. القاهرة: دار الإنسان للتأليف والترجمة والنشر، 1401هـ/1980م، 159 ص
8. Фахреддин әр-Рази. *Мефатихул-Ғайб (әт-Тефсирул-Кебир),* Бейрут: Дарул-Күтүбил-Илмийе, бірінші басылым, 1421/2000, 3-том, Бақара сүресі, 37-аят.

فخر الدين الرازي، مفاتيح الغيب (التفسير الكبير)، بيروت: دار الكتب العلمية، الطبعة الأولى، 1421هـ/2000م، الجزء الثالث، 37 للمساهمة في دعم المكتبة الشاملة .تفسير سورة البقرة، الآية https://shamela.ws/book/23635

Интернет ресурстар

URL-1. Ибн Мәжә №4250, әт-Табарани «әл-Муғжамул Кабир №150/10 Хадистер энциклопедиясы (الموسوعة الحديثية) https://dorar.net , hadith, sharh, (Қаралған күн:14.07.2026)
URL-2. Сахих Муслим, №2702. Пайғамбар хадистері (أحاديث نبوية). surahquran.com , Hadith-20807 (Қаралған күн: 19.07.2026)

СЫРДАРИЯ АЛАБЫНДАҒЫ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІ

ISLAMIC CULTURE IN THE SYR DARIA BASIN AND THE YASAWI MAUSOLEUM

Жәмила Қожахмет[1]
Zhamila Kozhakhmet [2]

Кіріспе

Сырдария алабының орталық және төменгі ағысы – Орталық Азия өркениетінің тарихи өзегі. Ежелгі грек авторларында Яксарт, пехлеви деректерінде Йахшарт, қытай деректерінде Яоша/Йоша, араб-парсы деректерінде Сейхун, түркі деректерінде Сыр деп аталған бұл өзеннің ұзындығы Нарын мен Қарадария қосылған жерден бастап сағасына дейін 2800 шақырымнан асады. Егер Әмудария ежелгі деректерде Окс ретінде отырықшы Иран мен көшпелі Тұран әлемін бөлуші шекара ретінде танылса, Сырдария – Яксарт, Сейхун ежелгі сақ, кейінгі түркі тайпаларының шаруашылық және рухани өзегі болды. Арал теңізіне құятын бұл өзеннің бойында ислам мәдениеті тек діни ілім ретінде ғана емес, қала салу, суару жүйесі және сәулет өнері түрінде қалыптасты.

Кеңестік және посткеңестік тарихнамада Сырдария алабы көбіне шеткері аймақ ретінде қарастырылғанымен, соңғы жылдардағы зерттеулер оның Орталық Азиядағы ислам өркениетінің негізгі дәліздерінің бірі екенін көрсетіп отыр.

Зерттеу мақсаты: Сырдария алабының орталық және төменгі ағысындағы ислам мәдениетінің материалдық көрінісі ретінде, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сәулеттік мұрасын, ою-өрнек арқылы өзара байланыста қарастыру.

В.В.Бартольд өзінің «Туркестан в эпоху монгольского нашествия» атты іргелі еңбегінде Сырдария бойындағы қалалар тарихын жан-жақты баяндайды. Оның пікірінше, Сырдарияның салаларының өзі «тарихта өзеннің өзінен гөрі суару үшін салыстырмалы түрде маңызы әлдеқайда зор болды». Сырдарияны «Ходжент өзені», «Шаш өзені», «Бенакат өзені» деп аталуын оның бойындағы қалалардың маңызымен байланыстырады [1] [2].

Зерттеу материалдары мен әдістер. Зерттеу материалдары үш топқа бөлінді:

1.Жазба деректер. Ибн Хордадбехтің Қангыт атауы, әл-Макдисидің 140 фарсахтық канал туралы мәліметі, Ибн Хаукальдың Қарйат ал-хадисаға су арқылы азық-түлік жеткізу туралы дерегі, Джувейнидің 1220 жылғы Ходжентті қоршау туралы әйгілі әңгімесіндегі Сырдариямен үздіксіз жүзу туралы мәліметі, Нузхат ал-кулубтағы Гул Зарийун атауы.

2.Сәулет-археологиялық материалдар: П.Лерхтің 1867 жылы Джаникент зерттеулері, М.Е.Массонның Түркістандағы кесене құрылысына қатысты зерттеулері, Түркістан экспедицияларының есептері, кесененің портал, күмбез, михраб бөліктерінің сәндік жүйесі [3].

3.Өнертанулық материалдар. Т.Қ.Бәсеновтің «Орнамент Казахстана в архитектуре» еңбегіндегі қазақ оюларының архитектураға енуі туралы тезисі, Н.Б.Нұрмұхаммедовтың «Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясави» еңбегінде кесене оюларының талдауы, С.П.Толстовтың Хорезм экспедициясы материалдарындағы Баланды-2 обасындағы күмбездеу әдісі туралы тұжырымы [4] [5] [6].

Әдістері. Тарихи-генетикалық әдіс, тарихи-топографиялық талдау, сәулет-археологиялық салыстырмалы талдау, ою-өрнектің морфологиялық талдауы және 2024-2025 жылдары Түркістан қаласындағы кесененің батыс және оңтүстік қасбеттеріндегі шым-ши және басқұр тектес өрнектерге визуалды талдау жүргізді.

Нәтижелер.

Сырдария тарихи-географиялық сипаттама және атауларының төркіні. Сырдария – Орта Азиядағы ең ұзын өзендердің бірі. Қазіргі еуропалық ғылымда оның бастауы Жетісу және

[1] Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері. Түркістан қ. Қазақстан; e-mail: zhamilakz75@gmail.com; ORCID - 0009-0004-9678-5777

[2] “Aziret Sultan” National Historical and Cultural Museum-Reserve, Yasawi Research Center, Turkistan, Republic of Kazakhstan, Researcher.

солтүстік-шығыс Ферғана арқылы ағатын Нарын деп есептелсе, жергілікті халықтың және ортағасырлық дәстүрдің түсінігінде жоғарғы ағысы болып Ферғананың оңтүстік-шығысындағы Қарадария саналған. Қарадария Қара-Күлжа мен Тара өзендері қосылғаннан кейін Өзген қаласының жанынан ағып өтеді, сондықтан да кейде «Өзген өзені» деп аталған. Қарадария мен Нарын арсындағы алқап парсыша Мийан-рудан, ал түрікше Ики-су арасы деп аталған. Қос өзен қосылған жерден сағасына дейін Сырдарияның ұзындығы 2800 шақырымнан асады [1, 156-б]

Араб географтары Ферғанада Сырдариядан оңтүстікте ағатын үлкен Шарыхан каналына құятын бірнеше салаларды атайды. Бұл канал Қарадариядан, ал Жаңы-арық Нарыннан шығарылған және тек XIX ғасырда ғана қазылған. Орта ғасырларда Сырдарияның өзінен Мырзашөлді суару үшін Чиназ бен Жызақ арасындағы аш даланы суаруға арналған ірі каналдар шығарылды ма деген мәселе әлі де даулы. Макдисидің Ходжент пен Усрушана арасындағы ұзындығы 140 фарсах болатын арық туралы дерегі басқа ешқандай дереккөзбен расталмайды [2, 491- б].

Сырдарияның тарихи атаулары оның мәдени маңызын айқындайды.. Батыс Еуропада ол осы күнге дейін көне грекше Яксарт деп аталды. Бұл атаудың пехлевейлік түрі Йахшарт деп болжаған форманы Маркварт «нағыз, таза меруерт» деп түсіндіретін Йахша арта деп жорамалдайды. Бұл этимология даулы болғанымен йахша-‘меруерт’ деген сөздің атауда бар екені анық: қытайша Чинчухэ және түрікше Йинчу-өгуз атауларының мағынасы да осыған сәйкес келеді. Түземдік атаудың қытайша транскрипциясы Яошa, Яуша немесе Йошa түрінде беріледі.

Сыр деген сөздің өзі XVI ғасырдан бұрын куәландырылмаған анағұрлым кейінгі түрік атауы. Ибн Хордадбех Қангыттың қытайша транскрипциясында кездесетін Канкар атауын да атайды, ол өзеннің орта ағысында ғана қолданылған. Арабтар Әмудария үшін Жейхун атауы сияқты, Сырдария үшін де Сейхун атауын енгізді. Хамдаллах Қазвинидің Нузхат ал-кулуб еңбегінде Гул Зарийун деген атау кездеседі, оны кей зерттеушілер моңғолша гул серикун ‘салқын өзен’ деп түсіндіреді [2, 492].

Сырдарияның жағасындағы қалалардың атымен аталған, әсіресе жиі «Ходжент өзені» деп аталды. Қазіргі таңда Хожент – Сырдарияның жағасында тікелей орналасқан жалғыз ірі қала. Басқа атаулары: Бенакат немесе Фенакат өзені, Шахрухия өзені, Ахсикент өзені, Чач немесе Шаш өзені бәрі де Шыршық бойындағы үлкен егіншілік оазисінің атымен байланысты.

Сырдариядағы соңғы қала, арабша ал-Қарйа ал-хадиса, парсыша Дих-и нау, түрікше Янгикент, кейіннен тарихи шығармаларда Шехркент деп аталған қала. Ол өзен жағасынан 1 фарсах және сағасынан 2 күндік жол қашықтығында орналасқан. Қазіргі қирандысы – Жанкент. Қирандылар 1867 жылы П.Лерхпен зерттелді, ол жерден табылған монеталар VIII-XIV ғасырларға жатады [1, 211-б]. Осы уақыт шамасында өзен арнасын өзгертіп, кейбір деректер бойынша шөлде жоғалып кеткен, басқа біреулер бойынша Әмудариямен қосылып кеткен. IV-X ғасырда Сырдария Әмудариямен қатар кеме жүзетін өзен ретінде аталады [2, 323-б]. «Бейбітшілік кезінде» су арқылы Янгикентке азық-түлік жеткізілген. Бұл оның бойындағы қалалардың көшпелі және отырықшы мәдениеттердің түйіскен жерінде орналасуына әкелді. Орыс үстемдігі орнағаннан кейін, 1847 жылдан бастап Сырдарияның төменгі ағысында пароход қатынасын енгізуге талпыныс жасалды., бірақ 1882 жылы Арал флотилиясы таратылғаннан кейін бұл тоқталды [2, 493-б].

Түркістан атауының эволюциясы және Ясы қаласының рөлі. Түркістан қаласы көне дәуірдегі қазақ қалаларының біріне жатады. Оның атымен байланысты орта ғасырлық Қазақстан және Орта Азия тарихындағы біршама белгілі саяси оқиғалар жазба деректер беттеріне түскен.

Түркістан қаласы тарихымен Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық екі қаласы – Шауғар /Шойтөбе/ мен Иасының /Күлтөбе/ тағдыры тығыз байланысты, олар Түркістан оазисінің белгілі бір тарихи кезеңдерінде әкімшілік және экономикалық орталықтары болған-ды. Алдымен оазистегі басты қала Шауғар, сонан соң Иасы болды. Түркістан қаласының нағыз тарихы да Иасы қаласынан басталады [7, 3- 4-б].

Түркістан – парсы сөзі, мағынасы «Түріктер елі». Парсылар үшін оның тек оңтүстік шекарасы, яғни Иранмен шектесетін шекарасы ғана маңызды болды. Түріктер Орта Азияда алғаш рет б.з. VI ғасырында пайда болған кезде-ақ Окс өзеніне дейін жеткен. Сондықтан

Сасанилер тұсында түріктер елі Окс өзенінен бірден солтүстікке қарай басталған. Табари айтқан аңыз бойынша Окс өзені Ираштың садақ атуы арқылы шекара ретінде белгіленген [2, 518-б].

Арабтардыңжеңістерінің салдарынан түріктер алыс солтүстікке ығыстырылды, сондықтан III-IX және IV-X ғасырлардағы араб географтары үшін Түркістан Окс өзенінен бірден солтүстікте емес, тек «өзеннің арғы бетіндегі ел» деп аталған мәдени облыстардан, Мауераннахрдан солтүстікте басталды. Ол кезде Түркістан, яғни түріктер елі, Мауераннахрдан солтүстік және шығысқа қарай жатқан жерлер ретінде елестетілді. Ферғанадағы Касан қаласы Сырдариядан солтүстікке «Түркістан елі басталатын жерде» орналасқан. Түркістанға сол өзеннің төменгі ағысындағы Дженд және Шехркент қалалары жатты.

Осы сөздің ықпалымен кейбір зерттеушілер, Түркістан атауы Мауераннахр еліне тек орыстармен ғана берілді деп есептейді. Алайда түріктердің жаулап алулары бұл сөзге өзінің бұрынғы мағынасын қайтарып берген. 1867 жылы орыстар орталығы Ташкентте орналасқан Түркістан генерал-губернаторлығын құрды. 1886 жылы профессор И.В.Мушкетов «Түркістан» ұғымына әкімшілік өзгерістерге тәуелсіз, тұрақты географиялық мағына беруге тырысты. Ол Түркістан бассейні деп Орта Азияның орталық таулары мен Каспий теңізі алабы, Иран таулы үстірті мен Солтүстік мұзды мұхит арасындағы облыстарды атауды ұсынды. XIV ғасырда, тіптен XII ғасырда да болашақ Түркістан Ясы деп аталған және Темір тарихында село деп аталған. Қаланың маңызы алғаш рет моңғол дәуірінде тіркелген әулие Ахмет Ясауиге деген табынудың арқасында көтерілді, ол түріктерді исламға кіргізді деп есептелді, әсіресе Темір салдырған керемет кесенесінің арқасында, әулие түркі елінің қамқоршысы саналды және Хазрет-и Түркістан деп аталды. [2, 519-б].

Түркістан қаласының тарихын қарастырғанда жазба деректерде ол алдымен «Шауғар» деген атпен, сонан соң «Иасы» және «Түркістан» атауларымен кездесетіні белгілі. Осыған дейін ғылымда қалыптасқан пікірлер бойынша Шауғар біздің заманымыздың 1-ші ғасырынан XII ғ. дейін, Иасы IX ғасырдан XV-XVI ғ.ғ. дейін, ал Түркістан XVI ғасырдан бері қарай өмір сүрген қалалар, бірақ үшеуінің тарихы бір-бірімен тығыз байланысып жатқандықтан және бірінсіз-бірін жеке бөліп қарастыруға, зерттеуге мүмкіндік болмайтындықтан бұлардың тарихын бір қаланың ғұмырнамасы деп қабылдау керектігі шешілген. Шауғар қаласының дәл орны қазіргі қаладан оңтүстікке қарай 8 шақырым жерге орналасқан «Шойтөбе» ескерткіші болып табылады, ал Иасы қалашығының орны – «Күлтөбе» ескерткіші десек, кейінгі орта ғасырлық Түркістанның орны деп кесенеден оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан 23,7 гектарлық көне құрылыстардың, көшелердің, қала қорғанының іздері сақталған бөлігін есептейміз [3, 13-б].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Сырдария алабындағы ислам мәдениетінің өзегі. Кесене 1396-1404 жылдары салынды. Белгілі өнертанушы Н.Нұрмұхаммедов өзінің еңбегінде сонау неолит пен қола дәуірінде-ақ Қазақстан территориясын мекендеген тайпалар құрылыс жұмысында тас кесектерін қиюластырып қалау арқылы айқын доға (арка) етіп өрудің негізін қалағанын айтады [5, 78-б].

Ертедегі грек тарихшылары Сырдария бойында салынған қалалардың көптігін сақ тайпаларының шаруашылық қызметімен байланыстырады. Олардың архитектурасын Жетіасар, Баланды, Шірік-Рабат, Бәбіш мола сияқты ескерткіштерге қарап бағамдауға болады. Көшпелі және отырықшы тайпалар мәдениеті өзара ықпалдасып отырған. С.П.Толстов Баланды-2 обасы жөнінде айтқанда, күмбез жасау әдісін табуда сырдариялық сақтардың айрықша рөл атқарғанын баса көрсетеді [3, 81-б].

1380-1393 жылдары Темірдің Иранға жорықтары кезінде құлдыққа алынған ең шебер сәулетшілер мен ұсталар осы құрылысқа тартылды. Олардың ішінде ширазды шеберлер Қожа Хасан Ширази мен Шемс Абд-әл-Вахаб Ширази ерекше аталды.

Ою-өрнек жүйесіндегі ислам және далалық синтез. Ою-өрнек – әлем халықтарына ортақ мұра, бірақ әр ұлттың тұрмыс салтына орай өзіндік қолтаңбасы бар. Кез-келген халықтың ою-өрнегін зерттей отырып, оның байырғы тұрмысы мен дүниетанымын анықтауға болады.

Біздің елімізде өнер зерттеудің бұл саласы жүз жылдан аса уақыттан бері жүргізілуде. Кеңес дәуірінде қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, Т.Бәсенов, Ә.Масанов, М.Мұқанов жалғастырды. Осы ғалымдардың ішінде Т.Бәсеновтің «Орнамент Казахстана в архитектуре» атты еңбегі ерекше орын алады. «Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң

аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді... Қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданылып келеді» - деп атап көрсетеді [4, 45-б].

Біздің талдауымыз бойынша, Ясауи кесенесінің оюлары мазмұны жағынан үш топқа бөлінеді, бұл қазақ оюларының жіктелуіне сәйкес:

Мал өсіру мен аңшылықты бейнелейтін зооморфтық элементтердің стилизацияланған түрлері – мүйіз, қошқар мүйіз.

Жер-су, көшіп-қону көріністері – ирек, толқын тәрізді басқұрлар. Күнделікті заттардың сыртқы бейнесі – ши өрнегі, алаша өрнегі.

Кесененің батыс фасадындағы басқұрлар мен шым-ши өрнектері қазақтың ұлттық оюларымен формасы, конфигурациясы жағынан толық үндеседі. Ал михрабтағы өсімдік тектес ислами өрнектері мен куфалық жазулар шираздық шеберлердің жұмысы.

1399 жылы Темір үлкен әйелі Бибіханым атынан Самарқанда зәулім мешіт салдыру үшін Түркістандағы шеберлердің жартысын Самарқанға жібреді. Бибіханым мешітінің өсімдіктектес өрнектері Ясауи кесенесінің михрабындағы өрнектерге ұқсас, ал порталын сәндеген басқұрлар кесененің батыс фасад өрнегін қайталайды. Мешіттің сыртқы формасының өзі де Ясауи кесенесіне өте ұқсас. Бұл екі құрылыстың бас сәулетшісі бір адам деген тұжырымға алып келеді [3, 83-б].

Талқылау

Жоғарыда келтірілген нәтижелерді тұжырымдай келе, Сырдария алабындағы ислам мәдениетін сырттан күштеп енгізілген, жергілікті дәстүрге жат қабат ретінде қарастырудың ғылыми тұрғыдан дұрыс еместігі айқын болады. Керісінше, бұл ұзақ тарихи кезең, үш ірі мәдени дәстүрдің өзара ықпалдасып, біте қайнасуының нәтижесі. Атап айтқанда, ежелгі сырдариялық отырықшы-егіншілік дәстүр, сақ-ғұн дәуірінен бастау алатын далалық құрылыс мәдениеті және ортағасырлық мұсылмандық сәулет мектебінің тоғысуы.

Бұл тоғысуда Сырдария өзенінің тарихи шекара ретіндегі рөлі шешуші болды. Егер Әмудария- Окс ежелгі деректерде отырықшы Иран мен көшпелі Тұран әлемін бөлуші шарттары шекара ретінде танылса, Сырдария-Яксарт, Сейхун керісінше, сақ кейінгі түркі тайпаларының шаруашылық және рухани тұтастығын сақтап тұрған ішкі өзегі болды. Сондықтан ислам діні бұл өңірге Әмудария арқылы келген әскери-саяси экспансия жолымен емес, сауда керуендері, суару жүйесі және қалалық мәдениет арқылы біртіндеп эволюциялық жолмен сіңді. Осы себепті Сырдария бойындағы Бенакаттан бастап Янгикентке дейінгі қалалар тізбегі ислам өркениеті мен түркілік дала дүниетанымы арасындағы идеологиялық және экономикалық тоғысу белдеуі қызметін атқарды. Бұл белдеуде мешіт пен седресе, базар мен керуен-сарай, отырықшы диқан мен көшпелі малшы мәдениеті қатар өмір сүрді.

Осы тоғысу кезеңінің ең жарқын рухани өнімі, Қожа Ахмет Ясауи тариқаты. Ясауи ілімінің мәні, исламның классикалық қағидаларын көшпелілердің болмыс-бітіміне, ауызша поэзия дәстүріне бейімделуінде. Хикметтердің араб немесе парсы тілінде емес, көне түркі тілінде жазылуы, сопылық идеялардың далалық наным-сенімдермен ұштасуы исламды халыққа түсінікті әрі жақын етті. Ясауи тариқаты осы тоғысу белдеуінің рухани сұранысына жауап ретінде пайда болды. Ясы қаласы тек діни уағыз орталығы ғана емес, мәдени интеграцияның орталығына айналды. Бүгінде Түркістан қаласы бүкіл түркі әлемінің рухани астанасы ретінде мойындалды.

Сәулет өнері тұрғысынан бұл үндестік Ясауи кесенесінде өзінің шарықтау шегіне жетті. Өнертану саласында Әмір Темірдің Иран жорықтарынан кейін Түркістанға алып келген шираздық шеберлер, Ирандағы дайын үлгіні механикалық түрде көшіріп әкелген жоқ. Керісінше, олар жергілікті халықтың қолөнерін, киіз үйдің сүйегі мен ағаш бұйымдардағы геометриялық ою-өрнек жүйесін мұқият зерттеген. Нәтижесінде кесене сәулетінде бұрын-соңды болмаған құбылыс пайда болды: жоғары шираздық глазурлі мозаика және майолика техникасына далалық геометриялық ою басқұр, шым-ши, мүйіз өрнектері енгізілді.

Бұл құбылысты қазақ сәулет өнерінің ұлттық мектебінің қалыптасуының бастауы деп бағалауға толық негіз бар. Өйткені бұған дейін ислам сәулетінде өсімдік тектес ислами және геометриялық өрнектері басым болса, Түркістанда алғаш рет көшпелілердің зооморфтық дүниетанымы тасқа және глазурге түсті. Осы тұрғыдан алғанда, Сырдарияның төменгі

ағысындағы Жетіасар мәдениетінің б.з.д. I мыңжылдықтағы шикі кірпіштен соғылған күмбезді обасы мен орта ағысындағы XIV ғасырдың соңындағы Ясауи кесенесінің алып қос күмбезінің арасында үздіксіз 1500 жылдық құрылыс дәстүрінің сабақтастығы жатыр. Бұл сабақтастық Сырдария өркениетінің дербестігін және оның Орталық Азия ислам сәулетінің шеткері емес, қайта өзіндік өзегі екенін дәлелдейді.

Қорытынды

Сырдария алабының орталық және тиөменгі ағысын кешенді тарихи-географиялық және сәулет-өнертанулық тұрғыдан талдау, бұл өңірдің ортағасырларда ислам өркениетінің жай ғана солтүстік шебі емес, керісінше, отырықшы және көшпелі өркениеттердің өзара әрекеттесуі мен синтезі жүзеге асқан дербес өркениеттік аймақ болғанын дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері бірнеше түйінді тұжырымға алып келді.

Сырдарияның гидрографиясы мен тарихи топонимикасы оның өркениет қалыптастырушы рөлін айқын көрсетеді. Яксарт-Йахшарт-Сейхун-Сыр атауларының эволюциясы өзеннің әр дәуірде грек, парсы, араб, қытай және түркі дүниетанымындағы орнын көрсетсе, оның суару жүйесі – Шарыхан, Жаңы-арық сияқты каналдар мен Чиназ-Жызақ арасындағы арықтар жүйесі Бенакат, Ходжент, Шахрухия, Ахсикент, Шаш, Янгикент сияқты қалалар тізбегінің үздіксіз дамуын қамтамасыз етті. В.В.Бартольд атап өткендей, өзеннің салаларының өзі кейде негізгі арнадан да маңызды болған. Осылайша, Сырдария ислам қалалық мәдениетінің таралуының табиғи дәлізіне, ал оның бойындағы қалалар, ислам мен түркілік дала арасындағы идеологиялық және экономикалық транзиттік өңірге айналды.

Ясы қаласының тарихи эволюциясы, Шауғар-Иасы-Хазрет-и Түркістан-Түркістан желісі бұл өңірдің саяси емес, рухани астана ретінде қалыптасуының бірегей үлгісі болып табылады. Бұл процесс Сырдарияның орта ағысындағы ислам мәдениеті орталығының Ферғана мен Шаштан солтүстік-батысқа қарай біртіндеп жылжуымен тікелей байланысты. Қала маңызының артуы Қожа Ахмет Ясауи тұлғасымен және Ясауия тариқатымен сабақтас. Ясауи хикметтерінің түркі тілінде жазылып, ислам қағидаларын көшпелілер дүниетанымына бейімдеуі, Ясыны діни уағыз орталығынан этно-мәдени интеграцияның орталығына айналдырды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, тек Әмір Темір империясының сәулеттік ескерткіші ғана емес, Сырдария бойындағы үш ірі мәдени қабаттың тарихи синтезі. Жүргізілген талдаулар нәтижесінде, кесене архитектурасында :

-ежелгі сырдариялық дәстүр, С.П.Толстов сипаттаған Жетіасар, Балаңды-2 обаларындағы күмбездеу әдісінің 1500 жылдық сабақтастығы;

-ортағасырлық исламдық сәулет мектебі, порталдық-күмбезді жүйе, куфалық жазулар, өсімдік тектес ислами өрнектер;

-шираздық глазурлі мозаика мектебі, Қожа Хасан Ширази мен Шемс Абд-әл-Вахаб Ширази шеберлерінің техникасы қатар көрініс тапқан.

Бұл үндестіктің ең айқын дәлелі – ою-өрнек жүйесі. Зерттеу барысында кесене оюларының қазақтың дәстүрлі ою-өрнек жіктемесіне толық сәйкес келетіні анықталды: зооморфтық топ (мүйіз, қошқармүйіз), космогониялық және көшпелі тұрмысты бейнелейтін топ (ирек, толқын тәрізді басқұрлар), тұрмыстық заттарға негізделген топ (шым-ши, ши өрнегі, алаша). Кесененің батыс және оңтүстік қасбеттеріндегі басқұр мен шым-ши өрнектері формасы мен конфигурациясы жағынан қазақ ұлттық оюларымен толық үндеседі. Ал михрабтағы нәзік өсімдік тектес өрнектер шираздық шеберлердің қолтаңбасы. Бұл шираздық шеберлердің Ирандағы үлгіні көшіріп әкелмей, жергілікті далалық қолөнерді саналы түрде зерттеп, глазурлі техникаға енгізгенін көрсетеді. Осы факт Т.Бәсеновтың «қолөнер әдістерінің архитектураға енуі» туралы тезисін нақтылайды және қазақ сәулет өнерінің ұлттық мектебінің бастауын Тимуридтер дәуірінен іздеуге мүмкіндік береді. 1399 жылы шеберлердің бір бөлігінің Бибіханым мешітіне жіберілуі және екі ескерткіштің сыртқы формасы мен ою-өрнек жүйесінің ұқсастығы осы ортақ сәулет мектебінің болғанын растайды.

Сонымен, Сырдария алабындағы ислам мәдениеті, сырттан келген жат қабат емес, жергілікті сақ, ғұн, түркі дәстүрінің ислам өркениетімен табиғи біте қайнасуының нәтижесі. Ясауи кесенесі осы біте қайнасудың ең жоғарғы нүктесі, Сырдария өңірінің Шығыс пен Батысты жалғаған мәдени көпір болғанының материалдық дәлелі болып табылады.

Бұл мұраның бүгінгі таңдағы өзектілігі жоғары. Біріншіден, кесене ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміндегі ескерткіш ретінде кешенді қорғау, реставрациялау және оның далалық ою-өрнектерінің ұлттық сәулет өнерінің қайнар көзі ретінде насихатталуы, «Рухани жаңғыру» және ұлттық бірегейлікті сақтау бағдарламаларының өзегі. Екіншіден, Сырдария алабын біртұтас тарихи-мәдени және туристік дәліз ретінде қарастыру, Отырар, Сығанақ, Сауран, Жанкент, Түркістан қалаларын біріктіретін ғылыми және туристік маршруттарды қалыптастыруға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Ч. II. СПб., 1900. – 588 с.
2. Бартольд В.В. Работы по исторической географии. Москва: «Восточная литература» РАН. 2002.- 711 с
3. Тұяқбаев М.Қ. Түркістан сырлары. Алматы, 2000. – 96 бет.
4. Басенов Т.К. Орнамент Казахстана в архитектуре. Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – 112 с.
5. Нурмухаммедов Н.Б. Мавзолей Ходжи Ахмеда Ясеви. – Алма-Ата: Өнер, 1982. – 128 с.
6. Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1948. – 328 с.
7. Смағұлов Е., Тұяқбаев М. Түркістанның ортағасырлық тарихы. Түркістан. «Мұра», 1998. – 52 бет.
8. Всеобщая история архитектуры. В 12 т. Т. 8. Архитектура арабских стран. – Москва: Стройиздат, 1969.
9. Массон М.Е. О постройке мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви // Труды Среднеазиатского государственного университета. – Ташкент, 1930.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ӨРКЕНИЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЫҚПАЛЫ

THE INFLUENCE OF ISLAMIC CULTURE ON THE FORMATION OF MEDIEVAL CIVILIZATION IN KAZAKHSTAN

Зауре Мукатаева[1]; Әбдинұр Абдісаламұлы[2]
Zaure Mukatayeva[3]; Abdinur Abdisalamuly[4]

Кіріспе.

Қазақстан аумағындағы ортағасырлық өркениеттің қалыптасуы күрделі тарихи үдерістермен және әртүрлі мәдени дәстүрлердің өзара ықпалдастығымен сипатталады. Осы кезеңдегі қоғамдық дамуға елеулі әсер еткен факторлардың бірі – ислам дінінің таралуы және онымен сабақтас мәдени құндылықтардың орнығуы. VIII ғасырдан бастап Орталық Азия кеңістігіне тарала бастаған ислам уақыт өте келе діни сенім жүйесі аясынан шығып, қоғамның рухани өміріне, білім мен ғылымға, қалалық мәдениетке, сәулет өнеріне және әлеуметтік қатынастарға ықпал еткен маңызды тарихи-мәдени құбылысқа айналды. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудағы ортағасырлық қалалардың дамуы, жазба мәдениет пен білім ошақтарының қалыптасуы, сәулеттік құрылыстардың жаңа үлгілерінің пайда болуы осы үдерістермен тығыз байланысты болды. Сонымен қатар ислам мәдениетінің орнығуы жергілікті мәдени дәстүрлерді толық ығыстыру түрінде емес, бұрыннан қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдармен, әдет-ғұрыптармен және әлеуметтік тәжірибемен өзара ықпалдасу жағдайында жүрді. Сондықтан Қазақстан аумағындағы ортағасырлық өркениетті ислам мәдениетінің ықпалын және оның жергілікті тарихи-мәдени ортамен сабақтастығын ескере отырып қарастыру аталған кезеңдегі қоғамдық және мәдени өзгерістердің мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысының негізгі материалдарын Қазақстан аумағындағы ортағасырлық қалалар мен ислам мәдениетінің дамуына байланысты археологиялық қазба нәтижелері, ортағасырлық жазба деректер және қазіргі заманғы ғылыми зерттеу еңбектері құрайды. Ортағасырлық қалалардың археологиялық зерттеулері, сәулет ескерткіштері, мешіттер, медреселер мен кесенелер туралы мәліметтер пайдаланылды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау әдісін жүргізу мақаланың зерттеу мүмкіндігін кеңейте түсті. Жалпылама ортағасырлық сәулет ескерткіштеріне байланысты әдебиеттер тізімін талдай отырып, зерттеу тақырыбына байланысты әдебиеттер қарастырылды.

Нәтижелер мен талқылау. Ислам діні әлемдегі діндердің ең кенжесі және ең кең таралған түрі. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» - деп айтқан Абай атамыздың сөзіде тарихын тереңге жайған қазақ даласына да ислам дінінің таралғандығының көрнісі. Қазіргі уақытқа дейін сақталып келген ислам дінінің VIII ғасырда болған араб шапқыншылығынан кейін белсенді таралып, сол уақыттағы қала өркениетіне өзіндік әсерін тигізгенін байқай аламыз.

Жоғарыда айтып өткен араб шапқыншылығынан кейін ислам діні таралғанымен сол уақыттағы түркі хандары оны бірден қабылдамады. X ғ. бірінші жартысында ғана Қарахан қағанатында ресми мемлекеттік дінге айналды. Аңыз бойынша Сатұқ Қараханның түсінде, көктен түскен адам, түркі тілінде: «Өзіңді осы және арғы дүниеде құтқару үшін исламды қабылда», - деп аян берген.[1;150] Бұл шешім қазақ даласында Қожа Ахмет Яссауидай тұлғалардың келуіне, әртүрлі мешіт медреселердің салынуына себеп болған болатын.

Жазба деректерде дін уағыздаушы қожалардың Қойлық қаласында да тұрғандығы айтылады. Дәл осы қалада 1281 ж. Түркістан қожалары шежіресі нұсқаларының бірі жазылған.

[1] Шәкәрім университеті, Семей қаласы, Қазақстан, аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты; email: zauremukataeva4@gmail.com ORCID iD: https://orcid.org/0009-0008-9604-8477

[2] Шәкәрім университеті, Семей қаласы, Қазақстан, тарих мамандығының магистранты; e-mail: abdunyrabdusalyam@gmail.com. https://orcid.org/0009-0009-7639-7669

[3] Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, Senior Lecturer, Candidate of Historical Sciences.

[4] Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, Master's Student in History.

Жазба деректерде айтылған мәліметтерді Қойлық қаласындағы мұнарлы мешіт, кесене, ханака орындарында жүргізілген қазба және зерттеу жұмыстары растайды. Қала орталығындағы мешіт қазбаға дейінгі көлемі 35х30 м болатын төртбұрышты биік төбе күйінде болды. Қазба жұмыстары мешіт ғимаратының көлемі - 34х28 м, қабырғасының қалыңдығы 2 м болғанын көрсетті. 1.5-1.6 м биіктікте сақталған ғимараттың қабырғалары төртбұрышты қам кірпіштен тұрғызылған. Қабырғасының ішкі жағы сыланған, ал сылақтың астында ошақтан шыққан ыстық түтін мен ауа жүретін құбырлар болған. [1;151] Бұл мешітті суық уақытта жылыту үшін жасалған. Бұл мешіт сол уақыттағы ислам дінінің жетісу жеруінде таралуының бір көрінісі.

Ислам мәдениетінің әсері тарихы ерте орта ғасырлардан бастау алатын Бозоқ қорымдарындағы жерлеу орындарынан да көрініс табады. Қорымның бір сатысында Еуразия тұрғындарының исламды қабылдау үдерісін көре аламыз. Бұл уақытпен қарапайым жерлеу орындары, саман кірпіштен салынған түрлі қоршаулар, күйдірілген немесе қам кірпіштен салынған төртбұрышты және тіктөртбұрышты жоспардағы 5 кесене мерзімделеді. Осы құрылыстардың басым көпшілігі ескерткіштің төбе үстіне шоғырланған. Өз кезегінде исламның енуі мәйіттің басын батыс бағытқа, ал бетін оңтүстікке қарату, ақыреттік заттарының болмауынан көрінеді.[1;19]Бұл тұста ислам мәдениетнің жерлеу әдет-ғұрыпттарына өз әсерін тигізгенін көруімізге болады.

Ботағай кесенесі - ортағасырлық құрылыс кешені. 1974 ж. Ботағай кесенесіне Қазақ КСР-і ҒА Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы зерттеу жүргізеді. Құрылыстың қалдықтары сопақша келген, солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай созылып жатқан жатқан, диаметрі 30 метрдей, биіктігі 2 метрге жуық төбе күйінде болған. Ескерткіштің бетінде және ескерткішті қоршаған айналада жақсы күйдірілген қызыл кірпіштің сынықтары шашылып жатқан. Ботағай кесенесінің қираған орындарынан оңтүстік-батысқа қарай әсіресе оңтүстікке қарай алса топырақтан үйілген көп молалар, сондай-ақ көлемді зират кешенінің қабір үстіндегі құрылыстарының қалдықтарына жататын төбелер қарайып тұрған. Ботағайдан солтүстікке қарай 12 метр жерден кірпіш күйдіретін еден үстілік пештің қалдықтары байқалады. Негізгі фасады алдына жүргізілген қазба барысында ашылған алаң шағын болғанымен, табылған өсімдікті өрнекті оймышты терракоталық сталактиттер бірегей болып табылады. Осы сталактиттер аркасына өтер жеріндегі кіре беріс есік нишасына, сонымен қатар ғимарат интерьеріндегі күмбездердің қолтықтарына пайдаланылған. Осындай түрдегі сталактиттер Тимдегі Араб ата кесенесінде қолданылған.[1;24]Ботағай кесенесі орта ғасырдағы жерлеу әдет-ғұрыптарының ғана емес, қазақ даласындағы өсімдіктердің және геометриялық өрнектерімен сақталған ислам мәдениетінің көрінісі.

Қазақ жеріндегі тағы бір нысан Абат-Байтақ қорымы. XIV-XX ғ. басы. Ескерткіш атауы Абат-Байтақ кесенесімен байланысты. Ескерткіш XIV ғ. соңы-XV ғ. басына жататын монументалды күмбездерге негізделген көлденеңінен 600 м дейінгі алаңы бар үлкен далалық мемориалдық кешен болып есептеледі. Кешенге Кіші жүз руларының: табын, кете, ожырай, алшын, байбақты, шекті және т.б. өкілдері жерленген, үлкен мәдени-идеологиялық мәртебесі бар руаралық үлкен қорым ретінде қалыптасқан. Негізгі ескерткішке орталық бөлігі бастапқы биіктігі 16 м жуық, жоспары бойынша тікбұрышты негізден, сәл көлбеу қабырғаларынан, 11 қырлы барабан үстіне тұрғызылған конусты күмбезден тұратын сәулеті порталды-күмбезді Абат-Байтақ кесенесі жатады. Ғимараттың порталды бөлігіне жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстары бойынша пештагі оңтүстік қабырға сызығынан 3.0 м сыртқа шығып тұр. Оның ішкі көрінісі төртбұрышты жоспарда, ішкі қабырғасының төбежабындысын өзіндік бірізділікпен өткен: 8 қырлы, 16 қырлы және сфероконус түріндегі құрылымдық күмбез.[1;44] Бөлменің батыс және шығыс қабырғаларында аркалы ойықтар орналасқан. Ғимараттың қабырғаларында таңба тәріздес белгілер сақталған. Кесененің өрнекті бөлігі негізінен сыртқы барабанның қырларында, бірінен екіншісіне сатыланып өткен бітеу ойықтар арқылы орындалған. Бұл ғимарат Қазақстан мен Орта Азия аймағындағы екі жабындылы күмбезді, сыртқысы конус немесе пирамида түріндегі яғни «шатырлы кесене» деп аталатын порталды-күмбезді кесенелердің ерекше түріне жатады.[1;45] Ақмола облысында орналасқан бұл кесенеде ислам дінінің қазақ қоғамындағы тұрмыс тіршілігіндегі көрінісі болып қана қоймай, қазақ жеріндегі орта ғасырлық ескерткіштердің ерекше сәулет өнеріменен сақталған ескерткіш. Жоғарыда оңтүстік Қазақстаннан басқа облыстардағы ислам мәдениетінің сәулет

ескерткіштеріне тоқталып өттік. Бірақ ислам дінің таралуымен киелі мекен дегенде ойға бірден келетін қала ол әрине Түркістан қаласы және жалпы Сырдария бойындағы қалалар.

Арыстан баб кесенесі - XII ғ. салынған. Қоғам ауылынан 1 км солтүстікте орналасқан тағы бір сәулет ескерткіші Арыстан баб кесене мешіті. Арыстан баб ұзақ және күрделі даму сатысынан өткен. Оны мынадай түрде көрсетуге болады: XII ғ. салынған бірінші ғимарат қираған: XIV ғ. Әмір Темірдің бұйрығы бойынша тағы бір кесене салынады; 1860-1870 ж. ж. кесене толықтай жаңартылды, бұл көрханның шығыс бөлігі; содан кейін 1909 ж. құрылысы қайта жүргізілді. Күрделі құрылысының соңғысы 1971 ж. жатады. Арыстан баб кесенесін көбіне кешен деп атайды, дегенмен архитектуралық тұрғыдан олай болып табылмайды. Оны кешен деп қызметтік тұрғыдан қарастыруға болады. Оның басты бөліктері - ғибадат ету салтымен және әулиеге арнап дұға жасаумен байланысты. Ғимарат (негізгі көлемі 35х12 м, биіктігі 12 м, алебастр ерітіндісімен қыш кірпіштен тұрғызылған) фасады бойынша созылып жатыр. Ол «шығыс-батыс» өс бойынша анфилада болып орналасқан, жоспары бойнша төртбұрышты келген екі бөлмелі қабірханадан тұрады. Оның біріншісіне Арыстан бабтың қалыптан тыс үлкен құлпытасы, екіншісіне - оның шәкірттері мен ізбасарлары Хермет Әзір, Қарға баб, Лашын бабтың кішігірім құлпытастары орналасқан. Екі бөлме де көлемі мен пішіні бойынша бірдей сфероконусты күмбезбен жабылған. Қабірхананың бастапқы есігі XIV-XV ғ. ғ. құрылыстардан сақталған, өрнектелген екі ағаш бағанадан тұратын айван түрінде безендірілген екен. Бұл ғимарат қирап кеткендіктен, 1860-1870 ж. ж. қайта салынған. Айванада тұрған ежелгі бағаналар (қазіргі уақытта Ғылым ордасы Археология музейінде сақталған) кесенеден 1909 ж. жалғастырыла салынған мешіттің ішіне кіргізілді. Төртбұрышты жоспарда келген мешіт кең намаз оқу залы мен шығыс жағындағы есіктің екі жағындағы қызметтік бөлмелерден тұрады. Байланыстырушы бөлім рөлін сүйір келген күмбезбен жабылған биік ұзын дәліз атқарып тұр. Фасадында ол контрфоросты сүйір аркамен бөлінген. Порталды бөлме өзіндік вестибюль рөлін атқарады, одан қабірхана мен мешітке есікк кетеді. Мұнара-гүлдесте, солтүстігіндегі басты фасадты қапталдап тұрған мұнара дәстүрлі түрде осылай аталады.[1;636] Ислам дінінің таралуында Отырар аймағындағы ортағасырлық ерекше ескерткіштердің ішінде алар орны ерекше ол осы Арыстан баб кесенесі.

Әбділ Әзіз баб кесенесі. XIV ғ. аяғы XIX ғ. екінші жартысы. Республикалық маңызы бар сәулет ескерткіші. 1982 ж. бастап мемлекет қорғауына алынған. Мінәжат ету мен діни ту-ризм нысаны. Сайрамның солтүстік бөлігінде, ортағасырлық Сайрам (Испиджаб) қаласының бас көшелерінің бірінде, сырты қоршалған зират ішінде орналасқан. Негізгі фасады Жүсіп Сайрами көшесіне қараған. Сайрам тарихы бойынша жазбаша деректерде бұл орынды қаланың төңірегіне жатқызады. Қазіргі уақытта бұл Сайрамның орталығына айналған. Кесене Оңтүстік Қазақстан аумағында мұсылмандықты алғашқы уағызшыларының бірі Әбділ Әзіз бабтың қабірі үстінде тұрғызылған (Абд ал-Азиз). Халқымыз сондай-ақ күмбезді бәле экелуден, жала жабудан сақтайтын қасиеті үшін оны «Беля-Гердан» «Бәлені аластатушы» деп те атайды. Әбділ Әзіздің өмірбаяны Сайрамның өзіндік тарихи кезеңі болып табылатын XVII ғ. соңы - XVIII ғ. басында жазылған «Мадинат эл-Байда мен Испиджаб зулнелері хақындағы трактаты» шығармасында келтіріледі. [1;641] Әбділ Әзіз баб кесенесі ұзақ және күрделі даму сатысынан өтіп, геометриялық құрылымдарға бағынған әртүрлі уақыттың бөлік композициясын бойына айқын біріктірген. Құрылыстың қай кезеңге жататыны әлі де болжамдық сипатта. Әбділ Әзіз бабтың қабірінің үстіндегі алғашқы мемориалдық құрылыс туралы мәліметтер жоқ. Мүмкін, бастапқыда ашық аспан астында жерленген. Балкім, мазар XII ғ. дейін пайда болған, себебі ескерткіш қарахандар кезеңінің мәдени қабатында орналаскан. Құрылыстың құрылымы осы дәуірде қалыптасқан сопылық салт жоралармен байланысты. П.П. Иванов Сайрам тарихы («Рисалия») бойынша деректерге сілтеме жасай отырып, XIV ғ. Әбділ Әзіз қабірі үстіндегі кесене қираған кезінде Әмір Темірдің қолбасшысы Наурыз Бараҳхан кірер есігі оңтүстікке қараған, белгілі жаңа ғимаратты салдырады деп жазады. Уақыт өте келе ол бұзылады, 1860 ж.ж. аяғында бүгінгі күнге дейін сақталған ғимарат салынады. Әбділ Әзіз баб кесенесі порталды-күмбезді құрылыс. Ол қатар бойымен созылған үш бөлмеден тұрады, оның ортасында тұрғаны монументалды порталмен (пештакпен) және биік цилиндрлі барабан үстіндегі сфероконустық күмбезбен ерекшеленеді. Орталық залдың батыс қабырғасында михраб нишасының орналасуына қарағанда кейінгі кезеңде зияратхана ретінде қызмет етуі мүмкін. Екі жағындағы бөлмелер

(көрхана) залмен аркалы саңылаулар арқылы өзара байланысқан. Әбділ Әзіз баб күмбезінің оңтүстігіне, қарама-қарсы Әулие атаның әкесі Сейнд Қожа хан атаның жерлеу орны орналасқан. Орталық және оның бүйіріне жалғасқан бөлмелердің негізгі өсі өзара перпен-дикуляр. Барлық көлемі бірігіп үлкен көлденең өсті құрайды.[1;642] Бұл кесенеде қазақ даласында белгілі бір себептермен қирап қайта қалпына келтірілген ескерткіштердің бірі. Әрі өзіндік күрделі құрылысымен ерекшеленетін сәулет ескерткіші.

Жүніс ата кесенесі. Ескерткіш Түркістаннан шығысқа қарай 25 км жерде, Икан ауылының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Кесене ауыл ортасындағы ортағасырлық Икан қаласы қирандысынан 500 м оңтүстік-шығыстағы көлемі үлкен қоныста (XII-XIX ғ.ғ.) орналасқан. Қожа Ахмет Ясауидің замандасы және шәкірті болған Жүніс ата жайлы ел ауызындағы аңыз, әңгімелерге сүйеніп қана біраз мағлұматтар алуға болады. Жүніс атаның лақап аты «Ғашық Жүніс», бұл Аллаға ғашық дегенді білдіреді. Қабір 1997 ж. аршылып, сүйек топырағымен қоса арнайы темір жәшікке салынып антрополог О. Исмағұловтың зерттеуінен өтті, соңынан М.М. Герасимов атындағы Антропология институттың зертханасында бас сүйегі негізінде портреттік бюсті жасалынады.[1;661] Кесененің қабірхана бөлмесінде сегіз құлпытас орналасқан, олар жайлы шырақшы С. Эшанов: «Әкемнің айтуынша құлпытастар мына кісілердікі: сол жақтан біріншісі - Сабыр атанікі, екіншісі - Құрбан атанікі, үшіншісі Халил атанікі (Жүніс атаның ұлы), төртіншісі Жүніс атаның өзінікі, бесіншісі - Ибраһим атанікі, алтыншысы - Әбдіжәліл атанікі, жетіншісі - Асан атанікі, сегізіншісі - Әбді Әзіз атанікі», - дейді. Мұндағы құлпытастардың ең көнесі Ғашық Жүніс ата мен оның ұлы Халил атанікі екендікі даусыз, қалғандары Жүніс атаның ең атақты шәкірттері болуы мүмкін.[1;662] Кесене жәй ғана діни ескерткіш қана емес, қалалық өркениетпен ислам дінің байланысының негізгі көрінісі.

Жылаған ата бұлағы мен үңгірі Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданы Бабайқорған ауылы аумағында, Түркістан қаласынан солтүстік-батысқа қарай 80 км жерде, Қаратау бөктерінің жартасты шатқалында орналасқан. Өзеннің сол жағасындағы жартаста, өзен арнасынан 10-12 м биіктікте орналасқан тастағы тесік секілді бұлақ көзі белгілі бір уақыт аралығында сарқырап ағып, бірден өзінен өзі тоқтайды. Бұл - зиярат етушілерді өзіне тартып, қызықтырады. Бұлақтың өзіндік табиғи көрінісінің себептері - әлі де белгісіз. Үңгір өзеннің сол жағалауында бұлақ көзінен 45-50 метр қашықтықта орналасқан. Үңгір аузының биіктігі 3-4 м, ені 8-9 м. тереңдігі 50-60 м шамасында.[1;663] Бұл үңгірдің нақты қай ғасырға жататыны зерттелмеген. Тек ел арасында үңгір мен бұлақ жайлы көптеген аңыздар ғана бар.

Ибраһим ата кесенесі. XII-XIX ғ. екінші жартысы. «Мадинат-әл-Байда мен Испиджаб әулиелері хақындағы трактатта» (XVII ғ. соңы-XVIII ғ. басы) Ибраһим ата кесенесінің «...ежелгі бекіністің етегінен болмашы қашықтықтағы жерде» орналасқандығы жөнінде айтылады. Мұны Сайрамның солтүстік-шығыс бөлігінің шетіндегі, Манкентке барар жолдағы (Ибраһим көшесі) «биік беткейдің шетіндегі» (М.Е. Массон), үлкен төбенің үстіне салынған ескерткіштің нақты орналасқан жерімен қаншалықты салыстыруға келетінін айту қиын. Сайрамның көрікті жерлерінің бірінде тұрған кесененің оңтүстік-батыс бұрышы көз тартарлықтай көрінеді. Порталды-күмбезді кесене. Көлемдік- түрде кеңістіктік композициясы қатаң төртбұрышты жоспардағы қабірханасы негізгі кубтық көлеммен, цилиндрлі барабандағы сфероконустық күмбезбен және екі порталмен бөлінеді. Ғимарат (көлемі 7,3х7,15 м, қалпына келтіргенге дейінгі биіктігі 6,8 м) ганчхак (ғаныш) ерітіндісінде текше пішіндегі кірпіштен (21х21х5 см) тұрғызылған. Бастапқы күмбезі екі қатарлы болған. Ішкі күмбезі қираған соң, жоғарғы жағы күмбез секілді 4 жақтамалы құлама қиғаштықта темір қаңылтырмен жабылған. Ескерткіш 2010 ж.ж. басына дейін осындай күйде болады. Күмбезасты құрылымы өте қарапайым, төртбұрышты жоспардағы көрханадан күмбездің дөңгелек негізіне өту қабырға интерьеріндегі сүйірлі аркаларға сүйенген қалқанша желкендер арқылы жүзеге асырылған. Порталды-күмбезді кесенелердің ерекше түріне жатқызатын композициялық ерекшелігіне ғимараттың солтүстік-батыс және оңтүстік-батыс фасадтарына сәйкес рәсімделіп, бұрыш жасап орналасқан маңыздылығы бірдей екі порталының болуы жатады. Аталған ерекшелік кесенедегі әулие қабіріне табынудың сопылық салтынан шыққан қасиетті мазмұнымен байланысты. Мұндай жағдайда кесенені, сонымен бірге ортасына емес, көрхана қабырғасының батыс нишасына (өте терең) кіргізіліп қойылған құлпытасты айналып шығу (таваф) мүмкін болмайды. Сүйірлі аркалар жасалған порталдар классикалық пештак кескінін сақтап қалған. Пилондардың беткі

жағына әдеттегі сүйір, тікбұрышты және төртбұрышты нишалар емес, жеке-жеке енсіз тік нишалар жасалынған. Оңтүстік-батыс порталында жоғарғы жағындағы жарық түсетін ойығы тормен (панжара) жабылған кіретін есік орналасқан. Оңтүстік-батыс порталының айқышты қабырғасына панжарасы бар терезе жасалынған. Интерьеріндегі қабырғалар сыланған. Солтүстік қабырғасынан 1960 ж.ж. басына дейін араб әрібінде жазылған жазулардың қалдығын көруге болатын еді. Еденіне төртбұрышты жұқа кірпіштер төселген. Республикалық маңызы бар сәулет ескерткіші. Ескерткіш 1982 ж. бастап мемлекет қорғауында. Мінәжат ету және діни туризм нысаны.[1;667] Бұл кесене атауы Қожа Ахмет Яссауидың әкесі Ибраһимге арнап салынған сәулет ескерткіші.

Қарашаш ана кесенесі. XII-XIX ғ. ортасы. Сайрамның орталығында, Жүсіп Сайрами және Әмір Темір көшелерінің қиылысынан 100 м қашықтықта, ескі зираттың шетінде, бнік жерде орналасқан, оның оңтүстік фасады Әмір Темір көшесіне қараған. Қарашаш ана кесенесінің киелі дәстүрі Қожа Ахмет Яссаундің анасы болып, ол қайтыс болғаннан кейін осы жерге тұрғызылған деген аңызға айналған әңгімелерге сүйенеді. Қарашашана кесенесі - порталды-күмбезді бір бөлмелі құрылыс, оның кейінгі ортағасырлық келбеті культтік сәулет өнерінің архитектуралық пішінінің барлық қағидасын жинаған - төртбұрышты жоспардағы қабірханасы, шығып тұрған порталы, цилиндрлі барабан үстінде сфероконусты күмбезі бар. Ғимарат (жалпы көлемі 6,8х8.6 м. биіктігі 7,25 м) іргесі тастан, үсті күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Көлемдік-кеңістіктік композициясынан қабірхананың төртбұрышты жоспардағы негізгі призмалық көлемі кесененің оңтүстік және батыс фасадына сәйкес құралған порталдың (пештак) негізгі көлеміне тірелген, сегіз қырлы бөлігіне орнатылған цилиндрлі ба-рабан үстіндегі сфероконусты күмбезі анық байқалады. Құрылымдық үлгісі тым қарапайым: төртбұрышты жоспардағы бөлменің дөңгелек күмбез негізіне өтуі қарапайым төрттік бұрыш қиғаштығы тәсілімен жүзеге асқан (жабылған кеңістіктің кіші аралығы оған мүмкіндік береді). Ескерткіштің басты композициясының ерекшелігі бір бөлмелі порталды-күмбезді кесененің өзгеше типінде болуы және бұрыш жасап тұрғызылған екі бірдей (ені бойынша сәл ерекшеленетін) порталының бар екендігі. Батыс бөлігіне есік жасалса, ал оңтүстік пештактың осы жеріне, кесенеге кіру өлшемі бойын-ша тең келетін панжара торлы терезе төмен орнатылған. Аталған ерекшелік кесененің киелі мазмұнымен байланысты: мұнда қарахандық дәуір мен исламға дейінгі культқа тереңдеп кеткен әулие моласына зиярат етудің сопылық салт жоралғысы көрініс тапқан. Құрылыстың барлығына көлем беріп тұрған порталдары оның идеялық көркінің басымдығы болып табылады. Пішіні бойынша төртбұрышқа жақын пештак-тарына, әдетте сүйір келген арка жасалынған. Оларда ою-өрнектер жоқ. Олардың әшекейлері порталдардың қапталындағы пилондардың беткі жағындағы терең емес сүйірлі және тікбұрышты нишалар болып табылады. Қабырғалардың интерьері мен күмбезі сыланған. Есіктің үстіндегі жарық түсетін тесік тормен (панжар) бекітілген. Еденіндегі құмның үстіне кірпіш төселген.[1;693] Бұл кесененің тұрғызылу себебі Қожа Ахмет Яссауидың анасына арналып салынған кесене деген аңыз бар.

Қазақ жеріндегі ислам мәдениеті жайлы айтқанда Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жайлы айтпай өтуге болмас. Кесене XIV ғ. салынған. Түркістан қаласында орналасқан. Түркі халықтарына сопылық ілімін таратушы атақты Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің Түркістан жерінде орналасуы осы өңірдің атын әлемге әйгілі етіп тұрған ең басты себеп десек, артық айтпаған болармыз. Қожа Ахмет Яссауи өзінің таланты мен тақуалық өмірінің арқасында көптеген ізбасарларды жинады және мұсылман дінін уағыздаудың нәтижесінде көптеген түркі тайпаларының ислам дінін қабылдауына себепкер болды. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі өстік, порталды-күмбезді алып құрылыс. Ғимарат үлкен порталға және бірқатар күмбездерге не. Орталық залдың айналасында түрлі мақсатқа арналған 35-тен астам бөлме біріктірілген. Ғимараттың негізгі бөлмелерінің құрамы жиналыс залы жамағатхана; қабірхана Ахмет Яссауидің жерленген жері; мешіт; үлкен және кішкентай ақсарай - кездесулер мен жиналыс бөлмелері; кітапхана құжаттарға санақ жүргізу, кітаптар мен құжаттар сақтау бөлмесі; асхана тағам дайындалатын бөлме; құдықхана құдық орналасқан бөлме; құжыралар ханака қызметшілері мен зиярат етушілер тұруға арналған бөлмелерден тұрады. Барлық бөлмелер тікбұрышты көлемі 60х50 м аумаққа шоғырланған, биіктігі – 15 м. Күмбездері мен порталының аркасы 38 м бнік. Сыртқы қабырғаларының қалыңдығы 1,8-2 м, қазандық қабырғаларының

қалыңдығы - 3 м. Қабірхана немесе Гурхананың екі күмбезі бар және солтүстік-батыстан кіретін портал Мұхаммед Ханафия порталы деп аталады. Қазандық бөлмесінен тараған екі қабатты сегіз дәліз бар, олар басқа да бөлмелерге апартын жолдар болып табылады, тек қабірханадан басқа. Бұл дәліздер ғимаратты сегіз бөлікке бөледі. Әр бөлігінде әртүрлі мақсаттағы бөлмелер орналасқан. Бұл кесене құрылысы жағынан Самарқандтағы Бибі ханым, Шахрисабздегі Дорусспадат қабіріне және Ақ-Сарай сарайына тең келеді.[1;701] Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің мемориалдық кешені Шығыс сәулет өнері бойынша сол уақыттағы соңғы үлгімен соғылған ең озық ғимарат саналады. Қазандық бөлмесінің және мешіт пен қабірхана қабырғалары төменнен 1,5 м биіктікке дейін көк түсті алты қырлы майоликалық тақта қаптамасымен қапталған. Тақталар әшекейлі қаптамалармен жиектелген. Еден деңгейінен өсімдік өрнегімен ойылып безендірілген құмтастан жасалған жолақ өтеді. Қазіргі кезге дейін нақышты түпнұсқа тақталар қабірханадағы нишада ғана сақталған. Сонымен қатар үш ширекті майоликалық бағаналары да осында сақталған. Қазандық, көрхана мен мешіт бөлмелерінің нақышты тақталармен қапталған бөлігінің жоғарғы жағы бір заманда өрнекті кескіндермен безендірілген.[1;704] Бұл кесене керемет сәулет ескерткіші ретінде ғана емес, қазақ хандарының, ұлы тұлғаларының сол кесенеде жерленуіменде ерекшеленеді.

Қошқар ата кесенесі. XV (?) – XIX ғ.ғ. Тұрбат ауылында орналасқан (Оңтүстік Қазақстан облысы, Қазығұрт ауданы). Ислам сәулет өнерінің қағидалық үлгілерін сақтаған Тұрбат киелі кешеніндегі маңыздылығы жағынан екінші орындағы Қошқар ата кесенесі тотемдік түсініктермен байланысты әулиелерге құрмет көрсету орны болып табылады. Сонымен бірге кейін пайда болған аңыздардағы бақташы-малшылардың тотемдік қорғаушысының белгілері сопылық ілімнің көрнекті қайраткері Қожа Ахмет Яссаундің жолын қуған ізбасары Оңтүстік Қазақстан агнологиясындағы ханафи бұтағының өкілі Ысмайыл атаның өзіне ауысады. Тұрбат төңірегіндегі таулы табиғи нысандарға мінәжат ету сарқыншақтарын алып жүрген сөздің кең мағынасындағы бұл агноним түріктердің рулық бөлінуі уақытынан бастау алады. Кесене ауланың батыс жағында мешіт пен шіллехана ортасында орналасқан. Екі бөлмеден тұратын порталды-күмбезді кесене. Оның негізгі көлеміне батыс бөлігінен қабірі бар анағұрлым төмен бөлме қосылады. Төртбұрышты болып келген құлпытасы жоқ негізгі зал зияратхана, ал кішірек зал көрхана (қабірхана) ретінде қабылданады. Әк-ғаныш ерітіндісін пайдалану арқылы күйдірілген текше кірпіштен қаланған. Сүйір сфералық күмбезбен жабылған. Өзіндік ерекшелігі: күмбезге өту бір-бірімен қосарланған кірпіштер арқылы шығыңқы түрдегі желкендер көмегімен (анахронизм түрінде көрінеді) жүзеге асырылады. Өрнек жоқ.[1;706]Қошқар ата кесенесі өзіндік сәулеттік ерекшелгімен көзге түсетін ескерткіш.

Мірәлі баб кесенесі - XII-XX ғ. басы. Сайрамның орталық бөлігінде, ортағасырлық екі негізгі көшелердің қиылысынан 250 м қашықтықта, қоршалған зират ішінде орналасқан. Порталды-күмбезді кесене. Көлемдік-кеңістіктік композициясы өте қарапайым: тікбұрышты жоспары төртбұрышты қабір-ханамен үйлесіп, цилиндрлі барабан үстінде сфероконусты күмбезбен жабылған. Негізгі фасадын құрайтын портал оңтүстікке қараған. Ғимарат (көлемі - 7,66х6,26 м, биіктігі - 7,84 м) тікбұрышты кірпіштен тұрғызылған. Портал ортаазиялық пентак қағидасымен ешқандай байланысы жоқ, композициясы мен бөлшектері бойынша эклектикалық болып келеді. Аркасының кескіні бойынша жарты шеңберге жақындап, дәстүрлі тікбұрышты жнектеумен шектелмейтін өзгеше және үйлесімсіз үлкен болып көрінеді. Керісінше қарапайым тегіс қабырғаларға қарағанда портал пентак қағидасының сәндік безендіру схемасына ұқсамайтын мәнерлі кірпіш қаландысымен әшекейленген. Сәнделген белбеуі мен бұғаты, «сухарик» деп аталатын дулыға секілді кокошникке ұқсайтын пилондардың үстіндегі жалған фронтондар, жүретін шағын басқышы мен «кірпіш стилі» XIX ғ. екінші жартысындағы орыс эклектикасы архитектурасынан алынған. Ішкі қабырғаларында өсі бойынша жартылай шеңберлі нишалар орналасқан. Қабырғалары мен едені цементті-құм ерітіндісімен сыланған.[1;713] Жоғарыда айтылып өткендей кесененің басты ерекшелігі орыс эклетикасы архитектурасынан алынғандығында.

Ақбикеш мұнарасы - Қаратаудың батыс сілемдеріндегі Ақсүмбе кентінен оңтүстікке қарай орналасқан биік жота басындағы тарихи ескерткіш. Мұнара жартас арасын ірі қиыршық тастармен толтырған іргеліктің үстіне шикі кірпіштен тұрғызылған. Пішімі жұмыр. Ішіне кіретін бір, айналаны бақылау үшін жасалған екі ойығы бар. Оның бірі батысқа, екіншісі

солтүстік-шығыс жаққа қараған.[2;77] Ерекшелігі бұл сәулет өнері әуелде қорғаныс пен бақылау үшін пайдаланылған. Кейіннен халық оны киелі, зиярат ету орнына айналдырған.

Барақ қорымы - қамтитын уақыты кейінгі орта ғасыр - XX ғ. дейінгі аралық. Ескерткіш биік жерде орналасқан. Қорым қам кесектен тұрғызылған кесене, төртқұлақ, сағана, сексеуілден өріліп тұрғызылған қарапайым бейіттер мен таңбалары және араб әліпбиімен жазылған жазуы бар құлпытастар сияқты 60-70 қабір үсті ескерткіштерінен тұрады. Қорымда сонымен қатар, ағаштан жасалған қазіргі заманның төртқұлақтарыда бар.[3;276] Қорымды басқа сәулет ескерткіштерінен ерекше ететін араб жазулы құлпы тастар мен төртқұлақтар.

Қорытынды. Қорыта келгенде, ислам мәдениетінің Қазақстан аумағындағы ортағасырлық өркениеттің қалыптасуы мен дамуындағы ықпалы қоғамдық өмірдің бірнеше саласын қамтыған ұзақ мерзімді тарихи үдеріс болды. Исламның таралуы қалалық мәдениеттің дамуымен, білім мен жазба дәстүрінің кеңеюімен, сәулет өнеріндегі жаңа үлгілердің орнығуымен және рухани-мәдени кеңістіктегі өзгерістермен қатар жүрді. Ортағасырлық қалалардағы мешіттер, діни және қоғамдық құрылыстар, білім мен ғылым орталықтары исламдық мәдени ортаның қалыптасуына жағдай жасаса, бұл өзгерістер аймақтың мұсылман әлемімен мәдени және зияткерлік байланыстарының тереңдеуіне ықпал етті. Сонымен бірге Қазақстан аумағындағы ислам мәдениетінің өзіндік сипаты оның жергілікті дәстүрлермен өзара ықпалдасуынан көрінді. Бұрыннан қалыптасқан дүниетанымдық түсініктер, салт-дәстүрлер мен қоғамдық қатынастар исламдық құндылықтармен сабақтаса отырып, ортағасырлық қоғамның мәдени келбетін айқындаған жаңа тарихи мазмұнға ие болды. Осы тұрғыдан алғанда, ислам мәдениетінің ықпалын біржақты діни өзгеріс ретінде емес, жергілікті мәдени негіздер мен кең аауқымды ислам өркениетінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде жүзеге асқан тарихи-мәдени үдеріс ретінде қарастырған орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 .Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері ескерткіштерінің тізілімі./ бас ред. Байтанаев Б. Ә. Алматы: Ә. Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. 1-шығарылым. 904 бет.

2. "СЫР ЕЛІ" Қызылорда облысы./ бас ред. Аяған Б. Ғ. Алматы: Қазақ энциклопедиясы ЖШС, 2005. 548 бет.

3. Құрманқұлов Ж.,[т.б.]. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. Алматы: Аруна, 2011. 504 бет.

СЫРДАРИЯ ӨҢІРІНДЕГІ ИСЛАМДЫҚ БІЛІМ ЖӘНЕ РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ: САҒДУДДИН АТ-ТАФТАЗАНИ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

ISLAMIC EDUCATION AND SPIRITUAL CONTINUITY IN THE SYR DARIA REGION: THE SIGNIFICANCE OF SA‘D AL-DIN AL-TAFTAZANI’S LEGACY

Хасан Аманкулов[1]
Hasan Amankulov[2]

Кіріспе

Сырдария өзені алабы Орта Азия тарихында тек табиғи-географиялық кеңістік қана емес, сонымен бірге саяси, экономикалық және рухани-мәдени байланыстар тоғысқан аймақтардың бірі болды. Ортағасырлық кезеңде Сырдария бойындағы қалалар мен қоныстар Шығыс Түркістан, Жетісу, Мауарауннахр, Хорезм және Дешті Қыпшақ кеңістіктерін байланыстыратын маңызды коммуникациялық желінің құрамына кірді. Осы кеңістікте ислам дінінің таралуы қалалық мәдениеттің, жазба дәстүрдің, медреселік білімнің және ғылыми пікір алмасудың дамуына ықпал етті.

Сырдария өңіріндегі ислам мәдениетінің тарихын зерттеу кезінде тек жергілікті діни ескерткіштер мен қалалық орталықтарды қарастыру жеткіліксіз. Өйткені ортағасырлық исламдық білім жүйесі қазіргі заманғы мемлекеттік немесе ұлттық шекараларға тәуелді болмаған. Ғалымдар Хорасаннан Мауарауннахрға, Хорезмнен Түркістанға, Дешті Қыпшақтан Иран мен Анадолыға дейінгі кеңістікте білім алып, дәріс беріп, кітап жазып, өзара ғылыми байланыс орнатқан. Сондықтан Сырдария бойындағы исламдық білім тарихын осы кең трансөңірлік интеллектуалдық желі аясында қарастыру ғылыми тұрғыдан маңызды.

Осы тұрғыдан алғанда Сағдуддин Масғуд ибн Омар ат-Тафтазани мұрасы ерекше қызығушылық тудырады. Ол XIV ғасырда өмір сүріп, кәләм, мантық, усул әл-фиқһ, фиқһ, араб тілі, морфология, риторика және тәпсір салаларында еңбек қалдырған көрнекті ғалым болды. Оның өмір жолы Тафтазан – Ниса – Хорасан – Хорезм – Гүлістан – Хират – Самарқанд – Сарахс – Сарайшық секілді ғылыми орталықтармен байланысты. Ғалымның шығармалары кейінгі ғасырларда исламдық жоғары білім беру жүйесінде кең қолданылып, көптеген шархтар мен хашиялардың жазылуына негіз болды [2, 670 б.].

Зерттеу тақырыбының Сырдария өңіріне қатыстылығы ең алдымен ат-Тафтазанидің Гүлістан-Түркістан кеңістігімен ғылыми байланысынан байқалады. Ғалымның «әт-Тәлуих» еңбегін 758/1357 жылы Гүлістанда аяқтағаны туралы қолжазбалық дерек бар. Зерттеушілер бұл Гүлістанды Түркістан аймағындағы мекенмен байланыстырады. Сонымен қатар ат-Тафтазанидің «әл-Мұхтасар» еңбегін 756/1355 жылы Гуждуанда аяқтап, оны Алтын Орда ханы Жәнібекке арналғаны туралы дерек оның Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның ғылыми-саяси кеңістіктерімен байланысын көрсетеді.

Бұл жағдай ат-Тафтазанидің ғылыми қызметін тек Хорасан немесе Самарқанд тарихымен шектемей, Сырдария өңірінің исламдық білім кеңістігімен сабақтастыра зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің мақсаты – Сағдуддин ат-Тафтазанидің ғылыми мұрасы негізінде XIV ғасырдағы Сырдария өңірінің исламдық білім кеңістігіндегі орнын және рухани-ғылыми сабақтастықтың негізгі бағыттарын анықтау.

Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: XIV ғасырдағы Сырдария өңірінің исламдық-мәдени ортасын сипаттау; ат-Тафтазанидің өмір жолы мен ғылыми қызметінің географиясын анықтау; ғалымның Гүлістан-Түркістан кеңістігімен байланысын саралау;
оның негізгі еңбектерінің мазмұны мен ғылыми маңызын талдау; ат-Тафтазани мұрасының медреселік білім мен кейінгі исламдық ғылыми дәстүрге ықпалын көрсету;

[1] Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, докторант, Астана, Қазақстан; e-mail: xaseke74@mail.ru; ORCID ID: https://orcid.org/0009-0004-8843-0917

[2] L.N. Gumilyov Eurasian National University; Astana, Kazakhstan, Doctoral Student.

Сырдария өңіріндегі исламдық білімді Хорасан, Хорезм, Мауарауннахр және Алтын Орда кеңістіктерімен байланыстыратын рухани сабақтастық үлгісін ұсыну.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің деректік негізін ортағасырлық ислам ғалымдарының өмірбаяндық еңбектері, тарихи шығармалар, ат-Тафтазанидің өз еңбектері, оның шығармаларына жазылған шархтар мен хашиялар, сондай-ақ қазіргі заманғы исламтанулық және Орталық Азия тарихына арналған зерттеулер құрайды.

Зерттеу барысында тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалы, мәтіндік талдау, деректанулық және жүйелі талдау әдістері қолданылды.

Тарихи-генетикалық әдіс Сырдария өңіріндегі исламдық білім дәстүрінің қалыптасу және даму үдерістерін анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи-салыстырмалы әдіс Сырдария, Хорезм, Хорасан, Мауарауннахр және Алтын Орда арасындағы ғылыми байланыстарды салыстыра қарастыру үшін пайдаланылды. Мәтіндік талдау ат-Тафтазанидің негізгі шығармаларындағы ғылыми ұстанымдарды анықтауға бағытталды.

Зерттеуде деректерді пайдалануда маңызды бір қағида басшылыққа алынды: ат-Тафтазанидің Сырдария өңірімен байланысын оның осы аймақта өмір сүргенін ғана дәлелдейтін қарапайым географиялық факт ретінде емес, ғылыми мәтіндердің, ұстаз-шәкірт қатынастарының, кітаптардың және медреселік оқу дәстүрінің қозғалысы арқылы қалыптасқан интеллектуалдық сабақтастық ретінде қарастыру.

Бұл әдіс әсіресе ортағасырлық ғылыми кеңістікті қазіргі әкімшілік шекаралармен шектемеуге мүмкіндік береді. Өйткені XIV ғасырдағы ғалымдар үшін Хорасан, Хорезм, Мауарауннахр, Түркістан және Дешті Қыпшақ өзара байланысқан мәдени аймақтар болды.

XIV ғасырдағы Сырдария өңірінің исламдық-мәдени кеңістігі

Сырдария өңірінің ортағасырлық тарихын ислам өркениетінің жалпы даму үдерісінен бөліп қарастыруға болмайды. Сырдария бойындағы қалалар мен аймақтар Мауарауннахрдың шығыс және солтүстік бөліктерін Хорезммен, Дешті Қыпшақпен және Жетісумен байланыстырып отырды.

Исламның Орталық Азияда орнығуы нәтижесінде қалалық орталықтарда мешіттер мен медреселер қалыптасты. Медреселер тек діни білім беретін мекеме емес, сонымен бірге араб тілі, логика, риторика, құқық теориясы, кәләм және басқа да ғылымдар оқытылатын интеллектуалдық орталық қызметін атқарды.

Бұл дәстүрдің терең тарихи тамыры бар. Самарқанд пен Бұхара сияқты орталықтарда Ханафи құқықтық мектебі мен Мауарауннахрлық кәләм дәстүрі дамыса, Хорасанда ашғари кәләмі, тіл білімі және философиялық-логикалық пәндер кеңінен өрістеді. Сырдария бойындағы Түркістан аймағы осы түрлі ғылыми бағыттардың тоғысқан кеңістіктерінің бірі болды.

Сырдарияның төменгі және орта ағысы Дешті Қыпшақ және Хорезммен тығыз байланыста болғандықтан, бұл аймақ исламдық білімнің таралу жолдарының бірі қызметін атқарды. Алтын Орда дәуірінде Еділ бойы, Хорезм және Түркістан арасындағы байланыстар күшейді. Бұл кезеңде исламдық институттар мен мұсылман ғалымдарының беделі де өсті.

Алтын Орда тарихындағы Өзбек хан дәуірі исламның саяси және қоғамдық өмірдегі орнының нығаюымен сипатталады. Алайда исламтану үдерісін бір ғана ханның саясатының нәтижесі ретінде қарастыру дұрыс емес. Ол бірнеше ғасыр бойы жүрген қалалық ислам мәдениетінің, сауда жолдарының, сопылық желілердің, ғалымдар мен діни білім иелерінің қызметімен сабақтасты.

XIV ғасырдағы Алтын Орда кеңістігінде Сарай, Хорезм және басқа да қалалар маңызды экономикалық әрі мәдени орталықтарға айналды. Сонымен бірге Дешті Қыпшақ пен Мауарауннахр арасындағы байланыс Сырдария бойындағы қалалардың маңызын арттырды.

Осы тұрғыдан алғанда Сырдария өңірін ислам өркениетінің шеткері аймағы ретінде емес, әртүрлі ғылыми дәстүрлерді байланыстыратын транзиттік-интеллектуалдық кеңістік ретінде бағалау орынды.

Сағдуддин ат-Тафтазанидің өмір жолы және ғылыми ортасы

Сағдуддин Масғуд ибн Омар ат-Тафтазани Хорасанның Ниса қаласына жақын орналасқан Тафтазан елді мекенінде дүниеге келген. Оның туған жылы көбіне 722/1322 жыл деп көрсетіледі. Қайтыс болған жылы жөнінде 791/1389 және 792/1390 деген мәліметтер кездеседі.

Ғалымның өмірі XIV ғасырдағы саяси өзгерістермен қатар жүрді. Бұл кезеңде моңғолдық әулеттердің билігі әлсіреп, Хорасан, Хорезм және Мауарауннахрда жаңа саяси күштер қалыптасты. Кейіннен Әмір Темірдің билігі күшейіп, Самарқанд ірі саяси және мәдени орталыққа айналды.

Ат-Тафтазанидің интеллектуалдық қалыптасуына Хорасан және Мауарауннахрдың медреселік дәстүрі айрықша ықпал етті. Оның ұстаздары арасында Азудуддин әл-Ижи және Құтбуддин ар-Рази секілді сол дәуірдің танымал ғалымдары аталады. Бұл ғылыми ортада кәләм, логика, усул әл-фиқһ және араб тілінің теориялық мәселелері өзара тығыз байланыста қарастырылды.

Ат-Тафтазанидің ғылыми әдісінің маңызды ерекшелігі – бұрынғы ғылыми мұраларды жай ғана қайталау емес, оларды жүйелеу, салыстыру және түсіндіру болды. Осы себептен оның көптеген шығармалары шарх сипатында жазылды.

Ортағасырлық ислам ғылымында «мәтін – шарх – хашия» жүйесі білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің негізгі тетіктерінің біріне айналды. Ат-Тафтазани осы дәстүрдің аса көрнекті өкілдерінің бірі болды.

Оның өмір жолына қатысты деректер ғалымның бір ғана қалада тұрақтап қалмағанын көрсетеді. Ол Хорезм, Хират, Гуждуан, Түркістан аймағындағы Гүлістан және Самарқанд секілді ғылыми орталықтармен байланыста болды. Сондықтан оның өмірбаяны XIV ғасырдағы ғылыми білімнің кеңістікте қозғалу сипатын көрсететін маңызды мысал ретінде танылады [3, 29 б.].

Ат-Тафтазани және Гүлістан-Түркістан ғылыми кеңістігі

Зерттеу тақырыбы үшін ең маңызды мәселелердің бірі – ат-Тафтазанидің Сырдария өңірімен байланысы.

Ғалымның 758/1357 жылы «әт-Тәлуих» еңбегін Гүлістанда аяқтағаны туралы дерек бар. Қолжазбалық каталогтар мен зерттеулерде бұл мекен «Гүлістан-Түркістан» немесе Түркістан аймағындағы Гүлістан ретінде көрсетіледі. Бұл дерек ат-Тафтазани мұрасын Сырдария өңірінің ғылыми тарихымен байланыстыруға мүмкіндік беретін маңызды дәлелдердің бірі.

«Әт-Тәлуих фи кашфи хақаиқ ат-Танқих» – усул әл-фиқһ саласына арналған ірі еңбек. Ол Садр аш-Шариғаның «әт-Танқих» және оған жазылған «әт-Таузих» дәстүрімен байланысты. Осы еңбекті Түркістан кеңістігінде аяқтауы ат-Тафтазанидің құқықтық-теологиялық білімді Мауарауннахрдың солтүстік аймақтарымен байланыстыра дамытқанын көрсетеді.

Бұл жерде «Сырдария өңірі» ұғымын қазіргі Қазақстан аумағымен ғана шектеудің ғылыми тұрғыдан дұрыс еместігін атап өткен жөн. XIV ғасырдағы Түркістан кеңістігі Сырдарияның орта ағысы, Мауарауннахр, Хорезм және Дешті Қыпшақпен өзара байланыста болды. Сондықтан ат-Тафтазанидің Гүлістандағы қызметін осы кең трансөңірлік ғылыми желінің бір бөлігі ретінде қарастырған дұрыс.

Ғалымның Гүлістандағы қызметі кездейсоқ құбылыс емес. Ол кезде ғылыми білімнің негізгі тасымалдаушыларының бірі – ғалымдардың жеке сапарлары болды. Ғалым бір қалада дәріс оқып, басқа қалада еңбек жазып, үшінші орталықта ұстаздық қызмет атқара алатын. Осылайша медреселер арасындағы ғылыми байланыс жеке тұлғалар арқылы жүзеге асты.

Ат-Тафтазани осы интеллектуалдық мобильділіктің көрнекті мысалы болды.

Алтын Орда, Хорезм және Сырдария кеңістігі

Ат-Тафтазани өмір сүрген кезең Алтын Орданың саяси және мәдени ықпалы күшті болған дәуірмен тұспа-тұс келді.

XIV ғасырда Алтын Орда Еуразиядағы ірі саяси құрылымдардың бірі болды. Оның құрамындағы және ықпалындағы аймақтар Еділ бойынан Хорезмге, Дешті Қыпшақтан Қара теңіз маңына дейін созылды. Хорезмнің бірқатар бөліктері Алтын Ордамен саяси және экономикалық байланыста болды [4, 203 б.].

Исламның Алтын Ордадағы орнының нығаюы білім мен діни институттардың дамуына да әсер етті. Қалаларда мешіттер, медреселер және діни білім орталықтары қалыптасты. Бұл

үдеріс Хорезм және Сырдария өңіріндегі исламдық мәдениеттің дамуымен өзара байланысты болды.

Сондықтан ат-Тафтазанидің еңбектерін Алтын Ордадан бөлек қарастыру да жеткіліксіз. Оның кейбір шығармаларының Алтын Орда билеушілеріне арналуы бұл байланыстардың тек географиялық емес, интеллектуалдық сипатта болғанын көрсетеді.

Мысалы, «әл-Мұхтасар» еңбегінің 756/1355 жылы аяқталғаны және оның Алтын Орда ханы Жәнібекке арналуы жөніндегі дерек ат-Тафтазани мен Дешті Қыпшақ саяси-мәдени кеңістігінің арасындағы байланысты көрсетеді [5, 20-22 б.].

Бұл жерде маңызды мәселе – ғалымның Алтын Орда аумағында ұзақ уақыт тұрғанын дәлелдеуден гөрі, оның еңбектерінің сол кеңістікке бағытталғанын және ғылыми беделінің одан тыс аймақтарға тарағанын анықтау.

Осы тұрғыдан ат-Тафтазани мұрасы Сырдария өңірінің ислам мәдениетін Еділ бойы, Хорезм және Хорасанмен байланыстыратын рухани көпірдің бір элементі ретінде қарастырылуы мүмкін.

«Шарх әл-Ақаид ән-Насафия» және Мауарауннахрлық діни ой дәстүрі

Ат-Тафтазанидің ең танымал шығармаларының бірі – «Шарх әл-Ақаид ән-Насафия».

Бұл еңбек Әбу Хафс Омар ән-Насафидің ақидаға арналған мәтініне жазылған түсіндірме болып табылады. Оның маңыздылығы – Мауарауннахрда қалыптасқан теологиялық дәстүрді кейінгі исламдық білім жүйесіне түсінікті әрі жүйелі түрде жеткізуінде.

Ән-Насафи Мауарауннахрлық ғылыми дәстүрдің көрнекті өкілдерінің бірі болды. Сондықтан ат-Тафтазанидің оның еңбегіне шарх жазуы Хорасан ғалымының Мауарауннахрлық діни-интеллектуалдық дәстүрмен тікелей ғылыми сұхбатын білдіреді.

Бұл еңбек арқылы Сырдария өңіріне жақын Түркістан және Мауарауннахр медреселеріндегі діни білімнің бірқатар теориялық негіздерін түсіндіруге мүмкіндік бар.

«Шарх әл-Ақаид» мәтінінде Алланың сипаттары, пайғамбарлық, ақыл мен нақылдың арақатынасы, адамның іс-әрекеті, иман және басқа да кәләм мәселелері жүйеленеді. Еңбектің басты ерекшеліктерінің бірі – күрделі теологиялық мәселелерді логикалық дәлелдеу тәсілімен түсіндіру [6, 15 б.].

Осы әдіс Сырдария өңіріндегі исламдық білімнің тек жаттауға негізделген жүйе болмағанын көрсетуге мүмкіндік береді. Медреселік білімде мәтінді түсіну, дәлелдеу, қарсы пікірді талдау және қорытынды шығару сияқты интеллектуалдық дағдылар да маңызды орын алған.

Демек, ат-Тафтазани мұрасы Сырдария өңіріндегі исламдық білім тарихын зерттегенде діни сенім мен рационалдық ойлаудың өзара байланысын түсіндіретін маңызды дереккөздердің бірі бола алады.

«Әт-Тәлуих»: құқықтық білім және ғылыми сабақтастық

Ат-Тафтазанидің «әт-Тәлуих» еңбегі ислам құқық теориясы – усул әл-фиқһ саласындағы маңызды шығармалардың бірі саналады.

Бұл еңбектің Сырдария өңірі үшін маңызы оның Гүлістан-Түркістан кеңістігінде аяқталуымен байланысты.

Еңбектің мазмұнына назар аударсақ, мұнда құқықтық нормаларды қалыптастырудың теориялық принциптері, дәлелдердің түрлері, мәтінді түсіндіру, тілдік және логикалық категориялар сияқты мәселелер қамтылады. Яғни усул әл-фиқһтың өзі бірнеше ғылымның – тіл білімі, логика, құқық және кәләмнің – тоғысқан саласы ретінде көрінеді [7, б. 5-60 б.].

Бұл ерекшелік Сырдария өңіріндегі исламдық білімнің мазмұнын түсіну үшін маңызды.

Ортағасырлық медреселерде фиқһты меңгеру тек құқықтық нормаларды жаттаумен шектелмеген. Құқықтық мәтінді түсіндіру үшін араб тілін білу, логикалық ойлау, дәлелдеу және мәтіннің мағынасын анықтау қабілеті қажет болды.

Осы тұрғыдан ат-Тафтазанидің «әт-Тәлуих» еңбегі исламдық білімнің пәнаралық сипатын көрсетеді.

Ғалымның Гүлістанда осы еңбекті аяқтауы Сырдария өңірінің исламдық білім кеңістігінде усул әл-фиқһ сияқты теориялық пәндердің де дамығанын пайымдауға мүмкіндік береді.

«Әл-Мутауал», «әл-Мұхтасар» және тілдік-риторикалық білім

Ат-Тафтазанидің ғылыми мұрасындағы тағы бір маңызды бағыт – араб тілі мен шешендік өнері.

«Әл-Мутауал» және оның ықшамдалған нұсқасы «әл-Мұхтасар» исламдық білім жүйесінде бәлаға, мағани және баян ілімдерін оқытуда маңызды орын алды.

Бұл шығармалардың маңызы Сырдария өңіріндегі исламдық мәдениеттің тілдік негіздерін зерттеу тұрғысынан да ерекше.

Исламдық білімнің негізгі мәтіндері араб тілінде жазылғандықтан, араб тілін меңгеру медреселік білімнің қажетті бөлігі болды. Құран, хадис, фиқһ, кәләм және тәпсір мәтіндерін түсіну үшін тілдік білім қажет еді.

Ат-Тафтазани риториканы тек көркем сөйлеу өнері ретінде емес, мағынаны дәл жеткізу мен мәтінді дұрыс түсіндіру құралы ретінде қарастырды [8, 361 б.].

Бұл әдіс Сырдария өңіріндегі діни білімнің қалыптасуына да теориялық тұрғыдан сәйкес келеді. Өйткені исламдық мәтіндердің жергілікті ортаға енуі аударма, түсіндіру, уағыз және оқу арқылы жүзеге асты.

Осы себепті ат-Тафтазанидің тілдік еңбектері оның теологиялық және құқықтық шығармаларынан бөлек қарастырылмауы керек.

Логика және кәләм: исламдық білімнің рационалдық негіздері

Ат-Тафтазани мұрасының негізгі ерекшеліктерінің бірі – логика мен кәләмнің өзара байланысын жүйелі түрде қолдануы.

Оның «Тәһзиб әл-Мантық уәл-Кәләм», «Шарх аш-Шамсия», «әл-Мақасид» және «Шарх әл-Мақасид» сияқты шығармалары исламдық интеллектуалдық дәстүрдің рационалдық қырларын көрсетеді.

«Шарх әл-Мақасид» 784/1383 жылы Самарқандта аяқталған. Зерттеулер бұл еңбекті ат-Тафтазанидің кәләм саласындағы аса маңызды шығармаларының бірі ретінде қарастырады.

Бұл еңбектің Сырдария өңіріне қатысты маңызы – Самарқанд пен Түркістан аймақтарының біртұтас ғылыми кеңістікте болғандығымен байланысты.

Самарқандта қалыптасқан ғылыми мәтіндер Түркістан, Сырдария бойы және одан әрі Дешті Қыпшақ кеңістігіне тарауы мүмкін болды. Керісінше, Түркістан мен Сырдария бойындағы медреселерде қалыптасқан ғалымдар мен шәкірттер Мауарауннахрдың ірі орталықтарына барып білім алды [9, 8 т., 548-549 б.].

Бұл ғылыми айналым «рухани сабақтастық» ұғымының мазмұнын ашады.

Рухани сабақтастық дегеніміз – белгілі бір ғалымның идеясын кейінгі ұрпақтың механикалық түрде қайталауы ғана емес. Ол:

мәтіндердің сақталуы;

ұстаздан шәкіртке білімнің берілуі;

шарх пен хашия дәстүрі;

медреселер арасындағы оқу бағдарламаларының ұқсастығы;

ғылыми терминологияның жалғасуы;

бір ғылыми орталықтан екінші орталыққа кітаптар мен ғалымдардың таралуы арқылы жүзеге асады.

Ат-Тафтазани мұрасы осы сабақтастықтың айқын мысалдарының бірі болып табылады.

Ат-Тафтазани, Әмір Темір және Самарқандтың ғылыми орталығы

XIV ғасырдың соңғы ширегінде Самарқанд Орта Азиядағы ең маңызды саяси және мәдени орталықтардың біріне айналды. Әмір Темір 1370 жылдан кейін Самарқандты өзінің саяси орталығы ретінде орнықтырып, қаланың сәулеттік және мәдени дамуына үлкен ресурстар жұмсады.

Ат-Тафтазанидің өмірінің соңғы кезеңі осы Самарқандпен байланысты. Әмір Темірдің ғалымдарға қамқорлық жасағаны және ат-Тафтазани мен Саид Шариф әл-Жүржани секілді ғалымдарды өз ортасына тартқаны туралы деректер бар [10, 9-10 б.].

Бұл жерде тарихи тұлғалар арасындағы қатынасты әсірелеп көрсетуге болмайды. Ат-Тафтазанидің Әмір Темірмен байланысы ең алдымен ғылыми орта мен сарайлық интеллектуалдық кеңістік арқылы көрінеді.

Самарқандта ат-Тафтазани өзінің «әл-Мақасид» және «Шарх әл-Мақасид» шығармаларын аяқтады. Зерттеу әдебиетінде бұл екі еңбек 784/1383 жылы Самарқандта аяқталғаны көрсетіледі.

Осылайша оның ғылыми жолының географиясында Хорасаннан Хорезмге, Түркістаннан Самарқандқа дейінгі кеңістік біртұтас интеллектуалдық жүйе ретінде көрінеді.

Бұл жүйенің ішінде Сырдария өңірі де маңызды буын болды.

Ғалымның ұстаздары мен шәкірттері арқылы жалғасқан сабақтастық

Ортағасырлық ислам ғылымында рухани сабақтастықтың негізгі тетіктерінің бірі ұстаздық институт болды.

Ат-Тафтазани Азудуддин әл-Ижи, Құтбуддин ар-Рази және басқа да ғалымдардың ғылыми дәстүрінен нәр алды. Бұл ұстаздардың еңбектері логика, кәләм, усул әл-фиқһ және араб тілінің теориялық мәселелерін қамтыды.

Ат-Тафтазанидің өзі кейінгі буынға ықпал еткен ірі ұстазға айналды.

Оның шығармаларына кейінгі ғасырларда көптеген ғалымдар шарх пен хашия жазды. Бұл – оның ғылыми мектебінің жеке тұлғадан мәтіндік дәстүрге айналғанын көрсетеді.

Мысалы, «Шарх әл-Ақаид ән-Насафия» шығармасына көптеген кейінгі ғалымдар түсіндірмелер мен хашиялар жазған. Оның еңбектері Осман медреселерінде, әл-Азхарда және Үндістандағы исламдық оқу орындарында пайдаланылғаны туралы деректер келген [11, 235 б.].

Осы жағдай Сырдария өңіріндегі исламдық білімнің әлемдік мұсылмандық білім кеңістігімен байланысын көрсетеді.

Яғни Сырдария бойындағы медреседе оқылған мәтіннің авторы міндетті түрде осы өңірден шыққан ғалым болуы шарт емес. Маңыздысы – сол мәтіннің оқу бағдарламасына енуі, шәкірттердің оны меңгеруі және кейін басқа орталықтарға алып баруы.

Осы тұрғыдан ат-Тафтазанидің еңбектері Сырдария өңіріндегі діни білімнің трансөңірлік сипатын зерттеу үшін маңызды материал бола алады.

«Мәтін – шарх – хашия» дәстүрі және Сырдария өңірі

Ортағасырлық ислам білімінің ерекшеліктерінің бірі – мәтіндерді түсіндірудің көпсатылы жүйесі.

Бірінші деңгейде негізгі мәтін жазылды. Екінші деңгейде оған шарх жазылды. Үшінші деңгейде шархқа хашия жасалды. Кей жағдайда хашияға да түсіндірме берілді.

Бұл әдіс қазіргі ғылыми әдебиеттегі бір еңбекті қайта-қайта түсіндіру сияқты қарапайым құбылыс емес. Ол білімнің сабақтастығын қамтамасыз ететін жүйе болды.

Ат-Тафтазани шығармашылығы осы жүйенің классикалық үлгісі саналады.

Мысалы, ол ән-Насафидің ақида мәтініне шарх жазды; Садр аш-Шариға еңбектеріне түсіндірме жасады; әс-Саккаки мен әл-Қазуинидің тілдік-риторикалық мұраларын дамытты [12, 7 т., 219 б.].

Осының нәтижесінде бір ғылыми мәтін бірнеше ғасыр бойы жаңа буын ғалымдарының пікірталас алаңына айналды.

Сырдария өңірінің исламдық мәдениетін зерттеу барысында дәл осы «мәтіндік сабақтастыққа» ерекше назар аудару қажет.

Өйткені рухани мұра тек кесене, мешіт немесе тарихи ғимараттар арқылы ғана сақталмайды. Ол кітап, қолжазба, оқу бағдарламасы және ұстаздық дәстүр арқылы да жалғасады.

Сырдария өңірінің ислам мәдениетін зерттеудегі ат-Тафтазани мұрасының маңызы

Ат-Тафтазани мұрасын Сырдария өңірінің ислам мәдениетімен байланыстыра зерттеу бірнеше ғылыми тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, Сырдария өңірінің исламдық мәдениетін жергілікті шеңбермен шектеуге болмайды. Бұл аймақ Хорасан, Хорезм, Мауарауннахр және Дешті Қыпшақ арасындағы ғылыми байланыстар жүйесіне кірді.

Екіншіден, исламдық білімнің таралуында ғалымдардың қозғалысы ерекше рөл атқарды. Ат-Тафтазанидің өмір жолы осыны нақты көрсетеді.

Үшіншіден, ғылыми сабақтастық тек сопылық немесе діни уағыз дәстүрімен шектелмеді. Кәләм, логика, құқық теориясы, тіл білімі және риторика сияқты рационалдық пәндер де рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі болды.

Төртіншіден, ат-Тафтазанидің Гүлістан-Түркістандағы ғылыми қызметі Сырдария өңірінің исламдық білім тарихын зерттеуде маңызды бағыт ашады.

Бесіншіден, оның шығармаларының кейінгі ғасырларда кең таралуы Сырдария өңіріндегі білім беру дәстүрін жалпы мұсылмандық интеллектуалдық кеңістіктің бір бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Сағдуддин ат-Тафтазанидің Сырдария өңіріне қатыстылығын бірнеше деңгейде қарастыру қажет.

Бірінші деңгей – **географиялық байланыс**. Ғалымның Гүлістан-Түркістан кеңістігінде «әт-Тәлуих» еңбегін аяқтауы оның Сырдарияға қатысты тарихи-географиялық байланысын көрсетеді [3].

Екінші деңгей – **интеллектуалдық байланыс**. Ат-Тафтазанидің еңбектері Мауараунннахрлық Насафи дәстүрімен, Хорасандық кәләм және логика мектебімен, Хорезмдік ғылыми ортамен сабақтас болды.

Үшінші деңгей – **медреселік сабақтастық**. Оның еңбектері кейінгі исламдық оқу орындарында кең таралып, мәтіндік білімнің ортақ канонына айналды.

Төртінші деңгей – **трансөңірлік байланыс**. Ат-Тафтазани еңбектерінің Алтын Орда, Мауарауннахр, Осман кеңістігі, Мысыр және Үндістандағы исламдық оқу орындарына таралуы ортағасырлық білімнің қазіргі ұлттық шекаралардан әлдеқайда кең болғанын көрсетеді.

Сондықтан Сырдария өңірінің ислам мәдениетін зерттеуде «аймақтық» және «трансөңірлік» тәсілдерді ұштастыру қажет.

Бұл мәселенің қазіргі Қазақстан тарихы үшін де ғылыми маңызы бар. Сырдария бойындағы ислам мәдениетінің тарихын зерттеу Қазақстан аумағындағы исламның тек сырттан келген діни ықпал емес, ортағасырлық қалалық және ғылыми мәдениеттің құрамдас бөлігі болғанын түсінуге мүмкіндік береді.

Алайда бұл тұжырымды қазіргі ұлттық діни дәстүрлермен тікелей теңестіру дұрыс емес. XIV ғасырдағы исламдық білім кеңістігі көптілді, көпорталықты және трансөңірлік сипатта болды. Сондықтан қазіргі Қазақстан аумағындағы рухани сабақтастықты ортағасырлық ғылыми дәстүрлердің тікелей және өзгеріссіз жалғасы ретінде емес, тарихи ықпалдар мен мәдени қабылдаулардың ұзақ үдерісі ретінде зерттеу қажет.

Бұл тұрғыда ат-Тафтазанидің мұрасы ерекше методологиялық үлгі ұсынады: оның шығармалары нақты бір аймақтың емес, бірнеше ғылыми орталықтың өзара ықпалдастығы нәтижесінде қалыптасты және кейін қайтадан көптеген аймақтарға тарады.

Қорытынды

Сағдуддин ат-Тафтазанидің ғылыми мұрасы XIV ғасырдағы исламдық білім жүйесінің жоғары деңгейін көрсететін маңызды тарихи-ғылыми құбылыс болып табылады.

Оның өмір жолы Хорасан, Хорезм, Түркістан, Мауарауннахр және Самарқанд секілді ғылыми орталықтарды байланыстырды. Осы географиялық қозғалыстың өзі ортағасырлық ислам өркениетіндегі білімнің кең таралған және өзара байланысты сипатта болғанын көрсетеді.

Сырдария өңірі осы ғылыми кеңістіктің маңызды буындарының бірі болды. Әсіресе ат-Тафтазанидің Түркістан аймағындағы Гүлістанда «әт-Тәлуих» еңбегін аяқтауы оның Сырдария өңірінің интеллектуалдық тарихымен байланысын нақтылай түседі.

Ғалымның мұрасы арқылы Сырдария өңіріндегі ислам мәдениетінің бірнеше маңызды ерекшелігін анықтауға болады. Біріншіден, бұл өңір Хорасан, Хорезм және Мауарауннахрмен тығыз ғылыми байланыста болды. Екіншіден, исламдық білім тек діни мәтіндерді оқумен шектелмей, логика, кәләм, тіл білімі, риторика және құқық теориясын қамтыды. Үшіншіден, рухани сабақтастық ұстаз-шәкірт желісі, кітаптардың таралуы және «мәтін–шарх–хашия» дәстүрі арқылы қамтамасыз етілді.

Ат-Тафтазанидің «Шарх әл-Ақаид ән-Насафия», «әт-Тәлуих», «әл-Мутауал», «әл-Мұхтасар», «Шарх аш-Шамсия», «әл-Мақасид» және «Шарх әл-Мақасид» сияқты еңбектері исламдық жоғары білімнің бірнеше саласын біріктірді. Бұл шығармалар діни сенім мәселелерін ғана емес, дәлелдеу мәдениетін, логикалық ойлауды, тілдік талдауды және құқықтық пайымдауды қалыптастыруға ықпал етті.

Осы тұрғыдан ат-Тафтазани мұрасын Сырдария өңірінің ислам мәдениеті тарихында зерттеу – жеке ғалымның өмірбаянын зерделеуден әлдеқайда кең мәселе. Бұл зерттеу ортағасырлық Сырдария өңірін Хорасан, Хорезм, Мауарауннахр және Дешті Қыпшақпен байланысқан интеллектуалдық кеңістік ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Рухани сабақтастықты зерттеу барысында материалдық ескерткіштермен қатар, қолжазбаларға, оқу мәтіндеріне, шархтар мен хашияларға, ұстаздық және шәкірттік желілерге назар аудару қажет. Себебі рухани мәдениеттің өміршеңдігі оның тек сақталуында емес, кейінгі буын тарапынан қайта оқылып, түсіндіріліп, жаңа тарихи жағдайда қолданылуында көрінеді.

Сағдуддин ат-Тафтазанидің мұрасы осы сабақтастықтың айқын мысалы. Оның шығармалары XIV ғасырдағы Хорасан мен Мауарауннахрдан басталған ғылыми дәстүрлердің Түркістан және Сырдария кеңістігімен байланысын көрсетіп қана қоймай, кейінгі мұсылмандық білім жүйесіне дейін жеткен ұзақ интеллектуалдық желінің құрамына енді.

Демек, Сырдария өңірінің ислам мәдениетін зерттеуде Сағдуддин ат-Тафтазани мұрасын арнайы қарастыру – өңірдің ортағасырлық рухани тарихын Еуразиялық ислам өркениетінің кең контекстінде түсіндіруге мүмкіндік беретін перспективалы ғылыми бағыт.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Өзел Ахмет. Ханафи мәзһабының фиқһ ғұламалары және өзге де мәзһабтардың әйгілі тұлғалары (қазақша аудармасы). – Алматы: Түркия Диянет қоры, 2024. – 560 б.
2. Нувайхиз, Ғадил. Муғжәм әл-муфассирин. Бейрут: Марказ тафсир лид-дирасат әл-Құръания, 1984 (1988). – 1024 б.
3. Мухаммад Юсуф, Мухаммад Содиқ. Самарқанднинг сара уламолари. – Ташкент: Hilol Nashr, 2019 (2014). – 112 б.
4. Палванов У. The Light of islam. – 4-сан, 2019.
5. Қани М. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жалын баспасы, 1993. – 400 б.
6. Қуандық Е.С. Қазақ елінің тарихы. – Алматы: Дәуір баспасы, 2013. – 592 б.
7. Ат-Тафтазани, Сағдуддин. Шарху әл-ақаид ан-Насафия. Абдуссалам ибн Абдулһади Шәннардың түсініктемесі. – Бейрут: Дарул Бәйрути, 2007. – 214 б.
8. Ұбайдулла ибн Масғуд әл-Махбуби. *Әт-Таузих фи халли ғавамид әт-Танқих*. Бейрут: Дар әл-Кутуб әл-Илмия, 2005. – 5-60 б.
9. Аш-Шаукани, Мухаммад. Әл-бәдр ат-талиғ би махасин мин бағд әл-қарн ас сабиғ. – әл-мәктаба аш-шамилә, 2021. – 393 б.
10. Әл-Акрий әд-Димашқи, Шаһабуддин Әбул Фәлах. Шазарат аз-заһаб фи ахбар мән заһаб. – Бейрут: Дар ибн Касир, 1992. – 656 б.
11. Мухаммад Юсуф, Мухаммад Содиқ. Самарқанднинг сара уламолари. – Ташкент: Hilol Nashr, 2019 (2014). – 112 б.
12. Ислам: Энциклопедический словарь. – Москва: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1991. – 315 б.
13. Әз-Зирикли, Хайруддин. Әл-Ағләм. Бейрут: Дар әл илм лил-мәлаин, 2002. – VII, 352 б.

ҚҰЛПЫТАС ОРНАТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ АҢЫЗДАРДЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ: ТОРҒАЙ ЖЕРІНДЕГІ ТҮРКІСТАНДЫҚ СТИЛЬДЕГІ КӨКТАСТАР

HISTORICAL BASIS OF LEGENDS RELATED TO THE ERECTION OF TOMBSTONES: TURKESTAN-STYLE GRAVESTONES IN THE TURGAI REGION

Айтжан Шаймерденқызы Нурманова[1]
Aitzhan Shaimerdenqyzy Nurmanova[2]

Кіріспе

Жиырма жылдан астам уақыт бойы жүргізіліп келе жатқан далалық экспедициялық жұмыстар барысында белгілі бір тарихи тұлғалардың мемориалдық ескерткіштеріне қатысты ақпарат берушілерден «Самарқаннан көктас әкеп орнатқан», «Түркістаннан ұста алдыртқан», «Тасын Қазанда жаздырыпты» деген мазмұндағы мәліметтер жиі тіркелді. Бастапқы кезеңде бұл деректердің нақты тарихи-құжаттық негізі мен жазбаша растауларының тапшылығына байланысты, олар тек ауызша аңыз-әңгімелер ретінде қабылданып келді. Дегенмен, соңғы онжылдықта Торғай өңіріндегі жергілікті өлкетанушылардың сұранысымен жүргізілген эпиграфикалық зерттеулер нәтижесінде бұл аңыздық мотивтердің шынайы тарихи негізі бар екендігі анықталды.

Осы уақытқа дейінгі зерттеулеріміз Қазақстанның Батыс, Орталық және Солтүстік аймақтарында негізінен жоғарғы бөлігі доғал пішінді болып келетін, вертикальды (тік) орнатылатын құлпытастардың кең тарағандығын көрсетті. Ал, Торғай өңірінде дәстүрлі стелалардан бөлек, қабір үстіне горизонталды (сұлата) жатқызылатын, өлшемдері ықшам, эпитафиялық мәтіні қысқа (тек марқұмның аты-жөні мен кейде қайтыс болған жылы көрсетілген) көктастар кешені анықталды. Жергілікті аңыз-әңгімелерде олар «Самарқаннан жеткізілген» деп сипатталады. «Түркістаннан ұста алдырып, Самарқаннан көктас, Қазаннан құлпытас әкелдіру» секілді ауызша тарихтағы фразеологизмдер тек көркемдік гипербола емес, сонымен бірге дәстүрлі қазақ қоғамының ішкі әлеуметтік стратификациясын, тұлғаның жоғары мәртебесін және көршілес өркениет орталықтарымен арадағы тығыз мәдени-экономикалық интеграцияны айғақтайтын маңызды этнографиялық дереккөз қызметін атқарады. Бұл жәдігерлердің морфологиялық пішіні, декорлық безендірілуі мен эпитафиялық каллиграфиясы тұрғысынан Оңтүстік Қазақстандағы (Түркістан, Арыстан-Баб) мемориалдық ескерткіш үлгілерімен толық сәйкес келуі бұл тақырыпты зерделеудің өзектілігін арттыра түседі. Аңыз бен тарихи шындықтың материалдық ескерткіштердегі трансформациясын зерттеу аймақтық мәдениеттің жалпыұлттық тарих кеңістігіндегі орнын айқындау үшін стратегиялық маңызға ие.

Материалдары мен әдістері. Зерттеудің деректік базасын құрастыруда Түркістан өңіріндегі Қожа Ахмет Йасауи және Арыстан-Баб кесенелері жанындағы қорымдар құлпытастары мен көктастардың бұған дейін жарық көрген эпиграфикалық мәліметтері негізге алынды [Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2013; Ақылбек, 2000]. Сонымен бірге далалық зерттеу жұмыстары аясында Түркістан және Торғай аймақтарына ұйымдастырылған ғылыми экспедициялар барысында авторлар тарапынан жинақталған жаңа материалдар (фотофиксация, сипаттамалар) қолданылды. Нақтыланған материалдарды зерделеу мен саралау процесінде дәстүрлі эпиграфикалық зерттеу әдістері (мәтіндерді оқу, транскрипциялау және аудару), сондай-ақ өңірлік эпиграфикалық ескерткіштердің құрылымдық-композициялық өзгешеліктерін айқындау мақсатында салыстырмалы-тарихи және компаративті талдау әдістері кешенді түрде пайдаланылды.

Нәтижесі. Жүргізілген зерттеулердің нәтижесі дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі тұрмыс жағдайында далалық аймақтар мен ірі діни-мәдени орталықтар арасында тығыз

[1]Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, бас ғылыми қызметкер, Алматы, Қазақстан, тарих ғылымдарының кандидаты; e-mail: aitzhan.nurmanova@gmail.com https://doi.org/0000-0002-2470-6484

[2] R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan, Chief Researcher; Candidate of Historical Sciences.

интеграциялық байланыстардың болғанын айғақтайды. Кеңістіктің шалғайлығына қарамастан, білім, мәдениет және қолөнер туындыларының өзара алмасуы тұрақты сипатта жүрген. Нақтырақ айтқанда, бір өңірге тән тас қашау өнері, декорлық безендіру канондары мен эпитафия жазу дәстүрлерінің басқа аймақтарға да трансформациялануы өңіраралық мәдени диалогтың үздіксіздігін және олардың өзара терең ықпалдастықта дамығанын толық дәлелдейді.

Талқылау

Зерттеу тарихнамасы. Түркістан өңірінің эпиграфикалық ескерткіштерін зерттеудің бір ғасырдан астам уақытты қамтитын бай тарихнамалық дәстүрі қалыптасқан. П.И. Лерх, Н.А. Маев, П.И. Пашино, К.К. Абаза, Ә.Ә. Диваев, Н.С. Лыкошин, Н.И. Веселовский, С.Г. Маллицкий, В.В. Бартольд, А.И. Добромыслов және М.Е. Массон сияқты көрнекті ғалымдар өз еңбектерінде аталған кешеннің монументалды-қабырғалық эпиграфикалық жазбаларын зерттеуге ерекше назар аударған. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы Шайбани әулеті өкілдерінің құлпытастарындағы эпиграфикалық деректер Б.М. Бабаджанов пен Ә.Қ. Муминовтың авторлығымен жарық көрген Шайбанилар қабіртастары атты іргелі зерттеу еңбегіне негіз болып, ғылыми айналымға енгізілген [Schaibanidische Grabinschriften, 1997].

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейіне қарасты Арыстан баб кешені маңындағы мемориалдық ескерткіштерді аталған мекеменің қызметкері С. Ақылбек зерттеп, ғылыми айналымға енгізген. Бұл басылымда Арыстан баб кесенесі маңындағы қорым аумағында тіркелген 94 құлпытастың эпиграфикалық мәтіндері белгілі шығыстанушы ғалымдар Б.М. Бабаджанов пен Ә.Қ. Муминовтың оқуы және аударуы негізінде жарияланған [Ақылбек, 2000]. Институтымыздың жобасы бойынша жүргізілген экспедициялық жұмыстар негізінде Арыстан-Баб қорымының бірнеше тасы қайта оқылып, мақала жарияланған [Dyussenov, B., Mederova D.E., Margulan, A., 2024].

Түркістан аймағындағы мемориалдық ескерткіштердің басым бөлігі өзге өңірлердегі құлпытастар архитектоникасынан айтарлықтай өзгешеленеді. Мұндағы ескерткіштер тік тұрғызылмайды, керісінше, жергілікті халық арасында «көктас» деп аталатын жіңішке, сопақша пішінді тастар мола үстіне көлденеңінен (сұлата) жатқызылады. Нысандардың бұндай құрылымдық өзгешелігінің себептерін анықтау мақсатында жүргізілген далалық зерттеулер барысында жергілікті респонденттер аталған аумақта тас кен орындарының жоқтығын алға тартты. Олардың мәліметінше, шикізаттың қашықтан тасымалдануы ескерткіштердің осындай ықшам әрі тасуға ыңғайлы пішінде дайындалуына тікелей әсер еткен.

Ескерткіштердің шығу төркінін саралау барысында аймақта мемориалдық пластика өндірісінің бірнеше ірі локальді орталықтары мен тас қашаушылық мектептерінің болғандығы анықталды. Зерттеуші С. Ақылбектің мәліметтері бойынша, мұндай мамандандырылған шеберханалар Қожа Ахмет Ясауи мазарының маңында, Нұрата аумағында және Қазығұрт таулы аймақтарында жұмыс істеген; жекелеген жағдайларда тапсырыстар Самарқан қолөнер орталығынан да жеткізіліп отырған [Ақылбек, 2000, 7-б.].

Отандық және халықаралық тарихнамада Ә.Қ. Муминовтың жетекшілігімен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен оның маңындағы мемориалдық кешен эпиграфикасының жаңа ғылыми аудармасы орындалып, монументалды еңбек үш тілде бірнеше рет жарық көрді. Аталған зерттеуде тек кесене қабырғаларындағы монументалды жазулар ғана емес, сонымен қатар бұған дейін беймәлім болып келген немесе толық оқылмаған өнер туындыларының эпиграфикалық мәтіндері де кешенді түрде қамтылған. Олардың қатарында Мемлекеттік Эрмитаж (Ресей) және Франция музейлерінің қорларында сақталған мешіт шырағдандары, құмғандар, ыдыстар мен басқа да тұрмыстық-ғұрыптық бұйымдардағы жазулардың толық аудармасы берілген [Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, 2013].

Түркістан аймағының эпиграфикалық ескерткіштері іргелі зерттеліп, ауқымды тарихнамалық базасы қалыптасқаны белгілі. Ал Торғай өңірінің эпиграфикалық мұрасы осы уақытқа дейін кешенді зерттеу нысанына алынбаған, ғылым үшін тың тақырыптардың бірі болып табылады. Жекелеген құлпытастардың эпитафиялық мәтіндері автордың бұған дейінгі мақалаларында [Нұрманова, 2015] немесе ғылыми-көпшілік басылымдарда ішінара аударылып жарық көргенімен, олар жүйелі түрде талдау назарынан тыс қалып келді. Осы тұрғыдан алғанда, мақалада алғаш рет көтеріліп отырған «Түркістандық стильдегі Торғай көктастары»

мәселесі отандық тарихнама мен археологияда бұрын-соңды арнайы зерттеу нысанына айналмаған өзекті бағыт ретінде айқындалады.

Дәстүрлі қазақ фольклоры мен тарихи дастандардың мазмұнында ел қорғаған айтулы тұлғаларға арнап ас беру және мемориалдық сәулет нысандарын (мазар) тұрғызу мотивтері кеңінен көрініс тапқан. Мұндай сюжеттерде кездесетін «Түркістаннан ұста алдырып», «Самарқаннан көктас» пен «Қазаннан құлпытас әкелдіру» секілді тұрақты сөз тіркестері марқұмның жоғары әлеуметтік мәртебесі мен әулетінің материалдық-экономикалық әлеуетін айқындаушы индикатор қызметін атқарады. Аталған ауызша деректер тек көркемдік-бейнелеу тәсілі ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының мемориалдық сәулет өнерінің деңгейін және ірі өңірлік өркениет орталықтарымен арадағы транзиттік мәдени байланыстарын айғақтайтын маңызды этнографиялық қайнар көз болып табылады.

Тарихи деректерге сүйенсек, Торғай өңірін мекендеген Арғын, Қыпшақ тайпалары Торғай, Ырғыз, Тобыл және Есіл өзендерінің бойын жазғы жайлау ретінде пайдаланса, қыс мезгілінде оңтүстік аймақтарға Сырдария мен Шу өзендерінің аңғарларына, Арал маңына, Қызылқұм мен Қарақұм өңірлеріне қарай қоныс аударған [Обзор, 1881, Тургайская область, 1891: 34 б.]. Осындай маусымдық көші-қон үрдісі немесе Түркістан орталығына жасалған арнайы сапарлар барысында бақуатты ұрпақтары дүниеден өткен туыстарына Түркістан қолөнершілерінен көктас дайындатып, жеткізіп отырған деп тұжырымдауға толық негіз бар. Сонымен қатар, әлеуметтік мәртебесі жоғары тұлғалар мен баһадүрлер көзі тірісінде өздерін Түркістанның киелі топырағына жерлеуді өсиет еткен.

Алайда, аймақтар арасындағы бұл табиғи байланыстар патшалық әкімшіліктің реформаларынан кейін трансформацияға ұшырады. Нақтырақ айтқанда, «Временное положение об управлении в областях Уральской, Тургайской, Акмолинской и Семипалатинской» (1868), «Положение об управлении Туркестанским краем» (1886) және «Положение об управлении Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской областями» (1891) атты ережелерге сәйкес, қазақ жерлері әкімшілік тұрғыдан бөлінді. Солтүстік және орталық аймақтар орталығы Омбы қаласы болған Дала генерал-губернаторлығына, ал оңтүстік өңірлер орталығы Ташкент қаласы болған Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енгізілді. Осы жасанды әкімшілік-территориялық шекаралардың орнауына байланысты дәстүрлі маусымдық көші-қон үрдісі біртіндеп шектеліп, өңіраралық мәдени-рухани және қолөнершілік байланыстардың алшақтауына алып келді.

Торғай өңірі, Көкалат ауылының маңындағы «Шәкір там» қорымында мола үстіне жатқызылатын көктастар тіркелді. Жергілікті халық арасындағы ауызекі мәліметтерде бұл ескерткіштер «Самарқаннан алдырылған» деп сипатталып, бұл факт марқұмның ел ішіндегі жоғары беделі мен оның ұрпақтарының экономикалық әлеуетін айқындайтын индикатор ретінде көрсетіледі. Дегенмен, бұл жәдігерлердің формалық-типологиялық сипаты, көркемдік безендірілуі және палеоографиялық-эпитафиялық ерекшеліктері Түркістан өңірі мен Арыстан баб қорымындағы көктастармен толық сәйкестік көрсетеді. Бұл жағдай аталған ескерткіштердің Түркістан қолөнер орталығынан жеткізілгендігі туралы тұжырымды нақтылай түседі.

Торғай өңірі, Көкалат ауылы маңындағы «Шәкір там» қорымы ескерткіштерінің архитектуралық және пластикалық сипатына талдау жасау барысында мынадай деректер анықталды: Төңкеріліп қалуының нәтижесінде бедерлі элементтері мен эпитафиялық жазулары бүлінбей сақталған көктастың ұзындығы шамамен 90 см-ді құрайды. Сопақша бітімді бұл жәдігердің екі шетіне күн/жұлдыз бейнесіндегі астралдық белгілер, ал бас жағына қыпшақтардың «қос әліп» таңбасы бедерленген. Құлпытастағы эпитафия арнайы жиектеме (рамка) ішіне көлденең, кәсіби емес (әуесқой) қолтаңбамен мәтінделген.



قپچاق قرا صارة سکر بای اوغلی تابای اشم
ایکم بای ...
۵۲ یاشندا وفات ۱۸۷۸ نچی جلده

Қыпшақ Қарасарт Сүгір бай ұғлы,
Табай Әшім Егімбай ... 52 жасында
офат 1878-нші жылы

Бұл жердегі есімдер дерегі ел арасында ұрпақтары жалғастырып отырған белгілі шежіреге толық сәйкес келеді: Қыпшақ – Әлпейіс – Түйішке – Шаншар – Қожамберді – Молдақара – Досым – Мәмбет – Жиенәлі – Ыстыбай – Көшекәлі – Қозыбақ – Сүгірбай – Қарасарт, оның балалары Табай, Әшім, Егімбай. Көктаста: Сүгірбай – Қарасарт, одан тараған Табай, Әшім, Егімбай балаларының аты жазылған. Аталған сәйкестік, өз кезегінде, халықтық ауызекі дәстүр аясында трансформацияланып, бізге жеткен шежірелік ақпараттардың верификациялану деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Бұл жағдай ауызша тарих (oral history) мәліметтерінің тасқа қашалған жазба деректер сияқты объективті әрі шынайы дереккөздік әлеуетке ие екендігін айқын дәлелдейді.

Аталған қорымнан табылған келесі бір көктас өзінің морфологиялық және пластикалық сипаты тұрғысынан жоғарыда сипатталған ескерткішке толығымен ұқсас. Алайда, бұл нысанның басты айырмашылығы эпитафиялық мәтіннің тік бағытта жазылуында. Эпитафиялық деректерге сүйенсек, бұл құлпытас жоғарыда аталған көктас иесі Сүгірбайұлы Қарасарттың анасына арнап қойылған.



۱۸۶۲نچی یلده
قبچاق روی نک
ایستی بای
جتم طایفه سننک
جانبلا قونکر
بای قزی
سوکر بای
حاتونی
...ات
...

1862 –нші жылда Қыпшақ руының Ыстыбай Жетім тайпасының
Жанбала Қоңырбайқызы Сүгірбай хатуны ... ат ...

Бір әулет мүшелеріне арналған бұл ескерткіштер Түркістан орталығынан арнайы тапсырыспен алдырылғанын айғақтайды. Бұл факт, өз кезегінде, аталған әулеттің сол кезеңдегі жоғары әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен материалдық мүмкіндіктерін көрсетеді.


Қорымнан табылған келесі бір құлпытас пластикалық бітімі жағынан алдыңғы жәдігерлерге ұқсас болғанымен, өзіндік декорлық өзгешеліктерге ие. Нақтырақ айтқанда, оның эпитафиялық мәтіні картушсыз (арнайы жиектемесіз) бедерленген, ал астралдық жұлдыз символы тек нысанның бас жағына ғана ойып түсірілген. Ескерткіштің каллиграфиясы кәсіби деңгейде орындалған, көктас 1784 жылы жасалынған.



١٧٨٤ سنة كته باى ... ...
جانكيلدى اوغلى

1784 жылы Кетебай ... ... Жанкелді ұғлы

Зерттеу нысаны болып табылатын бұл құлпытастардың типологиялық және сәулеттік-пластикалық ерекшеліктері Ахмет Йасауи, Арыстан баб қорымдарының мемориалдық пластикасымен толық үйлеседі. Аталған сәйкестік белгілері аталмыш қорымдар көктас материалдарымен салыстыру барысында нақтылана түседі. Мысалға С. Ақылбектің монографиялық зерттеуіндегі құлпытас.



53. 50x5x10см. Беткі жағындағы жазу сопақша, жұлдыз тәріздес сызық ішінде жазылған. Сызықтың екі жағына шеңбер ішінде жұлдыз ойылған. Жазуы екі қатар. Марқұмның аты-жөнінен кейін көлима жазылған(12 сурет а,б).
Бұл жерде Күдер Ноғай ұлы

12а-сурет.

Далалық зерттеу жұмыстары (экспедиция) барысында «Арыстан-Баб» қорымы аумағынан тұтастығы бұзылған, сынған көктас үлгісі:



باسم ملا قسنى شالكاه باى ...

Бісмілла. Молла Құсни Шалғаһбай (?) ...

Қарастырылып отырған жәдігерлердің «Шәкір там» қорымындағы көктастармен құрылымдық және көркемдік ұқсастығы жоғары. Ескерткіштердің бұл екі тобы бір ғана қолөнер шеберінің (тас қашаушының) туындысы болуы мүмкін деген болжам жасауға негіз бар. Мұндай типологиялық жақындық нысандардың жиектеріндегі астралдық (күн/ай) белгілерден, картуш пішінінің біртектілігінен және эпитафиялық мәтіндердің өзіндік каллиграфиялық (кәсіби емес) қолтаңбасынан айқын байқалады.

Тарихи деректерге сүйенсек, Ұлытаудың Торғай өңірімен шекаралас Сарлық аймағында билік жүргізген, Кенесары хан әскерінің белді сарбаздарының бірі Бабыр баһадүр [Салғарин, 1989] (Бабыр би) өзі дүниеден өткен соң, денесін Түркістан қаласына жерлеуді өсиет еткен. Қазіргі уақытта Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің «Ақсарай» бөлмесінде сақталған Бабыр бидің көктасы осы тарихи оқиғаның материалдық айғағы болып табылады:



بغان علی بابور بهادور بن بوکانجی بای بیك بای یرتمیر ۱۲۸۱

Бағаналы Бабыр Баһадұр ибн Бөкенші ибн Бектемір 1281/1864/5

Жоғарыда қарастырылған мәліметтер бұл құлпытастардың белгілі бір стильдік ортақтыққа ғана тән емес, тіпті бір автордың (тас қашаушы шебердің) немесе біртұтас тас қашау мектебінің туындылары екендігін негіздейді. Ескерткіштердің құрылымдық бітімі, өлшемдік параметрлері, көркемдік безендірілуі, соның ішінде екі бүйіріндегі астралдық (күн мен жұлдыз) символикасы, картуш пішіндері және палеоографиялық-каллиграфиялық ерекшеліктері өзара жоғары деңгейдегі сәйкестікті көрсетеді. Мұндай типологиялық жақындық халық арасындағы «көктастар Түркістан немесе Самарқаннан арнайы алдырылған» деген тарихи деректердің (аңыздардың) шынайылығын айғақтайды. Сонымен қатар, бұл құбылыс аталған аймақтар арасындағы тығыз мәдени-экономикалық және рухани байланыстардың тікелей дәлелі болып табылады.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері дәстүрлі қазақ қоғамындағы көшпелі өмір салтының ірі діни-мәдени орталықтармен коммуникациялық байланыстары тұрақты болғанын негіздейді. Кеңістік шалғайлығына қарамастан, материалдық және рухани мәдениет құндылықтары, атап айтқанда, тас қашау өнері, көркемдік канондар мен эпитафиялық мектептер өңіраралық деңгейде белсенді түрде алмасып отырған. Бұл құбылыс далалық аймақтардағы мәдени біртектіліктің даму динамикасын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, мола үстіне қойылатын собық бітімді көктастардың тіркелуі ауызша халық шығармашылығындағы әлеуметтік стратификацияны бейнелейтін эпикалық сюжеттердің шынайы тарихи-археологиялық негізде қалыптасқанын айқындайды.

Қарастырылып отырған мемориалдық ескерткіштер қазақ қоғамында марқұмның рухына ас беру, мазар тұрғызу және құлпытас немесе көктас орнату жосындарының мәдени тұрғыдан терең орныққандығын айғақтайды. Халықтың ауызекі шежіресі мен эпикалық дәстүрінде кеңінен таралған «Түркістаннан ұста, Самарқаннан көктас алдыру» деген тұрақты сөз тіркестері шалғайдағы киелі орталықтардан жәдігер жеткізудің әлеуметтік-символикалық мәнін ашады. Бұл құбылыс, өз кезегінде, тұлғаның немесе әулеттің билік, байлық және жоғары қоғамдық мәртебесінің басты көрсеткіші ретінде бағаланады. Сонымен қатар, аталған деректер ауызша тарих ақпараттары мен материалдық мәдениет ескерткіштерінің арасындағы үздіксіз сабақтастық пен өзара үйлесімділікті толық дәлелдейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ақылбек С. Ш. Арыстанбаб мазаратындағы құлпытастар. Эпиграфические памятники кладбища Арыстанбаб. Шымкент: Үш Арыс, 2000. 40-6.

2. Dyussenov, B., Mederova D.E., Margulan, A. 2024. Written Monuments of the Post-Golden Horde Period: Arabic Script Epigraphy at the Arystan-Bab Mausoleum. Kazakhstan Archeology, 3 (25), 244–261. DOI: 10.52967/akz2024.3.25.244.261

3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi / Құрастырушылар Ә. Қ. Муминов, М. Б. Қожа, С. Моллақанағатұлы, М. Ж. Садықбеков, Ж. М. Нұрбеков. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. Издание четвертое, переработанное и дополненное. Алматы; «Эффект» ЖШС, 2013. 208 б.

4. Нурманова А.Ш. II тарау. Эпиграфикалық дереккөздер. / Қазақстан тарихы жөніндегі артефактілердің, жазбаша, ауызша эпиграфиялық дереккөздердің жиынтық каталогі. Алматы: Дайк-Пресс, 2015. – 536 б. – 139-196 бб.

5. Обзор Тургайской области за 1880 год. Оренбург, 1881. С. 7-9.

6. Салғарин Қ. Көмбе. Алматы: Жалын, 1989. 448 б.

7. Schaibanidische Grabinschriften. Herausgegeben von Baxtiyor Babadjanov, Ashirbek. Muminov, Jurgen Paul. – Wiesbaden, 1997. – S. 190+30.

8. Тургайская область. Естестенные и производительные силы области, хозяйственная деятельность ея населения и народной образование. (Статистические очерки). Оренбург, 1891

К ПОЛОЖЕНИЮ В ТУРГАЙСКОЙ СТЕПИ «СЫРДАРЬИНСКИХ ХОДЖЕЙ» В КАНУН ПРИНЯТИЯ ВРЕМЕННОГО ПОЛОЖЕНИЯ «ОБ УПРАВЛЕНИИ В УРАЛЬСКОЙ, ТУРГАЙСКОЙ, АКМОЛИНСКОЙ И СЕМИПАЛАТИНСКОЙ ОБЛАСТЯХ» 1868 Г.

ON THE STATUS OF THE "SYR DARIA KHOJAS" IN THE TURGAI STEPPE ON THE EVE OF THE ADOPTION OF THE PROVISIONAL REGULATION "ON THE ADMINISTRATION IN THE URAL, TURGAI, AKMOLINSK, AND SEMIPALATINSK OBLASTS" OF 1868

Гульнар Кайроллиновна Муканова[1]; Самат Жуматай[2]
Giulnar Kairollinovna Mukhanova[3]; Samat Zhumatai[4]

Введение

Казахские служители ислама в условиях колонизации добросовестно выполняли положенные шариатом процедуры, зорко отслеживая нарушения. Эта тенденция характеризует их как преданных столпам веры мусульман.

Геополитические векторы имперской внешней политики второй половины XIX столетия были выстроены в противовес, пугающей царское правительство, политике Османской империи и ее союзников.

Эта стратегия, получившая условное название «пантюркизм», продиктовала негласную настороженность российской правящей элиты по отношению к среднеазиатским владениям.

Любые проявления активности со стороны не столько правящих кругов Коканда, Хивы и Бухары, сколько их подданных, в пределах Казахской Степи, в пореформенный период непременно брались на учет. События досконально изучались на местном уровне, вначале усилиями казахских старших султанов, затем брались под патронат российскими ведомствами.

Материалы и методы исследования

В качестве материала для исследования были привлечены архивные источники. Тематические документы формировалось чиновниками канцелярии Областного правления оренбургскими киргизами (казахами. – Авт.) по мере накопления однотипных обращений от местных жителей.

Одно из дел носит громкое название «Областное правление оренбургскими киргизами. Дело о вмешательстве Бухарского и Кокандского ханов во внутренние дела казахов» (ЦГА РК. Ф. 4. Оп. 1. Д. 4076. Л. 1-82. 1865-1867 гг.). В нем сведены ряд письменных донесений служб Областного правления Оренбургскими казахами, а также переводы на русский язык материалов опросов местных казахов и приезжих мулл.

На документах стоят оригиналы подписей российских чиновников и казахской элиты – чингизидов-султанов, что также ценно.

В роли источников по истории, демографии и этнографии казахов исследуемого периода были изучены современные тем событиям печатные сборники и публикации, в частности, «Записки Оренбургского отдела Императорского Русского географического общества. Вып. 1. Казань, 1870» [3]. Труды Л. Баллюзека и А. Сейдалина представляют интерес как источники, в свою очередь основанные на статистических данных и полевых материалах, достаточно редких в отношении характеристик казахского хозяйства и численности коренных жителей [4].

[1] Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Астанинский филиал, г. Астана, Казахстан, ведущий научный сотрудник, кандидат исторических наук, профессор; E-mail: Gulnar.mukanova1963@gmail.com https://orcid.org/0000-0002-9222-5893

[2] Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, Астанинский филиал, г. Астана, Казахстан, научный сотрудник, магистр истории; e-mail: ihkcakz@gmail.com https://orcid.org/0000-0001-9667-6205

[3] Astana Branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Leading Researcher; Astana, Kazakhstan Candidate of Historical Sciences, Professor.

[4] Astana Branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology; Researcher, Astana, Kazakhstan, Master of History.

Методы исследования можно охарактеризовать как симбиоз традиционных методов диалектической логики: анализа и синтеза, индукции и дедукции, сравнительно-сопоставительного, с одной стороны, и – междисциплинарного подхода, в том числе методов социальных и гуманитарных наук - социальной антропологии, истории и географии, политологии и социологии, философии.

Результаты

В 1865 году некий казах, [как посчитали в канцелярии, - **мулла]** по имени Балгабай Килдубеков (пишется в сопровождающих документах и как Кельдыбеков [1, л.18] докладывал в областное правление о деятельности «мнимых туркестанских мулл», а точнее из Коканда, Хивы и Бухары.

Нарушение шариата он видел в том, что заезжие «муллы» совершают из корысти обряды бракосочетания девиц, не достигших совершеннолетия, а также вдов, прежде положенного после кончины мужей, срока [1, л. 7-8].

Под документом расписались ответственные лица. Записи гласили: «Перевел: толмач Биглов. Верно: младший переводчик Субханкулов [1, л. 8 об].

Кто был виновен в произошедшем: сами ли девицы и вдовы, скрывавшие истинный возраст и время, истекшее после смерти мужей, либо действительно приезжие муллы, осталось не выясненным.

Последовало расследование инцидента по велению Султана-Правителя Восточной части Области Оренбургских киргизов (казахов) Мухамедгали Таукина, его результаты письменно были доложены 27 декабря 1865 года в Областное Правление [1, л.14 – 14 об.].

Выяснилось, при опросах найденных фигурантов, что из обнаруженных трех мулл – казахов из «Туркестана», они всего лишь обучали детей и выполняли определенные обряды, по причине отсутствия у местных казахов назначенных, или так называемых, «указных» мулл.

Имена заезжих мулл известны, поскольку в донесении они указаны: Шир-Мухаммед Айт-Мухаммедов, Ханафия Аймухаммедов и Бермухаммед Кожа-суфий, все «из киргизских ходжей» [1, л.18].

Из текста следует, что все трое были этнические казахи, из рода қожа, приставка к имени одного из них указывает, что он происходил из потомственных суфиев (сопы).

Возраст Бермухаммеда согласно опросу, подписанному им самим, составлял 25 лет, образование он получил в Хиве, детство и юность провел среди каракалпаков. Давление на него при опросе оказывалось столь сильное, что в его ответах записано, что он готов покинуть оренбургский край, как только выполнит обязательства и завершит обучение детей местных казахов.

Все трое объясняли причину своего прибытия и обучения детей казахов, рода аргын, азам Коранического учения, и как естественную «необходимость поиска пропитания» [1, л. 22-22об.].

Это наводит на мысль, что это могли быть выпускники медресе, которым действительно нужно было устроиться «кочующими мугалимами».

О категории «ходжи» («қожа») в служебной переписке дается такое разъяснение: «…Происходя из киргизских ходжей, обитающих по Сыр-Дарье и даже около Туркестана, не признавались за людей средних областей и прежде во многих родах киргизов были видимы, особенно с завоеванием Туркестана, есть среди них даже и кочующие» [1, л.15].

Приведенный фрагмент из документа указывает на то, что представители социальной страты «ходжи» довольно распространены среди казахов.

Поскольку в ходе следственных мероприятий не был найден тот, кто подписался под жалобой, ставшей причиной расследования, а именно: «муллой Балгабаем Килдубековым», то предыдущие его письма были квалифицированы как подложные. Возможно, приезжие просто подкупили стражников и тем самым отвели от себя угрозу арестов и выселения.

Султаном-правителем далее высказывалась просьба к Оренбургскому правлению - издать особый циркуляр с запрещением «туркестанским» муллам приезжать в степь к казахам, во избежание лишней нервозности и жалоб. Эту просьбу он честно мотивировал тем, что хотел бы снять ответственность с себя, султана-правителя.

В целом, проблема стала раздражать местных бонз, они терялись, как поступать и решили запросить свыше соответствующее распоряжение-«циркуляр».

Опросы фигурантов были зафиксированы и стали официальной версией. Между тем, не совсем ясны из архивных документов истинные причины миграции тех, кого именуют казахскими «ходжами», в Тургай:

а) если они возжелали нести знания детям степных казахов, то чем они мотивировали такие протяженные дистанции?

б) либо их целенаправленно посылали из Коканда и Бухары, исходя из соображений конкуренции с Казанскими муллами, которые по протекции империи заполонили Степь?

в) были ли то частные корыстные «визиты» к добродушным степнякам, в надежде собирать с них мзду за обряды?

Взгляды на ситуацию с приезжими «сырдарьинскими ходжами» нового султана-правителя казахов Оренбургского ведомства (должность была вскоре упразднена «Временным положением…» 1868 года) сменившего М.Таукина, А. Сейдалина нами выяснены из его докладных.

Ему было поручено в апреле 1867 года выяснить количество казахов-қожа, получивших духовное образование в среднеазиатских владениях, заодно узнать число мулл из башкир и татар в Казахской Степи, тех и других, занимающихся обучением детей. Первых он насчитал 4, охарактеризовал каждого, согласно их возраста, времени учебы в Бухаре, и места нынешних кочевок. Приведем весь фрагмент из источника ввиду его ценности; в нем указаны имена и фамилии, места кочевок и прошлой учебы ходжей:

«Его Превосходительству, Господину Управляющему Областью Оренбургских киргизов. Чиновника для контроля в Степи, Султана Сейдалина 2-го Рапорт.

Діни жерасты құрылыстарының тарихын, қызметін, кезеңін нақтылайтын зерттеулердің бір-бірімен сәйкес болмауы, нысандардың бірнеше мәрте қирап қайта жаңғыртылуы, жетілдірілуі немесе өзге де мақсаттар үшін пайдаланылуы зерттеу әдістерінің сан алуан түрлерін қолдануды, ұзақ уақыт бойы әлденеше рет сан түрлі әдіспен жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелерін саралай отырып зерттеудің әдістемесін анықтауды талап етеді. Діни жерасты құрылыстарының тарихы мен салынған уақытын, қызметін нақтылау үшін объектіні зерттеу әдістерінің типологиялық функциясын нақтылау маңызды.

Діни жерасты құрылыстарын зерттеу туралы ғылыми деректерді саралау мен сараптаудың бірнеше әдістері іріктелді. Архивтік құжаттарға талдау жасау, фольклорлық зерттеу жұмыстары және инвазивті емес геофизика, дәстүрлі археологиялық қазба, архитектуралық-антропологиялық талдау сынды әдісітері қарастырылды. Әлемдік діни жерасты құрылыстарының тарихи сипатын зерттеуде, дәстүрі мен діни сипатының, архитектурасындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтары туралы деректерді, ғылыми тұжырымдалған әдістерді іріктеуде салыстыру, талдау тәсілдеріне басымдық берілді.

Ғылыми зерттеулер әдістемесі философиялық аспектілерді, ғылыми танымның әдіснамалық негіздерін, ғылыми-зерттеу жұмыстарының құрылымы мен негізгі кезеңдерін зерттеуді қамтиды. Сондықтан да ғылыми зерттеу әдістері сан алуан болып келеді. Бұл туралы Ресейдің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы А.М.Новиков «Методология – адамның іс-әрекетін ұйымдастыру туралы ілім – деп атап көрсетеді [Новиков А.М., 20-21 с.]. Сондықтан да ғылыми зерттеу жұмысында қандай әдістемені қолдану маманның жұмыс жүргізу стилі, оның қажыр-қайраты мен сауаттылығына тікелей байланысты.

Қарастырылып отырған тақырыпты зерттеу үшін ғылыми еңбектерде кең көлемді талдамалық база қалыптасқан. Атап айтқанда Италия аумағындағы христиандық катакомбалар, Каппадокиядағы үңгірлі ғибадат нысандарының тарихи аспектілері, Қырым, Воронеж, Белгород және Дон жағалауындағы үңгір храмдары, ғибадат нысандары туралы зерттеулер бар. П.Б. Шаскольскийдің, Т.Ю. Воробьеваның, А.В. Крамердің, Н.В. Покровский мен Т. Зуйкованың еңбектерінде зерттелген. Христиандық катакомбалар сәулетінің тарихы Н.И. Бруновтың зерттеулерінде қарастырылған.

Каппадокиядағы үңгірлі ғибадатханалар туралы М.В. Бибиков, Р. Остерхаут, И.Н. Поповтар өз еңбепктерінде баяндаса, Ресей территориясындағы жерасты діни құрылыстарының тарихы мен архитектурасын О.Г. Кирьянова, И.А. Агапов, Т.А. Бобровский, Ю.Ю. Шевченко зерттеген.

Әлемде теңдесі жоқ Қырым түбегіндегі жерасты ғибадатханалары туралы Ю.М. Могаричев, Н.В. Днепровский, А.Ю. Виноградов, М.С. Желтов, В.Н. Даниленко, Н.И. Репников, А.Г. Герцен еңбектерінде қарастырылған [Борисов С.В., 2021].

Еліміздегі жерасты діни құрылыстары туралы деректер саяхатшы әрі тарихи деректер қалдырған ибн Хордадбек «Китаб әл-масалик уа-л мамалик» (Жолдар және елдер туралы»), «Әл-Мақдиси «Ахсан ат-тақасим уа мағрифат әл-ақалим» («Өлкелер туралы мәлімет беретін таңдаулы тарау»), әл-Идриси «Китаб нузһат әл-муштақ фи ихтирақ әл-афақ» («Шаршағанда көңіл сергіту мен (дүниежүзі) аймақтарына саяхат») еңбектерінде және Мәулана Сафи ад-дин Орын Қойлақының «Насабнама» еңбектерінде баяндалады. [Safiyuddin Mevlana. 1996]

Талқылау. Нысанды тек сәулет ескерткіші ретінде емес, діни-рухани және әлеуметтік орталық, біртұтас кешен ретінде қарастыру зерттеу жұмыстарының нәтижелі болуына басты ықпал етуші факторлардың бірі. Зерттеліп отырған жерасты діни құрылысты дәл сондай кезеңдегі өзге аймақтардағы тіпті, өзге діни наным-сенімдегі жерасты діни нысандармен салыстыра талдау археология, геология, архитектура, топонимика және этнография ғылымдарының деректерін бірге қолдану ғылыми ақиқатқа жетуде маңызды рол атқарады. Әрине, кез келген тарихи нысанды немесе оқиғаны зерттеу барысында қолданылатын дәстүрлі әдістер жазба деректерге, ескі карталарға, саяхатшылардың күнделіктеріне архивтік зерттеу жүргізілуі міндетті.

Жергілікті халық арасындағы аңыздарды, шежірелерді және діни әңгімелерді жинақтау, қабырғалардағы немесе заттай деректердегі таңбаларды, қолжазбаларды оқу және интерпретациялау, оларға ғылыми талдау жүргізу өте маңызды.

Тарихи нысандарды оның ішінде жерасты құрылыстарын іздестіруде, оны зерттеуде фольклордың алар орны ерекше. Қазақстан тарихын зерттеу кезінде аса маңызды дерек ретінде фольклордың маңызы айрықша зор. Мұның бұлай болатынын Е. Бекмаханов төмендегідей түсіндіреді: «... себебі, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ халқының жазба әдебиеті болмады. Сондықтан тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз және т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және, ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан»[Алиакбарова.А.П. 2013].

Мысалы: Қожа Ахмет Ясауи мен Баба Машынның кездесуін сипаттайтын аңызда екеуінің қылуетке үш мәрте түскені туралы айтылады[Ә.Манапов 2018 ж. 73 б.]. Осы аталған кітапта Қылует сөзі 5 аңызға арқау болады. Сондай ақ Қожа Ахмет Ясауидің 27 хикметінде

Хақ тағала фазылы менен пәрмен қылды,

Естіп, біліп қылуетке енеді Құл Қожа Ахмет.

63-те сүннетерін берік тұтып

Естіп, оқып қылуетке енді Құл Қожа Ахмет-деген жолдар кездеседі. Ғ.Искаков. 2017]. Сонымен қатар, Бекет ата, Шопан ата және тағы басқа Маңғыстау өңіріндегі жерасты құрылыстары туралы аңыз-әңгімелер өте көп.

Жерасты құрылыстарында оқшауланып құлшылық ету тек ислам дінінде ғана емес басқада әлемдік діндерде бар үрдіс екенін ескерсек, жерасты құрылысы туралы аңыздар мен ертегілерді, жыр-дастандарды басқа халықтардың да фольклорында кездеседі. Себебі, үңгірлерде орналасқан хрестиан дінің моностырлары қазіргі Израиль, Иордания, Сирия, Эфиопия, Каппадокия өңірі (Түркия), Грекия, Грузия, Армения және христиандық Шығыстың басқа да елдерінің аумағында кездеседі.

«Орыс фольклорында (аңыздарда, әпсаналарда, діни жырлар мен ертегілерде) жер астындағы діни ғимараттар туралы өте көп.

Көптеген ұлы христиан аскеттері, рухани ерлік жасаушы подвижниктері мен преподобный әулиелері өздерінің монашылдық рухани өмірін жүзеге асыратын орын ретінде үңгірлерді таңдап, жердің терең қойнауында храмдары мен кельялары бар монастырлар тұрғызған [Sophronius Hierosolymitanus. 1886. S. 505.].

«Алайда осы аса бай фольклорлық материалды пайдалану тарихшыдан үлкен шеберлікті және мейлінше сыни көзбен қарауды талап етеді. Фольклордың өзіне тән негізгі ерекшелігі – оның сапа және таптық жағынан біркелкі болып келмейтінін, онда тарихи шындық пен поэтикалық қиял және аудармашының жорамалы болатынын, әсіресе бірнеше ғасыр бұрын айтылып, талай рет ауыздан – ауызға көшкен болса әр түрлі жыраулар мен жыршылар өз жандарынан түйдектетіп қосатын қосымшалардың да мұндай фольклордан орын алатынын бір сәтке де естен шығармау керек. Соның өзінде жырдың авторы да және оны айтушы да оқиғаларды өздерінің таптық және саяси көзқарастарына орай құбылтып отырады. Нақ осы себептен ауыз-әдебиет туындыларын зерттеу кезінде оның таптық сипатын, мүмкін болса оның авторының немесе орындаушысының кімдер болғанын анықтап алу аса маңызды шарт болып табылады» [Алиакбарова.А.П. 2013].

Сонымен қатар, нысанның жасын анықтау, заттай деректерді іздестіру, тарихи-архитектуралық құрылымын анықтау археологиялық зерттеулерсіз жүргізілмейтіндігі анық. Дәстүрлі археологиялық әдістің қолданыстан шықпағанын оның нәтижелілігінің жоғары екендігін Қожа Ахмет Ясауидің «Ғар» бөлмесінің жасын анықтау мақсатында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан көреміз. «Негізгі археологиялық жұмыстар «Ғар» қабырғасының сыртқы жағынан жүргізілген. Қазба жұмыстары үшін алғашқы тексеру жұмыстары кезінде (шурф) бір метрден аса тереңдікте қам кесектен соғылған қабырға орны кездеседі» дей келіп, Қазба кезінде қабырға сыртынан топырақ арасынан керамикалық бұйымдардың сынықтары табылған. Табылған заттардың бөліктеріне жасалған сараптама олардың X-XII ғасырларға тән екенін көрсетеді. Сонымен қатар, «Ғар» қабырғалары қаланған

шамамен 24х27 см. көлемдегі қыштар XI-XII ғасырларда кеңінен қолданылған. Бұл туралы М. Тұяқбаевтың «Археологические исследование в Большом Хильвете» атты мақаласында «Көлемі 24Х27; 25Х26; 26х26 см. болатын осындай кірпіштер Орта Азияның XI-XII ғғ. көптеген ғұрыптық-мемориалдық құрылыстарынан белгілі»-деп нақты дәлел келтіреді [Тұяқбаев М. 2011. 42-48.]. Археологиялық дәстүрлі қазба жүргізу әдістерінен басқа техникалық ғылымдардың заманауи жетістіктері қазіргі заманғы археологияда белсенді түрде қолданылуда. Осындай әдістердің бірі – археологиялық нысандарды жанаспайтын әдіспен анықтау мақсатында жердің құрылысын зерттеуге мүмкіндік беретін георадарлық сканерлеу.

Бұл технология бойынша зерттеушілер жерасты діни құрылыстарын инвазивті емес геофизика, дәстүрлі археология және архитектуралық-антропологиялық талдау комбинациясын қолдана отырып зерттейді [Sebastiano Imposa Laurence Cavaliera *(2024)с-2*].

Осындай заманауи технологияны қолдану біздің елімізде Күлтөбе қалашығын археорлогиялық зерттеу барысында қолданылды. Күлтөбе қалашығына мақсатты археологиялық зерттеулер жүргізу мақсатында 2019 жылы төмен және жоғары жиілікті антенналармен георадарлық сканерлеу жұмыстары жүргізілді. Сканерлеудің жалпы аумағы 27 гектарды құрады.

Археологиялық нысандардың шекараларын анықтау, алты метрге дейінгі тереңдіктегі геологиялық қабаттардың орналасуы мен құрылымын зерттеу, сондай-ақ аномалияларды, тығыздығы төмен аймақтарды және басқа да ерекшеліктерін анықтау мақсаты қойылған.

Зерттеу барысында георадарлық зондтау жұмыстарын жүргізу үшін антеннасының жиілігі 250–700 МГц болатын, 6 метрге дейінгі тереңдікте сканерлеуге мүмкіндік беретін «ОКО–2» георадары пайдаланылған [https://kultobe.com/ru/nauchnaya-deyatelnost/georadarnoe-issledovanie. 10.09.2026 ж.].

Архитектуралық нысандардың қалдықтары сақталған учаскелерді зерттеуде археологиялық әдістерді қолданудың ежелден қалыптасқан дәстүрі бар. Оның бір мысалы - Харрис матрицасының ерте кезеңнен бастап қолданылуы. Бұл әдіс археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталған тарихи ғимараттардағы тас және кірпіш қабырғалардың хронологиясын белгілеу үшін пайдаланылады. Бұл тәжірибе вертикалды археология ретінде де белгілі.

1970-жылдардан бастап зерттеулерде бұл тәсіл «археология архитектурасы» деп атала бастады, ал соңғы уақытта «археоархитектура» немесе «археология құрылысы» терминдері де қолданылады. А. Т. Чирильяно мен Р. А. Тиреллоның (2015) пікірінше, «Архитектура археологиясы 1970 жылдан бастап сәулет мұрасын сақтау және тарихи ғимараттар мен құрылыс технологиялары туралы білімді толықтыру саласына үлес қосып келеді. Бұл бағыт сәулеттік нысанның өзін негізгі ақпарат көзі ретінде қарастырады. Ғимараттардың хронологиясын анықтау үшін ол археологиялық сипаттағы әдістер мен құралдар жүйесі арқылы құрылымдалады.

Ғимараттар әртүрлі кезеңдерде бұзылып және қайта жаңғыртылып отырған. Мұндай үдерістер олардың сыртқы пішіні мен материалдық құрылымында өзгерістер туындатады, алайда бұл өзгерістер әрдайым көзге анық көріне бермейді немесе құжаттарда тіркелмеген болуы мүмкін.

Оларды талдаудың негізгі әдістерінің қатарында беткі қабаттарды, конструкцияларды және іргетастарды стратиграфиялық зерттеу бар. Бұл зерттеулер археометриялық және типологиялық зерттеулермен, арнайы графикалық тіркеу әдістерімен және зертханалық талдаулармен толықтырылады. Алғашқы стратиграфиялық зерттеулер Харрис матрицасына негізделген. [А.Т.Чирильяно 2015.С-87-94]

Археологиялық стратификация – археологиялық нысандағы стратиграфиялық бірліктерді, қабаттар мен құрылымдық ерекшеліктерді олардың өзара салыстырмалы стратиграфиялық реттілігіне сәйкес анықтау және жүйелеу үдерісі [Харрис, Э. (1989)].

Осылайша, тарихи ғимарат уақыт бойынша жүзеге асқан және диахронды үдерістер нәтижесінде қалыптасқан көпқабатты нысан ретінде қарастырылады. Археоархитектура әдіснамасы Харрис матрицалық әдісіне негізделген микростратиграфияны, хронологияны және материалдарды талдауды - радиокөміртектік мерзімдеуді, дендрохронологияны және геохимиялық талдауды қамтиды.

Мүмкін болған жағдайда, бұл тәсіл стратиграфиялық қазба жұмыстарымен ұштастырылады. Мұндай үйлесім қоныстану қабаттарын сәулеттің бірізді даму кезеңдерімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Өте қарқынды технологиялық прогрестің арқасында жер астында көмілген археологиялық жәдігерлерді магнитометрия, жерүсті георадары (GPR) және геоэлектрлік әдіс сияқты инвазивті емес әдістерді пайдалану арқылы сәтті түгендеп, жан-жақты зерттеуге болады. Бұл әдістер жақында аэрофототүсірілім – фотограмметрия, инфрақызыл термография және дрондарды (ҰҰА – ұшқышсыз ұшу аппараттары) пайдалана отырып жүргізілетін басқа да әдістермен толықтырылды [L. B. Conyers,2023].

GPR әдісі жер астындағы құрылыстардың орналасқан жерін анықтау үшін өте тиімді. Сонымен қатар, геомагниттік өлшеулермен толықтырылған GPR тек тік және көлденең стратиграфия туралы ғана емес, сонымен қатар жер астында орналасқан құрылыстардың материалдық қасиеттері туралы да құнды ақпарат бере алады. Бұл алынған геофизикалық деректерді интерпретациялауға мүмкіндік беретін амплитудалық деректерді салыстырудың инновациялық әдісінің енгізілуінің арқасында мүмкін болды [L. B. Conyers 2023].

Деректерді өңдеудің келесі кезеңінде геофизикалық зерттеу нәтижелері жер астында сақталған жәдігерлерді, мысалы, 3D-графика арқылы визуализациялау үшін пайдаланылуы мүмкін. Мұндай көрнекі материалдар геофизика саласының маманы емес басқа саланың мамандары үшін анағұрлым түсінікті. Сонымен қатар, бұл графикалық бейнелер геофизикалық зерттеулердің нәтижелерін де, сәулет мұрасын да насихаттаудың құнды құралы бола алады.

GPR (георадар) әдісі беруші антенна арқылы жерге электромагниттік толқындарды сәулелендіруге негізделген. Физикалық және химиялық қасиеттері айтарлықтай ерекшеленетін екі қабаттың шекарасында электромагниттік толқындар шағылысады, содан кейін олар қабылдаушы антенналармен тіркеледі. GPR әдісі бос орындарды (крипталарды) іздеуге немесе жер астында қалған қабырғалардың бағытын анықтауға өте қолайлы. Дегенмен, георадардың ену тереңдігі топырақтың жергілікті литологиялық құрамына қатты тәуелді екенін ескеру қажет [L. B. Conyers, (2023) p. 185-198.]..

Инвазивті емес (жанасусыз) түсірілім кезінде, мәліметтерді әрі қарай талдау үшін қолданылған екінші геофизикалық әдіс магнетометрия болды.

Магниттік барлау - магниттік түсірілімдер археологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылады, өйткені олар археологиялық нысандарға тән табиғи көздерге (мысалы, топырақ пен тау жыныстарына) да, адам қолымен жасалған объектілерге де жоғары сезімталдық танытады. Мұндай зерттеулерде белсенді және пассивті геофизикалық әдістердің әртүрлі түрлері пайдаланылады. Белсенді әдістердің ішінде электрлік және электромагниттік түсірілімдер ерекше пайдалы болса, пассивті әдістер арасында магниттік әдіс өзінің тиімділігімен, жылдамдығымен, үнемділігімен және инвазивті емес сипатымен ерекшеленеді [F. Accomando, 2025].

GPR (георадар) және геомагниттік әдістердің айтарлықтай артықшылықтары болғанымен, олар әртүрлі физикалық құбылыстарға негізделгендіктен, белгілі бір шектеулері де бар. Бір қызығы (парадокс ретінде), бұл жағдай оларды беретін ақпарат тұрғысынан бірін-бірі толықтырушы етеді. Бұл жер астында сақталған сәулеттік жәдігерлердің кеңістіктік құрылымы туралы ғана емес, сонымен қатар олардың қандай материалдардан тұрғызылғаны туралы да ақпарат береді 21.

Жерасты ғибадатханалырының қандай дінге қызмет етсе де салынған орнының географиялық ерекшелігі көңіл аудартады. Себебі, жерасты ғибадатханалары әктасты, бортасты және құмтасты жынысты тауларда, салынған. Бұл туралы э.ғ.к. К.Ю. Татаров «Таудағы үңгірлердің әктас қабырғалары кеміргіштерден және обадан қорғануға сенімді құрал болды. Бұл діни рәсімдердің орны болғандықтан ол тиісті дәрежеде қажетті заттармен жабдықталуы тиіс» деп жазады [Татаров К.Ю. 2015, - 251 с.].

Қорытынды. Қорыта айтқанда діни жерасты құрылыстарын зерттеу әдістемесін деректанулық (архивтік), этнографиялық, дәстүрлі археологиялық және цифрлық технологиялар әдістемелері деп бөлеміз.

Архивтік материалдар тарих пен бүгінгінің арасын жалғастырушы дәнекер, мемлекеттің, ұлттың және жалпы адамзаттың тарихын сақтайтын ақпараттық мекеме болуымен маңызды, әрі

бірнеше негізгі бағыттарды қамтитын орталық. Архив тарихи құжаттарды бұрмалаусыз жеткізетіндіктен тарихшылар, саясаттанушылар, әлеуметтанушылар мен тіл мамандары ескі қолжазбалар, хаттар, фото және аудио-видео материалдарды пайдаланады.

Этнографиялық зерттеулерде қазақ фольклорының, оның ішінде жыр-дастандар мен аңыз-әңгімелердің маңызы орасан. Оқиғаны немесе тарихи орындарды сипаттағанда егжей-тегжейлі баяндап, жер-су атаулары мен оқиға куәгерлерінің мінез-құлқына дейін сипаттап беретіндіктен фольклорлық деректер тарихшы үшін, әсіресе қоғамдық ғылымдар саласын зерттейтін ғалымдар үшін үлкен дерек көзі болып табылады.

Дегенмен, қоғамдық ғылымдар саласы фольклорлық деректерді ғылыми айналымға енгізуде мұқият болуды, әрбір материалға сын көзбен қарауды талап етеді. Мұндай жыр-дастандар мен аңыз-әңгімелердің өзіндік ерекшелігі бар, ол, қоғамдық шындық пен поэтикалық әсірелеу, ауызша таратылғанда жыршылар мен жыраулардың асыра сілтеуі, жорамалдап қосып айтуы, ғасырлар бойы ауыздан-ауызға көшкен әңгіменің өңделуі заңдылық екенін естен шығармау керек. Сонымен қатар жырдың авторы да және оны көпшілікке таратып айтушы да оқиғаларды өз дүниетанымы мен өңірлік, тайпалық, әлеуметтік көзқарасына қарай өзгертіп отырады. Ғылыми сараптама жасау барысында ауыз әдебиеті туындыларының авторларының таптық және әлеуметтік сипатын, территориялық ерекшеліктерін мейілінше анықтау зерттеудің шынайылығын арттыратын негізгі факторлардың бірі. Фольклорлық деректерді ғылыми әдебиеттер мен архивтік деректермен салыстыра зерттеу аса маңызды.

Дәстүрлі археологиялық зерттеулер тарихты заттай деректер арқылы, жазба деректер қалыптаспаған кезеңдерді зерттеуде айрықша рөл атқарады. Заманауи цифрлық технологиялар лазерлік сканерлеу, георадар, спутниктік түсірілім дамыған заманда да, дәстүрлі әдістер далалық қазба жұмыстары, тікелей стратиграфиялық талдау, заттай деректерді аршу өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Археологиялық қазбалардан табылған артефактілер өткен қоғамның материалдық мәдениетін сипаттайтын нақты деректер болып табылады. Дәстүрлі археологияның басты ерекшеліктерінің бірі – стратиграфия. Қабаттар мен құрылымдық ерекшеліктерді олардың өзара салыстырмалы стратиграфиялық реттілігіне сәйкес анықтау және жүйелеу дәстүрлі археологияда маңызды. Діни жерасты құрылыстарын зерттеуде де дәстүрлі археология өз маңызын жоймақ емес.

Сонымен қатар ғылыми – техникалық прогресс жетістіктері нәтижесінде пайда болған заманауи цифрлық технологияларды қолдана отырып жүргізілетін әдістер тиімділігі де өте жоғары.

Зерттеу барысында инновациялық Амплитудалық деректерді салыстыру әдісі (ADCM) қолданылып, жерге енетін радиолокациялық зерттеу (GPR) арқылы 3D режимінде анықталған жер асты құрылыстарының графикалық бейнесін айқындайды.

Соңғы жылдары археологиялық нысандардың аумағы мен стратиграфиясын анықтау үшін және геомагниттік әдістер тиімді қолданылып келеді. GPR әдісі жер қабатына электромагниттік толқындар жіберуге негізделсе, геомагниттік әдістер магнитометрлер мен градиометрлердің көмегімен Жердің магнит өрісінің кернеулігін өлшеуді қамтиды. Жұмыс істеу принциптерінің ерекшелігіне және әртүрлі физикалық құбылыстарға негізделуіне байланысты GPR жер астындағы қабырғалар мен қуыстардың орналасуын анықтауда жоғары тиімділік көрсетеді. Ал магнитометрлер мен градиометрлер үйінділерді, пештерді, металл заттарды, орларды және қорғаныс шұңқырларын анықтауда аса тиімді.

Археологияда геофизикалық әдістердің кеңінен қолданылуы көп уақыт пен едәуір шығынды қажет ететін қазба жұмыстарын жүргізбей-ақ, археологиялық нысандарды жылдам әрі тиімді анықтауға мүмкіндік береді. Архитектуралық қалдықтарды зерттеу барысында жиі кездесетін негізгі қиындықтардың бірі-қалың үйінді қабаттарының болуы. Олар геофизикалық профильдеу нәтижелерін түсіндіруді едәуір қиындатады. Сонымен қатар ағаш-бұта өсімдіктерінің болуы немесе жер бетіндегі инфрақұрылым элементтері де зерттеу жұмыстарына кедергі келтіруі мүмкін.

Осы қиындықтарға қарамастан, GPR және геомагниттік профильдеу әдістері дұрыс жүргізіліп, нәтижелері мұқият талданғанда архитектуралық нысандардың жобалық құрылымы туралы да аса құнды ақпарат бере алады. Әсіресе, бұл құрылыс іргетастары ғана сақталған жерасты архитектуралық нысандарға қатысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Новиков А.М., Новиков Д.А. Методология. – М.: СИНТЕГ 2007. – 20-21 с.
2. Борисов С.В., Рагулина А.В. К вопросу об исследовании подземной архитектуры христианства. Вестник БГТУ им. В.Г. Шухова 2021, №11
3. Safiyuddin Mevlana. (1996). Nesep-nâme Tercümesi, Haz. Kemal Eraslan. İstanbul: Yesevî Yayıncılık.
4. Алиакбарова.А.П. «Фольклорлық деректердің тарих ғылымындағы маңызы» «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 2013
5. Ә.Манапов. құрастырушы «100 аңыз»: альбом-кітап/ «Издательство Золотая Книга» ЖШС, 224 б. Алматы 2018 ж. 73 б.
6. Ғ.Искаков, М.Тұяқбаев, Ә.Манапов, М.Исаев. «Жетпіс хикмет» Түркістан 2017 ж. 54 б.
7. Sophronius Hierosolymitanus. Homilia in Nativitatem Christi // Usener H. Weihnachtspredigt des Sophronios. Bd. 41. Bad Orb: Rheinisches Museum für Philologie, neue Folge, 1886. S. 505.
8. Алиакбарова.А.П. «Фольклорлық деректердің тарих ғылымындағы маңызы» «Сейфуллин оқулары – 9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 2013.
9. Тұяқбаев М. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан археологиясы: қорытындылары мен мен келешегі». Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы. 2011. III том. Б. 42-48.
10. Sebastiano Imposa Laurence Cavaliera, Sabrina Grassi b , Angelo Gilotti a c a , * , Gabriele Morreale , Dario Giuliano d a , Claudia Pirrotta , Emilie Cayre e a , , Luigi M. Cali`o Journal of Archaeological Science: Reports 53 (2024)c-2
11. https://kultobe.com/ru/nauchnaya-deyatelnost/georadarnoe-issledovanie. 10.09.2026 ж.
12. А.Т.Чирильяно, Р.А.Тирелло. III Археология архитектуры: оценка матрицы харриса для архитектурных стратифиций Международный конгресс по документации, сохранению и восстановлению arquitectónico y paisajistico. 2015.C-87-94
13. Харрис, Э. (1989).Принципы археологической стратиграфии Лондон: Academic Press
14. L. B. Conyers, « Ground-penetrating radar for archaeological mapping », in Remot.
15. L. L. B. Conyers, Ground-Penetrating Radar for Archaeology, Washington, DC, 2023.
16. L. B. Conyers, *Ground-Penetrating Radar for…, ibid.,* p. 20. A. S. Czyż and F. Welc, « Non-invasive Exploration of the Crypts of the Dominican Church of the Holy Spirit in Vilnius Using Laser Scanning (LIDAR) and Ground-Penetrating Radar (GPR) », *Wiadomości Konserwatorskie*, 76 (2023) p. 185-198
17. F. Accomando, A. Barone, N. Catalano, D. Daffara, B. Dupuy, G. Florio, M.D. Lee, S. Pepe, P. Tizzani, R. Castaldo. «Magnetic survey solutions for archaeological purpose» Near Surface Geoscience Conference & Exhibition 2025
18. Татаров К.Ю. Срванительный анализ пещерных моностырей России. Москва: НАУ. – 2015, - 251 с..

АВТОРЛАР

Абдісаламұлы, Әбдинұр – Шәкәрім университеті, Семей қаласы, Қазақстан, тарих мамандығының магистранты.

Абикова, Гүлшат Мәсілимқызы – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы, Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің жетекшісі.

Абсаликов, Алмат – Ұлттық қолжазбалар және сирек кітаптар орталығының бас сарапшысы, Астана, Қазақстан Республикасы, тарих ғылымдарының магистрі.

Абуов, Айдар Паркулович – Қазақ технология және бизнес университеті, профессор, Астана, Қазақстан Республикасы, философия ғылымдарының докторы.

Акар, Айше Мине – Сивас Джумхуриет университеті, Теология факультеті, Ислам ғылымдарының негіздері бөлімінің оқытушысы, Сивас, Түркия Республикасы, теология докторы.

Аманкулов, Хасан – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы, докторант.

Амиргалина, Гульмира – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Археология және этнография ғылыми орталығының жетекші ғылыми қызметкері, Қызылорда, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

Әлайдар, Ерсұлтан – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан Республикасы

Билалов, Сейдали – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Археология және этнография ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері, Қызылорда, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

Годрати Вайган, Маниже – «Encyclopaedia Islamica Foundation» қоры ғылыми қызметкері, Тегеран, Иран Ислам Республикасы, PhD докторы.

Дүйсенов, Бағдат Данияруұлы – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты Бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, Алматы, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

Ералиева, Салтанат – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан Республикасы, магистр, ғылыми қызметкер.

Ердаулет, Камила Нұрдаулетқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы, магистрант.

Естай, Рамазан – Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан Республикасы, магистрант.

Жалишева, Индира Қазымханқызы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей қорығы, Түркістан, Қазақстан Республикасы, кіші ғылыми қызметкер.

Жұматай, Самат – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Астана филиалының ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан Республикасы, тарих магистрі.

Жунисбаев, Улугбек – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығы, Түркістан, Қазақстан Республикасы, аға ғылыми қызметкер

Изанлу, Рамазанали – Астан Құдс Разави кітапханасының қолжазбалар бөлімінің басшысы, Әл-Мұстафа халықаралық университетінің Хорасан филиалы жанындағы Халықаралық Имам Реза ғылыми-зерттеу институтының Ислам және діндерді салыстырмалы зерттеу бөлімінің басшысы, Ислам зерттеулері қорының ғылыми қызметкері, Тегеран, Иран Ислам Республикасы.

Ишмухамедова, Марям – Ташкент мемлекеттік шығыстану университеті, «Түркітану» жоғары мектебі, доцент, Ташкент, Өзбекстан Республикасы, филология ғылымдарының кандидаты

Кайрбеков, Нурлан Евфратович – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Дінтану» кафедрасының доценті, Астана, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

Калмурза уулу, Уланбек - Қырғыз-Түрік «Манас» университетінің ғылыми қызметкері, Бішкек, Қырғызстан Республикасы, PhD докторы.

Камбарбекова, Ғалия Әмзеевна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

Кенжетаев, Досай Тұрсынбайұлы – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университеті, профессор, Түркістан, Қазақстан Республдикасы, философия және теология ғылымдарының докторы.

Керім, Шамшәдин Тұрсынұлы – Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Ғылым және халықаралық қатынастар департаментінің директоры, профессор, Алматы, Қазақстан Республикасы, филология ғылымдарының докторы.

Кушкумбаев, Айболат Кайрислямович – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, профессор, Астана, Қазақстан Республикасы, тарих ғылымдарының докторы.

Кылыч, Махмуд Ерол – Ислам тарихы, өнері және мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICA), бас директор, Ыстанбұл, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, философия ғылымдарының докторы.

Қожа, Мұхтар Бахадырұлы – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Археология институтының бас ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан Республикасы, тарих ғылымдарының докторы.

Қожахмет, Жамила – «Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан Республикасы, тарих магистрі.

Қыдыр, Төрәлі Еділбайұлы – ҚМДБ жанындағы Ислам ғылыми-зерттеу институтының директоры, қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан Республикасы, филология ғылымдарының кандидаты.

Моллақанағатұлы, Сайпулла – «Әзірет Сұлтан» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының басшысы, Түркістан, Қазақстан Республикасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты.

Муканова, Гульнар Хайруллиновна – Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Астана филиалы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті, жетекші ғылыми қызметкер, профессор, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор.

Мукатаева, Зауре – Шәкәрім университеті, Семей, Қазақстан Республикасы, аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты.

Муминов, Әшірбек Құрбанұлы – Ислам тарихы, өнері және мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICA), профессор, Ыстанбұл, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, тарих ғылымдарының докторы.

Нурманова, Айтжан – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан Республикасы, бас ғылыми қызметкер, тарих ғылымдарының кандидаты.

Омаров, Қали – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, доцент, Қызылорда, Қазақстан Республикасы, география ғылымдарының кандидаты.

Оразбаев, Ардақ Нұсыпханұлы – «Сарыарқа» мешітінің имамы, Астана, Қазақстан Республикасы; Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты.

Оразов, Талғат – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан қаласы, Қазақстан Республикасы, ғылыми қызметкер

Парпиев, Нұржан – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының аға ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан Республикасы.

Петров, Павел – Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық мұражайы, жетекші ғылыми қызметкер, Алматы, Қазақстан Республикасы, тарих ғылымдарының кандидаты.

Пылев, Алексей Игоревич – Санкт-Петербург мемлекеттік университеті Шығыстану факультетінің түркі филологиясы кафедрасының доценті, Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы, филология ғылымдарының кандидаты.

Рахимов, Комилжон Рахматович – Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыстану институтының директоры, профессор, Ташкент, Өзбекстан Республикасы, тарих ғылымдарының докторы.

Сазанова, Динара Берікқызы – «Әзірет-Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері, Түркістан, Қазақстан Республикасы, теология магистрі.

Тагаев, Майрамбек – Ош мемлекеттік университеті, Арашан әлеуметтік ғылымдар институты, Теология факультетінің деканы, Арашан, Қырғыз Республикасы, PhD докторы.

Ташгын, Ахмет – Анкара Хаджы Байрам Вели университеті, Жоғары білім беру институты, профессор, Анкара, Түркия Республикасы.

Ташматов, Султанбек – Қырғыз ислам университеті гуманитарлық білімдер факультетінің декан міндетін атқарушы, Бішкек, Қырғыз Республикасы, философия ғылымдарының докторы, PhD.

Тәжекеев, Әзілхан – Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Орта ғасыр археологиясы бөлімінің меңгерушісі, Астана, Қазақстан Республикасы, тарих ғылымдарының кандидаты, PhD.

Томар, Женгиз – Ислам тарихы, өнері және мәдениетін зерттеу орталығы (IRCICA), Ғылыми зерттеулер және жарияланымдар бөлімінің жетекшісі, профессор, Ыстамбұл, Түркия Республикасы, PhD докторы.

Торланбаева, Кенже – «Тұран» университеті, Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Алматы, Қазақстан Республикасы, тарих ғылымдарының докторы.

Төлегенов, Мұхит – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті, доцент, Түркістан, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

Турганбаева, Ләйла – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті, профессор, Алматы, Қазақстан Республикасы, сәулет докторы.

Тұяқбаев, Марат Қымызұлы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, археолог, Түркістан, Қазақстан Республикасы, тарих ғылымдарының кандидаты.

Тышхан, Кеңшілік – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, доцент, Астана, Қазақстан Республикасы, филология ғылымдарының кандидаты.

Уркинбаева, Айгүл Жанибековна – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан Республикасы, ғылыми қызметкер.

Утегенова, Мухлиса – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы, дін психологиясы магистр.

Утепбергенова, Ұрқия Аблайқызы – Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан Республикасы, PhD докторы.

Хасанов, Нодирхон – Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан Ұлттық университеті, Өзбек филологиясы факультеті, профессор, Ташкент, Өзбекстан Республикасы, филология ғылымдарының докторы.

Хисматулин, Алексей – Ресей Ғылым академиясының Шығыс қолжазбалары институтының жетекші ғылыми қызметкері, Санкт-Петербург, Ресей Федерациясы, тарих ғылымдарының кандидаты.

Шаметов, Сакен Таласбекұлы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Түркістан, Қазақстан Республикасы, ғылыми қызметкер.

Шарипов, Улан – Көкшетау қаласындағы «Жақия» мешітінің бас имамы, Көкшетау, Қазақстан Республикасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Дінтану кафедрасының докторанты.

Эшонова, Салимахон – Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Әбу Райхан Беруни атындағы Шығыстану институты бөлімің меңгерушісі, Ташкент, Өзбекстан Республикасы, филология ғылымдарының кандидаты.

Яшароглу, Мехмет Камил – Түркия Дін істері қорының Ислам зерттеулері орталығының (ИСАМ) Бас хатшысы, Ыстанбұл, Түркия Республикасы, ислам құқығы (фиқh) ғылымының докторы.

AUTHORS

Abdisalamuly, Abdinur – Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, Master's Student in History.

Abikova, Gulshat Masilimkyzy – National Library of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Head of the Service for Rare Books and Manuscripts.

Absalikov, Almat – National Center of Manuscripts and Rare Books, Chief Expert, Astana, Republic of Kazakhstan.

Abuov, Aidar – Kazakh University of Technology and Business, Professor, Astana, Republic of Kazakhstan; Doctor of Philosophy.

Akar, Ayşe Mine – Sivas Cumhuriyet University, Faculty of Theology, Department of Basic Islamic Sciences, Assistant Professor, Sivas, Republic of Türkiye; (PhD)

Amankulov, Khasan – L.N. Gumilyov Eurasian National University, PhD student, Astana, Republic of Kazakhstan.

Amirgalina, Gulmira – Korkyt Ata Kyzylorda University, Research Center of Archaeology and Ethnography, Leading Research Fellow, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan; PhD.

Alaidar, Ersultan – "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Yasawitanu Scientific Center, Turkistan, Republic of Kazakhstan; master, researcher

Bilalov, Seydali – Research Center of Archaeology and Ethnography, Korkyt Ata Kyzylorda University, Chief Researcher, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan; PhD.

Dyussenov, Bagdat – R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Deputy Director General for Research, Almaty, Republic of Kazakhstan; PhD.

Eshonova, Salimakhon – Abu Rayhan Beruni Institute of Oriental Studies, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Head of Department, Tashkent, Republic of Uzbekistan; Candidate of Philological Sciences.

Estai, Ramazan – Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Republic of Kazakhstan. master's degree holder.

Ghodrati, Vayeghan Manizheh – Encyclopaedia Islamica Foundation, Faculty Member, Tehran, Islamic Republic of Iran; PhD.

Hasanov, Nodirxon – National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek, Faculty of Uzbek Philology, Professor, Tashkent, Republic of Uzbekistan; Doctor of Philological Sciences.

Izanlu, Ramazanali – Astan Quds Razavi Library, Head of the Manuscripts Department; International Imam Reza Research Institute (Al-Mustafa International University, Khorasan Branch), Head of the Department of Comparative Studies of Islam and Religions; Islamic Research Foundation, Faculty Member, Mashhad, Islamic Republic of Iran.

Ishmukhamedova, Maryam – Tashkent State University of Oriental Studies, Higher School of Turkology, Associate Professor, Tashkent, Republic of Uzbekistan; Candidate of Philological Sciences.

Kairbekov, Nurlan – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Department of Religious Studies, Associate Professor, Astana, Republic of Kazakhstan; PhD.

Kalmurza uulu, Ulanbek – Kyrgyz-Turkish Manas University, Research Fellow, Bishkek, Kyrgyz Republic; PhD.

Kambarbekova, Galiya – Al-Farabi Kazakh National University, Associate Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan; PhD.

Kenzhetayev, Dosay – Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Professor, Turkistan, Republic of Kazakhstan; Doctor of Philosophy and Theology.

Kerim, Shamshadin – Egyptian University of Islamic Culture "Nur-Mubarak", Director of the Department of Science and International Relations, Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan; Doctor of Philological Sciences.

Kılıç, Mahmud Erol – Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), Organization of Islamic Cooperation (OIC), Professor, Doctor.

Khismatulin, Aleksei Aleksandrovich – Institute of Oriental Manuscripts of the Russian Academy of Sciences (IOM RAS), Leading Research Fellow, Saint Petersburg, Russian Federation; Candidate of Historical Sciences.

Kozha, Mukhtar – Institute of Archaeology, Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Chief Research Fellow, Turkistan, Republic of Kazakhstan; Doctor of Historical Sciences.

Kozhakhmet, Zhamila – National Historical and Cultural Museum-Reserve "Aziret Sultan", Yasawi Research Center, Research Fellow, Turkistan, Republic of Kazakhstan; Master of Historical Sciences.

Kushkumbaev, Aibolat – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Professor, Astana, Republic of Kazakhstan; Doctor of Historical Sciences.

Kydyr, Torali – Islamic Research Institute under the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, Director, Associate Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan; Candidate of Philological Sciences.

Mollakanagatuly, Saipulla – National Historical and Cultural Museum-Reserve «Aziret Sultan», Yasawi Studies Research Center, Head, Turkistan, Republic of Kazakhstan; PhD Candidate

Mukanova, Gulnar – Astana Branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Leading Research Fellow, Professor, Astana, Republic of Kazakhstan; Candidate of Historical Sciences.

Mukataeva, Zaure – Shakarim University, Senior Lecturer, Semey, Republic of Kazakhstan; Candidate of Historical Sciences.

Muminov, Ashirbek Kurbanovich – Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), Organization of Islamic Cooperation (OIC); Doctor of Historical Sciences.

Nurmanova, Aitzhan – R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Chief Research Fellow, Almaty, Republic of Kazakhstan; Candidate of Historical Sciences.

Omarov, Kali Abduly – Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan

Orazbayev Ardak Nusipkhanuli – L.N. Gumilyov Eurasian National University, PhD Candidate, Astana, Republic of Kazakhstan; Saryarka Mosque, Imam, Astana, Republic of Kazakhstan.

Orazov, Talgat – master, Researcher, "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Parpiyev Nurzhan – National Historical and Cultural Museum-Reserve «Aziret Sultan», Yasawi Research Center, Senior Research Fellow, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Petrov, Pavel Nikolaevich – National Central Museum of the Republic of Kazakhstan, Leading Researcher, Almaty, Republic of Kazakhstan; Candidate of Historical Sciences.

Pylev, Aleksei – Saint Petersburg State University, Faculty of Asian and African Studies, Department of Turkic Philology, Associate Professor, Saint Petersburg, Russian Federation; Candidate of Philological Sciences.

Rahimov, Komiljon Rakmatovich – Director of the Abu Rayhan Biruni Institute of Oriental Studies, Professor, Tashkent, Republic of Uzbekistan; Doctor of Historical Sciences.

Sazanova, Dinara Berikkyzy – National Historical and Cultural Museum-Reserve "Aziret Sultan", Yasawi Research Center, Research Fellow, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Shametov, Saken Talasbekuly – Researcher, "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Republic of Kazakhstan.

Sharipov, Ulan – Zhakhiya Mosque, Chief Imam, Kokshetau, Republic of Kazakhstan; L.N. Gumilyov Eurasian National University, Department of Religious Studies, PhD Candidate, Astana, Republic of Kazakhstan.

Tagaev, Mairambek – Osh State University, Arashan Institute of Social Sciences, Faculty of Theology, Dean, Arashan, Kyrgyz Republic; PhD.

Tasğın, Ahmet – Ankara Hacı Bayram Veli University, Institute of Graduate Programs, Professor, Ankara, Republic of Türkiye; PhD.

Tashmatov, Sultanbek – Kyrgyz Islamic University (KIU), Faculty of Humanities, Acting Dean, Bishkek, Kyrgyz Republic; Doctor of Philosophy (PhD).

Tazhekeyev, Azilkhan – A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Head of the Department of Medieval Archaeology, Astana, Republic of Kazakhstan; Candidate of Historical Sciences, PhD.

Tolegenov, Mukhit – Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University, Associate Professor, Turkistan, Republic of Kazakhstan; PhD.

Tomar, Cengiz – Research Centre for Islamic History, Art and Culture (IRCICA), Head of the Department of Research and Publications, Professor, Istanbul, Republic of Türkiye; PhD.

Torlanbayeva, Kenzhe – Turan University, Higher School of International Relations and Diplomacy, Associate Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan; Doctor of Historical Sciences.

Turganbayeva, Laila – Satbayev University (K.I. Satbayev Kazakh National Research Technical University), Professor, Almaty, Republic of Kazakhstan; Doctor of Architecture.

Tuyakbayev, Marat – National Historical and Cultural Museum-Reserve «Aziret Sultan», Archaeologist, Turkistan, Republic of Kazakhstan; Candidate of Historical Sciences.

Tyshkhan, Kenshilik – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Associate Professor, Astana, Republic of Kazakhstan. Candidate of Philological Sciences.

Urkinbayaeva, Aigul Zhanibekovna – Researcher, "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Republic of Kazakhstan

Utegenova, Mukhlisa – L.N. Gumilyov Eurasian National University, Second-Year Master's Student in the Religious Psychology, Astana, Republic of Kazakhstan.

Utepbergenova, Urkiia Ablaevna – R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Leading Researcher, Almaty, Republic of Kazakhstan; PhD.

Yaşaroğlu, Mehmet Kamil – Center for Islamic Studies (İSAM), Türkiye Diyanet Foundation, Secretary General, Istanbul, Republic of Türkiye.

Yeraliyeva, Saltanat – National Historical and Cultural Museum-Reserve «Aziret Sultan», Yasawi Research Center, Research Fellow, Turkistan, Republic of Kazakhstan; Master of Religious Studies.

Yerdaulet, Kamila Nurdauletkyzy - L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan; Master's Degree Holder

Zhalisheva, Indira Kazymkhankyzy – "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Turkistan, Republic of Kazakhstan; Junior Research Fellow.

Zhumatai, Samat – Astana Branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Research Fellow, Astana, Republic of Kazakhstan; Master of History.

Zhunisbaev, Ulugbek – "Aziret Sultan" National Historical and Cultural Museum-Reserve, Yasawitanu

Scientific Center, Turkistan, Republic of Kazakhstan; Senior Research Fellow

«**СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ АЛАБЫНЫҢ ОРТА ЖӘНЕ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНДАҒЫ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ**» ТАҚЫРЫБЫНДА 2026 ЖЫЛ ҚАЗАН АЙЫНДА ТҮРКІСТАНДА БОЛЫП ӨТКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ

TURKIC CULTURE IN THE MIDDLE AND LOWER REACHES OF THE SYR DARIA RIVER BASIN
COLLECTION OF PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL CONFERENCE
October 2026, Turkistan, Kazakhstan

ISBN 978-601-339-556-2

Жинақты баспаға дайындағандар: Ә. Муминов, Д. Сазанова
Корректор, техникалық редактор: Н. Мамырәлі, Н. Парпиев, Г. Саттарова, С. Ералиева
Мұқаба дизайнері: Д. Сыпабек, Қ. Бугенбаев

Басылған орны: «Elegant-print» баспасы Түркістан, Қазақстан
Шартты баспа табағы 24,87. Пішімі: А4. Таралымы: 200 дана
Тапсырыс 1458

Prepared for publication by: A. Muminov, D. Sazanova
Proofreaders and Technical Editors: N. Mamyrali, N. Parpiyev, G. Sattarova, S. Yeralieva
Cover Designer: D. Sypabek, K. Bugenbayev

Printed by: "Elegant-print" Publishing House, Turkistan, Kazakhstan
Format: A4. Print Run: 200 copies, order №1458